

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ БАС АЛҚА:

---

ҚИРАБАЕВ С. С., ҚР ҰҒА-ның академигі, төраға;

ҚАСҚАБАСОВ С. А., ҚР ҰҒА-ның академигі;

БЕРДІБАЙ Р. Б., ҚР ҰҒА-ның академигі;

ЕЛЕУКЕНОВ Ш. Р., филология ғылымдарының докторы,  
профессор;

ҚАБДОЛОВ З. Қ., ҚР ҰҒА-ның академигі;

НУРҒАЛИЕВ Р. Н., ҚР ҰҒА-ның академигі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

---

# Қазак әдебиетінің тарихы

5 -ТОМ

**XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ  
(1850-1900)**

Жалпы редакциясын басқарған – филология ғылымдарының  
докторы, профессор Асқар ЕҒЕУБАЕВ



Алматы  
2006

ББК 83.3 (5 Қаз)  
Қ 17

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН

Редакциялық алқа:

Егеубаев А.Қ., филология ғылымдарының докторы, профессор;  
Қабдолов Э. Қ., ҚР ҰҒА-ның академигі;  
Қирабаев С.С., ҚР ҰҒА-ның академигі;  
Кәкішев Т.К., филология ғылымдарының докторы, профессор;  
Қасқабасов С.А., ҚР ҰҒА-ның академигі;  
Ысмағұлов Ж., филология ғылымдарының докторы, профессор.

Жауапты шығарушы:

Әлбеков Т., филология ғылымдарының кандидаты.

Қ17 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 5-том.  
Алматы, ҚАЗАқпарат, 2006. - 555 бет.  
ISBN 9965-654-26-3

“Қазақ әдебиеті тарихының” бұл томында XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби процестерге талдау жасалды. Кітапта халық әдебиеті мен жыраулар поэзиясының сол кезеңдегі сипаты және жаңа әдебиеттің өркендеу жолына ұласу заңдылықтары қарастырылады.

Қазақ әдебиетінің ең бір құнарлы, идеялық-көркемдік шарықтау дәуіріндегі жаңғыру заңдылықтары алғаш рет тарихи шындық тұрғысынан сараланды. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы ғылыми дәйектермен негізделді. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннен бастап, бірқатар көрнекті тұлғалардың туындылары арнайы талданды. Тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген Шәңгерей Бөкеев, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Шәді Жәңгірұлы сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығына назар аударылды.

Томға библиографиялық материалдар сұрыпталып ұсынылды.

К 4603010000  
00(05)-06

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-654-26-3

© М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2006  
© «ҚАЗАқпарат» баспасы, көркемдеу, 2006

## КІРІСПЕ

«Қазақ әдебиеті тарихының» бесінші кітабы XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктерін саралап көрсетуге, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың мұраларын талдап-зерделеуге арналды.

Сонымен, он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» төртінші - бесінші кітаптары тұтас бір ғасырдың әдеби тарихын қамтиды. Бұл ғасыр әдебиеті өз уақытына сай жедел дамыған, жаңғыру үрдісі кең, мазмұны барынша бай әдебиет болуына орай, әр жылдарда оның тарихи-теориялық мәселелері де жан-жақты зерттеліп отырды. Академиялық зерттеу еңбектерінің ішінде 1961 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» үш томдығының екінші томының тұтас бір кітабы осы XIX ғасыр әдебиетінің тарихына арналған еді. Осы кезеңнің әдеби мұралары өткен ғасырдың өзінде көрнекті зерттеушілердің жарыққа шығарған жинақтарында жарияланды. В.В.Радловтың «Түрік рулары әдебиетінің нұсқалары» атты кітабы (1870 ж.), Я.Лютиннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1883 ж.), А.Е.Алекторовтың «Қырғыз хрестоматиясы» (1889 ж.), Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1879 ж.), «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (1911 ж.), т.б. бірнеше кітаптарда қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы шығармалары баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың бәрі де қазақ әдебиетінің тарихында елеулі із қалдырды әрі олар XIX ғасырдың екінші жартысында баспа бетінде шыққан еді.

Ғалымдар мен әдебиетшілер осы кезеңдегі әдебиет тарихына арналған еңбектерін әр жылдарда жариялап жұртшылық назарына ұсынып отырды. Бұл орайда С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931 ж.), «Қазақ әдебиеті» (1932 ж.), С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.), «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942 ж.),

М.Әуезов, М.Жолдыбаев, М.Қаратаевтың «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1933 ж.), т.б. еңбектер күні бүгінге дейін мәнін жоғалтқан жоқ. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық көптомдық зерттеу еңбегі әдебиет тарихын, оның ішінде XIX ғасыр әдебиетінің мұраларын зерттеудегі межелі бір белес болса, одан кейінгі кезеңдерде де XIX ғасыр әдебиеті жайында белгілі ғалымдардың, қаламгерлердің зерттеу еңбектері мен көзқарастары түрлі деңгейде жарияланып келді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет тынысын зерделеуге арналған бесінші томда бұрынғы зерттеу жұмыстарына да методологиялық тұрғыдан назар аударып, көптеген әдеби мұралар жана көзқарас тұрғысынан бағаланды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдарында рухани дүниенің жаңғыруына, әдебиетті жаңа ұлттық таным өресінен тануға үмтылыс басымдықпен жүргені аян. Сол мақсатта көптеген бұрыннан мәлүм шығармалар мен авторлардың дүниетаным тұжырымдары тарихи шындыққа сәйкес талданды. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мен қазақ қоғамының тарихы арасындағы жанды байланысқа баса назар аударылып, содан туындайтын көркемдік шындық пен тарихи шындықтың ара жігіне көңіл бөлінді. Жаңа әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің өзара үндестігі мен көркемдік-эстетикалық бағыттарының ара жігі ескеріліп, сөз болды. Ғасырдың екінші жартысында пайда болып, ұлттық әдебиетті әлемдік мәдени процесс биігіне көтерген Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев тұлғалары мен олардың әдебиеттегі мәртебелі реформаторлық қызметіне арнайы тоқталып өту қажеттігі бүгінгі таңда аса айқын көрінді. Сондықтан да, ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен бұл ұлы жаңашыл дарындардың дәстүр жалғастығы XX ғасырда да қанат жайды.

Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымы XIX ғасырдың соңынан бастап, жаңа қазақ әдебиетінің алтын арқауына айналды. Осы кезеңде қазақ әдебиеті жанрлық, түрлік тұрғыдан, мазмұн мен халықтық мұрат жағынан жедел өсіп өркендеді. Әдебиеттің поэтикасы байыды, тәжірибесі молықты. Баспасөз бен әдебиет байланысы артты. Қоғам мен әдебиет аралығындағы байланыс барынша айқындық сипат алды. Әдеби байланыс өрістеді. Тұтастай алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңына қарай әдебиет жаңа сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара көрінісіне жол ашты. Қазақ әдебиеті тарихының бесінші томы осындай әдеби даму арналарының басты-басты сипаттарына ден қоюмен ерекшеленеді.

Бесінші томды әзірлеуге әдебиеттанудың көрнекті мамандары атсалысты. Жас әдебиетшілер еңбектерімен қоса, осы дәуір

заңдылықтары туралы терең із қалдырған ірі зерттеушілердің көзқарастары мен еңбектері де ұжымдық зерттеу ісінде өзіндік орнын тапты. Көптеген ақындардың шығармалары мен өмірбаян деректері туралы қысқа тұжырымды шолу дәйектері ұсынылды. Оң алты көрнекті ақынға арнайы монографиялық сипаттамалар әзірленді. Бесінші томның алғы сөзін, ғылыми шолу мақаласын («XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті») филология ғылымдарының докторы, профессор, зерттеу жобасының жетекшісі **А.Қ.Егеубаев** жазды.

Монографиялық тарауларға ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Захметов** пен ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Қасқабасовтың** («Абай Құнанбаев»), академик **З.Ахметовтың** («Шоқан Уәлиханов», «Шәңгерей Бөкеев»), ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор **Е.Ысмайыловтың** («Біржан Қожағұлұлы», «Әнші-ақындар, сал-серілер»), филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Р.Бердібайдың** («Мүсабек Байзақұлы», «Құлыншақ Кемелұлы», «Ергөбек Құттыбайұлы»), профессор **Ж.Ысмағұловтың** («Ыбырай Алтынсарин», «Нұржан Наушабаев»), филология ғылымдарының докторы, профессор **Н.Келімбетовтің** («Шәді Жәңгіров»), филология ғылымдарының кандидаты **А.Нұрқатовтың** («Ақан сері Қорамсаұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **М.Жармұхамедұлы** («Базар жырау Оңдасұлы», «Қожабай Тоқсанбайұлы», «Серәлі Еруәліұлы») мен филология ғылымдарының кандидаты **Т.Әлбековтің** («Айтыс»), филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Сыдықовтың** («Ақтан Керейұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Әбілқасымов** пен филология ғылымдарының кандидаты **С.Қожағұлұлының** («Әсет Найманбаев»), филология ғылымдарының докторы, профессор **У.Қалижанның** («Ақмолла Мұхамедиярұлы»), филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Омаровтың** («Мұрат Мөңкеұлы»), филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ә.Оспановтың** («Майлықожа Сұлтанқожаұлы»), филология ғылымдарының кандидаты **Б.Ердембековтің** («Әріп Тәңірберген») атты зерттеулері қосылды.

Сондай-ақ томды баспаға әзірлеп, библиографиялық көрсеткіштерді түзуге Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің кіші ғылыми қызметкерлері **Ж.Керімбек**, **А.Сейітова**, аспирант **Ж.Күжіманова** мен аға лаборант **З.Тоқсанбаева** қатысты.

## XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ әдебиеті тарихы деректері бойынша, XIX ғасырдың өзара іштей ұштасып жатқан екі кезеңі де бір дәуір шындығын, бірегей әдеби үрдісті танытады. Бұл ғасыр ең алдымен қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің жан-жақты көрінуі тұрғысынан айырықша сипатқа ие. Бұл дәуірде ақындық өнер мықтап өрістеді де, уақыт тынысын жедел жеткізе бастады. Өлеңнің поэтикалық бітіміне жаңа леп қосылды, әдеби туындының қоғамдық-әлеуметтік маңызы артты. Нақтылық сипат жанрға да, көркемдік құралдарға да өзгерістер әкелді. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған көркем сөздің кәсібилік бітімін айқындау тарапындағы көптеген күрделі эстетикалық-танымдық құбылыстар туындады. Көркем әдебиеттің жанрлық сипаттары түрленіп түлеумен қатар, оның әлеуметтік-қоғамдық қызметі барынша айқындалып, халайыққа ықпалы арта түсті. Әдеби шығармаларды жазба түрінде, баспа бетінде таратып, насихаттау үрдісті дәстүрге айналды.

Қазақ елінің тағдыры, тарихи тұлғалары, өмірден түйген парасат-пайымы бұл кезеңде де әдебиет пен өнер туындыларынан көрініс тапты. Сонымен қоса, жаңа дәуірдің, жаңа заманның шындығы мен қоғамның даму заңдылықтары көркем сөзге де өз қолтаңбасын қалдырды.

Қазақ халқының тарихы тұрғысынан зер салғанда, қоғамдық даму заңдылығының ұлттық әдебиетке де тікелей әсер еткендігі анық. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет өзге дәуірлерден, ғасырдың алғашқы кезеңінен осындай, тағы басқа да бірнеше өзіндік бітімімен оқшауланады. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов: «XIX ғасырдан бұрынғы ғасырлардың әдебиетін ғасырға жіктеу, я бір ғасырды жеке алып, сол ғасырда жасалған әдебиетті дәуірлерге жүйелеу өте қиын. XIX ғасырдан бұрынғы ғасырлардың әдебиетін: Алтын орда тұсы, Астрахань, қазақ хандықтарының тұсы, Ақтабан шұбырындының тұсы деген

сияқты долбармен ғана дәуірге жүйелейміз, пәлен шығарма пәлен жылы туып еді деп, нақтылап дәл айта алмаймыз.

XIX ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен, XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет жасалды. XIX ғасырдың 50-70 жылдарында «Зар заман» әдебиеті басым болды, XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды<sup>1</sup>, – деп көрсетеді. Нақты тарихи жағдайға қатысты, әдебиеттің тынысынан туындаған көзқарас. Кейінгі жылдарда XIX ғасыр әдебиеті негізінен осы тұжырым ыңғайында зерттеліп, зерделеніп келді. Бұл пікір XIX ғасыр әдебиетін кезеңдерге жіктеудің айқын белгілері бар екендігін нақтылай түседі. Профессор Ханғали Сүйіншәлиев «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиетімізде жаңа бетбұрыс басталғандығын»<sup>2</sup>, Абай Құнанбаев негіздеген жаңа реалистік әдебиет бой көрсетіп, ол қазақтың төл әдебиетін профессиональдық дәрежеге көтергендігін білдіреді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет деп саралап талдаудың басты себебі қазақ қауымының тарихи қоғамдық-әлеуметтік жағдайынан туындайды. XIX ғасырды тұтас бір дәуір ретінде қарастырып, ұлттық сананың сілкіне оянған әсері айқын білінген, әлемдік көркемөнер өнерінің заңдылықтарымен де шендесе өрістеген біртұтас әдеби даму кезеңі деп танығанның өзінде, оның алғашқы жартысы мен екінші бөлігіндегі тарихи оқиғалардың заңдылығы, халық басындағы жағдаят, ұлт-азаттық қозғалысының өршіп-басылып, қайта көтеріліп, бәсеңси бастағандығы және де ғасырдың соңғы ширегінде жаңа сипат алуы әдебиетке де ықпал етпей қалған жоқ. XIX ғасыр қауырт қоғамдық құбылыстар мен метаморфозалардың ғасыры. Дәл осы кезеңде тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырып, қанат қатайтқандай еді. Дәуір басындағы қарудың күшіне, қауымның қайратына сенген азаттық аңсаған қозғалыстар, ғасырдың соңына қарай саяси күрестің ұтымдылығына біржолата ден қойғандай болды. Сонымен бірге, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, жаңа мектеп пен баспагерлік істің қанат жаюы, әдебиеттегі әртүрлі көркемдік-жанрлық сипаттардың тереңдей дамуы, Шоқан, Ыбырай, Абай тұлғаларының жарқырай көрініп, қоғамдық сананы біржолата жаңа белеске көтеріп кетуі саралап талдап, даралап көрсетуді қажетсінетін құбылыстар.

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – А., 2002, 7-6.

<sup>2</sup> Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1997, 442-б.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛ** патшалық Ресейдің отарлаушылық езгіні барынша күшейте түскен саясатының одан әрі күш алып, колониалдық билік өктемдігінің біржола үстемдік етуі жағдайында қалыптасты. Патшалық Ресейдің билігі мен басқару тәртібі біржола бекіді де, қазақ халқының экономикалық тынысы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен білім саласы соған тәуелді кіріптарлыққа түсті. Жаңа колониалдық әкімшілік реформаның негізінде бүкіл ел билігі генерал-губернаторлықтардың қолына көшті. Қазақ жерін басқару әскери және азаматтық билікті бір қолға әскери губернаторлықтардың құзырына ұстату арқылы жүйеленді. Бұл колониалдық билік ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне қарай одан әрі жетілдіріліп, темір құрсау тарыла түсті. ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында басталған әскери-азаматтық билікті жетілдіруді көздеген «Дала комиссиясы» атанған арнаулы жоба бойынша қазақ сахарасын, Түркістанды, Орта Азия аумағын жаулап отарлаушылықтың тұғырына айналдыру жеделдете жүргізілді. «Қазақстанды патшалық биліктің Орталық Азияға одан әрі дендеп еніп, ортаазиялық нарықтық кеңістікті әрі оның бай табиғи және минеральды ресурстарын басып алуды одан әрі пәрменді жүргізетін базалық лагеріне айналдыру<sup>3</sup>» сол кезеңдегі Ресей саясатының басты бағыттарының бірі болды. 1867 жылғы жарияланған «Уақытша ереже (Временное положение)» құзыры бойынша қазақтар жайлаған жердің барлығы толайым Патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп танылды. Бүкіл орманды алқаптар Ресей мемлекетінің меншігіне қарайтын болды. Отарлаушылық саясаты өзінің ең жоғары деңгейіне жетті. Қоғамдық қатынастардағы осындай жаңалықтар заттық мәдениетте де, рухани мәдениетте де түбегейлі өзгерістер әкелді. Дәстүрлі мектептер мен медреселерде қатаң бақылау қойылып, тиым салынып, жаңа медреселердің ашылуына біржолата тосқауыл қойылды да, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап бастауыш сатылы орыс тілінде тілмәштар мен ұсақ кеңсе қызметшілерін даярлайтын школдар бірінен соң бірі ашыла бастады. Оны бітірген қазақ жастары қазақ даласына арнаулы тапсырмамен келген әрі ерекше қызмет бабындағы құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланатын патша чиновниктеріне көмекшілік, тілмәштық істейтін еді. Білім беру ісі негізінен осындай нақты саяси мақсатты шаралармен тұмылдырықталып, оқу-ағартудың халықтық, азаматтық құқықтылығы шектелді.

ХІХ ғасыр дүние тарихында ұлттық сананың ояну кезеңі деп бағаланса, қазақ халқы да осы әлемдік үрдістен қалыс қалған жоқ.

<sup>3</sup>История Казахстана. В 5-томах. Том 3, А., 2000, стр., 447.

Басқа континенттердегі секілді Еуразия кеңістігінде де, Қазақстан аумағында да отарлаушылық озбырлыққа қарсылық күрделі түрде барша ішкі-сыртқы қайшылықтарымен жүрді. Ғасырдың орта тұсындағы қиян-кескі қарсылық, Исатай-Махамбет, Кенесары бастаған тегеурінді қозғалыстар басып-жаншылып, біршама тыныштық орнағандай көрінгенімен, халықтың ашық наразылығы, жекелеген ержүректер бастаған қозғалыстар әр жерде бой көрсетіп, алпысыншы-жетпісінші жылдарға дейін жалғасты. Сөйтіп бейнелеп айтқанда, ХІХ ғасыр қазақ халқы үшін арпалысты, жанталасқа толы сын ғасыры болды. Дегенмен, Ресей әдебиет зерттеушілерінің сараптау жөнімен («Орыс әдебиетінің алтын ғасыры», «Орыс әдебиетінің күміс ғасыры») ХІХ ғасырды «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп бағалаған ұғым-түсінік қалыптасқан. Бір жағынан, бұл тарихи шындық. Қоғамдағы тарихи ахуал, қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттар, қазақ ортасына келген жаңалықтар мен дүрбелендер ұлт санасына да әсер етті, тұрмысы мен әдебиетіне, яғни жан-дүниесіне ықпалын тигізді. Осындай аса шырғалаң алмағайып сындарлы кезеңдерде әдебиеттің де ширап, жаңа тыныс ашып, тыңнан соқпақтар түсіруі заңдылық. Бұл орайда, қазақ әдебиетінің де тарихында сараптап талдай түсетін жаңа беттер қосылды. Әйтсе де, ұлттық әдебиет ретінде Хандар дәуіріндегі қазақ әдебиетінен отарлық езгі бұғауындағы қазақ әдебиеті арасында шұғыл пайда болған елеулі айырмашылықтар тұрды. Тарихи даму тұрғысынан зерделегенде, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің мүддесі де, идеологиясы да, содан өрбитін көркемдік-эстетикалық жаратылысы да оқшау көрінеді. Хандық дәуірдегі әдебиеттің ұлттық рухы биік келді де, ұлттың елдік жолындағы жігерін, ұмтылысын, ұлттық құштарлығын барынша батыл, ашық, жалпыхалықтық деңгейде жеткізіп отырды. Оны қазақ қауымы бір кісідей қабылдап, ұйыды. Ол тұстағы қазақ әдебиетінің, қазақ жыраулары мен батырларының арқалы сөзі, арынды жыры қуатты, әлеуетті естілді. Әдеттегі теориялық тұрғыдан дәуірлеу нышандарында кездесетін «романтикалық әдебиет», «реалистік әдебиет», «рыцарлық әдебиет» деген қалыптасқан ұғымдардың әлдебір шарттылық белгілері осы тұста байқалып қалады. Романтикалық сипат та, реалистік сипат та қай кездің әдебиетінде де қатар кездесіп, ұштасып, ұласып отыратындығы бүгінгі заманда аса жұмбақ заңдылық емес. Белгілі бір кезеңдерге дейін романтикалық, екінші бір кезеңде реалистік әдебиет болады деуге илануға болғанымен, сену қиын. Өмір, тіршілік заңдылығынан алыс түсінік. Мұндай теориялық «қарғида» көп жағдайда көркем әдебиетті халық тарихынан, қоғамның тіршілігі мен тағдырынан бөліп тастайды. Нағыз реалистік әдебиеттің айқын айшықтарын Хандар дәуіріндегі жырлардан да тануға әбден болалы. Реалистік

белгілерді одан арғы дәуір мұраларынан да кездестіреміз. Хандар дәуіріндегі қазақ әдебиеті әдеби мұра ғана емес, қазақ елінің көркем шежіресі. Рухы жағынан, мақсатының айқындығы, ұстанған өрісінің кендігі мен ішкі қуатының тегеуірінділігі жағынан XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті ұлттық, елдік көркем сөз шежіресі ретінде әлдеқайда биік мерей үстемдігін танытады. Одан бергі әдеби кезеңдердің толық келбеті осы хандар дәуіріндегі шығармалармен шендестіргенде барып ашылмақ. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті жалпы түркі дүниесі әдебиетінің тарихы деңгейінен қарағанда, ренессанстық рухтағы, ұлттық сананың жаңғырып, қайта өрлеу кезеңінің сөзі, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті отарлық езгі табанына түскен тұстағы отарлаушылыққа қарсылық санасынан туған әдебиет. Отарлаушылық тұсындағы шығармаларда, әрине, қалыптасқан тарихи жағдайға қарсылық рухта, сол кезең шындығына бейімделу сыңайындағы сөз де, ұлттық бостандық мүддесіне қарама-қайшы туындылар да кездеседі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі классикалық әдебиет ағымы, жыраулық поэзия, айтыс, әнші ақындар мен сал-серілік өнер одан әрі жалғасты, өзіндік көркемдік заңдылықтарын сақтай отырып заман тынысына үндесе дамыды.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ДАМУ СИПАТТАРЫ, БАСТЫ КӨРКЕМДІК БАҒЫТТАРЫ МЕН ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЕЛШЕРІ.** Ұлт-азаттық қозғалыс сарындарын жалғастырған, қазақ халқының бостандығын әлеуметтің аңсарына айналдырған шығармалар бұл кезеңдегі әдебиеттің ең бір байрақты көшбастаушы тақырыбы болды. Ғасырдың алғашқы кезеңі мен орта тұсында қазақ әдебиетінің өзекті сөзін жалындатқан Дулат, Шортанбай, Махамбет шығармаларының рухы барынша аспандап кеткен еді. Өйткені, тарихи ауыр жағдай, ұлт тағдырының аласапыран сәттерінде сондай жігерлі, қайрат шақыратын сөздің мәртебесі ерекше биік тұрды. Ел ішінде бұл ақындардың шығармалары, тағдыры мен сөздері кең тарап, ұлттың ұлағатты үлгілі мұраларына айналды. Әсіресе, бүкіл ХІХ-ХХ ғасырлар бойы қайшылықты пікірлер мен даулы бағалардың ортасынан өткен Шортанбай Қанайұлының әдеби ақындық мұрасы сол тұстағы әдебиеттің даму тынысын жақсы аңғарта алады. ХІХ ғасырдың ортасы мен екінші бөлігіндегі әлеуметтік мәселелер Шортанбай жырларында нақты шынайы көрініс тапты да, қазақ елінің алдағы болашағына деген алаңдаушылық, халықтың кіріптарлыққа түсуіне қорлану шамырқану толғамдары айқын естіді. Бертінгі, кеңестік дәуір тұсындағы әдебиет зерттеу еңбектеріндегі кереғар пікірлерде Шортанбай шығармаларында толымды көрініс берген замана қайшылықтарын ақынның көзқарастарындағы

қайшылықтар секілді қарастыру орын алды. Сөйтіп өз тұсындағы саяси ұстанымдарға үйлеспегендіктен теріс баға беруге ұрынды. Шортанбай туралы уақыттың ыңғайына қарай әр кезде өзіне-өзі қарама-қайшы келетін пікірлер жазған жазушы, әдебиетшілер де бар. Қалай дегенде де, кезінде М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев Шортанбай шығармаларына әлденеше рет кеңінен тоқталды, алғашқы кезеңдерде ақындық таланты турасында, заман тынысына жан-жақты толғауы орайында негізінен құптаған көзқарастарын аңғартты. Академик Сәбит Мұқанов қазақ халқының көтерілісі ХІХ ғасырдың елуінші жылдарында мылтықтың күшімен уақытша басылғандығын айта келіп, одан кейінгі жылдарда халық басына түскен қиыншылықты Шортанбайдың өле-өлгенше бар ықыласын сала, бойдағы бар ақындық талантын жұмсап жазғандығын айта келіп: «Сол кездегі қазақ тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жоқ<sup>1</sup>» деген кесімді баға береді. Біртіндеп, социалистік реализм әдісінің буын бекіткен тұсынан бастап Шортанбай сынды халық тарихына тереңдеп барып, шынайы шығармалар жазған ақындардың есімі баспасөзден, оқырман санасынан алыстатылды, не мүлде аласталды. Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1957 жылы 8 шілдеде қабылдаған «Қазақ халқының мәдениеті мұрасын зерттеу, оны сын көзімен пайдалану туралы» қаулысы шешуші ықпал етті. Ол науқанға ХІХ ғасырдағы ақындардың мұралары да ілікті.

Тұтастай алғанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби шығармаларда да қазақ халқының ұлттық азаттығы, бостандығы, орыс отаршылдығына наразылық сипаты басым көрінді. Бұл ерекшелікті академик жазушы Мұхтар Әуезовтың зерттеулерінен барынша анық байқай аламыз. М. Әуезов «зар заман» ақындарының барлығы ХІХ ғасырдың орта кезеңінен бері қарай, ұлт азаттық көтерілісінің басып-жаншылған тұсынан былай үдеп шыққандығын дәл көрсете отырып, оның себеп-салдарларын ашып талдайды. Қазақ халқын түгел оятқан ұлт-азаттық қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің еңсесі түскендігін, үмітсіз торығуға салынғандығын атай келе: «Біздіңше бұл ағымға ХІХ ғасырда болған ақындардың бәрі де кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі: есі кірген ойлы ақындар нағыз «зар заманның» өз ақындары, екіншісі: елдің қызық-сауығын салт қылған айтыс ақындары. ...Қарсы көңіл жығылып, жалын жүрек суыған соң, жаңа заманға ықтиярсыз бағыну ғана қалды. Бірақ бағынуда көнгеннің белгісі жоқ. Тастай қатқан қаттылық пен қарсылық әлі де болса іште жатыр,

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Қазақтың ХVIII-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихына очерктер. А., 1942, 122-б.

сондықтан ендігі қалған күнді тіршілік деп есептемейді: «ләнет» оқиды. Ел жығылып жеңілді, жаңа заманға зорлықпен болса да бас иеді. Жаңа өмірге ырза болған қанағатшылдар да шықты. Жаңалықтан рахат алатын «жақсылар» туды. Заман өзгермеген сияқты болып, бұрынғыша жұбаныш, қызық тапқандар болды. Бірақ ақын көңілі бұның біріне де қанағаттанған жоқ. Өзгеге жақсы көрінген өмір бұған тозақ есебінде көрінеді. Тұтқын орны деп санады. Бүгінгі ырзалық құлдықырзалығы<sup>5</sup>, – деп пысықтады. Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысты жырларға қатысты талдауында таразылап тартқан бұл ойлары анығында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет жәйін тереңнен ашып тарихи заңдылықтарын таратып түсіндірген көзқарасы еді. Ондай шығармаларда жердің жат қолына кетіп бара жатқандығы, елдің азып-тозғандығы, тұрмыста жат діндегі жандардың салты көрініс бергені, батырлардың дәстүрі үзіліп, жаңа билікке жағымпаздықтың белең алғаны, патшадан шен-шекпен алуға құмарлықтың пайда болғандығы секілді сарындар жиі естіле бастады. Енді бір шығармаларда бұрынғы өткен халық батырларының, хандарының, болып өткен ұлт-азаттық қозғалыстардың сарбаздарының ерлік істері, жорықтары, мәрттігі мен қайсарлығы жырланды. Ондай шығармалар ХІХ ғасырдың екінші жартысында да өзінше бөлек бітімді ұзақ желі құрайды.

Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің мұраларын жаздырып алып, жинастыру тәжірибесі ертеден мәлім болғанымен, бұл өркенді дәстүрдің жүйелі көрінісі ХІХ ғасырда жақсы байқалды. Белгілі орыс, алыс-жақын шетелдердегі өзге де әдебиетші, ғалымдардың қазақ әдебиетінің ежелгі нұсқаларын жинастырғаны туралы деректер бұған дейінгі әдебиет тарихы зерттеулерінен кеңінен мәлім. Н.Ильминскийдің Марабай жыраудан «Ер Тарғын» жырын жаздырып алып (1859), Орынборда жариялатуы (1862), В.Радловтың нұсқалы насихаттары (1870), т.б. ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталып қазақ әдебиеті шығармаларының асыл нұсқаларын жинастырып жарыққа шығару, көшіріп алып сақтау үрдісі желілі жүйеге түсті. Шоқан Уәлиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) қолжазбалары мен мұраларында қазақ әдебиеті тарихының қымбат қазыналары сақталды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Бұқар жырларын екі мәрте көшіргендігі жайлы М.Мағауин<sup>6</sup> арнайы бағалап жазса, Шернияз ақынның өлеңдерін

<sup>5</sup> М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т., А., 1985, 192-б.

<sup>6</sup> Алдаспан. Құраст. М. Мағауин. А., 1971, 254-б.

жинастырғандығын Қ.Жұмалиев<sup>7</sup> алғаш рет атап көрсеткен еді, қазір оның жеке өзі сақтаған әдеби мұралар әлденеше том<sup>8</sup> болып қазақ әдебиеті тарихының қымбат қазынасы қатарына қосылып отыр. М.Ж.Көпейұлының жазып жинақтаған қолжазба нұсқалары ықтияттығымен, дәлдігімен бұған дейін сақталып келген түрлі мұралар нұсқалығын салыстырып анықтай түсуге мүмкіндік береді. Бұлардың қатарын ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ оқығандары мен зиялыларының, әдебиетті қастерлеуші қауым өкілдерінің мол қолжазбалары толықтырды. Бұл да ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттің даму заңдылықтарына тән сипат еді.

Негізінен қауымдағы жаңа басқару жүйесінің дендеп бекуіне орай адамдардың санасында да, ақындар шығармаларында да жаңа сипат-белгілер пайда болып, қалыптасты. Көркем әдеби шығармаларда ондай жаңалық тақырыптан, көркемдік құралдардың түрленуінен, орыс тілді әдебиеттің ықпалынан, орыс тілінің сөзге де, санаға да салқынын тигізе бастауынан білінді. Осы кезеңдегі әлеуметтік-саяси шындықты Совет кезіндегі әдебиет тарихы жайлы еңбектің авторлары да бүкпесіз көрсетіп жаза алды. «Біріншіден, патша үкіметі отарлау саясатын ширақ жүргізіп, қазақ даласына кездемесімен өтіп қана қоймай, өндіріс орындарын да салды. Сонымен бірге, қазақ елі мекендеген жерлерге өзінің ықпалын бұлжытпай тарату үшін тиісті мемлекет аппаратын құру жұмысын да мықтап қолға алады. Бір кезде аға сұлтан болып, қалың қазақты билеп-төстеп келген хан тұқымдарының орнына, «жаңа лептің түсініп, патшаның сойылын соғатын, «қара» қазақтан шыққан бай-шонжарлардың өзін мүлде жояды да, оның есесіне болыс-старшындар, ауылнай-билер, тілмәш-чиновниктер ел билеуге кіріседі<sup>9</sup>». Заманы туған ұсақ чиновниктер, кеңсе қызметшілері мен тілмәштар ел ісіне араласып, тізгінді қолға алды.

Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге.  
Бос мақтанға салынып,  
Бекер көкірек керуге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге.

<sup>7</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А., 1958.

<sup>8</sup> Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. Томдар 1-7. – Павлодар: ЭКО, 2003-2006 жж.

<sup>9</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 1-кітап, А., Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. 180-б.

Қалай сабыр қыласың,  
 Жазықсыз күнде сөгуге?  
 Өнерсіздің қылығы –  
 Тура сөзін айта алмай,  
 Қит егуге бата алмай,  
 Қорлықпенен шіруге,  
 Аз ақшаға жалданып,  
 Өнбес іске алданып,  
 Жол таба алмай жүруге,<sup>10</sup> –

дегендегі ұлы ақын Абай сөзі сол заманның кеспірін толық жеткізеді.

Сонымен қатар, осы кезеңде ұлт-азаттық рухты ұстанған тарихи жырлар, өлеңдер мен түрлі дастан, жыр, толғаулармен бірге елдің тұрмыс-салт суреттерін, адамшылық сезім-күйді жеткізген дәстүрлі сарындарда жазылған шығармалар да өз жалғасын тапты. Дегенмен, ақындардың, сөз ұстаған шешендердің, ел қамын ойлаған ерлердің ой-толғамдары бұл кезеңде мазмұн жағынан да, мақсат жағынан да жаңа сипат алды. Соған орай әдеби-көркем туындамалар да негізінен үш мазмұндық арнада өріс кеңейтті. Біріншіден, халық әдебиетінің дәстүрін жалғастырып, әдеби мұраларды ел жадына жеткізіп сақтап отырса, екіншіден, жаңа заманның мұң-зарын ұлт тағдырымен астастыра толғаған, отаршылдық кеселін ашып, болашақтың халіне күйінген, елдің тәуелсіз еркін өмірін аңсаған сарын барынша күшейе түсті, үшіншіден, патша шенділерін, ел тізгінін ұстаған сұлтан, болыстарды сағалаған ақындар да өз орнын тапты, бұлар бұрынғы сарай ақындарының азып-тозған «журнағы» секілді сезілді. Бұрынғы ел билеген хандар ірі-ірі елдік әрекеттерге, кесек қимыл, ірі мінездерге барса, ендігі сұлтан-правительдер бар болғаны отарлаушы губернаторлықтың итаршылары, сол кеңсенің жадағай-жайдақ қызметшілері орнына жүрді. Сондықтан олардың сөзін сөйлеген «сарай» ақындарының да қалжасы белгілі болып қалып отырды.

Күрделі қоғамдық қарым-қатынастар күрделі тынысты әдебиетті тудырды. Міне, осы жағдайда қазақтың классикалық халықтық әдебиетінің жаңа сатыға көтерілген, жаңа сипатты, көркемдік құралдары бай, мазмұн-мақсаты терең, әлсуметтік өмірге барынша етене жақын – өзекті өркені жаңа әдебиеті буынын бекітіп, әбден қалыптасып, одан әрі өрістеді. Әдебиеттің әлеуметтік қызметі айқындық алып, бұрынғыдан күшейе түсті, қоғамдық-саяси рені қанық тартты.

Сонымен бірге ХІХ ғасырдың екінші жартысында да, кейін

<sup>10</sup> Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т., А., 1986, 49-б.

де қазақ әдебиетінің дәстүрлі бағыттары мен жанрлары ізін суытпай тынысын кеңейтіп өрістеп отырды. Жыраулық дәстүрдің тынысты арнасы суалған жоқ, ал айтыс өнерінің өзгеше халықтық сипаты ғажайып өміршендік танытты. Тарихи жырлар болса көркемдік поэтикалық күрделі бітімімен ерекшелене түсті. «Қилы-қилы тағдырларды толғаған халық жырлары, әсіресе, тарихи жырлар, аса маңызды демей-ақ қояйың, аса қызғылықты; бұл орайда қазақ жырлары өзінің өте қарапайымдылығымен, айқындығымен, шектен тыс адам нанғысыз жайларға барып, жаратылыстан, шындықтан алшақтап кетпейтіндігімен бағалы орын алады. Көп жағдайда олар Әбілғазының деректерімен, ең бастысы («Жәмиат-тауарих») қазақтың өз қолымен жазылған керемет қадірлі мағлұматтармен дәйектеледі, сәйкес келеді. Ұзақ жылдар бойына әрі қаншама ұрпақтың аузымен ауызша жырлануына қарамастан, суырып-салма жыраулардың ғажайып қабілетінің арқасында, халықтың өзінің ата-бабаларының ерліктері туралы өлең, жырларға, аңыздар мен ертегілерге деген махаббатының арқасында ескі жыр, аңыздардың барлығы күні бүгінге дейін бәз қалпында таза өзгеріссіз сақталып келді. Және ұлан-ғайыр даланың әр түкпірінен жинақталған жазбалардың барлығы өте дәл, бір-бірінен ешбір алшақтап кетпейді. ...Бұл халықтың өзі өз болып жеке-дара тіршілік кеше бастаған күндерінен бері бір де бір елеулі оқиға, бір де бір тамаша адам ұмыт қалмаған, барлығы түгелдей санасында сақталып қалған. Бірін суырып-салма жыраулар жырласа, енді бірін әлдебір аты өлмейтін атақты сыбызғышы, не қобызшы ата-баба санасына мәңгіге өшпестей сіңіріп кеткен. Қазақтың кез-келген қадірлі ру басы өзінің ата-тегінің күлі шежіресін жатқа біледі әрі тәрбиелі, көргенді адам болу үшін халық ішінде қадірлі, жөн білетін ақсақал бидің алдында халықтық құқық жөндерін ыждаһатпен үйренеді, көптеген мақал-мәтелдерді, қызықты әңгімелерді есіне сақтап, оларды өз сөзін зерлеуге қолданып, шешендігін үлгітейді»<sup>11</sup> «Қазақ шежіресі» туралы зерттеу мақаласында Шоқан Уәлиханов айтқан бұл тұжырым қазақ халық әдебиетінің дәстүрлі даму заңдылығын өте айқын нақты жеткізген. Мақал-мәтелдерді, шешендік өнер үлгілерін, тартымды қилы-қилы қисынды әңгіме, аңыз, сөздерді «тәрбиелі, көргенді адам болу үшін» есіне сақтап, жаттап, қолданады. Әрі сол сан алуан сөздер еш өзгеріссіз қайталанып, қаншама ғасырлар өтсе де, өзгермей қазақ шежіресінің шындығын сақтап, жеткізіп отырған. Жыраулық өнердің түп-тегінде осындай елдік таным дәстүрі жатқаны шындық.

Жыраулық дәстүрмен бірге жаңа дәуір әдебиетінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде халық поэзиясының үлгілерін жинастыру,

<sup>11</sup> Ш. Уәлиханов. Шығармалары. А., ҚСЭ, 1985, 2-том, 157-б.



мақал-мәтелдер, ертегілер, эпостық мұраларды жинақтап, қолжазба түрінде сақтау, баспалардан бастырып шығару өзінше бір әдебиеттанушылық үрдіс ретінде қалыптасты. Жыршылардың ұлы дәстүрі Бұқар, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың ізін басқан. ХІХ ғасырдағы Марабай, Нұрым, Қазақбай, Мергембай секілді ондаған жыраулардың қазақ әдебиетінің ұлан-ғайыр қазынасын телегейдей теңселтіп, төкпей-шашпай толайым жеткізген мектебін жалғастыруы жыраулық дәстүрді қанаттандырып жіберді.

Ендігі жерде жыраулар мектебі әдеби шығармаларды насихаттаушы, ел құлағына сіңіріп жырлаушы ғана емес, асыл ата мұраларды сақтаушы, әдебиет тарихын қолымен жасаушы, жаңа жазба әдебиет түсында халықтық сөз өнерінің алтын арқауын ұстаушы қызметін де атқарды. Жыраудың әдеби-әлеуметтік қызметінің мәні артты, біртіндеп халық әдебиетінің қазыналы қайнар көзіне айналды. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы, соңғы ширегіндегі Жамбылдың (Жамбыл Жабаев, 1846-1945) жыраулық, ақындық өнері қазақ әдебиетіндегі жыраулық мектептің өз түсындағы табиғатын толық танытады әрі Шоқан айтқан тұжырымды анық байқатады. Ақынның жекелеген өлеңдері сол уақыттың, сол тұстағы тарихта болған адамдардың сымбат-бітімдерін («Сарыбайға» – 1865, «Жылқышы» – 1870, «Кәмшат қызға» – 1875, «Шәбденге» – 1879, «Сырттанға» – 1880, «Сәт сайланарда», «Жалғызбын деп жүрмесін» – 1896, т.б.) айнытпай түсірсе, айтыстары мен жырлаған тарихи жырларында тарихи дәуірлердің кесек суреттерін сақтап қалдырды. Жыр алыбы Жамбылдың Бақтыбаймен (Балғалы Молдақұл ауылы, 1872), Бөлектің қызымен (Алтын Емел, 1870), Сары ақынмен (Үлкенсаз жайлауы, 1875), «Майкөтпен дидарласуы» (Майтөбе жаулауы, 1891), Бөлтірікпен (Асы, 1890), Құлманбетпен (1897), тағы басқа айтыстары, ақындық сөз сынасулары мен толғаулары дәстүрлі мектептің поэтикасын одан әрі құнарландырды. Атақты Құлманбетпен, Сарбаспен айтыстары ақындық шеберліктің шырқау биіктерінің бірі ретінде аса бағалы орын алады. Жамбылдың жыраулық мектебінің маржандары «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы» дастандары қазақ әдебиеті тарихының асыл мұралары. Алып дарын иесі оларды өз кезегінде жыраулық мектептің бұрынғы өткен кемеңгерлерінен (Сүйінбай, Майкөт, т.б.) көкейіне түйіп алған. Жамбылдан Тілеміс, Үмбетәлі, Кенен сынды жүйріктер жалғастырды. Жетісу жыраулары мен ақындарының мектебі Сүйінбай, Жамбыл сынды қазақ халқының көркемдік таным алыптарының ұлы талғам, дарынымен жаңа тынысты өріс ашты.

Жыраулық дәстүр жаңа дәуір әдебиетінің бастау арнасындағы қуатты тарихи поэтикалық мектептің дәстүрлі өзекті сипаттарын

даралай байытуымен ерекшеленді. Аузынан шыққан лебізі қазақты сүттей ұйытқан Базар жырау (1841-1911) үні сол тұстағы Сыр бойына, Еділ, Жайық, Үстірт аумағынан таралды. ХІХ ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың алғашқы кезінде Қарасақал Ермбет, Ешнияз, Дүр оңғар, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, т.б. жыраулық, ақындық өнері өзіндік өрнек, қуатты үнімен дараланды.

Дәстүрлі халықтық әдебиеттің үлгілеріндегі жаңалық белгілері жазба әдебиет мектептерінің қалыптасуынан да туындады. Ежелден етене мәлім айтыс өнерінде жазбаша айтыс, хатпен айтыс түрлері таралды. Жазба түрде айтыстың өкілдерінің бірі Шәді еді. Оның өзі қатарлас ақын-жыраулармен жазба түрде айтысқаны мәлім. Бұл кезеңде жазбаша айтыс, айтысты баспа бетінде жариялау дәстүрі қалыптасты.

Арқа, Алтай, Батыс жыраулық, ақындық дәстүр өрнектері тұтаса келіп осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің алыптар мектебінің іргесін бекітті. «ХІХ ғасыр поэзиясы ақындарының көптігімен ғана емес, олардың өнер майданында бір-біріне ұқсамайтын әртүрлілігімен де бағалы. Неше алуан майталман эпик ақындар, ақын-жыршылар, суырып салма ақындық өнерінің өрен жүйріктері, айтыс ақындары, қиссашы ақындар, әнші ақындардың болуы осының айқын дәлелі<sup>12</sup>». Қазақ батырлық, қаһармандық жырларының (Абыл, Марабай, Нұрым, Қашаған, Ығылман, т.б.), Батырлық дастандар мен лиро-эпикалық тынысты туындылардың (Жанак, Шөже, Орынбай, Сүйінбай, Базар, Құлтума, т.б.) небір үздік өлмес нұсқалары солардың ақындық, жыраулық мектебінің үрдісінде күні бүгінге дейін жетті.

Түркі дүниесінің ежелгі тарихынан бастау алған діни тақырыптағы әдебиет ХІХ ғасырда қазақ даласында сан қырынан өрістеп қалыптаса түсті. Ал ғасырдың екінші жартысынан бастап, соңына қарай ол діни тақырыптағы әдеби бағытты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жаңа арнада дамытты<sup>13</sup>. Бұл бағыттың талантты өкілдері діни шығармаларды жинастырып бастырумен, насихаттаумен, нәзирашылық жолмен түрлендіріп жеткізумен, дін сарындарында жаңа шығармалар жазумен жүйелі айналысты. Кітаби ақындардың өзіне тән мектебі қалыптасты.

Тұлғалы ақын-жыраулардың халық әдебиетінің ұлы қисын, үздік мұраларын сақтап жырлаумен қатар, өзіндік таным шындығын көркем кестелген төл туындылары да жария болып, кейінге жеткендігі белгілі.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы қазақ әдебиетінің тарихында

<sup>12</sup> ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1998, 6-7 б.б.

<sup>13</sup> *Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп*. Шығармалары. 1-т., Павлодар: ЭКО, 2003, 379-б.

тағы бір аса маңызды жаңалығымен ерекше орын алады. Осы тұста батыс, орыс түркітанушылары атақты Орхон-Енисей жазуларының сырын ашты, осынау түрік жазба ескерткішінің мәртебесін әлемдік мәдениет зерттеушілерінің назарына ұсынды. Сондай-ақ ерте орта ғасырдағы, орта ғасырдағы бірқатар ірі әдеби-жазба мұраларды танып (Ж.Баласағұн, М.Қашқари), зерттеу ісі басталды. Сол ғылыми жаңалықтар нәтижесінде кейінірек қазақ зиялылары да ежелгі түрк жазба мұралары, оның қазақ әдебиетіне қатыстылығы туралы ой толғап, сөз қозғай бастады (М.Жұмабаев, Х.Досмұхамбетұлы, т.б.). Сонымен қатар, XIX ғасырдың дүниеге әкелген жаңалықтары, ғылыми жетістіктері мен әлемдегі болып жатқан жаңғыру, қоғамдық құбылыстар қазақ әдебиетінен де өз лебін аңғартып тұрды.

**ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІ.** Совет әдебиетінің алғашқы жылдарында-ақ (М.Әуезов, 1927) Қазан төңкерісіне дейінгі тұтас бір дәуір ақындарының ағымын сипаттаған бұл ұғым көркемдік кезеңнің ащы шындығы ретінде қалыптасты. Расында «зар заман» болған отарлаушылық езгі зардаптары сол тұстағы ақындар шығармаларында жан-жақты көрініс тапты. Бір жағынан, зар заманшылдар дәстүріндегі кейінгі бірқатар ақындар енді, советтік идеология тұрғысынан «зарлауық» ақындар ретінде сынға ұшырағаны да, жалалы қуғынға ұшырағаны да жасырын емес.

Қалай дегенде де, отаршылдық кезеңнің ұлы шындығы әдебиет тарихында «Зар заман әдебиеті» деген ұғыммен айғақталды. Бұл атау отарлаушылық саясаттың салдарынан туындаған тұтас бір әдеби сарынның, идеялық-көркемдік бағыттың анықтамасына айналды. Ы.Алтынсарин, М.Әуезов, Х.Досмұхамбетұлы, С.Мұқанов, Е.Бекмаханов, т.б. саралай талдап қалыптастырған зар заман әдебиетінің өз өкілдері, өзіндік даму ерекшелігі бар еді. «Қазақтар XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде отаршылдыққа қарсы күрес сарынына құрылған ұлы әдебиет жасады»<sup>14</sup>, – деп бағалады бұл кезеңдегі әдебиет сипатын М.Мағауин. Зар заман әдебиетін өзіне дейінгі ірі зерттеушілер көзқарастарына сүйене отырып Б.Омаров ежелгі дәуірден жалғасқан «заманаға наразылық мотивінің», Асан Қайғыдан басталатын «болжал өлеңдер», халық танымына негізделген «ақырзамандық сарынның» бәрін бір ағымға біріктірген отаршылдық кезеңнің орнығуы деп көрсетеді<sup>15</sup>. Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларында қанық түскен бұл ағымға аталған уақыттағы ұлт ақындарының барлығы дерлік үн қосты. 1867-1868 жылдардағы Ресей империясының реформалары («Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереже», «Орынбор және Батыс Сібір генерал

<sup>14</sup> М.Мағауин. Ұлттың күретамыры. // Жұлдыз, 1994, № 10,11,12.

<sup>15</sup> Б.Омаров. Зар заман поэзиясы. А., 2000, 110-б.

губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереже», «Жаңа низам») «зар заман» әдебиетінің өзекті сарындарын туындатты. Совет кезіндегі толығырақ қалыптасқан бұл атау мен ұғымның да астарлы мағыналары байқалып тұрды. Шынында да тарихи алғышарттары айқын зар заман ағымы түсінікті еді, сонымен бірге өткенді, ескіні көксеген «заршыл» ақындар деген социалистік реализмнің идеологиялық тұғырнамасының да шалығы білінбей қалған жоқ. Жалпы, ғасырдың орта тұсында үні айқын естілген Зар заман сарыны XIX ғасырдың екінші жартысында күшейе түсті де, XX ғасырдың басына дейін жалғасты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ағартушылық, демократтық, ұлт-азаттық тәуелсіздік бағытының тегеуірінді рухы зар заман саздарынан гөрі басым шыға бастады. XIX ғасыр әдебиетін тек зар заман әдебиеті ғана еді десек біржақтылық болар еді. Көркем әдебиеттің басқа да саналуан дәстүрлі сарындары мен жаңа дәуірде дәуірлеген бағыттары болды.

Зар заман әдебиеті деген түсінік көбінесе XIX ғасыр оның ішінде, XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби үрдіске тән ретінде қалыптасты да, солай аталып қолданылып келеді. С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Е.Ысмайылов, т.б. бірқатар ірі зерттеуші, әдебиетшілер еңбегінде де осы пікір басымдық танытады. Кезінде, М.Әуезов халық зарына, халық күніренісіне қатысты сарынның сонау Асанқайғы заманынан бастау алатындығын ашып жазған еді. Профессор М.Мырзахметов осы сарындағы шешуші кезеңдерді желілеп жіктеу үстіне «отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген ортақ тұжырымды атауды қалыптастырды. Бір жағынан, отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиетінің қатпарлы күрделі кезеңдерін саралап танып, езгідегі әдебиеттің рухын ашу ыңғайындағы бұл көзқарас көптеген зерттеушілердің көкейіне қонады. Ақиқатына келгенде, XIX ғасыр, ғасырдың екінші кезеңі отарлаушылық саясаттың әбден үстемдікке жетіп, елдің еңсесін езген үстіне езіп, тығырыққа тіреген тұсы. Демек, зарлы заманның шырқау биігі, үміт үзілгендей, бостандық көзден бұлбұл ұшқандай болған, шерлі шеменді дәуір. Асан тұсындағы, бес ғасыр жыраулары заманындағы, берідегі Исатай-Махамбет, Кенесары күндеріндегі қуағ қайтқан, шер-шемен ішке түсіп, жүректің басына құйылып, дем шыққан жантәсілім сәт. Зар заман ұғымының өте-мөте осы заманға қарата айтылатындығы да сондықтан. Ал тұтастай ой жүгірткенде, отарлы елдің кешкен күнінің бәрі де зарлы, күйінішті бір тарих.

Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің тақырып желілерін саралағанда, ең алдымен ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбындағы әрқилы бітімді туындылардың өріс алуы, қисса-дастандар мен Шығыс әдебиеті сарындарынан өрбіген шығармашылық дәстүрлі бағыттар

тереңдеуі басты жаңалықтардың бірі болды. Әдеби ізденістер аясы кеңіп, көркемдік тұрғыда, идеялық мазмұндылық тұрасында жаңа сипаттар байқалды. Орыс патшасының, Қоқан хандығының отаршылдық ниеттері мен іс-қимылдары қазақ әдебиетінің ұлт-азаттық күрес тақырыбының ұзақ өзекті желісінде үздіксіз көрініп отырады. Дастандардың тарихи негізділігі, кейіпкерлерінің өмірбаяндық бай деректері, олардың іс-әрекеттерінен туындаған батырлық, қаһармандық, ерлік жөніндегі көркемдік кесек сымбаттар мен әдеби өрнектер жаңашылдық ерекшелігімен бұрынғы дәуірлердегі ірі поэтикалық жанр үлгілерінен даярлана түсті. Әйтсе де дастан, поэмалардың классикалық халық әдебиетінен сақталған ұлы мектебінің түбірлі белгі, нышандары өзгермей жалғасып отырды. Фантасмагориялық, мифтік саздар, эпостық суреткерлік тәсілдер мен поэтикалық троптар жаңа заманның реалистік проблематикасынан туындаған өрнек, эпизод, психологиялық коллизиялармен іштесіп тарихи поэма, дастандардың композициялық, сюжеттік, көркемдік құралдардың басқа түрлі тараптарында аса күрделі бітімді үлгілерін өмірге әкелді. Тарихи жырлардың дамығандығы сондай — әрі көркем, әрі тарихи дерегі бай туындылар күні бүгінге дейін қазақ қауымы үшін әрі әдеби-көркем шығарма, әрі тарихи шежіре қызметін қатар атқарып келеді.

Сал-серілер шығармашылығы, айтыс һәм шешендік өнері, шығыс мәдениеті дәстүрінде туындаған нәзирашылдық мектебі, жаңа жазба ақындық дәстүрі жаңа белесті жалғасын тауып, гүлдене желек жайды.

**ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ЕЛ ІШІНДЕГІ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСПА БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНУЫ.** Шамырқанысты ел, ширыққан заманның шындығына жүгінсек, бұл дәуірде қазақ көркем ойының тізгін тартып, бойын жиып алғандығы, уақыт тезіне сай жаңа серпінмен құлаш жазғандығы да байқалады. Енді аңсау, армандаудың орнына нақты іс-әрекеттің, қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың, нақты терең ойдың, оң-солды ажыратып, жақсы мен жаманды түбінен таратып танудың шарты келді. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің келесі бір белесі осындай қауым алдындағы мұратты қадамдардан туындады. Осы кезеңде әдеби шығармаларды жариялау бірте-бірте кең өріс алды. Ғасырдың бастауында бірді-екілі әдеби нұсқалар баспа бетінен кітап болып таралса, енді баспаханасы бар қазақ жерінен тыс жерлердің өзінен жүйелі түрде кітап бастыру ісі бір ізге түсе бастады. Бұл орайда А.В.Алекторовтың<sup>16</sup> әйгілі библиографиялық

<sup>16</sup> А.В.Алекторов. Указатель книг, журнальных и газетных статей и

көрсеткішінде мол материалдар кездеседі. «Ер Тарғын» жырының 1862, 1870, 1892 жылдары араб, орыс әліпбиімен бірнеше мәрте кітап болып жарық көруі әдебиет пен баспа тарихындағы елеулі құбылыс саналады. Сол тұстарда «Қыз-Жібек» қиссасы әлденеше дүркін жарияланды. Танымал «Шәкір-шәкірат» дастаны 1840-1901 жылдар аралығында ғана он рет жарияланса, шығарманы одан әрі бастыру ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде де жалғасын тапты. Н.Ф.Катановтың деректеріне қарағанда, Бұл дастан 1894 жылы он мың данамен<sup>17</sup> тараған. Бұл үлкен жетістік Жүсіпбек Шайхисламов жырлаған «Жүсіп-Зылиха» дастаны да сондай кең таралған басылымдардың қатарында болды. Сондай-ақ, «Жанқожа батырдың толғауының» жариялануы (Н.А.Веселовский, «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае», 1894), «Ерназар мен Бекеттің толғауы» (И.В.Аничков, «Памятники киргизского народного творчества», 1896), «Бекет батыр туралы жырдың» (Ә.Диваев, 1897), «Алаш Байтоқтының Жәңгір ханды жоқтауының» (1898), т. б. өз тұсындағы әлеуметтік-саяси өмірді бейнелеген әдебиет туындыларының баспа бетін көруі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың нышандары ретінде рухани өмірдің сол кезеңдегі тынысын білдіреді.

Осы кезеңде негізгі кітап бастыру орталықтары Қазан, Ташкент, Омбы, Орынборда қазақ әдебиетінің нұсқалы туындылары («Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу», «Айман – Шолпан», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», т.б.) жарық көріп, ел ішінде таралды. Қазақ халқының төл ауыз әдебиеті шығармаларымен қатар, діни қиссалар мен дінді насихаттаған талантты туындылар да («Сал-сал», «Зарқұм», «Мұхамметтің Миғражға баруы», т.б.) шыға бастады. Сондай-ақ, осы сипатты басылымдар қазақ елінің ішкі жағдайынан, саяси ахуалынан, халық мүддесінен толық хабардар етеді. Жекелеген ғылыми жарияланымдар мен кітаптардан басқа әртүрлі мерзімді баспасөз беттерінде де әдебиет нұсқалары, жаңа сарынды шығармалар, аңыз, ертегілерден, халық әдебиеті нұсқаларынан үзінділер жариялану дәстүрі қалыптасты. Әрине, бірқатар мерзімді басылымдар қазақ әдеби мұраларын орыс тіліне аударып жариялауды, көбінесе орысша аудармасы мен қазақ тіліндегі түпнұсқасын қатар басып шығаруды қалыптастырды. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының үзінділері («Акмолинский областной вестник», 1877, №1-3), «Қаратай» ертегісі («Киргизская степная газета», 1896, №40-41), «Шал, хан мен жігіт» ертегісі («Астраханский вестник», 1893, №1302), «Түлкі мен бөдене» мысалы («Киргизская степная газета», 1894, №32), «Дуана Қожанасыр» хикаяты («Киргизская

<sup>17</sup> Ү.Субханбердина, Сейфуллина Д.С. Қазақ кітаптарының шежіресі. А., 1996, 38-б.

степная газета», 1895, №24), т.б. әдеби туындылар үлгілері осы кезде көп жарияланды. «Кенесары мен Садық сұлтандар» кітабына пікірдің де жариялануы («Акмолдинский областной вестник», 1889, №35) әдеби тіршіліктің өзіндік тынысын аңғартса керек. «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) атты әйгілі басылымдардың беттерінде де әдеби шығармалық нұсқалар молынан жарық көріп отырды. Орыс тіліндегі шығармалардан аудармалар, шығыс әдебиетінің сарындарына, шығыс әдебиеті дәстүрінде жазылған шығармалар көптеп жариялана түсті. Омбыда, Ташкентте, Қазанда, Орынборда қазақ әдебиетінің шығармалары мен жекелеген авторлардың жазбалары кітап болып та таралып жатты. Қисса-дастандар, хрестоматиялық жинақтар, тарихи жырлар мен аңыз ертегі үлгілері дүркін-дүркін кітап болып көпшілікке таратылды. Кітапты жарнамалау, ел ішінде саудалау, тапсырыспен кітап шығарудың алғашқы нышандары байқалды. Рухани тіршіліктің бұл өрісті үрдісіне қазақ оқығандарының барлығы түкпір-түкпірден атсалысты. Осының барлығы, бір жағынан, қазақ әдебиетіндегі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жағдайдың, сол тұстағы Еуропа, Азия елдерінің көпшілігінде ұштаса басталған ұлттық сананың ояну үрдісі секілді қазақ даласындағы рухани сілкіністің көрінісі болатын.

Әрине, мерзімді баспасөздің, қазақ балаларын оқығатын школдардың отарлаушы Ресей империясының мүддесіне қызмет еткендігі мәлім жәй. Сондықтан да, әдеби-тарихи шығармалар молынан жариялануы, олардың орыс тіліне аударылуы, керісінше көптеген орыс мәдениетінің материалдарының қазақ тілінде жариялануы жақсы нышан болғанымен, оның түпкі мәні отарлаушылық саясатты түбегейлі жүргізуден туған еді. Қазақ халқын рухани отарлаудың өзіндік идеологиясы, саясатшылары да болды. Бірқатар миссионерлер христиандық дінді сіңіру, шоқындыру жолымен орыстандыруды жөн деп білсе, екінші біреулері мектептерді өрістету орыстандырудың сенімді жолы деп есептеді. Мәселен, А.Е.Алекторов «Что нужно для обрусения инородцев?» деген еңбегінде «Жат нәсілділер үшін мектептер орыстандыру құралы» («Астраханский вестник», 1892, №1207) деп жазды. Ол «школдарда» орысша оқып даярлықтан өткен адамдар орыстандыру саясатының жемісі қаулап өніп шығатын құнарлы топырақ деп бейнелі түрде елестетіп, түсіндірді. Қазақ ауыз әдебиеті мұраларының үлгілерін, мақал-мәтелдерді, ақыдды сөздерді, ел жағдайы туралы толғамдар мен түрлі ақындық дүниелерді орыс тілінде көптеп жариялаудың немесе екі тілде қатар жариялаудың астарында осындай алысты көздеген саясат жатты.

Әйткенмен басқа материалдармен бірге әдеби туындылардың,

мұралардың баспа беттерінде көптеп жариялануы, жұртшылыққа жетуі жағынан бұған дейін осыншалықты мол мүмкіндік болмағандығы аян еді.

\* \* \*

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ӘДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ.** ХІХ ғасыр әдебиеті шығыс дүниесімен Шығармашылық байланыстары арқылы ерекше дараланады. Осы дәуірде қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен ұштасып кеткені соншалық — шығыс өрнегі, шығыс сазы мен сарыны, әр қырынан көрінгенді. ХІХ ғасырда жарияланған, баспа бетін көрген жарияланымдарда ол барынша бедерлі із қалдырды. Діни қиссалардың, мұсылманшылықты дәріптеген қисындардың түп-тамыры тереңде жатыр еді. Мұның өзі ежелгі түркі, одан бергі ерте орта ғасыр, орта ғасыр әдебиетінен байқалған сипаттың заңды жалғасы.

Ислам діні түркі дүниесіне күш көрсетіп, жаулап алу жолымен де емес, иектеп сестенген басымдықпен де емес, тұрмыс-тіршіліктің табиғи қарым-қатынастағы ғадет, ырым-сырым соқпағымен, сауда-саттық керуен жолдарымен жетті.

Соған орай мұсылманшылықтың түрік ортасына таралып сіңуі ұзақ-сонар, үздік-создық созылмалы бағытта жүрді. Ирандықтарды табындырған пайғамбардың зұлпықары түріктерге келгенде қынынан суырылған жоқ. Бәлкім, көшпенділік тұрмыс сипаты да себепші болды. Тоғызыншы ғасырда да ислам діні түркі елінде кең тарап үлгермеген. Мұсылманшылық ғадеттің сарыны Талас, Баласағұн бойына ғана таяған. Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари мұраларынадағы бірқатар деректер сол тұста түріктердің мұсылман, мұсылман емес өзге діндегі тат түріктер болып бөліне бастағанын, ара-арасында қайшылықты қақтығыстар шыға түскенін аңғартады. Бірақ ислам діні толық қабылданбаған. Түрік жұртының әріден басталатын ежелгі мәдениеті мен әдебиеті өз үрдісін, дәстүрін сақтап қала алды. Оның есесіне, Орта Азияға ентелеген арабтар Әмудария мен Сырдария бойында VII–VIII ғасырдың өзінде-ақ тұмшаланып қорғанысқа көшті. Ұлы Қытай қорғаны секілді дуалдар мен қорғандар салды. Қорғануға бейім тұрды. Түрік жерінің қойнауларына қарай беттемек ниеттегі жорықтарда жеңіліп қала берді. Пайғамбар айтыпты деген: «Түріктер жаныңды алмай тұрғанда, түріктердің мазасын алма!», «Олар өзіңе тиіспесе, өзің оларға соқтықпа!» деген қағида сол кезде тараса керек. Сөйтіп, Ислам IV–X ғасырлар аралығында біртіндеп өз жөнімен сінді. Түріктер өз еркімен қабылдады. Орта Азия, Кіші Азия бағытындағы түріктерден қорғану мақсатындағы бекіністер мен қорғандар арабтардан да көп ілгері, біздің

заманға дейінгі III-II ғасырларда да тұрғызылған. Страбон Мерв төңірегіндегі сондай бір ұлы қорған туралы әңгімелейді. Арабтардан кейін, қорған салуды тоқтатқан, пиғылы басым иран әулеттері де ішке ілгерілей алмады. Мұсылмандықтың ресми шегін қазіргі Шыршық бойына ғана бір табан жақындатты. Бірін-бірі қуалай алмастырып анталаған араб-иран, араб-парсы діні мен мәдениетінің бүкіл Орта Азиядағы тарихында арабтар да, иран әулеттері де біздің заманымызға дейінгі 330-328 жылдарда Ескендір Зұлқарнайын ат басын тіреген Сырдың төменгі саласынан көп аса қоймады. Зұлқарнайын Инжударияны кешіп, Самарқаннан өте ат басын іріксе, Араб аббастары аттың айылын Таласта шешкен.

Византияның әлсіреп, Парсы патшалығының да титықтаған сәтінде Арон Рашидтің жиһад жорықтарының ұшқыны түрік даласына да жеткен. Мұның өзі Мұхаммет пайғамбардан кейін 632 жылы басталған жүз жылдық жиһадтың үш ғасыр бойы (VII-X ғ.ғ.) дәуірлеп өрлеп, саябыр тарта бастаған тұсы. Мұсылмандық Талас бойына таяғанда жаугершілік жауынгерліктен саяси мәмілегершілікке көшуінің сыры Араб халифатының Арон Рашид қайтқаннан кейінгі (809) әлсіреп, байыздауына байланысты еді.

Арон Рашидтың тұсында гүлденіп, бойын тіктеген араб мәдениетінің құзыры мен құдіреті мемлекеттік державаның, саясаттың қуатынан әлдеқайда әлеуметті ғұмырлы болды. Тіл бірлігі мен дін тұтастығы, шарифат шарттары араб дүниесінің, араб мәдениетінің ықпалын құзырлы да ғұмырлы етті. Араб білімдарларының, ғалымдар мен дәруіштердің, діндарлардың, саудагерлердің емін-еркін жалғасқан сапарлары, саяхаттары, түрлі ерсілі-қарсылы қарым-қатынастары батыс-шығыста дүйім дүниені алып жатты. Қазақ даласына да солай жетті.

Сол кезде шығысқа, қиыр шығысқа қарай тарамдала түскен будда мәдениетінің ұшқындары Орта Азия, түрік сахарасына да түсті.

Орта Азия, Түркістан төңірегіне келе бастаған будда ұшқындарын әуелі солтүстік парсы жерінен жеткен зороастризм сөндірді. Бір кезеңде жаратушылық діннің пәрменді таралғандығы сондай — будда монастрлері қаңырап бос қалған. Соғдақ, Самарқандта зороастризм (жаратушылық) тінін ұстанған діншілдер буддалық дінді от жағып, аластап қуып тастағандығы жөніндегі деректер кездеседі. Түрк өркениетінің алтын бесігі іспегті қазақ тілі мен әдебиетінің бойын жарастықпен табиғи түрлесініп таралған шығыс бітімдерінің осындай тарихи арналары мағлұм. Сол дәстүрдің мәуелеп желек жайған тұсы XIX ғасыр. «Мың бір түн», «Шаһнама» сынды адамзаттық тарихи мәні зор ұлы шығармалар қазақтың көптеген көркем сөзі мен макалдарының, төл шығармаларының ұйытқысына айналды.

«Мың бір түн», «Шаһнама» сарындарының үнді әдебиеті, қытай жұрты, Батыс Еуропа елдеріне дейін таралғандығын, күні бүгінге дейін қазіргі заманғы талай-талай түрлі жанрдағы шығармалардың ішінде кездесетіндігін ескерсек, мұның өзі, айналып келгенде, қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттің қуатты ағыстарымен біте қайнасып жарыса дамығандығының айғағы. Ахмет Байтұрсынұв: «Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты — дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты — тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады»<sup>18</sup>, — дей келе, діншіл дәуір белгілері әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен, ділмәр дәуір белгілері өте-мөте орыс әдебиетінен келген деген тұжырымын білдіреді. Олардың өзін өзге сыртқы жұрттар әдебиетінен еліктеп алып дамытқандығын айтады. Қисса-дастандар, хикаят, насихат, мақтау, даттау, толғау, терме сипатындағы туындылар осы кезеңде көп кездеседі. Шығыс әдеби сюжеттері мен сарындарын қайталап жырлау немесе түрлендіріп еркін нәзирашылдықпен жеткізу осы тұстағы әдебиеттің өзінше бір шеберлік мектебі ретінде құнды. Әрі ондай дәстүрлі мектеп бертіңгі заманға дейін жалғасын тапты. Мұсылман дінін, пайғамбарды насихаттаған «Жұм-жұма (Қубас)», «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлінде» секілді қиссалар кеңінен мәлім етілді. Сонымен қатар, шығыс классикасының озық үлгілері (Фирдоуси, Физули, Низами, Науаи, Хафиз, т.б. жазған дастан, хикаяттар) қазақ тіліне аударылды, ел ішіне таратылды, тасқа басылды. Сондай-ақ, орыс тіліндегі шығармалар желісінде жаңа туындылар жазылып жарияланып отырды. Шығыс әдебиетінің жұлдызды мектебін қазақ ортасына әкелуде Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин үлгілері бастамашылдық көрсетті де ол үрдіс одан әрі жалғасты.

Шығыс әлемінің қазақ әдебиетімен тереңнен бастау алған күрделі шығармашылық әрі рухани байланысы ұзақ жылдар бойғы сабақтастықтан туып дамыған, өрістеген өркенді көркемдік таным өрісі еді. Алайда, совет дәуіріндегі шектеу саясатының, тұсаулы өрістің тарлығынан мәдениеттегі шығыс дүниесі дәстүрі, шығыс әдебиетінің қазақ әлемімен қатысы біртіндеп бәсеңдеп келіп, тыйылып қалды. Тамыр жайып бой түзеп мәуелеп келе жатқан дәстүр семіп қалғандай болды. Қайшылықты дамудың күнгейі де, көлеңкесі де XIX ғасырдың ішінде қатар көрінді. Шығыс дәстүріндегі заңдылықтардың мол, қуатты көрінген кезеңі де, жаңа дәуірдегі ақындық өнердің өрістеп арнасын анықтаған тұсы да осы дәуір. Жаңа әдебиеттің алғашқы арынына қалай дегенмен де орыс отаршылдық өктемдігінен туындаған талаптар, евроцентристік бағыт ықпал етті. Сондықтан да, XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі Шығыс дәстүріне арнайы

<sup>18</sup> А. Байтұрсынұв. Шығармалар. А., 1989, 262-263-бб.

назар аударып, егжей-тегжейлі саралау ұлттық әдебиеттің үлкен бір жемісті, дәстүрге бай кезеңінің мағынасын аша түспек. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдеби зерттеуінің үлкен тың арнасы осы Шығыс әлемінің бағыты болуға тиісті. Бұл танымдық барлаулардың түпкі мәні адамзат өркениетінің түпқазығы саналатын Нил, Евфрат-Тигр, Үнді, Хуанхэ белдеулеріне желі жалғастырып, қазақ әдебиетінің кіндік кескен аймағын атап-түстеп біле түсуге бастайтындығында жатыр. ХІХ ғасырдағы тіл мен әдебиеттің даму өзегінде осыншалық ғасырларды асып жеткен рухани бай тәжірибе жинақталғандығы мәлім.

Әрине, осы дәуірде қазақ сөз зергерлерінің, қазақ халқының төл дастандары, тарихи жырлары кітап болып қолдан қолға таралды. Олардың қатарында батырлық эпос нұсқаларын, лиро-эпикалық дастандарды атауға болады. Жалпы шығыс әдебиетімен сюжет, тақырып, сарын жағынан ортақ шығармалар («Мұңлық-Зарлық», «Сейфүлмүлік», «Бозжігіт», «Шаһмаран», «Әбуғалисина», т.б.) кеңінен танылды. ХІХ ғасырдың ішіндегі ақын-жыраулар шығармаларының қолжазбалар сипаттамаларын салыстыра-желілей қарағанда да, әдеби даму заңдылығының өзіндік бір ерекшелігін байқауға болады. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларының басым көпшілігі тарихи, әлеуметтік, тұрмыстық тақырыптарды толғаса, ХІХ ғасырдың екінші жартысында, соңына қарай діни сарындардың, Шығыс саздарының басым көрне бастағаны аңғарылады. Мысалы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұзақ жылдардан бері әзірлеп жариялап келе жатқан «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты кітаптың төртінші томына ХV-ХІХ ғасырлар аралығында өмір сүрген жүз екі ақынның үш жүз жиырма екі шығармасының қолжазбасы сипатталса, солардың ішінде діни, шығыстық тақырыптарға негізделгендері некен-саяқ, ғасырдың соңғы ширегіне қарай кітап бастыру ісі дәстүрге ене бастағанда көбірек көрініс береді. Басылымның келесі, бесінші томында, ХХ ғасырдың басында ғұмыр кешкен қырық сегіз ақынның жүз жиырма бес шығармасының қолжазбасы туралы сипаттамада діни сарындағы туындылар, шығыс тақырыбындағы туындамалар да жиі ұшырасады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында жасаған бірқатар ақындар Ерімбет Көлдейбекұлы (Қарасақал Ерімбет, 1850-1916, «Атымтай-Жомарт»), Шәді Жәңгіров (1855-1933, «Бықыл сары», «Хиқаят Халиф һарон-эр Рәшид, т.б.), Жүсіпбек Шайхысләмов (1857-1936, «Жүсіп-Зылиха», «Рүстем дастан», «Мұңлық-Зарлық», т.б.), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1932, «Заман ақыр», «Мұхаммед пен шәриарлар», «Көрұғлы», т.б.), Омар Төлебайұлы (1867-1919, «Ақымақ саудагер», «Айпапы келей», «Мың бір түннің», «Тотының тоқсан тарауының»

тараулары, т.б.), Мұхамеджан Сералин (1872-1929, «Рүстем-Зорап» аудармасы), Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939, «Шаһнама», «Сүлеймен Дәуіт ұлынан хайуанаттың тілін үйренген кісінің әңгімесі», «Рауа бану», «Іскендір хиқаясы», т.б.) шығыс әдебиет әлемін жақсы білген аудармалар жасап, шығыс тақырыптарына төл шығармалар жазған, сонымен бірге ол туындыларын кітап етіп бастырып отырған ақындардың белгілі өкілдері. Білімді, шығыс тілдерін білген, дін тануда да сауатты есімдері белгілі-белгісіз ақындар ХІХ ғасырдың соңында өзінше бір дәстүрлі әдеби мектеп қалыптастырды.

Әдеби, мәдени байланыстар тарихы қай елдің рухани өмірінде болсын, әріден сабақтасатын тарихи үрдіс. Қазақ әдебиетінің даму тарихына көз жүгіртсек, өзге елдер әдебиетімен тікелей сабақтасық дәстүрі де, типологиялық ұқсас құбылыстар да айқын аңғарылады. Қазақ елінің тарихи жолына қатысты әдеби-мәдени байланыстар сипаты да өзгеріп отырғаны мәлім. Кезеңдік ерекшеліктеріне қарағанда, әдеби байланыстар ХХ ғасырда негізінен Ресей арқылы өрбіп, батыстық һәм Еуроцентристік ағым ықпалы басымдау болса, ХІХ ғасырдың екінші жартысында шығыс әдебиетімен байланыстылықтың белгілі дәрежеде өзіндік шарықтау шегіне көтерілгенін сол тұстағы әдеби материалдар айғақтайды.

Ежелгі дәуірлердегі әдебиеттердің типологиялық ұқсастықтары басым келетіні, әдебиеттің қалыптасып даму үрдістерінің алғашқы белестеріндегі аналогиялық заңдылықтар болатындығы күмәнсіз тарихи жайлар. Бұған түрк дүниесі әдебиеттерінің ішкі бірлігі мен өзара сабақтастық пен даралық көріністері, сондай-ақ, Мысыр, Кіші Азия, Иран, Үнді, Қытай, Кавказ бойындағы елдердің, Византия мәдениетінің<sup>19</sup>, тағы басқа әдебиеттердегі бастауындағы алғашқы аналогиялық құбылыстар, дидактикалық, діни, тарихи әдебиеттердің пайда болуы мен дамуындағы типологиялық сарындастықтар туралы академиялық зерттеулер толық дәлел бола алады. Түрк дүниесі әдебиетіндегі байланыстар мен дәстүрлілік желісі қазақ әдебиетінде де сақталып, біртіндеп өзіндік сипат алды. Сол орайда қазақ әдебиетінің іргелес шығыс елдері әдебиетімен байланысы, тіпті әлдебір даму заңдылықтарындағы типологиялық жақындастығы жөніндегі деректер айқын көрінеді әрі ол дәстүр желісі айқын танылады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы бұл ретте өзіндік сипатымен ерекше. Сондықтан да, бұл дәуір әдебиетінің тынысын сөз еткенде шығыс дүниесімен байланысын атамай өтуге болмайды. 1961 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» көптомдығының екінші томының бірінші кітабында «Қазақ әдебиетінің шығыс

<sup>19</sup> История всемирной литературы. Т: 1-2. – Москва: Наука, 1983.

әдебиетімен байланысы» атты арнаулы тарау жазылған. Сөз етіп отырған мәселе сол тарауда ғылыми тұрғыдан егжей-тегжей зерделенген. Одан бергі кезеңде де бұл әдеби ғылыми тақырыпқа бірқатар еңбектер арналды. Сонымен қатар А.Байтұрсынов, М.Әуезовтан бастап қазақ әдебиеттануының көптеген тұлғалары осы тақырыпты әр кезеңде әр қырынан ашып жазып та отырды. Ә.Қоңыратбаев, Ш.Сәтпаева, Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Ш.Елеуқенов, тағы басқалардың әдеби байланыс үрдісіне арналған зерттеулері көп заңдылықтардың бетін ашып береді. «Қазақ әдебиеті мен Орта Азия, татар мен әзербайжан халықтарының және басқа шығыс елдерінің әдебиетімен байланысы ХІХ ғасырдың екінші жартысында өте-мөте кең өріс алды. Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлері Абай, Ыбырай, Шоқан Орта Азия халықтарының, сондай-ақ қытай, араб, үнді халықтарының таңдаулы әдеби нұсқаларын халық арасына тарату, оларды қазақ әдебиетінің қорына қосу ісіне үлкен мән берді. Шоқанның «Манасты» орыс тіліне аудару ісін тұңғыш қолға алғаны, Абайдың шығыс тақырыптарына «Масфұт», «Әзім», «Ескендір» сияқты әңгіме-өлең, поэмаларын шығаруы, Ыбырайдың қытай, үнді, араб, парсы халықтары ертегі-әңгімелерінің сюжетіне бірнеше әңгіме жазғаны – осылардың өзі-ақ қазақ ағартушыларының шығыс әдебиетінің шынайы халықтық үлгілерін жоғары бағалағанына айғақ бола алады<sup>20</sup>». Бұл үлкен тынысты процеске айналды. Белгілі-белгісіз көптеген қалам ұстаған ақындар, әсіресе, шығыс тақырыбындағы шығармаларды еркін аударып, сол желіде өзінше шығарма туындағып ел ішінде таратып, кітап етіп жарыққа шығарып отырды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында бұл дәстүр әдеби даму заңдылығының өзіндік тармағы ретінде көрінген еді. Шығыстың әйгілі классикалық шығармаларынан бастап діни ағымдағы қиссалар, діни әңгімелер, сондай-ақ ауыз әдебиетінің нұсқалары, қиял-ғажайып дүниелер сарыны, дидактикалық һәм өнеге-насихат мақсатындағы сюжеттер мен ойға құрылған туындамалар көбейді. Ол кезең ерекшелігі әдебиет тарихында «кітаби ақындар» деген шартты атаумен белгілі болды. Шығыс тілдерін біліп, сол тілде хат жазып қара таныған, өз шығармаларын да кітаби тілмен жазып қалыптасқан, діни тақырыпқа ден қойып, шығармаларында араб, парсы, татар сөздерін, дін таным сөздерін ретті-ретсіз кіргізіп отырғаны үшін «кітаби ақындар» атанған бұл ағымның қолдаушылары да, ұстанушылары да көптеп саналады. Олар, бір жағынан, кітаптарды жарыққа шығарып, таратып отыру ісіне де елеулі үлес қосты. Сол кезеңдегі қазақ халық әдебиетінің, фольклорының көптеген шығармаларын ел ішінен жазып алып, Қазан, Орынбор,

<sup>20</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. А., 1961, 535-б.

т.б. баспалардан тасқа бастырып жариялатып отырғандардың қатарында да кітапшыл әдебиетшілер көп болатын. Ақылбек бин Сабал, Шәді, Мәулекей, Жүсіпбек Шайхысламов, т.б. әдебиет тарихында өз шығармаларымен бірге, осындай кітаби ақындар дәстүрінің белді өкілдері болуымен кеңінен танылды.

Бірте-бірте кітаби ақындар деген атау көп ауызға алына бермейтіні, әдебиеттану еңбектерінде де оқта-текте қолданылатындығы белгілі болды. Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарында да «кітаби ақын» түсінігіне қатысты екіұдай пікір байқалды. Шын мәнінде, бұл кітаби ақындар әдеби байланыстың белгілі кезеңдегі арналы дәстүрін дамытқан ақындар мектебі. Шығыс әдебиетімен байланыстың көп қырлы ерекшеліктері мен дәстүр заңдылықтарын тереңнен таратып танытқан шығармашылық өріс өзегі. Бұл сөзсіз қазақ әдебиетін қай жағынан да байытты. Жаңа сюжеттік желілер, тақырыптық идеялары, поэтикалық айшықтары, адамгершілік мақсаттары секілді сипаттары қазақ ақындарының қолтаңбасына да ілінді, өзгеше сипаттар дарытты, сонымен бірге қазақ әдебиетінің әлем әдебиетінің дәстүрлі сораптарына шығуына ықпал етті. Әрине, сол тұстағы шығыс әдебиеттерімен байланыстан туған туындамалардың барлығы бірдей саф алтын деудің де қисыны келмес. Бұл салада көп шығармашылық іс тындырып, ілгерілеген ақындардың өзі де басқа ел туындыларынан алатын шығармашылық дүниелерді сұрыптап, талғап-талғаммен іріктеп алуды көп жағдайда ойлай бермеген тәрізді. Көп жағдайда діни ағымдар мен діни қағидаларды насихаттауға ден қойғандықтан, әдеби шығармашылық шарттарын сақтауды елей бермеген туындылар да басылып жатты. Осындай сипатты көзқарасты «Қазақ әдебиеті тарихының» авторлары да білдірді<sup>21</sup>. Қалай дегенмен де, шығыс әдебиеттерімен шығармашылық байланыс, сол елдер әдебиеті үлгілеріндегі қисса, дастандар, хикаялар, өзге де әдеби жаратындылар үлгілері бұл дәуірдегі әдебиеттің елеулі құбылысын танытты. Халыққа кеңінен таныс ақындар мектептерімен қатар шығыс әдебиетімен байланысты ұстанған, сол ыңғайда мол шығармашылық қарым танытқан ақындар іріктеліп көрінді. Олар шығармаларында әдеби байланыс дәстүрінен туған әртүрлі сипаттарды әр қырынан дамыта түсті. Майлықожа, Шәді, Тұрмағамбет, Нүрәлі, Ақылбек сынды шығармашылар мұраларында Ислам дүниесі өзінше бір үлкен тыныспен көрініс береді. Қазақтың белгілі деген ірі таланттарының өзі де әдеби байланыстан туған шығармаларды көптеп жазғаны байқалады. Басқаларды атамағанның өзінде, Ақмолла Мұхамедиярұлының «Марджани жөніндегі мәрсиясы»,

<sup>21</sup> Сонда, 537-б.

Мұсабек Байзақұлының (1849-1932) өзі айтқандай, «арабы мен парсыға жүйріктігі», «Мың бір түн», «Шахнама» сарындарын жаңғырта жырлаған туындылары, Шәді Жәңгіровтың (1855-1933) «Назым Сияр Шарифы», «Қиссасул Әнбия» сарынына жазған дастаны, Әріп Тәңірбергеновтың (1856-1924) «Қисса Баһрам», «Қисса Таһир», «Зияда Шаһмұрат», т.б. туындылары, Базар Жыраудың «Айна-Тарақ», «Әлипа қыз» жырлары, Майлықожа Сұлтанқожаұлының (1835-1901) «Тотынама», «Қасқыр», «Нақыл», «Аңқау мен қу», «Кәмилә мен Димна» сынды туындылары шығыс тақырыбынан туындаған мұралардың географиялық аясының кеңдігін, тақырыптық мазмұнының байлығын, дәстүр ізінің беріктігін білдіреді. Осының барлығы қазақ әдебиетінің бай тарихының дәйекті деректері.

Қазақ әдебиетіндегі шығыс елдері әдебиетімен байланыстан туған үрдіс – жалпы мәдениет пен әдебиет тақырыбында бар құбылыс. Дүние әдебиеттерінің тарихында ондай шығармашылық байланыс дәстүрі кеңінен мәлім. Олардың қатарында Қазақстан мен Орта Азия елдері де бар. Сондықтан, ХІХ ғасырдың екінші жартысында басымдықпен көрінген шығыс әдебиетімен байланыстан туған қазақ әдебиеті – мұралары даму үстіндегі көркемдік-эстетикалық танымның көріністері.

Әдеби байланыстың дәстүрлі жолы аударма десек, қазақ әдебиетінің материалдары негізінде аударманың тағы бір тәсілінің шығармашылық мүмкіндігі ашыла түсті. Бір елдің әдебиетінің шығармасын қайта жаңғырып, туындата жырлау, жазу мектебінің өрістілігі білінді. Қазақ ақындары шығыс әдебиеті шығармаларын мазмұн, сарын, не сюжеттік желісі тұрғысынан қайта жырлап жеткізіп отырды. Бұл аударма, еркін аударма аясынан да шығып, өзіндік мектеп түзген бағыт еді. Орта ғасырларда бастау алған осы үшінші тәсіл – жаңғырта жырлау, М.Әуезов атап көрсеткен «нәзира» дәстүрін қазақ әдебиетінде кітәби ақындар ХІХ ғасырдың екінші жартысында қайтадан жандандыра түсті.

Қазақ халқы шығыс халықтарының, оның ішінде Орта Азия, Иран, Үнді елдері мәдениетімен, әдебиетімен, тарихымен ежелден байланыста болғандықтан, бұл үрдістен туған шығармаларды жұрт етене ұғып, тез қабылдады. Бұндай қарым-қатынастар аймақтық жақындықтан ғана емес, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр басындағы араб халифатының ықпалына да байланысты еді. Өйткені араб халифатының құрамына енген елдердің мәдениеті, әдебиеті бір-біріне ұқсас. Әдеби дәстүрмен дамыды, тіпті халифат ыдырап, құлдырағаннан кейін де ол әдеби дәстүр ұзақ уақыт сақталып қалды.

Ал шығыс шайырлары Фирдоуси, Низами, Сағди дәстүрі араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген түркі ақындары үшін өрісті өнер мектебі іспеттес болды. Сөйтіп, Орта Азия халықтары

әдебиетіндегі қазақ әдебиеті де шығыстық қисса-дастандармен, хикаят, аңыз-әфсаналармен толығып көкжиегі кеңейіп, кемелдене түсті.

Қазақ әдебиетінде шығыстық сюжетке шығарма жазып, шығыс тілдеріндегі шығармаларды аударып, байланыстырушы ақындар қатары, әсіресе, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында көп шықты. Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары Абай, Ыбырай, Шоқан сынды ағартушы-ғалымдар Орта Азия халықтарының әдебиеті мен шығыс халықтарының үлгілі әдеби нұсқаларын қазақ әдебиетінің қорына қосты. Араб, парсы әдебиетінің асыл нұсқаларымен сусындап өскен, шығыс әдебиетіндегі бұрыннан желісі тартылған әдеби байланыстардың бір түрі – «нәзирагәйлік» тәсілді жете меңгерген қиссашыл немесе «кітаби» ақындар шоғыры өз алдына бір бөлек еді. Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхұсламұлы, Хұсайын Мербабаұлы, Лұтфолла Уәлиұлы, Мәулекей Жұмашев, Қашафуддин Шахмарданұлы, Ешбай Көзбергенұлы, Баймағамбет Айтхожин, Шәді төре Жәңгіров, Кете Жүсіп Ешниязов, Рабдолла Файызханов, Ахмед Оразаев, Есен молла және т.б. осы бағыттағы дәстүр ізін өрістетті. Діни оқуға қанық, шығыстың классикалық әдебиетімен жақсы таныс, шығыстық сарында жазылған өлең- жырларында араб-парсы сөздерін жиі қолданған Ақан сері, Әсет Найманбаев, Нұржан Наушабаев сынды сал-серілер мен ақындар мұрасында әдеби байланыс дәстүрі өз сипатымен көрінді. Академик З. Ахметов қисса, хикаяларды әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық-көркемдік құндылығы жағынан сараптап, саралап көрсетеді: «Бірінші – негізінен дінді уағыздайтын, исламның қағидаларын, діни ұғым-нанымдарды насихаттауға бағытталған: «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейтбаттал» сияқты шығармалар; Екінші – көршілес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкілдерінің дастандары: «Шаһмаран», «Сейфулмәлік», «Бозжігіт», «Әбулхарис», «Шәкір-Шәкірат», араб елінің ертегісі «Мың бір түн», үнді ертегісі «Тотынама», классик ақындар: Фирдоуси, Навои, Низами дастан етіп жазған «Шаһнама», «Ләйлі- Мәжнүн», «Таһир-Зуһра», «Фархат-Шырын», «Ескендір» секілді шығармалар.

Үшінші – шығыс сюжетіне құрылған, бірақ қазақ әдебиетіне сіңісті болып кеткен «Мұндық-Зарлық» сияқты шығармалар<sup>22</sup> екендігін атап көрсетеді.

Әдеби байланыстар мәселесіне келгенде, қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі құбылысты тақырыптарға қатысты тек өзіне ғана тән дара дүниетанымдық, көркемдік көзқарас көрсеткені осы

<sup>22</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. I-т., I кітап. А., 1961. 540-541-бб.



кезенде айқын танылды. Әлем әдебиетінде батыс пен шығысты бірдей кең ауқымда өрістеген Ескендір Зұлқарнайынның тарихи тұлғасын сомдаған шығармалар қатарында Абай мен Ыбырай Алтынсариннің көркемдік шешімдері дара бой көтерді. Екі ұлы ақын, ағартушылардың Ескендір Зұлқарнайын туралы жазған шығармалары, шын мәнінде, қазақ әдебиетінің әлемдік тақырыптарға бару жолының даралығын, өзге дүние әдебиеті мен терезесі тең мәртебесін білдіреді. Абайдың «Ескендір» поэмасы өзіндік тарихи шындық, терең қисыны мен дараланса, Ыбырай Алтынсариннің «Жаратты неге алуан жұртты бір құдайым» өлеңі хайат суын іздеген Ескендірді шығыс сазында кескіндейді. Ыбырай туындысынан Фирдоуси, Сағди шығармашылығымен сарындастық ізі байқалады.

Ал Шәкәрімнің Хафиз ғазалдарын аудару тәжірибесі кәсіби қаламгерліктің үздік үлгілерінің бірінен саналады.

Осы кезеңде Ш.Уәлиханов Қырғыз халқының эпосы «Манастың» үзінділерін тұңғыш рет қағазға түсіріп, «Көкөтай ханның өлімі және оған берілген ас» деген тарауын орыс тіліне тұңғыш рет аударғаны мәлім. 1840 жылы ол қарақалпақ өңіріндегі ауызша айтылған дастандарды және тағы да басқа ауыз әдебиеті үлгілерін жазып қағазға түсірді. Шоқан мұралары да қазақ әдебиетінің өзге елдер әдебиетімен байланысы жөніндегі деректерге бай.

Қазақ әдебиетінің басқа елдердің әдебиетімен байланысының ішінде шығыс халықтары әдебиетімен байланысының орны ерекше. Сонау фольклордан бастау алып, ХІХ ғасырда қалыптасқан бұл байланыстар үрдісінің нәтижесінде қазақ әдебиетінде тың туындылар дүниеге келіп, жалпы әдебиетіміздің арнасы кемелденіп, мазмұн жағынан байи түсті.

Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиеті әлемімен байланысы ұзақ ғасырларға кеткен, өзара рухани жағынан да, тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен де ұштасып жатқан әдеби даму заңдылығының жемісі. Ол жөнінде қазақ ғалымдарының еңбектерінде әрдайым жазылып, зерттеліп келеді. Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезовтің, Шәмшиябану Сәтпаева, т.б. еңбектерінде бұл шығармашылық, рухани байланыстың ерекшеліктері мен көріністері, негізгі заңдылықтары мен сипаттары жан-жақты жазылды. Әсіресе, «кітаби ақындар» аталып жүрген ақындардың туындылары, діни қиссашылдар мектебі, нәзирашылық дәстүр жөніндегі талдаулар көп мәселенің ғылыми байыбын ашып көрсетеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған он-он бес жылда шығыс әлемімен байланыстың табиғатын, дәстүрін танып-білуге ықылас әлдеқайда артты. Тоталитарлық советтік идеология кезінде жабулы қалған шығыс дүниесі қазақ әдебиетінің алдында қайтадан айқара

ашылды. Осы кезеңде тек бір Абай шығармаларының өзі бірнеше шетелдерге, оның ішінде шығыс әдебиетіне аударылып, танылды. Енді қазақ әдебиетінің шығыс елдері әдебиетімен байланыстылығын әр қырынан нақтылай талдап көрсетудің мол мүмкіндігі туғандығы да белгілі. Қазақ әдебиетінің өзге елдер әдебиетімен сабақтастықта, өзара ықпалдаса өріс кеңейтуі, әлемдік өркениет үрдісінде дамуы ұлттық әдебиет тарихының мазмұнды беттерінің бірі.

**ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН ТАРИХ САБАҚТАСТЫҒЫ.** Ғасыр басындағы, орта тұсындағы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысы оқиғалары мен батырлары, тарихи тұлғалардың қаһармандығы туралы көркем сөз ғасырдың екінші жартысында рухани ерекше қуатпен өркен жайды. Бұл енді Хандық дәуіріндегі, ХVII-XVIII ғасырлар кезеңіндегі осы сипатты жырлардың жаңа серпіні еді. Тек, уақыт заман сипатына орай нақтылық сипаттары, ұлт-азаттық рухы жаңа серпінмен көрініс берген, көркемдік жағынан да түлеп-түрленген әдебиет нұсқалары. Тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларды толғаған дастандар мен тарихи жырлардың саналуаны жырланып, қолжазба күйінде таралып, көпшілігі баспаханалардан жарық көрсе, олардың ішінде бір тақырыпқа әлденеше түрлі шығармалар арналып, тұтас бір поэтикалық түзілімдерді (цикл) құрады. Абылай, Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет, Жанқожа, Бекет, тағы басқа бұрын-соңғы өткен қазақ даралары осы тұстағы әдебиеттің кеңінен танылған, халық қадірлеп қастерлейтін әдеби қаһармандарына айналды.

Кенесары, Наурызбай тұлғаларын әдебиетте сомдаған, сол арқылы қазақ елінің басындағы тарихи ауыр ахуалды жеткізген шығармалар өз алдына бір желіні құрайды. Дастан, толғаулармен бірге ел ішінде белгілі-белгісіз сөз ұстаған дарынды адамдар аузынан тараған өлеңдер де, жырлар да баршылық. Бұл орайда атақты Нысанбай жыраудың тарихи мұрасы шынайлығымен, көркемдігімен, дара тұлғалар бейнесін кесек түсіруімен ерекше орын алады. Нысанбай жыраудың тарихи дастаны әдебиет тарихындағы орнымен де, өмір шындығын жете бедерлеуімен де шынында да тарихи туынды. Нысанбай жыраудың өзі Кенесары жорықтарына қатысқан, ханның мақсат-мүддесін, ойын жақсы түсініп білген жан. Көзімен көрген, көкейіне түйген жайларды көркемдік қисынмен жеріне жеткізе толғайды. Тарихи шындықтың көркемдік шындықпен егіздің сыңарындай өріліп түскендігі дастанды халықтық мұра деңгейіне жеткізді. Нысанбай Кенесары мен Наурызбай бейнелерін ішкі жан дүниесін саралау, сыртқы қайраткерлігін даралау арқылы толымды тұлғалайды. Тіл кестесі, шеберлігі, тақырыпты жете білгендігі дастанның әр тармағынан да көрініп тұр.

Уақыт бедерінің айқындығы, көркемдік кестелерінің қанықтығы дастанға дәстүрлі жыр, жыраулық мектеп үлгісіндегі шығармалардан гөрі біршама өзгешелік те дарытқан. Бір жағынан, мұның өзі жаңа ақындық өнердің соны сарындары ретінде көрінеді. Нысанбай жыраудың жоқтауы да кесек сурет, кескінді сымбаттауымен әсерлі.

Балдағы алтын ақ берен,  
Тасқа тиді майырылып!  
Кемшілік түсті басыма,  
Көрінгеннен қаймығып!  
Жаңбыр жаумай су болды,  
Бұлы қымбат манатым!..  
Тасқа тимей кетілді  
Балдағы дандан болатым!..  
Топшысынан үзілді,  
Екі бірдей қанатым!..  
Кенесары, Наурызбай –  
Асып туған санатым!  
Қырғыздан біткенге ұқсайды,  
Тағдырлы ажал сағатың!  
Жаның қайда жай табар,  
Жаныңда жаббар болмаса!?  
Көңілің қайдан жай табар,  
Көруге дәулет болмаса!?  
Қолдың көркі бола ма,  
Барабан, керней болмаса?..  
Жұлдыздың көркі бола ма,  
Ішінде бір ай болмаса?!  
Қарашыда не күй бар,  
Айбынды ханы болмаса?!  
Кенесары, Наурызбай,  
Қол басында болмаса!..<sup>23</sup>

Белгілі дастан, жырлармен қатар ел аузында кең тараған Кенесары батыр туралы ауыз әдебиеті үлгілері өзінше арналы желі құрайды. Бұрын әдеби ортада да мәлім болып келген Мәшһүр Жүсіп жазбасында жинақталған Кенесары, Наурызбай туралы нұсқалар тәуелсіздік жылдарында қалың жұртшылық назарына ілінді<sup>24</sup>. Нысанбай жырлаған «Кенесары-Наурызбай» үлгісі 1875 жылы «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарық көрді. Тәржімәсін жасаған Сұлтанмахмұт Жантөрин (1837-1882). Досқожа жыраудың (1801-1866) «Кенесары қонысынан ауғанда Досқожаның айтқаны»

<sup>23</sup> Жамалтаев Көкбай. Абылай. //Құраст.: Қарамандип С. А., 1993, 118-б.

<sup>24</sup> Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 5-том. –Павлодар: ЭКО, 2005. 306-335-б.

атты жыры көркем тіл кестесімен, ауған елдің жан тебіренісін терең толғауымен ерекшеленеді. Ахмет Кенесарыұлының 1888 жылы Ташкентте жарияланған «Кенесары мен Садық» атты тарихи естеліктерінің әдебиет тарихындағы орны зор. Хан Кене тақырыбындағы шығармаларда халықтың махаббаты мен өкініші ұлттық мүдде тұрғысында толымды көрініс тапты. Ішінара халықтың ауа көшуі, қиындыққа душар болуына қатысты Кенесарыны құптамаған сыңайдағы сарындар сезіліп қалса да, бұл жеке ақынның пікірі деңгейінен аспады. Халықтың дәстүрлі әдебиет үлгілері одан әрі дамып жалғасын тапты. Енді замана тақырыбы, әлеумет ағыны ежелгі әдебиет сипатына да жаңалық әкеліп жаңғыртты. Өлең өрнегі бітімі өзгеріп, түледі. Жоқтаудың өзінен тарихи сипатты саздар көрініп тұратын болды. Сақталып қалған жоқтау үлгілерінен ондай шығармалардың өлшем, ырғақтарынан бастап сөз кестелеріне дейін жаңғыра бастағаны байқалады. Шоқанды (1865 ж.), Мұса Шормановты (1885 ж.), Ыбырай Алтынсаринді (1889 ж.), Сүйінбайды (1898), Нарманбеттің Орманбетті (1901 ж.) жоқтаған, т.б. осы сарынды шығармалар жеке ірі туындылар ретінде де, уақыт белгілерін толымды жеткізуімен де дара тұр. Абайдың Әбдірахманды жоқтап шығарған өлмес туындылары. Бұлардың әрқайсысы өз алдына жеке-жеке кесек туындылар ретінде де сол заманның суреттерін, сөзін жеткізеді. Ғасыр соңына қарайғы жоқтау өлеңдердің (Мұса, Ыбырай, Сүйінбай, сәл беріде өткен Әбдірахман) өзінен, поэтикасынан жаңалық аңғарылып тұрды. 1926 жылы Мәскеуде басылып шыққан «23 жоқтау» кітабында да ХІХ ғасырдың көркем сөз үлгілерінің бірқатары бар. Жалпы уақыт бедері, замана сарыны әкелген жаңа нышандар мен ізденістер, көркем әдебиеттің түлеп, трансформацияға ұшырау сыңайларын білдіретін өзгешеліктер дәстүрлі әдебиеттен де, соны сипатты жаңа дәуір әдебиеті нұсқаларынан да жақсы байқалды. Әдебиеттің ішкі даму заңдылықтары мен түрленуі жөніндегі бір нанымды деректі сөзді кезіндегі Мәшһүр Жүсіп Көпсев жазбаларынан кездестіруге болады. «Жырлап сөйлеушінің тұңғышы – ноғайлыдан шыққан Мөңке би Орманбет хан заманында қойшы бала. Қазақтан жырлап сөйлеушінің басы – Бұқар жырау. Олардың заманында өлең тіпті жоқ. Өлеңмен сөйлеушінің басы – Күдері қожа, Ұлбике, Заман қожа, Үмсын қыз, қарақалпақ – Жангел (Жаңыл) ақын, Көтеш ақын. Мұның заманында ұлы жүзде Күмпейе деген қыз болған. Сонан кейін ақындар әр тараптан шыға берді. «Ер Тарғынды» жырлап сөйлеген кіші жүзден шықты; Марабай ақын. Кенесары, Наурызбайды жырлап сөйлеген орта жүзден шықты; Нысанбай жырау. Осы екеуінен (Марабай мен Нысанбайдан – ред.) шешен жыршы болмаған деп білемін»<sup>25</sup>, – деген пікірі әдебиеттің тұтас бір

<sup>25</sup> Сонда, 6-том. 382-б.

даму кезеңінің ерекшелігін түйіндеп айтылған тұжырым. Сөйтіп белгілі бір бағыт, ағым аясында да, жекелеген жанрлардың өз ішінде де түлеп-түрлену, заман заңдылығынан туған құбылыстар жүріп жатты.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті – күрт биіктеп көтерілген, дәуірлеп дәулеттенген (елдік, мемлекеттік мүддені көксеген), сол арқылы іштей түлеп жаңғырып, көркемдік-шеберлік орайында байыған әдебиет. Ол хандар дәуіріндегі әдебиеттен де, әуелі ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиеттен өзгеше көптеген сипаттарды өмірге әкелді. Ежелгі түркі дәуірлерінен бастап қордаланған эстетикалық таным тұтастығы, көркемдік қасиеттер қазақ әдебиетінің де ұзақ ғасырлар бойғы тұтастығын сақтап тұрса да, ХІХ ғасыр соңына қарай жаңа жазба әдебиеттің қуатты тегеуіріні алға шықты.

#### **ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНІҢ ІРІ ТҮЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ӘКЕЛГЕН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ.**

ХІХ ғасырдың орта тұсындағы, екінші жартысындағы әдебиеттің, қоғамтанушылық көзқарастың жаңашылдық сипаттары заман тынысынан туындады. Мәдениет пен білім саласында орысша хат танып, оқып білім алған, Ресей мен Еуропа әдебиетінің дәстүрін жетік түсініп білген, өздері сол дәстүрде қазақ мәдениеті мен әдебиетінің түрлі мәселелерін қозғай бастаған толқын келді. Ақындық өнерде шығыстан гөрі, батыс көркемдік мектептерінің белгілері нышан бере бастады. Көтеш Райымбеков, Шал Құлекеұлы сынды ақындардың есейген шағындағы шығармаларында қылаңдаған ақындық поэтика қазақ өлеңінің табиғатына терендеп дарып, ақындық мектептер пайда болды. Білім-ғылымның жаңалықтары мен сол дәуірдегі замана жаңғыруы негізінде әдебиеттің дүниетанымдық мүмкіндігі терендеді. Қаламгерлік мәдениет, ақындық парасат биігі көзге шалынды. Ертеректе түрк әдебиеті мұраларында (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари) байқалған шығыс дүниетаным мәдениеті негізіндегі биік парасат-пайым, жазу өрнегі қайта бір түлеп жаңғырғандай еді. Енді Еуроазия аумағындағы Еуропа мен Азия мәдениеті тоғысында туған әрі ХІХ ғасырдағы ғылым жетістіктері биігінде жазылған, толғанған туындылар туындады.

ХІХ ғасырдағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінде ірі талант, кесек тұлғалы өнер иелері шоғырланып көрінеді. Ақындар, әнші ақындар, сал-серілер, айтыс ақындары мен шешендер, қиссашылар өздерінің жарқыраған жұлдыздай жарқын өкілдерінің мұралары арқасында сала-сала тарамдалып өркештеніп көзге түседі. Сол ортада Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев таланттары аса жарқын, еңселері биік. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетін әлемдік дәстүр деңгейіне көтерген алтын сүйек ұлы дарындар. Академик

М.О.Әуезов кезінде қазақтың үш ұлы суреткері туралы ой толғай келіп, олар біріне-бірі ұқсамайтын дара таланттар екендігін айтады. «Олар – кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да, үш бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар – үшеуі үш мұнарадай болған: Шоқан, Ыбырай, Абай.

Бұл үшеуінің өмір, еңбек майдандары үш алуан болуымен қатар, үшеуін бір туғандай ететін ұқсастық та аса айқын. Ол ұқсастық – олардың нәр алған тамырынан, аналық топырағынан туған»<sup>26</sup>, – деп жазды. Мұхтар Әуезов олардың басты ерекшелігі ретінде шетелдік өркениетті танып, біліп, ұлттық әдебиеттің өрісін бұрынғыдан әлдеқайда кеңейтіп жібергендігін атап көрсетеді. Шоқанды «өз заманындағы алдыңғы қатардағы Россия интеллигенциясының өкілі болды»<sup>27</sup> деп бағалайды. Қазақ әдебиеті мен тарихында Шоқан (Мұхамедқанапия) Уәлихановтың (1935-1865) талант жұлдызы парықтап көтерілді. Шоқанның биік мәдениеті мен жаңа дәстүрдегі білімі, табиғатынан дарыған қуатты дарыны аз уақыттың ішінде қазақ елінің тағдырына тікелей қатысты өміршең де талантты шығармалар жазуға мүмкіндік берді. Ғалымның рухани дүниеміздің әр саласына қатысты еңбектері мен көзқарастарының ішінде әдебиеттануды да қалыптастырып, ілгері апарудағы қызметі ерекше айдынды. «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» («О формах казахской народной поэзии») деп аталатын ғылыми талдауы теориялық пайымдауларымен, ғылыми-зерттеушілік тұжырымдарымен сол кездегі қазақ әдебиетіндегі тың қадам, ірі құбылыс санатындағы еңбек. Қазіргі заманғы қазақ әдебиеті теориясының түпқазығы іспеттес мұралар қатарына жатады. Жырдың өзін адам бейнесінде келістіре бейнелеумен, поэтикалық романтикалық леппен басталған мақала бірте-бірте қазақ өлеңі және оның түрлері, ерекшеліктері туралы ғылыми пайымдауларға ұласады. «Ер Көкше – Ер Қосай», «Орақ батыр» жырларының сарынын, тарихи негіздерін, рухын сөз етеді. «Ер Көкше – Ер Қосай» жырын менің тұсымда бір-ақ адам, Көкшетау облысының Қойлы-Атығай болысының қазағы Арсланбай білуші еді. Өкінішке орай, бұл тамаша жырды жазып алуға уақытым да, мүмкіндігім де болмады деп өкінішін білдіреді. Орақ батыр жырының мазмұны мен сюжетін бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдап толымды жеткізеді. «Қарауыл табынан шыққан Орақ батырдың жорықтары баяндалады. Ресейге жорыққа аттанған Орақ батыр тұтқынға түсіп, он жыл түрмеде отырады, содан соң үйленіп үйлі-баранды болады, бірақ туып-өскен ауылын сағынып, сайын даласына кетіп, ақыры ауылында қалады», – деп, жырдың өзегіне өрілген

<sup>26</sup> М. Әуезов. Шығармалар жинағы. 19-т., А., 1985, 242-б.

<sup>27</sup> Сонда, 243-б.

қазақ баласының жан-дүниесінің бір жұмбақ қасиетін қысқа ғана қайырыммен жеткізеді. Осы еңбегінде Шоқан жыр, жылау (жоқтау), қайым, қара өлең, өлең<sup>28</sup> ұғымдарына тұжырымды түсініктер беріп, көптеген мысалдар келтіреді. Ғалымның бұл зерттеу мақаласы қазақ әдебиеті теориясының тарихында аса зор орын алады. Шоқанның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Орақ батыр жыры», «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи жыр-аныздар», «Абылай туралы жыр», «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының жырлары мен аңыздары», «Ұлы Орданың мақал-мәтелдері», тағы басқа еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Арабша, орысша хатқа жүйрік Шоқан теориялық тұжырымды талдаулар да жасайды, түпнұсқаларды араб әліпбиімен келтіріп, мәтінді орысшара нақпа-нақ аударып қоса ұсынып отырған. Әрине, ғылыми еңбек мәртебесі, жазу мәдениеті. Ғалымның «Жәмиғ-ат-тауарих» кітабынан аударып, талдаған үзінділері, «Манас» жырының тарауын («Көкөтай ханның асы») орыс тіліне аударып жариялатуы беріде осы саладағы іргелі зерттеулерге тұғыр бастама болғандығы аян. Этнограф ғалым, тарихшы Шоқан Уәлихановтың жаңа дәуірдегі қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының бастауында тұрған еңбектері ұлттық әдебиет тарихында да айырықша бағаланады.

Білім беру саласындағы қызметімен, қоғамдық қайраткерлігімен әрі әдебиеттегі жаңашыл шығармаларымен қазақ тарихының осы кезеңінде ерекше іргелі із қалдырған бірегей тұлға Ыбырай Алтынсарин (1841-1889). Ол 1841 жылы 2 қарашада туып, 1889 жылы 30 шілдеде дүние салған. Атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өскен Ыбырай әуелі Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан жеті жылдық мектебінде білім алады. Аз ғұмырында көп келелі іс тындырған, қазақ халқының әдебиеті мен педагогикасында соқталы сүрлеу түсірген ұлы дарын иесі. «Сол сияқты, енді Ыбырайды алсақ», – дейді М.О.Әуезов, – өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеумет-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өмірінде еңбегіне түйістіріп қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істемеген тың тарихтық ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын<sup>29</sup>. Тың үлгілі мектеп ашушы. Сол жаңа мектептің өзіне тән бағдарламаларын жасап, өзгеше бітімді оқу құралдарын жасаушы. Қазақ балаларына арналған алғашқы мектептің негізін қалаушы, қазақ тілінің тазалығын сақтауға саналы түрде ынтық қойған ұстаз, талантты ақын бірқатар уақыт уездік деңгейдегі кеңселерде түрлі қызмет атқарады да кейін біржолата

<sup>28</sup> Ч. Уәлиханов. Сочинения в 5 томах. 1-т., А., 1984, С. 283.

<sup>29</sup> М.Әуезов. Шығармалар жинағы. 19-т., А., 1985, 244-б.

жазушылық, ұстаздық іске ден қояды. Ыбырай өз өмірінде қазақтың алғашқы мәдениетті мектебін қалыптастырушы, жазушылық пен ұстаздықты тең ұстап, бала тәрбиесінде тереңнен үйлестіріп талантты түрде қолданушы жаңашыл маман болды. «Төңкеріске дейін-ақ белгілі ғалымдар Ыбырайға назар аударып, оның ағартушылық қызметіне тілектестік білдірді. Әсіресе, Қазан университетінің профессорлары мен Орынбор оқымыстылары, қала интеллигенциясының көрнекті өкілдері оған ақылшы болып, сарқылмас таланты мен қажырлы жігеріне назар салды», – дей келіп, профессор Х. Сүйіншәлиев «Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас»<sup>30</sup> екендігіне назар аударады. Ыбырай оқу ісін ұйымдастыруда екіұдай қыспақтың ортасында ғұмыр кешті. Жаңа үлгідегі мектептің негізгі басшылары миссионерлік мақсаттағы адамдар еді. Олардың патшалық Ресей үкіметінің қаражатын жұмсап ашып отырған мектептерде тәрбиелеп, білім бере отырып, бір жағынан, қазақтарды шоқындыру ісіне, отаршылдық саясатқа кіріптар етіп тарбиелеуге күш салатыны түсінікті. Діншілдердің бұл көзқарасынан ұлттық мектептердің оқушыларын орысшыл, патшашыл етіп даярлауды қадағалаушы чиновниктік аппараттың тегеуріні де осал емес-ті. Міне, Ыбырайға осындай екі оттың ортасында қиын жағдайда жұмыс атқаруға тура келді. Ұлы ұстаздың ішкі ниетінде қазақ балаларының көзін ашу, білім беру, заманға лайықты көзқараста тәрбиелеу мақсаты тұрғаны да аян. Осындай тарихи ауыр ахуалда педагог, жазушы Ыбырай Алтынсарин өзгеше күш-жігермен, қазақ елінің болашағы үшін үлкен қайраткерлік көрсетті.

Ғалым, педагогтың қаламынан шыққан «Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия)», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы (Начальное руководство к обучению казахов русскому языку)» атты оқулықтардың маңызы аса зор болды. Ол орыс жазушыларының белгілі еңбектерін қазақ тіліне аударды, ұлттық поэзия мен проза жанрларында бірдей шығармашылық ізденістер жасады. Екі еңбек те кириллица негізінде білім беруге арналған тұңғыш оқу құралдары еді. «Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия)» атты еңбегі 1879 жылы Орынборда кириллицамен жарық көрді де, 1889, 1896, 1899 жылдарда сол кітабы «Мәктүбат» деген атпен араб әліпбиі бойынша тасқа басылып шықса, совет дәуірінде де әлденеше басылыммен қолданыстан қалған емес. Ыбырай Алтынсариннің бұл еңбегі күні бүгінге дейін ғылыми айналымнан түскен емес. Әдеби мұраларға қатысты, қазақ әдебиетінің тарихын сараптарлық көптеген деректерді зерттеушілер осы кітаптың беттерінен тауып

<sup>30</sup> Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1997, 852-б.

келді. Осының өзі де еңбектің қаншалықты өміршең екендігін байқатса керек. Ресейдің отаршылдық саясатына наразылығын білдіретін, қазақ жерінің шұрайлы бөліктерін мемлекет қорына алу жөніндегі заң жобасына қарсылығын танытатын пікірлері («Оренбургский листок», 1880 ж.) Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік-саяси көзқарастарын аңғартады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті мұраларын жинақтап, насихаттау мақсатындағы, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты көкейкесті мәселелерді толғаған еңбектері қазақ мәдениеті тарихынан көрнекті орын алады. Өз заманындағы уақыт талабына сай кемел білім алған, талантты қаламгер, білікті ұстаз қазақ әдебиеті мен педагогикасы саласында соны көзқарас, тың қадамдарымен дараланды. Дәстүрлі тақырыптардағы өлеңдермен қатар ғылым мен білім жетістіктеріне, жаңа заманның ағымына қатысты елді ілгері бастыратын, ойлы озық шығармалары қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған бағытты ашқандай еді. Білім, талап, еңбек пен зейнет тақырыбы енді Ыбырай Алтынсарин шығармаларында әдебиеттің жаңа дәстүр арнасында өрбіді. Ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар жүрттар» секілді өміршең ойлы шығармалары күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің тарихынан лайықты орнын алды. Халықты өнер мен білімге үндеген ондай терең ойлы туындылар сол замандағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайынан туындаса, одан былайғы кезеңдерде жаңа толқынның рухани бағдарламасына айналды. Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Торғайда мектеп ашуға рұқсат алғанда, қазақ даласындағы патшалық басқару реформасының түпкілікті жеңген тұсы еді. Бұл мектепті ол көп күшпен тек 1864 жылы ғана аша алды. Осы кезеңнен бастап Ыбырай Алтынсарин өмірінің екінші бетбұрысты кезеңі әрі ең жемісті шығармашылық жылдары басталды. Сол тұстағы педагогикалық қызметті, халыққа білім беру ісін жүйелі түрде, сауатты жүргізіп, өзінің қаламгерлік ізденістерімен де ұштастырып, байытқан санаулы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин мектебі мен дәстүрі ерекше жарқын із қалдырды. Діни тәлімді зайырлы білім мен тәрбие беру мектебінен алғаш ажыратып, жаңа үлгідегі мектеп бағдарламаларына ден қойған ұстаз Ыбырай Алтынсарин еді. Ол қазақ поэзиясына өз ойымен, ұстаздық тәлімдік көзқарасымен, өзіндік тақырыптарымен келді. Қазақ қоғамының тіршілігіндегі әлеуметтік сарынның сыншыл шыншыл сипатын жаңа әдебиет тілінде аша білді. «Азған елдің байлары» деп басталатын өлеңі ақынның сол тұстағы саяси көзқарасын айқын танытады.

Азған елдің байлары,  
Ұлық тұтар басын-ай.  
Қайда дәулетті адам болса,

Берер соған асын-ай,  
Көзін сүзіп бір кәріп,  
Төгіп келсе жасын-ай,  
Бермек түгел, бейшараны  
Масқара қылса керек-ті<sup>31</sup>.

Бұл тақырыптағы шығармалары қазақ өлеңінің өз тұсындағы дәстүрін сақтаумен бірге, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының бір тобы ұстанған ұлттық мұратты айқын меззейді. Бұған дейін қарудың ұшымен, халықтың күшімен бой сақтап, ел қорғаймыз деген ниеттегі отаршылдыққа қарсы күңіреніп, күйінген, сонымен бірге іш қазандай қайнаса да, күресерге дәрменсіздікті де сезген жырлардың орнына, енді оқу-білім, халықты сауаттандыру, ағарту мақсатын көздеген туындылар сөзі алға шыққандай еді. Ыбырайдың ел, жер, ұлт тағдыры туралы көркем әдеби шығармалары да қазақ әдебиетінің осы үрдісімен іштей тамырласып, үндесе шығып отырды. Бұл ұлттық әдебиеттің тұтастығы мен замана көшінге сай тіл ұстартып, қайрат көрсетіп отырғандығының белгісі. Ыбырай өлеңдері бұл орайда өзінің көркемдігінің, тіл оралымдылығының үстіне тақырып жаңалығымен, ғасырмен парықтас интеллектуальдық парасатымен ерекшеленді.

Әлпептеген ата-ана  
Қартаятын күн болар.  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата-енен қартайса –  
Тіреу болар бұл оқу.  
Қартайғанда мал тайса –  
Сүйеу болар бұл оқу, –

деген, немесе:

Ат өнері білінбес,  
Бәйгеге түсіп жарыспай.  
Желкідеп шыққан көк шөптей,  
Жаңа өспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай<sup>32</sup>, –

десе де ақын насихаты ұлт мүддесінен туындайтыны айқын. Ақын өлеңдері ой қанықтығымен, халық даналығын ұтымды кіріктіруімен де тілге жеңіл, түсінікке оңтайлы шығыш отырады.

<sup>31</sup> Бес ғасыр жырлайды. 2-т., А., 1984, 252-б.

<sup>32</sup> Сонда, 245-б.

Насихат өлеңдермен бірге табиғат лирикалары қазақ әдебиетінің тарихында өзгеге ұқсамас өрнегімен, әуезімен берік орын алады.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,  
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.  
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,  
Жайылар жер жүзіне қардың суы...  
Үшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,  
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы<sup>33</sup>, –

деген кестелі зерлі жолдармен басталатын «Жаз» өлеңі қазақ поэзиясының үздік туындыларының қатарынан саналады. Ыбырай Алтынсариннің әңгіме, көркем хикаяттары жаңа әдебиеттің бастау арнасындағы проза жанры саласындағы шеберлік тұрғысындағы алғашқы көркем туындылардың қатарында айырықша бағаланады. «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Аурудан аяған күштірек», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», тағы басқа көркем прозалық шығармалары ХІХ ғасыр әдебиетінің шынайы да, талантты мұрасы ретінде әдебиет тарихынан түпкілікті орын алады. Ыбырай Алтынсариннің поэзия, проза жанрларындағы туындылары шынайы көркем бітімді, талантты шығармалар болумен бірге, автордың педагогтық парасатының шұғыласымен нұрланған өзгеше бөлек бітімді ұстаздық дастан сынды тәрбиелік мәні терең жазбалар. Бұл орайда оның әрі жазушылық, әрі ұстаздық таланты табиғи жарастылықпен кіріге келіп, өзгеге ұқсамайтын дара бітімді әдеби шығармалардың тууына жол ашқан. Қазақ әдебиеті тарихында да Ыбырай Алтынсарин мұрасы осы сипатымен қадірлі.

Осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің жаңашылдық рухы, интеллектуалдық биік өресі дана ақын Абай Құнанбаевтың (1845–1904) есімімен тығыз байланысты. Түрк дүниесі ой алыптарының бірегейі, кемеңгер сөз зергері Абай Құнанбаев таланты қазақ әдебиетін бұрын-соңды болмаған поэтикалық шыңға шығарды. Сондықтан да Абай шығармалары қазақтың жаңа әдебиетінің көшбасындағы дәстүрлі ұлы қазына саналады. Қазақтың реалистік әдебиетінің бастауында тұрып қазіргі заманғы толысқан, кемеліне келген кәсіби тұрғыда сараланып шыққан ұлттық әдебиеттің өзекті көркемдік-эстетикалық құндылықтарының мәйекті қасиеттерін қордаландырған ұлы суреткерлік мектеп. Ол жөнінде Әлихан Бөкейханов 1905 жылы, «Семипалатинский листокта» жарияланған азанамасында: «Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтаншы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама

<sup>33</sup> Сонда, 246-б.

жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді...

Абай он төрт жасында сықақ өлеңдер шығарды. Ол он бес жасында қазақ руларының арасында беделі зор, 1822 жылы Сібір қазақтарының басқару ережесіне сай монополиялық күшке ие болған сұлтан тұқымдары мен саяси-билік тартысына түскен өз әкесінің қасына еріп, ел ісіне араласады», – деп жазды. Кейінірек алаштың тағы бір ой алыбы Ахмет Байтұрсынов: «Қазақтың бас ақыны (шын аты Ибраһим) Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»<sup>34</sup>, – деп, тұжырым жасады. Он бес жасынан ел ісіне араласа бастаған, жиырма жасында қазақтың белгілі танымал шешені атанған, қырық жасында қазақтың жаңа өлеңінің тізгінін ұстаған Абай ұлт тағдыры мен ұлттық әдебиет тарихында ұлы бетбұрыс жасаған ұстаз ойшыл. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің көшбасшысы Абай шығармаларынан кейін қазақтың ұлттық әдебиетінің мәртебесі биіктеп, өресі асқақтап кетті. Қазақтың ұлттық әдебиеті адамзаттық өркениеттің деңгейіне құлаш ұрды. Көркем әдебиетте тұтастай бір реформаторлық үрдіс өрістеді. Мазмұн мен түр жағынан әдебиет әлдеқайда алға озды. Абайды көп оқыған, көп білген, аса білімді ақын ретінде бағалаған, ақын шығармаларының даралық сипаты мен өзіне дейінгілерге ұқсамайтын бірегейлігін сол пікіріне сүйене отырып ашқан Әлихан Бөкейхановтың көзқарасы жеке ақынның тұлғасы ғана емес, ұлттық әдебиеттің одан былайғы сыр мен сипатын, өресі мен өрісін біржолата пайымдап бергендей еді. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың ақынға берген биік бағасы, саналы сипаттамасы кейінгі жүз жыл ішіндегі Абай туралы сөздің өзегіне айналды. Олардың ізін баса шыққан «Екеу» (Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов) де солардың көзқарасына ұлттық нәр тартты, ой тарқатты. Сол алыптар ортасына Мұхтар Әуезов Абайтанудың берік негізін қалап берді. 1933 жылы М.О.Әуезов Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып шықты. Қазір қазақ әдебиетінде бір ғасырлық тарихы бар Абайтану саласы қалыптасты, дәстүр жалғастырды. «М.Әуезов ақын мұрасын зерттеуді ғылыми зерттеулері мен көркем шығармаларын жазу үстінде қатар жүргізіп, сегіз түрлі күрделі проблема төңірегінде ізденді. Ал бұл проблемаларды Абайдың көрнекті зерттеушілері С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, Т.Тәжібаев, З.Ахметов, т.б. ғалымдар әрі қарай жалғастырды»<sup>35</sup>. Абайтану қазақ мәдениетінің, ғылымының дәстүрлі, тамырын терең

<sup>34</sup> А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989, 298-б.

<sup>35</sup> Абай. Энциклопедия. – А., 1995, 54-б.

жіберген саласына айналды. Профессор Мекемтас Мырзахметов зерттеулерінде абайтануға қатысты «әртүрлі деректердің төрт мыңға таяп қалғандығын» (М.Мырзахметов, «Абайтану тарихы») жазады. Бұл 1994 жылғы мағлұмат.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың шығармашылық дара дарыны қазақ қауымын парасат биігіне жетелесе, көркемдік әлемі қазақ елінің рухани мәдениетін дүниәуи биікке шығарды. Қазақ әдебиетінің поэтикасын жаңғыртты да байытты. Әдебиеттің қазақ әлемінде бұрын-соңды болмаған шеберлік құпияларын ашып, халықтық, адамзаттық маңызын тереңдетті. Философиялық лириканың жаңа дәстүрін негіздеп, қарасөздерімен әлеуметтанудың мәңгілік заңдылықтарын жүйелеп берді. Қазақ өлеңі Абай шығармалары арқылы жаңа түр, үлгілермен ғана толығып қойған жоқ, жаңа ой – таным дүниесінің есігін ашты.

Дана Абайдың жаратылысы, рухани табиғаты, кісілік келбеті поэзиясында. Ақынның ойы, жүрек сөзі, арман-мүддесі өлеңдерінде тұнып тұр.

Абай сөзі – халық сөзіне айналып кетті. Халықтың өзі Абай болып сөйлеп, Абай болып ойланғысы, Абай болып толғанғысы, Абай болып жол тапқысы келеді! Ныспы қазақ Абайға қарап сөз алып, Абайға қарап жол тапты!

Әдебиеттану саласында Абай шығармаларының халықтық сипаты, түрлі жанрлары, поэтикалық ерекшеліктері, текстологиясы, жаңашылдығы тарау-тарау, сала-сала сараланып талданады. Алаш алыптары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров тұғырын тұрғызып дәстүр бастаған абайтану ғылымы бір ғасырдың ішінде қанатын кеңге жайып тереңдеп кетті. Қазақ халқының тәуелсіздігі абайтанудың көкжиегін жарқыратып ашып жібергендей болды. Әйткенмен тақырып-тақырып, тарау-тарау тарамдалған Абай шығармаларының түп-төркіні бір шығарма, бір сөз десек те сияды. Ақынның бүкіл шығармалары өзектес, әралуан қырлы өлеңдері бірі-бірімен сабақтаса, қойындаса келе тұтасып, қалың елі қазағы, ел-жұрты туралы үлкен бір дарынды, келешекті сөзге ұласады.

«Не күн туды басыңа, күні-түні жай таппай», «Бейнет көрмей дәулет жоқ» («Сап-сап көңілім...»), – десе де, «Жақсы ат пен тату жолдас бір ранибет, Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға» («Қансонарда бүркітші шығады аңға»), – десе де, «Болмасан да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» («Ғылым таппай мақтанба»), – десе де, «Адам деген данқым бар, Адам қылмас халқым бар, Өтірік пен өсекке – бәйге атындай аңқылдар, Тұла бойым шіміренді». («Келдік талай жерге енді»), – десе де, «Үстарасыз аузыңа түсті

мұртың» («Қалың елім қазағым»), – десе де қартайып қайғы ойласа да, көз алдыңнан ақынның қалың елі қазағы кетпейді. Қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігін, ұлттық психологиясын, әлеуметтік ахуалын, сана-парқын жарқыратып әкеліп көзге тосады. Сан сырлы әлеумет суреттері кескінденіп анық елес беріп өтеді.

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысың,  
Шенді пекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылығы жаққанға,  
Оқалы тон тола ма,  
Ар-ұятын сатқанға.

Күлмең қағып қасқайып,  
Салынып ап мақтанға,  
Таң қаламын қампайып,  
Жоқты-барды патқанға, –

дейді болысты бопсалаған бір өлеңінде,

Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап,  
Түйеде қом, атта май  
Қалмады елге тығындап<sup>36</sup>, –

дейді екінші бір шығармасында. Кекесінге толы, ұлтты осы өлеңінде ақын ең бір ащы, кәрлі сөзін төгеді. Ақын ызасы мен наласы айқын. Қазақ бойындағы парықсыз, надан қылықтар мен мінез-құлықты ұстарамен сылып тастауға бар. Өзекті сөзбен өрге бастағысы бар. Соның барлығында 176 өлең сөзі мен 45 қара сөзінде қазақ қоғамының әлеуметтік портреті самаладай жарқырап көрінді. Тұтас бір елдің белгілі бір кезеңдегі, белгілі кезең емес-ау, туа бітті болмысы ашылды. Не нәрсеге ғашық болуды, не нәрседен қашық жүруді меззейді. Лирикалық тебіренісі болсын, философиялық толғанысы болсын, бір мақсатқа арналғандай әсер аласыз. Ол мақсат қазақ қайтсе ел болады, қазақ қайтсе басқалармен иық теңестіреді, қайтсе оза шауып озық тұрады деген ұлттық арманға ұласады.

Алаш қозғалысының алдында-ақ бір өзі бүтін дүниенің шындығын қазақ ақиқатымен шендестірген Абай шығармалары

<sup>36</sup> Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., А., 2004, 81-б.

күн озған сайын оза шауып әдебиет дамуының алдын орап келе жатқандай.

Абай талғамы қазақ халқының таным көзін ашты.

Академик Зәки Ахметов «...Абайдың шығармашылық мұрасын жалпы түркілік әдеби-мәдени контексте зерттеп тануға шын мәнінде енді ғана кірістік. Өйткені, бұған дейін негізінен алғашқы барлау түріндегі жұмыстар атқарылды. Түрк халықтарының ақындық өнері мен әдебиетінің тамырластығын ұғыну қазір осы заманғы тарихи-әдеби процестерді барынша шынайы танытатын түсініктермен сәйкес келуі тиіс. Егер, Абай шығармашылығын әлемдік әдебиет контекстінде алып зерттеп-тану, ұғыну жайын сөз етсек бұл жауапты да күрделі міндет», – деп жазады. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Абайтанудың жаңа ғасыры басталды десе де болады.

Ақынның қазақ сөз өнеріне әкелген көсегелі жаңалықтары (М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов, т.б.), өлеңдерінің текстологиялық мәселелері (М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов) ғылыми-зерттеу еңбектерінде жан-жақты талданып келеді. Кейінгі кезеңде философиялық көзқарастары мен қоғамдық таным ерекшеліктері бұрынғыдан да жиі сөз бола түсті. Оның өзі қазақ елі тәуелсіздік тізгінін қолына алғаннан кейінгі тұстағы рухани дүниені жаңғырту, ұлттық мүдде тұрғысынан саралау мақсатынан туғаны мәлім жай. Абайдың қарасөздері қазақ елінің мемлекеттік, қоғамдық даму үрдісі ыңғайында көптеген бұрын-соңды ауызға алына қоймаған заңдылықтардың соқпақтарына бастайды. Ақынның қарасөздері зерттеушілер тарапынан әр қырынан талдануда.

Абайдың «Отыз тоғызыншы сөзі» мынадай толғамдармен басталады: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезін біржолата жоғалтып алдық»<sup>37</sup>. Ол қандай екі мінез. Оның бірі – ел билеу, екіншісі – ұлттық намыс. «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймасың, басалқаның бар болса, жанған отқа күймессің», – деп екі тізгін, бір шылбырды берген соң, бұрынғылар жақсылығын асырамын, жамандығын жасырамын деп тырысады екен. Өзім деп сенеді екен. Соған сай игі-жақсылары да көп азбайды екен, бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң шынымен жетесіз болмаса, ел-жұртының қамын жемей, тіршілігін түгендемегенде қайтеді! Екіншісі – намысқорлық. Ат аталып,

<sup>37</sup> *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т., А., 1984, 154-154-б.

аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Жол құған қазынаға жолығар, дау құған бәлеге жолығар» десетін көрінеді.

Тағы да осы ойларын: «Қаныкей, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық», – деп түйіндейді ақын. Абай сөзінің тарихи алғышарты да, уақыты да бұл ойдың неге туындағанын жақсы аңғартады. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының ел жағдайы ойшылды ойландырмай қалмады. Билік азды, қазақ халқының өзі айтқан «екі тізгін, бір шылбыры» жаттың қолына көшті. «Өзіне ар тұтқан, жаттан зар тұтады» дегеннің кері келді. Тізгіні жаттың қолында, тірлігі түйе қомында, аттың жалында қалған жұрт қайтып елдік құрсын, салтанат түзсін, намыс құсын.

Елдік билік, ұлттық намыс. Абай қарасөзінің бір тармағы ғана.

Бір Абай шығармаларында ғана емес, XIX ғасырдың талай-талай ірі ойшылдары мен қалам иелерінің арнайы тоқталған, өз ел-жұртының түрлі тарихи ахуалын саралай отырып ой өрбіткен мәселесі. Ел дегенде тіл ұшына жұрт, ұлт оралады. Жұртсыз, халықсыз Ел болмақ емес. Ұлттық тұғыры, негізі жоқ елдің елдігі де жоқ. Ел жамыраған жұрттың шоғыры ғана болса, сол жұртыңыз қандай ұлттың намысын жыртып, қандай ұлттың қасиеттерін сақтайды, қандай ұлттың тәуелсіздігін қорғайды?! Кімді қорғайды, неге қорғайды, неден қорғайды?! Кім не үшін күресіп отыр, не үшін күреседі? Ұлттық ұясы жоқ Елдің ұйтқысы не болар еді? Біртуар ұлттық жаратылысын, ұлттық тарихын түйсінген жұрт қана өзінің Елдік құрылымын бекіте алады. Ұлттық тарихи санасы берік жұрттың ғана елдігі мәртебелі, өрісті, өркенді. Тарихтан мәлім «Бір ұлт – бір мемлекет» көзқарасы қолайлы, әрине. Бірақ мысырлық ықылымнан, шумерлік пындықтан бері ондай біртекті нәсілді мемлекет болған емес. Қырық құрам жұрты бар елдердің бір ұлттың атымен аталатындығы, бір ұлттық идеяны ұстанатындығы, бір ұранмен шығатыны тарихи ақиқат. Жақсылы-жаманды сипат, белгілері болатыны да белгілі. Дін салалары, саяси-азаматтық түрлі ағымдар мен бағыттар туралы әңгіме көп. Адамзат өркениетінің діннен ертеректегі халықтарын да елдік, мемлекеттілік мәселесі ойландырған. Дәл бүгінгі толып жатқан күрделі сұрақтар сонда да сөз болған (Конфуций, Платон, Аристотель). «Шәксіз әділдік» теориясы. Бәрінің түпкі төркіні бір түйінге адамшылық, ізгілік, мемлекеттілік, тәуелсіздік, адалдық секілді мәңгілік ұғымдарға барып тіреледі. Тек соған жету жолындағы қиыр-шиыр шырғалаң жақсы ниеттің берекесін қашырып отырған.



Ұлттық идея, ұлттық мемлекеттілік әсте де оқшаулану емес, ол да өркениеттілік ізгілік дәстүрінің аясынан ұзап шығып ешқайда кете алмайды. Ұлттық идея ел іргесін нығайту, елдікті бекіту, ниет бірлігі, ықылас-береке тұтастығы. Өткен ғасырдың соңында карт-бланш біржолата экономиканың қанжығасына байланды да, идеология қажетсіз «қондырма» деген ұстаным шықты. Бұл өзі жай сөз емес, авторлары, ойшылдары бар жәдеген бағыт, «проект». Бүгін, айналасы он-жиырма жылдың ішінде, сол, «идеология бос сөз» деген тұжырымның қателік екендігіне көз жетті. Бұған дәлел іздемей-ақ, алысқа бармай-ақ, ТМД елдерінің қазіргі ахуалына ой жүгіртсеңіз жетіп жатыр. Ұлттық идея – білім, тәрбие. Анахарсис айтады: «Митилен жұрты өздерінен сырттай бастаған одақтастарын бағындырып алған соң, олардың балаларын оқытпауды, ештеңеге үйретпеуді үкім еткен. Оларды (жауларын – А.Е.) надандықта қалдырудан асқан құлдықта ұстаудың ұтымды жолын таппаған. Надандық – құлдық. Ұлттың санасыздығы – ұлттың құлдығы. Тағы да сол скиф данасы: «Тәрбиенің пәні (мәні – А.Е.) тәнге өзіне тән күш-қуат беру, жанға өзінің мүмкіндігінше жетілдіріп толымдылық беру» дейді. Анахарсис бұл ойларын біздің заманнан көп бұрынғы афиналықтардың елдік мінезіне сүйеніп, бала тәрбиесінің мемлекеттік маңызына меңзеп отыр. Біздің қазіргі қазақ қауымына да ең алдымен керегі Тән саулығы мен Жан саулығы! Одан туындайтын тарихи Сана саулығы! Абайдың қарасөздері, ұлт болмысы мен келешегі туралы ой-тұжырымдары қазақ халқының сондайлық ерекше, аласапыранды, алмағайып тарихи кезеңінің үстінде туды. Ұлт трагедиясының философиясы. Бұл еңбек 1890-98 жылдардың еншісі болса, бұл өзі Еуропа, Ресей, оған жалғас Қазақ даласында беймезгіл заманның булығып буырқанған, қамырықты күй кешкен тұсы еді. Ресей алғашқы орыс революциясы қарсаңындағы Ресей тағдырын ойлап қамыққан, шамырқанысты ширығу жолында, қазақ даласы Алаш қозғалысының алдында тұрды.

XIX ғасыр ойшылдары мен зиялыларының суреткерлерінің елдік, ұлттық қасиетті қастерлеген, қайтсек ұлт боламыз, мемлекеттілікті нығайтамыз дескен еңбектері нақ осы кезде жазылып, кейін елтанудың құбылысты мұраларына айналды. Вебер Макстың, Михаил Бакуниннің, Карл Каутскийдің, Сунь Ятсеннің, Махатма Гандидің, Н.Карамзин, А.Радищевтің, т.б. әйгілі саяси-әлеуметтік көзқарастары жарыққа шықты. Н.Алексеевтің «Мемлекеттілік теориясы», Н.Бердяевтің «қоғамдық, діни психология, интеллигенцияның рухани күйзелісі» жайлы толғамдары жазылды. Наполеон түзетулер қосқан Француздың азаматтық кодексі, Америка Құрама Штаттарының, Ресей патшалығының мемлекеттік хақындағы тарихи құжаттары қабылданды, сол елдердегі ойшылдардың ел мен ұлт тағдырын

талдаған, болашағын болжаған шығармалары жария болды. Түрлі саяси-танымдық ағымдағы алуан көзқарастар, толғамдардың соншалық қайшылықты ағыстар тудыруы, бір ғана Еуразия кеңістігінің өзіндегі түрлі саяси-әлеуметтік иірімдер сол уақыттың өзгеше сипатын білдірсе керек.

Бұл есімдер мен шығармалар Абай тұсындағы континенттегі қоғамдық таным тынысын көзге елестетеді. Осы кезеңде Абай Құнанбаев қаламынан даналық «Қарасөздері», «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесі» түзілді. Хандық мемлекеттік жүйесі үзілген, елдік санасы сарсаңға түскен қазақ қауымының дәл осы кезінің ахуалы Қарасөздің тууының басты алғышарты еді. Оны сергек сезініп, терең толғаған Абай болды. Ақын даналық сөзінің мемлекеттік, әлеуметтік, философиялық мәртебесін, қазақ елінің нақты тарихи жағдайына негізделген даралығын сол замандағы әлемнің әр еліндегі ресми құжаттар мен қоғамтанушы ғалымдардың, жазушылардың осы тақылеттес шығармаларымен салыстыра қарағанда тани түсеміз.

Абайдың қарасөздері Қазақ даласының өз тұсындағы хал-күйін жетесімен жете танып, нақты тарихи ахуалды саралап, өткен-кеткенді барлап білуден туған әлеуетті шығарма. Қазақ халқының ұлттық санасын жаңа сатыға көтерген, қайта бір жаңғырта қалыптастырған таным мектебі.

Мұндай шамырқанысты, терең тынысты өлмейтін шығармалар ұлттың, елдің басындағы аласапыранды, тығырықтан шығар жол іздеген сын сәттерде жазылса керек.

Ұлттық сана, ұлттық тарихи таным, бейнелеп айтқанда, мемлекеттің мыйы, жұлын өзегі. Ұлттық сананың тарихи ұстындары мен сабақтастығы қазақ танымында жиі сөз болса да, нақты даму өзектерінің жұлын-омыртқасы ретінде әлі де ғылыми тұрғыдан дәйектеліп, тұжырымдала түсуі шарт. Ұлттық тарихи таным, ұлттық сана орайындағы әңгімелерде Абай даналығына ұйып, Абай ойшылдығын ұстанатынымыз ақиқат. Ұлттық идея өзектері де Абай сөзінен желі тартады.

Абай дара құбылыс, дара даналық болғандықтан кейін оған шендестіріллік құбылыстар туралы ойлана бермейміз. Ұлттық тарихи сананы да, ұлттық идея дегенді де Абай мұраларынан, қарасөздерінен қапысыз табамыз, табамыз да танимыз, сол ұйытқыға ұййымыз. Өйткені, қазіргі қазақ ұлтына қажетті, қазақ санасын марқайтар ой-толғамды сол ұлылық толғамдардан көре алар едік. Ақиқатында да солай екендігі рас. XIX ғасырдың ақырғы тынысы мен XX ғасырдың алқымында қазақ көкірегінен күңіреніс болып естіліп, күрсініс болып шыққан Абай сөзі ұлтты имандылыққа үйіргеніне екінші ғасыр. Ақиқат адалдығымен, тереңдігімен, қапысыз әулиелігімен. Үлкенге де, кішіге де бірдей шындығымен.

Әуелі Ұлттық мүдде дегеннің түп-төркініне тарих желісін қуалай ой жүгіртсек. Ұлт мүддесі – қазақ үшін ең әуелі, Жер, сол жерді ең жайлап, еркін тыныстаған Ел-жұрт, сол Ел-жұрттың Дәулеті, жер қайыстырған Мал, сол Мал мен Жанның жан ләззәті мен тіршілік рахаты. Ел мен Жердің қасиетін түсініп, қадірін кетірсес Сана; табиғатын танып, талғамын түсірмес Таным. Бірімен бірі тамырлас, заманалар бойы сабақтас осы ұғымдардың күрмеулі түйіндері қазақ болғалы түрлі байламда тарих алдынан үздік-создық кездесіп отырады. Абай ұлылығы да осы астарлы құбылыстардың жанартауында қайнап қорытылған асыл құйма. Көркемдік тарихи сана, ұлттық таным тарихи-эстетикалық категория. Таным биігінде туындап, тарихи алғышарттар қазанында қайнаған толғамдар. Абай заманы қазақ халқының басындағы ең бір күрделі, ең бір ұлан асу қайшылықты, сын кезең. Күрделі заман күңіреністі, күйінішті кешіп, бой түзеген Абай даналығын туғызды. Сөз өзегі мұнда да Ел мен Жер еді.

Абай заманынан бес ғасыр шамасы бұрынырақ, Жерұйықты аңсаған, дәріптеген Асанқайғы заманындағы Ой түйіні де сол Ел мен Жер еді.

Әлемдік әдебиеттің көркемдік дүниесіне еркін үн қосып, қазіргі ХХІ ғасыр әдебиеті атты қайшылықты ғаламдық құбылыстың тамырын ұстап отырған қазіргі қазақ әдебиетінің де Сөз төркіні сол баяғы Ел мен Жерге барып тіреледі. Махаббат туралы тебіренсін, тіршілік жайлы толғансын, қиялмен өрбітсін, шындықпен тербетсін, бәрібір, көкірек көзін Ел мен Жер өртеп тұрды. Бұл ретте Асан Қайғы мен Абай аралығындағы әдеби-танымдық ұлы көш керуені жақсы мәлім. Дулат, Махамбет, Шортанбай зарының «Жер, Жер!», «Ел, Ел!» сарыны ұлттың зары ғана емес, ұлттың аңсарлы сыры!

Көркем әдебиеттің, көркем сөздің ұлттық тарихи сана сілеміне құйылған бір тұсы Асанқайғы дәуірі. Асан Қайғы дәурені. Бірде тарихилық, бірде аңыздық, енді бірде қиял-ғажайып ертегілік те сипат алып кететін Асан Қайғы даналығы қазақ халқының бесік басындағы аңсарлы арманды сөзі. Аңыз бен ақиқаттан астаса өрілген Асан Қайғы даналығы ұлттық санамыздың біртуар құбылысы. Қазақ хандығының, қазақ елдігінің алғы шарты, тарихи тұғыры Жер, жер болғанда Елдің құғы Жерұйық! Қазаққа Жерұйық тілеген Асан Қайғы ойы мен сөзі Ұлттық мүдде үніне, ұлттық идея бесігіне айналып жүре берді. Жерұйық әлдебір рухани символға, ұлттық аңсарға айналды. Өмірбойы Жерұйықты аңсаған қазақ бірте-бірте «сулы жер нулы жер» дейтінді шығарды, «өзен жағалағанның өзегі талмас» дейтін болды, көрші таңдап, «көрші ақысы» дегенді сіңірді. Асанқайғыдан да көп бұрын, бес-алты ғасыр ілгеріде түрк ғұламалары «Тәңірім түріктерге ең шұрайлы, ең көркем де сұлу жерлерді, тауы, суы, нуы, даласы мен

тауы бірдей аралас мекендерді сыйлады, сондай жақсы жерлерге орналастырып» (Махмұт Қашқари, ХІ ғ.) ықыласын берді деп тебіренсе, ХІХ ғасырда Ер Махамбет Еділ мен Жайықтың бойына Ел жайлатып, мал толтырсам деп едім деп көкейкесті сөзін толғады. Осының барлығының әрнегі мен өрмегі әртүрлі келгенімен, өзегі бір.

Асан Қайғы аңыз сипатты әдеби бейнесінен гөрі, ұлттың арман-мүддесін айқындап сөз ұстаған тарихи тұлғаға жақын түр. Қазақ әдебиетінің тарихында Асан сөзі анық естіліп, Асан ойы қанық түзілген. Аңызға барабар Асан Қайғы тұлғасы халықтың тарихи жадының алып бәйтерегі. Қастерлі асылы, аңсарлы сыры мен үміті деңгейіне дейін көтерілген ақыл-есі. Шоқан Уәлиханов Асан Қайғы «Дала философы» деп нақтылы бағалады, Мұхтар Әуезов «Асанның тарихи тұлға» екендігін кескіндеп білдірді де, Абыз бейнесіндегі Асан елесін әдебиет сахнасына шығарды. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, Жылан қайтіп күн көрер?!» Асан Қайғы – Абыз күңіренісі қазақ қауымының жадында ғасырлар бойы жаңғырды да тұрды. Тарихи жазбаларда Асан Қайғы Майқы бидің (В.Г.Тизенгаузен, Қ.Халид, С.Сейфуллин) алтыншы ұрпағы екендігі айтылады. Ақынның баласы Абат туралы көп аңыздың біріне сүйенген жұрт Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Байтақтағы моланы сол Абат моласы деп топшылайды. Бұл деректер Асан Қайғы тарихта болған ойшыл ақын дегенге бастайтын негізгі тұғырлар.

Асан заманы Қазақ хандығының шаңырақ көтерген тұсымен түспа-түс келді. Алтын орданың аласапыранды күндері, Жәнібек-Керейдің ноғайлы-қазақ елінің жоғын жоқтап, шаңырағын тіктеуі Асан толғамдарымен қатар жүріп, елдік рухтың аталы сөзі Асан қайғысымен астаса басталды.

Алғы атанға қос артып,  
Алғы жыл қоныс қарадым...<sup>38</sup>–

дейді Жәнібек ханға Асанқайғы.

Көлде жүрген қоныр қаз,  
Қыр қадірін не білсін!  
Қырда жүрген дуадақ,  
Су қадірін не білсін?!  
Ауылдағы жамандар,  
Ел қадірін не білсін!  
Көшіп-қонып көрмеген,  
Жер қадірін не білсін?!

<sup>38</sup> XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 70-б.

Көпсе, қона білмеген,  
Қонса, көпсе білмеген,  
Ақылыңа көнбеген  
Жұрт қадірін не білсін!<sup>39</sup>—

деп тебіренеді дана Асан.

Нәлет біздің жүріске,  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың,  
Алтын менен күміске!<sup>40</sup>—

деп, ой өрбітеді.

Жемге кеңес қылмадың, Ойылда кеңес құрмадың, Еділ деген қиянға еңкейіп келдің тар жерге деп тебірене кейісті сөз тастаған Асан Қайғы ойынан Елге жайлы қоныс жайын әріден ойлаған стратегиялық ұшқырлық та, тар жерге келгенде еріксіз қысылып еңкейген кейіпке кірген ел еңсесі туралы күйінішті намыс та бірдей сезіледі.

Қазақ тарихындағы белесті кезеңдегі Асан Қайғы феномені қауымның тарихи шындығымен астаса келе терең ұлттық шындықты, ұлттық рухтың ақиқатты шамырқанысын санаға жеткізеді. Аз ғана мұрасы сақталған Асан Қайғының Алты Алаштың ақылына ұялаған асыл рухы тегіннен тегін осыншалық қуатты тегеурінге ие бола қалған жоқ. Халық болып қатар түзеп, Хандық болып шаңырақ көтерген Қазақ елінің аңсарлы арманының бүтін де бірегей бітіміне айналған Асан Қайғы тұлғасының қыр-сыры мен ойшылдығы әлі де тереңнен талданып, тарихи сараптаудан өтетіні күмәнсіз. Қазақ халқының тарихи ұлттық санасының бір айтулы белесі осы Асан Қайғы танымы мен даналығы. Дала философы, қазақ жұртының көсегелі көсем сөзін ұстаған рухани басшысы.

Асан дәурені Қазақ хандығы уық шанышқан XV ғасырдың бастапқы кезеңіне сәйкес келсе, дана Абайдың заманы Қазақ елінің басына түскен тағы бір сын кезеңі XX ғасырдың басына орайласады. Бес ғасыр ұлан асу. Даму шартымен қарағанда, Асан Қайғы мен Абай ойшылдығы арасында ұлы көш керуен, ақыл аса алмас асу жатыр. Ол ұлы асудың ең биік ұшар биігі қазақтың қос данасының дара-дара бітімі. Қос құбылыстың бір-біріне қосылмас қос таудай алыптығы мен алыстығы. Сөз басында Дана қашанда дара дегенде біз осыны мегзеген едік. Таланттылық, қабілеттілік

<sup>39</sup> Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. 1-т., А., 1984, 28-б.

<sup>40</sup> Сонда. 25-б.

ұқсас құбылыстар, Даналық даралық, Даналық қайталанбайды. Бірақ ұлт тағдыры, қазақ тарихының айтулы заңдылықтары екі дүниедей ұлы дана құбылыстарды тоғыстырды. Тоғыстырған Ел тағдыры, Жер жағдайы. Кіріктірген мәртебесі биік Ұлттық сана, ұлттық тарихи таным өзегі.

Асанқайғы заманында Қазақ жұрты Жер таңдап, ел түзіп, етек жауып, есесін түгендеу алдында тұрды.

Абай дәуіріндегі хандығынан айырылып, жерінен ажырай бастаған қазақ қауымының басындағы хал де сол күйзелісті күндерге ұқсас еді. Абай күңіренісі мен күйініші Асанқайғы мұңынан бір мысқал да кем түспеді. Ұлт мұңы мен ұлт қайғысы бұл тұста әлдеқайда тереңдей түскен. Сұм заманның сұмдығы күшейе түскен. Абай толғамының табиғатына осы тұрғыдан қараған ләзім.

Абай қарасөзі мен ел туралы күңіреністі тебіренісінің шын табиғаты осы тарихи сарындармен ағастырған сәттерде ұлы жорық, «ақтабан шұбырынды» елестермен тереңдеп тарамдалып сыр аша бастайды. Абайдың қарасөздері төрдегі философын ой-толғамдары ғана емес, түркінің түп төркінін танып, қазақтың қамырықты халін жанымен сезінген Дананың қасіретті ақыл ақығы. Тағы да Ел мен Жер тағдыры.

Міне, осы тұста Қос құбылысты тағдырлардың тебіреністері арна тоғыстырған-ды. Асан Қайғы Абайға ұштасып, Абай Асан Қайғыға айналғандай еді. Ұлттық сананың тарихи белестерінің өзара кірігіп, ұштасып, ұлттық танымның жаңа ғасыр биігінде қайрат көрсетуі де осы түс. Абай заманы, Абай сөзі қазақ елінің жаңа дәуірінің ақиқатын ашып салды. «Қилы-қилы заман болмай ма, Суда жүзген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма?!» деген Асан Қайғы алаңы расқа шыққандай заман. Бірақ Асан айтатын желмая мініп жер шалып, таңдаған жерге ел көшіру XIX–XX ғасырлардағы қазақ ахуалының күйігін баса алмас еді. Асан толғайтын жақсы болу, текті келу ендігі елдің кебіне аз. Енді Абай айтатын «Әкесінің баласы – адамның дүшпаны, Адамның баласы – бауырың!»<sup>41</sup>, – дерлік кеп туды. Абай айтатын заманның кері кеткен кесірлі сиқы: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі». Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды»<sup>42</sup> екен. Тағы Абай даналығы айтады: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолын»,

<sup>41</sup> Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. А., 1986, 135-б.

<sup>42</sup> Сонда. 101-б.

Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда», «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтігүн болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ<sup>43</sup>.

Абай даналығы Қазақ елі рухани ұлы аласапыранға ұшыраған ХІХ ғасырдың сын сәтінде тығырықтан шығар жол іздейді. Асан Қайғы Елдің іргесін бекітіп, есін жиғызар Жерұйықты іздесе, Абай ұлттын ұйытып, көкірек көзін ашып, оң солын айырып, замана сұмдығына ұрынбайтын сергек, қабілетті де бірлікті мемлекетке, қуатты елге айналдырар жол іздейді. Қандай кәсіпті ұстанып, қандай істі таңдау ләзім (Бірінші сөз), өзге жұрттан қалыспай «өнер тауып, мал тауып, шаруа қуып» зор болмақтың жөні кәні (Екінші сөз), бір-біріне қаскүнем болудан арылып, билікті түзеп, ел басқаруды оңдамақ жол қандай (Үшінші сөз), қулық саумай, иттікке салынбай еңбекпен мал тауып, еңбек сауып, қара жер құнарын ембекке қалай ұйыған жөн (Төртінші сөз), іздеген еліміз қандай ел (Бесінші сөз), аңсаған тірлігіміз қай тірлік (Алтыншы сөз), хайуандай қор болмай білгеннің ісін істеп, көргендінің тірлігін қайтсек кешер екенбіз (Жетінші сөз), ақылды ұғар, насихатты тындар ел бар ма (Сегізінші сөз), қазақ іші өлген, сырты сау қуыс кеуделіктен қайтсе құтылады (Тоғызыншы сөз) деген елдік, ұлттық мүдделі сауалдарға жауап іздейді, ой қосып, көңіл жүгіртеді. Еңбек, имандылық, ақыл, қайрат, жүрек тазалығы секілді адамшылық қасиеттің әлемдік категорияларына назар бұрады. Ұлы Абай даналығының квинтэссенциясы – Ұлт бірлігі, Ұлттың құғы мен берекесі туралы түйінді өзекті сөз.

Абайдың шыншылдығы мен ойшылдығы заман ағымы, қоғам дамуының заңдылығы мен қазақ ойшылдарының хандар заманынан желі тартқан ұлттық танымының арнасында туған шамырқанысты ойшылдық, Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз Тәукенің Жеті жарғысын Абай санасы бекер жаңғырта еске салып отырған жоқ. Жарайтынын ал, заман ағымынан ескіргенін жаңарта жаңғырта қолдан дегенді нұсқайды. Бұл орайда Абай даналығы тек ойшылдық толғам ғана емес, нақты іскерлік ақыл-кеңес тезін көлденең тартады. Абай қарасөздерінен кейінгі кезеңнің халық қамын күйттеген ұлағатты ұлы сөзі алаш ардагерлерінің саяси көзқарастары десек, қазақ тарихындағы Абай қарасөздерінің әлеуметтік-философиялық ұстыны жоталанып, айқындала түседі.

Бұл ХІХ-XX ғасырдағы заман ағымының күрделі таным биігінен тіл қатқан Қазақ ұлтының тарихи санасы, танымдық

<sup>43</sup> Сонда, 99-б.

тәлімі. Дүниеде өркениетке ұмтылған, рухты мемлекет болуға талап қылған, ондай мемлекеттілікті ерте ме кеш пе түзіп бекіткен, Ұлттың гүлденіп дамуына алтын бесік құрып, жол ашқан ойшылдар Еуропада да, Шығыс аумағында да болған. Әлемдегі түрлі мемлекеттердің барлығының тарихында осындай аласапыранды сын сәттер мен ұлттық сананың шамырқанып самғау биікке шыққан тұстары да болған. Ондай деректерді сонау Мысыр мәдениетінің алтын босағасынан да, мынау Еуропалық антикалық дәуірдің ерте орта ғасырынан да кездестіресіз. Италия ренессансында теңдесі жоқ ойшыл саналатын, әлем қапысыз мойындаған Франческо Гвиччардиниң (1483-1540 ж.ж.)<sup>44</sup> «Саяси және азаматтық жазбалары» заманында Италия буржуазиясының інжіліндей саналса, әлі де Италия жұртының ұстанған «Алтын өсиеттері» аталады. Иә, орта ғасырлардағы Италия жұртының Абайы қалай дейді екен. Бірер мысал келтірейік. «Адам баласы өзі шешім қабылдарда қашанда бір ғана қиындықпен бетпебет келеді, атап айтқанда, қарсы жақтың шындығымен, бейберекеттіктің қандай да бір нышан белгісі білінбейтін еш кемшіліксіз кемелділік, қапысыз берекелі тәртіптілік болмайды, мейірімділіктің әлдебір ұшқыны байқалып қалмайтын сұмдық зұлымдық болмайды, зұлымдықтың әлдебір ұшқыны көрініп тұрмайтын мейірімділік, қайырымдылық болмайды, содан барып кез-келген аз-маз кедергі, қиындықтарға алаңдайтын көптеген адамдардың шешімге келудегі батылсыздығы туындайды». «Кез-келген адамның бір міні бар, тек біреуінің кемшілігі үлкен, енді бірінің кемшілігі аздау, сондықтан, біреуі біреуіне икемделмеген, ыңғайланбаған жерде баянды достық, бағыну, жолдастық дегендер бола бермейді»<sup>45</sup>. «Парасатты ойдың адамы үлкен талант иесінен қашанда жоғары тұрады»<sup>46</sup>, «...Жоғарыда айтылған себептерге орай үнсімі қулықпен, сұмдықпен өмір сүретіндерді қолдамаймын, әйтсе де кейде қулық істеуге мәжбүр болатындарға кешіріммен қараймын», «Өзіңнің қуанышың мен ренішіңді білдіру өте жайлы да жағымды көрінеді, бірақ зиянды, сондықтан да, қаншама қиын болса да өзінді ұстай білген ұстамдылықты ақылдылық деп санаймын»<sup>47</sup>. Мұндай ұлтқа, елге арналған еңбектер, кейін сол елдің ұлттық сипат, мінез-құлқына дарыған ұстынды ойлар халықтар тағдырында көп кездеседі.

Міне, осы тұрғыдан келгенде де Абай танымы, Абай даналығы қазақ қауымының ұзақ ғасырлар бойғы тарихи тағдыр жолынан, салт-санасына, психологиялық тұрмыстық

<sup>44</sup> Франческо Гвиччардини. Сочисения. Акадсмия, 1934.

<sup>45</sup> Сонда, 176-б.

<sup>46</sup> Сонда, 181-б.

<sup>47</sup> Сонда, 189-190-б.

ерекшелігінен туындаған алқалы толғамдар. Дүниеде, батыс пен шығыста Конфуций, Платон, Лукреций, Фараби, Макиавелли, Гете, Шопенгауэр, Ницшелер қандайлық дара-дара шындарға айналса, Абай ғақлиялары да сондай асқақтық кешкен ойшылдықтың мұзарт шыңы. Қазақ топырағынан мәуелеп, өркениет мұнараларымен бой таластырған алып. Қазақ елінің әлем өркениетіне батыл қосып, санасының жазғытұрындай жаңғыруын күгерлік асыл қазынасы. Қарасөздің, осы бір күрделі ақыл-ой шыңының қадірін әлі де шын түсініп үлгерген жоқпыз. Тынысына тыныс жетпей жатыр. Түйсінуге түйсік қауқары кем. Бірде әдеби шығарма, бірде ғылыми еңбек, бірде философиялық толғам деп қана қараумен келеміз.

Абайдың қырық бес ауыз сөзі он сегіз мың ғаламның бір уыс түйіні. Осыншалық ғалам кеңістігін дала данасының мыйы ғана сыйғыза алар.

ХІХ ғасыр ойшылдарының ішінде шығыстың өз болмысынан, Азияның талайлы ұлы тағдырынан тараған мектеп дара дәстүр танытары хақ. Махатма Ганди, Сунь Ятсен, т.б. қоғамдық-саяси көзқарастары сол ғасырда-ақ туған топырағында ел өмірінің өзегіне кірікті. Сол тұстағы Абай көзқарастары шығыс ғұламалығымен Еуропа дағдысын ұштастырды. Әдебиет тарихынан мәлім. Абайдың Батыс-Шығысты тел тұтқан дүниетанымы қоғамдық көзқарасының да алтын арқауын түзді. Ұлы ақын ойының тереңдігі мен өміршендігі қазақ топырағында туғандығында, қазақ өмірінің заңдылықтарын тереңнен саралауында. Адамзаттық ілгерішіл рухымен өз заманындағы дүние ойшылдарымен иық тірестірсе, басқалардан, басқа әлемнен қазақ ұлтының төл тіршілігінен сөз өрбітуімен дараланды. Махатма Гандиді шендестіре атауымыздың тарихи-әлеуметтік негізі бар. Үнді елі де, қазақ елі де колониалдық езгіні көрген, бастан кешкен, бірі ерте, бірі кеш сол бұғаудан бой түзеп шыққан мемлекеттер. М.Гандидің де, Абайдың да ғұмыр кешкен дәуірі бір кезең, Махатма Ганди үнді жұртының ахуалын саралап, Азия даналығы мен діни танымының озық жолдарын аршып, туған елінің табиғи жаратылысының мүмкіндіктерін, қасиеттері мен кемшіліктерін алға тартса, Абай қазақ қауымының талайлы тағдырынан тарихи сабақ түйді. Екі ғұламаның тұлғасы мен тағдырындағы ұқсас тұстар да, дара бітім де айтарлықтай. Абай дүниетанымының әлемдік қоғамдық-саяси ілім аясындағы табиғаты мен жаратылысын тану қазақ қауымының мемлекетшілдік мектебінің де дәстүр, мәртебесін әлдеқайда нығайтады. Бұл орайда Абай дүниетанымының Шығыстың қоғамдық-әлеуметтік танымымен сабақтастығы ерекше жарасымды желі түзеді.

«Ақыл-ес, тән мен сөз үйлесімді бір жарастылыққа келгенде

ғана нағыз кемелділікке қол жеткізді», – дейді Махатма Ганди. «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек», – дейді Абай. «Талап, ұғым махаббаттан шығады. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – дейді Абай даналығы (Отыз сегізінші сөз). «Махаббат заңдылығын ғалымның ыждаһатымен қолданған адам бұрынғыдан да зор кереметтер жасайды», – деп жазады Махатма Ганди. Махатма Гандидің этикалық ілімі саяси-әлеуметтік реформаның шығысқа тән ерекшелігін ғылыми жүйеге түсірді. Бір ел тәжірибесінде туындап, бір Үнді жұртының тарихында жүзеге асып, күллі шығыс қоғамтану ойының өзегіне нәр болып байланған байламдар. Оның басты ұраны: «Рухы беріктер жеңілмейді!». Көкірегінің көзі бар жан махаббатқа кемел. Махаббаттан өмір көктейді. Күштемеу, езіп – жаншымау, күш қолданбау махаббат пен ерліктен туады. Саясаттану тәжірибесінде «пәс қарсылық», «әлсіз қарсылық көрсету» деген Махатма Гандидің өзі қолданып, сіңірген ұғымның түпқазығы осы. Оның өзі шығыс елдері даналығынан туындайды. Қазіргі Батыс өркениетінің өктемдігіне алданған біз қару-жарақтың, күштің, зорлық-зомбылықтың жеміне айналдық, қаруға кіріптар болдық. Өйткені өз өркениетімізді ұмытып кеттік деген пікірін алға тартады үнді ойшылы. «Біз күш көрсетпеу, күштемеу қағидасын ұмытып кеттік. Ал ол бүкіл дін атаулының мәні еді ғой. Соғыс, қырып-жою доктринасы Құдайға сенбеушіліктен, құдайсыздықтан туған», – дейді Махатма Ганди тағы да «Сатьяграха» атты зерттеу еңбегінде. Ол осы тұжырымдарын саяси тәуелсіздік жолындағы күрестің қуатты құралы, әдісі ретінде ұсынды, ұстанды. Үнді елінің тәуелсіздік жолындағы күресінің ішкі өзегі де осы Ганди ілімі еді. «Мен өмір қаптаған күйзелістің, құлдырау мен күйреудің, азып-тозудың бел ортасында күн кешетіндігін байқадым. Демек, қырып-жойып, бүлдіру заңдылықтарынан да жоғары, қуатты заңдылық керек», – дейді Махатма Ганди, «Менің пірім күш көрсетпеу (Моя вера в ненасилие) атты шығармасында. «Күш көрсетпеу – күштілердің қаруы, (Ненасилие – это оружие сильных)» Үнді ойшылының бұл қағиданың тұғырына ұстанған наным айналдып келгенде «махаббат пен ғадалатқа» келіп тіреледі. Ұлы Абай жазатын «махаббат пен ғадалат» сезімі мен сенімі. Абай айтады: «...Адам баласынан махшарда сұрау беретігүн қылып, жаратқанығында һәм ғадалат, һәм махаббат бар». «... Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймеклік қарыз емес пе? Бәлки, ғадалат барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят ғадалаттан шығады». (Отыз сегізінші сөз). Осы отыз сегізінші сөзінде қазақ ақыны «Ғұмыр өзі – хақиқат!» деген тұжырымды алға тартады. Өмірдің, қоғамның күллі құбылыстарының өзекті мәнін сол хақиқатқа

әкеліп тірейді. Махатма Ганди өзінің ұлттық тәуелсіздік жолының жұлын омыртқасындай ұсынған наным, сенімінің өзегі де осы ақиқаттылық. Ол да: «Хақиқат түбі бәрін жеңеді!», – дейді.

Абай шығармаларында қазақ қауымының өркениет жолындағы бітімі сипатталған. Хақиқатты, адамгершілік пен махаббатты өзек еткен бұл көзқарастардан білікті жұрттың, мәртебелі қоғам мен қуатты өркенді елдің бітімі көзге елестейді. Абайдың сөзі қазақ елінің, қазақ ұлтының нақты жағдайынан өрбіді. Нақты болғанда қазаққа тән құлқының, құлқыныңың жаратылысын түсіндіруден басталады. «Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сарандықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтігүн. «Малдының беті жарық» дейтігүн мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда, бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркендіретігүн іс. Осыған орай біреу қажеке атанамын, біреу батыреке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп сол характерге жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр», – дейді Абай қырық төртінші сөзінде. Абайдың бұл ойының астары тағы да өркениеттілік мектебінің мағынасына мегзейді. Талап қылмақтық, ізденімпаздықтың қазаққа қалыптасқан бір ізі қазақтың бетіне қарап, бетінен оқып бағамдаушылық. Қазақ қазақтың бетіне қарап, тамырын ұстап, осыған осыным қымбатты, керек секілді, осыны әкеліп өткізсем пайда түсетін сынды деушілік. Әйтпесе, кітап бетінен оқып ізденіп, кітап бетінен оқып талап қылушылық емес. Ондай талап жоқ. Әрине, кітаптан іздеген талаптың жолы қырық қырлы, қилы-қилы ауыр жол. Абай сөзіне қарағанда, қазаққа қазақтың бетіне қарап долбарлап, талап қылу жеңілрек, оңтайлы. Әрі-беріден соң қазақтың ішкі қатпары неғұрлым аз болса, кітаптан оқып-білген талабы қаншалық таяз болса, сол қолайлырақ. Ғұлама ойшыл ақын жұрт табиғатының, ғадатының осындай елеусіз саналмақ кемшіліктеріне дейін тереңдеп ой жүгіртеді.

Шығыс әлемінде, түркі дүниесінде мемлекеттілік дәстүрі, мемлекетшілдік таным мектебін тереңнен қалыптастырып, кеңінен танылған әрідегі бір үлкен мұра Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. Баласағұн мен Абай бірлігі, жалғастығы рухани желіден туындаған тұтастық. «Құтты білік» дастаны тұтастай елдік, мемлекеттік дәстүрінің мектебі десек, Абайдың қазақ жұртының тағдырына алаңдаған заманауи еңбегі, яғни өлеңдері мен қарасөздері сол түркілік таным-тәжірибенің қазақ ортасындағы көрінісі. Ол неден көрінеді? Әуелі ой бірлігінен.

қасиетін жете қолдануынан. Үшіншіден, адам баласының табиғатына қатысты философиялық тұжырымдарынан, төртіншіден, ең бастысы елдік түзу, мемлекеттілікті нығайту, мемлекетшілдікті жетілдіру ыңғайындағы ой-толғамдарының тұтастығынан көрінеді.

Абай да жеке адамның қасиеттерінен жұрттың сымбат-белгілеріне дейін ой өрбітеді. «Құтты білік» дастаны да әр тарауында Абай қарасөздерінің қырық бес тармағында айтылатын ұстынды көзқарастарға ой жарыстырып отырғандай әсер қалдырады. Бұл жерде екі ғұлама ақынның мұраларындағы үндестік пен таза поэтикалық сарындағы бірлікті, түркі жұртының көркем сөзіндегі ұштастықты ғана айтып отырған жоқпыз, сонымен бірге, ойшылдар танымының басты нысанасы іспетті түркі, қазақ елдігінің, мемлекеттілігінің тұтас бір тарихи желі жалғастығын аңғартқанды жөн санадық. Өйткені осы еңбектерде байқалған тарихи сабақтастық қазақ қауымының да, қазақ елінің де мемлекетшілдік мектебінің әр кезеңдегі ғасырлар бойғы дәстүр, тәжірибесін көзге тосады.

Ендігі болашақ Абайтанудың жаңа ғасыры, жаңа кезеңі. Ғұлама ақынның реформаторлық философиялық көзқарасының жүзеге асатын дәурені.

Ұлылықтың мәні жаңашылдығында. Абай дүниетанымы күнде жаңа. Оқыған сайын заман ағымына тән жұмбақтары ашылып, жаңа бір дүниәуи танымдық белдеулер мен ендіктерге бастай береді. Өйткені, қазақ халқының жаратылысына, тіршілігіне кіндігімен байланған Абай ілімі сол елмен бірге көктеп, бірге көркейтін мәңгілік жұмбақ құбылыс.

Қазақ әдебиетінің реалистік дәуірінің шығандап көтерілген тұсында ежелден тамыр тартқан ұлттық дәстүрлі әдебиет те қойындаса дамып, жаңаша бой түзеді. Дәстүрлі әдебиеттің айтыс, сал-серілер, әншілік, тарихи жырлар, шешендік сөздер секілді әуелден өріс жайған түрлері мен үлгілері ХІХ ғасырда да жалғасып, желек жайды. Дәстүрлі әдебиеттің жаңа дәуір әдебиетінің соны сипаттарымен толыққандығы да табиғи даму заңдылығының белгісі. Шындығында, реалистік жаңа бағыттағы әдебиет пен дәстүрлі әдебиет деп жіктеп даралаудың өзі шартты түрде екендігі байқалады. Бәрі де бір қазақ әдебиеті, тек көркемдік-стильдік, жанрлық тұрғыда іштей байыған әдебиет. Оның ішінде Абай даналығы бастаған заманауи тұлғалардың шығармашылығы өзгеше өркенді желі тартып, қазақ әдебиетінің негізгі даму арнасын әлемдік өркениет тасқынына тоғыстырып жіберген еді. Абай мектебі өркен жайды. Бұл тұста Ақмолла Мұхамедиярұлы (1839–1895), Ақансері Қорамсаұлы (1843–1913), Көкжарлы Ақтан ақын (1842–1913), Ақтан Керейұлы (1850–1912), Арыстан Толыбайұлы (1811–1880), Кердері Әбубәкір Шоканұлы (1858–1912). Әсет

Найманбайұлы (1867-1923), Балқы Базар Өтемісұлы (1842-1911), Байкөкше Балғынбайұлы (1815-1890), Құланиян Құлмамбет (1840-1906), Бақтыбай Жолбарысұлы (1841-1906), Балуан Шолақ Баймырзаұлы (1864-1919), Шәңгерей Сейткерейұлы Бөкеев (1847-1920), Бұдабай Кабылұлы (1842-1906), Біржан Қожағұлұлы (1852-1895), Сералы Ералыұлы (1835-1876), Көкбай Жаңатайұлы (1860-1925), Жапар ақын (туған-дүние салған жылдары белгісіз), Иманжүсіп Құтпанұлы (1863 – 1933), Кемпірбай (1844-1898), Қашаған Күржіманұлы (1841-1929), Құлмамбет (1840-1906), Есентемір Досжан Қожабайұлы (1848-1884), Құлтума Өтемісұлы (1840-1915), Құлыншақ Кемелұлы, Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1837-1908), Марабай Құлбаев (1841-1898), Мәделіқожа Жүсіпұлы (1816-1888), Мұрат Мәнкеұлы (1842-1906), Мұсабек Байзақов (Молда Мұса, 1849-1932), Нұржан Наушабайұлы (1859-1920), Нысанбай, Нұралы Нысанбайұлы (1857-1926) сынды ондаған сөз зергерлерінің шығармалары ел ішінде кеңінен таралды. Негізінен талант қырына қарай айтыс ақындары, сал-серілер, әнші ақындар, жыршы-жыраулар, жазба ақындар, қиссашыл ақындар секілді мектептердің өкілдері болғанымен осы кезеңдегі ақын-жыраулардың барлығы дерлік айтысқа да қатысып, әншілік-ақындық өнерді де ұстанып, әр қырынан танылған. Ғасырдың соңына қарай Сұлтанбек Аққожаев (1876-1965), Еркінбек Ақынбеков (1863-1918), Құлан Алдабергенов (1861-1931), Бөлтірік Атықанов (1870-1928), Доскей Әлімбаев (1850-1946), Нұрпейіс Байғанин (1860-1945), Мәди Бапиев (1880-1921), Ығылман Шөрекөв (1876-1932), Төлеу Көбдіков (1874-1954), т.б. ақындар өмір сүрді.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы мен мұрағаттардың қолжазба қорларында жүздеген ақын-жыраулардың шығармалары сақтаулы. Олардың басым көпшілігі ғылыми тұрғыдан әлі де сараланып зерттелмеген. Сондықтан оларды шетінен көзінен тізіп әдебиет тарихының басылым беттеріне тіркей берудің де қисыны жоқ. Зерттеп, талдап, көркемдік құндылығын біршама айқындаған мұраларды ғана әдебиет тарихына қосу тәртібі ежелден қалыптасқан дәстүр. Ондай мол халықтық қазына қатарына жататын қолжазбалар кезінде түрлі себептермен ғылыми айналымға қосыла алмай келді. Ендігі тәуелсіздік кезеңіндегі келелі зерттеу ісінің жүйелі желісін сол әдеби жазба мұраларды игеру болса керек.

Дәстүрлі әдебиет деген жалпы атаумен шартты түрде дараланып келген әдеби шығармалардың да табиғаты бір көркем әдебиет екендігі мағлұм. Дегенмен, жаңа дәуірге сәйкес көркемдік-идеялық ерекшелігін тез айқындап алған интеллектуальдық өредегі, қоғамдық-философиялық өрісі өзгешелеу бітімдегі

жазба әдебиеттен машығы мен мәнері, көркемдік кестесі жағынан да, стильдік өрнегі мен жаңашылдық мектебі тұрғысынан да оқшаулана көрінетіндігі де шындық. Дәуірлеу тұрғысында ауыз әдебиеті мен кәсіби беті айқын жазба әдебиетінің кезеңдері біршама айқын десек те, бір әдебиеттің жарыса өріліп, қойындаса бірін-бірі байытқан дәстүрлі арналарының ішкі үндестігін аңғармау мүмкін емес. Сондықтан да, дәстүрлі әдебиет ұғымында сал-серілер, әнші ақындар, айтыс ақындары, термешілер мен жыршылар, шешендік сөз ұстаған ділмарлар мен тілдің әлеуметтік қасиетін өсірген билер сөзі секілді өлмес дүниелер, салт-дәстүр поэзиясы күні бүгінге дейін желі жалғастырып, жаңғыра дамып келеді. Бұл бір жағынан, қазақ әдебиетінің тарих қойнауларынан бермен жүйелі жалғастығын тапқан өзіндік даму арналары. Тұтастай алғанда халықтық сөз өнерінің көпқұрлы дәстүрлі мектебінің іштей түрленіп, түрлеуі ХІХ ғасырдың екінші жартысында айқынырақ көрінді. Бұл бір жағынан жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасу үрдісінен, ақындық мектептерінің басымдық алуынан, әдебиеттегі реалистік ағымның күшеюінен туындады. Солай дегенмен, әнші ақындар, сал-серілер өнері, айтыс өнері қойындаса, бертінге дейін бірімен-бірі ұштасып, қанаттасып, қатар жүргені, бірге дамығаны белгілі. Оның нышандары ХХ ғасырда да жалғасты. Әнші ақындардың бәрінде бірдей кездеспесе де, көбінде сал-серілік қасиеттердің айтыс ақынының сипаттары қатар көрініп отырады. Сондықтан да, күні бүгінге дейін әнші ақындар сал-сері ұғымдары мен қатар айтылады. Реалистік ағымдағы кәсіби сипат белгілерін айқындай түскен жаңа әдебиет дамыған сайын ақындық өнер мектептері, жанрлық түзілімдер, стильдік өзгешеліктер, көркемдік-идеялық арналар біртіндеп барынша жіктеле түсті.

ХІХ ғасырдағы дәстүрлі халықтық әдебиетпен жаңа дәуір әдебиетінің ішкі бірлігі болумен қатар, әрқайсысы даму заңдылықтарына орай дараланып, жіктеле берді. Жаңа әдебиеттің заман тынысынан туған реалистік сипаты күшею үстіне ұлттық мүддені мұрат тұтқан ағартушылық-демократтық мазмұны байыды. Біртіндеп Алаш ардагерлерінің шығармаларынан бой көрсеткен тәуелсіздік, ұлт-азаттық көзқарасына ұласты. Соған орай әдебиетте жаңа ақындық мектептер (Абай ақындық мектебі, т.б.), әдеби ағымдар мен эстетикалық көзқарастар өрбіді. Бұл өз кезегінде көркем әдебиеттің жанрлық-көркемдік табиғатына ықпал етті. Ақындық дәстүрлер, жаңа жанрлық, стильдік өзгешеліктер пайда болды. Біртіндеп аймақтық әдебиеттердің көркемдік-эстетикалық нышандары да бой көрсетті. ХІХ ғасырдың соңындағы қазақ әдебиеті сондайлық күрделі көркемдік-идеялық бітіммен дараланады.

**ӘНШІ АҚЫНДАР, САЛ-СЕРІЛЕР.** Қазақ қауымында қапан

да болған өнер саңлақтары. Халық халық болғалы ән, сал-серілік өнер бірге жасап, біте қайнасып келеді.

Қазақ поэзиясындағы әнші ақындардың шығармашылығы ерекше орын алады. Әнші ақындар негізінде сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші ақын демей, халықтық өнер адамдары деп таныған жөн. Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Әртістерше сырттай жарқ-жүрқ әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-түру әнші ақынға тән негізгі салттың бірі.

Қазіргі қария ақындардың айтуына қарағанда, ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серілердің арасында айырма аз болғанымен, сыртқы жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетінде бір қыдыру айырма барлығы байқалады. Серілердің салға қарағанда сыпайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш, ерсі бола бермейді, елден-ерекше қызыл-жасылды, жарқ-жүрқ етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза бермейді, өздері жастармен, топпен араласқанда сыпайыгершілік, әдептілік, нәзік сезімділік мінездерді көбірек білдіріп, ақындық, әншілікті негізгі өнер жолы деп қарайды, соған көбірек беріледі.

Ал салдар жұрттың ортақ салтында жоқ, ерекше, күлкілі, көз тартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтарды тағынған. Олардың шалбарының балағы көп құлап ұзын, сүйретіліп жатады. Бас киімінің, шапан, шалбар, байпақтардың шүберегі ала-құла, қырық құрау болады екен. Бөрік, тымаққа үкі, неше түрлі моншақ қадаған. Сырт киімді кейде бірыңғай ақ, қызыл-жасылдан, кейде қым-қиғаш әр шүберектен араластырып тіктірген, оған тоқыған шекпенде құрым киіз де қоса тігілген болады. Әнші ақындар түйдегімен жүрген. Олар әнші, ақын өнерпаздардан құралған бір топ артистер труппасы сияқты той, жиын, ойын-сауық бар жерлерге айырықша өнер салтымен келіп, жұртты үнемі қайран қалдырып отырған. Ойын-сауықты олар шапшаң басқарып кететін болған. “Абай” романында М.Әуезов салдың, оның төңірегінің, ақындық, әншілік өнерінің бейнесін кең сипаттай келіп, үлкен тойға жұбын жазбай келіп түскен салдарды былай суреттеп кетеді:

“Келе жатқан топ екі-екіден, бір сал, бір келіншектен, мойындарына білектерін артысып, құшақтаса әндетеді. Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді, өзге жігіттерден жасы үлкен, бой бігімі де келбетті келген Байтас ақын. Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да “мен сал домбырамын” дегендей, ән арасында сол домбырасын Байтас аспанға көтеріп, бұлғақтатады. Сал ағаның осы белгісімен арттағы өңшең әнші, ойнақты топ өздерінің шұбарала домбыраларын

аспанға көтереді. Бар тобымен айтып-айтып келе жатқан “Жиырма бестің” толқынды ырғақтарын шырқай сілтеп, құбылта бұралтады”<sup>48</sup>.

Біржанды, Ақан серіні көргендер – олардың жүріс-тұрысында ерекше көз тартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасақана киіну, қасақана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқтығын айтады. Шын салдық дәстүр, өнер сол салдың барлық тіршілігімен біте қайнасып кетуі тиіс. Қазіргі қария ақын И. Жылқыайдаров бала күнінде жасы сексенге жақындаған Қыпшақ Жаңқа салды көргендігі жөнінде былай дейді:

– Жаңқа қыр мұрынды, атжақты, ақсұр адам екен. Ұзын мұртты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Әлі қайратты, тіп-тік, шарт жүгініп, екі қолымен тізесін айқара жауып отырды. Тұсында домбыра, сыбызғы, қобыз ілулі тұр. Сал басына төбесі біздей шошақ, сегіз сай әлеміш бөрік киіпті. Бөріктің әр сайы әртүрлі ала-құла шүберектерден құралған. Төбесіне қадаған тоқпақтай үкі, сал басын анда-санда сылқ еткізіп тұқыртып қалғанда, бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек, екі иығында екі үкі және қадалған. Аяғында өзбектің ала мәсісі, бұтында шұбатылған ұзын шалбар. Басын шапшаң жоғары көтеріп, шалқая аспанға қарайды да, отырғандарға бірдеңе деп тіл қатады, үлкендердің ішінде жасы кіші бала мен едім, мынау жынданған ба деп күліп жіберіп отырдым. Әрине, оны сал елең де қылған жоқ.

Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі шалдардың тілеуін орындап әуелі сыбызғы тартты. Сыбызғымен “Досымжан” күйін ойнады. Ертеде Досымжан күйші күйлерін ылғи таңертең ашқарында тартады екен деп ескертіп қойды. “Боз інген” күйін де ол сыбызғыда ойнады. Одан кейін қызыл доланадан істелген бұйра қобызын ойнап, ескі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып “Құтының баласын тербеткені”, тағы бірнеше күй-сарындар ойнады. Кетерде шалдар ауылға шақырды. Сал кейін бірнеше жолдасымен келіп, ауыл жанында аттан құлап жатқанын көре салып, ауылдың барлық қыз-келіншегі, жастары жиналып, кілемге салып көтеріп әкеліп, үйге кіргізді. Ол келісімен ауыл жастарының ойын-сауығына араласты.

Сол ойын-сауық үстінде Жаңқа сал, өзінен бұрын болған, Башен салдың жайын айтты:

– Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кие алмадық. Ол көл жайлап, көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда оның аяғы бір

<sup>48</sup> М. Әуезов. Абай. II-кітап. А., 1947, 238-6.



талмады, мен шыдай алмадым. Бірақ сол Башеннің өзі де Мақпал деген сұлуды ала алмай қайғыдан құса болып өліпті. Өзінен үлгі алғалы келген жас салдарға айтатын өлеңі мынау еді:

Мінгенім көп алдына таналы кер,  
Таң атса көрінеді шамалы жер.  
Басыңды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің Оспан ханның заманы дер.

Мінгенім көп алдында қидасын кер,  
Желіден жебір тайлақ бұйдасын жер.  
Басыңды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің көрген адам қимасың дер.

Саудырма тай саусым-ай,  
Қу Метейдің даусын-ай!  
Ойпыр-ай!  
Дәурен-ай,  
Мақпал салған әуен-ай! –

деп сылқ ете қалар еді. Міне біз сол Башен бола алмадық деп үһіледі” (Иманжан Жылқайдаровтың 1949 жылы ауызша айтуынан).

Салдардың салты, мінезі жөнінде осындай әңгімелерді Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып сияқты қария ақындар да көп айтатын. Бұған қарағанда сал, серілердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алған сияқты.

Сал жайында әңгімелердің бәрінде де салдардың ерекше жүріс-тұрысы, ерекше өрескел киім киюлері, оғаш мінездері айтылады. Қайда келсе де, салдар ауыл сыртында аттан құлап түсіп, қашан қыз-келіншектер басын көтеріп тұрғызғанша жатып алады екен. Ерегестірсе, намысына тисе сал өрескел, оқыс мінездер көрсетіп кететін болған (өз атын өзі бауыздау, тәуір киімін жаман құрым киіз киімге айырбастау, бойындағы бар асыл затын, ат тұрманына дейін біреуге тастап кету, етік-мәсісін қыз-келіншектер тартып пешкенге таласып теріп алсын деп, қонышына моншақ салып жүру, тағы-тағылар). Халық арасында оғаш, қыңыр күлдіргі мінезімен тентек аталған Былғақ, Қиясбайдың жүріс-тұрыстары да салдардың дәстүріне жатады. Салдардың, осындай тентек аталған күлдіргіштердің өлеңдері де өз мінездеріне сай өтірік, қыңыр мағыналы, қисынсыз құралған күлдіргі болып келеді. Жантұрған деген сал өзінің бір құрбысына кездескенде:

Алабас ит көрдің бе шідерлеулі,  
Әр ауылдың көлінде оттап тұрған, –

деп бастайды өлеңді. Тағы бір тентек салдың өлеңінде:

Көк сиырдап туады жиреп айғыр,  
Шоқаң-шоқаң қойға қасқыр шабады.  
Боталы ілгеп тайлақтай көкте ұшып жүр,  
Буылғаным беліме сексек арқан, –

дейді (Ысқақ Бегалин жинаған материалдардан).

ХІХ ғасырдағы атышулы Біржан сал, Ақан сері, Толыбай, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, онан бергі Шашубай, Естай сал тағы басқалары әншіліктің, халық өнерпаздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырған. Қазақтың әнші-ақындары, сал, серілері өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар. Бұлардың көркем өнерінде көне заманның тұтастық (синкретизм) элементі күшті. Ән-күй, өлең, би әуелінде бөлінбей, тұтас өнер түрінде жасалғандығы туралы ғылымдық қағида қазақтың сал, сері, ақындарының өнер тәжірибесінде де толық дәлелденеді.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш – бәрі халық өнерпаздары. Ағашаяқ ірі әнші ақын, халық композиторы болудың үстіне, неше түрлі спорт ойындарын көрсетіп отырған. Ысқақ Бегалин қарт (1865 жылы туған) айтады:

– Кемпірбай ірі ақын әнші болудың үстіне, өнерпаз, ойыншы екен. 1879 жылы Семей қаласында үлкен бір жиын болып, сол жиында Кемпірбайдың ақындығы мен ойынына жиналған орыс-қазақ қайран қалды. Кемпірбай екі аяғына екі бақанды байлап алып, гармон үніне қосылып билеген. Үстіне түрлі әлеміш киім киіп алып, аяқ-қолын төрт жағына керіп шеңбер жасап, зырлап дөңгелеп ойнаған. Ат үстінде әр алуан ойын көрсеткен. Белгілі Тәттімбет күйші де, Зарубай өнерпаз да сал, серілерге лайықты дәстүрді сақтаған, халық өнерінің адамдары. Сондықтан бұларды тұтас алғанда, көшпелі ауылдағы халық артистері мағынасында түсінуге болады. Бұл жөніндегі профессор А.Жұбановтың пікірлері орынды. А.Жұбанов сал, сері типіндегі әнші-ақындар тұрақты театры, концерт орыны жоқ, көшпелі ауылдың артистері, сегіз қырлы өнерпаздар (әрі ақын, әрі әнші, әрі артистік өнерге бейім) деп біледі.

“Сал”, “сері” деген сөздің өзі ақын, әншілік мағынасында қолданылуының тарихи, қоғамдық мәні бар. “Сал” етістік (салу, салып қою) немесе зат есім (сал байлап өзеннен өту) мағынасында да қолданылады. Радловтың талдап түсіндірулерінде түрік тілдес елдердегі бірнеше ұғымдарды келтіреді. Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабырлау мәнінде,

қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш қыңыр киім киюші адам мәнінде қолданылады дейді.

Қазіргі кейбір қария ақындардың айтуына қарағанда, “сал” деген ұғым өрескел жүріс-тұрыспен, есерлік мінездер көрсетіп былғақтап, дел-сал аурудай жүруден туған. Қазақта бой көтертпей, бастырта беретін сал ауру болады, бұл да сал ауруы сияқты былқ-сылқ етіп әр ауылға барса, қашан басымды қыз-келіншектер көтеріп алады деп құлап жатқан мінез, тұрыстарына қарай сал аталған деген түсініктерінің көңіл бөлерлік жаны бар. “Сал” деген сөзге Ильминскийдің берген түсінігі де осыған дәл келеді. Сал – “тұлабойым сал-сал болып түсіп барады” деген мысал келтіреді. Қазақта ән айт демейді, ән-сал дейді. Осындағы сал жалғыз етістік мағынасында ғана емес, асқақты ән, күйді айтудың бейнелі мағынасында да қолданылып тұр.

Сал, серілер әнсіз өлең айтпаған. Бұлардың ақындық дәстүрінде әншілік шешуші орын алады. Ақындық сөзден гөрі әншілік, музыкалық шығармашылық басым болып отырады. Бұрынғы, соңғы сал, сері типіндегі әнші, ақындар жырлаймын деп өлең бастамайды, ән шырқамайды, ән саламын деп бастайды.

Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған...  
Атадан Біржан сал боп тудым артық...  
Аққумен аспандағы ән қосамын,

деген Біржан сал сөзінде айтысты әнмен қыздырғандығын көреміз. Шашубай: “Ал гармоным, гармоным” деп, Нартай ақын “Ән шырқа, жез тіл сырнай, алдым қолға” деп ән шырқау, гармонь, домбырамен кеңесуден бастайды өлеңдерін.

Ал “сері”, бәлкім, арабтың сир (сейір) – қыдыру, кезу деген сөзінен туып, серуен, сайран салу мағынасына айналып, сонан сері ұғымы қалыптанған болуы мүмкін. Радлов сир (сейір) қазақ, татар тілдерінде серігу, тынығу мағынасында екендігін де ескертеді.

“Сері”-нің – “сарын”, “сарнау” (төлеуіт, шор, сағай, қойбал тілдеріндегідей өлең, ән айту, жырау мәніндегі) деген сөздермен де жақындығы бар. Сырнай да осы сөздермен тәркіндес. Қыпшақ тілінің XIII ғасырдағы ескерткіші «Кодекс Куманикусте» “сері” (шері) әскер мағынасында қолданғандығы айтылады. “Шеру тартып”, “Шеру қол” деп келеді.

Қазақ әдебиетінде сал, серілік көне дәуірдегі ақындық дәстүр екендігіне ешқандай дерек болмаса да Орта Азия, орыс, сибирь, орта ғасырдағы Еуропа, көне шығыс, тағы басқа елдердің әдебиет, фольклор, этнография тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы бізге мәлім.

Орыстың көне дәуіріндегі ақын, халық өнерпаздарының бір түрі скоморохтар болған. Олар елді кезіп жүріп өлең, жыр айтқан, ән салған, билеген, түрлі ойын-сауық көрсеткен. Скоморохтар өз тұсындағы тұрақты әдет-ғұрып салттан бөлекше киім киініп, өзін ерекше жүріс-тұрыстары мен өлең, жыр айтқанында діннің, шіркеудің қағидаларына қайшы әдеттерді қолданып, поптарға ұнамайтын пікірлерді таратқан. Сондықтан, орыс жұртында “попты құдай жаратса, скоморохты сайтан жаратты” деген мақал бар. Немесе, Украинада соқыр жыршы қобзарьлар да халықты аралап жүріп жыр айтады. Біздегі қобызшылардың қобзарьлармен тектестігі (типологиялық ұқсастығы – ред.) болуы ықтимал.

Қазақтың сері, салдарының ақындық салттарының көбі билеуші үстем тап феодалдардың, молда, ишандардың әдет-зандарына, шарифат ережелеріне қарсы келіп отырған. Молдалар, ишандар Ақанды шоқынды, діннен безген деп өсек таратқан. Біржанмен, Ақанмен айтысқан діншіл ескішіл ақындар Ақанды шарифатты білмейсің, күпір болдың деп сөгеді.

Біржан мен Сара айтысында Сарадан бұрын қағысқан әйел Біржанды, “салдықпен сайтан қуған” деп кемітеді. Науан хазірет мешіт ішінде өлең айтуды тоқтатпақ болғанда Ақан сері: махшарда өлеңім шарифатыңмен тең түспесін қайдан білдің деп жауап берген.

Онан соң орыста бал-маскарад ойыны бар. Қазақтың ұғымында маскара – сырттай оғаш, өрескел кескінге түсуді (бұрынғы заманда бетіне күйе жағып, құрым киізуді) маскаралаяу деп атаған. Орыстар маскарад ойыны бетіне маска (перде) киініп, түр-түсін өзгертіп жүріп ойнауды айтады. Қазақтың сал, серісі, орыстың скоморохты сырттай әралуан әлеміш, оғаш, ерсі киім кигендіктен, маскарадқа ұқсас атқа ие болмады ма екен?

Міне, осы фактілерге қарағанда, сал, серілік дәстүр қазақтың ертеректегі әдет, ғұрпында, тіршілігінде болып, өнер, поэзиялық дүниесінде бертінде қалыптаспады ма екен деген ойға келесің. Сал, серіліктің бақсы, балгерлік нанымдарымен тамырлас екендігіне тағы бір дәлел, сирі (сарі) деген сөз – ұйғыр тілінде бақсылық, бал ашушылық, түрлі көз байлап ойын көрсетушілік деген мағынаны беретіндігі. Ақан серінің есейген кезінде өз ортасында қуғын көріп аулақтануы, бақсыға ұқсас жат, тосын тіршілікке берілуі оның шығармашылық рухани қиналуының көріністері сияқты.

Ал сал, серілік қазақ тарихының қай дәуірінде туып, дәстүрге айналғандығы туралы мәселе бізде әлі зерттелген жоқ. Егер қазақтың көне, орта ғасыр заманында сал, серілер болса, олар ертегі, эпостарда жырау сияқты неге аталып отырмайды? Алайда серілік ертерек кезде болуға ықтимал дерлік бір дәлеліміз мұның бақсы, балгерлік, ескі шамандық нанымдарға кейбір

байланыстылығы және әскер мағынасындағы “шері”-нің ертеректегі тілімізде кездесушілігі. Шынында, серілер қалың қолдың қатарында жорыққа қатынасып, әскердің музыкантшы, сырнайшы, кернейшілік қызметін атқаруы мүмкін. Серілер ірі әскер басы, хан, сұлтандардың қасында басқалардан ерекше әлеміш киініп, орта ғасырдың трубадурларындай (дауылпазшыларындай) әнші, ақын болып жүрмеді ме кен?

Қазақтың сал, серілері феодалдық қоғам құрылысы жағдайында туған. Сал, серілердің бірқатары ірі феодалдардың қолында, мырзасының қатарында сауықшыл өнерпазы болады. Бірақ олардың шын талант иелері феодалдық қоғамның моральдық, діндік, махаббаттық заң ережелеріне бағына бермейді, оны бұзады, халықтық өнер жолына беріледі. Біржанның тегі, қоғамдық ортасы мен шығармашылық жолы осылай.

Қазақтың сал, серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шыққан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ Ақан сері мен Жаяу Мұса бірдей емес. Жаяу Мұса үстем феодал қауымынан қуғын-сүргін көрген нағыз еңбекші, халық ортасынан шыққан сері ақын. Ал Ақан сері болса лирикаларында өз дәуірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын кең қамтып жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Тек ол жастардың бас бостандығын, махаббатын ғана лирикалы көлемде шебер жырлай алады. Міне, осындай, идеялық шығармашылық қайшылықтары бола тұрса да Ақан халыққа ұнамды лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші ақын.

Қазақтың бірқатар салдары байлардың мырзалары болған. Иманжан айтқан Башен сал да ірі бай. Он түрлі ат міну, өзінің саяхат жасайтын аралы бар көл иемдену дәулетті салдың қолынан келетін салт. Бірақ мұндай сал, серілер қоғамдық мәні бар өлең, ән-күй шығарып айта алмаған. Сөзі, ән өнері, көпке ұнаған сал, серілер қалың бұқараның тілегіне, ой-сезіміне қонымды, қызықты салттарды қолданған әнші ақындардың шығармашылық, өнерпаздық дәстүрінде қаладағы базар, жәрмеңкедегі орыс, татар және басқа халықтардың өнер үлгісі де бар екені даусыз. Кемпірбай, Шолақ, Ағашаяқ, Шашубайлардың спорт, цирк ойындарына берілуі, Жаяу Мұса, Біржан, Әсет әндеріне орыс, украин музыкасы әсер етуі Ақан серінің:

Көптен көп поклон айттым скажия,  
Сырымды кімге айтамын сізден зия  
Именной, секретный ескеріңіз,  
Хорошенко сестра сватия, –

деп жырлауы<sup>49</sup>. Шашубайдың: “Он екі звод гармонмен ән салғанда,

<sup>49</sup> Ақан сері. 1935, 16-б.

қасыма қыз-келіншек үймелеген”<sup>50</sup> деп жырлауы ең ақырында, әнші ақындардың негізгі көпшілігі феодалдық қоғамдық ортаға да, патша үкіметінің заң, ережесіне де үнемі наразы болып қуғынға ұшырауы – бәрі жаңа дәуірдің ықпалына байланысты ерекшеліктер екені белгілі. Сондықтан да сал, серілік өнер қазақтың ірі феодалдарына, молда-ишандарға жат, ерсі көрінген.

Сал, серілерде ақындық пен өнерпаздығы, әншілігі қатар келеді дедік. Бұлардың өлең әндері нәзік, сезімді толқығарлық лирикалы, көбінесе махаббат тақырыбына арналып айтылады. Өлеңдерінде лирикалық саз басым болып отырады. Және өлеңінде сал, серінің өз салты, өзінің махаббаттық көңіл-күйлері кең суреттеледі. Бұл ретінде Ақан серінің “Торыны таң асырып мінген қандай” деген лирикасын мысалға алуға болады. Мұнда торы атты әсемдеп жаратып мініп, қызды ауылдың тұсында ән шырқап, сұлу қызға жеңгесі арқылы сөз айтып, ишаратпен әзілдесіп, іштей бірін-бірін ұғысқан, біріне-бірі ынтақ болған қыз бен ақын сыры баяндалады, онан әрі:

Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,  
Жүгіртіп сайлау жермен желген қандай.  
Бір сайға торышаны байлай тастап  
Тұсына ақ боз үйдің келген қандай...  
Алаңдап, алабұртғып тұрғанында  
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай...  
Сол жерде айтылмаған сыр қалмайды,  
Мысалы, әбдіре ашып ақтарғандай...  
Ақырын үйден шығып таң алдында  
Манағы сайдағы атты тапқан қандай.  
Шыбырын сол торының қызға беріп,  
Шақшаны қағып-қағып атқан қандай...  
Ойласаң бұл дүниеде не қызық бар,  
Қасынан қалқажанның аттанғандай<sup>51</sup>, –

деп қызбен кездескен кешін, бірін-бірі қимай айырылысқан таң алдындағы мезгілді сипаттайды.

Сал, серілердің әрбір лирикалы ән, өлеңдері, белгілі бір поэмалық сюжетке құрылған аңыз әңгімелері бірге айтылып отырады. Мәселен, Ақан серінің “Құлагер” өлеңі, оның Құлагері біреулердің қастығынан өлгенде жоқтау ретінде шығарылған. “Сырымбет” ақынның ғашығына арналған. Біржан салдың “Жанботасы” өзін Азнабай болыстың поштабайы сабап, домбырасын тартып алғанда ыза болып өз елінің болысы

<sup>50</sup> Шашубай. Сөйле, Шашеке. Өлең, поэмалар жинағы. А., 1942, 20-б.

<sup>51</sup> Ақан сері. – А., 1935, 16-б.

Жанботаға күйікпен шағым етіп шығарылған. Жаяу Мұсаның “Ақ сисасы” Шорман тұқымдары өзін қудалап, тұтқындап, жаяу айдап жер аударғанда айтқан кекті өлеңі, Балуан Шолақтың “Ғалиясы”, Шашубайдың “Ақ қайың” атты лирикасы, Естайдың “Қорланы” да осындай мотивтермен шығарылып жырланған. Міне, бұл аталғандар жай көңіл лирикасы ғана емес, арнаулы әні болудың үстіне, драмалық сюжетке құрылған күрделі шығармалар...

Қазақтың сері ақындарында махаббаттың нәзік сырлары, серінің сұлуға деген құштарлығы, сұлумен жолығып, таң алдында бірін-бірі қия алмай қоштасулары шебер жырланады. Ақан серінің “Ақ көйлек”, “Торыны таң асырып мінген қандай” сияқты лирикалары сал, сері ақындардың поэзиясына тән ерекшелік. Сөз жоқ, сері, сал ақындар өзінің жүріс-тұрысына, махаббат жырында өз ортасындағы отбасылық қоғамдық заң, әдеттерге қайшы да келіп отырады. Серілер сүйетін әйел біреудің жары, немесе қалыңдығы болуы мүмкін, әйелдер сал, серіні ұнатпауы, ықыласын бермеуі мүмкін. Бірақ серіге оның, бәрібір. Олар сыртынан ғашық болады, ынтықтығын білдіріп жырын айта берседі.

Қазақтың сал, серілерінің ақындық, өнерпаздық қызметінде күлкілі, қалжың, сықақ сөздер де көп кездеседі. Сал, серілер үнемі ақындардың айтысына қатынасқан.

Сөйтіп сал, серілік қазақ жағдайында, әсіресе, XIX ғасырда кең дамыған ақындық өнер. Ол халықтың өнердің ертедегі әралуан түрлерін қамтып, ақындыққа жаңа мазмұн, ажар берген.

XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында әнші ақындардың шығармашылық дәстүрінде елеулі өзгеріс бола бастайды. Әнші ақындардың бір қатары оқып хат таниды, кейбірі жас кезінде сері болса да оқығаннан кейін серілік дәстүрді қалдырып, жазба ақын дәстүріне көшеді (мәселен, Мәшіһүр Жүсіп, Нұржан ақындар).

Әнші ақындардың ескі феодалдық көшпелі ауыл өміріне сәйкес туған бұрынғы, ерсі дәстүрлерінің бірталайы революциядан кейін едәуір өзгеріске ұшырады, сал, серілік мазмұнын жаңартты.

Тұрақты театр, концерт, сауық кеші өтетін орындар болған колхозды ауыл мәдениетіне сал, серілердің бұрынғы ерсі, өрескел, оғаш жүріс-тұрыстары шынында керексіз, құнсыз болып қалды. Қырық құрау қиқымнан шапан киген, үкі, моншақ тағынып, ауыл жанында аттан құлап жатқан ақынды қазіргі жаңа қауым жастар қошемет етіп қарсы алмайтын, қайта күлкі, мазақ ететін болды. Оған «ескі әдет-салттың қалдығы» деп қарады, ұзын қоныш етіктің, қой жүні шекпеннің, саусылдақ билезіктің бүгінгі жастарға қандай ерсілігі, қолайсыздығы болса, сері, салдардың жүріс-тұрыстары мен ескі өнерінің бірталайы керексіз, құнсыз болып қалып отырды.

Алайда әнші ақындардың прогрессивті дәстүрі, кейінгі

қауымға өлмес мұра болып жеткен ақындық, әншілік өнерлері жойылған жоқ, жаңа идеялық, шығармашылық мазмұн, түрленіп дамып отырды. Мұны біздің дәуіріміздегі әнші ақындардың шығармашылық өмірінен байқауға болады.

Бұрын серілердің бірі болған, солардың бірқатар өнерпаздық дәстүрін сақтаған ақын әнші Шашубай Қошқарбаев, Ақан сері, Біржан сал, Естай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұсалар сынды дарындармен жолдас болып, бірге жүріп салдық, серілік құрған. Осы серілік өмірінің куәсі, шындық айнасы ретінде ол сұлу лирикалы өлеңдерін айтқан. 1890 жылдары (жоғарыда аталған жинағын қараңыз):

Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан  
Қызға жылы көрінер қаршыға алған.  
Қиынға ұя салған қыран едім,  
Аққудың төсінде ұйықтап, талшық алған<sup>52</sup>, –

деп өзінің гармонға қосылған ән мен жырын, мергендік, аңшылық өнердің жастық серілік дәуіріне құрал болғандығын аңғартады. Кейін қартайған шағында да ақын сол әншілік серілік салтын қасиет, қадыр тұтады. 1925 жылы “Бес балқандай” ән шығарып отырған Шашекең «сері» деп толғайды. 1940 жылы Доскей ақынға айтқан бір өлеңінде.

Сексенде сері атандым, сембей жағым,  
Мерейім үстем болды артып бағым.  
Екі дос – өлең, гармонь қайта оралып,  
Денемді кетті билеп тасқын ағын.  
Қашаннан халық қалаған едім сері,  
Кәнекей гармонымды әкел бері, –

деп жырлайды. 1952 жылы “Мен жігіт” деген өлеңінде былай дейді:

Келсем де дәл сексеннің сегізіне,  
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде<sup>53</sup>.

Сөйтіп ол өмірінің соңғы уақытына дейін өзін халықтың еркесі, серісі деп біледі.

Шашубай өлең, әнді домбырамен ғана айтпайды, көбінесе гармонға қосылып жырлайды. Ол гармонмен жырлағанда, сахнадағы артист сияқты қасы-көзін сан құбылтып, ойнақшытып, екі мұртын тікелейтіп, “Сөйле, Шашеке” деп бір ақырып қойып

<sup>52</sup> Сонда.

<sup>53</sup> Шашубай. Сөйле, Шашеке. Өлең, поэмалар жинағы. – А., 1942, 37-б.

жырлайды; әдемі құйқылжыған дауыс, лирикалы, толғамалы түйдекті өлең-жырмен бірге оның сыртқы денесі, қолы, бет-аузы түгел ойнайды және қызып алғанда бір жерде отырмай, үйдің ішінде жүгіріп жүріп ойнайды. Оның үстіне, Шашубай қолына таяқ алып, түрлі құбылтумен де қақбақыл (жонглерлық) ойынын да қызық көрсетеді. Жиын, топ, қызу айтыс көрсе шыдап отыра алмай, кимелеп тоқтаусыз жырлап кетеді. Бұл ақынның шығармашылық процесіндегі тұтастық (синкретизм) белгісі. Мұнда сыртқы көрініс (живопись) пен ән-күй (музыкалы) де, дене қимылы да (мимика, ритмика), поэзия да, артистік өнер да қатысады.

Сал, сері типіндегі қазіргі әнші ақындардың даралық ой-сезімдері, шығармашылық дәстүрлері, қоғамдық салт-санаға ерсі, қайшы емес. Бұрынғы Біржан сал, Естай, Мәди, Жаяу Мұсалардың даралық ой-сезімдері, шығармалары феодалдық үстем қауымының, дін, шарифаттың заң, ережелеріне қарсы келген еді, үстем қоғамдық орта мен ақын әнші арасында бітпестік қым-қиғаш (конфликт) болып отырады, содан келіп, олардың шығармаларында дарашылық немесе ызалы наразылық мотив айқын сезілетін еді. Ал қазіргі әнші ақындардың өзінің ақындық, әншілік өнерлерін кең дамытуға толық мүмкіндік алды, әнін де, жырын да, ойындарын да ешнәрседен жасқанбай еркін айтып таратуына кең жол ашылды. Осындай шығармашылық қуатын дамытқан, әнші-ақындық өнері қайта туып, гүлденген сері ақын халық композиторы белгілі “Қорлан”, “Бір мысқал” әндерінің авторы Естай Беркімбаев (1874-1946).

Жасы жеткен адам тоқырап қалуы мүмкін, бірақ ақындық жан, сезім қартаймайды, ол сол ақынның көңілі өсіп, тауына қарай түрленіп, құлпыра бермек. Мұны 80-90-ға келген, көп жасаған ақын-жыршы, әншілердің шығармашылық тәжірибесі толық дәлелдейді.

Ал бірқатар орта жастағы әнші ақындар кеңес дәуірінде талантын шын мәнінде жарыққа шығарып, дамытты, зор әнші ақын дәрежесіне көтерілді. Бұған әсіресе ақын, әнші Кенен мен Исаның шығармашылық тәжірибесі толық дәлел. Кенен Әзірбаев күшті әнші ақын. Кенен (1884-1976 жж.) ақындық жыршылық жағынан Жамбылдың шәкірті. Ол 14 жасынан бастап домбыра тартып, ән салған. Ол да Жамбыл мен Шашубайдың қасына еріп, әншілік, сері, салдық құрған. Қырғыздың ақын-жыршыларының ортасында болып, олардың да ән-өлеңдерін үйренген. Жігіт кезінде өзінің кедейлік, жалғыздық көрген аяншықты тұрмысынан алып “Бозторғай”, “Көк шолақ”, “Ақ ешкі” атты тамаша лирикалы ән, өлеңдерін, өзінің серілік өмірінің бір сыры, сипаты ретінде “Тоғыз келін” атты өлеңін шығарып таратқан. Шашубай арқылы арқаның көптеген әндерін үйреніп жаттаған.

Кененнің шабыты келіп, домбырасын күйлеп ән салуында үлкен бап, ерекше шеберлік бар. Ол домбырамен әралуан күйлер тартады, қазақ, қырғыздың ең жақсы әндерін, өзі шығарған ән, өлеңдерін, дастандарын жырлайды. Жамбыл жырларын, Сүйінбайдың Тезекті сынағандарын, “Манас” жырынан үзінділер айтады. Даусы еркін, әнді көтеріп шырқап салады және әнді қызып салғанда домбырамен қатар өзінің құлағын да қағып отырады...

Бұрын да, қазір де сал, сері ақындарға тән негізгі ерекшелік, ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, ұштасып айтылатындығы дедік, осы ұштасудан келіп, әнші ақындар тыңнан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айтатын халық композиторлары болды. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Мәди – барлығы да әнші ақын ғана емес, өзінің шығарған төл тың әндері бар композиторлар. Осы тұрғыдан қарағанда, олар жалғыз ғана әдебиет, фольклор тарихында елеулі орын алып қоймай, өнер тарихында да орын алады. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жасаған Естай, Шашубай, Кенен, Нартай, Исалар да поэзия мен өнердің өнерпаздары ретінде танылады. Әнші ақындардың шығармашылық дәстүріндегі мұндай тұтастық белгілер, элементтер тек көне заманнан қалған жұрнақ, жұғынды түрінде сақталып отырған жоқ, қайта олар бұдан да гөрі түрлендіріп, тереңдете түсу бағытында дамыды.

**АЙТЫС** – қазақтың халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті үлкен бір саласы. Ол – суырып салма ақындық өнердің жемісі. Сөз жоқ, жазба әдебиет толық қалыптаса қоймаған көшпелі елде айтыстың эстетикалық әсері де ерекше. Мұның үстіне ол қолма-қол суырып салып айтатын тақырыптық, өткірлік мазмұнымен де дараланады. Осындай әлеуметтік мәні зор бір алуан айтыстарды сол кездегі ел өмірінің көркем шежіресі деуге де болар еді. Осы аса бай сала – суырып салма (импровизация) дәстүріндегі ақындар поэзиясының жанрлық табиғаты мен болмыс-сырын, даму, кемелдену ерекшеліктерін әлі де толық танып болдық деп айту ертерек. Оның туған әдебиетімізде ерекше өріс алып, ұзақ ғасырлар бойы үздіксіз жалғаса дамуының себебі не, мұның халық әдебиеті мен жазба әдебиетке қатысы қандай, оның өзіндік орны мен қайталанбас ерекшеліктері неде деген ділгер мәселелері әлі де болса жан-жақты қамтылып, түбегейлі зерттеуді қажет етергі сөзсіз.

Шыныда да, аты бірыңғай айтыспен танылып мәлім болған Кемпірбай, Құлан, Бақтыбай, Қашаған, Әсет, Құлтума, Тоғжан, Сара, Ақсулу, Рысжан, Кеншімбай, Мықан, Жәмшібай, Тезекбай, Қожабай, Құлмамбет, Майкөт, Арыстанбай тәрізді ақындар мен суырып салып айту мен жазып шығару дәстүрін қатар ұстанған Нұржан, Бұдабай, Құлыншақ, Мұсабек, Майлықожа, Серәлі, Шәді, Мәшһүр-Жүсіп, Ақмолла сияқты шайырлардың, сондай-ақ ұлы

Абайға дейінгі поэзияның ірі өкілдері Шортанбай, Мұрат, Дулат, Шернияз, Базар, Махамбет, Шал шығармаларының өзіне дейінгі таза фольклорлық туындылардан да, Абай негізін қалаған жазба әдебиеттен де табиғи бітім-тұлғасы өзгеше екені мәлім. Бұларға жыраулық поэзияның Асан қайғы, Марғасқа, Шалғез (Шалқиіз), Доспамбет, Үмбетай, Бұқар жырау іспеттес өкілдері мен кейінгі Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди, Ыбырай, Естай, Мұхит тәрізді әнші-ақындарды да қосуға болар еді. Бұлардың сан қырлы шығармашылығы халық әдебиетімен көп ғасырлар бойы қатар, жалғаса дамып, кейінгі дәуір талабына орай, М.Әуезовше айтсақ, өзіндік беті бар даралық әдебиеттің (индивидуальное творчество) негізін қалады. Сөйтіп, осы арқылы әдебиетте авторлығы мәлім, өмірді бейнелеуде өзіндік бояу-нақышы, көркемдік тәсілдері мен қалыпты дәстүрі бар жаңа арналы поэзия пайда болды.

Айтыс өлеңдерінің әдебиет тарихынан алатын орны мен мәні ерекше. Өйткені, бұл жанр аса бай халық әдебиетінің ертеден-ақ өнімді де арналы жеке бір саласын құрап келген. Тіпті, ол бүгінгі тәуелсіздік алған өмірімізді бейнелеуге де елеулі үлес қосып отыр. Сондықтан бұл жанрдың суырып салма (импровизация) дәстүріне қарым-қатынасы мен өзіндік табиғи белгі-сипаттарын, оның сан ғасырлар бойы даму ерекшеліктері мен бүгінгі айтысқа жалғасу жолдарын, айтыстағы шындықтың орны мен көркемдік мәселесін арнайы зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Бұл тұста академик М.О.Әуезовтің айтыс туралы: “Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жоқ. Бұл өлеңдер өте көп, көптігі жұрттың бәріне мәлім. Бұл күнде баспаға басылып, ол жазба күйінде жиналып жүрген айтыстардан басқа талай-талай жақсы айтыстардың әлі күнге жазылмай, жиналмай жүргені де толып жатыр. Бұдан айтыс сөз қазақ естелігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғанында дау жоқ”<sup>54</sup> – деген ұлағатты сөзі ойға оралады.

Айтыс ең алғаш түрмыс-салт жырлары – “Жар-жар” мен “Бәдік” өлеңдерінен бастау алып, өз дамуында сан алуан асу-кезеңдерден өтіп кемелдене жетілді. Оның алғашқы үлгілері көпке ортақ жаттанды өлеңдерден тұрса, кейінірек өз жанынан шығарып айтылатын суырыпсалмалылық сипаты басым болып отырады. Әдебиетімізде “Бәдік” жырлары секілді халықтың көне дәуірдегі сенім-нанымдарына байланысты туып қалыптасқан тағы бір топ айтыс үлгілері бар. “Аруақпен айтыс” (“Әлі мен тірінің айтысы”) деп аталатын осы шығармалар (“Ақбала мен боздақ”, “Аймандай мен Бабас”) өзінің құрылысы мен мазмұнына қарағанда, тым

<sup>54</sup> М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т., Зерттеулер мен оқулықтар. А., 1985, 155-б.

әрідегі көне замандарға меңзейтін тәрізді. Бұлардағы негізгі түйін адал махаббат пен сүйіспендікті жырлауға құрылады. Осыған орай арманына жете алмаған жастардың арман-мұңы мен сезім, тілектері, өзара қоштасу сәттері бірыңғай қайымдасу өзегіне айналады. Сөйтіп, айтыс кемелді өз дамуында саяси-әлеуметтік, қоғамдық күрделі мәселелерді жырлау дәрежесіне көтерілді.

Көшпелі өмір жағдайында осы ерекшелік белгілі бір салт-дәстүрді орындау талабынан біртіндеп арылып, саяси-әлеуметтік, қоғамдық өмірдің көріністерін бейнелеу дәрежесіне көтерілді. Осыған орай айтыс ақындардың кәдімгі үйреншікті жырларындай емес, алқалы топ ортасында, бетпе-бет келіп, ру атынан кезектесе айтылатын қызуқанды, талас-тартысы, сөз бәсекесі аса тартымды жалынды жырға ұласады. Жұртшылық қарсылас ақындардың шындыққа құрылған айып-сындарының драмалық сипатын көзбен көріп, құлақпен естиді, өз руынан шыққан ақынның әріптесіне сөз есесін жібермей, жеңіске жетуіне іштей тілектес болып отырады. Сөйтіп, екі топқа бөлінген жұрт та жекпе-жек сайысқа түскен ақындармен қатар, өздері де жеңу мен жеңілудің ащы-тұщы дәмін татып, бәсекелестердің сондағы бірден-бір жанкүйер, тірегіне айналады. Мұндай бірлік, пікір тұтастығының тек айтыс жанрына тән екендігін тани отырып, оның көнермес ұлттық сипатын, өзектілігін ұғып зерделеу қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ, біздегі айтыс өнерінің өзге елдерде сирек кездесетін ерекше табиғи құбылыс екені де басты назарда ұстаған жөн.

Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айырықша кең өріс алып, мол серпінмен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдег-гұрып, салт-дәстүрі басты себеп болды. Рас, жазба әдеби дәстүрі мен театр өнері туып қалыптаса қоймаған елде айтыстың қалың жұртшылық бас қосып ден қоя тыңдап, одан эстетикалық ләззат алатын сауықшылдық сипаты да ерекше еді. Мұның үстіне, ол қолма-қол суырып салып айтатын тапқырлық, өткірлік қасиеттерімен де дараланады. Әлеуметтік мәні ұшталған бір алуан айтыстарды (“Ақсұлу мен Кеншімбай”, Молда Мұса мен Манат қыз”, “Әсет пен Ырысжан”, “Біржан мен Сара”, “Жамбыл мен Құлмамбет”, т.б.) ел өмірінің көркем шежіресі, жинақталған энциклопедиясы деуге де болар еді.

Айтыс ақындары өз өмірінде үнемі тынымсыз іздену, үйрену, жетілу мақсатын ұстанып отырады. Мұнсыз қандай жүйрік ақынның болса да, тоқырауға ұшырайтыны анық. Сол себепті, бұлар ел-елді аралап, аты танымал ақынмен де жаңа талап “жас перілермен” де сөз бәсекесіне түсіп, ақындық өнерін жетілдіріп шындауға міндетті. Сол сапарлары кезінде жұрт тұрмысымен танысып, ел басшыларының әділдігі мен әділетсіз істерін көзбен көреді, бұларды орнымен жеңіске бастайтын айтыс өзегіне

айналдырды. Шындықты шындап, әділдікті қалай айтудың жолдарын үйренеді. Жақсыны насихаттап, жаманнан жиренуді көздейді. Сөйтіп, ақындар ел өмірін салыстыра саралап, жүрген жерінде жаңалық хабардың жаршысы, сыншы, мінші, жөнге салар тезі ретінде де қалыптасады. Газет, жорналы, радиосы жоқ елде ақындардың бұл қызметінің мәні кезінде зор болғаны даусыз.

Бүгінгі заманда да айтыс сол алғашқы бағыт-бағдарынан ауған жоқ, қайта ол өмірін талабына орай тың сапалармен толысып кемелдене түсті. Жаңа заманның жетістіктері мен кемшіліктерін ашып бейнелеуде де ол мәдениеттілік пен зерделілік танытып отыр. Бұған сол ақындардың білім деңгейі мен түсінік-танымы, ұлағаттылығы себеп болды дей аламыз.

Айтыстың дәстүрі бізден басқа қырғыз, қарақалпақ, алтайлықтармен қатар, түрік елінде де бар, дегенмен олардағы айтыс дәл біздегідей көлемдік, көркемдік биік деңгейге көтеріле қоймаған. Мұның халқымыздың ғасырлар бойғы кәсіп-тіршілігі мен салтына, әдет-ғұрпына байланысты көрініс тапқаны ешбір дау туғызбайды. Сондықтан еліміздің рухани өмірімен ертеден біте қайнасып бірге жасап келе жатқан бұл қайталанбас өнер ұлттық мақтанш ретінде бағалануға тиіс.

Рас, айтыстың арғы тегін ашып саралау кезінде М.Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрік” атты еңбегіндегі “Жаз бен қыстың”, Қожа Ахмет Иасауидың “Диуани хикмет” жинағындағы “Жұмақ пен Дозақ” айтысын атап өткен орынды. Мұны жеке ақындардың мысал сипатты туындысы ретінде қарастыруға болады. Мұндай жеке кісілердің бізде астындағы атымен, қолындағы домбырасымен, тіпті, тұз дағысы қасқырмен айтысуы да белгілі. Аталған үлгілердің айтыс жанрының әбден қалыптасып кемелденген тұсында туатынын тәжірибе айқын дәлелдеп отыр. Сол себепті, жоғарыда айтылған айтыс үлгілерінің түрік тектес елдерінде де айтыс жанры қанат жайып толысқан кезде пайда болды деп айта аламыз.

“Айтыс” қазақтың төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, пікір таласы деген ұғымында қолданылып келген. Қазақта екі адамның бетпе-бет бәсекеге түсуі шешендік қара сөзбен де, белгілі бір аспапта өзара күй тартысу арқылы да, кезектесіп айтылатын суырыпсалма өлеңмен болуы да мүмкін. Мұның қай түрін алсақ та аса сезімтал тапқырлық пен алғырлықты, қиыннан қиыстыратын шеберлікті керек етеді. Ерте заманнан-ақ “Өнер алды қызыл тіл” деп сөз өнерін қадір тұтып қастерлеген қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде айшықты сөз өрнегі мол ақындар айтысына айрықша мән беріп, оны өзінің рухани өмірінің жарқын көрінісі, көнермес асыл мұрасы тұрғысында буыннан буынға жалғастырып отырған.

Айтыс – уәж, дәлелге құрылған екі қарсыластың ақындық

сөз сайысы, өнер бәсекесі. Жаңа талап жас ақынның шаршы топ алдында атақты ақынмен әдейі іздеп келіп айтысуы да осы мақсаттан туып отырған. Жеңсе де, жеңілсе де осы айтысудың өзі сол ақынның ел ішінде кең жайылып, ақын ретінде танылуына қажетті жағдай жасап отырған. Мұның үстіне, айтыс қазақ тұрмысында ежелден ақынның атын әйгілеп даңқын шығаратын өнер мектебі болған. Сол себептен ақындар айтыстың қай тақырыпта болатынын күні бұрын білмесе де, ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бәрін тізіп, бұған алдын-ала іштей дайындалып жүреді.

Қазақ еліндегі айтыс ақындарға тән өнер түрі болумен қатар, ол ең алғашқы туыс-бітімінде көптік те жанр. Айтыстың әуелде кең өркендеп дамуына бүкіл халық болып атсалысып келген. Осы ерекшелік қазақ халқының туа бітті ақындық күш-қабілеті мол дарынын әдемі аңғартқандай.

Қазақ халқының бай халық әдебиетімен қоса айтыс өлеңдерін ғылыми тұрғыдан жіктеп, оның халықтық сипатын жан-жақты ашып талдау бұдан кейінгі жазылған зерттеу еңбектердің үлесіне тиді. С.Мұқанов “Айтыс” жинағына жазған алғы сөзінде айтыс өлеңдерін халық өмірінің көрінісі, шындықты көркем бейнелейтін әдебиеттің бір мол саласы дей келіп: “... Одан (айтыстан – М.Ж.) халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси, шаруашылық тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, заман идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әдебиеттік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартысының формалары да көрінеді”<sup>55</sup>, – дейді. С.Мұқанов өз зерттеулерінде қазақ айтыстарын: 1) Әдет-ғұрып; 2) Қайымдасу айтысы; 3) Жұмбақ айтысы; 4) Дін айтысы; 5) Ақындар айтысы деп топтастырады. Бұл жерде автор жұмбақ айтысы мен дін айтысын жеке түр есебінде алып, оны тудырушалардың да бір кезде ақындар болғанын, бұлардың мазмұн-сипаты жағынан алғанда жалпы ақындар айтысының бір түрі екенін ескерек бермеген тәрізді.

Орта мектепке арналған оқу құралдарында Қ.Жұмалиев айтысты: 1) Бәдік айтысы; 2) Жар-жар; 3) Мал мен адамның айтысы; 4) Өлі мен тірінің айтысы; 5) Жұмбақ айтысы; 6) Салт айтысы; а) Қыз бен жігіттің айтысы; б) Ру айтысы; 7) Осы күнгі айтыстар – деп жеті топқа бөледі<sup>56</sup>. Мұнда ақындар айтысы салт айтысына қосылып талданып, өзіндік беті айқын, өзекті сала – ақындар айтысының ара-жігі ашылмай қалған.

Қазақ айтыстарын жіктеп топтастырудағы кейбір даулы

<sup>55</sup> М. Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т., 1-кітап, А., 1960, 671-714-бб.

<sup>56</sup> С. Мұқанов. Айтыстар туралы // Айтыс. 1-т., А., 1965, 9-б.

мәселелер М.О.Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін тапты. Ол өзінің “Қазақ әдебиеті тарихындағы” айтысқа байланысты жазған тарауында айтыс өлеңдерін ірі екі топқа бөліп қарастырған<sup>57</sup>. Олар: 1) Әдет-ғұрып айтысы; 2) Ақындар айтысы; Автор әдет-салт айтысына “Бәдік” пен “Жар-жарды”, ал, ақындар айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын жатқызады. Сондай-ақ, зерттеуші ақындар айтысын түре, сүре айтыс деп екі жүйеге бөледі. Ал, бір-бір ауыз өлеңмен шектелетін түре айтыстың өзін қайым өлең деп екі сатыға жіктейді де, бұларды кәнікті ақындармен қатар, айтысқа жаңа машықтанып жүрген көпшіліктің де сүйіп қолданатынын айтады. Сонда бұл түре айтыс үлгісі сүре айтыс деп аталатын кәдуілгі ақындар айтысына барып жалғасатын алғашқы баспалдақ, яғни оның бастамасы тәрізді болып көрінеді. Бұл топтастыруды жанрлық сипаты жағынан ұстамды да орнықты, ғылыми тұрғыдан дәлелді дей аламыз.

Қазақ айтыстары өзінің туыс бітімінде тұрмыс-салт жырларының (сыңсу, той бастар, бет ашар, жұбату, жоқтау, қоштасу, наурыз өлеңі т.б.) көптеген ерекшелік-белгілерін бойына мол сіңірген жанр. Тіпті, қазақ әдебиетіндегі басым сала батырлар жырының өркендеп дамуына айтыстың, ал, айтыс мазмұнына эпостық жырлардың өзара ықпал жасап отырғаны да даусыз. Олай болса, жалпы айтыс жанрына М.Әуезов атап көрсеткен сол драмалық белгілермен қатар, салт жырларындағы лирикалық сипат та, тіпті, батырлар жырындағы эпикалық әуен де жат емес. Сөз жоқ, бұдан қазақ айтыстары әлгі айтылған әр алуан жанрлардың белгі элементтерін бойына жинақтаған қоспа жанр деген ұғым тумады, қайта ол сол сипаттардың негізінде дәуір талабына орай дербес түр болып қалыптасқан, тіпті, кезінде өзге жанрларға да елеулі әсер еткен әдеби төл жанр. Осы ерекшеліктерге орай қазақтағы айтыс өлеңдерін:

1) Тұрмыс-салт айтысы; а) “Бәдік айтысы”, б) “Жар-жар” үлгісіндегі айтыстар, в) Қыз бен жігіт айтыстары, г) Қағысулар; 2) Ақындар айтысы: а) Дін айтысы, б) Жұмбақ айтысы, в) Жазба айтыс – деп жіктеп қарастыруға болар еді.

Айтыста сөз бәсекесіне түскен ақындар қарсыласы қойған тосын сұрақтар мен сондағы айтысқан мін, кемшіліктерге жауап қайырғанда, өзінің ел өмірінен мол хабары бар тәжірибелілігіне қоса, жұрт бастан кешкен ірі оқиғаларды толық біліп қана қоймай, солардың ең тиімді дегендерін сұрыптап, тандап алып өз пайдасына тізбелей айтып жарата білу қажет. Кейде қайсыбір ақынның өзіне тиімсіз шындықты байқаусызда айтып қалып, қапылыста өкінішке тап болатыны да бар. Осы ескеріп,

<sup>57</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. А., 1-бөлім, 1950, 117-137-бб.

қарсылас екі ақынның қай-қайсысы да тапқыр да ұтқырлықпен қатар, көздегенді қалт жібермес дәлдік пен логикалық бірлік, тұтастықты берік ұстануы қажет. Сонда ғана ол нысаналы жеңіс тұғырына жақындай түседі, ел құрметіне бөленеді. Осы айтыстағы қажеттілікті Р.Бердібай өзінің айтыс туралы жазған зерттеуінде төмендегіше сипаттайды: “Айтыста жеңуге қажет болған нәрсенің бәрі қамтылады, әшейінде көңілдің түкпірінде жүрген сырлыр еркін ақтарылады. Әріптестер қызды-қыздының үстінде ешбір ұтымды мысал мен дәлелді бүгіп қала алмайды. Бұл реттен алып қарағанда, айтыста дәуірдің ең көкейкесті, ірі мәселелері басқа қай жанрдан болса да кең де, өткір де көтеріледі. Айтыста құрғақ шешендік жеңбей, уәж, дәлел, логика, шындық қастерленетініне мысал көп”<sup>58</sup>. Бұдан айтыстағы шендестіре айтылған шындықтың екі ақынның атынан қарама-қарсы мәнде айтылуы арқылы өмірінің әр алуан қырлары қамтылатынын көру қиын емес.

Айтыстағы жеңу, жеңілу мәселесінің өзі сол шындықтың қалай айтылып, тыңдаушысына қалайша әсер етуіне тікелей байланысты болып келеді. Айтыста да, әдебиеттің өзге жанрларында да шындық басты өлшемге алынары сөзсіз, алайда, сол шындық әр жанрда әр қилы сипат алатыны байқалады. Сондай-ақ бұлардың амал-тәсілдері мен көркем шындыққа деген қатысы да әр түрлі. Сондықтан алдымен жанрдың табиғаты мен өзіндік ерекшеліктерін анықтап ашып алуымыз керек. Осыған орай белгілі фольклортанушы С.Қасқабасовтың мына бір пікірін орынды деп санаймыз: “Жанр – тек типологиялық қана ұғым емес, ол әрі тарихи ұғым. Сондықтан жанрды зерттеу үшін, оның қашан, қай дәуірде пайда болғанын анықтау аса маңызды. Өйтпеген жағдайда зерттеп отырған жанрдың басқа жанрлар арасындағы рөлі мен орнын, маңызын ашу, сондай-ақ оның өзіндік қасиеттерін анықтау оңай емес”<sup>59</sup>. Шынында, айтыс өнегелі өнер жарысы тұрғысында бірден туа қалған жоқ, ол ұзақ дәуірлердің жемісі болып табылады.

Айтыс өзінің ішкі құрылым-табиғаты мен мазмұны жағынан лирикалық кіші жанрларға да, лиро-эпос пен эпикалық жанрларға да көп ұқсас, бұлар ғасырлар бойы бір-біріне елеулі әсер етіп, қоян-қолтық жалғаса дамып келген. Халық жүрегіне ұялаған айтыстардың болып өткеннен кейін екінші бір елеулі де маңызды кезеңі басталады. Сол айтысты кейін ел ішінде айтып таратушы ақын (мейлі жеңген ақын, мейлі жеңілген ақын) оның қай жерде, қалай өткеніне, айтыс тағдырын шешуге қатысы бар түйінді жәйіттерді баяндайтын қосымша: өлеңмен кіріспе-түсіндірмелер, азды-көпті өңдеулер қосып отыратын болған.

<sup>58</sup> Р.Бердібай. Сарқылмас қазыпа. А., 1983, 81-б.

<sup>59</sup> С.Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. А., 1984, 17-б.



Осы ерекшеліктер айтыстың қисса, дастандар секілді бас-аяғы жинақталған, сюжетті, көркем туынды болып қалыптасуына жол салып келген.

Еліміз ұзақ жылдар бойы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, жаугершілік заманға тап болды. Ал енді, айтыстың өнер тұрғысында қалыптасып биік деңгейге көтерілуі, қолдағы деректерге қарағанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы рушылдық өмірдің өріс алуы тұсына дәп келеді. Бұл кезеңде айтыстың небір көркем, шындықпен суарылған тамаша үлгілері дүниеге келді. Халық бойына дарыған бұл дәстүр кешегі Кеңестік және бүгінгі дәуірдегі айтыстардан да анық көрініс тауып отыр.

Айтыстағы шындықтың өрілуі мәселесіне тағы бір оралсақ, мұнда ақынның қабілет-дарынының көрінісі: әсірелеу мен кішірейту тәсілдерінің басымдығы айқын аңғарылады. Бір ақын аспанға көтере дәріптеген кісі қарсыласы кезегінде жермен жексен етіліп сыналады, бұл келесі кезектерде де дәл осылайша жалғасын табады. Мұндай ерекшеліктің өзге жанрларда кездесе бермейтінін атап айтқан жөн.

Айтыстың мән-жайың, қайда, қалай болғанын тап басып айтпаса да, сол мерзімді тұспадап көрсететін айтыстары да бар. Соның біріншісі Кемпірбай мен Шөже айтысы. Оқиға Кемпірбай атынан баяндалатын болғандықтан, түсінік-кіріспені бастайтын да сол. Сонымен қатар мұнда айтыс алдындағы ақынның ішкі толғанысы мен сезім-күйі де берілген:

Ар жағы Айыркезең, үлкен Бөрлі,  
Бабамның аруағы маған қонды.  
Шілденің он бесінде сауын айтып,  
Жаныстың Сәтбайының асы болды.

Тәуекел дариясына бетім жудым,  
Ажалдан қорыққан болсам неге тудым?  
Сол асқа жұрт жиналған барайын деп,  
Жаратып жалғыз Көктің тілін будым.

Әрқапан салушы едім омырауға,  
Күдайдың бергеніне сансыз тәуба.  
Сыртында қаралы үйдің жетектеткен  
Кез болдым Шөже деген бәле-дауға!<sup>60</sup>

Осындағы шілде айының он бесінде сауын айтқан Жаныс руының белгілі адамы Сәтбайдың асына жұрт қатарлы келген Кемпірбай ақынның сөзіне қарағанда, ол сондағы айтысқа түсіп жүдделі орын, бәйге алуды алдын-ала ойластырған тәрізді, бірақ

<sup>60</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 738-бума, 5-дәптер.

әнші Шөжені көргенде, бәйгенің ауылы алыстап кеткендей болады. Бұл айтыстың соңы әр алуан ауыр-ауыр сөз, айып-міндерді тізбелеу мен ұласа келіп, дін тақырыбындағы білім салыстыруға ұласады. Осы мақсатта көптеген күрделі сауалдарға ұтымды жауап берсе, Кемпірбай Шөженің ақырғы сұрақтарына жауап таба алмай жеңіліс табады. Мазмұны мен көркемдігі астасқан бұл айтыстың қайда, қай айда өткенін білсек те, оның қайсы жылы өткенін аңғара алмаймыз. Тек ХІХ ғасырдың екінші жартысында болған деп шамалауымыз мүмкін. Бұған Кемпірбайдың 1844-1898 жылдары, ал, Шөженің 1805-1891 жылдары өмір сүргендері дәлел бола алады.

Ендігі бір жәйт: айтыста өте сирек кездесетін өткір сын, ащы шындықтың бетпе-бет отырыста бұлттарыссыз айтылуы дер едік. Бұл қарсылас ақындардың жауабында айтылса, оған таңдануға да болмас еді. Айтысқа дейін-ақ отырған ел басшыларын шетінен тізіп, олардың парақорлығы мен, әділетсіздіктерін беттеріне басып, өлтіре сынау сирек кездесетін құбылыс. Мұндай батылдық тек Шөже секілді шындықты жалтармай сөйлейтін от ауызды, орақ тілді ақынға ғана тән әрекет. “Шөже мен Балта” айтысының мән-жайын баяндайтын шағын кіріспеде Қаракесек Шаншар деген кісінің асына жиналған үш жүздің ақындары: Арғыннан Орынбай, Шөже, Найманнан Тана, Тобықты руынан Балта барыпты. Тобықты Құнанбай: “Ал, ақындар айтысыңдар, қай женгеніңе бәйге беремін” – депті. Сонда ең алдымен Шөже мен Балта айтыспақ болғанда, төрде отырған аға сұлтан Құнанбай, оның құдасы, Арғынның белгілі биі Алшынбай, Қарқаралыдағы Едірей болысының биі Жолшора, өзі қасына ертіп келген Жамантай секілді билер Шөженің аты-жөнін сұраса керек. Өз жағдайын түсіндірмек болған Шөже:

Артына Жамантайдың еріп едім,  
Ісіне құдіреттің көніп едім.  
Қаздауысты Қазыбектің балалары,  
Ас берген жиыныңа келіп едім.

Қарайған жылқысының қосы болды,  
Иманды құл Алланың досы болды.  
Артында Жамантайдың жүргенімде,  
Шаншардың ат шаптырған асы болды, –

депті. Бұған Құнанбай: “Бұл тақылдаған соқырың кім?” дегенде, Шөже:

Кем-кетік жиналыпты таз бен соқыр,  
Әр қайсысы өз құлқынын көздеп отыр.

Болғанда сіздер дария, біздер қарға,  
Қарға байғұс дарияның бетін шоқыр!<sup>61</sup> –

деген екен, осы жауапқа апу шақырып сұстанған Құнанбай тағы да: “Мына соқыр қалай-қалай сөйлейді” дейді. Сонда Шөже:

Құран сөзі ақиқат айнасындай,  
Алшынбай ақ қайыңның жаңқасындай.  
Құдай артық жаратқан Өскенбайым,  
Төрт шариярдың Омар, Оспан алқасындай!<sup>62</sup> –

депті. Сонда сөзге Жолшора араласып: “Беретін билік, айтатын төрелік бар. Бір мақтайды, бір боқтайды, айтысқа мынаны (Балтаны көрсетіп) шығару керек” депті. Бұған Шөже:

Жолшора, өзін қажы, әкең Анай,  
Параны бұрын беріп, жедің талай.  
Алдыңда жеті тамұқ, сегіз ұрмақ  
Қайсысына кіруің екі талай.  
Қазылықпен дүниеде жедің пара,  
Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай?! –

дейді. Балтаны да уәжді сөзбен тоқтата білген Шөженің басына билер әңгір таяқ ойнатса керек, бірақ бұған Шөже сескеніп тілін тартпапты.

Қазақтың кешегі рушылдық өмірінің бір айқын көрінісі “Тәуке мен келіншек” айтысында берілген. Бұл айтыстың бірнеше нұсқасы бар екені байқалады. Біздің қолымызда оның екі нұсқасы бар. Бірі жоғарыда аталған “Айтыс жинағының 1965 жылғы кітабында басылса, екіншісі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет тарихы бөлімінде сақтаулы тұр. Аталған айтыстың басылған нұсқасының кіріспе-түсінігі өлеңмен берілсе, екінші нұсқасының мән-жайды баяндайтын түсінігі қара сөзбен берілген. Айырмасы: біріншісінің түсінігінде бұл жанжалдың шығуын “Тал түсте Ыбырайды байлағаны, Сол енді қозғауболды ел шабыспақ” деген жолдармен түсіндірілген. Алайда, жинақты құрастырушылар осындағы “Ыбырайды байлағаны” деген тіркестің мағынасын аңғармай, оны “Абай Құнанбаев” деп қате байлам жасаған<sup>63</sup>. Шынында, соңғы қара сөзбен берілген түсінікте бұл байланған Тобықтының Сарыдоғалақ руының байы Аппайдың Ыбырайы екені анықталды. Бұған көз жеткізу үшін, соңғы түсінікті оқып көрелік: “1897 жылы (мешін жылы) көктемде Тобықтының Сарыдоғалақ руының есерсоқ байы – Аппайдың

<sup>61</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 738-бума, 5-дәптер.

<sup>62</sup> Айтыс. 1-т., А., 1965, 90-91-бб.

<sup>63</sup> Айтыс. 1-т., А., 1965, 504-б.

Ыбырайы 24 жігіт ертіп, Шұбартау өңіріндегі Қосай Көшебе Керейдің ішінде отырған он үйлі Атығай, Қарауыл ауылының жесір отырған Гүлдана есімді келіншегін тартып әкетпекші болады. Ауыл адамдары бұл бейбастақтықты Қосай, Көшебе руының басшысы Демесін мырзаға (1860-1929) хабарлап, мұндарын шағады. Демесін жігіттерін жіберіп, Аппайдың Ыбырайын жігіттермен қоса байлаттырып алады. Мұнан соң Сарыдоғалақ елі Кереймен барымталасады. Керей Самалақ батыр бастаған топ Сарыдоғалақ елінің жылқысын тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетеді. Осыдан соң Семей қаласында тұратын Тобықтының бай көпесі Араб қажы Құнанбай ауылында қашып жүрген Тоқырауын өзенінің бойындағы Мәмбетей Тобықты, атақты Тәуке қашқын Саптаяқ немересін шақырып алады да: “Сені қашқындықтан ақтап алып, қолыңа кешірім қағазын әпереміз Тобықтының бір батыр баласы едің. Кісі өлімі болса да тартынбай Керейден кек қайтар, қасына 122 жігіт қосып береміз” деп сәйгүлік аттарға мінгізіп Керейге аттандырады. Тәуке 72 жігітпен Баба өзенінің бойындағы Керейдің бейбіт, өзге бір елін торлайды, бірақ сол өзеннің өткелін таба алмай әуре-сарсаңға түсіп жүргенде, сегіз қанат ақ үйден су алуға келген Рәзия келіншектен жөн сұрап айтысады. Рәзиядан дұрыс жауап ала алмаған Тәуке ауыл адамдарының бейғамдығын пайдаланып елдің жылқысын айдап кетеді. Құғыншылар жетіп атыс болып, аяғы кісі мертігумен бітеді<sup>64</sup>.

Айтыста қашаннан қыз, әйелдердің бас бостандығы мәселесі шешуші күрделі, өзекті тақырып болып келген. Ақын қыз қаншалықты тапқыр шешен болса да, оның бас еркі болмай, өз теңіне қосыла алмауы сол айтыстың өзекті тақырыбына айналған. Осындай әлеуметтік мәні мен көркемдігі астасқан айтыстың бірі – “Кеншімбай мен Ақсұлу” айтысы дей аламыз. Екеуі де шашасына шаң жұқтырмайтын жүйрік, сөз бәсекесі – айтыста жеңіліп көрмеген айтулы ақындар. Кеншімбай Қабанұлы (1865-1925) кіші жүздің Жаппас руынан шыққан ақын. Туған жері Қызылорда облысының Сырдария ауданы, бұрынғы Комсомол совхозы. Өз елінен қуғын көріп, Ор бойындағы Жағалбайлы еліне келіп болыстың хатшысы болып істеп жүргенде, сол төңірекке аты шыққан Ақсұлу қыздың ақындық даңқын естиді. Өзі асқан сұлу қызбен айтысуды армандап, ол қыз жайын сұрастыра жүріп, оның айттырған қалыңдығының өзінен жас екенін естиді. Осы оқиғаларды Кеншімбай ақын айтысқа қосқан кіріспесінде егжей-тегжейлі жырға айналдырады.

Ақындар айтысының бәрі дерлік жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас-тойларда өтетін болған. Шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның сөзін сарапқа салып, әділ төрелік

<sup>64</sup> Сонда, 504-505-бб.

айтушы да көпшілік, сөз мәнісін білетін көшпелі би, абыройлы ақсақалдар. Сол билік айтушылар мен тыңдаушы жұрттың өзі екі дай болып жарылып, іштей өз елінің намысын қорғаушы ақынның жеңіп шығуын тілеп отырса да, төрешілердің қай ақынның болса да, тапқырлықпен тауып айтқан уәжді де аталы сөзін мойындамауға немесе билікті көрер көзге бұрып айтуға ешбір хақы жоқ. Сол себепті екі жақ та “сөз тапқанға қолқа жоқ”, “аталы сөзге арсыз жауап қайтарады” деген ұлағатты дәстүрді ұстанады. Осы талапқа сай дүбірлі ірі айтыстарға бұрын топтан озып сыналған танымал ақындармен қатар, жаңа талап жас ақындар да қатысатын болған. Осындай жекпе-жек сөз сайысы үстінде ақындар бір-бірін аяусыз сынап-мінеп, парқ ұрып, сан қилы әдіс-айла қолдану арқылы жеңіске жетудің жолын қарастырады, қапысын тауып қарсыласының ең бір әлсіз, жанды жеріне тиіп, сөзбен буып бұлтартпай тізе бүктіруді көздейді. Рас, бұл жәйт бетпе-бет келіп бәсекелі айтысқа түсуден екі ақынның де суырып салма өлеңге жүйрік, ақпа-төкпе дарынымен қатар, өз заманының тоқығаны мол, зерделі де зерек адамдары болуын талап етеді. Сондай-ақ айтыс ежелден ел тұрмысында ақынның бірден-бір ақын аталатын өнер мектебі саналып келген. Тіпті, жаңа талап жас ақынның өзі аты әйгілі жүйрік ақыннан кейде тосылып жеңілсе де, сол оқиғадан соң, оның аты көпке жайылып танылатын болған. Бір елеулі жәйт: қай ақынның қай жерде, кіммен айтысатын, айтыстың қай тақырыпта, қалайша өрбіп дамитынын ешкім алдын ала болжап білмеген, сондықтан айтысатын талапкер ақын болашақ қарсыласы – сол кездегі атышулы ақындардың өмірі мен айтыс тәсілдерін, олардың осал жері мен мықты жақтарын, жалпы ел өміріндегі, ру ішіндегі елеулі де ірі оқиғаларды үнемі есепке алып, соған іштей дайындалып жүреді. Қазақ даласына аты айтыспен танылған Жанақ, Түбек, Сабырбай, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Әсет, Ырысжан, Ақсұлу, Кеншімбай, Сара, Манат, Үлбике, Молда Мұса, Біржан, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Жамбыл тәрізді майталман жүйріктердің өз дәуірінің билікті де білгір, ұшқыр қиялды адамдары болғаны сөзсіз.

Әйгілі айтыстардың ел арасына лезде тарап кетуіне жер шалғайлығы әсте кедергі бола алмаған. Бұларды алғаш елге жайып тарату міндеті негізінен сол айтысушы ақындар үлесіне тиген. Қайта жырлану кезінде айтыстар көп өзгерістерге ұшырайтын болған. Әсіресе, кейінірек дәуір талабына орай өңделіп, өзгеріп, түрленіп отыруы да сол айтушылардың жатқа айту дарыны мен көздеген мақсат-мүддесіне байланысты нақты көрініс тауып отырған.

Қазақ еліндегі айтыс ақындарға тән өнер түрі болумен қатар, оның алғаш қанат жайып өркендеуіне бүкіл халық болып

атсалысқан. Бұл мақсатта ел-жұрттың бастан кешкен қоғамдық-әлеуметтік өмір салты мен әдет-ғұрып, сенім-наным, дәстүрі де шешуші мәнге ие болып келген.

Айтыс – көшпелі өмір кешкен елдердің бәріне тән өнер. Бірақ ол бірінде аз, енді бірінде мейлінше мол дамыған. Бұл сол кездегі жазу, сызудың жоқтығынан, ауызекі айту дәстүрінің мейлінше кең тарап етек алуынан туған қажеттілік еді. Айталық, өмір салты мен әдет-ғұрып, салт-санасы бізбен егіз кешегі көшпелі қырғыз, қарақалпақ, алтай елдерінде де айтыс өнері болған, алайда бұл жанр оларда дәл біздегідей жетіліп, кемелдене қоймаған.

Халық бас қосқан әр тұстағы үлкен жиын, ас пен той қай кезде де ақындар айтысынсыз өтпейтін болған. Ат бәйгесі, балуандар күресі, жаяу жарыс, күй тартысу бәсекесі (шешендік сөз бен айтыс) көшпелі тұрмыстың туды-бітті серігі, көңіл көтерер қызығы болып келеді. Әсіресе, тұрақты театры жоқ елде айтыс өнерінің ерекше ел ықыласына бөленіп келуі де осыдан. М.О.Әуезовтің айтыста халықтық театр өнерінің мол белгілері бар деп көрсетуі де орынды. Алайда кейбір зерттеушілер осыған қарап, айтысты тікелей драмалық жанрға теліп әңгімелеуді жөн көреді. Шын мәнісінде, мұндағы ой айтыстың бұқарашыл, көптік сипаты мен оның кейбір жанрлық ұқсас белгілері жөнінде ғана болып отыр. Сондықтан айтыстың осындай синкреттік ерекшеліктері мен халықтық мазмұнын бір-бірінен бөле жарып, байланыссыз алып қарауға болмайды дер едік.

Айтыс өнері мен шешендік сөздің табиғи болмыс, бітімінде де өзара бірлік ұқсастықтар мол. Мұның екеуі де қолма-қол айтылатын шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құрылып отырады, алайда жеңіске жетудің амал-жол, айла-тәсілдері екеуінде екі түрлі болып келеді. Ақындар айтысында талас-тартыс түйдек-түйдегімен ағытылатын ұзын сүре дәлел, бұлтартпас уәжде құрылса, шешендік сөздерде дау түйіні көбіне-көп жұмбақ аралас келетін жүйелі бір ауыз сөзбен шешіліп отырады. Егіздің сыңарындай бұл екі өнерге де, ең алдымен, ойдағы алғырлық пен қалт жібермес көрегендік, қырағылық қажет. Бұл орайда өзінің құрылыс-бітімі жағынан айтысқа тонның іпкі бауындай жақын тұрған шешендік дау туралы фольклорист Б.Адамбаевтың: “шешендік дау ұзын сүре айтыс немесе төрелік сөз болуы шарт емес. Әдетте билер айтыс-дауда ұзақ сөзбен ұтпайды, оймен ұтады”<sup>65</sup>, – деген байсалды пікірі ойға оралады. Мұның бәрі түйіп айтсақ, импровизация үлгісін ұстанған ақындар мен өнер адамдарына тән ұтқырлық пен білгірлік, зейін, дарындылыққа келіп тіреледі.

Ақын мен импровизация қашаннан егіз, бірінсіз бірі жоқ.

<sup>65</sup> Б.Адамбаев. Шешендік сөздер. А., 1967, 13-б.

Импровизация дәстүрін ұстанған ақындар кез-келген тақырыпқа қолма-қол жыр тудырумен бірге, соны халық алдында домбыра не қобыз сүйемелдеуімен әуенге қосып орындаған. Әсіресе, айтыс қазақ өнерінде ақын болып танылудың бірден бір дәстүрлі мектебі саналып келген. Сондықтан ақындықта ойы бар жаңа талап жастар да, танымал аты шыққан ақын да өз бойындағы дарын-қабілетін үнемі ұштап жүретін болған. Бұған туды-бітті табиғи дарыннан тыс, рухани ішкі түлеу мен жинақталған тәжірибе, терең білім де қажет. Бұл туралы кезінде Е.Ысмайылов: “Импровизатор ақын – үлкен творчествоның адамы. Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи оқиғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таниды, ақынның сезінуі, ол сезгенін қабылдауы шапшаң, ол тез көріп, тез әсер ала біледі, алған әсерін ұғып есіне сақтауы да күшті, тұрақты. Ақын естігеннен гөрі, көзі көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді... Қазақ ақындарының салтында жылдам, бөгетсіз тыңнан өлең шығарып айта білмегенді күшті ақын деп танымаған”,<sup>66</sup> – жазады. Осыған орай әр ақын айтыстағы сөз жүйесін өзі жетік білетін мәселеге қарай бұруды алдын ала ойластырып, сол арқылы ұтымды уәжбен қарсыласын бас көтертпей жеңуді мақсат етеді. Алайда мұның бәрі, жоғарыда аталғандай, ақындық қабілет, дарынның ұшталу, жетілу мәселесіне келіп тіреледі.

Қоғамдық ілім көбінесе адамның ойлау жүйесі мен тану процестерін қоғамдық ортадан жеке дара бөліп алып қарамай, қайта бұларды өзара тығыз бірлік, байланысты алып түсіндіреді. Ақын да табиғат пен өмірден көрген, түйген әсер-сезімін ойында қорыту арқылы оны әсерлі жырға айналдырады. “Өлеңнің иесі бар, ақын солардың ырқын іске асырушы”, өлең “түсте көру арқылы дариды” деп те саналады. Мұның бәрі ойлану, ми қызметінің ғажап көріністерін білдіртсе керек. Өйткені ойлаудың өзі қашанда адам ырқынан тыс, санада объективтік шындықтың сәулеленуі арқылы іске асатын құбылыс. Сондықтан ақын жырлаған өлең де сол табиғи қабілет пен тәжірибенің түйінді мәуесі болса керек.

Рас, ақындық өнердің, өлеңге деген дарынның белгілі бір дәрежеде тұма қасиет екенін де айтуға тиіспіз, бірақ мұның өзі де үнемі түлеп жетіліп отыратын күрделі жәйіт. Бұл – әрбір ақынның ұстанған дәстүрі мен ортасына, талабы мен төккен тер, еңбегіне байланысты көрініп отырады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елінің кешегі әлеуметтік өмірі мен көшпелі тұрмыс салты айтыс ақындарының небір жүйрік ақпа-төкпе өкілдерінің туып қалыптасуына жол салды. Осы үлгімен ақындардың талай буындары түлеп өсіп жетілді.

Қайымдасу айтыстары әдетте қыз бен жігіттің бір-бірін

<sup>66</sup> Е. Ысмайылов. Ақындар. А., 1956, 23-б.

дәріптеп мақтасуынан, яки әжуә-күлкі етіп тиісе қағысуынан басталады. Мұның көне үлгілерінде бастапқы екі жол екі жаққа бірдей бастан-аяқ өзгеріссіз қайталанады да, айтылар негізгі ой соңғы, шешуші тармақтарда ғана беріледі. Бұл ерекшелік қайымдасудың әуел баста түр-мазмұны жағынан тым қарапайым, жаңа талап жастарға құрастырып айтуға мейлінше жеңіл болғанын аңғартады. Айталық, жігіт кезегіндегі:

Атыңды шешен сүйіп қойған Еркін,  
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.  
Пейіштің хор қызыңдай бұлғақтайсың,  
Құлпырған бақшадағы гүлдей көркің, –

деп келетін жолдардың сәл-пәл ғана өзгеріске ұшырап:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,  
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.  
Келе сала баяндап сипатымды,  
Есінді аударды ма менің көркім? –

болып, оп-оңай қиыстырыла салатынын көреміз.

Қыз бен жігіт қайымдасуларында жеңу, жеңілу сияқты түйінді қорытындылар шығарылмайтын болғандықтан, әріптестер өздері қалаған тақырып бойынша еркін қайымдасып отырған. Мұндай қайымдасулар, көбінесе, бір-бірінің аты-жөнін сұрасудан не қыз көркін мақтаудан басталады. Қыз сипатын мадақтап дәріптеуді көбінесе жігіт бастайды да, қыз жалғастыра сабақтайды, мұның ақыры қыздың жігітке дәстүрлі жол (жүзік, сақина, орамал, т.б.) беруі мен аяқталады. Мәселен, жігіт:

Шешем тойға жіберді сайландырып,  
Беліме жібек белбеу байландырып.  
Күллі қызды елдегі жинап алып,  
Бір басыңнан жіберсем айналдырып, –

дегенде, қыз да өз кезегімен одан қалыспай:

Кербез, көркем, аппақсың, мақтадайсың,  
Сегімімді сертпенеп ақтағайсың.  
Дұшпан ғана кемітер сипатыңды,  
Алдында барлық жұрттың датқадайсың<sup>67</sup>, –

деп жауап қайырады.

Бұларда жалпы айтыстарға тән кейбір ортақ сипаттар мен

<sup>67</sup> Қыз бен жігіттің айтыс өлеңдері. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 247-бума, 2-дәптер.

сондағы ақындық көріністер де ара-тұра бой көрсетіп қалады, алайда ол қайымдасу мүмкіндіктерінің аздығынан өткірленіп ұштала қоймаған. Айталық, дәстүрлі айтысқа екі ақынның бір-бірінен жөн сұрасып амандық білісуінің өзі болашақ айтыстың барысы мен тартылар желісін белгілеп келгені мәлім. Тіпті, бұл – қарсыласының руы мен өзін кемсітумен қатар, әрқайсысының жеке басын көтере дәріптеуге де қажет еді. Осыған орай қыз бен жігіт қайымдасулары көбіне-көп қыздың жұмбағын шешкен жігітке жол беруімен аяқталатын болған.

Қайымдасу айтыстары кейінгі келелі де көркем ақындар айтысына дейін жетіліп, толысудың әр алуан кезең-белестерінен өтіп, әлеуметтік мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан әр кез кемелденіп отырды. Бұған сол тұстағы айтыста танылған майталман ақындардың қосқан үлесі де аз болған жоқ.

Айтыстағы алғырлық пен тапқырлықты ұштап жетілдіру аса күрделі құбылыс. Мұның ақындық шабыт пен дарындылыққа да тікелей қатысы бар. Айтыс ақыны үнемі жараулы бәйге атындай бабында жүруі керек. Ол тосыннан қойылған сұрақ не қолма-қол жауап қайыратын уәжді сөзге қашан да оңтайлы, даяр тұруы тиіс. Өйткені мұндай сын сәті, аяқ астынан тап болуы мүмкін. Бірде Арқаның әйгілі жүйрігі Орынбай ақын (1816-1891) бір үлкен тойда байдың әйелдерін мақтап өлең айтып отырған екен. Соның алдында ғана ол өлеңді біржолата қойдым деп пірге қол тапсырса керек. Осындай сәтте кіріп келген Ақан сері (1843-1913) Орынбайға:

Сіздер кеме болғанда, біз бір қайық,  
Жөнді сөзді айтты деп қылма айып.  
Пірге барып қол берген имам едің,  
Намахарамға көз салдың неге барып? –

депті. Сонда Орынбай бұған ойланбастан:

Ақыл – таста, күш – атта, сөз – малдыда,  
Ақыл-айла болмайды жоқ, жарлыда.  
Парыз, уәжіп, сұнатты ада қылып,  
Жалғыз-ақ “намахарам” деген сөз қалды ма?<sup>68</sup> –

деп уәжден сығылып кетіпті деседі. “Сөз тапқанға қолқа жоқ” дегендей Ақан сері бұған қарсы ешнәрсе дей алмаған.

Үлкен жиын, ірі бас қосуларда өтетін іргелі ақындар айтысымен қатар, “аттың жалы, түйенің қомында” дегендей әр жерде, кез-келген сәтте қым-қиғаш өтіп жататын ұятты қағысулар да бір

<sup>68</sup> Ақан мен Орынбай қағысы. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 339-бума, 21-тізім

мезгіл тоқырап бәсең тартпаған. Осындай айтулы қағысудың бірі Үрқия деген ақын қыз бен әйгілі Орынбай, Арыстанбай, Шөже ақындар арасында өтіпті. Үнемі ойын-той сауық-кеш ортасында жүретін бұл үш ақын бір ауылда Үрқия деген айтыста мүдірмейтін алғыр қыз бар дегенді естіп, үшеуара ортаға алып қақпақылдап келемеж-күлкі етейік деп, сол қызды іздеп барыпты. Үрқия үйде жалғыз отыр екен. Сөзді алдымен Орынбай бастап:

Сұрасаң менің атым Орынбай-ды,  
Кең саба шалқып жатқан қорындай-ды.  
Құдайым маған берген бір мінезі  
Үстасам қыз емшегін қорынбайды, –

дегенде, Арыстанбай тұрып:

Сұрасаң менің атым Арыстанбай,  
Піше ме шешен көйлек қарыстамай.  
Аулыма жақын қонсаң, жас құдаша,  
Жапыңа барар едім шалыстанбай, –

депті. Кезек екі көзі су қараңғы Шөже ақынға келгенде, ол қызға:

Қаржаубайдың баласы ақын Шөже,  
Жүрегіме батпайды түйген көже.  
Алдыңғы анаң байғұс буаз кеткен,  
Өтіп кетіп жүрмесін бойың теже, –

десе керек. Сонда Үрқия қыз:

Таз Орынбай өлеңді оқып өткен,  
Арыстанбай өлеңді тоқып өткен.  
Сын тақтың тырайыма соқыр мұндар,  
Көзінді қарға-құзғын шоқып кеткен?<sup>69</sup> –

деген екен, үшеуі бұған ләм деместен үйден шыға жөнеліпті деседі.

Ақын бойындағы мін-кемістік те қашаннан қарсыластар үшін сөзден тосудың қажетті бір амал-тәсілі саналып кеткен. Суырып салма айтыстың майталманы Шөженің екі көзінің бірдей су қараңғы болғаны қайда барса да, алдынан көлденеңдеп шыға береді екен. Шөже айтысқан Кемпірбай, Тезекбай, Жәмшібай, Орынбай, Қалдыбай, Шортанбай, Балта ақындардың оның осы мінін үнемі бетке басып (“Жамандық ойлай-ойлай көзің шықты”, “Дегенің сенің күндіз түн емес пе?”, “Бұл жалғанда соқырға

<sup>69</sup> Үш ақын мен Шөже. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 738-бума, 5-дәптер.

қайыр берме, Таңда махшар күнінде тайып кетер”, “Кезбе соқыр деген соң, кезбе соқыр, Ел түзетіп жүруші, сен бе соқыр”, т.б.), сөзден тосып тоқтатуды көздегенін көреміз. Алайда ақын мұндай үйреншікті айып-мінге мән бермей, әр ақынға лайықты жауап тауып отырған. Мәселен, Тезекбайға ол осыған орай:

Соқыр қылды көзімді көрмесін деп,  
Жамандықтың соңына ермесін деп, –

деп, бойындағы сол кемшілікті иіп әкеліп тиімді қолдана білсе, ал, Кемпірбайға:

Қазақтың әр кезеңде жедім қамып,  
Алдыңа сала айтамын көздің ағып.  
Балта, Орыпбай, Шортапбай түк қылған жоқ,  
Сенің бұған тіпті де келмейді әлің<sup>70</sup>, –

дейді.

Әлгіндей бас-аяғы жинақы, кішігірім қағысулар, көбінесе қалт кетпес дәлдік деп қисынды уәжге, бұлғартпас дәлелге құрылып отырады. Осындай нысанаға дөп тиетін аталы сөз қашан да жеңіске бастайды.

Ал келелі де кесек ақындар айтысына оралсақ, мұнда сол тұстағы қат-қабат өмір шындығы мен сан қилы әлеуметтік өмір көріністері кең көрініс тауып отырады. Сонымен қатар бұлардан адамдар арасындағы қарым-қатынас пен олардың өмірдегі таным-түсінігі мен әлеуметтік ой-талғамдарын да аңғарамыз. Бұған, көбінесе, сол ақындардың айтыста ұстанған көзқарас, бағыты мен шеберлік амал-тәсілдері де қолайлы жағдай жасап отырған. Бұл орайда ел басшыларының шектен тыс әділетсіздіктері мен зұлымдық, жауыздықтарын аяусыз әшкерелеу ісіне Шөже, Бақтыбай, Біржан, Сара, Түбек, Әсет, Ырысжан, Кеншімбай, Сүйінбай, Жамбыл секілді от ауыз, орақ тілді ерен жүйрік ақындардың қосқан үлесі орасан зор.

Айтыстың ел ішінде айтылып таралу жолының әр алуан ерекшеліктері бар. Қарсылас екі ақынның жұрт алдында қызу тартыспен өткен айтысы көп ұзамай-ақ бір-бірінен бөліп-жаруға келмейтін бас-аяғы тұтас, логикалық мәні қиысып өзара жымдасқан қисса, дастан секілді бір шығармаға айналады. Кейінгі әр түрлі бас қосу, ойын-сауықтарда қаумалаған көптің өтінішімен сол болып өткен айтысты қайта жырлау кезеңі басталады. Бұған жеңілген ақын мен жеңген ақын да талғаусыз қатысып отырған. Мәселен, жинаушы Ж.Шайхысламов Қазан қаласында бастырған

<sup>70</sup> Кемпірбай мен Тезекбай. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 493-бума, 1-4-дәптерлер.

кітапта “Біржан мен Сара” айтысын бір жылдан кейін жеңілген Сараның өз аузынан жазып алдым деп куәлік етеді. Сондай-ақ ол сол әйгілі айтыстың қай жерде қалай басталып, немен аяқталғанын баяндайтын Сараның ұзақ кіріспе, түсінік өлеңін де келтіреді. Мұндай өлеңмен айтылатын қосымшаларда, көбінесе, айтыстың көлденең жұрт біле бермейтін жай-жағдайы мен кейбір құпия-сырлары да ашылып сөз болады. Мәселен, өз айтыстарын айтып таратуға үлес қосқан Кеншімбай, Жарылқасын, Бақтыбай тәрізді ақындар Ақсұлу, Айқын, Мәйке қыздармен сөз таласында жеңуге себеп болған мәселе түйінін де (қыздардың сүйгеніне қосыла алмай, қалыңмал құрбаны болып отырғанын) келелі жырға қосады. Соның нәтижесінде бұл айтыстар тұтастай алғанда, өлеңмен жинақталған кіріспе, қорытындысы бар, бас-аяғы тұтас, көлемді жыр-қисса іспеттес болып құрылады. Осындай жырларды айтысушы ақынның бірінің өз аузынан естіген не жазып алып жатпаған кейінгі айтушылардың айтыстың бас аяғын құрап, елге таратып отырғанын көреміз. Сөйтіп, айтысқа тікелей қатысқан ақындар мен оны кейінірек қайтадан айтып таратушы жыршылардың еңбегі арқасында сол айтыстардың түр мен мазмұны жағынан көркейіп сомдала түсетіні заңдылық. Тіпті, кейбір зерттеушілердің әлгіндей бас-аяғы жинақталған айтыстарды хисса-дастандар тобына жатқызып келуі де осыдан.

Айтыстың тек ауызекі таралатын фольклорлық шығармалар секілді әр кезде әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыруы да өмір талабынан туған. Тіпті, көлемді де көркем кейбір айтыстардағы өзгеріс, қосымшалардың өзінен (“Кеншімбай мен Ақсұлу”, “Біржан мен Сара” т.б.) кейінгі ру мүддесі мен уақыт талабының айқын іздерін көру қиын емес.

Енді бір мәселе: айтыс ақынының адамгершілік ожданы мен жалпы өнер алдындағы адалдығы туралы. Айтыста аты шығып танылған ақындардың бәрі де сондағы аталы да уәжді сөзге қарсы дау айтуды арсыздық деп білген. Ел намысы мен ру мүддесі сарапқа салынған ірі айтыстарда ақынның сөзден тосылып тоқталуы қаншалықты айып-мін саналса да, топ ішінде жеңілгенін ашық мойындаудың өзі үлкен ерлік болып табылады. Бұл ақынның қара қылды қақ жарған әділдігі мен бұрыннан қалыптасқан көне дәстүрді мүлтіксіз сақтап отыруынан болса керек. Айталық, Кемпірбай ақын Шөженің қойған жұмбағын шеше алмай жеңілгенде, бұл туралы:

Келіп ем бұл жиынға өктемделіп,  
Жүруші ем қу соқырдан секемденіп.

Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,  
Жығылдым төрт аяғым көкген келіп<sup>71</sup>, –

дейді. Осы бір шумақ өлеңімен ақынның өз қарсыласы Шөженің бетке айтар ділмар, шешендігінен секем алып жүргенін де, ақыры сөзден тосылып “аяғының аспаннан келгенін” де бүкпесіз айтып ашық мойындаған. “Ерден ер қауіптенеді” ақынның кейбір қарсыласынан іштей сескеніп тайсақтап жүретіні де даусыз. Мәселен, белгілі айтыс ақыны Құлтумадан жеңілген Ырысбай өз басынан кешкен осындай бір жәйтті былайша сипаттапты:

Құдай-ау, сөз таба алмай қорықтым ба,  
Көп сөзге дариядай молықтым ба?  
Шапса да күндіз-түні болдырмайтын,  
Фалінің дүлдүліне жолықтым ба?<sup>72</sup>

Айтыста жол болсын айтып, бір-бірінен жөн сұраудың өзінің мәні зор. Екі қарсылас ақын соның өзінен мін тауып, бір-бірінен ұпай арттыруды көздейді. Мәселен, бір үлкен жиында тұтқиылдан кез болған Тоғжан ақын өз басынан өткен бір істі еске салып Орынбайға:

Нағашым Көлдей еді Жаулыбайым,  
Ежелден белгілі еді сенің жайың.  
Соқырдың бір шекінені тартып алып,  
Жүрмісің аман-есен Орынбайым?<sup>73</sup> –

депті (Ертеректі бір бай екеуіне өлең айтқаны үшін, бір шапан жауып, соны жасым үлкен деп Орынбай иемденіп кеткен екен). Қапелімде бұған не дерін білмей қалған Орынбай: “Ағадан амандаспақ болушы еді, Асығып неге айтасың есендігің”, – деп жалтармақ болады, бірақ уәжден мықтап тосылған Орынбай қанша бұлтарғанмен, бұл жолы жеңіледі. Немесе Жарылқасын қожа Айқын қызға “Жүз көрісу фанибет, аты-жөніңді айт” дегенде, қыз:

Бексары әкем аты, Айқын атым,  
Сүйгеннен Айымторы дейді халқым...  
Адамзат айтса білер, ашса көрер,

<sup>71</sup> Шөженің Кемпірбаймен айтысқаны. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 738-бума, 4-дәптер.

<sup>72</sup> Құлтума ақынның Ырысбаймен айтысуы. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қоры. 725-бума, 3-дәптер.

<sup>73</sup> Сонда, Орынбай ақынның қызбен қағысуы. 489-бума, 2-дәптер.

Қожеке, өзін айтып білдірмесең,  
Қожаның кім біледі қазақ, сартын<sup>74</sup>, –

деп орынды қағытады.

Әйгілі “Біржан мен Сара” айтысындағы түйінді тартыстың да алғаш осы жөн сұрасу, танысып-білісуден басталатыны мәлім. Біржан сал әдейі үйге кірмей сыртта тұрып, қызға қырланып:

Ағаға іні келер біздің елде,  
Көп боп па сұрасуға есен-аман.  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Сен түгіл сенен артық құмар маған...

деп, оның алдын бірден орап жасытып алмақ болғанда, Сара бұған ерекше тапқырлық танытып:

Ей, Біржан кімге дәрі амандығың,  
Сөз білсең бұ да сенің жамандығың.  
“Хиссасұл Әнбиелден” көрмеп пе едің  
Белгілі мағлұм болды надандығың...<sup>75</sup> –

дейді. Бұған қарсы айтар уәждің жоқтығын бірден сезген Біржан жалтара жауап беріп: “Бойыңда бір білместігің бар сықылды, Не қылам, артын бағам әзір қойып” деп түпкі ойын ашпай, аңысын аңдығандай болады. Сара бұл жерде Хауа ана мен Адам ата жайын еске алып отыр.

Мұндай өмірлік, тәрбиелік мәні бар мәселелерді айтысқа арқау ету Біржан мен Сара, Кеншімбай мен Ақсұлу, Әсет пен Ырысжан, Жамбыл мен Құлмамбет және оның Сарбаспен, Майкөт пен Құлмамбеттің айтыстарында кең көрініс тапқан.

Қазақ айтыстарының жиналуы, жарық көруі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл игі іске академик В.В.Радлов бастаған бір топ орыс зерттеушілері мен Ы.Алтынсарин, Ш.Нұрмағамбетұлы, Т.А.Сейдалиев, С.А.Жантөрин, Ж.Шайхысламов тәрізді жинаушылар, ал Кеңес өкіметі жылдары Ә.Диваев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров секілді жинаушы, ақын, жазушылар елеулі еңбек етті. ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап бұл жанр Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта төл басылымдарымызда, хрестоматиялар мен жеке кітаптарда там-тұмдап болса да жарық көріп отырды. С.Сейфуллин мен С.Мұқанов құрастырған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” (1931), “Айтыс”(1942)

<sup>74</sup> Айқын қыз бен Жарылғасын қожаның айтысы. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 305-бума, 1-дәптер.

<sup>75</sup> Біржан мен Сара айтысы. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 276-

жинақтары осы жанрды жариялаудағы ірі қадамдар еді. Алпысыншы жылдарда “Айтыстың” үш томының (1964, 1965, 1966) қатар басылуы – халқымыздың мәдени-рухани өміріндегі зор жетістігі екені даусыз.

Ал Кеңес дәуірінің соңғы жылдарында жарық көріп үлгерген қос томдық (1988) жанрлық ерекшеліктерге негізделген көп томдықтың бастамасы болды. Бұл басылымдар қоғамдағы идеологиялық шектеулерге қарамастан замана көшіне ілесіп, халыққа барынша қызмет атқарды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген күрделі де қасиетті өнердің қайта жандануына әсерін тигізді. Алайда, сол тұстары қоғамдық-саяси халдің халық әдебиетіне деген көз қарасы, талғампаздығы “Айтыс” томдарына да аз кедергілер келтірмеді. Таптық тұрғыдан жіктеліп, көптеген атақты ақындардың айтыстары шеттетілді.

Еліміз егеменділігін алып, мемлекеттілігі қалпына келген шақта өткенімізді екшеп, келешекке жаңа бағдар түзудің сәті түсті. Бұл ретте, халық әдебиетін, оның құрамдас бөлшегі айтыс жанрын ХХІ ғасырға тың бағыт, соны жолмен жеткізудің қажеттілігі туындады.

Айтыс жанрының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оларды: “Салт-әдет және мысал айтыстар”, “Жұмбақ айтыс”, “Қыз бен жігіт қайымдасулары”, “Қағысулар”, “Ақындар айтысы”, “Жазба айтыс”, т.б. бірнеше түрге жүйелеп, әрқайсысын жеке-жеке жариялап, арнайы зерттеудің қажеттілігі туындады. Солардан “Салт-әдет және мысал айтыстары” ілгеріде жарияланғанымен (Айтыс. II-том, 1965), Ғылым академиясы сирек қорларында сақталып келген материалдар толық игерілмегені белгілі болды. Бұл айтыстардың негізі жеке авторларға тән болса да, айтушылары біртіндеп ұмытылған соң, халықтық туындыларға айналып кеткенін аңғару қиын емес. Тіпті, ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі айтыс шығарушылары туралы мәліметтер де жиі ұшырасады. Көшпелі елдің тұрмыс-күйі мысал айтыстар арқылы сан-алуан тақырып маңында өрбіп отырады. Атап айтқанда, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы төрт түлікпен өлшенетіні белгілі. Бұл тұрғыда жаны малының садағасы болған қазақ үшін басты жау – жыртқыштар. Адам мен қасқыр арасындағы айтыстың мол болатыны да сондықтан. Ер қанаты болған аттың иесімен сырласуы да ит-құстан кем түспейді. Барлық мысал айтыстардаң мазмұндық сипатына үңіле қарағанда, айтушының тұрмыс-тіршілігінің (кедей, жетім, жесір, қойшы, таз, т.б.) белгі-нышаны байқалып отырады. Осыған орай ақындар дәулеттілер мен билік иелеріне деген ішкі қыжылын, қарсылығын білдірудің құралы ретінде айтысты ұтымды пайдаланған.

Жұмбақ айтыстар – қазақ суырып салма өнерінің өзіндік

түрінде айтысу үшін айтыскерге – ақындық дарыннан өзге тапқырлық, ұшқыр да өрелі ой, сергек сана талап етіледі. Ақындардың қабілетіне байланысты айтыстың тағдыр-талайы бірден, табан астында шешіліп те қалады. Сондықтан да мұндай жауапкершілігі мол бәсеке – сынаққа кез-келген ақын араласа бермеген. ХІХ ғасырдың 70 жылдарында қазақ жұмбақ айтыстары ішінен тұңғыш баспа жүзін көрген “Қыз Болық пен Елентай” (1875) туындысы болды. Оның ізін ала “Қыз бен жігіттің жұмбақ айтыстары”, “Қожахмет пен Әбубәкір” (1900), “Нұржан мен Сапарғали” (1902), (1908), “Сабыржан мен келіншектің жұмбақ айтысы” (1903), “Жүсіпбек қожа мен Шөкей қыз айтысы” (1910), т.б. үздік-создық жарияланып келді.

С.Аманжолов пен Т.Жанұзақов аталған айтыстардың кейбіріне “Әсет пен Ырысжан”, “Орынбай мен Қожа”, “Рахымжан мен Ыбыраш”, “Мамық пен Жүсіптің” айтыстарын қосып толықтырып, “Қазақтың халық жұмбақтары” (1940, 1959) кітабына енгізді. Дегенмен, “Қыз Болық пен Елентай”, “Әсет пен Ырысжан”, “Үлбике мен Күдеріқожа”, “Жүсіпбек қожа мен Шөкей қыз” айтыстары секілді танымал шығармалар түсініксіз себептермен жинаққа кірмей қалған. Ілгері-бергі басылымдарда шығып келген айтыстардан басқа, оқырмандарға беймәлім “Қабан жырау мен Тауған қыз”, “Мәлике мен Пықиа”, “Асанхан мен Ақдама”, т.б. ондаған айтыстар да жарыққа шығу кезегін күтуде. ХVІІІ-ХІХ ғасырлар аралығындағы дәстүрлі ақындар айтысы мен ХХ ғасыр басындағы Сыр бойы шайырларының хат айтыстарын “Жүзбе-жүз айтыс” және “Хат айтыс” деп екі бөлімге топтауға болар еді.

“Қыз бен жігіт қайымдасулары” мен “Қағысулардың” шағыл топтамалары бұрын-соңды баспа бетінде жарияланып келгенімен, бас-аяғы бүгінделіп, жеке басылым ретінде жарық көрген емес. Жоғарыда аталған қолжазба қоймаларында, мұрағаттар мен көне басылымдарда айтыстың осы түрінің мол қоры сақталғаны мәлім. Оларды ішкі құрылысы, тақырып-мазмұнына, көркемдік сипатына қарай саралап, таңдаулыларын текстологиялық тұрғыдан қарап, баспаға дайындау да өзекті мәселелердің бірі болып қалмақ.

Ақындар айтысы жылдар жылжыған сайын сапасы артып, толыға, молыға түсетін халқымыздың сарқылмас қазынасы екені баршаға мәлім. Бүгінгі таңда қолдағы “Айтыс” томдары бар мұраларды түгел қамтып, сұранысты қанағаттандыра алмады. Соңғы кезде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің каталогтік және электронды жүйелеу жұмыстары барысында қыруар айтыс мәтіндері тізімделді. Сол материалдар негізінде хронологиялық тәсілмен бірнеше том дайындау жоспарға алынды. Әсіресе, Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта ауқымды сүре айтыстарды жариялаудың маңызын



қандастарымыз сақтап келген мұраларды да игерудің жолдары қарастырылды.

Айтыс дәстүрінде “Жазба айтыстар” кеш қалыптасқанмен, өзіне тән ерекшеліктерін де ескермеуге болмайды. Тарихына көз жіберсек, ХХ ғасырдың бас кезінде кең қанат жайғанын аңғарамыз. Екеуара хат арқылы айтысу — Қазақстанның бар аймағына қатысты қасиет. Алайда бірнеше айтыскердің жыр жарысына топтаса араласуын Сыр бойының, Оңтүстік Қазақстан өңірінің, Қытай қазақтарының ақындарынан ғана көруге болады. Мысалы, “Алты ақынның өмір туралы айтысы”, “Кете Жүсіп, Жұбанияз, Құлназар”, “Кете Жүсіп, Тұрымбет жырау, Жиенбай жырау”, “Кете Жүсіп, Қанды Жүсіп, Нақып қожа, т.б. жазба айтыстар осы сөзге айғақ. Шығыстық ілімге жетік Сыр шайырлары айтыстарының түп қазығы дін мәселесі болып келеді. Кейде бұл айтыстар бірнеше жылдарға созылып, Тұрмағамбет, Керейіт Даңмұрын сынды абыройлы азаматтардың араласуымен ақындар татуласып отырған. Жоғарыда айтылғандай, айтыс барысында жұмбақтасып та кететін тұстары аз емес. Кейде хатпен басталған егестің аяғы бетпе-бет айтысқа ұласып жатады.

“Айтыстың” көп томдығын дайындау барысында Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларындағы, мұрағаттардағы, жеке иеліктегі қолжазбалар, ұнтаспалар, микрофильмдер мен көне кітаптар жинақталып, жүйеге түсіріле бастады. Реттеу шаралары кезінде әдеби ортаға мәлімсіз болып келген ірі айтыс ақындарының есімдері анықталып, шығармалары жүйелену үстінде. Бұрын жарияланған айтыс мәтіндері мен түпнұсқаны текстологиялық тұрғыда салыстырғанда, бұрмаланған сөз тіркестері, түсіп қалған тармақтар мен шумақтар жиі кездесетіні байқалады. Тіпті, кейбір белгілі ақындар айтыстарының үзінділері ғана басылып келгені анықталды. Текстологиялық саралауда бұл кемшіліктер түпнұсқа негізінде екшеленіп, қалпына келтіріле бастады. Кей туындылардың көпнұсқалығына байланысты тақырып аясына, көркемдік сипаты мен ішкі мазмұнына жіті көңіл бөлініп, сарапталған толық мәтіні айқындалды.

Сонымен, айтыс халқымыздың ғасырлар бойғы кәсіп-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты туып, ел өмірімен ертеден біте қайнасқан дәстүрлі мұра. Ол өзінің туды-бітті белгі-сипаттарымен әдебиетіміздегі басым сала — лиро-эпикалық, эпостық жырлармен қатар дамыды, тіпті, сол жанрларға түр мен мазмұны жағынан белгілі бір дәрежеде игі әсерін тигізіп келді. Осы ерекшеліктермен айтыс көшпелі ел жағдайында ақын болып танылудың дәстүрлі мектебі болып келгенін айтуға тиіспіз. Айтыс бүгінгі өмірімізді бейнелеуге де үлес қосып отыр. Осы

Негізінен ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті ежелгі дәуірлердегі түркі, кейінгі қазақ көркем сөз өнерінің дәстүрлі жалғастығын сақтай отырып дамыды. Уақыт ерекшелігіне қарай өсіп-өрбіген түрлік, жанрлық, көркемдік әдістерінің жаңғырып, түлеп отыруы да заңдылық. Бірақ қай кезеңде де поэзия сипаты, өлеңнің өнералдылық басымдығы айқын еді. Дәстүрлі әдеби туындамаларда да, әншілер, сал-серілер, айтыскерлер дегенде де қазақ өлеңінің бағзыдан жалғасқан поэтикалық мектебі өз ықпалын жоғалтқан емес. Осы кезеңде баспа бетін көрген, қолжазба ретінде жинақталған әдеби мұраларға қарағанда, өлең мен қарасөз қатар көріне бастаған. Өлең, әрине, өзінің дәстүрлі басымдығын жоғалтпайды, қарасөз болса көбінесе тәмсіл, мысал сөз, ертегі, аңыз, хикаяттарда және шығыс, батыс әдебиетінен аударма нұсқаларда кездеседі. **Поэзияның** жаңа дәуір әдебиетіндегі тың соны бітімі жанрлық-көркемдік сорабын салды. Бұл орайда тақырыптың, өлең үлгісінің түрленуі байқалады. Нақты тақырыптар, қысқа өлеңнің өзіндік сюжет, бітімі (форма) байыды. Нәзирә түрінде көп жырлаған Шәді Жәңгірұлы, Абай ақындық мектебінің ірі өкілі Көкбай Жанатаев, орыстың классикалық әдебиетімен жете таныс Шәңгерей Бөкеев секілді ондаған ақындардың шығармаларында осы үрдіс көрініс берді.

**ХИКАЯЛЫҚ ДАСТАНДАР МЕН ДІНИ ДАСТАНДАР** осы дәуір әдебиетінің маңызды саласы. Сол тұста өте көп жинақталып, қолжазба күйінде сақталған, кітап түрінде баспа бетін көрген ондай шығармалар беріде көп жылдар бойы назардан тыс қалып келсе де, тәуелсіздік жылдарында жедел зерттеліп, жарыққа шығарыла бастады. «Мәдени мұра» бағдарламасымен жариялана бастаған жүз томдық кітапхананың тоғыз кітабы х и қ а я л ы қ д а с т а н д а р. Д і н и д а с т а н д а р да әлденеше томға ұласып отыр. Бұл аса бай мұра. Өлең үлгісімен жазылған хикаялық дастандардың поэтикалық ерекшеліктері айрықша талдауды қажет етеді. Жыр, қысқа поэзиялық туындылар бітіміне тән өрнектілік пен троптардан алысырақ, баяндау мәнері басым, эпикалық хикаяттық сарыны айқын бұл дастандардың денінде өлеңмен жазылған проза, өлеңмен баяндалған хикаят сипаты көп көзге шалынады. Қазақ прозасының бастау арнасы алғашқы роман, әңгімелерден гөрі, осындай өлеңмен жазылған прозалық сазы қанық дастандарда жатыр.

Сабалұлы Ақылбек (1880-1919), Жарылқап (туған ж.б. — 1925), Жұмашұлы Мәулекей (1835 - өж.б.), Көшенев Ташмұхаммед (ХІХ ғ. аяғы), Шайхысләмұлы Жүсіпбек (1857-1937), Бағдатұлы Қыпшақбай (1834 — өж.б.), Білтебайұлы Шорман (ХІХ ғ.), тағы басқа ондаған талантты ақындар діни, хикаялық дастандарды жинастырып, өздері жырлап, бұл күнге дейін жеткізіп келді.

кеткен. «Қисса Зарқұм» (1877), «Қисса Сейітбаттал» (1879), «Қисса жұмжұма» (1881), «Әбуғалисина» (1886), «Қисса Қаһарман» (1892), «Қисса Қасым жомарт» (1896), «Қисса Хатымтай жомарт» (1897) сынды көптеген дастандар әдебиет тарихында ерекше маңызды орын алады.

Осындай шығармалардың барлығы да ХІХ ғасырдағы бай ұлттық әдебиеттің төрт құбыласын теңестіретін асыл қазыналар. Тұрмыс-салт жырларынан бастап жаңа дәуір әдебиетінің поэзиясына дейін толымды көрінген ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті ірі ірі әдеби туындылар мен көптеген жекелеген ақындар шығармашылығын аясына сиғызды.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.** Жаңа дәуір әдебиетінің өкілдері де заман тынысын, жаңа көзқарастарын жырлауда ежелден жалғасып келе жатқан әдеби дәстүрден, дәстүрлі үлгілерден біржолата қол үзіп кете қойған жоқ. Ең алдымен жаңа тынысты ой, жаңа көзқарастар мен пікірлер, мазмұн дәстүрлі өлең, жыр, шешендік сөз, қарасөз үлгісіндегі дәстүрлі бітімде көрінді. Қазақ өлеңінің заманалар бойы қалыптасып, түлеп дамып отырған поэтикасы даму заңдылығының күретамыры сынды көркем сөздің болмысын берік сақтап қалыптастырған болатын. Қазақ өлеңі атты үлкен өнер бітіміне тән ұйқастар, өлшем-ырғақ желісі, бейнелеу құралдарының құнарлы бай жүйесі халық эстетикасының ұзаққа жол тартқан эстетикалық танымының жемісі. Айтыс, арнау, қара өлең, толғау, терме, жыр, дастан, мадақ жырлар, батырлық жырлар, тарихи өлең-жырлар кешені де жалғастығын тапты. «ХІХ ғасыр – ақындық өнердің айырықша кең қанат жайып, дамыған аса жемісті кезеңі»<sup>1</sup> деген ғылыми тұжырым осындай шынайы әдеби заңдылықты білдіреді. Әдебиеттің даму ерекшелігі сондай көркемдік тінінің беріктігі мен бірге жаңашылдығынан және сол кезеңде жасаған ақындардың сан жағынан да көптігінен танылады. Жекелеген ақындар шығармашылығындағы жаңашылдық рухы біртіндеп өлең сөздің, жалпы әдеби туындылардың жанрлық, түрлік, көркемдік түрленуіне де бастады. Сөз қолданыстары мен поэтикадағы авторлық қолтаңбаның қанық көрініп, даралана бастауы, бір жағынан, уақыт талабынан туындаса, екінші жағынан, жаңа әдебиеттің өмір тынысынан өрбіген сипаттары болатын. Әйтсе де, ХІХ ғасырдың екінші жартысында, соңында шығармашылық өнерімен әдебиет тынысын айқындаған ақын-жыраулардың мұраларында жаңағы айтылған өзіне дейінгі дәстүрлі әдебиет үлгілерінің бәрінде бірдей ой толғаушылық байқалады. Айтысқа қатыспаған, әлде тек қана айтыста ғана өнер көрсетіп жүрген таланттарды атау қиын. Ақын біткеннің

<sup>1</sup> ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары. А., 1988, 11-б.

бәрі де, әйтеуір, бір айтысқа қатысып, өнер сынасу дәстүрі үзілмеген, ән де шығарып, айтып тарату, ұзын сүре жырларды жырлау да ақынның енісінде қалғанға ұқсайды. Жекелеген философиялық, лирикалық өлең, жыр, термелер де ақындардың шығармаларының барлығында дерлік түгелдей көрініс береді. Лирикалық өлеңнің алуан түрі де осы кезең ақындарына тән. Бұл кезеңде жасаған ақын-жыраулар сан жағынан да, кейінгіге мұраға қалдырған шығармалары жағынан да аса бай әдеби жәдігерлік қалдырған. Соған орай, бұл кезең шығармашылығы да тиісінше жүйелі, кең түрде зерттеліп келеді. М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Сильченко, Н.Смирнова, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, тағы басқа көптеген әдебиетшілер осы кезеңнің көркем әдеби шежіресін тереңнен түзіп зерделеді. Заңдылықтарын сараптады.

Көптеген жекелеген ақындардың шығармашылығы мен өмірі зерттеліп, тұжырымды қорытындылар түйілді. Ол бұған дейін жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық көптомдық еңбекте, зерттеу монографиялыр мен оқулықтарда, оқу құралдарында жүйелі жарияланды. Көптеген ақындардың өмірі мен шығармашылық қызметіне жеке кітаптар, тұтас монографиялар, диссертациялық зерттеулер арналды. Жамбыл Жабаев (1845-1946), Нұрпейіс Байғанин (1860-1945), Омар Шипин (1879-1963), Нарғай Бекежанов (1890-1954), Кенен Әзірбаев (1884-1976), Төлеу Көбдіков (1874-1954), Қайып Айнабеков (1885-1955), Үмбетәлі Кәрібаев (1889-1967), Қалқа Жапсарбаев (1886-1976), Лияс Манкин (1880-1954), тағы басқа бірқатар ірі әдебиет тұлғаларының шығармалары академиялық зерттеулердің сүбелі тарауларына қосылды, қазақ әдебиеті тарихына кіріп, талданып бағаланды. Сонымен қатар, осы кезеңде ғұмыр кешкен тағы бірқатар ақын, жыраулар танымал, кеңінен мәлім болса да, ғылыми-зерттеу нысанасына ілінбегені де шындық. Қолжазба қорларында, республикалық мұражайлар мен кітапхана қоймаларында жүздеген авторлардың қолжазбалары, шығармаларының көшірмелері сақталған. Олар негізінен біртіндеп жарық көріп отырғанымен, ғылыми зерделеуден өтпегендері баршылық. Әрине, соншалықты мол қолжазба мұралардың барлығы бірдей көркемдігі, идеясы, тақырыбы жағынан аузымен күс тістеген жүйріктер десек те шындыққа жанаспас еді. Олардың қатарында әуесқой әдебиетшілік те, қайталаулар да, жәй өлеңшілік жөнімен жазылған дүниелер де кездеседі. Оның бәрін әдебиет тарихына қосу немесе қазақ әдебиетінің тынысын білдіретін туындылар ретінде саралау да әділдік болмас еді.

ХІХ ғасыр әдебиетінің екінші жартысын қамтитын бұл кітапқа жеке ақындар шығармашылығына арналған монографиялық

тараулармен қатар, бірқатар белгілі, әдебиеттануда қарастырылып, белгілі дәрежеде көзқарас қалыптастырған ақын, жыраулар мұрасы мен ерекшеліктері туралы қысқаша шолу ұсынғанды жөн санадық. Бұл ақындар да өз тұсындағы әдебиет дәстүріне сәйкес түрлі жанрда, дәстүрлі әдебиет үлгісінде ой толғаған тұлғалар. Сондықтан олардың жалпы шығармалары туралы сөз қозғалғанда, кейбір өзіне тән басты ерекшеліктері де айтылады.

Ақындар шығармашылығына қатысты шолуды жазуға С.Негимов, С.Дәуітұлы, З.Қоспақов, Қ.Раев, Т.Әлбеков сынды зерттеушілер қатысты, сонымен қатар, Қ.Сыдықовтың, Б.Ақмұқанованың, Р.Ахметовтың еңбектерімен толықтырылды.

\* \* \*

*Арыстанбай Тобылбайұлы (1811-1880)* ХІХ ғасырдың басында Көкшетау облысында (ескі атауы Көкшетау округі, Қойлы – Атығай болысы)<sup>2</sup> туып, сол өңірде қайтыс болған. Орынбаймен айтысында ақын әкесінің би болғанын мәлімдейді. Арыстанбай Шөже, Орынбай сияқты атақты сөз шеберлерімен замандас болған және олармен әркез айтысып, өнер салыстырады. Ол бастапқыда кәсіп іздеп, сауда керуендерімен көп жерлерді аралайды.

Қоқан, Созақ, Ташкенттің мұнда қалып,  
Барғанымның алысы – Үргеніш, Бұхар деген, –

деп оны өзі де айтқан.

Сондай бір алыс сапардан оралып келе жатқанда Кенесары қолына түсіп қалған Арыстанбай туған жерімен қоштасады. Ақындық өнерінің күдіреті арқылы ғана басына бостандық алады. Оның Ұлытау даласына шығарылған экспедицияға қатынасқаны туралы да мәлімет бар.

Өзімен замандас көптеген ақындарға қарағанда ол ғалым зерттеушілер назарына ерте ілінеді. Алғаш оның есімі Шоқан Уәлихановтың “О формах казахской народной песни” деген мақаласында аталады. Шоқан оны сол заманның ірі сөз шеберлерімен қатар қояды. “Қырғыздар арасында маған екі жыр мәлім, оның біреуі “Ер Көкше – Ер Қосай” аталады. Мұнда Уақ руынан шыққан Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосай батырлардың күшті Қыпшақ руына қарсы соғыстағы ерліктері суреттеледі. Жырдың тарихилық мәні шамалы, ондағы батырлардың аты бізге беймәлім болғанымен, өлең соншалық

күшті де үнді. Жыр түгелдей қызықты және оның үстіне жырдың бірінші бөлімінде қаһарманның айқаста жеңіліп, қатты жараланып өлуі де әсерлі. Кейін оның ұлы Ер Қосай қыпшақтардан кек алады. Көне замандағы қыр жауынгерлерінің соғыс айласы мен әдісі түгел сипатталуының бір өзінен де жырдың мәні көрінеді. Менің тұсымда бұл жырды қырда Көкшетау округі, Қойлы – Атығай болысының (қазақ) қырғызы Арыстанбай ғана білетін.

Өкініштісі осы қызықты жырды жазып алуға уақытым болмады,<sup>3</sup> – дейді Шоқан ол туралы.

Қазақ жерін біраз аралап, халық әдебиетімен жақсы танысқан. И.Безверхов: “Әнші ақын – сөзге ерекше дарынды, тапқыр, қиялы жүйрік және поэзияға ерекше қабілеті бар адам. Мен қырда Арыслан (орысша, яғни, «лев»)» атты бір тамаша әнші ақынды білетін едім”, – деп өзінің осымен қалай танысқанын айта келіп, Ұлытауды аралаған экспедицияға еріп біраз жүрген Арыстанбай жөнінде: “Топ бастығы қонған жерде, іші пысқанда оны шатырына шақырып алып, ертегі мен аңыздарын көзі ұйқыға кеткенше тыңдайтын. Жорық пен аялдамаларда Арыстан ашық, әдемі дауысымен халықтың көне тарихынан алынған уақиғаларды, бақытты не азапты күндер... туралы жырлап, әншілік өнерімен тыңдаушыларын таң тамаша ететін”, – деп сүйсіне әңгімелейді<sup>4</sup>.

И.Безверхов әнші ақынның тапқырлық, шешендікпен бірге, көркем сөзге ерекше қабілеті болғанын да жоғары бағалайды<sup>5</sup>. Бірақ оның дербес өлеңдері қолға түспей отыр. Сонан соң Арыстанбайдың айтысы 1910 жылы басылып шықты деген дерек бар<sup>6</sup>. Революциядан кейін оның Орынбаймен айтысы “Жаңа әдебиет” журналында, соғыстан кейінгі жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған айтыс жинақтарында<sup>7</sup> жарияланды. Арыстанбайдың аты тарихта ертеден белгілі болғанымен, оның мұрасын зерттеу кешірек, қолға алынғандықтан, азды-көпті пікір баспа бетінде соңғы кезде ғана көрініп жүр<sup>8</sup>.

<sup>3</sup> Ш. Уәлиханов. Аталған еңбегі. 280-281-б.

<sup>4</sup> Киргизская степная газета. 1893, 16 апреля.

<sup>5</sup> ӘӨИ қолжазбалар қоры. 726-папка. 179–198-б.

<sup>6</sup> Айтыс. А., 1965, 1-т., 540-б.

<sup>7</sup> Айтыс... 161–163-б.

<sup>8</sup> С. Мұқанов. Халық мұрасы. А., 1974, 27-193-б.; Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. 1967. 162-б.

Сөзі ел арасында ертеден тарауы себепті фольклорлық экспедициялар жинаған материалдар<sup>9</sup> ішінде де ақынның айтыстары жиі ұшырайды. Оның, әсіресе, белгілі айтыс шебері Орынбаймен сөз сайсы кеңірек таралған. Олардың кездесуі көп билер жиналған үлкен жиында өтеді де, сөзді алдымен Арыстанбай бастайды. Айтысушы ақындардың екеуі де өте сыпайы. Әсіресе Арыстанбай Орынбайға “жарқыным”, “Орынбайым”, “жан шырағым” деп үлкен құрметпен тіл қатады. Сөйте тұра оған “Көрген-білгенің аз, Семейден ұзап шықпадың”, – деп сын айтады.

Молда емессің мал жиған кәләмменен,  
Жұрт алдына шықпассың жегенменен.  
Менің әкем Тобылбай би кісі екен,  
Мен сендей тіленбеймін өлеңменен<sup>10</sup>, –

дейді ол. Дегенмен қарсыласының “би болған әкеңнің жолын қумадың”, – деген сөзінен тосылып, жеңілгенін мойындайды. Жеңілген жерінде Арыстанбай абыржымай:

А, жаным, биден артық қызыл тілің,  
Өлең жақтан жоқ екен ешбір мінің,  
Билер сенің сөзіңе езу тартты,  
Сөзің асты, сөйлей бер, жүйрік інім<sup>11</sup>, –

деп парасатпен жауап береді. Оның бұл сөзінде ұтылғанын мойындай білген парасаттылығы да, сөз өнерін қастерлейтіндігі де мол аңғарылады.

Ақынның айтыстары да көркем туындылардың қатарына жатады. Оның айтыстағы жүйріктігіне тарихшы, әдебиетшілердің берген бағасына қарағанда, өз тұсында талай өлең, жыр шығарғаны даусыз. Бірақ, Арыстанбай туындылары да өзге ақындар мұрасы сияқты бізге түгел жетпеді. Тек Кенесары Қасымов тобының қолына тұтқын болып түсу оқиғасына байланысты шығарған көлемді жыры сақталғанын жоғарыда айттық.

Сол тұстағы қазақ әдебиетінде сиректеу сюжетті

<sup>9</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 411-папка. 4-дәптер; 506-папка. 149-б.; Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қорындағы 272-қолжазба. 5-дәптер. (1926 жылы Серкебаев Бекмағамбет тапсырған осы қолжазбаның 2 дәптерінде 1941 жылы Ф.Ғабитова жинаған нұсқасы да бар).

<sup>10</sup> Айтыс. 2-т., А., 1988, 274-б.

шығармалардың қатарына жататын бұл жыр белгілі уақиға желісімен, кейіпкерінің азды-көпті өзіндік сипаттарымен көркем поэмаға қойылатын талапты біраз көтереді.

Шығарма желісі былайша өрбиді. Жырдың басталуында тарихта Абылай хан өткені, енді Кенесарының алыс-жақынды, төңірегін уысында қатаң ұстап отырғаны баяндалады. Осы кезде жиырма бес жасында Ташкенттен Қызылжарға оралып келе жатқан Арыстанбайды хан адамдары ұстап, малдарын, мүліктерін тонайды, өздерін тұтқынға алады.

Арыстанбай бұл поэмасын өзінің басынан өткен жайдың ізімен іле-шала шығармай, көргенінің баршасын сарапқа салып, ойланып, оны Кенесары қозғалысы салдарынан туған аласапыран жағдаймен, халық тағдырымен жанасты қарастырады. Ақын баяндалып отырған оқиға, құбылыс, адам әрекеттерінің қай-қайсысын да басынан аяғына дейін нақты көзқарас тұрғысынан суреттейді. Өзінің осы ойын жеткізу үшін поэмасын шағын кіріспемен ашады. Кіріспе екі түрлі міндет атқарады, бірі – баяндалмақ оқиғалар тұсындағы жағдайды (жалпы фон) көрсететін болса, екіншісі – суреттелетін адамдар мен олардың қылығына тындаушы мен оқушылар назарын күн ілгері дайындау.

Керуеннің қамалуы, өзінің тұтқындалуы Кенесарының бұйрығымен болғанын, ал, ханның барша әмірін жүзеге асырушы төлеңгіттер екенін ақын әрдайым атап отырады. Шығармада төлеңгіттердің аты-жөні аталмай:

Жүйрік атты жүгірткен барқын екен,  
Төлеңгіт бізді ұстаған әркім екен, –

делініп, әр жерден құралған ретінде сипатталады. Төлеңгіттердің әрқайсысы мінез-құлқы жағынан оқшауланбаса да, әлденеше жүздеген адам тобыры баршасына ортақ сипатымен көрінеді.

Шұбыртып мал біткенді санап тұрды,  
Ұмтылып қолы жеткен талап тұрды.  
Қылармып пешік айла мұшша көпке,  
Жиылып бес жүз жігіт қамап тұрды, –

деп суреттейді.

Дастанда Кенесары мен төлеңгіттерден кейін көрінетін адам Арыстанбайдың өзі. Бір ғана оқиғаның тұсында көрінгенімен, ақын бейнесі де өзіндік қырымен ашылған.

Жеткенде жиырма беске Ташкен бардым,  
Қамалып бір қыс, бір жаз сонда қалдым.

Жігітке мал табу қиын екен,  
Күн өтіп маңдайымнан өле жаздым<sup>12</sup>, –

дейді ол. Бұл жолдардан оның тұрмыс қажетімен мал табу, тірлік амалын іздену әрекетінде жүргенін көреміз. Осы жағдайда Кенесары жасақшыларына кезігіп, тұтқын күйіне түскен сәтте ол екі түрлі бейнеде көрінеді. Әуелі кенеттен душар болған қатерден “бір айла шыбын жанға бола ма деп”, – деп жасақшылар ішіндегі батырлардың бас-басына өтініш айтып жалынады, жалбырынады. Сөйтсе де ақындық намысы жоғары Арыстанбай:

Өлтірсең көп қинамай жылдам өлтір,  
Қинадың бір жанымды иттей талап, –

деп төлеңгіттерді тілдейді әрі арланады. Алғаш қолға түскен кезде қарсыласып, қайрат көрсетпегеніне өкініп:

Ақ мылтық қолыма алып атпай қалдым,  
Көк бесті ат бір асуға шаппай қалдым.  
Мен дағы жастығымды ап жатар едім,  
Бір ақыл қапияда таппай қалдым<sup>13</sup>, –

деп опық жейді.

Оқиға тұсында ақын өзінің нәзік сезімдерін де анық көрсетеді. Мысалы еліңмен, жеріңмен қоштас дегенде туған елі, өскен жері, жұрты, ата-ана, жарымен елжірей егіле қоштасып, оларға деген махаббат, сүйіспеншілік сезімдерін тебірене толғайды. Олардың әр қайсысына лайықты жылы сөздер табады.

Жырдың көркемдігі қандай десек, мұнда да өзіндік белгі, сипаттарды табуға болады. Бұлар, әсіресе, жырдың кейіпкерлерді мінездеуге, оқиғаларды суреттеуге байланысты беттерінен айқырынырақ көрінеді. Автор ауыз әдебиетіндегі қоштасу өлеңдерінің тәсілдеріне сүйене отырып, өз басынан кешкен ыза, кек, қасіретті әсерлі бейнелеп, жеке адамның елі мен жері, ата-ана, бауырларына деген сүйіспеншілік сезімдерін суреттеудің жақсы үлгісін береді.

Арыстанбайдың бізге жеткен жалғыз шығармасының өзі оның кезінде үлкен ақын болып, көркем сөз өнеріне өзіндік үлес қосқанын дәлелдейді. Оның шығармаларын әлі де іздеу, табу – алдағы күндердің міндеті.

*Ноғайбай Сүлейменұлы (1831-1914)* – қатал тағдыр жарық дүниені көретін көз бермесе де, дүние жалғанның шыңырау түкпіріндегі өмір заңдылықтарын ішкі түйсікпен сезініп,

<sup>12</sup> Бес ғасыр жырлайды. 1-т., А., 1989, 256-б.

<sup>13</sup> Сонда, 258-б.

сұлу жырдан сөз өнерінің қайталанбас асылдарын туғызған, табиғат ерекше қабілет берген дарын иесі. Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан өңірінде туып, Ақсутта қайтыс болған. Өр Алтайдың асқақтығын бойына дарытқан, Зайсанның тереңдігін ойларымен астастырған аса сезімталдығы ақын-әнші Ноғайбайдың бізге жеткен мұраларынан ақындық ерекше болмысы ол туралы жазылған түрлі деңгейдегі еңбектерден де айқын аңғарылады. Мәселен, бұл туралы орыс ориенталисі А.Ивановскийдің ХІХ ғасырдың соңында қазақ даласын аралап жүргендегі Ноғайбаймен кездесуін сипаттайтын мақаласында ерекше бір тебіреніспен жазылады. Ол өзінің “Этнографическое обозрение” кітабының ІІІ басылымындағы (Москва, 1889) “Киргизский народный поэт – певец Ногайбай” атты мақаласында атағы жер жарған жасампаз тұлғамен бетпе-бет кездесуі жөнінде былай дейді: “Қазақтың даласы қандай кең байтақ болса, осы атақты ақынның (әншінің) даңқы да сондай кең тараған. Ертістен өтсең болғаны, онда бұл есімді білмейтін бірде- бір түкпірді ташпайсың. Зайсанның немесе Шіліктің кең алқабымен жүріп келе жатсаң да, Түйетас немесе Сарытау асуларынан ассаңыз да, Алтай, Сауыр немесе Тарбағатай тауларының адам жүре алмайтын терең сайларына сүңги түссеңіз де немесе Аспан әлеміне баруды қиялдасаңыз да-барлық жерде осы ақын-әнші туралы естисіз.

“... Көңіл күйін шертетін, лажсыз қайғыға толы сондайлық игілікті мол материал берген бұл “Жатақ” әнінде Ноғайбай өзінің барлық ой ниетін ағыл-тегіл төгіп, қасіретті жүрегін біраз жеңілдеткісі, шерін тарқатқысы келіп еді. Шынын айту керек, әрі ақын, әрі әнші, оның үстіне “даланың жабайы ұлы” Ноғайбай менің күткенімнің бәрінен асып түсті. Ол бұл жерде бүтіндей көз алдымда. Кемеліне жетіп, толысқан оның асқан күшті дарыны мені таң қалдырды...”

Ноғайбай поэзиясында басқа да сарын бар екенін байқаймыз. Өз халқына сүйіспеншілігі, оған шексіз берілгендігі, егер керек болса, халық үшін жанын қиятыны өлеңдерінен айқын көрінеді. Бұл өлеңдерден барлық қорлыққа душар болғандар өздерімен ниеттес пікір табады<sup>14</sup>.

Шынында, көңіл көзі, көкірек көзі көреген кемел ақынның қай өлеңін алсаңыз да, жарқыраған нұрлы әлем, көк күмбезді сайын дала, тіршіліктің қызығына тоймаған думан-өмір қаз-қалпында суреттеледі. Тек ақынның өз баяндауында терең шермен естіліп қалатын “Көзім соқыр” деген тіркестен болмаса, өлеңінде күдік тудырар күмәнді суреті жоқ осынау ғажайып әлем бүкіл болмысымен тамсантпай қоймайды. Ноғайбайдың өмірлік

<sup>14</sup> А. Ивановский. “Этнографическое обозрение”, ІІІ-кітап, Москва, 1889. стр. 46.

кредосының қазығы болып табылатын “Күдіретті күшім болса” дейтін өлеңінде Алтайдың әсем көркі дәл беріледі:

Өр Алтай, жайлауыңа келер едім,  
Көркінді көзім болса көрер едім.  
Сауырдың сай-саласын серуендеп,  
Жемісін қызыл-жасыл терер едім<sup>15</sup>, –

деп басталатын өлеңінде күн болса, шұғыласын төгіп, қара бұлтты бөгеп, арамдықтың тамырын жұлып, адалдықтың ұрығын егуді армандаған асыл перзенттің арлы болмысы ашыла түседі. Ақын бірде “күс болып шөлдіреген жандарға қанатымен су себуді”, енді бірде “жаңбыр боп, нұр болып төгілуді, жұлдыз болып жануды”, “мөлдіреген ақ күмістей өзен болып сарқырауды” сөйтіп, бақыттың биігіне бастауға, өмірін арнауға дайын екендігін көркем тілмен, адал тілекпен шебер жеткізеді. Арындаған асау Ертістің суын бөгеп, бар еңбегін адамзаттың теңелуі жолына арнауды армандаған ақын Ноғайбай бұл өмірдің мәні адамдардың Алла алдындағы теңдігімен өлшенетіні туралы философиялық түйіндеулерде жатқанын дәйектейді.

Өлең өрімі өзгеше сырлы, көркем болып келетін Ноғайбай шығармаларының шынардай мінсіз, түзу жаратылысын “Қайрау” атты 7-8 буынды шығыстық классикалық үлгідегі өлеңінен де айқын аңғаруға болады.

Асқар тауда асыл көп,  
Аталы сөзде ақыл көп,  
Атадан алғыс алмаған  
Өмірден өгер масыл боп.  
Шөлдесем сусын беретін  
Жан апитын жақын жоқ,  
Мінсең желдей есетін  
Астымда жалғыз атым жоқ  
Ыза мен кекте себеп бар,  
Сылтауын табар асқынса  
Қайралған кекке ақ семсер,  
Мұқалмас, сірә, тасқа ұрса.  
Жанға демеу – асыл тек,  
Қол ұсынар жақын кеп  
Аранын ашып келсе ажал,  
Жан берермін халқым деп<sup>16</sup>.

Толғау үлгісіндегі бұл өлеңнің ішінде қанатты сөзге айналар айшықты ой да, тұщымды тұжырым да, байыпты байлам да

<sup>15</sup> “Еңбек таңы” журналы, № 116. 1985, 14-15-бб.

<sup>16</sup> Сонда.

өзара сабақтасып жатыр. Мұнда, сондай-ақ, ақынның әлеуметтік мәселеге барғаны да көрінеді. Кекке қайралған ақ семсердің тасқа ұрса да мұқалмастай болып тас түйін бекінуі автордың халық үшін аранын ашқан ажалға мойымай қарсы тұруымен шендестіріліп, бір – тұтастықта нақтылана түседі. Дәстүрлі ой толғау сипатында жазылған “Сенемін қайтып елу келмесіңе” өлеңінде жыраулар үлгісімен жас кезеңдеріне қатыстыра өз өмірін тілге тиек еткен.

Ноғайбайдың көлемді шығармасы – “Жұмбақ шай” деп аталатын дастаны. Дастанның қысқаша мазмұны мынандай: “Естіген аңыз бойынша арысы Алтайды, берісі Қалба мен Тарбағатайды, Маңырақ пен Сауырды жайлайтын Найман елінде Бауке деген батыр баба өмір сүреді. Байлығында есеп жоқ Бауке жылқысын жылына бір-ақ рет аралайды екен. “Қойынжардың” кең алқабына иіріп, көз мөлшермен санамай-ақ жылқысын түгендейтін Бауке жаны жомарт, салтанаты елден асқан парасатты кісі екен. Күндердің күнінде Баукеге сый-сияпат беріп тұратын қытайдың ханы Ежен елші жібереді “Егер Бауке маған екі басты ат сыйласа, мен оған өз жерімнен үлкен үлес беремін”, – деп, сәлем айтады. Бұл сөздің астарын түсінген Бауке жылқыларын аралайды. Жылқы ішінен бір жағы ақбоз, бір жағы мақпал қара екі саяқты ұстап, екі басты ат деген осы ғой” – деп Еженге сыйға жібереді. Елшілікке Тәбет деген тілмаш барады. Ежен хан аманат ретінде Баукеге арнап тәтті шай мен зор дәреже белгісін жолдайды. Бұл “Жұмбақ шай” мол өрістің куәсі ретінде Еміл бойындағы кең қоңыстың шекарасын белгілейтін құпияны білдіреді екен. Сұм құлқынның құлы болған Тәбет жолда екі жамбы күміске шайды сатады. Бұл хабарды Досан батыр естіп ең үлкен сыйлық алынбай қалғанын хабарлайды. Бауке Тәбетті ел қарғысы оңдырмас деп жанынан аластайды. Соңында “Жұмбақ шай” аңызы бойынша қазақтың біраз рулары Еміл асып қоныстанған екен”. Осы аңыз арқылы Ноғайбай ел-ішіндегі Баукеге қатысты өлмейтін өнегені, Тәбетке қатысты сатқындық пен озбырлықты жырлауды мұрат еткен. Тілі көркем, мазмұны терең бұл дастан халық аузында әлі де сақталып келеді.

Ноғайбай ақынның аты қазақ даласында сөз өнерінің биік шыңы болып саналатын айтыс жанрына қатысты да сақталған. Оның Зылиқамен, Айбаламен сөз жарыстыруы – тапқырлықтың, өткірліктің, суырып салма қабілеттің шынайы үлгісі.

Зылиқа Ноғайбайдың кемшілігін қазып, мұқатпақ болып, оның мінін термелейді. Жалпы, айтыс Қара Ертіс бойындағы Сарманат елді мекендегі Шаумай қажының ауылында Әбубәкір бидің үйінде болады.

Ноғайбай:

Есерсоқ Зылиқа той-тойлаған,  
Суық жүріс әдетін бір қоймаған.

Жол жағасы бір түп ши пана тапса,  
Кім көрінген сүйрелеп, сор қайнаған.

Зылиқа:

Көзі соқыр, кейіпсіз түрі шұбар,  
Кеудесінде жапы бар тірі шығар.  
Кім екепін білмеймін, кез келіпті,  
Өсек-аяқ тергеннің бірі шығар<sup>17</sup>.

Жазушы Ә.Д.Нілібаевтың<sup>18</sup> төгіле жазған ішкі толғанысы Ноғайбай жырын оқыған әр адамның көкейіндегі ойды дәл береді. “Өр Алтай жайлауында келер едім” деген Ноғайбай өлеңін талдай келе автор былай дейді: 1. “Не деген төгіліп тұрған өлең, егіліп тұрған жүрек, кемелді көркемдік! Өз басым осы сөздерді ақын атамыздың жыры жариялана бастағаннан бері талай адамнан естідім...”, 2. “...Төгіліп тұрған лирик Ноғайбай – кең тынысты эпикалық жолға да барған ақын”..., 3. “Ақындық аса қасиетті құбылыс, табиғаттың адамға берген биік беделі, асқақ абыройы. Шын ақынның шынайы жыры-тот баспас алтын, тозбас мүлік, қымбат қазына. Мұның дәлелі-Ноғайбай жыры. Міне, ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның жыры ХХІ ғасырға бара жатқан ұрпағымен қауышып табысып отыр”, 4. “...Таң қаларлық жай ойға оралады. Неліктен жанардан мақұрым болған сонау көне замандағы Гомер мен Әл-Мағри ұлы болған. Иә, олардың жанары болмаса да көкірегі оттай алаулаған асыл жырлары болған! Демокрит деген ертедегі грек елінде ұлы философ болған. Ол дүние шарын жаяу кезіп, өмірдегі небір жаман қылықтарды, көзімен көріп көптеген философиялық еңбектер жазған. Сол ақылды ойшыл 110 жастан аса өмір сүріп соңына қарай өз көзін өзі жойған Ноғайбай тағдырында да көп оған ұқсастықтар бар”.

Ноғайбай шығармашылығын ел есінен шығармай, оның кең танылуына зор еңбек сіңірген Ә.Д.Нілібаевтың жоғарыдағы ойлары ақын мұраларының әлі де зерттелетініне сенім қалыптастырады. Бір ғана Алтай өңірі емес, қазақтың сайын даласына сөзі тараған тарлан ақынның талантты еңбектерін танытуда зертеушінің қосқан зор үлесі өз алдына бір бөлек әңгіме.

Қорыға айтқанда, Ноғайбай Сүлейменұлы Құлыбайдың

<sup>17</sup> Сонда, 6-б.

<sup>18</sup> Ә.Д.Нілібаев. “Еңбек таңы” журналы (Қазақ зағиптар қоғамының органы) № 2, № 3, № 4, № 5, № 6, 1993.

ақындық мұралары әлі де жүйелі зерделеуді қажет етеді.

ХІХ ғасырдың жыр дүлдүлі қатарында саналағын Ноғайбай есімін ардақтау жасанды сөз, жалған ұран болып қалмау үшін және ақынның қазақ әдебиетіндегі өз орнына лайық бағалануы үшін оның шығармашылық әлемі әлі де ашыла түсуге тиіс.

*Кемпірбай Бөгембайұлы (1834-1895)* – айтыс ақыны. Ел ішінде Кемпірбай айтты дейтін азды көпті жекелеген шумақтар қалғанмен, оның аты Шөжемен, Тезекбаймен, Әсетпен, Жәмшібаймен арада болған сөз қақтығыстары мен айтыстарының нәтижесінде халық арасына кең тараған. Бірде халық мұның жырлаған дүлдүл айтыс ақыны, енді бірде жеке ру атынан сөйлейтін от тілді орақ ауызды шешен деңгейінде танылады. Ал, енді бірде мысалы Әсетпен айтысында, өнерлі ұлы тұлғаның ішкі жан дүниесін асқан шеберлікпен жеткізген дара тұлға деңгейінде ішкі мұңын жеткізуші сипатында танылады.

Кемпірбай Бөгембайұлы 1834 жылы қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған. Халықтың суырып салма айтыс өнерінің қайталанбас інжу-маржанын сомдап берген ақындық нәзік сезіммен айбарлы өр болмыс бір бойында шебер тоғысқан Кемпірбай ақынның сөз сұлулығы мазмұн тереңдігімен жарасымды қабысып отырған. Ол өз өлеңдеріне үлкен талап қойып көркемдік айшықтарды орнымен, жарасымымен жеткізе біледі.

Мысалы, оның өзін таныстыратын өлеңінде

Бөгембай – әкем аты, мен – Кемпірбай,  
Өзге ақын мен сөйлесем, тұрар былай.  
Талабым тәңір берген таудан үлкен,  
Алмаса өз бақытын қайтып құдай<sup>19</sup>.

деген жолдар Кемпірбайдың өз қабілетіне ақындық қасиетіне сенімділігін көрсетеді. Сондықтан да ол кіммен айтысса да өр мінез, сергек ой танытады.

Шөжемен айтысында “Бабамның әруағы қонған”, “Тәуекел дариясынан бетімді жудым” дей отырып ой жарыстырып өктем сөйлейтін тұстары да мол. Бірақ Кемпірбай Шөже секілді дара тұлғамен сөз қақтығыса отырып өзі сенен асып тұған баламын – деп қанша батыра сөйлегенмен жеме-жемге келгенде Шөже ақынның бұлғартпас дәлелі мен ақындық ойына жығылады. Сөзге шебер ақынның ең үлкен қасиеті де оның орынды сөзге тоқтай білуі болса керек. Сондықтан да Кемпірбай:

Келіп ем бұл жиынға өктемделіп,  
Жүруші ем қу соқырдан секемделіп.

<sup>19</sup> Қазақ және әлем әдебиеті. № 2-3, 2004, 18-б.

Бағасы жоқ соқырмен айтысам – деп  
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп<sup>20</sup> –

деп мойындайды. Кемпірбай ақындығы шешендік дәстүрдің бүгінде ұмтыла бастаған осы бір ізгі жолын айқын көрсетуімен де үлгі.

Әсет пен Кемпірбайдың бақұлдасу сөзін кейбір әдебиеттерде айтыс жанрына жатқызып жүрген жайы бар. Біздіңше, бұл әлеуметтік – тұрмыстық шешендіктің ішіндегі біздің ұлттық ізгі дәстүрімізден көңіл сұрау сипатындағы қос ақынның көңіл шерін тарқатқан аса бір қимастық күймен берілген. Сөз көркемдігінің биік шыңы. Өйткені Әсет сөзінде ажал алдында жатқан ағаның көңілін сұрай отырып артындағы қалың алаштың оған деген сағынышын қимастығын жеткізетін аманат сөздей айтылады. Әсет ақын “Нар Кемпірбай”, “Аспанда айнала ұшқан ақ сұңқарым”, “Алашқа атың шыққан қыраным-ай” деп айырықша көтермелеп ауру деген даусыз дертке, Алланың жайған торына қайдан түстің дегендей мұң шертеді. Сол кезде Кемпірбайдың ажал ауызында жатса да соңғы күшін жиып бақұл айтатын байыпты сөздері халықтың жүрегін де өшпестей орын алған арынды дүлдүлдің соңғы бір тұяқ серпісіндей әсер қалдырады. Айрылысарда аузыма ақ сөз салсын деп өлең – киеге табынып жыр тиетін ағытады.

Қынабынан суырған Нар кескендей қызыл тіліне Әсет сынды ақын бауыр көңіл сұрай келгенде шабыттана ерік береді:

.. Өлсем де “Көк кептерге” бір соғайын,  
Қу тақтай екі шекті әпер бері...

... Кемпірбай бұл дүниеден көшіп кетсе,  
Білемін енді өзімдей ұл тумасын...

... Жай тастап құлағымды алып жылдам,  
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.

... Үпса да қанат байлап аспанменен,  
Өлімнің кім құтылар құрығынан...

дей отырып өзінің бүкіл ақындық ғұмыр жолын алты ауыз сөзге сиғыза жырлайды. Өмірінің соңғы сәтінде асыл ақынның Алланың жазуына көнгенімен, кәрі жолдасы өлең-өнерді қимайтын сезімі селдей төгіледі. Ол:

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманатын берем білем.

Кеудемнен көк ала үйрек “Хон” деп ұшты  
Сол, піркін, кәрі жолдас – өлең білем<sup>21</sup>, –

дегенде ақынның ғана аузынан шығар асқақ ой, рух үлгісін бірауыз сөзге сидырған айырықша тектілік көрсетеді. Бұл ажал аузында да ақынның ақын боп қаларын дәлелдеген сұлу сәт.

Кемпірбай айтыстары әр жылдарда жарық көрген жинақтарда жарияланып отырған. Мәселен Әсет ақынмен айтысы 1925 жылы Семей қаласында шыққан “Таң” журналының бірінші санында жариялады. Кейінірек бұл айтыс қазақтың аяулы азаматы Сәкен Сейфуллин құрастырған. “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” жинағында 1931 жылы қайта басылды. Сондай-ақ бұл айтыс халық ақындарының әр жылдарда шыққан жинақтарында, атап айтқанда, 1939, 1948, 1965 т.б. жылдардағы басылымдарда дүркін-дүркін жарияланып отырған. 1989 жылы “Жазушы” Баспасынан шыққан екі томдық “Бес ғасыр жырлайды” атты 2-ші томында енгізілген. (Құрастырушылар: М.Байділдаев, М.Мағауин). Ал 1988 жылы Әсет Найманбаевтың шығармалар жинағында Кемпірбай екеуінің айтысы берілген. Филология ғылымының докторы, профессор Болатжан Әбілқасымов осы айтыс жөніндегі түсінігінде бұл айтыстың Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорларында Т.Ахтанов, А.Әміров, Х.Байысов, М.Жапақов, О.Нұрлыбеков тапсырған бірнеше нұсқаның бар екенін көрсетеді. Құрастырушы жинаққа алынып отырған мәтіннің авторы Бейсетбек Бейсебайұлы екенін атап өтеді. Бұл түсініктегі және бір жаңа дерек – Кемпірбай мен Әсет айтысының белгілі ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым М.Ғабдуллиннің “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” хрестоматиясында “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланғаны жөнінде айтылғаны.

Құлан Алдабергенұлы (т.ж.б–1873) қазіргі Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Ақтөбе аулында туып-өскен белгілі ақын. Болашақ ақынның әкесі күн көріс азабын шегіп жүріп, дүние салған. Осыдан Құлан (толық аты Құланбай) қабырғасы қатпаған бала шағында-ақ жетімдік зардабына кезіккен. Бірақ зерделі, пысық, ұғымтал Құланға ауыл ақсақалдарының назары бірден ауады да, оны қамқорлыққа алушы ағайындары қолдап, жөн-жосық көрсетеді. Ақын жасып жабықпай, ақ көңіл, зерек жас боп өседі. Аулында болып жататын қыз ұзату, келін түсіру т.б. ойын-сауықтардан қалмай, ересек арасында, ақылды, ойлы сөзден түйін түйер шешендермен кезігіп, кейін атақты ақындар тобына қосылып ел аралайды. Сауық-сайран құрып, талай тарландар ортасында тайынбай сөз қозғап, батыл тіл



қатар дәрежеге жетеді. Кезінің кемел жыраулардан сөз үйреніп, халықтық ақындар мектебінің тәрбиесін алады. Өз бетімен іздене жүріп сауатын да ашады. Оқи-жаза білуі арқасында тек жаттамалы халық шығармашылығына ғана емес, соған қоса жазба әдебиет үлгілеріне де қолы жетіп, шығыс елдеріне белгілі ақындардың еңбектерімен танысады. Кезінде көп тараған қисса-дастандар, ертегі-аңыз, жыр, классикалық шығармалар сюжеттерімен табысады. Осының арқасында Құланның ой-өрісі кеңейіп, тез жетіледі. Тек қана ұйқас қуған өрісі тар, білімі кем ел ақындарынан әлдеқайда жоғары, парасатты ақын ретінде танылып, халық назарын өзіне ерте-ақ аударады.

Құланның өзінің жас шағында-ақ айтысқа түсіп, өзі тұстас ақындармен өнер жарысынан өтеді. Мысалы, ол 15-16 жасында Шегір деген тіс қаққан ақын келіншектен сөз қағысады. Шегір оны баласынып менсінбей сөйлейді.

Шегір:

Шапқанда боз озбай ма, буырылдан,  
Өлеңге тіл-көмейім суырылған.  
Дулатқа атым пыққан майталманмын,  
Жылжысам жер танабы қуырылған.  
Тұсыма Қоңырат бала келе қапты,  
Кісінің бойы аспайтын иығынан.  
Шадыр мінез біреу рой деп білемін,  
Сөз тастайды көзінің қиығынан.  
Сыпырып томағамды қоя берші,  
Қалам ба орта жүздің құлынынан...<sup>22</sup>

деп, өктемдік білдірген кезде, оның желіккен көкірегінен басар сөз тауып, кейбір асқақ сөздерін іліп алып, қарама-қарсы тұрар бейнелі өткір өлең айтады. Өзін түйғынға, ал Шегірді жай ғана қарабай құсқа ұқсатып:

Біресе құс, біресе болдың тұлпар,  
Жүзінді бір көргенше болдым іңкәр.  
Қарабай құс көлбендеп ұша берсе,  
Біздей түйғын желкеден бір-ақ қырқар.

Аптығып сөз жүйесін таба алмайсың,  
Қоңыраттың баласы деп табалайсың.  
Жеңеше-ау сен әдепті кісі болсаң,  
Бөтенге баждақ-баждақ қарамайсың.

<sup>22</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 338-бума, 1-дәптер.

Әрине, үлкен емен жас баламын,  
Үлкен боп менен есе ала алмайсың.  
Базарда байтал арзан, айғыр қымбат,  
Менен сен мыңнан салса оза алмайсың! –

дейді.

Құланның жас кезіндегі айтыстарынан бізге жеткен екінші туындысы – Пернеқыз ақын қызбен айтысы. Шығанақ деген жерде өтіп жатқан үлкен той үстінде кезігіп тілдескен екі ақын өздерінің тапқырлықтарын танытады. Үшқыр ой, төкпе жыр, шешен сөздерге әуес жастардың алғашқы қанат қағыстарынан күә боларлық шығарма туады. Екі жастың ғашықтығы, сүйіспеншіліктері ашылып, олардың арасында бесік құдалығының қалың малы бөгет болады.

Ақынның жас шағындағы бұл айтыстарының өзі жастық сезімдерді ғана білдіріп қоймай, кезіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді әшкерелейді. Сондай-ақ ақын суырып-салма өнеріне жетіліп қалғандығын да танытады:

Алманың көгін тастап, ағын жейсің,  
Сен маған басыңды қос, бағын дейсің.  
Сандалған Сордан Сырға мейман бала,  
Айтсайшы, жұмысыңды не қыл дейсің?

Құланның:

Күлгенге жұрт ыржиып күлесің бе?  
Ер жетсең де жасың деп жүресің бе?  
Келемін Сордан сырға сұлу іздеп;  
Өмірлік жар боп мені сүйесің бе?..  
Пернежан көңіл толды сүйгеніңе,  
Ешкім кінә арта алмас бұл жөнінде.  
Таң атса тағы біреу ұстап қалар,  
Кетелік сездірместен түнде бірге<sup>23</sup>.

Жастық жүректің қылын шерткен махаббат лирикасы ақынның айтыстан басқа арнауларынан да мол кездеседі. Мысалы, “Құдайдан қатын сұраймын”, “Тұлжиһанға” толғау, арнаулары ғашықтық сезімге құрылған әсерлі, бірін-бірі сүйген жандардың ыстық ықыластары мен ниеттеріне толы.

Ашықтық сөнбейтін от ішімдегі,  
Басқаның қиын оған түсінбегі.  
Өр келсе өрге салар бір жоқшыңмын,  
Түсің мен құмар еткен ісің мені...

<sup>23</sup> Құланның Перне. // Айтыс. 1-т., А., 1988, 188-191-бб.

Бір көріп жамалыңды жан берейін,  
Алдымда наз қылықпен дидарласшы.  
Біздің де артымызда қалсын сөз боп,  
Жүсіп пен Зылихадай құшақтасшы<sup>24</sup>.

Ақынның ғашықтық-әлеуметтік лирикаларында да, басқа арнау-толғаулары да достық, адалдық, адамгершілік идеяларымен қабысып, кезінің озық ойларымен үндеседі. Адамның басқа хайуанаттан өзгешелігі сол адамгершіліктерінде, жат мінезден, озбырлықтан аулақтығында деп, тату-тәтті, ағайыншылықпен өмір сүре білуінде, адамдық ар тазалығы, қарасқыштық екенін жырлайды. Өзінің “Қызыр көрген деседі” өлеңінде ағайын арасының татулығын көксейді. Әр түрлі жат қылықтарды сынап, ел арасын өсекке шатып жүретін бұзықтарды әшкерелейді.

Ер азамат үшін қымбат нәрсе адал достық, берік жолдастық деп, әр тұста, әсіресе ер басына қиындық туған шақта бір жерден табылып, достық сертіне берік болғанды жоғары бағалайды. Шынайы достыққа негізделген, адал сырластықты аңсайды.

Өзінің “Бұл дүниеде не ғаріп” деп басталатын толғауында ақын дүние, өмір мәселелерін сөз қылады. Асыл сөз, қадірлі бұйым бағасын білгендер үшін ғана қадірлі, ал парықсыз жандар ондай қасиеттілердің қадірін біле бермейді. Асылдың қадір-қасиеттерін білу үшін парасат керек екенін тура тұспалдап, әдемі бейнелейді.

Бұл дүниеде не ғаріп,  
Ақ жібекпен көмкерген.  
Шии мақпал кіреуке,  
Қадірін біліп тұтпаса,  
Асыл дүние бұл ғаріп,  
Маңызын біліп ұқпаса.  
Дүррі гауһар сөз ғаріп,  
Замандасы болмаса.

.....  
Құяр саға сарқылса,  
Айдын шалқар көл ғаріп...

“Әйелдер бар әртүрлі” – деп басталатын толғауында ақын жақсы әйелдің бейнесін жасайды. Әйелдің үй ішінде қандай орын алатынын, азамат-ерге қолқанат, адал жар болу арқылы қоғамдық роль де атқаратынын танығандай болады. Жақсы жар ер жігіттің ырысы болып, оны мұратқа жеткізеді деп, ардақтайды.

Әйел үйдің қақпалы қорғаны екен,  
Ләпсі адал жігіттің жан-жары екен.  
Келген жерін мінезі сүйсіндірсе,  
Бір ері емес сол елдің ардағы екен.  
Ақылына ісі сай болып келсе,  
Қосағы Құдай қосқан олжалы екен.  
Аузын ашса сөз емес, дүр төгіліп,  
Тыңдаған үлгі-өнеге алған екен.  
Жайнаса жай тасындай көктен түскен,  
Ондай жармен өмір бақ жанған екен.

Осыған қарама-қарсы “жаман” әйелдер мінезін де даралап бейнелейді. Жастарды бұлардай тәрбиесіз жандардан сақтандырады. “Жаман әйел – шайпау сөз, қазық аяқ” – деп түйеді. Бұндай әйелге бас қосқан бақытсыз үйдің көрінісін көз алдына тартады.

Қатыны жаман қандай-ды,  
Қағып бір төсек салмайды.  
Қаттырақ бір ұрыссаң,  
Көмекейі бұлкілдеп,  
Кеуіп-ісіп барқылдап,  
Қыр соңыңнан қалмайды.

Ақынның кейбір замандастарының жұғымсыз қылықтарын сынай отырып, көпшілікке қарата адамгершілік ақылдар айтудан жазбайды. Татулық, ағайыншылық – адамдар үшін ең қажет, елге береке әкелер қасиеттер. Егер ел одан айрылса, сырт жағына бел алдырып, елдіктен айрылуы да ғажап емес деп ескертеді.

Ойымнан шықпайсыңдар алыс жүрсем,  
Шартарап болар қиял палыс жүрсең.  
Бөлінсең бөріге жем боларсыңдар,  
Қату боп ағайыннан қағыс жүрсең.

Қазақ ішіндегі ел берекесін кетіруші, дау-жанжалдардың ошағы боп, елге өрт салушылардың кім екенін де ақын ашық айта алады. Олардың өзіншіл қара ниеттерінен туған жанжалдарынан сақтандырады. Қазақ ішінде көп тараған жер, жесір, барымта дауларын атап, солардың бәрі белгілі топтың мақсатынаң туатынын көрсетеді.

“Абдолла болысқа” арнауында ақын болыс-ұлықтарға қарата батыл сындарын айтады. Олардың әділ билік жүргізумен ісі жоқ, жемсауларын толтырғаннан басқаны білмей кеткендерін беттеріне басады. Қазақ болыстарының мал үшін еш қылмыстан тайынбай, елдегі дау-жанжалды басудың орнына, оны өршітіп, апасынан алып алып жататындарын ашық айтады. Бұлар өсекшілерге

<sup>24</sup> М. О. Әуезов ағындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 338-бума, 1-дәптер. (Өзге өлеңдер осы қордан алынатын болғанлықтан, ендігі жерде бұларға жеке сілтеме жасалмайды – ред.)

жанжалдарды олар екі итгі таластырғандар сияқты өшіктіре түседі. Үстемдерді батыл сынап, оларды жыртқыштарға балап, бет-ажарына, дәулет-дәрежесіне қарамастан бетпе-бет тепсіне түскен ер ақындар дәстүрін жалғастырады. Ақын өзінің алған бетінен, ұстаған бағытынан қайтпайтын қайсарлығын жасырмайды.

Бағы бар деп басында,  
Болысыңнан ықпаймын.  
Нөкері бар деп жанында,  
Ұлықтан да саспаймын.  
Күзері жоқ деп қолында,  
Кедейдің сағын жықпадым.  
Адалдыққа бас берем,  
Елімнің сөзін құтпаймын.

Келтірген өлең жолдары ақынның алдына қойған анық мақсаттарының куәсіндей.

Бізге ақынның біраз термелері, ишанға айтқаны, Құлыншақпен дидарласқан сөздері де мәлім. Бұл өлеңдерінен де Құлан ел билерін сынап, зұлымдыққа қарсы тұрған ақын, адамгершілік тақырыпта термелер шығарып, өсиет, ақылдар айтқан шешен болғаны аңғарылады.

Құдай-ау мен сенімен күресемін,  
Жалықпаймын, жығылмаймын – тіресемін.  
Белімнен мықтап ұстап алғаннан соң,  
Өзің тап не қылсаң да бір есебін, –

деген өлеңдері елдегі дүмше молдалардың көз қырына түсіп, оны айыптау әрекетін де жасаған. Ақынды олар Ақ ишан деген біреудің алдына жығып, масқараламақ та болған. Өзінің Құлыншаққа айтқан өлеңінде де тағдырға деген наразылығы бірден сезіледі.

“Шектібайға” өлеңінде күркеуде нашар ақынды сынайды. Шектібайдай құр айқай, мәнсіз өлең айтудың керексіздігін “Айқайға арқау болар жақсы сөз жоқ, қалайша ақын боп жүр Шектібай да” – деп кекейді.

Өзінің “Әсілбекке” арнауында ақын кедейлік тұрмыстың жатақтар мойнына жабысқан құтылмас сор боп тұрғанын айтып, жарлы-жатақтар зарын шертеді. Қазақ кедейлерінің ішер ас, киер киімге мұқтаж боп, тым азып-тозып бара жатқанына қайғырады. Кейбір үйде сілкіп төсер киіз, төсек-орын да болмай тұрғанын жасырмайды. Осы жағдайда көріп отырған дәулеттілердің пейілсіздіктеріне күйзеледі.

Зекет, пітір сияқты алым-салықтарының онсыз да тұрмысы төмен кедей халықты сорлатып жатқанын, елдің азып-тозуына негізгі себепкерлер болып келе жатқанын ашық айтады. “Күдірет

тілім, қызылшоқ” өлеңінде қазақ еліне мұсылман дінінің келуі тарихын айта келіп, оны дін иелерінің баю жолына айналдырып алғанын баяндайды:

Зекет, пітір сияқты,  
Хандар салған салығын.  
Имам, молда уәкіл боп,  
Елден алған алымын.  
Түскені елден осы-ақ деп,  
Жасыратын жарымын.  
Бұрынғы қарттар айтатын,  
Нақ осылай анығын.

Бірде елдегі үстемдер өзара бақталас қып екі елді біріне-бірін қарсы қойып, бүліншілік шыққанда ақын ортаға шығып жарастыру сөзін өлеңмен айтыпты. Тұтқабай мен Әбділла сияқты ру басыларының асқан-тасқан көкіректерін су сепкендей басып, ел алғысына ие болса керек. Ол небір атақты жандардың да бұл дүниеден өткенін баяндай отырып, сендер де солардың кебін киесіндер, тіршіліктің қызығы тату-тәтті өмір кешу деп ақыл айтады.

“Ел сағынышы қиынды” өлеңінде туған жерге деген шын ықыласын жырлайды.

Құлан шығармаларынан оның ақындық сипаты басым, жаңа дәуір әдебиетінде қалыптаса бастаған әлеуметтік-ақлықаттық сарынды, өз тұсындағы өзекті тақырыпты терең таныған ақын.

*Серәлі Еруәліұлы (1835-1876)* бұрынғы Қостанай уезі, Шұбар болысының 5-ауылында туып, сол жерде қайтыс болады. Ол әкешесінен ерте айырылып, жоқшылық-кедейлікпен күн кешеді. Еті тірі, пысық әрі сөзге пешен Серәлі жанынан өлең-жыр шығарып айтуға бейімдік танытады. Есейе келе ол ел ішіндегі әр алуан айтыстарға қатысып (Ұлбике, Кете Ешнияз, Орынбаймен айтыстары), ақын ретінде аты шығып, жұртқа танылады. Оның екі әйелінен бірнеше балалары болған. Солардың бірі – белгілі журналист, ақын, көрнекті қайраткер Мұхамеджан Сералин.

Серәлі алғаш ауыл арасындағы дәстүрлі қайымасу, кіші-гірім айтыс-қағыстарға қатысып жүреді де, бірде әйгілі ақын Орынбаймен айтысады. Міне осыдан бастап оның өнері елге кеңінен тарайды.

Ақынның (ол елге «Серәлі қожа» деген атпен де танылған) өмірі мен шығармашылығы соңғы кезге дейін арнайы зерттелмей келді. Алайда ол туралы құнды деректер Жұмаш Еленов материалдарынан тыс<sup>25</sup>, баласы Мұхамеджан Сералин жөнінде жазылған әр тұстағы зерттеу еңбектерінде де ара-тұра ұшырасып

<sup>25</sup> Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 449-бума.

отырады<sup>26</sup>.

Серәлі Еруәліұлының жарияланған шығармалары саусақпен санарлықтай ғана. Айталық 1915 жылы оның ел аузындағы екі өлеңі “Айқап” журналында басылған болса, ал Орынбаймен айтысы 1914 жылы Қазан қаласында шыққан “Қазақтың айтысқан өлеңдері” атты жинаққа енді. Сондай-ақ оның Орынбаймен айтысы “Жаңа әдебиет” (1928 ж.) журналы мен С.Сейфуллин жинағында (1931 ж.) жарық көріп, кейінгі “Айтыс” кітаптарында (1964-1965 ж.ж.) басылып келеді. Ал жарияланбаған бір топ өлеңдері Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қорында (475-папка, 1-2 дәптерлер. Жинап тапсырған Ғ.Себепов) сақтаулы. Өлеңді қолма-қол суырып салып айтуға да, жазып шығаруға да бейім Серәлі бозбала жігіт шағында сол төңіректегі Жанақай деген ақсақалдың ауылында серілік құрып ойын-сауықпен жатса, сол жылы қыс қатты болып үйіндегі аз малы қырылып, жұтап қалыпты. Мұны естіген ол әжесіне мынадай бір ауыз өлеңмен хат жолдапты:

Атамыз Еруәлі үштің бірі,  
Кетпейді сөйлемес іштің кірі.  
Әжескем мал өлді деп өкінбесін,  
Болайын мал өлсе де өзім тірі<sup>27</sup>.

Ақынның кемел шақтағы өлеңдерінен оның жоқшылықпен өткен әр алуан өмір кезеңдерін көргендей боламыз.

Ел құрметіне бөленген ақын өз өлеңдерінде ізгілік пен адалдықты, адамгершілікті қашан да сара жол, аумас бағыт етіп ұстанады. Бұған оның кейінірек “Айқап” журналында жарық көрген бір жыр жолдары да дәлел бола алады.

Ақын түсінігінше байлық пен барлық – өмірдің сәні, бұлғартпас билік те сонда, алайда ол сұлу қыздай бұраңдап қанша қусаң да ұстатпайды. Мұның үстінде ол әрі опасыз, әрі тұрақсыз. Ал кедейлік адамға үлкен мін, таусылмас қайға-қасірет.

Серәлі өзіне жұрттан асқан ырыс-байлық, бақ-дәулет тілегенде. Тек қарақан басының қамы үшін емес, қайта соны жұрт пайдасына жаратуды ойлаған тәрізді. Мұның бәрі ақынның ізгі мұрат, арман-тілектерімен өзара ұштасып жатады:

Басымнан қыңқар-қыңқар өтті заман,  
Кіре ме қасіретке жүрсем аман?

<sup>26</sup> Б. Кенжебаев. Журналист Мұхаметжан Сералин. А., 1957; Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. А., 1958; Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1965, 2-т.

<sup>27</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 475-бума. 2-дәптер.

Халқыма сырымды ашып сөз айтарға,  
Назарын бір салмады дүние маған...

Сіздерге, жұрт жақсысы, қыламын зар,  
Бәріңнен тілейтұғын мақсұтым бар.  
Енгенде халық ойлы қатарына  
Алладан тілеп едім миллион мал...

Көңілім, көкірегім болды биік,  
Жылаймын кемшілікке ішім күйіп.  
Қанша мал қазынаға пайда етесіз,  
Дегенде гимназияға ақша жиып<sup>28</sup>...

Ақынның келесі бір “Мен алсам бір миллион сома қылып” атты өлеңі – мәнді мазмұнға ғана ие болып қоймай, табан астында суырып салып айтылғаны тұрғысынан да құнды. Мұнда қазақ даласына там-тұмдап ене бастаған сауда капиталының әсері айқын байқалады.

Өлеңнің туу тарихы төмендегіше: бір үлкен мәжілісте бас қосқан жұрт жастай өлген Мықтыбайұлы Міржақып деген ірі байды “Осынша көп дәулетпен артына айтарлықтай ешнәрсе қалдыра алмай кетті” деп өзара сөз етсе керек. Сонда Ахмет деген ел билеуші: “Әр қайсыңа осындай дәулет бітсе, не істер едіңдер, осыны шетіңнен кезекпе-кезек сөз етіп шығындар,” – дейді. Әркім шама-шарқынша өз ойларын ортаға салыпты. Кезек босаға жақта отырған жас жігіт – Серәліге келгенде, ол осы шағын өлеңді көп ойланбастан қолма-қол шығарып айтқан көрінеді.

Серәлінің дүниенің тұрақсыз, опасыздығы жайын сипаттаған басқа жырлары да бар. Соның бірі – оның өлер алдында айтыпты делінетін “Дүние жарға ойнаған лақтайсың” атты шағын өлеңі. Бұл жыр өзінің құрылысына қарағанда кезінде ұзақ толғау болғанда ұқсайды, бізге оның бөліктері ғана жетіп отыр. Солай десек те бұдан ақынның кестелі ой жүйесі мен өзіне тән шеберлік сырларын аңғарамыз:

Дүние жарға ойнаған лақтайсың,  
Мекен қып қандай жанға тұрақтайсың.  
Еріксіз көнбегенді көндіресің,  
Жол білмес асау кердей бұлғақтайсың.  
Аз ғана көңіл ашар қызығың бар,  
Кетеріңе келгенде сылақтайсың.  
Тығыны жоқ пыныға күйғаңдай-ақ  
Қапарыңа келгенде сынаптайсың<sup>29</sup>.

<sup>28</sup> Дүние мұнша қапа еттің мені... Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 475-бума.

<sup>29</sup> Бес ғасыр жырлайды. 2-т., А., 1984, 220-6

Ақынның жолдастық, достық туралы түйген түсінік, бағалары да назар аударуға тұрарлықтай. Ол өз жырларында адамдар арасындағы шынайы достықты қашан да ардақ тұтып, қастерлей білуге үндейді.

Оның көркемдік құралдары мен өзіндік, стильдік ерекшеліктерін сөз еткенде, “Сұлу ағаш” секілді жеке дара тұрған шоқтықты өлеңін бөліп атаған жөн. Өйткені бұл – бас-аяғы жұп-жұмыр, келісті де көркем шығарма. Сондай-ақ ол мұнда өзі куә болған кешегі өмірдің қаймағы бұзылмай өзгеріссіз қаз-қалпында тұруын қалайды. Мұның өзі Серәлінің дүниеге көзқарасындағы томаға тұйықтық пен қайсыбір қарама-қайшылықтарын да аңғартады.

Серәлі жас кезінен бастап ел ішіндегі әр алуан айтыстарға қатысып, өзінің ақындық өнерін ұштап, жетілдіріп отырған, алайда алғашқы қағысуларының көпшілігі сақтала бермеген. Оның өлең сөзге әсте тоқталып мүдірмеген әйгілі Ұлбикемен айтысы ұзақ жылдарға созылған тәрізді, бірақ бұл жырлардан екі автордың бір-бір шумақтан ғана тұратын өлеңі жетіп отыр. Қанша рет қапысын тауып, тар жерден тоспақ болса да қызды сөзден мүдірте алмаған.

Жаз болса қоңырланып келеді күз,  
Ұлбике, көп сөйлестік сені мен біз.  
Шапанды екі қабат киіп алып,  
Ұялмай не ғып отыр масқара қыз?, –

деп тоқтатпақ болса керек. Сонда Ұлбике табан астында:

Құдай-ау, Серәліні неге алмайсың,  
Менің сен көбейгенімді көре алмайсың.  
Адамның тілегені мал менен бас,  
Бұл сөзіңмен сен мені жеңе алмайсың<sup>30</sup>, –

деп тапқырлықпен жауап беріпті.

Серәлінің өлең сөзге көсілген, көшелі жүйрік ақын екендігі оның атақты Орынбаймен айтысынан да айқын аңғарылады. Ол онымен бір үлкен бас қосуда кездейсоқ кез болып қалады да, екеуі халықтың алдында өнер жарысына түседі. Сөз кезегін алдымен алған Орынбай ә дегеннен өзінің төселген жорға, майталмандығын көлденең тартып, айтыста әлі танылып, ысыла қоймаған жас баланы бірден тұқыртып тастауға ұмтылады. “Басыңды ормалмен таңып алғандай, не дертке ұшырадың?” – деп алдын орай бастайды.

<sup>30</sup> Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. (М.Болатов

Сөз аңғарып бірден түсінген Серәлі бұл жайсыз сұраққа тура жауап қайырма, мақтан мен мадақ, мен-мендіктің азғындыққа, әзәзілдікке итермелейтінін ескертеді. Ол тағы бір кезекте елден мал дәмете келген Орынбайға, әдеп жолын ұстаудың қажеттігін айтып:

Бұлайша сөйледің бе, Орынбайым,  
Сақтасын бұл пиғылдан бір құдайым.  
Алсаң да әдеппен ал, әдетпен жүр,  
Деп айтам: добыра салып не қылайын, –

дегенде, Орынбай:

Қожа біткен сыр, Қуапға барған болар,  
Елді алдауға құраның алған болар.  
Алты алаштың баласын қойдай сауып,  
Қоржын салмақ қожадан қалған болар<sup>31</sup>, –

дейді. Андаусызда құрулы қақпанға тап болған Серәлі аталы сөзден тосылып тоқталса, да, жұрт алдында өзінің кішіпейілдігін, әдептілігін сақтайды. Әйгілі жүйрік Орынбайға осыншалық қажыр-қайрат көрсетуі жас ақынның ел ішінде аты жайылып танылуына жағдай жасайды.

Екінші бір жаңадан табылған деректе Орынбай тоқталып, Серәлі жеңеді. Орынбай соңғы сөзінде Серәліге:

Серәлі, соны сөз деп айтармысың,  
Жолың боп мені жеңіп қайтармысың?  
Шашылған несібемді теріп жүрмін,  
Қызғанған хан мен халық шайтандайсың, –

дегенде, бұл:

Шайтан боп неге тәубамнан жаңылайын,  
Сақтай гөр мына сөзден бір құдайым.  
Айтып ем аяғаннан жаным ашып  
Ел ақтап дабыра сап, не қылайын!<sup>32</sup> –

деп жауап беріпті.

Серәлі Вруәліұлының артына қалдырған мұрасы аз да болса елеуге тұрарлық. Ол суырып салып айту дәстүрін еркін игеріп қана қоймай, өлеңді жазып шығарумен де машықтанады. Алайда ақын сол тұстағы әлеуметтік өмірді жаңару, жаңғыру тұрғысында бағалай алмай, оны томаға тұйық, схоластикалық ұғыммен

<sup>31</sup> Айтыс. А., 1965, 159-б.

<sup>32</sup> Казактын айтыскан өлендері. Казан, 1914, 10-12-бб.

түсіндірмек болады. Бұл оның дүниеге көзқарасындағы өзіндік танымы мен бет-бағдарын ашып, белгілейді дей аламыз.

*Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929)* – атақты әнші, ақын, халық композиторы. Жаяу Мұса қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Ақшоқы деген жерде малшы отбасында дүниеге келген.

Мұса жеті-сегіз жасында ауыл молдасынан хат таниды, жас кезінен өзі қатарлы балалардың арасында өнер-білімге құштарлығымен, ән-күйге әуестігімен көзге түседі. Талапты Мұса домбыра тартуды үйренеді, қолына түскен кітаптарды, қиссаларды қалт жібермей оқиды. Ол домбырамен ән салып, қиссалар айтып, ауыл қарттарының, жастарының ықылас-назарын өзіне аударады. Ауылға жолы түскен әнші-күйшілердің өнерін көрген Мұсаның әнге деген құштарлығы арта түседі. Мұсаның бір ерекше қасиеті – ол естіген әнін бірден қағып алушы еді. Хат танып, көзі ашылғаннан кейін ол білімнің көзі молданың оқуында емес екенін түсінеді. Көкейінде оқып, білім алсам деген арман оянған талапты жастың есіл-дерті ауылдан қалаға кету болады. Ол күндіз-түні қалаға жету жолдарын ойластырады. Бірде Мұса көрші ауылдың Қызылжарға кіре айдайтын бір адамымен келісіп, ешкімге білдірмей үйінен қашып кетеді. “Қазан дәптеріндегі”<sup>33</sup>, “Үйінен өнер іздеп кетті қаша” деген өлеңінде Мұса өнер-білім қуып, үлкен қалаға келген осы сапары туралы баяндайды.

Қызылжарда Мұса кісі есігінде отыншы-самауыршы болып жалданады. Сол кезде Қызылжар қаласы қазақ даласының мәдени орталықтарының бірі болған еді. Бұл уездік қалада ХVІІІ ғасырдың екінші жартысында орыс мектептері, кейін бірлі-жарым орыс-қазақ мектептері, қазақ балаларына арналған интернат, ал ХХ ғасырдың бас кезінде бастауыш мектептер мен реалдық училище ашылды. Үйқыда жатқандай бұйығы хал кешкен ауыл тірлігіне қарағанда, қаладағы өмір тынысының өзгешелігін Мұса бірден байқады. Ол мұнда қала өмірімен, мәдениетімен танысады. Кісі есігінде күн көріп жүрсе де, жас бала өнер-білімге талпынып, орыс тілін үйренуге талаптанады.

Мұса Қызылжарда үш-төрт жыл болады. Бұл уақыт ішінде ол өмірдің ой-шұңқырын біршама түсініп, оң мен солын танитын халге жетеді. Домбыра, сырнай, скрипка тартуда қала жастарынан кем түспейтін, он саусағынан өнер тамған Мұса таланты көпті сүйсінтеді. Ол енді сауық кештерінің көркі, бастаушыларының біріне айналады.

<sup>33</sup> 1955 жылы В.И.Ленин атындағы Қазан университетінің кітапханасынан Жаяу Мұсаның 51 беттік қолжазбасы табылды. (Ол қолжазбаны зерттеушілер “Қазан дәптері” деп атайды. – ред.)

Ауылдан алғаш келгенде дүниедегі ең үлкен қаладай көрінген Қызылжарға Мұсаның бірте-бірте көзі үйренеді. Қызылжардың ауылға қарағанда, қым-қуат тірлігі бар, өмір ырғағы біркелкі, мәдени оқиғалары сирек қала екеніне оның көзі жетеді. Газет-журналдар арқылы Омбы қаласының өмірімен танысқан Мұса, енді соған баруды аңсайды.

1855-1856 жылдар шамасында Мұса Омбыға келеді. Көптеген қиыншылықтардан кейін ол орыс мектебіне оқуға алынады.

Омбыда Мұсаның өнерге, музыкаға бір табан жақын болуына көптеген мүмкіндіктер бар еді, өйткені оның мәдени өмірінің деңгейі Қызылжарға қарағанда, жоғары болатын.

Мұса Омбының кітапханасында болып, Петербург, Москва, Орынбор, Ақмола қалаларынан шығатын газет-журналдар, кітаптар мен ведомостарды оқиды, солардан бұқара тұрмысына пыңдық тұрғысынан қарайтын, демократиялық түйінді жазылған мақалалармен танысады. Демократиялық көзқарастары үшін Омбыға жер аударылған орыстың озық ойлы азаматтары жайында естіп, Россияның тарихи-әлеуметтік өмірінен біраз мағлұмат алады. Мұсаның жаңа қоғам лебімен танысуы осылай басталады.

Омбы дәуірінде Мұса өлең жазумен қатар, ән шығаруға да талаптанады. Мектеп жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесінің бір кешінде ол домбырада, гармоньда, скрипкада қазақ, татар, орыс әндерін тартып, өнер көрсетеді. Көпшілік сахнадан жібермей қойған соң, сол жерде қыздарға арнап өлең шығарады. Кейін сол өлеңіне ән шығарып, жастарға сынаатады. Ән бірден тыңдаушылардың құлағына жағып, “Қыздар-ай” деген атпен көпшілікке тарап кетеді. Мұсаның тырнақ алды әні осылай дүниеге келеді.

Бір кезде кірешімен Қызылжарға ұрланып кеткен жалаң аяқ бала Омбыдан еліне өлеңші-әнші, қала өмірін, біраз дүниені көріп ысылған, сауатты азамат болып оралады. Ауылда ол көрген-білгендерін әңгімелеп, ән салып, жүрген жерін думанға бөлейді. Ойын-сауық, жиындарда жас біткеннің бәрін өз маңына бірден үйіріп алады. Өжет, әнші-өлеңші, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт ауылдастарының құрметіне бөленеді.

Ол – ән-өлеңдері арқылы өзіне дейін қалыптасып, дамыған ұлттық әншілік дәстүрді жалғастырумен қатар, оны жаңа түр, соны көркемдік мазмұнмен байытып, қазақ музыкасына көптеген шығармашылық жаңалықтар әкелген дарынды әнші-композитор. Жаяу Мұсаның өмір шындығынан туған, көркемдік дәрежесі жоғары музыкалық образдармен сомдалған туындылары халықтың ән өнерінің шоқтығын биіктете түсті. Халық талантының тарихта аса ардақталып аталуында азаматтық, күрескерлік, ақындық қасиеттерінен асынықырап түсіп жататыны

біздіңше – музыкалық дарыны мен композиторлық тіл өткірлігі. Композитордың асқақ азаматтық рухтағы әндері қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына асыл қазына болып қосылды.

Жаяу Мұсаның замандас әнші-композиторлардан бір ерекшелігі – ол сол кездегі қазақ ауылдарындағы әлеуметтік өмірден түсінік-пайымы бар, көзі ашық, сауатты азаматтардың бірі болған адам. Ел ішіндегі теңсіздіктен, әділетсіздіктен, халықтың ауыр тұрмыс-тірлігінен өзіндік ой түйе білген Мұсаның әлеуметтік көзқарасы қазақтың тұңғыш демократ-ағартушыларының прогресшіл идеяларымен үштасып жатыр. Ол Шоқан Уәлихановтың, Абайдың, Ыбырай Алтынсариннің демократтық-ағартушылық қызметтеріне сырттай ғана қанық болған жоқ, олардың көзқарастарын қолдап, шығармаларын жұртшылыққа таратушылардың бірі болды. Ыбырай Алтынсариннің өлеңіне ән шығарып, Абайға арнап өлең жазуы кездейсоқтық емес-ті. Өз шығармаларында А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.И.Глинка, М.И.Кутузовтарды жырлауы, Л.Толстой кітабы кейіпкерінің атын баласына қоюы (Мұсаның үлкен қызының аты Анна), сондай-ақ хайуанаттарды персонаж етіп ән-өлең шығаруы, қазақ әнші-композиторларында сирек ұшырасатын жағдай – күнделік дәптерінің болуы, – осының бәрі композитордың дүниетанымының көкжиегін, биік өресін, сонымен қатар, жаңа профессионалдық әдебиет нышандарын айқындайды.

Жаяу Мұса творчествосының тынысы кең, әндері жанры мен мазмұны жағынан сан қырлы. Оның әлеуметтік мәні бар “Ақ сиса”, “Шормановқа”, “Толғау”, “Бұзау зары”, үгіт-өсиет мазмұнды “Арап ұрыға”, “Бәшерден”; сезім, көңіл күйді бейнелейтін “Шолпан”, “Қыздар-ай”, “Ләйлім”, “Көгершін”; сатиралық, әзіл-қалжың сипатты “Құлбай бай”, “Қазан қыздары” әндері жұртшылыққа кеңінен танымал. М.Байжановтың шығармалары тақырыптық, мазмұндық және көркемдік ерекшеліктері арқылы дараланады. Оның әндерінің әуендік құрылымынан, интонациялық және ладтық құрылысынан қазақ әндерінде бұрын кездеспейтін соны музыкалық мәнерлік құралдарды айқын тануға болады. Композитор қаламынан қоңыржай лирикалық, кең тынысты әндермен қатар марш, вальс ырғақты шығармалар туды. Жаяу Мұса әндерінің әуендік құрылымында екі түрлі музыкалық интонациялық негіз анық байқалады. Оның бірі ана сүтінен дарыған халық музыкасының қайнар көзі болса, екіншісі вальс, марш ырғағында келетені әндері қала музыкасының әсері еді. Халық музыка тарихының мақтаныштары – Біржан сал, Ақан сері, Ыбырай, Мұхит тәрізді Жаяу Мұса да қазақ халқының бұрыннан келе жатқан әншілік-композиторлық дәстүрін дамытуға өзіндік үлес қосты. Оның Арқаның ән дәстүрінде шығарған “Көгершін”, “Сары жұлдыз”, “Баянның”, “Дарханның”, “Толғаның” әндері қазақ ән

өнеріндегі шоқтығы биік туындылардың қатарынан орын алды.

Жаяу Мұса орыс музыкасының озық үлгілерінен үйрене отырып, оны өз шығармаларында шебер пайдалана білді. Сөйтіп, өз туындылары арқылы халқымыздың ән өнерінің тақырыптық, мазмұндық ауқымын кеңейтіп, музыка тілін өткірлей түсті. Оның “Құлбай бай”, “Тұрымтай”, “Башқұлбай”, “Қазан қыздары”, “Ескендір”, “Қыздар-ай”, тағы басқа шығармалары осындай әсер, ықпалдан пайда болды.

“Ақ сиса” әні – композитордың күрделі шығармаларының бірі. Бұл – теңсіздікке, зорлықшыл, қиянатшыл үстем таптардың іс-әрекеттеріне деген наразылық пен ыза-кектің уытты үнін көрсететін әлеуметтік мәні зор ән. Батыл, оптимистік рухтан туған бұл ән шындық пен әділеттіліктің жаршысындай естіледі. Бір ғана “Ақ сисаның” үнінен Жаяу Мұсаның ақындық-композиторлық, азаматтық тұлғасын толық танимыз.

Бұл ән – өзінің өткір сарыны, батыл да, өктем табиғатымен, дұшпанына деген қаталдық, мейірімсіздікті білдіріп қоймай, шыншылдық, демократиялық принципті жырлайтын жаңалықтың жаршысындай естіледі. «Бұғағынан орыс симфонизмі тараған “Камаринская” – бір емен» деп орыстың ұлы композиторы П.И.Чайковский айтқандай, бір “Ақсисаның” үнінде Жаяу Мұсаның музыкалық келбеті түгелдей көрініп тұр. “Ақсиса” жаңғырығы Жаяу Мұсаның басқа да әндерінде ұшырасып, музыкалық шығармашылықтың ұзын-ұрғасында лейтмотив есебінде көрінеді.

Азамат ақын, дарынды композитор Жаяу Мұса Байжанов 1929 жылы 31 июль күні 94 жасында дүниеден қайтты. Сүйегі өзі айтқан Ақшоқы тауының бауырына жерленді.

Әнші ақынның бай сазгерлік, ақындық мұрасы қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында ерекше бағаланады.

*Құлыншияқ Кемелұлы (1840-1911)* қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Жартытөбе деген жерінде туып, Меккеден қайтып келе жатқан жолда дүние салған. Кезінде атағы Қазақстанның көп жеріне жайылған ақынның есімі әдебиет зерттеушілеріне жақсы таныс<sup>34</sup>. Түрлі мақалалар арасында жол-жөнекей аталған тұсы да мол. Дегенмен, соңғы жылдарға дейін ол арнаулы зерттеу нысанына ілінбей келген еді. Оның негізгі себебі: әдеби мұрасының жиналмауына байланысты болатын. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы бірен-саран өлеңнен ақынның дарын дәрежесін, шын

<sup>34</sup> Х. Сүйіншілиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967; Р.Бердібаев. Гүлстанның бұлбұлдары. А., 1970; Қазақ совет энциклопедиясы. 1975, 7-т.; Ә.Оспанұлы. Қаратау атырабының ақындары, 1983.

тұлғасын жете тану қиын.

Құлыншақтың өлер алдындағы соңғы бір ауыз өлеңі бұл мәселені растайды:

Бұл адам көп жасаса жүзге келер,  
Бәрібір, үйде өлсең де, түзге көмер.  
Қайыр-қош, аман боп тұр, қайран елім,  
Ағайын енді қайда бізге келер<sup>35</sup>.

Кейбір деректерде ол 1831 жылы туған делінеді. Бірақ оның ауылдасы, сауатты, елінің әңгіме, шежіресіне қанық Әлішер Қосмұхамбетовтің және Шымкент облысы, Қызылқұм ауданының «Шәуілдір» совхозында өмір кешкен. Құлыншақтың біраз өлеңін жатқа білген қария Омар Байымбетовтің дәлелдеуіне қарағанда, 1840 жылы туғаны сенімдірек деп есептеуге болады.

Құлыншақтың жастайынан ақындыққа талаптануы, түсінде аян беріп, «көген аласың ба, өлең аласың ба» деп сұрағаны, оның өлеңді қалағаны туралы аңыз әңгіме де мәлім. Нағыз ірі ақындар салтына түсіп, оның Арқаны, Сыр бойын, Жетісуды аралағаны, заманында Майлы, Мәделі, Будабай, Молда Мұса, Шәді, Майкөтгермен әріптес болғаны да баршаға белгілі.

Ерте кезде ел аралап, талай тойда өлең айтқан, сан айтыста сараман жүйріктікпен жүлде алған ақындардың көбінің-ақ өлеңі хатқа түспей, бірге-бірте ұмытылған ғой. Құлыншақ мұрасы да дәл осындай халге душар болған. Біздің білетініміз, оның ағыл-тегіл төккен жырының жұрнағы ғана болуы мүмкін. Бірақ осының өзінен де айтулы өнер иесінің тіл кестесі, сөз өрнегі танылғандай.

Жалпы, Құлыншақтың талантын мадақ еткен мәнді сөздер, жанды кәуліктер көп. Солардың ішінде халық поэзиясының алыбы – Жамбылдың берген бағасы бір төбе. Өзіне ұстаз тұтқан бұрынғы ақындарды еске түсірген өлеңінде ол:

Қаздай қалқып ерінбей,  
Өлең тердім жасымнан.  
Майлықожа, Құлыншақ,  
Пірім еді бас ұрған<sup>36</sup>.

дейді. Бұл қысқа сөзде терең мағына жатыр. Мұнда Құлыншақтың ақындар сапындағы өзгеше құрметті орны мен даңқы сипатталған. Молда Мұсаның да Құлыншақ талантына ерекше ілтипатпен қарағаны белгілі.

Ақын турасында кейбір тың мағлұматты атақты жыршы,

<sup>35</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 642-бума, 5-дәптер.

<sup>36</sup> Жамбыл. Таңдамалы шығармалары. 1-т., 1996, 312-б.

«Алпамыс» эпосының ең көркем, толық нұсқасын айтқан, өзі Құлыншақтың шәкірті болған Сұлтанбек Аққожаевтің естелік өлеңдерінен де табамыз:

Әкесі Құлыншақтың Кемел еді,  
Сүйген екен немере, шөберені.  
Алты ұлы ауыл болып жүре берді,  
Адамға бұдан артық не береді?  
Құлыншақ – алтауының ең кенжесі,  
Дарыған он бірінде өлең еді.  
Әкесі Шөже ақыннан бата әкел деп,  
Үш тоғыз дүниемен жібереді.  
Шөженің ақ батасын алып қайтты,  
Адамзат дуаменен көгереді.  
Келген соң киіндіріп, ат мінгізіп,  
Баланы еркіменен қоя берді.  
Күнде той, күнде жиың, күнде өлең ғып,  
Күңдіретіп жібереді жүрген жерді.  
Сылдырлап қоңыраудай тіл, көмейі,  
Жаңғыртқан керегенің көгін де енді.  
Ән қандай, өлең мұндай күніндегі.  
«Шырын – Шекер» сөз бопты тіліндегі  
Еш ақын Құлыншақтай болмайды деп,  
Адамдар аңыз қыпты со күндегі.  
Жеткенше жиырмаға тоқтай алмай,  
Сейіл ғып аралады төменгі елді.

Сұлтанбек тағы бір өлеңінде Құлыншақты былайша дәріптейді:

Ұстазым – Орта жүздің Құлыншағы,  
Өлеңнен кем болған жоқ берген бағы.  
Қосылып құнанында ат бәйгеге,  
Тынбай шауып кеп жүрді сынбай сағы<sup>37</sup>.

Бұл мысалдардан Құлыншақтың он бір жасында ақындық жолына қадам ұрғанын, Арқадағы Шөже ақыннан бата алғанын, қазақ жерін кең шарлағанын көреміз. Өкінішке қарай, оның өз аулынан жырақ жерлерде жүріп айтқан сөздері сақталмаған.

Зерттеушілер Қ.Кемеңгерұлының домбыра, қобызға қосылып жыр айтқанын, шығыс әдебиетінің бірталай нұсқаларын жатқа білгенін анықтаған. Ол Майлы, Будабай, Майкөт, Молда Мұса, Берекет секілді белгілі ақындармен айтысқан. Қысқасы, Құлыншақтың ақындығын замандастары да, кейінгілер де биік санаған.

<sup>37</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 642-бума, 5-дәптер.



Бүкіл Орта Азия халықтарына мәшһүр дастан, қисса, хикая, жырлардың бірталайын Құлыншақ жатқа айтқан, кейбіреулерін нәзира үлгісімен халық ұғымына лайықтап қайта жаратқан. Соның ішінде «Шырын – Шекер» деген жырды ерекше сүйіп толғаған. Турашыл, өжет ақын өз кезіндегі би, болыс, датқалардың жағымсыз қылықтарын өткір тілмен әшкерелеп отырған, өмірдегі көлеңкелі құбылыстарды, сорақы жат істерді сын отымен қарыған.

Құлыншақтың тәлім алған мектебі – халық ауыз әдебиеті, аты, сөзі белгілі ақындар. Сондықтан да ол өзінің ғибрат өлеңдерін сол үлгіде жасайды: өмірдің күнгеі мен теріскейін, жақсылық пен жамандықты, барлық пен жоқтықты, бақи мен пәниді салыстырып, кең пайымдап сөйлейді:

Менің атым Құлыншақ  
Ал сөйлей гөр, тіл мен жақ,  
Дауысым, байғұс шығып бақ,  
Саулы інгендей ыңқылдап.  
Қызыл тілім, сөйлеп бақ,  
Асыл біздей жылтылдап.  
Домбырам байғұс сен сөйле,  
Екі шегің тыңқылдап.  
Он саусағым қимылда,  
Жорға тайдай бұлтылдап.  
Ақыры бір күн сынарсың,  
Буыныңнан сыртылдап,  
Сынарсың да тынарсың,  
Сөйлемек түгіл далада,  
Қу кесек боп тұрарсың.

Терме дәстүріндегі өлең онда мол болғаны аңғарылады. Бізге там-түмдап жеткен шумақтарына қарағанда, оның өмір ағысын терең барлап, ойлы өсиет пен тағлымды толғау айтуға шебер екені сезіледі.

Енесі жүдеп, нашарлап,  
Ертелеп тұған төл ғаріп.  
Әуеден жауын кем болып,  
От шықпай қалса жер ғаріп.  
Басшысы нашар жолығып,  
Ынтымақ кетсе ел ғаріп.  
Көкала жылқы болмса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз-үйрегі болмаса,  
Айдынды шалқар көл ғаріп.  
Қатарынан қап кетіп,  
Қуаты қашқан ер ғаріп.

Өлеңдетіп әндеткен,  
Айналаны сәндеткен,  
Уақытым жетсе мен ғаріп<sup>38</sup>.

Қазақ даласындағы ақын атаулының дарын қуаты сыналатын түс айтыс немесе адамдардың жақсылығын, яки мінін табанда әрі өткір, әрі көркем бейнелеп айту дәстүрі болған ғой. Бұл ретте Құлыншақ белгілі дүлдүлдің бірі екені байқалады. Оның түрлі оқиғаларға байланысты табанда тауып айтқан сөздері мен үлкенді-кішілі сөз сайыстарының мөлшерін болжап білу қиын. Шешесі өлгенде ол:

Тал бесігін таянған шешем,  
Түнде тұрып оянған шешем.  
Тар құрсағын кеңіткен шешем,  
Тас емшегін жібіткен шешем<sup>39</sup>, –

деп жоқтау айтқан екен дейді. Бұл сөздердің түбірі халықтікі болғанмен, ақынның сол қазынаны еркін игергеніне мысал ретінде алып отырымыз.

Майлықожа мен Құлыншақ көп кездескен, екеуі де Қаратау мен Сырдың орта ағысын жайлаған елдің теңдесі жоқ сөз зергерлері саналған. Бұлардың арасында айтыс та болған. Ал олар әншейінде жолыққан сайын сөзбен жарысып, әзілдесіп, өлеңмен қақтығысып отырған. Солардан елдің көбірек білетіні Құлыншақтың:

Майлы, Майлы дегенге май болмадың,  
Жұрттан алып жегенмен бай болмадың, –

дей бергенде, өлеңнің соңын Майлының іліп ала жөнеліп:

Сен Құлыншақ болғалы талай болды,  
Не жабағы, не құнан, тай болмадың<sup>40</sup>, –

деп бітіргені. Бұл арада біз нағыз төкпе ақындықтың да, тапқырлықтың да озық үлгісін көреміз. Шапшаң жауап табу өз алдына, «Құлыншақ», «Майлы» деген сөздерді ойнатып, одан астар, мағына іздеу шеберлік. Екі ақын да қаншама ел аралап, атағы асып, аулына қоралап қой айдап келіп жүрсе де, бай бола

<sup>38</sup> Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының пығармалары. Екі томдық. 2-т., А., 1989, 77-б.

<sup>39</sup> Сонда, 78-б.

<sup>40</sup> Сонда, 76-б.

алмаған. Өлеңнің бір ұштығы осы мәселеге де меңзеп тұр.

Құлыншақтың әлеуметтік мәні күшті өлеңдерінің бір тобы – жеке адамдарға арналған сөздері. Бұлардың көбінде сын, мысқыл аралас жүреді. Ақын қиянатшылды, дүниеқор, бәлекорды өлеңмен масқаралап отырған. Уақыт өтіп, нәсілден нәсіл жаңаланса да, ондай сөздер ұмытылмай, ауыздан-ауызға көшіп келген. Патшалар салдырған салтанатты сарайлар қираса да, ақынның сөзі өлмейді деген нақылдың шындығын осы тұстан да көргендей боламыз.

Сондай өлеңдердің бірнешеуін келтірейік. Ақынның «Оңдыбайға» деп аталған өлеңін ел ұмытпапты. Оңдыбай – қырды жайлаған болыс екен. Соның аулында бірде Құлыншақтар жолаушылап барса, болыстың әйелі қонақтарды қораш көріп, дұрыстап күтпейді. Қазақ даласының ежелгі салты бойынша мейманды сыйламау – үлкен айып. Болыс әйелінің өнегесіздігіне намыстанған ақын кетерінде «Оңдыбайға» деп үш-төрт ауыз өлең жазып қалдырады. Ол мынау:

Сәлем де Оңдыбайға Құлыншақтан,  
Есектен не туады айғыр шапқан?  
Жылтыраған бетіне әуес болмай,  
Адамның баласын ал, кісі баққан.

...Болысеке, бұл өлең қайдан шықты?  
Үйінде бесінде ішкен шайдан шықты.  
Сабада сапырулы қымыз тұрып,  
Күбіден айнып кеткен айран шықты.

Қайыр-қош, болысеке, көргенімше,  
Бұл қорлық естен кетпес өлгенімше.  
Қос-қобалды арқалап құрыған жақсы,  
Итке артып аттың қосын жүргенімше<sup>41</sup>.

Бұл өлеңді оқыған Оңдыбай қатты намыстанып, әйелін төркініне көшіріп жіберген екен деседі. Міне ақын сөзінің уыттылығы деген осы.

Кезінде күллі Қаратау өңіріне атағы шыққан Дүйсенбі датқаның әлсіздерге жасаған зорлығын әшкерелеуден де Құлыншақ жасқанбайды. «Дүйсенбіге» деген өлеңге ел ішіндегі бақталастық тартыс, таптық қайшылық суреттері танылады. Датқаның кедей ауылдарға тізесі батқанын, мұның ақыры бітіспес тартысқа апаратынын шебер сипаттайды.

Ақын енді бір шығармасында байдың қызы мен оның жеңгесінің тойымсыз дүниеқұмарлығын мысқыл еткен:

<sup>41</sup> Құлыншақ ақын өлеңдері. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 338-бума, 5-дәптер

Бір жылан, бір айдаһар жолдас бопты,  
Түк қалмас бере берсең жиған малдан.

Өкінерлігі сол – Құлыншақтың көп жыры, айтысы жазылып қалмаған. Аз сөзі сақталған Майлықожамен айтысында әлеуметтік дертті ашудан гөрі, ру мен руды салыстыру, байлық, көптік, бектік санасу сарыны басым. Бұрыннан дос екі ақынды елдің «игі жақсылары» қымыздың қызуына желігіп, еріксіз қолқалап айтыстырғаны, бір-бірімен себепсіз жамандасуға бұлардың зауқы болмағаны Құлыншақтың мына сөздерінен аңғарылады:

Жиылдық үлкен-кіші үйден, түзден,  
Жүйрік ат топтан озып, бәйге сүзген.  
Қоңыратта Майлықожа, Құлыншақ боп,  
Екеуміз шығып едік Орта жүзден.

Қосылдық екі жүйрік сайымызға,  
Бір нұқсан түспегей де пайымызға.  
Тақсыр-ау, өлеңінді енді қамда,  
Бозбала қоймас болды жайымызға<sup>42</sup>.

Құлыншақпен жерлес өзге де ақындар мен шешендер мұрасы жиналып болған жоқ. Бұл қатарда Қожамжар, Бердібек, Айтжан, Қайдау, Китің, Байсақал, Мүсірәлі тәрізді сөз шеберлерін атауға болады. Ел аузында жүрген айтыс, дастан, толғау, шешендік сөз, мақал-мәтел, аңызды ұқыпты іздеп, ыждағатпен хатқа түсірушілер назарынан бұл есімдер де тыс қалмауы ләзім.

Ақын мұрасын іздеу, жинау алдағы кезде де толастамауы тиіс. Құлыншақ той-жиында, айтыста табанда төгіп өлең шығарумен қатар, жыршы ретінде ірі эпикалық дастандарды да айтқан. Болашақта ақын шығармашылығының осы қырын зерттеуге де көңіл бөлген жөн.

Бұрынғы көп ақындар көп өнердің басын қосқан әмбебап саңлақтар болғаны аян. Құлыншақтың домбыра мен қобызда күй тартқаны жөнінде де дерек бар. Мұны да зерттей, нақтылай түсу келешектегі іс болып қала береді.

*Қуланаян Құлмамбет (1840-1906)* қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданына (бұрынғы Кеген) қарасты Күрметі ауылының маңында дүниеге келген. Балалық балғын шағы тау шыңына жайғасқан көрікті “Көлсай” жағасында өтеді. Жасынан халық поэзиясының құдіретін ұғынып, өзі де ақындыққа бой ұрады. Есейген сайын шындала түсіп, ақындар айтысына да араласып,

<sup>42</sup> Майлықожа мен Құлыншақтың айтысқаны. Орталық ғылыми кітапхана қоры. 706-бума.

талаптанады. Өн бойын өнер буған жас дарын қазақтың сайын даласының төрт бұрышын аралап, ел кезіп, серілік құрады. Түркістан, Сыр, Сарыарқа, Ертіс бойына барып, бағын сынап, жыр бәйгесіне қосылады. Бұл пікірге:

Ертіс бойын жағалап Алматымен,  
Сарыарқа бес дуанға салдым сайран<sup>43</sup> –

деген өлең жолдары айғақты дәлел болады.

Құлмамбет кезінде Тезек сияқты билік иелерінің алдында өнерін көрсеткенімен, олардың басы байлы ақыны болған емес. Шабыттанғанда әкімдігін ақындығы басып кететін төре маңындағы азулы ақындардың арасынан Құлмамбетті бөле жарып, өзіне тартуы – кездейсоқтық емес. Түптеп кегенде, оның әншілік-жыршылық, күйшілік дарынына, ақындық жолдағы даралығына сүйсінгені анық. Ол ел тізгінін ұстаған Тезек, Батталқазы, Сарыбай, Жүнісбай, т.б. Жетісудағы беделді атқамінерлер мен қырғыз манаптары Шабдан, Бәйтік, Байсалдармен үзеңгілес жүру арқылы алқалы топтарда жыр сайысына түсіп, қанаттас қазақ, қырғыз жұртына өз дарынын танытуға жол ашты.

Құлмамбеттің көп айтыстары мен өлең, жырлары дер кезінде жиналмай, ұмыт болған. Дегенмен, Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында “Құлмамбеттің Шабдан батырға айтқаны”, “Құлмамбеттің Батталқазыға айтқаны”, “Құлмамбеттің ақырғы сөзі” секілді аздаған арнау, толғаулары жинақталған. Ақын өмірінің соңғы жылдарында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданындағы, Алатаудың Қазығұрт тауымен ұштасатын тұсындағы “Бел” деген жерде тұратын тұратын туыстарына қоныс аударады. Кіндігінен жалғыз қыздан өзге ұрпақ өрбімегендіктен, іштей құса болғаған ақын өлең, жыр айтуды мүлдем доғарып, Ташкент, Түркістан, Сыр бойындағы әулие, әмбиелерді зиярат етіп, сопылық жолға түседі. Отбасын сол “Белдегі” ағайындарына қалдырып, 1906 жылдың шамасында туған жер, атамекенін, жалғыз қызы Арызхан мен жиендерін көріп қайту үшін Жетісуға келеді. Жол бойы сырқаттанып келген Құлмамбет Алматы қаласының шығысында 60 шақырымдай жердегі Түрген қыстағында дүние салады. “Батталқазыға айтқаны”, “Ақырғы сөз” секілді толғаулары осы соңғы сапарда туған. Оның “ақырғы сөзін” тебіренбей оқу мүмкін емес. Ақырғы демі үзілер шақта тіршіліктегі бар саналы ғұмырын ой елегінен өткізіп, артта қалған отбасының тағдырына алаңдайды, көрудің сәті түспеген жалғыз қызын, жете алмаған туған жері мен елін армандайды. Тіпті тілі байланып, қиналып жатқанның өзінде бір де бір адамның атынан

<sup>43</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 316-бума, 1-дәптер.

жаңылмай, оның шыққан тегіне дейін дәріптеп жырына қосады. Қызына деген сағыныш, ұрпақ жалғастыратын ер баланың болмауына байланысты жүрегін мүжіген қайғы-мұң, босқа өткен жалған дүниеге деген күйініш өмірі түгесіп бара жатқан ақтық сәттерде жыр жолдарына айналып, сыртқа ағылып жатады.

“Ақырғы сөз” оқиғалы шығарма. Толғауда ақынның жеке басы мен Жетісудың беделді адамдары туралы мол деректер қамтылған. Өмір деректеріне көз салсақ, Құлмамбет түрлі жағдайлармен Шымкентке екі рет көшіп, қайта оралған. Алғашында бала жасынан кетіп, ХІХ ғасырдың алшысыншы жылдары өнерде де, өмірде де тауы шағылмаған жас дарын Жетісуда дәуірлеп тұрған ақындарға қосылып, өз үйірімен қауышады. Бұл кезде жалындаған жастығы мен шалқыған шабыты сай келген, келешегі жарқын, сәулелі шағы еді.

Екінші мәрте, ұрпақсыздықтың зарынан көкірегін запыран басып сансыраған қарт ақын Оңтүстіктегі ағайындарына бой сергітіп қайту үшін көшкен сыңайлы. Құлмамбеттің бұл оралуы – көкейін қайғы-қасірет қажаған, бойынан жылу, жүрегінен жыр қашқан сұңғыла ақынның Жетісуға келген соңғы сапары еді.

Құлмамбет туыстары мен жора-жолдастарына табыстар аманатын, орындалмаған арман, мақсаттарын, ішкі қайғы-күйінішін кестелі сөз өрнектерімен жеткізуге тырысады. Демі үзілер тұста жарық дүниеге қарағанда, бақи дүниенің қамы көбірек сөз болып, Алладан иман тілейді. Өмірдің өткіншілігі, құбылмалылығы жайында ой қозғап, тура келген ажалға бақ-дәулет араша түсе алмайтынын ескертеді. Қызығынан қиындығы мол өмір сүрлеулерін ойға алып, қамығады.

Құлмамбет — ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ, қырғызды тегіс аралап, көптеген азулы ақындармен жыр бәсекесіне қосылған, сан түрлі қасиеттерді бойына жинақтаған аса дарынды өнерпаз тұлға. Бірақ бізге жеткен туындыларының дені – айтыстар. Әрине, бұл ақын поэзияның басқа түрлерін жырламады деген сөз емес. Құлмамбет әр кезеңдерде Түбек, Жанақ, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Қаңтарбай, Жамбыл сынды тұлғалы ақындар мен қырғыз Қаламқас, Өзипа, Тұрсынай қыздармен айтысқан. Өкінішке орай, ұрпақ жетесіне Түбек, Майкөт, Жамбылдармен айтыстарының үзінділері мен Қаламқас, Өзипа, Тұрсынай қыздармен қақтығыстарының жұрнағы ғана жеткен. Ақындар айтыста үстем болу үшін өзіне тән айла-тәсілдерді көп қолданған. Құлмамбеттің айтуынша, айтыста жеңудің үш шарты бар көрінеді. “Біріншіден, жүректілік керек. Қай жерде, қандай топта, қандай ақынмен айтыссаң да еш қысылып, қымтырылуға болмайды. Өзінді өз үйінде отырғандай еркін ұстауың керек.

Екіншіден, сенін аузыңнан шыққан сөзге сай...

жүрсін, сонда ғана қаумалаған қалың топтың назарын өзіңе аударасың.

Үшіншіден, қарсыласың бұрын кіммен айтысып, кіммен қағысқаның, кімді қалай жеңіп, кімнен қалай жеңілгенін жақсы білу керек. Сонда ғана онымен ұстасу жеңіл соғады<sup>44</sup>. Бұл шарттар шәкірттеріне үйрететін негізгі қағидалары болса керек. Құлмамбетті ұстаз тұтқан Бөлтірік ақынның Майкөт, Жамбыл, Үмбетәллермен қақтығысынан, Әжектің Артық, Шәріпжамал, Әдия қыздармен айтыстарынан аға ақын қағидаларының үлгісі көрінгендей. Жеңіс тұтқасы есебінде осы тәсілдерді өзі де үнемі ескеріп отырғанын көруге болады.

Құлмамбеттің Түбекпен айтысы – жас ақын өзін алғаш рет көрсете білген, өлең-сөздің күдіретін, ақындық даралығын, талант, дарын қуатын танытқан жыр додасы. Үш жүзге алы мәлім, адуынды көрі қыран Түбек алдындағы тырнақалды жыр сынағы. Құлмамбет, Түбек, Тезек арасындағы бұл айтыс аяқталмағанымен, мазмұнының өткірлігі мен көркемдік сипаты жағынан құнды туынды. Оны XIX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы айтыс өнерін дамытуға қосылған зор үлес деп ұғынған орынды.

Айтыс – Тезек төре секілді Жетісуға танымал билік иесінің ордасында, осы өлкеге белгілі ел жақсыларының ортасында, өткенімен де мәнді. Айтыскерлер көңірегін саңылауы бар, зерделі азаматтардың сынынан өтіп, салиқалы бағаларын алды әрі сол орта арқылы есімдері басқа алқалы жиындарға, жалпы қазақ, қырғызға кеңінен тарады. Сол топқа Оңтүстікте аты шыққан Егізақ, Тоғызак, Шаншар, Егізбай, т.б. іргелі ақындар қатысып, өздері үлгі тұтқан әйгілі Түбектің өлең-жырларын үйренді, батасын алды. Жыр бөйгесіне жана қосылып, бақ сынап жүрген Құлмамбет сияқты жас өреннің өнердегі тұсауы кесілді.

Құлмамбеттің аса көлемді, мән-маңызы мен көркемдік қасиеттері жағынан XIX ғасырдағы ірі ақындар айтысының қай-қайсысымен де бәсекеге түсе алатын жыр сайысы – Майкөт Сандыбайұлымен өткен айтысы.

Жыр додасы 1880 жылы шамасында Бішкек маңындағы Аларча деген жерде, қырғыз манабы Бейтіктің аулында өтеді. Бұл кездері Құлмамбет өмір мен өнердің ащысы-тұщысын бірдей тарта жүріп, талай тартыстарда шыныққан азулы ақындардың қатарында еді. Бұдан бұрын Жанақ, Сүйінбай, Қаламқас, т.б. ақындармен бақ таласып, атағы қазақ, қырғыз арасын шарлап кеткен болатын. Солто руының шоң манабы Бейтік Қанаев (1822-1885) (ел ішінде қара Бейтік аталып кеткен – Т.Ә.) той жасап, оған Жетісу қазақтарының да бсделді азаматтары шақырылады.

<sup>44</sup> М.Әуезов ағындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба

Құлмамбет пен Майкөт айтысы жөнінде М.Әуезов С.Мүқанов, М.Жармұхамедұлы еңбектерінде аталып, тұщымды пікірлер айтылған. Дегенмен, заман ағамы мен саяси шектеулер терең зерттеуге мүмкіндік бермегені байқалады. Кейінгі ширек ғасыр көлемінде де бұл шығарма жанрлық, көркемдік, текстологиялық тұрғыда талданған емес.

“Далада домбыра тартқан Майкөт екен деп, аңдамай шақырсам, жүз сомдық ішік киіп, жақсы-жайсандармен төрде отырған екен”<sup>45</sup> дейді ақын Қазанқап Байболұлына айтқан бір сөзінде. Сөз мәнісінен Құлмамбеттің ілгеріде Майкөт ақынды кездестіргенін болжауға болады. Алғашында әр ақын өз руының артықшылығын мадақтап, қарсылас жақтың кемшілігін шенегенмен, қыза келе жеке адамдарды дерінгеуге ойысады. Бірақ айтыстың орта шенінен бастап әлеуметтік, діни мәселерге ойысады.

Сол күні ақындар бір бірін ала алмай, айтыс теке-тіреспен аяқталады. Келесі күні айтыс тағдырын шешкен Бейтік “Төрелік мынау болады. Жиналған жұрттың біреунді мақтауы бар, біреунді даттауы бар. Екеунді бұл жағынан пара-пар дейміз. Енді бір-бір ауыз өлең тыңдалық”<sup>46</sup> – дейді. Құлмамбет Бейтік әйелінің сұлулығын Пайғамбар қызына теңеп, Қытайдан бергі жерде мұндай ұрғашы көрмегенін тамсана жырлайды. Әйел затын Пайғамбарға теңегеніне ашуланған манап Майкөтке енді, өзін жамандап жырлауды талап етеді. Майкөт Бейтіктің жеке басының кемшіліктерін жіпке тізгендей етіп жырлайды. Қазанқап мәліметінше, манап Майкөтке – түйе, Құлмамбетке ат мінгізді. Түйе алған соң Майкөт жеңді болды.

Ілгері зерттеушілердің көпшілігі Құлмамбет пен Майкөт айтысына таптық тұрғыдан қарап, біржақты тұжырым жасап келгені мәлім. Олардың пікірінше, Майкөт отырықшылықты, кәсіпті, егіншілікті жырласа, Құлмамбет мал-дәулетке, байлық-санатқа, өмір қызығына масаттанған би-болыс, бай-мырзаларды дәріптеген. Әрине, бұл заман ағамына байланысты айтылған пайымдар еді. Алайда бір-бірінен мындаған шақырым алшақ жатқан екі елдің географиялық жағдайына да көңіл бөлген жөн сияқты. Суы мол, ауа райы ыстық Қаратау, Түркістан, Сыр өңірлері егін салуға ыңғайлы. Қалаларға жақын болған соң, іргесінен базары үзілмеген. Ежелден отырықшылық тіршілікке бойұсынған, сауда-саттыққа икемді, тұмысынан жер еміп өскен жапсарлас өзбек ағайындардың да оңтүстік жұртына тигізген ықпалы аз емес. Дегенмен, бұл өлке жайылымдық өріске тар, төрт түлік мал өсіруге қолайсыз.

Алатау, Еренқабырға, Ұзынқара (Кетпен қыраттары – Т.Ә.)

<sup>45</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 316-бума.

<sup>46</sup> Сонда.

тауларын қоныстанған Құлмамбет елінің тұрмысы мүлде басқа. Суы тұнық, шөбі шүйгін, табиғаты тамылжыған бұл өңір мал өсіруге жайлы. Негізінен, мал шаруашылығын кәсіп еткендіктен, бар тіршілік көзі төрт түлік болып табылады. Ақындар осындай тарихи-табиғи алғышарттардан алашақ кете алмаған. Қалай дегенде де өз заманының бар болмысын анық, дәл беруге ұмтылысқан. Қай елдің болса да атқаратын кәсібі, қоршаған ортасы, әл-ауқат деңгейінен хабардар етеді. Сондықтан да айтыс барысында әр ақын өз руын, елі мен жерін, байлығын, игі жақсылардың жеке басын сөз еткенде, солардың артықшылықтарын жеңіс кілті есебінде пайдаланған. Бірінде бар нәрсе екіншісінде жоқ болса, үлкен кемшілік саналған.

Құлмамбет пен Майкөт айтысындағы өмір шындығы, дәуір келбетінің терең де дәл бейнеленуі – шығарманың ішкі мазмұны мен көркемдік қасиеттерін аша түскен.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәуір сипатын, өмір шындығының айқын көріністерін дәл суреттеген көркем де кесек туындылардың бірі Құлмамбеттің Жамбылмен айтысы. Жамбылдың шығармашылық өміріне үлкен өзгеріс әкеліп, ақындық атын аспандатқан да осы туынды. Өйткені, Құлмамбет есімі Жетісу еліне ерте жайылған, Жамбылға дейін айтысқан ақынды беттестірген аулы ақын еді. Ішпергі-бергі зерттеулерде бұл шығармалар туралы қалам тартпаған әдебиеттанушы кемде-кем. Олардың ішінен Жамбыл шығармашылығын түбегейлі зерттеген Е.Ысмайылов, С.Бегалин, С.Садырбаев, М.Жолдасбеков сынды ғалымдардың бағалы еңбектерін ерекше атап өткен орынды. Әйтсе де Құлмамбет ақынның қазақ айтыс өнерін дамытудағы сүбелі еңбегі зерттеушілер тарапынан әділ бағаланбай келді. Жамбылмен айтысқан Сарбас, Досмағамбет, Шашубай секілді тарлан таланттардың шығармашылығы жөнінде сөз қозғалғанда, оларды үстем тап өкілдерін жақтаушы кертартпа ақындар ретінде тану – күні өткен, кеңес идеологиясымен бірге кеткен көзқарас. Осындай біртума дарын иелерінің қазақ ауыз әдебиетіндегі орнын анықтап, тиісті бағаларын беру арқылы ұлы Жамбылды одан сайын асқақтаға түсеріміз анық.

Қай замандарда да қазақ ақындары дәулет жинамаған. Олардың барлық ауырталықтарын елі көтерген, бірақ бәтіне салық қылмаған. Ақын, бір жағынан, рудың, яки бір топтың тілек мақсатын жақтаушы қоғам қайраткері, екінші жағынан, ақындығымен күн көруші кәсіп иесі адам болып қоғам өмірінде көрінеді. Ақындық өнер сыңа түседі, әр ақын өнер жарысына түсіп, озып шығуға тырысады. Ақындар ел басына күн туған қаралы кездерде де, ақ түйенің қарны жарылған қуанышты сәттерде де жұртының жанынан табылған. Қазақ ақын-жыраулары өлең таптың үш-ақ нәрсе болған. Олар – туған ел мен жер, намыс.

Қайда жүрсе де осы үшеуін түгіш ұстап, қолдан түсірмеген. Қазан төңкерісіне дейінгі айтыс ақындарының қай-қайсысы да осы жолдан таңбаған. Мәселен, Құлмамбетпен айтысқанда Жамбыл:

Таз, Құлмамбет, сен салсаң,  
Мен де салдым байымды.  
Мен де байдап ап жұрмш,  
Азып-аулақ шайымды.  
Асықпасаң, Құлсек,  
Табарсың әлі-ақ жайымды.  
Менің де Құттықсейіт байым бар,  
Қайтестуғып ойың бар.  
Қалың байды қаптатсам,  
Болатың әлі-ақ тойың бар<sup>47</sup>.

дейді. Мұнда ешқандай кемшілік байқалмайды. Руының, жерінің, елінің ерен батырлары мен дуалы ауыз би-пешендерінің, билік тізгінін ұстаған атқамінер жақсы-жайсаңдарының ерекшеліктерін асырып айту – айтыс өнерінің негізгі алғышарттарының бірі. Қазан төңкерісінен бері көсемдерді, өкіметті, партия хатшылары мен өндіріс бастықтарын, т.б. мадақтау, тіпті қазіргі айтыстарда әкімдерді, іскер қалталыларды жер-көкке сыйғызбай мақтау белен алып бара жатқаны жасырын емес.

Құлмамбеттің жоғарыда талданған көлемді де көркем, әдебиет сүйер қауымға белгілі Түбекпен, Майкөтпен, Жамбылмен өткен үш айтысынан өзге бірнеше қақтығысулары сақталған. Олар – қырғыз Қаламқаспен, Уәзипа және Тұрсынай қыздармен өткен жыр тартыстарының үзінділері<sup>48</sup>.

Құлмамбет – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизациялық дәстүрін жалғаушы әрі дамытушы. Ол қазақ қырғыз халықтарының төл жырлары мен шығыс аңыздарының желісіне құрылған қисса-дастандарды рухани азық етіп, өмір бойы жырлап өткен. Алайда, XIX ғасырдың көп ақындары сияқты Құлмамбеттің де жыршылық қыры бүгінге дейін ашылмай келді. Шындығында, ол “Алпамыс”, “Айман-Шолпан”, “Туғанбай мен Қоңырбай”, “Рапықжанның зары”, “Мың бір түн”, “Көрұлы сұлтан”, т.б. ондаған жырлар мен “Біржан мен Сара”, “Жүсіпбек пен Шөкей қыз” және өзінің айтыстарын жадында ұстап, ел арасына таратып келген.

Құлмамбеттің “Көрұлы сұлтан”, “Мың бір түн” қиссаларын жырлаудағы жанкештілігі Жамбыл естеліктерінде жиі аталған. Құлмамбет екеуі қырғызға барғанда, Шабдан әдейі жолынан

<sup>47</sup> Құланиян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына... А., 1998, 101-б.

қалып, “Көрұғлы”, “Мың бір түн” жырларын құмарта тындағанын айта келіп: “Менің бұл жолғы олжам Құлмамбеттен “Көрұғлы сұлтанды” үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бір айтқанда екі күн, екі түн ұйықтамастан айтты. Мен оның бір күн, бір түн айтуын-ақ ұғып алдым. Менің өрісімді кеңейткен ірі жыр “Көрұғлы сұлтан” болды... Сүйінбайдан үйренген “Сураншы”, Құлмамбеттің “Көрұғлы сұлтан” жырлары екі үлкен ақынның маған берген бағасы мен ақындық сарқыттары еді”<sup>49</sup>, – дейді.

Құлмамбетті күйші деп те таниды. Қолында бүктемелі (опырмалы-Т.Ә.) домбырасы болыпты. Жыр сарындарын күйге айналдырып, немесе күй ырғақтарын жыр сарындарына ұластыруға шеберлігі көбінесе эпикалық жырларды орындау үстінде көрінген. Халық әдебиетін зерттегендегі олқылықтарымыздың бастысы – сөз өнері мен саз өнерін біртұтас қарастырмай, жеке бөліп кететінімізде. Шың мәнінде, ауыз әдебиетінің өкпілі өлеңін әуенмен, термесін мақаммен, жырын сарынмен айтқан. Бұл ретте, ақынның жыр сарыны мен күй сарыны қандай, ол жағы бізге көмексі.

Құлмамбеттің өмірі мен шығармашылығы соңғы жылдар көлемінде ғана арнайы зерттеліп<sup>50</sup>, жеке жинағы жарыққа шықты. Оның ақындық жолдағы даралығы, сол өнер соқпағындағы шыншылдық пен турашылдық қасиеттері, оны маңайындағы ақындардың ұстазы деңгейіне көтерді. Мұның өзі ақын шығармашылығының өзіндік бағыт-бағдары мен ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктерін айқындайды.

*Қашаған Қуржыманұлы (1840-1924)* Хорезм облысына қарасты Ташауыз деген жерде дүниеге келген. Ақынның әкесі ерте дүние салады. Қашағанның жас шағында анасы Ырысты Жем өзені бойын жайлаған ағайындарына көшіп келіп, ақынның қалған өмірі қазіргі Атырау облысының Қосшағыл, Қараөзек маңында өтеді. Ақын он жастан асқанда шешесі өліп, немере ағасы Сөрсебайдың қолында қалады. Ол да жарлы болып, Қашаған тұрмыс қиындығын көп көреді. 15 жасында жұмысқа араласып, өз бетімен еңбек етуге мәжбүр болады. Бірақ сергек, көңілді, ұғымтал жас елдегі ойын-сауыққа араласып, ақындардың өлең, жырларын зер сала тындайды. Көюкарда (қазіргі Ойыл поселкесі) болып, Көюкар базарына жер-жерден келген саудагерлер мен көпес-байларға жалданады. Ел өмірімен танысады. Солардың малын айдасып, Түзтөбе, Орал, Орынбор қалаларында болады, дүние көріп, жер таниды. Бұл сезімтал жасқа әсерін тигізбей қоймаған. Мал соңында, бай жұмысында жүріп, күңіреніп, өлең айттып, жыр, әнмен әуестенеді. Қашаған жалданған саудагерлердің ішінде

<sup>49</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 649-бума

<sup>50</sup> Т.Әлібек. Қуламан Құлмамбет. А., 2004, 336-б.

Сергей деген көпес оның көңілді, талапты жас екенін аңғарып, оған ақыл-кеңес береді. Болашақ ақын айдаған малын тапсырып, еліне келе жатқан жолда бір қазақ ауылындағы сауық кешке қатысады. Сонда түні бойы жырлаған жас ақынға жұрт ақша жинап береді. Ақын өз өмірін еске алған бір жырларында осы сапардан кейін “аруақ қонып”, ақындық жолға түскенін айтады.

Қадір білер ағалар  
Құлақ салды сөзіме,  
Көңіл бөлді өзіме.  
Он жасыма келгенде  
Балалықты ойламай,  
Аяққа шарық байладым.  
Теке деген қалаға  
Сергейдің қойын айдалым<sup>51</sup>.

Қашаған өзіне дейінгі ақындарды жақсы білген. Нұрым қатарлас Абыл Өтемебетұлы мен Ақтан Керейұлын ол өзіне ұстаз тұтқан. Ел аузында Қашаған айттыпты дейтін мына бір ауыз өлең осы пікірді растайды.

Абыл мен Нұрым, Ақтаным,  
Осылар еді тапқаным.  
Осылар маған үйретксіп,  
Тарихтың ескі ақпарын<sup>52</sup>.

Өзі туралы ақын былай дейді:

Аруакты атам ер Қосай,  
Өзімнің атым Қашаған.  
Ғұмырым сексен жасаған...<sup>53</sup>

Қашағанның аты көрші түрікпен еліне де белгілі болған. Түрікпен шайырларымен айтысып жүрген.

Қашаған айтысқан ақындар: Нұрым, Аралбай, Жаскелең, Ізім шайыр; Берекет, Құлзина қыз, тағы басқалар.

Қашағанның айтыстан басқа біраз арнау, дидактасу түріндегі өлеңдері де бар. Бұл өлеңдерінде ақын өзімен кезінің шындығын ашады. Оның өлеңінде ел басына түскен ауыр кезең жырланып, содан туған ел қайғысы, ізгілік пен адамгершілік бейнеленеді.

<sup>51</sup> М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қоры. 398-бума. (Қашаған өлеңдерінен келтірілген үзінділер осы бумадағы материалдардан алынды).

<sup>52</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 2-3 дәптер.

<sup>53</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 2-3 дәптер.

Мысалы, Каспий теңізі тасып, жағадағы елді су басып, халық күйзелген кезді ақын “Топан селі басқанда” атты толғаумен танытады. Ол өзінің өткен-кеткенін еске алып, қоныс жайын, елі бастан кешірген қиын кезеңдерді термелейді. Ел бірлігін дәріптеп, халықты еңбекке үндейді, қиындыққа қарсы бірлесе күрессіп қаймықпай, күш жинап, жатпай-түрмей кәсіпке ұмтылуды тілейді. Қиындыққа қайғырып, өмірден түңілмей, болашаққа сендіре сөйлейді.

Гәрбиссі жарасқан,  
Ап-арыққа қарасқан,  
Кең пейілді мырзалар  
Қайыршымен тең болып,  
Көп жиылып ел болып,  
Етекпен кесіп жең болып...  
Кетерсің өршіп кең болып...  
Көп дария көл болса,  
Бай менен жарлы тең болса,  
Суда балық, қырда егін,  
Диқаншылық мол болса,  
Бөле билер жок болса,  
Кейінгі боз балалар  
Налымаңыз, шырағым,  
Кетерсіз тағы ел болып”<sup>54</sup>.

Ел апшысын қуырған, жұрттың берекесін алған бай-пысықтардың болымсыз, жарамсыз қылықтарын ұнатпаған ақын көпшілікке қолайлы, тиімді болатын елдікті қуаттайды. Тіршілік құты – еңбекті дәріптейді. Жұрт кәдесіне жарамаған байдың үй-ішінің сыйқын, кескінін дәл беріп отырады:

Оның “Ел айрылған” атты толғауында қазақ пен түрікпен елінің айырылысуы, бұрынғы түрікпенмен аралас тұрған қазақ елінің бөлініп көшуі туралы сөз болып, осыған байланысты туған ауыртпалықтар жайында өкініш білдіріледі:

Қашаған дүние, дәулет, атақ, дәреже, ел, қоныс – бәрі өзгереді, өмірде тұрақты нәрсе жоқ деген тұжырым жасайды. Ақын қазақ жерін көп аралап, оның ой-шұңқырын жақсы білген. Мұны біз өзен, су, жер туралы, өз өлкесі туралы өлеңдерінен көреміз.

Еділдің басы Мық төбес,  
Жайықтың басы Оралғау,  
Елкінің басы Есембай,  
Қобданың басы Шоңмұрын,  
Ойылдың басы Құмжар

Жемнің басы Мұнай жар,  
Сарыарқаны салқын деп,  
Қонысқа жайлы тарады ел...”<sup>55</sup>

Қашағанның “Есқали сопыға” өлеңі профессор Ахмет Жұбановтың жариялауы бойынша мәлім. Құрманғазының домбырасын қорлаған дүмше молдаға арналған толғау. Ақынның бұл өлеңі дін иелерінің музыка өнерін қудалауына қарсы айтылған. Қашаған эпостық жанрда да көрініс, көлемді жырлар да толғаған. Академик А.Жұбановтың айтуынша, Қашағанның Құрманғазының “Көбік шашқан” деген күйі аттас поэмасы да болған. Онда автор Каспий теңізінің тасуына байланысты елдің апатқа ұшырауын, халық қайғысын кең суреттеген.

Қашаған халық жырларын, Махамбет өлеңдерін жадында сақтап айтып келген, айтыстарға түскен, жеке тақырыптарға арнап өлеңдер де шығарған жан-жақты ақын. Оның жоқтау, көңіл айту сияқты тұрмыс-салт өлеңдеріне ден қойғаны “Аралбайға көңіл айту” деген туындысынан айқын аңғарылады.

Қашағанның “Ізбас ақынға”, “Кетеден шыққан келінге”, “Қыз сыйына”, “Беркет ақынға”, “Күнзина қызға”, “Байұлы туралы”, “Той бастар”, тағы басқа өлеңдері ақын шығармашылығының кең арналы екенін таныта алады.

Ақын мысқыл сөзге де ұста. “Кетеден шыққан келінге”, “Шалбарбайға” деген өлеңдері орынды мысқыл мен кекесінге толы.

Қартайып сексенге келіп, жер таянып отырғанда Қашағанды Ізбас ақын іздеп келіп айтыспақ болады. Сонда айтқан толғауында да ақын мысқыл сөздерді де қолданады.

..Сөзің әлсіз, өгімісіз,  
Шыққан ызың масадан...  
Айтсам дағы сендейге  
Менің сөзім құр шығын.

Қашағанды көрген Мұрын жырау: “Қашаған ірі денелі қара кісі еді... өлеңді суырып салып айтатын. Ойын-тойда сөз бастап, айтысқа түсуге құмартатын... Қашаған Адайдың түрікпендік елінен шыққан ақын. Мен Қашағанмен көп жолдас болдым. Ол 84 жасында, 1924 жылы өлді. Өлместен 4-5 жыл бұрын көзінен айрылып қаріп болды”<sup>56</sup> дейді.

Көрнекті жыршы Қашағанның шығармашылығы әлі де болса толығырақ жинастырып, жариялауды және зерттеуді қажет етеді.

<sup>55</sup> Сонда, 271-б.

<sup>56</sup> М. О. Әуесзов аттыдағы Әдсбист жәлс өнер институтының қолжазба

*Құлтума Өтемісұлы (1840-1915)* қазақ әдебиеті тарихында төкпе ақын, әйгілі әнші, дарынды композитор ретінде ерекше аталады. Ол – Біржан сал мектебінен тағлым алып, оның өнерін әрі қарай жалғастырғандардың бірі.

Ақын қазіргі Қарағанды облысының Теңіз ауданындағы Жартылөбе деген жерде туып, ата қонысында қайтыс болды.

Ол жастайынан арғымақ мініп, үккі домбыра ұстап, өлең айтып жыр шығарып, өнерге бейімделіп өсе бастайды.

Құлтуманың “Шабьт шақыру”, “Бір ақынға”, “Термелер”, “Билер жөнінде”, “Өмір туралы”, “Қарттық жөнінде” деген өлеңдері мен айтыстары әр жылдары шыққан кітаптарда жарияланды<sup>57</sup>.

Бізге жеткен осы бір азғанғай ғана мұралар мөлдірлігімен, таза тілімен, дүниені, болмысты образды ойлар арқылы бейнелеуімен, ақындық ойлау жүйесінің ассоциациялық байланыстарға жүгіну шеберлігімен, поэзиялық лексикасымен ерекшеленеді. Тақырыбы жағынан алғанда, моральдық-этикалық сипаты күшті. Әлеуметтік қырынан қарастырсақ, өз заманының қара нардай шөгіп жатқан қырсықтарына қарсылық білдіреді.

Қолжазба деректерінде сипаттауларға жүгінсек<sup>58</sup>, Құлтума ұзын бойлы, жазық мандайлы, қыр мұрынды, көзі мойылдай қара, кеудесі шалқак, жарқын жүзді кісі екен. Ән шырқап, өлең төгср алдында ұшар құстай қомданып, дүр сілкініп, өзін сергек, ширақ ұстайтын көрінеді. «Еу», деп айғайлап алып, есіктен төрге дейін аралықта аққан селдей, ескен желдей ақындықтың ырғағына тұғас беріліп, қанаттанып кетеді екен. Бұл ретте ақынның Намазбен айтысының тарихына кеңірек тоқтайық. Алтай – Қарпықтың шонжары Аққошқар Сайданының асында 9 күннің ішінде 18 ақынды тізе бүктіріп, өнер бөйгесінде мерейі үстем, мәртебесі биіктеп отырған уақытта, он сөгіз жасар Намаз ақын кездеседі.

Жиналған жұрт Намазға:

– Құлтума бірде-бір ақынды беттеспей, шаңдай шашып, тозаңдай тоздырып, құтын қашырып, қарсыластарын жапырақтай отап жатыр. Ол қазір келеді. Сен домбыранды алып, одан бұрын төрге жайғас, – дейді. Бұл кеңесті бала құп алады. Құлтумаға басқалар амандасса да, Намаз сәлемдеспейді. Құлтума “Мынау қай неме?”, – деп оның шынтағынан қағып жіберіп:

Аузымнан ләбіз бүрқыра,  
Қаламдай біткен он саусак,  
Дөңгеленген он тырнақ,  
Сом алтындай жалтылда!  
Қиылып біткен екі қас,  
Көз алдында бұлтылда!  
Мен ер Алтайдан шыққан,  
Атақты жүйрік Құлтума.

Өзге ақындай сен көрме,  
Аяғың ақсап қалмасын,  
Балам, маған ұмтылма<sup>59</sup>, –

деп, айтысты бастайды. Осы бір қуатты сөздер, шын мәнісінде, Құлтуманың өзіне лайық бағасы, биік өнеріне өлшемі, ақындық шеберлігіне берілген тұжырым десек, артық айтқандық емес. Екіншіден осылайша айту тек Құлтумадай өнер алыбына жарасар еді.

Намаздың: “Тоғыз күндей бұл аста бөрін жеңіп, Әлі тоймай жүр едің, жүзі қара” дегенінде ақынның талай тарланбоздарды артқа тастаған жүйрік екендігіне тәнтілікпен қоса, бақталастық та бар. Сондықтан да Құлтума:

Өзіме өлең берген, жаббар құдай,  
Беттеместей қылайын бұдан былай.  
Мені кім деп отырған, сорлы бейбақ,  
Сен түтіл, беттеген жоқ Шөже, Орынбай, –

деп, оған түйғынша шүйіледі. Айтыс дәстүрлі тақырып шеңберінде өгсе де екі ақынның да импровизаторлық қуаты, ой жүйріктігі, тапқырлықтары анық аңғарылады.

Құлтума Ырысбаймен де айтысқан. Оған қазақ жерін қалмақ шапқыншылығынан қорғаған даңқты батырлардың бірі – Сәркенің шөбересі, әнші, ақын, батыр Ер Сейіл себепкер болған. Айтысты 1930 жылдары Атбасар ауданында жүріп жазып алған белгілі қоғам қайраткерлері, жазушы Сабыр Шарипов<sup>60</sup>

“Оқ жыландай атылған” Ырысбай ақынға қаймықпай төтеп бергеніне, кеудесін өлең кернеген тарланбоздығына сүлу тізілген мына бір айшықты жолдар толық дәлел:

Дүние қызыл түлкі алдаурағар,  
Тайсалмай тіршілікте қыран боп пал.  
Даңқым кеткен ұзын ел қиырына,

<sup>57</sup> XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985. 234–236-бб; Айтыс. Алматы, 1965, 2-т., 67-79-бб; Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 2-т., 232-238-бб.

<sup>58</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімі. 717. 718. 633. 795. 730- бұмалар.

<sup>59</sup> Бес ғасыр жырлайды («Шабьт шақыру») 2-т., А., 1984, 233-б.

<sup>60</sup> Орталық ғылыми кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар бөлімі. 267-бұма.



Жел сөздің қию таптым қиыныңа,  
Қарағайды сөйлестім қамшы басып<sup>61</sup>.

Құлыбек деген кісі жалғыз баласы дүниеден өліп, соған ас береді. Жиынға Тоғжан өлеңдетте кіреді:

Әуелі үлкен десең хаққа сыйын,  
Жаманға өлең түгел, сөз де қиын.  
Құлыбек Бағаналы баласына,  
206 үй тігіп берді жиын.

Жиынға Тоқаң барлы айғай салып,  
Тақтайды екі шекті қолына алып.  
Аққолшар Сайдалы мен көп жамағат,  
Тоқаңды сөйлетеді ортаға алып.

Сонда Аққошқар көпшілікке қарап: “Бұл тойға Құлтуманы алдырып, Тоғжанмен айтыстырып, көңіл аулағанымыз жөн шығар” деген екен. Сөйтіп, халық қалауы бойынша Құлтума Тоғжанмен кездеседі.

Ол Айна ақынмен де сөз сайыстырған. Айна – Нұра бойының ақыны, алпыс жасында дүние салған. Шеже оны “атақты ақын Айнам” деп сүйсіне бағалаған.

Құлтуманың ақындық өнерін көріп тамашалауға қалың ел мейлінше құштар болған. Қарқаралыға келгенінде, ағылған елмен он алты жасар Исабек Есенқұлұлы да келеді. Маңайындағылар: “Айтысқа түс” дегенде ол:

– Құлтума мені ақ түйеше бір-ақ тарпиды ғой, – дейді. Алайда қолқалаған ел оны, бәрібір, айтысқа түсереді. Қолжазба күйіндегі айтыстың тілі ажарлы, бейнелі әрі халықтың байырғы жұмбақтарын пайдаланған. Бұлар, әрине, ақындық қуатты, таным тереңдігін танытады.

Құлтума Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ғазиз, Үкілі Ыбырай, Кемпірбай, Иман Жүсіп, Ағаш Аяқ, Сабырбай, Шашубай сияқты әнші ақын, сал-серілермен қарым-қатынаста болған. Біржан салмен серіктес, бірге жүрген. Ол Құлтумаға ұстаз, жан аямас дос ретінде қазақ әнінің табиғаты мен оның қисапсыз құпия құбылыстары туралы ақыл-кеңестер беріп отырған. Қазақ музыка өнерінің білгірі Ахмет Жұбанов Құлтуманың “Демалыс” әні хақында: “Ән құлаш, құрылысы жағынан Біржанға сліктесіңді. Біржанның “Жанботасындағыдай” деп түсінбеу керек. Бірақ әннің өсуі, дамуы, қайырмасының әсерлілігі, еркінді билеп алатын күші сол үлкен ағаларының үлгісінде, – дейді<sup>62</sup>.

<sup>61</sup> Айтыс. 2-т., А., 1965, 71-б.

Әнші, ақын, домбырашы, композитор Құлтума “Үш көтерме”, “Тау қиялап”, “Шайқалма”, “Пау-ой”, “Дөңбек”, “Жамал – Шамшид”, “Соқпай – соқпа” тәрізді әйгілі әндерін шығарған. Осы әндерді әдемі айтып, нотаға түсірген, халыққа жеткізген – Қосымжан Бабақов. Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди “Үш көтерме”, “Тау қиялап” әндерін “Абай” операсына пайдаланды.

Академик Ахмет Жұбанов: “Құлтуманың әндерінің ішіндегі бір кульминациялық биігі, шыңы – “Үш көтерме”. Салған жерден кереғар интервалға шапшып бастауына қарағанда онда Мәдидің құлашы бардай. Әнде үлкен рухани күш бар. Онда лирикамен қатар, драмалық элемент те бар сияқты. “Үш көтерменің” музыкасы ғасырдың күәсі болуға, Құлтуманың өзі жоқ болса да, көзі болып, жоғын жоқтауға жарайды”<sup>63</sup>, – деп аса жоғары бағалады.

Құлтума ел аралап жүріп, ауыл мырзасы атанған бір азаматтың үйіне түседі. Асықпай-аптықпай, именбей, терге озып шешінеді. Іштен наразы болғанмен, қожайын тіс жарып, бөтен сөз айтпайды. Құлтума домбырасын алып, төрдің қақ алдына сүйеп жатқанда отағасы тұрып: “Мына қара дөңбек басымызға шыға ма?”, – дейді. Сонда ақын:

Алдыма өңгергім қара дөңбек,  
Дәулетіңе сендердің болдың еңбек.  
Жеті атаң жетім берген мырза еді деп,  
Алдыңа даңқынды естіп келе қалдық –

деп жырлай жөнелгенде, мырзаның бәйбішесі екеуара сөзді бөліп жіберіп: “Е, бұл өзімнің немере қайным екен ғой, оның домбырасы шаңырағымға шықса да көтеремін, самаурынды қой”, – деп әнді сүттей ұйып тұрған қызына бұйырады. Бәйбішенің ісіне разы болған ақын оған мынадай мінездеме береді:

Дауысым ал дегенде бір саңқылдар,  
Қатпа түйе жел болса үйге аңқылдар.  
Жітігің алған жары жақсы болса,  
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар<sup>64</sup>.

Құлтума өзінің туып-өскен кең байтақ Сарыарқасында, Ақтөбе, Сыр елінде, Орынбор, Қызылжар, Троицк, Кереку қалаларында өнер көрсеткен.

Поэзиямыздың тарихында өткір тілді, тапқыр ойлы, шешен ақын Құлтума Өтемісұлы шығармашылығының өзіндік салмағы бар.

<sup>63</sup> Сонда, 201-б.

*Қожабай Тоқсанбайұлы (1841-1918)* Атбасар уезіне қарасты Ұлытау болысында (қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау ауданында) туған. Бір жасқа толғанда атасы Тайлақбай (Тоқсанбайдың әкесі) немересін бауырына басады да, Торғайдағы қайын жұртының ауылына қоныс аударады. Тайлақбай өнер қонған әйгілі күйші, сыбызғышы болған кісі екен. Мұның өзі Қожабайға жас кезінде үлкен әсер етсе керек. Ақын 77 жасында атамекені – Балажезді деген жерде ауырып, қайтыс болады.

Қожабай шығармалары Ұлы Октябрь революциясынан кейін ғана жиналып, жариялана бастады. Оның “Әлмәмбет байға” деген өлеңін алғаш революционер жазушы С.Шәріпов жарияласа<sup>65</sup>, бір топ өлеңі академиялық жинаққа енді<sup>66</sup>. Кейін Г.Сүлтанғалиеваның “Қожабай ақын” деген мақаласы жарық көрді<sup>67</sup>.

Бүкіл өмірі жоқшылық, азапшпен өтсе де ол сол қызығы аз ауыр тұрмыстың өгуіне жалынды жырлар туғызып, өзіне таусылмас рухани азық, сүйеніш табады. Осыған орай оның бірде:

Өлеңге мен жасымнан керім едім,  
Жорға емес, жүйрік емес, берік едім...  
Балқытқан қара тасты қорғасындай,  
Баспалы желді қара көрік едім...

Жалғыз-ақ жастан көрген қылығым сол,  
Айқайлап айтар сөзге болдым дилмар  
Жасымда базар едім жаңа ашылған,  
Құрыш ем қайтап шыққан жаңа асылдан.  
Он үште бағаналы Қожабай деп,  
Атағым орталыққа бір пашылған<sup>68</sup> –

деп ой түйгенін көреміз.

Ақын өзі күә болған дәуірдің әр алуан әділетсіздіктері мен дала тұрмысындағы теңсіздік жайттарын ашып беруге де ден қояды. Осы реттегі ойларын ол үнсімі өмірлік ұтымды салыстырулар арқылы нақты тұжырып отырады. Қожабай байлық пен кедейліктің түпкі сырын бағалауда да біршама дұрыс қорытындыға келіп:

Балапан қанат бітіп ол ер жетер,  
Кедейді байлар «бақтым» деген бекер...

<sup>65</sup> Қызыл Қазақстан. 1923, 54-56-бб; 22-23-бб.

<sup>66</sup> XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985, 200-221 б.

<sup>67</sup> Жұлдыз. 1985, № 2.

<sup>68</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба

дейді.

Әлеуметтік мазмұнының ұтымдылығы жағынан жеке бөліп атауды қажет ететін шығармаларының бірі – “Кел, Қожабай, сөз сөйле, замананың зарында” деп басталатын өлеңі. Мұнда ол ел ішінде етек алған алдау, арбау, қулық, сұмдық пен жауыздық, парақорлық тәрізді келеңсіз көріністерді аяусыз сынай келіп, есімқор байдың зұлымдығы мен борышқа батқан момын кедейдің азапты ауыр күнін қалтарыссыз ашып, шындық күйінде сипаттайды. Ақын қазақшылдық көне салттың бұзылуын мал біткені би болып, “түйені түгімен, биені бүгімен жұтатын” парақорлықтың жаппай етек алып қалап кетуінен деп түсіндіреді. Алайда өзі сол жайларды қаншама әшкерелеп отырса да, бұларға қарсы қояр ойы, дәлелі қалыпты схоластикалық ұғымнан аспайды. Сөйтіп, ол бұл жалғанның өткінішілігін, баянсыздығын, аз күнгі өмірмен жалғаса келетін ертеңгі өлімді айтып, сондықтан кедей сорлыны ренжітпеу керек деген пікір ұсынбақ болады (Өтпеймін деп ойлама, Тұмақ анық, Өлмек шын, Ақиқат анық білесің, Дүниенің алды өмір, Өлімі келер артынан). Тіпті кейде сынап отырған зұлым билер мен байларды “қайырымды, қайырымсыз” деп біржақты қарауға дейін барады. Мұндай екіұшты ой-байламдар оның өзге жырларынан да ара-тұра көрініс беріп отырады.

Ақынның “Қазақ баласына” атты келесі бір көлемді жыры сол тұстағы мәні зор әлеуметтік мәселелерге арналған. Ол өзі аралап көзбен көріп қайтқан Сыр бойы мен Қызылжыңғыл болысындағы елдің жай-күйі, мен күнкөріс, тіршілігін қанаттас Кіші жүз, Ұлы жүз елдерімен қатар қойып салыстыра сипаттайды.

Қожабай елдің ауыр жағдайын айтқанда кешегі бір естен кетпес “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” тұсында атқоныс ел бірлігін сақтап қалуға үлес қосқан ардақты батырлар мен кейбір адамдардың игі істерін үлгі тұта сөйлеп, мұның бұл күндері аяқсыз қалып, ұмытыла бастағанына өкініш білдіреді.

*Будабай Қобылулы (1842-1911)* осы күнгі Қызылорда облысы Шилі ауданы Жиделіарық деген жерде туып өскен. Руы – шашты қыпшақ, оның ішінде Малай деген атасынан. Өзінің Қарлығаш қызбен айтысында ақын:

Будабай менің атым, түбім-шашты,  
Өлсеңмен ерітемін қара тасты.

<sup>69</sup> Бұл да сонда.

Жарымай әріптеске жүргенімде,  
Күдлайым кез келтірді Қарлығашты<sup>70</sup>, –

дейді.

Бұдабайдың бөлінен бір ұл, үш қыз болған. Ұлы Бақберді ер жеткен шағында қайтыс болған. Әйелі Балторы асқан сұлу болыпты. Екеуі де Бұдабайдан бұрын өлген. Кіші қызы Қарлығаш қырқыны жылыдары Алматыда тұрды. Бір жиені белгілі жазушы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадиров.

Ордалы баласы Қанжардың айтуына қарағанда, Бұдабай ұзын бойлы, дөңгелек жүзді, сары кісі болыпты. Жайшылықты момын адам өлеңге келгенде сайрап қол береді екен.

Ақындықты Бұдабай айтыспен бастаған. Он бес жасында Жадыра қызбен айтысады. Осы айтыс өлеңді ол 63 жасқа келгенше аузынан тастамайды. Соны байқаған бір әйел:

Өлеңіңе ... өлгенше айтқан,  
Пайғамбардың жасына келгенше айтқан<sup>71</sup>, –

депті.

Жігіт күнінде Бұдабай қоңырат елінің атақты ақыны Қарлығашпен айтысады. Бұл ұзақ айтыс. Ел аузында оның үзінділері ғана сақталған.

Бұдабай – ескіше хат таныған адам. Парсы әдебиетінен де азын-аулақ хабары болған. Жас кезінде көбіне қылшақ елінің аға сұлтаны Тұрман маңында болып, от тілді, орақ ауызды ақын ретінде көзге түседі. Көбіне айтыс, одан қалса, замана жайын қозғайтын толғау, қисса жазған. Бірақ шығармалары бізге толық келіп жеткен жоқ. Қартайған шағында ақын жоқшылық уысына түседі. Сол кезде Палымбеттің сөзіне ерген Бұдабай өлеңдерін өз қолымен өртеп жіберген.

Әзірге Бұдабайдың ел аузында жүрген өлеңдері оннан асады. Осы шығармаларының ішінен баспа бетін көргендері – “Әйскенің жоқтауы”, “Көңіл”, “Өмір” сияқты кейбір өлеңдері. Әйскеге арналған жоқтауы Бұдабайдың көзі тірісінде Қазанда (1883) жарық көрген. Әбөкейханов пен А.Байтұрсынов құрастырған “Жиырма үш жоқтау” үлгілеріне (1897) де енген. Соңғы жылдары бірнеше өлеңдерімен бірге “Бес ғасыр жырлайды” (1984, 1989) жинағына қосылып келеді. Өзге шығармалары әлі күнге ел аузында жүр.

Бұдабай сіңірі шыққан кедей болған. Осы кедейлік жүгі оған

<sup>70</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдсбист және өнер институтының қолжазба қоры. 804-бума, 1-дөңгер. (Кейінгі өлең үзінділері де осы бумадан алынады – ред.).

<sup>71</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 338-бума.

қартайған шағында аса ауыр тиген. Сол жайында ақын:

Күдай-ау, мен не қылдым жарлы қылып,  
Болмай ма бір сынасаң малды қылып.  
Күрессем тең құрбымнан жығыламын,  
Қойсаңшы тым болмаса әлді қылып<sup>72</sup>, –

дейді.

Бұдабай 1911 жылдар шамасында Сыр бойындағы Кердері деген жерде қайтыс болған. Сүйегі әулие Тораңғыл деген жерге қойылған.

Бұдабай өлеңді 60–90 жылдар арасында жазған. Бұл қазақ даласының патшалық Россияға қосылып, ел ішінде жаңа тәртіптің орнап жатқан кезі болатын. 1868 жылғы реформа негізінде штат сайлауының жүзеге асқан кезеңі де осы. Болыс сайлауы бұрынғы аталы билердің билігін әлсіретіп, жаңа байлардан шыққан ұлықтарды шығару мақсатын көздейді. Олар бүтіндей патша өкіметіне арқа сүйеді. Осындай екі түрлі заманның тоғысқан торабында өмір сүрген ақын көп уақыт замана жайын толық ұғынып, оған тиісті баға бере алмайды. Майлықожа, Мәделіқожа, Базар жырау, Құлыншақ, Құлан ақындар заман жайын жырлап, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жатқанда, Бұдабай ел ішіндегі той-думанға қатысып, айтыс қуып жүреді.

Ақынның саяси мәселеге бет бұруы 1880 жылдар шамасы. Бұл кезде қоңырат Қалкөздің орнынан түсуі, Әйске мен Әлмембет арасындағы дау-шардың қабынуы, Нияздың Түркістаннан қуылуы сияқты оқиғалар болады. Осы тұста бұрынғы әруақты билердің уақыт жаңалығынан таяқ жегенін көріп, Бұдабай замана қайшылығын ұғына бастайды. Екі сөзінің бірінде парақорлық, дау-шар көбейді, ұлықта әділдік жоқ, заман азды, заң тозды деген ойды айта бастайды. 1880 жылы құйысқансыз қоңырат елінің атақты биі Қалкөз партиягершілік салдарынан болыстықтан түсіп, оның орнына жаңа шыққан пысықтар болыс болып, ел бүлініп жатқанда Бұдабай қоңыраттарға аралық сөз айтады. Онда жаңа шыққан билерді сынап:

Сәлем де өрде жатқан шошкарларға,  
Елге ис, жұртқа қорғап болғандарға.  
Болыпты басың – аяқ, аяғың – бас,  
Заманға бұл күндегі болжам бар ма?<sup>73</sup> –

дейді. Ақын қоңыраттарға әлі де болса Қалкөз сияқты билердің етегінен ұстандар деп ақыл береді. Мансапқұмарлық, аласапыран

<sup>72</sup> Сонда.

<sup>73</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдсбист және өнер институтының қолжазба қоры. 804-бума. (Алдағы сілтемелер осы қордан алынады – ред.).

салтын ақын ұнатпайды. Ондай жолмен келген болыстықтан гөрі, мал бағып, тыныш жатқанды артық көреді:

Мал жақсы болыстап да, биліктен де  
 Әр істі ақша бұзар киліксізде.  
 Азғаның заманыңның білмейсің бе,  
 Жабы озды жапты сұйық жүйріктен де

Бұдабайдың:

Жігіт еді Қалкөз би мүшелі  
 Кейбір елдің соры бар тап үш елі.  
 Алтын тұғыр баяғы босқа қалып,  
 Кімге тұлға болады көн кісселі, —

деген сөзінен оның өз заманын қатты сынағанын аңғару қиын емес. Оның осы секілді заман адамдарын сынаған өлеңдері көп. Ақмешіт үезінің жәрдемшісі болып тұрған Самырат Көшербайұлына арнаған сөзінде ақын Шиселі жеріндегі Әйске мен Байсын болыстардың үстінен шағым айтады:

Көшке, біздің елдер төмен жатыр  
 Айтылмай көкіректе шемен жатыр.  
 Бүддірді біздің елді осы күнде  
 Әйске, Байсын соқыр деген батыр.

Байсын да, Әйске де патшадан шен-шекпен киген аға сұлтандар, елді үйтіп жеуге қараған болыстар. Ақын олардың зұлымдығы мен парақорлығына қарсы тұрады. Жалпас Нұрман би Ақмешітке тұрып, ұлықтарға пара тасып, елді көп шығынға ұшыратады. Осыған наразы болған ақын:

Қалада би болдым деп Нұрман жатыр,  
 Бірін тапшай, біреуін шындап жатыр.  
 Қайда пәле көрінсе мұнда кел деп,  
 Бір қолын тамға шығып, бұлғап жатыр, —

дейді. Бұдабай заманында партиягершілік, барымта, ру тартысы, мансапқорлық, парақорлық, жер дауы, жесір дауы әбден күшейді. Кім ұлыққа пара берсе, сол кісі болады. Өсек-өтірік қарша борайды. Осының бәрі ел ішінде берекесіздік, алтыбақан алауыздық тудырып, шығынды көбейтеді. Бұл салтқа Шиселі, Тартоғай жеріндегі Тұрсынбай датқаның балалары — Әлмембет, Пірназар, Жүсіпназарлар да тізгін береді. Әбілмәмбет қыпшақ еліне аға сұлтан, одан соң бірнеше жыл болыс болған. Қыпшақтың қарадан шыққан ханы ретінде билік құрған. Қартайған шағында болыстықтың ішкілеріне қимай өзінің он сепіз жасар баласы

Сыздыққа береді. Осы оқиға тұсында ағайынды үшеуінің бірлігі бұзылады.

Бұлар кісілікке таласып, елді қырық пышақ қылып жүргенде, Әлмембеттің баласы Сыздық, әйелі, қызы бірдей өледі. Інілері оған баға оқымайды. Осы тұста Бұдабай Әлмембет ауылында екі-үш айдай жатып, қайтар алдында бұларға аралық сөз жазады. Бұдабайдың Әлмембетке жазған сөзі тұтас сақталған. Онысы бастан-аяқ сатира.

Бұдабайдың осы аралық сөзінен соң Әлмембет інілерімен татуласқан. Ақын көңіл айту үстінде Әлмембеттің мінезін ажуалап отырады. Екінші жағынан оның ата-бабаларын мақтап, қолпаптайды. Мансапқа таласу сияқты ұсақ мінезді бастаған Әлмембетті ақын інілеріне жығып береді. Оның тұқырта соң сынаудың тағы бір себебі болған. Баласы Сыздық өлген соң Әлмембет оның орнына бір бақталас байды болыс сайлаймын деп әуреге түседі. Әлмембеттің осы қылығын ақын қатты мінейді:

Тұрсынбай, бәрінен де атаң датқа,  
 Мен салдым төрт-бес ауыз жазып хатқа.  
 Бұл күнде біздің қазақ танды есінен  
 Жүйрік деп жарыстырды өгізді атқа, —

деген жерде соны аңғарамыз. Ақын жаңадан «кісі» болған адамдарды, әсіресе, байлар ортасын жақтырмаса да, билік пен заман солардікі екенін түсінеді. Бұрынғы аталы билердің азып-тозғандығын, мал күшімен кісі болған тексіз адамдарды көрген Бұдабай заманды сынаса да, оның жаңалығынан безбейді. Енді ол бұрынғы заманның қайта оралмасын ұғынады. Сөйтіп, жаңа заман адамдардың мінез-құлқын түзетіп, елге қамқоршы болуын аңсайды, үгіттейді.

Ақын осы секілді ұсақ мінездерді ғана емес, ел арасындағы өтірік-өсекті де ұнатпайды. Түркістан уезіне жәрдемші болып тұрған қыпшақ Ниязды қоңырағ болыстары жаламен орнынан түсіргенде, Бұдабай Ниязға болысып:

Аман ба, Нияз аға, қош па уақтың,  
 Орнаған бір жері едің әруақтың.  
 Сәуірдің өтпемсілі бұлтындай,  
 Басыңа ессөбі жоқ қонған бақтың,  
 Дарияны ағып жатқан лайлайды,  
 Түбіне көз жіберсең қиянаттың.  
 Шөпдетті орта жүзді пәрүердігер,  
 Суаты құлағандай шығанақтың.  
 Тұрады сыры кетсе, сыны кетпей,  
 Кәдегі хандар соққан ғимараттың, —

деп толғанады.

Осы Нияз кейін Ақмешіт үезіне жәрдемші болғанда, ақын ел ішіндегі бүліншілікке бас болған болыстардың іс-әрекеттерін әшкерелеп отырады. Осындай жаңа заман адамдарына үміг арту Бұдабайдың Мәлібек болысқа айтқан сөзінде де бар.

Бұдабайдың неғұрлым толық әрі өзгеріссіз сақталған өлеңі – “Әйкенің жоқтауы”. Мұны ақын 1880 жылы кісілік таласына түскен Әйке өліміне байланысты жазған. Ол елге алым-салықты өз білгенінше салып, қыпшақ еліне тынышсыз болған. Елдің атқа мінерлерін сыйламады. Әйкенің осы жолсыздығын қыпшақтың билері Әлмембетке жеткізеді. Бірақ Әйке Әлмембет сөзін де қабыл алмайды. Осы кезде уезд орталығы – Ақмешітке барған Әйкені Әлмембет жатқан үйінде атып өлтіреді. Бұдабай Әйкені әділ еді демеуді, оның елдің алауыздығынан мерт болғанын жырлайды.

Өлімі күрсын, өрт екен,  
Өзекке түскен дерт екен.  
Өртенеді өзегім,  
Өртенбейін дессем де,  
Мезгілсіз келді кезегім,  
Әуелсіп ұшқан сұңқардай,  
Білінбей кетті дерегің,  
Бір бізге емес, бар еді  
Орта жүзге керегің.  
Көлеткелеп отырған,  
Құлады, халқым, терегім!  
Бұл күндегі адамнан  
Артық туған ер едің  
Ай батқандай қылдың да,  
Адастырып жөнелдің!  
Артында қалған көп жұртың  
Иесіз қалар демедің.  
Ақылын көп болса да,  
Аз ғана болды көмегің, –

деп келетін жоқтау тұсында Бұдабай мен Әлмембет арасы суып кетеді.

Бұдабай поэзиясының арқауы, көтерген әлеуметтік мәселелері негізінен осылар. Әйкеге жазған жоқтауы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі отаршылдық тәртіпті сынаудың үлгісі болса керек.

Бұдабай көбіне қара өлең жазған. Шығармалары үлкен топқа бағышталса да, тілі түсінікті, ұғымды келеді. Кейде ақын ескі мен жаңаны қарсыластырып, түрлі теңеулер қолданады. Оның бір жағында қошқар, қаз, тұлпар, сұңқар образдары тұрса, екінші жағында жабы, жапалақ, қарға, өгіз, есек бейнелері жүреді. Ақын

www.ksarsenova.kz

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Сыр елінің әлеуметтік өмірін білу ретінен Бұдабай Қабылұлы поэзиясының мәні мен мазмұны аса елеулі. Оған Сыр мен қырдың көптеген ақындары еліктеген. Мәселе оның ғажап теңеулерінде, жалпақ тілінде болатын. Бұдабайдың ақындық принципіндс, көзқарасында әділдік, адалдық, адамгершілік ұлылығы жырланған.

*Бақтыбай Жолбарысулы (1842-1902)* қазіргі Алматы облысына қарасты Текелі жерінде дүниеге келген. Жеті жасынан жетім қалып, Балқаш жайлаған нағашыларының қолында өскен. Жаттамалы өлеңдер айтып, сауықтарға араласып, айтыс өнеріне жетілген. Кейін еліне мәлім ақпа ақын танылған. Қабан ақынның аруағына сыйынған. Қыпшақбай, Арыстан, Түбек, Жүсіпбек, Әсет, Кәйкен қыз, Бейімбет, Тезек т.б. ақындармен айтысқан. Өткір тілді табан асты сөз тапқыш жүйрік тілімен танылған. Ақындық жолда Сүйінбай мен Бөлітірік шешендерден бата алған.

Бақтыбай жастайынан жетімдік пен жалшылық зардабын тартып өскен. Бұл да Сүйінбай сияқты Тезек төреге барып, соны мақтап, тоқалы Дөңкерер сұлуга арнаулар айтып сый-сияпат көрген. Түбек, Бейімбет, Қашаған, Мәйкелермен айтысқа түсіп, Сүйінбай, Жамбыл, Қатаған, Жүсіпбек, Арыстан тағы басқа ақындармен жыр қағыстырған, өлеңмен сынаған. Ақынның арнау өлеңдері жеке адамдар атына байланысты болғанымен, елдегі кейбір шындықтардың бстін ашар сипаты бар, әлеуметтік мәні жоғары шығармалар. Ақынға тән сыншылдық өмір шындығына ұшғасады, көбінесе қоғамдық мәселелерді қозғайды.

Тезекке айтқан сөзінде оны мақтай отырып, зорлықшылдығын бетіне басып, оны мысқылдай сөйлейді:

“Айналайын” хан Тезек,  
Жарлық айттың талайға.  
Байлықпен кірдің жалғанда,  
Алтыннан соққан сарайға.  
Осы қылған сұмдығың,  
Мен байқұсқа жарай ма?  
Арғымақ ат ар дедің,  
Тақсыр-ай, пейілің тар ма еді?  
Алдыңа келген пақырға  
Осынша зорлық көрсеткен  
Қыңырлық затың бар ма еді?<sup>74</sup>

Тезек, Дөңкерер сұлуды мақта деп бұйырғанда, Бақтыбай мақтау орнына даптап шығады. Мазақ-мысқыл айтып, оны мақтаудан бас тарттады:

<sup>74</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба коды. 2.39-бұма.

Үйректің жүні дымқыл көлден шыққан.  
 Жер алыс жеткізбейді белден шыққан.  
 Өлсем де Дәнекерді мақтамаймын,  
 Сөзді қашақ байтал елдеп шыққан.  
 Өлсем де Дәнекерді мақтамаймын,  
 Малындай барымтаның мініп шыққан...

Тезек Бақтыбайға тап беріп, оған күш көрсетеді. Өр мінез көрсетіп, өзінің ата-бабасын мақтан етеді. Сонда Бақтыбай Тезекті жерден алып, жерге салады. Сен тек біздей әлсіз, жарлы-сорлыларға ғана мықтысың. Мықты болсаң, басқа елде кеткен ата-бабаңның өшін алар ең деп сынайды.

Баласы Абылайдың Тезек төре  
 Қоймаған елден жылқы кезеп төре.  
 Бұл күнде ел жылатып алғанменен,  
 Берерсің тәңір алдына кезек төре...

Қазақтың қой, жылқысы аз болды деп,  
 Жұттың ғой жерін елдің аңамымен.  
 Алдына көріп, мүскін арыз айтса,  
 Құрғасың қордаңдаған жанжалымен.

Бақтыбай – айтыс ақыны. Оның ақын Бейімбетпен айтысы мәлім. Бұл әлеуметтік мәні зор шығарма. Онда адал еңбек дәріптеледі. Көдсей жақтардың егіншілікпен айналысып, еңбек етіп, ел қатарына қосылып жатқанын сүйсіне әңгімелейді. Бақтыбай егіншілік өнерді жақтайды, еңбек адамдарын мадақ етеді.

Бейімбет:

Шұбарда егістікке ие болып,  
 Бидаймен тапқан малды көрсет бізге?  
 Дауылдап барған сайын мақтанасып,  
 Отарда қанша ешкің бар бұдан басқа?  
 Баққаның ылдиды бес-ақ елкі,  
 Кебенек қандай күйге салар күзде? –

деп, сынамақшы болғанда, оған қарсы, Бақтыбай:

... Аралап көр Бейімбет,  
 Келіп біздің ел інін.  
 Берекелді біздің ел,  
 Еңбектің жейді жемісін...  
 Шұбардап егіс ал деген,  
 Ақ бидайды сал деген.  
 Ақ бидай салып, нан жетегі!<sup>75</sup>

<sup>75</sup> Сонда, 360-бума.

Бақтыбайдың сөзге жүйріктігін Түбек пен оның келініне айтқан сөздерінен де көруге болады. Түбекке:

Бақаңның жиырма екіге шықты жасы,  
 Болып жүр жас та болса, топтың басы.  
 Әсемдеп құлағына үкі таққан.  
 Қолында қызыл өрік домбырасы...  
 Тартынбай жас та болса, толға сөйлеп,  
 Үш жүзді түгел кезіп, толған шағы...

Келіншекке айтқан сөзінде Бақтыбай ғашықтық, жастық жайлы сөз қозғайды.

Ажайып, Машайықтар, Ғабділ, Қани,  
 Ғашықсыз неге болсын мынау фани.  
 Жігітке екі үзеңгі тең тағылса,  
 Жастықтың кеудесіне кірер жаны.  
 Атамыз Адам ата жаралғанда,  
 Жаратқан не себепті Хауа ананы?  
 Түсіне тумай тұрып етіріпті,  
 Жүсіпке ғашық етіп Зылихананы...  
 Ғашықтар Ләйлі, Мәжнүн, Қақасар, Уәли,  
 Мәзбүра, Қыз Дүрбәнә – бұлар да өткен.  
 Қыз жібек Төлегенсіз болмас сәні,  
 Ішінде сол ғашықтың мен де бармын.  
 Әсерін жас жүректің білсең оны.

Бақтыбай – көп ақындармен айтыстарға түсіп, айтыс өнерін жете меңгерген суырып салма ақын. Сөзге шешен, табан асты сөз тауып, қарсы ақынға мін тағып, аузын буға күші жеткен ділмәр. Ол Тезекті, осылайша, өнерін асырып, бөгеп, одан сый-сыяпат көрген. Бақтыбай арнау өлеңдерді де көп шығарған. Өмірді өзінше болжал, дін-дүние туралы да пікірлер айтқан.

Дүние бір қызыл жел соғып тұрған,  
 Адамды қызықтырып, опықтырған.  
 Қызыл түлкі секілді қызықтырып,  
 Бір күні қазған орға жолықтырған...

Жамбылдың бата алуына қарағанда, Бақтыбай да өз заманында өткір тілді ақындардың бірі болған. Ол XIX ғасырдағы айтыс өнерінің дамуына едәуір үлес қосқан, дәстүрлі әдебиетіміздің белді өкілінен саналады.

*Сары Батақұлы (1863-1895)* – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақындардың бірі. Әйтседе оның есімі әдебиет тарихына көп жылдар бойы енбей келді. Өйткені әдеби мұрасы ел арасында кеңінен тарағанымен, жиналу, зерттелу жағынан кейінгі кезеңде...

жолы, шығармаларының мән-жайы туралы Ахмет Жұбановтың “Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы” деген монографиясында сөз болады.

Публицистика, кейде көркем очеркке жақын бұл еңбекте Сары өмірінің кейбір сәттері автор қиялының шарықтауына байланысты біраз әсірелендірісіп берілгенімен, жалпы шығармашылығы мен өмірбаяны байыпты талданған. Сондай-ақ мұнда оның шығармалары түгелге жуық қамтылған. Ақын мұрасы кейін өзге жинақтарға А.Жұбановтың осы кітабының негізінде енді<sup>76</sup>. Бұдан соң “Дүниежүзілік әдебиет” басылымының “КСРО халықтары поэзиясы” кітабында басылды<sup>77</sup>. Ол туралы бірлі-жарым мақалалар жазылды. Сөйтіп Сары Батақұлы жұртшылық назарына іліне бастады. Ал енді шығармаларының ел аузына жиналу, түрлі қолжазбалар қорына келіп түсу жайын сөз етсек, оның жинаушылар көзіне көп іліне бермегенін көреміз. Тек Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында 1946 жылы Мариян Хакімжанова тапсырған бір беттік қана қолжазба бар<sup>78</sup>.

Ақынның өмірбаянына келсек, туған жері жөніндегі мәліметтердің арасында аздаған қайшылық ұшырайды. Оның өлеңдерін әрі алғаш жариялаушы әрі зерттеуші А.Жұбанов жоғарыдағы кітабында: “Сары 1863 жылдар шамасында осы кездегі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Жетей-Ебестің тұсындағы Талдықұм деген жерде дүниеге келген”, – дейді. Одан әрі қарай ол ақынның ата-тегінің айтатынын, кейбіріннің өміріне жанасты қызықты, нақты мәліметтер береді. Өзі де осы жерде туып өскен ғалым өз шешесінің Сарыны бала кезінде көргенін, өлеңдерін естігенін баяндайды. Өткен ғасырдағы және кейінгі кездегі қазақтың талай мәдени қайраткерінің өмір жолы мен шығармашылығын мұқият терең зерттеп, жинаған белгілі өнер зерттеушісі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі А.Жұбановтың мәліметтеріне күмәнданарлық ешбір негіз жоқ. Оның үстіне, ақын шығармаларының мазмұны, оның басынан өткен оқиға, өзге де жайлар, Ақтөбе маңындағы жер, су аттары да осыны растайды.

Олай болса, “XVIII–XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары” деген жинақтағы: “Сары Батақұлы Батыс Қазақстан облысы, Улықұм деген жерде туып өскен” деген сөз дәлелсіз болып шығады. А.Жұбановтың айтуынша, Сары Батақ

<sup>76</sup> А. Жұбанов. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. А., 1942, 136–147-бб.

<sup>77</sup> Поэзия народов СССР: (6-ка всемирной лит-ры). 1977, С.623–624.

<sup>78</sup> ОҒК. Қолжазбалар қоры. 406-бума.

деген қарапайым отбасынан шыққан. “Батақтың әкесі Достан Көтбар, Арыстандармен бірігіп, кіші жүзден үш мың кісі қол ертіп Исатайдың көгерілісіне жәрдем берген кісі көрінеді”<sup>79</sup>.

Батақтың бес баласының ішіндегі ең кенжесі – Сары жасынан өнер қуып өседі. Бірақ еті тірі, өлең-жырымен өзгеден жоғары тұрған Сарыны ел билеуші билектілер ұнаға қоймайды. Сондықтан олар оның ізін бағып жүреді, ақыры амалын тауып, “кісі өлтірдің” деп жала жауып қуғынға салады, елінен шеттетеді. Жармола, Орынбор түрмелеріне қаматтырылып, Сібірге айдағады. Сары сол Сібірге айдалып бара жатқан жолында солдаттар соққысынан қаза табады. Ақынның өмір жолындағы қиындық, қудалану, қамауда, тергеуде болу, бір жердің абақтысынан екіншісіне көшірілуі, Сібірге айдалудың ауыр азаптары – оның шығармашылығының да негізгі өзегі.

Оның бізге жеткен туындылары: “Емес кой дәреже, ақыл – бәрі бірдей”, “Сәлем айт барғандарың Шәмел биге”, “Баласы мен Батақтың, атам – Достан”, “Мен шықтым Хорезм жұрт Қоңыр-аттан”, “Тұрғанда бір тар жерде жолығысып”, “Бөкейлік қамшы бастам Тарлан атқа”, “Басы еді Улықұмның Қарашолақ”, “Дариға торға түстім сенгенімнен”, “Ырғыздан шығып қондық Бәйтібайға”, “Күз болса, қыс қайтады жайлауына”, т.б. өлеңдері.

“Емес кой дәреже, ақыл – бәрі бірдей” деп басталатын өлеңінде ақын өзінің ауыр жайын толғайды, нәліктен сондай күйге ұшырау себептерін ұқтырмақ болады:

Ағайын бір-бірімен қастасқан соң,

Қан төгіс болып қалды көрдімгідей.

Ағаның кетіп қуып жоқтаймын деп,

Жаланып жапты, Шолан, бәріп бірдей.

Біз шыққан садақаға бір жұмыртқа,

Екі елдің арасында болып егес.

Болмаса тап оншама кінәм жоқ-ты,

Халқым да қарап тұрсам олай демес<sup>80</sup>.

Бұл жолдардан ақынның рулар арасындағы қақтығыстардың зардабын шеккенін пайымдауға болады. Ол кесепат пен әділетсіздік ел билеушілер тарапынан болатынын айта келіп: “Дейтуғын Сары, Сары жұрттың бәрі” деп әділдікті халқыннан іздейді. Аталған өлеңнің ерекше бір мәні: ақын болыс, билердің озбырлығын, халыққа көрінеу зорлығын оларға арнай, қандай айттып, қиянатшылығын бетке басады.

<sup>79</sup> А. Жұбанов. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. А., 1942, 139-б.

<sup>80</sup> Бес ғасыр жырайды. А., 1989, 299-б.

Күз болса, құс қайтады жайлауына,  
Дұшпанның біздер түстік байлауына.  
Артынан іздейтұғын кісі жоқ бол,  
Сірдің кеттім айдауына.

Ішінде көп түтқынның Сары жүрер,  
Талай жыл жаяулықпен дәурен сүрер.  
Біз шықтық алды тұман алыс жолға  
Қайдан дәм бұйырарын құдай білер...<sup>82</sup>, –

деп тұжырымдайды. Ол мұндай зөбір-жапаның түп төркіні жалғыздық пен әлсіздікте екенін, зорлыққа жол ашып отырған әділдердің қолындағы билігі мен әкімшілікте екенін аңғарғандай болады. Сары өлең-жырлары өзінің алдындағы дәуірдегі қазақ поэзиясындағы наразылық, езгіге қарсылық сарынымен сабақтаса отырып, әділетсіздікті әпкерлесу дәстүрін онан ары тереңдете түсті. Осыған орай оның туындылары Махамбет поэзиямына біраз үндес келетінін байқаймыз. Екі ақынның өмір жолы, тағдырындағы ортақ жағдайлар, әлсуметтік құбылыстарды танып, білулеріндегі кейбір ұқсастықтар, т.б. оларды бір-біріне едәуір жақындаға түседі.

Шаруалар қозғалысына қатысқандарды қанға бояп, қырып-жойып, қамауға салған жергілікті хан, төрелерге Махамбет:

Атана нәлеі Жәңгір хан,  
Қара қазақ баласын,  
Шетінен тізіп айдады-ау,  
Орынбор деген қалаға, –

деп кектенсе, Сары:

Талтандап Орынборға біз барамыз,  
Жүк артқан Хиуадан қызыл нарша,<sup>83</sup> –

деп айдалғандар басындағы бейнет пен азапты шөлде жүк тартқан түйеге теңеп, сілесі қатып қажыған жандардың мүсәпір халін бейнелейді.

Егер Махамбет жырларында қазақ шаруаларының теңсіздік пен қанауға қарсы ашық та батыл қимыл, қозғалысы бейнеленсе, Сары шығармашылығы сол теңсіздік пен әділетсіздіктің өсе түскенінің бір күәсі.

Хорезм жағында бірнеше жылдай жүріп, еліне оралып келе жатып, туған жерінің топырағына аяқ басқан ақын:

<sup>82</sup> Сонда, 304-б.

<sup>83</sup> Сонда, 303-б.

Жаладан іс істеген Шолан болыс,  
Ісімнің жай-жағдайын шешпей тегіс...  
Мырзағұл аяңбай-ақ түсті соңға,  
Оның да мендей болсын балалары<sup>81</sup>, –

деп шындықты ашық айтып, Шолан, Мырзағұл сияқты билеушілердің жалғаншы, екіжүзді қылықтарын әшкерелей, сынап түседі.

Сарыны жасыта алмаған болыс, билер енді оны алдау, арбау амалына көшіп, “Сен Орынборға генерал-губернатордың өзіне барсаң, кешірім жасайды, босқа қашып жүре берме” деп кеңсін береді де, өздері ол туралы жала қағаздарын губернаторға алдын ала жолдайды. Қашу, жасырыну, үйінен, елінен шет жүруден әбден шаршаған ақын аңғалдықпен Орынборға барғанда, ауыр қылмысты адам ретінде бірден қамауға алынады. А.Жұбановтың мәлімдеуінше, Сары ретін тауып бұл жолы да қамаудан қашып құтылады. “Дарига қолға түстім сенгенімнен” атты осы оқиғаға байланысты туған өлеңінде Сары жергілікті ел билеушілерінің халықты қыспаққа алуда патша әкімшілігімен тығыз жанасып және соған сүйеніп әрекет істейтінін әшкере етеді.

Көп қуғындалған Сары жырлары өзімен тағдырлас Құбала Қуанышқалиев өлеңдерімен біраз үндес. Дегенмен, оның одан ерекшелігі: ол абақты жайын, оның адам төзгісіз ауыр тәртібін шындық күйінде бейнелейді. Көрген қорлығы мен зөбірі ақынды ширата түседі, ұятты, өткір жырлар туғызады. Сарының бұл туындылары қазақ поэзиясына өмір болмысын, әлсуметтік теңсіздікті айнытпай көрсеткен кекті жырлар болып енді. С.Батақұлы мұрасын замандас ақын, жырғаулар шығармашылығымен салыстырғанда байқалатын тағы бір өзгешілігі – болыс, билердің, патша әкімшілігінің халықты уысында ұстаудағы сүйеніші болған губернатор сияқты жоғарғы әкімдерге дейін сынауы, өзінің жауларын руы, не ұлтына қарап бөлмей, оларға ортақ сипаттарға лайық кемшіліктерді таңуы. Елінде де, айдалып барған жерінде де зөбір-жапа көп көрген Сары билектердің бірін-бірі қолдайтынына, мүдделестігіне әбден көзі жетеді.

Ақынның осы сарындағы жырларынан екі түрлі жайды байқаймыз. Бірі – түрмеге алғаш түскенде ақталып шығам деп үміттенген аңғал сенім, өзімен тағдырлас ақындар сияқты сол өмірде әділет, ақиқат жеңеді деп білуі. Екіншісі – кейін осы күйге ұшырауының себебін ұға бастап, өмір құбылыстарын дұрыс пайымдауы. Енді ақын өзінің ауыр тағдырының себебін түсініп сезіне бастайды. Сондықтан:



Шөлпағыл, Есенпағыл құмның аты,  
Қысқы жол, Қаратамақ шыңның аты.  
Тарланмен шыға келсем Бозбелеске,  
Көк иірім шалқып жатыр Құм суаты.  
Көрдім бе сені бүгін қайран жерім,  
Үш жылда жаңа көрдім елдің шетін<sup>84</sup>, –

деп елжірей толғанады. Оған тұған жерінің “көк иірім шалқыған” көл, суаты ғана емес, құм шағылана дейін ыстық. Сары өлеңінде елінің аталмаған жері қалмайды. “Қара шолақ”, “Қаратамақ”, “Қазы бұлақ”, “Есен шағыл”, “Қоян күлақ”, “Қыздар шыққан”, “Қаңбақты”, “Көкнұра”, “Боз белес”, “Шөл шағыл” деп халық әрқайсысына лайықтап ат қойған құм, су көл, өзендерін ақын ерекше жылылықпен сүйсіне еске ала отырып, табиғат суреті ақынның азаматтық, патриоттық сезімдерімен бірлікте, терең сабақтасып жатуы да оның шығармашылығының өзіндік ерекшелігі болса керек.

Ақын мұрасының ішінде незік сөзімді толғаған сыршыл жырлар да бар. Олар – махаббат жырлары мен өзін талай тар жол, тайғақ кешуден аман алып шыққан жан серігі – Тарлан атына арналған өлеңдері. Егер осы жырлардың туу себебіне, үңілсек, бұлардың да түп негізі оның ауыр тағдырына, қысым-қыспақ пен зәбір-жапа көрген өміріне тікелей байланысты екенін көреміз.

Жаратылысынан ер әрі өмірде ер мінзеді Сары білекті жуандардың бірі Сидақ дегеннің қызы – Қосанды ұнатады. Ақынды сүйген Қосан да өз дегенінен қайтпайтын қыз екен, атастырып қойған адамы барлығына қарамастан, Сарымен жолығысып жүреді. Екеуі де бұл жағдайдан қорықпай, махаббат әнін айтып, оны елге жария етеді. Мұның өзі еркіндік атаулыны бұғаулауға тырысқан ескішілердің өшпенділігін өршіліп, олар жастың соңына түседі. Ақын өлеңінде сүйспеншілік жолындағы осындай кедергі, тосқауыл сөз болады, кертартпа құбылыстардың қарым-қатынастағы, айналадағы кеспепт сипаттары ашылады. Бұл жылдарда, сондай-ақ, сол заман жастарының өзара достық, ықылас белгісі ретінде бір-біріне сый тарту, әсіресе, қыздардың сүйгеніне орамал, шекпен, зерлеген қолғап сыйлауы сияқты дәстүрдің ізі бар. Оны ақын былайша жеткізген:

Берікті Қосан бізге мақпал қолғап,  
Мені кеттім, Бесқалаға басым қорғап.  
Тілекті бұрынғыдай тағы беріп,  
Төртқара жұтап қалғай күдай ондап.  
Қыз Қосан, мен келгенше үйден шықта,  
Төрқара алып кетпейді сені қорлап<sup>85</sup>.

84 Сонда, 301-б.

85 Сонда, 300-б.

Сөйтіп, оған жігер, қайрат бермек те болады. Ол өз сүйіспеншілігі жолындағы жаулық әрекеттерге жырыммен ғана емес, қарумен де қарсы тұрады:

Бес жалу жетіп келді енгелесіп,  
Суырдым көк бүйраны қынабынан,  
Бәлемнің алайын деп басын кесіп.  
Қосашпап мені айыру қиып болар,  
Қанша жау шықса дағы желегісіп<sup>86</sup>, –

деп түйіндейді.

Енді бірер сөз Тарлан аты жөніндегі өлеңдері жайында. Атты бейнелеу қазақ поэзиясында бұрыннан бар дәстүр. Сары шығармаларындағы ат тұлғасының өзгешелігі: бұл эпикалық дастандардағыдай әсіреленіп, көтере суреттеген ат емес. Сарының Тарланы – оны талай құғыннан аман алып шыққан, шын мәнінде, жан серігі. Ақын атының шалдырмайтын жүйріктік, табандылық қасиеттерін жалаң қызықтап емес, өз басынан өткен нақты қиын оқиғалар тұсындағы қимылына байланысты суреттейді:

Дедім де Тарлан атқа бастым қамшы,  
Жас ағып екі көзден тамшы-тамшы.  
Бұсаңшып егі қызып алғаншап соң,  
Тарлан да екленді желге қарсы...  
Сәскеде ауылды әскер басқан шақта,  
Жылысып үйден шықтым ақырын-ай.  
Белдеуде қаңтарылуы Тарлан аттың,  
Үстіне шыға келдім атылып-ай.  
Тал түсте жауған қардай оқ астыпан,  
Құтылып кете барды батырың-ай<sup>87</sup>.

Бұл жолдардан ұққанымыз ақын атының арқасында аман қалады. Сондықтан да ол:

Әрі атым, әрі досым менің Тарлан  
Қайтейін өлең қылмай сыныңды аяп, –

деп сын сағаттарда сүйсіндірген ат тұлғасын мүсіндейді.

Сонымен Сары Бағатаулы шығармашылығын тұтас алып барласақ, ол қазақ әдебиеті тарихында өктемдік пен зорлық, әділетсіздік пен қиянатқа қарсы ашу мен ызаны бейнелеген жырларымен белгілі ақын. Білектілердің момынаға істеген қиянатын суреттеген.

*Ергөбек Қуттыбайұлы (1865-1917) Оңтүстік Қазақстан*

86 Сонда.

87 Сонда, 300-б.

Облысының бұрынғы “Шәуілдір” совхозы тұрған мекенде туып, Ташкент маңындағы Ащы деген жерде дүниеге келген.

Ергөбек ақынның аты мен даңқы туған өлкесі Оңтүстік Қазақстан мен Ташкент атырабындағы қазақтар арасында кең таралғанымен, республиканың өзге өңірлеріне соңғы жылдарға дейін көп мәлім болмай келеді. Оның негізгі себептері ақын шығармаларын жинау мен жариялаудың, зерттеудің қолға кешірек алынғандығына байланысты. Тағы бір “тосқауыл” Ергөбек туындыларының тақырыбы мен мазмұны тым тосын жайларға, қазақ халқының басына душар болған ашаршылық қасіретіне арналғандықтан. Өйткені күні кешеге дейін халықтың басынан кешкен ауыртпалықтарды айту санамызға сіңбеген, нәрсе еді. “Қаны сорғалаған” трагедиялық халдерге көзді жұмып, жуырда жаба тоқитын, ылғы “өрледік”, “шырқадық”, “самғадық” деп келетін жалған сарыннан басқаға жол жоқ болды...

Өзінің дарын қуаты мен өлеңдік мәдениеті жағынан көрнекті ақындар санатына қосылатын Ергөбектің ел аузында жүрген мұрасын жинауға атсалысқандар қатарында Тұрсынәлі Айнабековтің, Әсілхан Оспанұлының есімдерін атап өтуіміз ләзім. Ақын өлеңдерінің көшірмелері ел арысында сақталып келгеніне басқа да мысалдар бар. Сондай көшірменің біреуін ұзақ жылдар ағарту саласында қызмет істеген, халықтың рухани қазынасын жинауға еңбегін сіңірген зиялы қарт – Батылхан Есенғараев бізге тапсырған еді. Ақын шығармаларының бір тобы тұңғыш рет “Бес ғасыр жырлайды” деген жинақта 1985 жылы жарияланып, 1989 жылы қайта басылды...

Ақынның туындылары уақыт тозаңының астында көміліп қалмай, ел жадында сақталып келуі олардың өміршеңдігін танытады.

Көрнекті ақын Майлымен сыйлас, әріптес болды. Ергөбек сынды сергек, ойшыл ақын замана сұрауларына дер кезінде үн қатып, әлеуметтік қайшылықтарды жырға қосып, сан тақырыпта сатпарлы сөз қалдырды. Бірақ солардың ішінен 1916-1917 жылдардағы ашаршылық оқиғасына қатысты өлеңдер тізбегі ғана біздің заманымызға жетті.

Ергөбек ақын көркем сөздің шебері. Шынайы көркемдік пен ойшылдық, талғамдылық қосылғанда, – ақын туындыларына айрықша қайталанбас ажар береді. Ол жеке бір өлке өмірінің жай күйін айтып отырып-ақ, бүкіл қазақтық мәселелерді көтереді, жалпы халықтың басындағы мұңды білдіреді:

Менің, атым Ергөбек,

Ташынған айға бір бөбек.

Кедейліктің керінен

Бүгінді белім ертерек.

Мал бермей, Құдай зар берді  
Көкірегімді зерделеп.  
Қағынған заман кез болды,  
Алшы-артымды кермелеп.  
Тау басы маған қараңғы,  
Електе жүрмін өрмелеп.  
Көкірегімді кір басар,  
Айтпасам өлең термелесті...  
Ұйықтап жатқан халқымды  
Оятуға ер керек...<sup>88</sup>

Ақын шығармаларында әсем өрнек, кестелер, соны теңеу, баламалар жиі ұшырайды:

Бағылан жеп өсіп балдырған,  
Алса қолды талдырған.  
Жұсаны жұпар аңқытып,  
Түлетен жері жаңбырдан.  
Сарыала қымыз қайдасың,  
Сімірсе мейір қапдырған.  
Қаласқа түсіп қамалған  
Бүркітіне даланың  
Жем болмады таңдыр нан...<sup>89</sup>

Сахарада ен жайлап, кең көсіліп отырған елдің төген сұмдыққа ұшырап, еркін басы қор болғанын жеріне жеткізіп, зар шегіп айтумен бірге, сондай жағдайға түскен жұрттың өр көңілін, кемдікке көнбісі келмейтін өжет рухын көрсетеді. Ауыр ахуалды поэзия кестесімен өреді:

Жылап келіп дүниеге,  
Жылап кетіп барамын...

Алтынныңды қағып ал,  
Салады бақыр қалтаңа...<sup>90</sup>

Бір кезде шалқып отырған елдің бір тарының қауызына сыйғандай, көрші елге кірме болып келген хал-күйі, кешегі кең даланың сән-салтанаты, халықтың бастан өткен дәурені ақынның сағыныш саздарын тудырады:

Өсіп-өнген жер қалың,  
Бір туысқан ел қалды.

<sup>88</sup> Ә. Оспанұлы. Қарағай шайырлары. А., 1991, 188-б.

<sup>89</sup> Бес ғасыр жырлайды. А., 1989, 334-б.

<sup>90</sup> Сонда, 330-б.

Өсем жиган зер қалды.  
 Көре алмай тұған, жақынды,  
 Ада қылып ақылды,  
 Көңілімізде шер қалды.  
 Қатарлап кілем жинаған,  
 Сатуға көзі қимаған,  
 Келеде бура тандаған,  
 Түйесі қысыр қалмаған,  
 Сағындық қой ерте-кеш  
 Ботаның даусып боздаған,  
 Қозының даусын маңыраған,  
 Самалы салқын Сырдария,  
 Сағындым, көрер күн қайда?  
 Шық жуыптайтын аяққа  
 Сексеуілді күм қайда?  
 Бетегелі бел қайда?  
 Бел жайлаған ел қайда?  
 Қалғандай болдық қамауда,  
 Өсіп ескіріккен кең жайда...<sup>92</sup>

Қазақ елінің есінен кетпестей ауыр оқиғалар ұзын тарихтың бел-белестерінде талай рет қайталай соғып отырған. Өкінішке қарай, солардың бөріне бірдей сөзден ескерткіш орнатылмаған. Тосыннан келген алапат пен пәлекеттен халықтың қаншама бұыны жоқ болып кете барған.

Көп жасамаса да, артына ұзақ із қалдырған Ергөбек ақынның мұрасы бүгін қымбат пен арзанның парқын жақсы айыратын талғампаз ұрпағына жетіп отыр.

*Кете Жүсіп Ешниязов (1871-1927)* бұрынғы Түркістан өлкесіне қараған Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қуандария облысының бірінші ауылында (қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылы) дүниеге келді. Жүсіптің әкесі Ешнияз Жөнелдіқұлы (1834-1902) ел ішінде сал атанған ірі ақын, әнші, композитор. Ешнияз күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлымен достық қарым-қатынаста болған. Орта дәулетті Ешнияз сол кездегі оқиғаларға араласып, ел ішіндегі даудамайдың әділ әрі бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етіп отырған. Жүсіп те әкесі сияқты ақындық өнерімен қатар ел билігіне араласып, болыстық қызмет те атқарған. Ол өз әкесі Ешнияз бен Сыр сұлейлерінің сұңқары атанған Балқы Базар, Дүр Оңғарларды өзіне ұстаз тұтып, үлгі-өнеге етеді. Ескіше, жаңаша да сауатты Жүсіп әдебиеттің жазбаша және ауызша дәстүрін қатар ұстанды. Шығыстың араб, парсы тілдерінде жазуды, оқуды меңгерді. 1880 жылдан бастап өлең шығарып, жыр жаза бастайды. Жүсіптің “Әлеумет келді жиналып” атты алғашқы толғауында ата-бабалар

қалыптастырған ұлағат жолы насихатталады:

Әлеумет келді жиналып,  
 Хикаят сөйле, Кете Жүсіп!  
 Тәкаппарлық өте жаман,  
 Көгерме көңілді кеуіп-ісіп...<sup>92</sup>

Осы өлеңінен кейін-ақ Жүсіп есімі Сыр өңіріне кең тарала бастайды. Ақынның арғы ата-тегі кіші жүздің Кете руы болғандықтан, оның өз атына бүкіл бір рудың аты қосылып, халық оны “Кете Жүсіп” деп атап кеткен. Үлкен бір рудың атын алып жүру құрметіне ие болу үшін, халықтың көңілінен шығып, оның сөзін сөйлеу міндет болған. Осындай халықтық атқа ие болған Кете Жүсіп шағын өлеңдерден бастап онға жуық көлемді дастан жазған. Бұлардың бір тобы Шығыс сюжеттеріне құрылған шығармалар болса, келесі бір бөлігі қазақ өмірін суреттейтін тұма махаббат, жастық, әділдік, адамгершілік, қазақ ауылының болмыс-бітімі және жаңа заман мәселелерін қамтиды. Жүсіптің насихат өлеңдерінің “Әлеумет келді жиналып”, “Адамдық пен надандық”, “Өмір сырлары”, “Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз”, “Тіл ал!” негізгі түйіні – фәнидегі адамгершілік. Жақсылықты таныту, оны бақыдағы имандылық игілігіне ұластыру. Оның насихат өлеңдеріндегі ағартушылық-гуманистік, ойшылдық сарындары ұлттық поэзиямыздағы Абай дәстүріне сай дамудың көрінісі. Жүсіптің терме-толғауларындағы “Адамдық пен надандық”, “Қосынды артсаң аумайсың” т.б.) адамгершілік, азаматтық хақындағы дидактикалық-философиялық тұжырымдары, ақын-жыраулар поэзиясымен сарындас. Сол кездегі қоғамның қарама-қайшылықты құбылыстарын реалистік түрде жырлауы Дулат, Махамбет, Абай, Шөкәрім, Міржақып сынды ақындардың өлеңдерімен жалғасын табады:

Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,  
 Табиғат – түбі терең қол жетпеген.  
 Өгеріп өміріңнің біле тұрып,  
 Маңдайың пенде бар ма терлетпеген?  
 Баз бірсу көп ақылға ие болып,  
 Жұмысын ешбір жанға жөндетпеген.  
 Баз бірсу мал базарып мақсағ етіп,  
 Ауруын адамдықтың сәттепеген.  
 Ақылдың ауырлығы қорғасындай,  
 Кеңіңді бұзық іске өрлетпеген.

<sup>92</sup> Үш ғасыр жырлайды (революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). А., 1965, 476-502 бб.

Тынық боп тыпыршымай, есің болса,  
Қаңтардың шуағындай желдетпеген.  
Лұқпандай мың жыл өмір сүрсе-дағы,  
Ақыры өлім кімді еңіретпеген<sup>94</sup>.

Кете Жүсіп тазы жүгіртіп, құс салған адам. Оның этнографиялық сипаттағы аңшылық, күсбегілік тақырыбына жазылған "Бүркіт сыны" (1911) сияқты лирикалық өлеңдері де бар. Сонымен бірге, махаббат лирикасы түрінде жазған біраз өлеңдері ("Атынды емлемен жаздым хатқа", "Білімді артық туған перизатым", "Ауруға айықтамай жолықтырдың", "Жәннаттың хор қызындай бейне әліп", "Өзімнен бас қосқанның арманы жоқ", "Басыма жеті ғашық келді кері", "Ғашығына арнаулы сөз") Абай дәстүріндегі туындылар.

Сыр бойы ақындарының ортасында жазбаша әдеби дәстүрдің орын тебінде шығыстық әдебиетпен аралас-қуралас болудың ықпалы зор болды. Жүсіп те шығыстың классикалық әдебиетінің ықпалын жете меңгерген ақын. Ол Шығыс аңыздары желісінде "Шахада", "Сұр мерген", "Зейіп қыз", "Мекер қатын", "Раунақ" және т.б. дастандарын назиралық үлгіде жазған.

Кете Жүсіп – қазақ әдебиеті тарихындағы жазбаша айтыс дәстүрін қалыптастырушы ақындардың бірі. Оның есімін ел ішіне кең жайып жіберген оның жеті жылға созылған қараөзектік Қаңлы Жүсіппен (1873-1923) ұзақ айтысы. Екі Жүсіп бір-бірімен жұптасып айтыспаған, хат жазысу арқылы айтысты дамытқан. Сонымен бірге Даңмұрын Кенжебекұлы (1870-1923), Тұрымбет Салқынбайұлы (1868-1946), Жиенбай Дүзбенбетұлы (1864-1929) Жүсіп Көдірбергенұлы (1873-1923) және т.б. ақындармен жазбаша айтысқан.

Жүсіп Ешниязулының саяси-әлеуметтік, азаматтық мазмұнда жазылған біраз өлеңдерінде ("Өткен заман", "Барымта") қазақ халқының Ресей патшалығының отаршылық, Қоқан хандығының басқыншылық саясаты үстемдік еткен кездегі замана шындығы көрініс тепкен. Ол енді XX ғасырдың 20 жылдары Қазан төңкерісінің жеңісін қуанышпен қабылдап, жаңа өмірді жырлайды. Кеңес өкіметіне арналған біраз өлеңдері ("Әділ өкімет", "1917 жыл", "Құттықтаймын бірінші май мейрамын") сол кезеңдегі поэзияға тән ортақ мазмұнға ие. Кете Жүсіп Ешниязулы 56 жасында 1927 жылы өзінің туған жері Қармақшы ауданында қайтыс болған.

*Сара Тастамбекқызы (1878-1916)* Ақсу өзенінің батыс жағалауын мекендеген Тастемір руының бір отбасы – Тастамбек шаңырағында дүниеге келген. Кейбір деректерде Тастамбек туралы орташа дәулеті, ағаштан түйме түйетін шеберлігі бар ұста

адам болған деп айтылады. Ақын Сараның өз аузымен айтылатын Біржанмен айтысында:

Өкемнің төрт түлігі бәрі де сай,  
Алты ауыл аруақты үш ағам бай.  
Бұландып асау кердей жүрсем-дағы,  
Тоқтадай борышка кеттім, ау, дариға-ай!<sup>94</sup>

деген жыр жолдарында бұла бойжеткен кезінде найманның дәулетті ел жақсыларының көмегімен жұрт алдында еркін сөйлейтін мүмкіндік алғанын, ақынын ардақтайтын ата-салтымыздың арқасында еркелеп, еркін жүргенін көрсеткен. Әйтпесе жастайынан жетімдіктің ащы зарын тартқан Сараның өз бойындағы өнерін танытар халге жеткенше өмірдің тұщысынан ашысын көбірек татқанын ел ішіндегі аңызбен қатар, Сараның "Тұзақ" деп аталатын дастаны түгел көрсетеді.

Қазақ әдебиеті тарихында ақиық ақындық пен серілік салт-дәстүрдің биік өлшемі болып саналған Біржандай біртуар өнерпазға өзінің текті де төкаппар, парасатты да пайымды болмысы мен өнерін мойындатқан сұлу Сара бір ғана айтысымен төл әдебиетіміздің қайталанбас сөз өнерінің өңгесін көрсеткен көркем де кесек тұлға қалпында ғасырларға сапар шекті. Ұлттық дәстүрге жетіктігімен, суырып салма саңлақтығымен, айбынды да асқақ дауысымен Біржан салға терзесі тең келіп сөйлескен өнерпаз өреннің өрге ұмтылған ақындық қасиеті осы айтыс арқылы жан-жақты танылады. Оқылған сайын тағылымның тереңдігі, байламының беріктігі, сыршылық пен сұлулыққа тұнған сиқырлы сөз әлемі еріксіз табындырады. Сондықтан да болар аз дүниесіне саз мән сыйдыра алған сөз-мұра әрдайым зерттеушілердің көңілін өзіне аударып отырған. Бүгінде қазақ әдебиетіндегі Саратану деп аталуға лайық жана бір арнаның кеңейіп, кемелдене бастауы жарқын тұлғаның дара бігімін тануға деген талпыныстың арта түскенін айғақтайды.

"...Інінен Ер Қаптағай пықтым дара".

Ақын Сара бойындағы өнерге деген үлкен талпыныс нәрлі бұлақ ата-анасының қасиетінен дарығаны сөзсіз. Екінші жағынан қасиетті абыз Асан-Қайғы айтқандай, "ой түбінде қордаланған асыл сөз заман шері толқытқанда" өлең болып өрілген. Болмысынан дара туған, сана сөзімі сара туған ақын қыздың көк дөнендей жүйрік көңілінің, аспанға ұмтылудан танбаған асқар пындай төкаппар арманының заман торынан, бұындырған

<sup>94</sup> Ақын Сара: Айтыс, өлеңдер, дастан. Құраст. С.Қайнарбаев. А., 1985, 144-б.

бұғауынан қорғауы, тағдырға қарсылықсыз көңуіне жол бермеуі табиғи нәрсе.

Ақын Сара өзінің өмірбаянын өлеңмен жазып қалдырды. Сондықтан оның бүкіл өмір жолы “Тозақ” атты дастанында толық көрінеді. Әуелде атақты қобызшы Молықбай, халық ақындары Толғанбай, Бекетбай олардың ішіндегі ең ірісі Түбек ақын туған өнерлі өңірде өскен Сара олардың көркем сөздерін жадында тоқып есейді. Кейін Абдыра бекетіне көшкен кезде оның ағайындары Тұрысбек қажы мен Арнай болыс ақылдасып, Сараны Тұрысбектің малын бағып жүрген құлдар әулетінің бір баласы Жиенқұлға айттырады<sup>95</sup>. Тағдырдың жазуымен өзінің екі панасынан – Сахарі мен Жайсаңбектен бірден айрылып, шарасыз күйге түскен Сараға алыстағы ағайыны Төнекеннің Есімбеті араша түсуге ұмтылады. Сараның өмірінің жарқын беті, шығармашылығының шырақуа биігі осы кезеңде ерекше танылады. Аты алысқа тараған ақын қыздың бақ жұлдызы жанатын бұл жылдар оның кейінгі өмір жолының сәтті болуына бастайды: Жиенқұлдан құтылып, өз еркімен сүйген жігіті Бекбайға тұрмысқа шығады. Одан бес бала сүйеді. Бірақ өмірі қысқа болған Сара 1916 жылы 38 жасында дүниеден өтеді. Халқын сүйген қайсар қыз сол халықтың мол құрметіне бөленіп, тарихта есімі мәңгілік қалады. Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда, әзірше ақынның мың жолдан аса өлеңдері баспа бетін көрген. Ал ел ішіне жайылған жыр жолдары көне көз қариялармен бірге ұмытылған. Оның үстіне, Сара қайтыс болған кезеңде дүркін-дүркін алмасқан тарихи оқиғалар: ұлт-азаттық көтеріліс, бірінші дүниежүзілік соғыс, ашаршылық, репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс, кеңестік жасанды саясат – бәрі-бәрі Сара Тастанбекқызының шығармашылығының бүтінгі күнге толық жетуіне кедергі келтірген тарихи факторлар. Әйтсе де қолда бар шағын мұраның өз де телегей теңіз терең танымды, таудай асқар айбынды үнді, Сара көңілді жарып шыққан нұрды, дара болмысты танытады.

“Сайраған бүкіл Найман бұлбұлымын...”

Сара Тастанбекқызының жыр мұрасы тарихи дәуір шындығын көркем шежіре тілімен баяндаған жәдігер ретінде ғана емес, қазақ сөз өнерінің кайталанбас сырлы өрнегі ретінде де айрықша мәнге ие болып отыр. Атақты “Біржан – Сара айтысы”, “Тұзақ” дастаны, “Жүрек”, “Ашылдым”, “Арман”, “Әбілтің аруағына” т.б. бірқатар өлеңдері – ақынның дара болмысын айқын танытатын аса көркем дүниелер. Әлеуметтік мәні терең, суреткерлік бітімі

өзгеше осынау өлеңдер Сараның ақындық қасиетін әр қырынан танытуға жол ашады.

Кезінде әдебиетшілер ортасында екі ұдай ой тұғызған бір таластың болғаны аян. Ол “Біржан – Сара” айтысы шын болды ма, әлде ол ақындардың ойдан шығарған, өздері жазған жасанды сөз қақтығысы ма? деген сауал төңірегінде жүрген-ді. Сонау 1898 жылы ең алғаш рет Қазан баспасында Шайхисламұлы Жүсіпбек қожаның Сара мен Біржанның өз ауыздарынан жазып алып ұсынған нұсқасы кітапша болып басылып шыққан. 1898 жылдан 1913 жылға дейінгі аралықта бұл кітапша бес рет қайтадан жарияланып шықты. Сара өлеңдерінде құнарлы қазақ тілінің мол мүмкіндігі жан-жақты ашылған. Ақындықты ту етіп ұстанған текті тұлға аузынан сөз маржандары кесек-кесек қалыңда құйылып отырады. Біржанмен сөз сайысына күтпеген жерден тұссе де, суырып салма қабілеті нәтижесінде тең айтысады. “Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері, іздеген келіп тұрмын Біржан сері... Ағаға іні келер біздің елде, көп бол па сұрасуға есен аман...” – деп бастырмалата жыр нөсерін төккен Біржанға аса бір терең ташқырықпен Сараның жауап беруі балғын қыздың сөзге шеберлігін ғана емес, оның дүниетанымының кеңдігін де паш етеді. Оның ар жағында өзін ықтырып алу үшін менсінбей тіл қатқан асау да адуын ақынмен өзін тең санаған төкашарлық бой көтереді. Бұл – ішкі рухани күштің тегеурінділігі, жан дүниенің жігерлілігі ғана туғыза алар орасан қабілет. Қазіргі ғылым тілімен айтқанда, психологиялық тілнің, өзіне деген сенім тұғырының беріктігі. Қарсыластың кездейсоқ ұшырасып, кенеттен тарпа бас салуынан тайсалмай әрі шебер дәлдікпен ұтымды жауап қайыру – үлкен сын. Міне, сол сыннан сүрінбей өткен ақын Сараның алғыр түйсігі Алланың аяттарынан медет алады. Сал Біржанның жассың деп жасқай сөйлегені, ұрғашысың деп ұрымтал түс іздегені мергеннің атқан оғының нысанадан ауытқып кеткеніндей әсер қалдырары шындық. Өйткені жас Сара айласы күшті, айбары басым ақын ағасын бірден-ақ өзінің білімділігімен “жаулап алады”. Ол Біржанға “Хауа-Ананың сіңілісімін, ал сен Адам-Ата өкілі болсаң, бірінші болып қадам басуға тиіссің” дегенді соншалық дәйектілікпен жеткізеді. Әлбетте, сөз сайысы болған соң бар мүмкіндігін жеңуге жұмылдыратын дәстүрмен Біржан жығыла салмайды. Шамырқана шырққан ақын Біржан бар күшін жинап алады. Оған Сараның ә дегеннен “Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім, Арғын да танитыды екен жоқты мақтап” – деген кекесіні жанына тиіп кетеді. Сондықтан бірденнен Сараның осал тұсы – Жиенқұлды тілге тиек етеді. Сөйте тұра, жеңілгенін ашық айтпағанмен, өр қыздың еркін сөзін жоғары бағалап та үлгереді. “Сөзіңе таң қаламын сынай алмай”, – деген бір-ақ ауыз сөз Біржандай сөз асылын айырар арда ұлға ғана жарасса керек.

Оның үстіне, Сараның осал қарсылас еместігін біліп келгенін де жасырмайды: “Естігелі, Сара сені үш жыл болды” деуінің өзі барды бағалай алар білімпаздығын байқатады. Ұлыны ұлықтайтын елдік дәстүрдің әдемі бір белгісі осы тұста бір көрініп қалады. Әттең, еркек болса тартып кететінін, қыз сөзін парыз қылмайтын ескі салтының бар екенін көлденең тарттады. Келесі кезекте Сараны ақ маралға теңеп дәріптейді. Асқақ Сараның қайтпас қайсарлығына тәнті болған сал енді өзі қандай сөзге де дайын екендігін жеткізеді. Ол: “Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер, қарамай қатты сөйле өлгеніме”, – деп келесі жыр неірін қабылдауға дайын екенін меңзейді. Сонда Сара: “Қамысты терең көлдің сұқсырымен, қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға”, – дей отырып, Біржанды қайыр сураған, елден ескі-құсқы жинап жүрген жанға теңеп кемсітеді. Арғын ақындарының найманның аузымен күс тістеген жүйріктерімен айтқасамын деп талай рет орға жығылғанын санамапа береді. Жанәк, Оразбай сынды ақындар кетере алмаған жүкті сен де тарта алмасың дегенді айтты. Осыдан әрі қарай Біржан мен Сара өздерінің шыққан тегінің мықты екенін айтып арбасады. Біржан Жанайдардан бастап ел жуандарын, Мұса Шорманнан бастап, Тәттімбет, Ыбырай, Абай сынды асылдарын алдыға сала сөйлейді. Сара мұнда да арғынның осал тұстарын тізбелеп қарсы шығады. Ол бірде: “Көкшетау, Қызылжарда талай арғын, сенделген қызын жалдап жалтақ жатып... Нәсілде нан жемейміз арды сатып”, – десе, енді бірде: “Бірін-бірі аңдыған қу арғынсың, мақтанған мініп орыс шанасына”, “Арғында кісілік жоқ мен білмейтін, қарны ашса қастық етер анасына”, – деп тікесінен тіліп сөйлейді. Жеті ата Жолымбет, Тілеуберді, Әліхан, Қисық, Бабагелі, Желту, Жанақ, Аққожа би, Ақтайлақ, Ақтамберді, Алтыбай, Райымбет, Құт, Данияр, Қабанбай, Шыырбай, Тана мырза, Маман, Ер Тәуксбай, Мүрсәлім сияқты асылдардан бұрын қай қазақ сөз бастап еді деп, Найманның нар жақсыларын қалдап-қадап атап өтіп, Дулат, Сабырбай, Кеншібай, Сауыртай, Жылытұр, Жанұзақ бабаларына сыйынады. Мұнан әрі Сара өзінің жеке басының жетістігін айтып, ақынның мысын басуға әрекеттенеді. “Өзінді ат та қылдың, құс та қылдың, жайымды адам күймен айттайын мен”, – деп ақынды тағы бір іліп кетеді. Біржанға “ажал айдап өзің келдің, өткен жылы өзім де іздеп барып айтқасам деп едім”, – дегендей ой ұшығын шығарады. Бұл жерде де ақын қыз өзінің Біржанмен иықтас, теңдес екенін тағы бір меңзейді. Осы тұста ақын Сара көркем сөздің тиетінін ағытшы көсіле шалқиды:

Өз басым ұрғашының қызыл тілі,  
Иран бақ бет бітісім қызыл гүлі...<sup>96</sup>

<sup>96</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 276-бума. 1-дәптер.

Сара өлеңдерінің ішіндегі көлемі де үлкен, сюжеті де шиырлы дүниесі – “Тұзақ” дастаны. “Тұзақ” оқиғасы жағынан, кейіпкерлердің әлеуметтік тұрмысы жағдайы тұрғысынан жиырмасыншы ғасыр басындағы М.Әуезов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, С.Кебеес, т.б. ақын-жазушылар суреттеген өмірдің бір бөлшегі сынды көрінеді. Л.Толстой айтқандай, “Бақыттылардың өмірі бір-біріне соншама ұқсас болғанмен, бақытсыздардың талайсыз тағдыры бір-бірінен соншама бөлек”<sup>97</sup> екендігін дәлелдейтін бұл дастанда бала Сараның алғаш рет жазмыштан жан түршіге шошынуы қоспасыз табиғи қалпында көрсетілген. Сондықтан да ол дастанның атын шығарманың мотиві болып тұрған жалғыз ауыз сөзге, тұзақ деген сөзге, байлап қояды. Жесір әйел, жетім баланың аяныпты күйі табиғаттағы дауылды күннің ызғары мен қоғамдағы қатал заңның жақындауынан хабар бергендей суреттермен басталады. Алғаш жауған ақша қар да Абдыраның ашық даласында үйіріле соққан дала желінің суығы мен боранында аяз демі жарлы үйдің болағасынан азынай соғып, алда келе жатқан бір сұмдықтың боларын аңғартады. Кейде өшіп, кейде жанып әзер жылытпайтын әлсіз жарық үй иелерінің бір нәрсені тағатсыздана күткенін, үміт мен күлік аралас сезімдерінің арналысын танытады. Бекеттегі жер үйлердің бірінде сырттағы әр дыбысқа елендеген талдырмаш қыз, ауру ананың психологиялық қалпы үйге Жайсаңбектің кірген өгізін көргенде де өзгеріп кете қоймайды. Ананың қалтыраған қолын жайып: “Бұйырсын адал асы берген ғайып”, – деген бағасы көңілдің әлі де арылмаған қара бұлтын көрсетеді<sup>98</sup>.

Дастанның екінші бөлімі ақырған аяз кетіп, жел басылып қар күрел, жер ашылып, бір-біріне қатынасқан елдің тіршілігін суреттеуден басталады. Дыбыссыз қалған жарлы кемпірдің әрекетіне күдіктенген ел түрлі өсек-аяңға тізгін береді. Бұл өсек Арнай болыстың құлағына тиеді. Шабармандарымен келіп қар астына көмілген етті қазып, аршып алып кедейдің бейшара күйіне масаттана қуанады. Туыстық, қандастық жақындығынан гөрі, өзіне тағы бір адамды кіріптар еткеніне масайраған Арнай осы сәтте өзін Құдайдан кем сезінбейді. Дәл осы сәтте ол екі қоянды бір оқпен атып алғандай мез-майрам. Өйткені, бір жағынан, Тұрысбек секілді ел жуанына жағымпазданып үгій жинаса, екінші жағынан, өзіне басыбайлы құл болуға келіспеген, кедей болса да, кеудесін ешкімге бастырмайтын Жайсаңбектей ерді ұрлық үстінен ұстадым деп мез. Құтты ауылдың қара құлы болудан арланған Жайсаңбекті болыс пен қажы бірігіп түрмеге жаптырады. Онымен де қоймай, иығында шапаны жоқ жарлының

<sup>97</sup> С. Мұқанов. Халық мұрасы. 1971, 155-б.

<sup>98</sup> К. Жұмалиев. Қазақ әдбисті, оқулық. А. 1971. 112-б.

айыбын қарындасын күң болуға берсін деген шешімімен бітім жасайды.

Келесі бөлім Тұрысбек қажының шалқыған тірлігі, оны бағып күткен құлдардың бірі Жиенқұлдың базынасы жайында. Қажы Арнай болыстың айтқан сөзін есіне алып, Жайсаңбекті өз дегеніне қалай көндірудің амалын қарастырады. Адамның обалынан гөрі малының қамын көбірек жеген қажының көңілінде үміт оты ойнап шыға келеді. Сараны сыртынан саудалап, Жиенқұлмен бітім жасасады. Жайсаңбекті қамаудан шығарып алса, Сараны аласын деген хабардың өзі-ақ Жиенқұлды қолды-аяққа тұрғызбайды. Жайсаңбек те төбесінен мұздай су құйғандай бұл тосын хабарды тітіркене қабылдағанмен, қарсыласуға, күресуге дәрмені жоқ. Қос тұзаққа мойнын ұсынуға мәжбүр. Үйіне Жиенқұлды ертіп келген Жайсаңбектің түпкі ойынан бейхабар балаң қыз зыр жүгіріп қызмет көрсетеді. Бірақ қарт ананың екі бетін шымышылап түңілген күйі, жантақ жамбас, шолақ аяқ Жиенқұлдың қысық көзін айырмай, тіпті дүрбік ернінен аққан сілекейін жия алмай жатқан қалпы қыз жүрегін шошыта бастайды. Соңында анасы қызына құдалықтың жайын естіртеді.

Қорланған қыз ең соңында құр жылаудан тұқ болмайтынын сезініп, бір іске белін бекем байлайды. Сондықтан да дастанның соңы: “Бақытты жылау емес іспен табу, тоқталды ақыл ойым соған қорып”, – деп аяқталады.

Мұнан басқа да Сараның “Арсалаң аға алдында”, “Апылтым”, “Жайлауда”, “Қош бол, елім”, “Балаларым”, т.б. өлеңдерінде де оның ақындық қуаты адамдық сезіммен астасып, өнер дүниесіне айналып отырады, тақырыбы әр қилы бұл өлеңдердің тағылымдық мәні, көркемдік сипаты өз алдына сөз етуге, Сараның шығармашылық әлемін танытуға лайық дүниелер.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің қатарында аталатын ақын Сара Тастанбекқызының айтыстағы өнері қандай мәнді болса, оның қазақ поэзиясын дамытудағы өзіндік үлесі сондай маңызды. Ақынның өзі айтқандай, кер заманның нәсері өшіре алмаған Сараның өнер жалыны тәуелсіздік алған тұсымызда өзгеше қуатпен алаулай береді деп сенеміз.

## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.

Ғасырлар бойы қалыптасқан экономикалық жағдай, тұрмыс салты үлкен өзгеріске түсіп жатқан аумалы-төкпелі заманда қоғам көшiнiң ендiгi бағытын айқындау, қалайда елдiң елдiгiн, тұтастығын, халықтың ұлттық рухының тазалығын сақтай отырып, жаңа жағдайға бейімделу – бұлар дәурiдiң, әлеуметтік өмiрдiң өзi туғызған тарихи қажеттiлiк болды.

Осы қажеттiлiк бүкiл қоғамдық ой-санаға, әдебиет пен өнерге жаңа серпiн бердi. Нағыз халықтық, реалистiк принциптерге негiзделген жаңа жазба қазақ әдебиетi, Абай шығармалары осы қоғамдық сұранысқа толық жауап бердi.

Ұлттық әдебиет iштей жетiлген және қоғамдық өмiрдiң аса зәру қажеттiлiгiне айналған кезде ғана жаңа сатыға көтерiлетiндiгi айқын шындық.

Абай шығармашылығы дербес даралық шыңына жеткен, ұлттық сөз өнерiнiң дәстүрлерiмен, дүниетанымдық және мәдени үрдiстермен тығыз байланысты халық рухының көрiнiсi болып табылады. Абай шығармалары қазақ қоғамының өзектi, өте маңызды мәселелерi – халық тағдыры, азаматтық мiндет, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасы туралы тың пiкiр, терең ойларға толы.

Абай биiк адамгершiлiктi, әлеуметтiк әдiлдiктi, талаптылықты, жiгерлiлiктi қастерледi, адал еңбек етiп, өнер-бiлiм үйренуге, ғылымды игеруге шақырды.

Абайдың шығармаларын оқи отырып, бiз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсiнген дарын иесi болғандығына көз жеткiземiз. Ақын қоғам өмiрiндегi болып жатқан әр қилы өзгерiстердi ерекше сезiмталдықпен қабылдап отырады.

Абайды Ахмет Байтұрсынов “Қазақтың бас ақыны” деп атады. Бұл, әрине, ұлы ақынның ұлттық поэзия алыбы, жана реалистік әдебиетіміздің атасы екенін аса жоғары бағалағаны, бірақ оның ғұлама ойшылдығына жете мән бермегендік емес. Үйткені шынайы үлкен ақын болса, ақындықтың өзі де – даналық, өзі де – ойшылдық. Әрине, терең сезіммен жалғаса келетін, астасып жататын ойшылдық. Көне заманда Аристотель де нағыз поэзияның философиялық, дүние-танымдық сипат-қасиеті ерекше қуатты болатынын, тіпті қайсыбір зерттеу еңбектеріндегіден де, мысалы, тарихи шолулардан да артық, жоғары тұратынын атап айтқан болатын. Ғұлама ғалым поэзия дегенді жалпы сөз өнері, әдебиет деп кең мағынасында алған. Осындай мағынада алсақ, қазақ поэзиясының халықтық сөз өнері үлгілерінің, ақын-жыраулардың толғау, терме, жыр өлеңдерінің философиялық мәні әр кезде өте күшті болғаны талассыз. Қазақ халқының көптеген шығыс елдерінің мәдениеті тарихына көз салсақ, философиялық ойдың, дүние-болмыс, өмір-тұрмыс жайындағы үлкен топшылаулардың, мағыналы толғаулардың салмағы көбіне-көп поэзияда, ауызша әдебиетте жатқанын байқар едік. Шығыс халықтарының қайсы бірін айтсақ та, поэзия мен философия, этика, адамды тану мен Алланы тану жалғас келетіні аңғарылады. Әдебиет пен өнердің, ғылымның, оның әр салаларының, соның ішінде нақтылы өз мағынасында айтылатын философияның ара-жіктері ажырап кеткен кейінгі, бүгінгі ұғым бойынша ақын деген бір нәрсе де, ойшыл деген, ғұлама дана деген басқа нәрсе болып көрінуі ықтимал. Ал Абайдың ақындығы мен ойшылдығын, данагөйлігін ажырату оңайға түспейді, әр қырынан қарастыру үшін ажыратып көргеннің өзінде, бөліп алып айтуға кейде ыңғайы келсе, көбінесе оның өзі ұтымды болып шықпайды.

Абай ұлы ақын, өнердің бір туар ісін дегенге оның поэзиясына, бүкіл әдеби, музыкалық, шығармашылық мұрасына тән жаңашылдықты айтамыз. Абай ұлы ойшыл, Абай – дана дегенде де оның үлкен философиялық ой толаған жеке туындыларын есепке алумен шектелмей, қоғамдық өмірдің сан-алуан салаларына қатысты, дүние-болмыс, заманның ағымы, халықтың тағдыры туралы аса маңызды ой-пікірлерін тұтас алып, олардың халықтың ой-санасын жаңа белеске көтерген зор мәнін ескере отырып айтамыз.

Өмір жолы – өнерпаздық жолы. Абай жас шағында Семей қаласындағы мұсылманша медреседе оқыды. Бұл жылдары ол араб, парсы, пағатай тілдерін тез меңгерген, Шығыс классиктері Сағдидің, Науаидің, Низамидің, Физулидің, Жәмидің, Сейхалидің, т.б. шығармаларымен танысты. Сонымен қатар ол орыс мектебіне де барып жүреді. Өзінің ерекше қабілеттілігі және зейін қойып, зор ықыласпен үйреніп арқасында Абай орыс тілін де игеріп

алады. Алайда, әкесі Құнанбай оны енді өзінің жанында ұстап, бірте-бірте ел билеу ісіне араластырмақ ниетпен ауылға қайтарып алады. Сөйтіп, Абай көп кешікпей оқуды доғаруға мәжбүр болды. Ендігі жерде Абай ел арасындағы әр түрлі ру таласы, жер дауы, жесір дауы секілді істерге араласып, әкесі Құнанбай мен оның тобындағы ел билеушілер және оларға қарсы топтардың қарым-қатынастарын жіті аңғара бастайды. Абай әр түрлі топтардың арасында жиі болып, халықтың, қалың бұқараның, кедей шаруалардың тұрмыс жағдайын өз көзімен көріп танысады. Бірнеше жыл бойы болыстық міндетін атқарып, ел билеу ісіне тікелей араласып, әр түрлі даулы іске кесім айтып, таласы мол күрделі мәселелерді шешуге қатынасады.

Талай қақтығыстардың, күрес-таргыстардың ортасында болып, қолында күші бар топтардың әділетсіздігін, аяусыз қаталдығын көріп, әр түрлі топ өкілдерінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін үнемі байқап жүреді. Олардың істеген істеріндегі, күнделікті қылықтарындағы мағынасыздықты, бітпегілін талас-тартыстың, өнімсіз әуре-сарсаңмен күн өткізушіліктің ел басына үлкен ауыртпалық түсіріп отырғанын терең түсіне бастайды. Абай осылай өмір жайлы көп толғанып, көп ойланып жүріп, халық мүддесі үшін, адалдық, адамгершілік үшін күресуге ұмтылады, қалай күресудің жолын іздейді. Елдің өнімсіз қылықтармен көбірек әуес болатынының себебі білімсіздіктен, ескі ұғым-түсініктерден арыла алмай келе жатқандығынан екенін аңғарады. Енді сол қиындыққа қарсы шығып, халық мүддесі үшін күресуге бел байлап, елді, жастарды адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім, ғылым жолына түсуге шақыруды мақсат етіп қоймақ болған Абай осы ой-пікірін жалпы жұртқа жария етуге, солардың жүрегіне ұялауға жарарлық бірден-бір күшті құрал өлең сөз, ақындық өнер деп санайды. Бойындағы ақындық қуатын осы жолға жұмсау қажет деп түсінеді.

Медреседе оқып жүрген жылдардың өзінде-ақ Абай Шығыс елдерінің әдебиеті мен мәдениетінен көп мағлұмат алды. Қазақстан медреселерінде мұқият оқытылған Қожа Ахмет Яссауидің шығармашылық мұрасы “Диуани хикмет” (Хикмет жинақ) пен басқа да ойшылдардың еңбектері сияқты екінші Аристотель атанған әл-Фараби еңбектері Абайдың Аристотельге және басқа ежелгі грек ойшылдарына деген қызығушылығын арттыра түсті.

Балалық шағындағы бір өлеңінде Абай өзі көркем сөздің хас шеберлері деп санаған шығыс ақындарының ішінен Фердауси, Физули, Хафиз, Науаи, Сағди есімдерін атайды. Әрине, Абай тек осы ақындардың ғана шығармаларын оқып білген жоқ. Сондай-ақ, мәселе олардың аттарын нақты атап көрсетуде емес. Ең бастысы, Абайға жас кезінің өзінде-ақ Рудаки мен Фердоусиден



бастап, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың түркі поэзиясының көркемдік жетістіктерінен үйренуге жол ашық болды. Абай дәуірінде халық арасында парсы, түркі әдебиетінің озық үлгілері кең тараған еді. Шығыстың белгілі ертегілері, аңыздары мен эпикалық поэмаларының сюжеттері ауызша баяндау арқылы, ақын-жыраулардың айтуымен көпшілікке жетіп жатты. Шығыс сюжеттерін өлеңмен баяндау қазақ поэмаларымен теңдей айтылып, көпшілік қауымның игілігіне айналды. Олардың қатарында “Ләйлі-Мәжнүн”, “Жүсіп-Зылиха”, “Сейфул-Мәлік”, “Бозжігіт”, “Шахнама” оқиғасына құрылған поэмаларды және басқаларды да атауға болады.

Сондай-ақ халық арасында “Панчагангра”, “Кәлила мен Димна”, “Тотынама”, “Көрүглі”, “Манас” т.б. жырлар кең таралды. Сондықтан да медреседе оқыған жылдардан кейінгі кезде де Абайдың осыншама бай мәдени мұралармен танысуына мүмкіндігі мол болды. Ел арасында ақындыққа шындап бет қойған кейінгі жылдарда ол шығыс ақындарына үнемі ден қойып, шығыс сюжеттерін айтып таратып отырды. Абай Рашид-ад-дин, Бабыр, Әбілғазы, Табари, Рабғузилардың тарихи еңбектерін оқыды, татар ағартушыларының шығармаларымен таныс болды.

Кейінгі, кемелденген шағында да Абайдың шығыс ойшындарының философия, теология, логика, тарих жөніндегі еңбектерін терең зерттегендігін, түркі поэзиясымен қатар араб, парсы поэзиясына да қызығуы азаймағанын оның шығармаларынан да байқауға болады.

Абайдың шығыс авторларының философия, теология жөніндегі еңбектерін жете білгендігін оның прозалық шығармаларынан байқасақ, шығыс поэзиясына деген қызығушылығының кемімгендігін поэмаларына үйілгенде аңғарамыз. Абайдың “Әзім” поэмасының сюжеттік желісі “Мың бір түннің” оқиғасынан алынған. “Масғұт”, “Ескендір” поэмаларының оқиғалары да шығыс әдебиетінің дәстүрімен тығыз байланысты. Алайда, бұл поэмаларда ескі сюжеттер жаңаша мәнге ие болатындығын атап өткеніміз жөн. Байқасақ, Масғұт пен Ескендір есіміне қатысты Абай баяндап отырған аңыздар, мейлінше шарттылығына және мерзім алшақтығына қарамастан, жаңа кезеңде де өмір алға тартып отырған сауалдарға жауап бере алады, қалай болған да, олар жайында ойлануға түрткі болады.

Жылдар өте Абайдың батыс-суропа елдерінің қоғамдық-философиялық жетістіктеріне, жаңа дәуір авторларының, атап айтқанда белгілі француз, ағылшын, неміс ағартушыларының шығармаларына деген ынта-ықыласы арға түседі.

Семейде Абай орыстың Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов, С.С.Гросс сияқты саяси жер аударушылармен танысады.

тарихын оқып біле түсуіне себебін тигізеді. Сонымен қатар олардың қазақтың өмір-тұрмысы, мәдениетімен танысуына Абайдың да көмегі аз болмаса керек. Абай өзінің шығармашылық ізденістерінде Пушкин, Лермонтов, Крылов, Белинский, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Лев Толстой сияқты көркем сөз шеберлері мен ойшылдарының енгесінен тағылым ала білді. Абай сонымен қатар орыстың музыкалық мәдениетіне де (мысалы, А.Рубинштейн, М.Глинканың романстарына) ерекше көңіл бөлді. Гете, Байрон, Шиллер сияқты Батыс-Еуропа ақындары да Абайдың назарын аударды.

Абайдың ақыл-ойының ерте толысып, ел қамын ойлайтын азамат болып қалыптасуына, ең көп ықпал еткен, мүмкіндік берген, әрине, алдымен оның өскен ортасы, еш уақыт үзілмеген, қайта барған сайын күншейе түскен туған халқының өмірімен өте тығыз байланысы, жасынан шексіз бай, танымдық, тағылымдық мәні зор ауыз әдебиетін, өлең, жыр, дастандарды жақсы білгені – міне, осылар болды. Өзінің дарындылығы, іздемпаздығы, көргенінен, білгенінен сабақ ала алатын айрықша қабілеттілігінің арқасында Абай өмірде де, өнерде де өз жолын тапты.

Абай ақын, ойшыл, композитор болып елге таныла бастаған кезде оның сөзіне, өнеріне құмартып алыс жерлерден келіп кездескен ақын, әнші, жыршылар аз болмаған. Олар Абайдың өлеңдерін, әндерін қазақ даласына бұрынғыдан да мол тарауға күш салған. Осындай Абай өлеңдерінің жер-жерге жайылуына өз үлестерін қосқан адамдар қатарында Мұхтар Әуезов атақты композитор Біржанды, Сара, Қуандық, Ажар секілді ақын қыздарды атаған.

Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме<sup>1</sup>, –

дейтінін еске алсақ, бұлай айтуында үлкен мағына бар екені талассыз. Абай “самородный сары алтын” деп, анау мынау сөзді атамайтыны және түсінікті, яғни, өлеңдерінің ел ішіне таралып, талай жұрттың кәдесіне асып жатқанын Абай жақсы білген.

Бұл кезде Абайдың өз айналасында Шөкәрім, Көкбай, Әріп, Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия, ертекіші Баймағамбет сияқты ақындық өнердің, өлең-жырдың, ән-күйдің қадір-қасиетін бағалай білетін дарынды адамдар топтасады. Сол ортадағы жас ақындар Абайдың ақыл-кеңесін естіп, тәлімін, тәрбиесін көргені анық.

Өнімді еңбек етіп, көп оқып, талмай ізденіп, өзі де өлең жазып,

<sup>1</sup> Абай (*Ибрагим*) *Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., А., 1995, 67-б.

айналасына өнеге етіп білім таратып, өнер шашып жүрген жылдарында да Абай ел ішіндегі талас-тартысқа араласуға мәжбүр болады, ел тыныштығын сақтау үшін уақытын, күш-қайратын аямайды. Мұны ұлғайған кездегі жазған өлеңіндегі:

Болды да партия,  
Ел іші жарылды.  
Әуремін мен тыи  
Дауың мен шарынды? –

деген сөздерінен андай аламыз. Ақындық өнерді өзіне өмірлік зор мақсат етіп, өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруге Абай тек 80-жылдардың ортасында кіріседі. Бұл Абайдың айналасын болжап, әлеуметтік құбылыстарды терең бағалап, кең ойлай алатын, көргені мен түйгені өмірлік тәжірибесі молайған, өбден кемеліне келген шағы болатын. Ақынның осы тұста (1882-1886 жылдары) жазған өлеңдері идеялық және көркемдік қасиеттері жағынан аса мағыналы, жаңа сапалы және ұзақ өнімді ізденістерінің қорытындысы, нәтижесі болып табылады. Бұл жылдардағы шығармаларында тұжырымдалған идеялар мен тақырыптардың өрісі негізінен ақынның соңғы жиырма жылдағы өмірін қамтитын бүкіл шығармашылығына үзілмес арқау болып, үнемі тереңдеп, дамып отырады. Өзінің шығармаларында Абай қазақ тіршілігінің ең көкейтесті мәселелерін, маңызды әлеуметтік, қоғамдық, моральдық проблемаларын, халықтың тағдырына әдет-ғұрпына қатысты тақырыптарды көтереді.

Абай поэзиясы қазақ әдебиетіндегі мүлде жаңа құбылыс, жаңа кезең болғанын айта отырып, ақынның шығармашылық өнерінің негізгі тірегі, сарқылмас қайнар көзі халық поэзиясы, жүздеген жырау, жыры, ақындарды туғызған халықтың сан ғасырлық бай әдеби мұрасы дейміз. Халық поэзиясымен терең тамырластығы Абайдың ақындық тұлғасына ана сүтімен біткен қасиеттей ұлттық, даралық сипат бергені даусыз.

Абайдың жаңашылдығы мәдениеттегі, әдебиеттегі, қоғамдық ой-санадағы дәстүр мен жаңашылдықтың жалғастығын танытады. Ол жаңашылдық ақын поэзиясының, әдеби мұрасының халықтық сипатынан туындайды. Өйткені, Абай поэзиясының, өнерпаздық мұрасының қайнар көзі – халықтың тамыры алыстан тартылған шексіз бай сөз өнері. Абайдың озық ойшылдығы – халық даналығының биік көрінісі. Абай туған халқының арман-мүддесін, жалпы адамзаттық мұраттарды терең түсіне алды. Оның көршілес, жақын елдермен жанасып, дүниежүзінің озық әдебиеті

мен мәдениетіне қол артуға ұмтылғаны да дәуір талабын аңғара білгендіктен.

Абай – классик, жаңа реалистік жазба әдебиетінің атасы. Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдырын, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымды көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз.

Ақын тұлғасы – поэзиядағы қайталанбас өнерпаздық шеберліктің, даралық стильдің түпкі тірегі. Ақын стилін ойлау, сезіну, суреттеу мәнерін, қолтанбасын, сөз қолданысындағы өзгешеліктерді – бәрін де айқындайтын, белгілейтін сол. Ақынның тұлға-бітімі, дарын даралығы қандай болса, стилі де сондай болады. Ақынның ойшылдығы, суреткерлігі, сыршылдығы оның стилінен ап-анық белгі береді. Әрине, қозғаған тақырыбына орай кейде, нақты бір шығармада бір қасиеті, тағы бірде басқа сипат басым болып, ақын тұлғасы әр қырынан көрінуі – заңды.

Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шынышыл да терең. Қандай құбылысты сөз етсе де, ол оның қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын айқындап, адам үшін, қоғам үшін пайдалы, зиянды жақтарын ашып және осының барлығын қазақ қоғамының алға басып ілгерілеу, даму тұрғысынан суреттейді. Міне, бұл ерекшелік Абайдың өмірді суреттеушілік тәсілін жаңаша қалыптастырды, әдебиетте сыншылдық бағытын орнықтырды, мұның бәрі сайып келгенде, әдебиетімізде сыншыл реализм әдісінің туып, қалыптасуы еді. Бұл – тұтас көркемдік тануымызға Абай әкелген үлкен де жаңа сапалық өзгерістердің бірі және негізгісі.

Абай жаңа реалистік қазақ әдебиетінің негізін қалады және қазақтың әдеби ақындық тілінің аса көрнекті реформаторы болды. Қазақтың әдеби тілін дамытып жетілдіру үшін күрескенде Абай халық тілінің қазынасына, халық тілінің сарқылмас байлығына сүйенеді. Абай халықтың мүддесін терең ашып көрсете білген шын мәніндегі халық ақыны, ұлттық ақын болды. Өйткені В.Г.Белинский атап көрсеткендей, “ақын неғұрлым зор болған сайын ол соғұрлым ұлттық ақын болып табылады, өйткені ұлттық қасиеттер оған неғұрлым жақын”. Абай қандай нәрсе туралы айтса да, адамдардың пайдалы еңбекпен шұғылдануға, білім алуға шақырса да, өнерге шын пейілмен қарауды жақтаса да, бүтіндей бір әлеуметтік топтың немесе жеке адамның кемшіліктерін

дамып отыратын асыл мұра.

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МАҚСАТ-МҰРАТТАР.** Абайдың орасан зор ақындық күш-қуаты шығармаларында қазақ тіршілігінің ең маңызды әлеуметтік проблемаларын көгері білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманы, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді. Мұнда Абай шығармашылығының көптеген келелі мәселелері – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыруы, нағандықты, арта қалу кесепатын айыптауы, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды т.б. әшкерелеуі – осының бәрі өлеңдері мен қара сөздерінің өзегі болып, айрықша ақындық қуатпен айтылады. Және осы идеялар ақын шығармашылығының ең басты, күрделі мәселелеріне жалғасып, солармен тұтасып, халықтың тағдыры, бүгінгісі мен келешегі, поэзиясының өмірдегі алатын орны туралы ойлармен сабақтас өрледі. Өйткені Абай поэзиясының басты тақырыптары, идеялық нысанасы ұлы ақынның әлеуметтік прогресс үшін, халықты өнсір-білімге жеткізу үшін күресу мақсатынан туады. Поэзияның өзі халықтың өмірі мен тағдыры туралы шын жүректен шыққан толғанысқа айналды. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттар үшін күреске ынталандыру міндетін алға қойды. Сонымен қатар, адамдардың өнсір-білім үйренудің, ғылымның маңыздылығын, гуманистік, прогрестік идеяларды түсінуі, және олардың заманның озат ойларын уағыздаған жаңа сапалы ақындық өнерге көзқарасы бүкіл халық тағдырының ең бір маңызды мәселесі ретінде көтеріледі.

Абай сөз өнерін, әдебиетті, заманды, адамды түзетудің күшті құралы санады, “Түзетпек ем заманды” деген сенімін, үмітін ақын үнемі анық білдіріп, ашып айтып отырады.

Талай сөз мұнан көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, ұайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын<sup>3</sup> –

дейді Абай. Абайдың қоғамдық мұрат-нысанасы туралы айтқанда, ол адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім-ғылымды, өнерді халықтың игілігіне асыруға аса зор мән бергенін естен шығаруға болмайды.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық қағида ретінде поэзиялық туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі

оның халық рухын, халық бұқарасының талап-тілегін, мұқтажы мен мүддесін жақсы түсінетіндігі айқын көрінеді.

Абайдың ұлттық мәдениетіміздің барлық саласына жасаған ықпалы орасан зор. Абай XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамның мәдени-ағарту жолындағы дамуына да зор ықпал жасады. Абайдың шығармашылығы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің болашақтағы бүкіл даму барысына мықтап әсер етті.

Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктерді алдымен айналадағы болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни, көркемдік шындық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз. Абай шығармаларында көркемдік шарттылық та, көркемдік қиял да шыншылдықпен жанасымды келеді, өмір шындығын терең, әсерлі бейнелеуге қызмет етеді. Оның шығармаларының әр қайсысында өмір шындығы әр қырынан көрінетінін, алынған тақырып, айтылған ой, ақынның көңіл күйі, жан сезімі әр түрлі нақтылы көркемдік шешімін табатынын ескеру керек.

Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді. Бірақ ақын шығармашылығы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры арыда жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көпінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді. Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, еңбексүйгіштік, талаптылық, адалдық, солармен қатар озбырлыққа, жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәнін жоймайтындығын, және қанша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен халықтың ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып, жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге үлкен себін тигізе алатынын мойындауымыз керек. Олай болса, Абай шығармашылығын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткішсіз құбылыс деп санауға болмайды, ол – заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамлық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп,

<sup>3</sup> Солда, 222-б.

атап көрсетіп отырады.

Қайрат пен ақыл жол табар  
Қашқанға да, қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы ескеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың – жалың, артың – мүз  
Барар едің қай жаққа?<sup>4</sup>

дейді ақын “Әсемпаз болма әрнеге” деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат-та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйді.

Абайдың басты, негізгі дейтіндей шығармаларына назар салсақ, олар қоғам өмірімен, халықтың ой-санасымен тығыз байланысты екеніне және өмір құбылыстарын биік адамгершілік арман-мұраттар тұрғысынан бейнелейтініне көз жеткіземіз. Ақын тұтас бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғарып, заман шындығын жан-жақты ашып береді. Сонымен қатар, олардан өзіндік, өмірлік, өнерпаздық мақсат-мұраттары айқын танылады. Бұл орайда, әсіресе, “Сегіз аяқ” өлеңі назар аударарлық.

Ақынның мақсат-мұраты, арманы мен өкініші, алға ұмтылысы өлеңнің әр сөзінен анық көрінеді.

Қайратым мәлім,  
Келмейді әлім,  
Мақсұт – алыс, өмір – шақ,  
Өткен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр жожақ?<sup>5</sup>  
Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес<sup>6</sup>.

дегенге Абай “жол” деген ұғымды өзінің үлкен өмірлік, өнерпаздық мақсатқа жету жолы деген мағынада айтады. Осы үйреншікті әркімге түсінікті “жол” деген сөз зор символдық мәнге ие болған.

Осы бейнелеу тәсілі қолданылған тағы бір шумақ:

Жаргасқа барлым  
Күлде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық

Естіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жаргас – бір жаргас,  
Қаңқ етер түкті байқамас<sup>7</sup>.

Мұны оқығанда біз алдымен нақтылы табиғат суретін көріп, сол табиғат аясында өмір алдына тартқан сауалдарға жауап іздеп, шарқ ұрып жүрген ақын бейнесін тамашалаймыз. Сонымен бірге, айдалада мелшип тұрған жаргастың кей-кейде ғана бір естілетін жаңғырық үнін өлең сөзді естігенде құлағы елең етсе де, жанымен сезініп, тебірене қоймайтын көңіліз құлақ тыңдаушының, сөз ұқпайтын жұрттың баламасы ретінде қабылдаймыз.

Осындай символдық бейнелеу тәсіліне көңіл аударар отырып, ақын “Сегіз аяқ” өлеңінде ойын көбінесе ашық тұра және үлкен тебіреніспен айтатынын да мойындауымыз қажет.

Елдің берекесін кетіріп, көзін аштырмай отырған бір-бірімен дауласу, қастасу, өгірік арыз беру секілді жаман әдеттер екенін нақтылап көрсеткен ақын:

Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасың,<sup>8</sup>

деп өкініш білдіреді. Елді бірлікке, татулыққа шақыру – өлеңнің ең бір күшті сарыны.

Бірінді қазақ, бірінді дос,  
Көрмессең істің бәрі бос<sup>9</sup>,

деген үлкен қоғамдық мәні бар терең мағыналы түйінді ойып ақын ерекше тебіреніспен айтады.

Абай қазақ жұртшылығы алдында ақындық өнердің мүлдем жаңа, соны жолын ашу мәселесін өзінің міндеті деп санады. Сөз өнерінің асқан шебері ретінде Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада: ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттер қойып отырғанын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілсөз-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендіктен сезе білді және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған жаңа ақындық өнердің дәйекті күрескері. Халық қамқоры болуды мақсат тұтқан ақынның өмір шындығын жаңа көзқараспен реалистік әдіспен терең бейнелеу керек екенін жақсы түсінді.

<sup>4</sup> Сонда, 114-б.

<sup>5</sup> Сонда, 112-б.

<sup>4</sup> Сонда, 208-б.

<sup>5</sup> Сонда, 112-б.

Абай тыңдаушыларды, оқырмандарды озық мәдениетті игеруге өнер-білімге, адал еңбек етуге шақырып, олардың бойында шынайы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылушылықты қалыптастыруға тек өрісі биік әдебиет қана атсалыса алатынын, терең түсініп, өзі өмір бойы сол жолда ізденді.

Өз поэзиясымен бірге бүкіл ұлттық әдебиеттің тыңнан түлегінен қажет санап, оқушысының көркемдік, идеялық, эстетикалық түсінігінің, талғамының, мәдениетінің өсуін талап етті, мұны өмірдің де, өнердің де қажеттілігі деп санады. Әдебиеттің өмірді дамытуға, түзетуге, өзгертуге шешуші үлес қосуын, белсенді қызмет етуін, идеялық-көркемдік құрал дәрежесінде биіктеуін уақыттың үлкен шешуші талабы ретінде ұсынды.

Абай поэзиясындағы ақын тұлғасы. Автор және лирикалық кейіпкер.

Абай шығармаларында алдымен мейлінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіреніткен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағытынан айқындала түсіп жап-жақты толық көрінісін табады.

Ақын өзі туралы айта отырып, ел жайын толғайды, халық туралы айтады. Ақынның поэзиядағы өз тұлға-бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай танытынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз. Халық өмірінің, заман келбетінің поэзиядағы көрінісі арқылы ақын бейнесін айқынырақ сезіне түсеміз. Осының бәрінен сол дәуірдегі қазақ өмірінің мол шындығын табамыз.

Көптеген өлеңдерінде Абай өз көңіл-күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады.

Осы сипатты өлеңдер тобына ақынның өз өмірлік, өнерпаздық жолындағы мақсатын айқындайтын. “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” немесе көңіл-күйі лирикасының озық үгілері саналатын “Жүрегім менің қырық жамау”, “Жүрегім нені сезесің”, “Не іздейсің, көңілім, не іздейсің” секілді сан алуан өлеңдерді жатқызуға болады. Олардың бәрінде де Абайдың өз ақындық тұлғасы, жан-дүниесі, ішкі сезімдері ашық, айқын білдірілген. Сонда да ақынның бейнесі көркем өнер табиғатына сәйкес түйінделіп, жинақтылық сипат алған, тигітік дәрежеге көтеріліп, үлкен танымдық мән-мағынаға

## Мысалы:

Менсінбеуші-ем нағанды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек ем заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көңбеді ішім сөзім,  
Әдетіне қарысып<sup>9</sup>, –

деп, мақсат-мұратын білдірген сөздерінен, немесе осы өлеңдегі:

Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанып<sup>10</sup>, –

деп үнемі ел мұқтажын анық байқататын сөздерінен көрінгендей, көбіне-көп ақын өз көңіл-күйін шертеді және ойын бүкпесіз тура айтады.

Абайдың ақындық, өнерпаздық, ағартушылық жолы мейлінше қиын, азабы мол күрес жолы еді. Ол халық мүддесін ойлайтын, ізгі мақсат жолында қайрат жұмсайтын күштің аз екендігін көріп, жиі қапаланды, кейде жалғыздық, бей-жайлық сезімге бой ұрды. Ақынның осы көңіл-күйі, қайғы-мұң сарыны оның шығармаларынан бірде болмаса бірде бой көрсетіп қалады. “Жарлы емеспін, зарлымын” деп отырған Абайдың мұң-шері өз басының мұны емес, халықтың тардырын ойлап, толғану екенін көреміз. Халықтың өміріндегі ауыр жағдайларды ол өз жүрегінің шері етіп төгеді. Оның жан жүйесін құлазытқан шер осы ел жайы болады.

Абайдың өткенге көз жіберіп, өмірдің өріне шыққан тұста, енді алдағы жаңа өзгерісті кезеңін шолған өлеңі – “Келдік талай жерге енді”. Бұл өлеңнен анық байқайтынымыз – Абай лирикасының сыршылдық сипаты кейде өзімен өзі сырласқан қалынан да айқын көрінеді. Өзіне өзі бұйрық бергендей, оған өзі жауап айтқандай, сөз жарыстыра толғанады:

Барма топқа шақырмай,  
Жағ үйіңде шатылмай,

<sup>9</sup> *Абай (Ибраһым) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., А., 1995, 115-б.

<sup>10</sup> *Солта*, 175-б.

Шыдармын ба, апырмай,  
Жатуға шықпай үйде еңді!<sup>11</sup>

Осындай терең сыршылдық сезіммен айрықша тебіреніп сөйлеуі ақынның үлкен толғаныс үстінде отырып, ең көкейтесті ойын ақтарып айтқан көңіл-күйіне әбден лайық. Өмірдің өрін тауысып, биік белге шыққан кезіндегі ақынның алды-артына көз жіберіп, ендігі бетін айқындау мақсатымен айтқан ойының түйіні:

Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар,  
Өтірік пен өсекке  
Бөйге атындай аңқылдар,  
Тұла бойым піміренді!<sup>12</sup> –

дейтін, кімін болса селт еткізбей қоймайтын сөздер болса керек. Бұл сөздерде абыржу болса да айну жоқ екені, өмір бойы білімсізбен алысып келген ақын тыныш жатуға шыдай алмайтыны еш күмән тұғызбайды.

Қайы пығып иыққа,  
Қамалтпасып түйыққа,  
Сергі көңлім, сергі еңді!<sup>13</sup> –

дел отырған ақын өлеңнің өн бойында өзіне-өзі күш беріп, қайраттандырып, ширғаға түседі.

“Өлсем орным кара жер, сыз болмай ма?” деген өлеңінде Абай өзінің өнерпаздық жолы туралы толғанып, келер ұрпаққа ұран тастады. Бұл өлең Абайдың ақын ретінде әдебиетке өзіндік жол салғанын жақсы сезінгенін тағы да айқын дәлелдеді. Және осы өсиет жыр-толғауда ақынның бар өмірін арнап атқарған ісін, сарылып іздеп тапқан өнеге-үлгісін, бүкіл ой-арманын көркем бейнелеген поэзиясы келер ұрпақ, жана қауымның көдесіне асар деген зор сенім бар екенін аңғарамыз. Өлеңнің әр сөзі келер ұрпаққа арналып айтылуының өзі-ақ ақынның болашаққа үлкен үмітпен қарап, өз халқының келешегіне көміл сенгенін байқатады.

Бұл өлең ұлы ақынның өмірмен қоштасар уақыт келгенде, сонда айтуға лайық деген және кейінгі келер ұрпаққа қаратып айтқан сөзі ғой! Сондықтан ол ең маңызды, ең айтуға қажетті деген жайларды ғана сөз ету тиіс екенін, әрине, мұқият ескерген.

<sup>11</sup> Сонда, 157-б.

<sup>12</sup> Сонда, 157-б.

<sup>13</sup> Сонда, 156-б.

Шынында, Абайдың әр сөзі өлшеулі, өз орнында. Асырып айтпайды, шалқып кетпейді. Аз сөзбен, ықшамды түрде көп жайды аңғартады. Әр сөйлесім түйінді ойды білдіретін осы өлеңнің көп жері жеке тұрғанда да тиянақты мағына беретін тұжырымды нақыл секілді Абайдың ақындық тұлғасы, тағдыры туралы айтылғанда үнемі дәйекті сөз ретінде келтіріліп отырады.

“Жүрегімнің түбіне терең бойла”, “Мыңмен жалғыз алыстым!” – деген сөздеріне Абай, түсінетін адамға осы да жеткілікті дегендей, үстемелеп ештеме қоспайды. “Мыңмен жалғыз алыстым” дегеннің өзін де жар салып айтпай, сыпайы сыр ашқандай қылып, “кіне қойма” дегенге орайлас келтіріп айтқан.

Ал “жүрегімнің түбіне терең бойла” дегенін жүрек сырын баяндайтын өлеңдеріне үніле қара деген мағынада түсінсек керек. Бірақ ол ойын да Абай туралап айтпай, сөзін іркіп “Өлең шіркін – өсекші” деп, артық орынсыз сыр ашуды жақтырмайтынын да білдіреді.

Әзілдеп айтқаны десек, бұл тартынып сөйлеу талабынан туған салмақты, ойлы сөзге лайық жеңіл әзіл және әзілде де шындық бар: ақын ішкі сыры, ой-арманы өлеңінен көрінетінін де аңғартып отыр.

Ақын бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи бір қалыпта, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан, әр жағынан ашылып отырады. Жоғарыда келтірілген өлеңдерінен, олар кейде ойға шому, ой толғау түрінде әр алуан болып келсе де, ақын бейнесі анық, айқын қалпында танылатынын байқадық. Ал кейде ақын өлеңін өз атынан, бірінші жақтан айтқанымен, өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтыны байқалады. Поэзияда ақын өмірде болғанды ғана емес, болатын, болуы мүмкін жайларды жинақтап, шындыққа сәйкестендіріп айтқандықтан өлеңдегі ақынның бейнесі кейде осындай лирикалық тұлға қалпында көрінеді. Әрине, лирикалық тұлғаны ақынның өз бейнесінен бөлектеп, ажыратып алу қиын, бірақ өзіндік айырмасы барлығын көрмеуге де болмайды.

Сол айырманы ескеріп, ақын өмірде болмаған, бірақ болатын, болуы мүмкін шындық жағдайды өз атынан айтса, мұнда өзіндік көркемдік заңдылық бар екенін ұмытпау қажет. Айталық, “Сен мені не етесің?” деген өлеңнен осындай лирикалық тұлға айқын бой көрсетеді. Сондықтан осы өлеңдегі сөздерді, мысалы:

Ажал уақыты жетті,  
Мен өлейін, сен-ақ сау бол!<sup>14</sup> –

дегенді біреуге ақын өзін айтып отыр екен деп түсінуден гөрі,

бұл жинақталған лирикалық тұлғаның атынан айтылған сөз деп түсінген жөн.

Ал ақын бейнесінің басқа қырларына келсек, кейде ол нақтылы бір жайды, жағдайды айтушы, баяндаушы ретінде көбірек көрінеді. Мысал үшін "Байлар жүр жиған малын қорғалатып", "Қыран бүркіт не алмайды, салса бағтал", "Асқа-тойға баратұғын" сияқты өлеңдерді атауға болады.

Кейде ақын өлеңінде басқа адамның көңіл-күйін суреттейді. Мысалы, "Қызарып, сұрланып" өлеңінде ғашық жастардың махаббат сезімі өз шындығымен алдымен көрініс тауып, оны сипаттап жеткізген ақын бейнесі алға шығарылмай, тасада тұрады. Сондай-ақ табиғатты суреттейтін өлеңдерде да ақын – көбіне-көп баяндаушы, бейнелеп айтушы. Оның өзінің табиғат құбылыстарын қалай сезінетіні айқын, анық аңғарылып отырса да, алдымен көзге көрінетін нәрсе – табиғат көркі, табиғат аясындағы елдің өмір-тұрмысы.

Адамның портреті, мысалы, сұлу қыздың пішінін, бой сымбатын суреттейтін өлеңдер жайлы айтсақ та, ақын өзі сол портретті мүсіндеуші дейміз. Ал тағы бір алуан өлеңдерінде ақын нақтылы бір кейіпкерді, мысалы, болысты сөйлету арқылы ойын білдіреді. "Жігіт сөзі" атты хаг түріндегі өлеңдер де осы іспеттес.

Кейбір біреуге қаратып айтылған, сонымен тілдескендей етіп берілетін өлеңдерде де (мысалы, "Күлембайға") сол басқа адамды сипаттау жағы басым келеді. Сонымен қатар Абай өлеңдерінен кейбір жекелеп алынып бейнеленген кейіпкерлермен қатар аты аталып, түсі түстелмесе де, мінезі, әрекеті, ниеті айқын сипатталып, жинақтап бейнеленген сан алуан кейіпкерлер – әр түрлі топтың өкілдері, әр қилы мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады.

Абай шығармаларында ел тағдыры, халық бейнесінің суреттелуі, Абай шығармаларында топтап сипаттаудың ең көлемді, ауқымды түрлі – ел, жұртты айтып, көпшілікті, бүтін бір қауымды мінездеу.

Ел, жұрт деген ұғымдарды Абай қалың ел, қазақ жұрты, халық деген кең мағынасында алып, бүкіл халықты тұтас алып мінездеу үшін де қолданады. Мысал үшін "Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым" – деп басталатын өлеңді еске түсірсек жеткілікті. Ал кең мағынасында халық бейнесі бұған қоса, сан алуан топтардың өкілдерінен, әр түрлі мінез, іс-әрекеттердің иесі болып көрінетін адамдардан жинақталып, қосыла келе толық көрініс табады. Олардың бәрі бірдей жеке алғанда, толық тұлға болмаса да, қат-қабат мол өмір тартысын бейнелейтін кесек, көркем шығармадағы әр жерден бір қылаң беріп қалатын жанама, өткініш ұсақ кейіпкерге ұқсаса да, жиылып, көбісе түскенде қалың қауым

Ақынның өз заманындағы түйінді мәселелерге асқан сезімталдықпен қарауы және халықтың тағдыры үшін аса маңызды әлеуметтік мәні зор, қоғамдық-тарихи мәселелерді көгерге білуі "Қалың елім қазағым, қайран жұрттым", "Сегіз аяқ" сияқты әлеуметтік лирикасының тамаша үлгілері болып саналатын шығармаларында ғана емес, сонымен қатар, басқа да тақырып және сипаты жағынан алуан түрлі шығармаларында да айқын көрінеді. Қазақ қоғамын жегідей жеген патшалық әкімшілік әр түрлі топтар тартысы мен алауыздық ақынды ашындырып, ызасын келтіреді. Азулы алпауыт ел билеушілердің өз басының пайдасы үшін тұтандырып, әдейі қыздыратын рулық тартыс пен жікшіл топтар күресін, осы бір қоғамдық өмір кеселін Абай өз шығармаларында айрықша қатты сынап отырды. Билікқұмар, мансапқор билеушілердің керіс-ғаласы талай адамды әуре-сарсаңға түсіріп және алуан-түрлі жікгердің алауыздығын қоздырып, халықтың қайғы-қасіретін күшейтті. Абай ел билеушілерді пайдакүнем, өмірдің күнделікті күйбеңімен әуре боп жүрген ұсақ жандар бейнесінде сипаттайды. Халық үшін ауыр қасірет болып табылатын болыс-билердің арасындағы тартыс-керістің күшеюін ақын қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси дағдарыс көріністерінің бірі деп білді.

Абай адам образын қоғамдық орнына, мүддесіне, сол мүддеге жету жолындағы ішкі сезімі мен айла-тәсіліне байланысты жасалды. Ол өз заманындағы сан түрлі әлеуметтік топтардың барлығын да осы тұрғыдан терең зерттеп көре де, бейнелей де білді. Қожа, молда, ауылнай, жүзбасы, еңбексіз мал таппақшы пасық, амалын тауып күн көрмек етті, "бұзылса едің арасы мал таппаймын демейтін" кулар, қулықты ат-шапаннан кем көрмейтін даңғой, дарақы той-думаншыл бозбала, еңбексіз еріншектер, т.б. ақын шығармаларынан кең орын алып, өздеріне ғана тән типтік жағдайда, типтік характерімен көрінеді.

Ақынның өзі өмір сүрген ортаны, тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін асқан көркемдік шеберлікпен суреттейтінін "Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым" өлеңінен айқын көреміз.

Осы өлеңге, домбыра сазындағы алғашқы құлақ күйіндей болып, жүрек толқытатындай жылы леп беретін "қазағым", "елім", "қайран жұрттым" деген ақын тұған халқы үшін жаны ашып, елжіреп отырғанын көрсететін сөздер онан кейінгі айтылғанның бәріне басқаша мағына, өзгеше рең дарытады.

Дәл осындай терең толғаныстан шыққан сыншылдыққа толы өлеңде мұндай сезім жылылығы кездесе бермейді. Сондықтан да елдің күйзелген жағдайын аңдататын:

Жақсы менен жамағды айырмалың.

Бірі май, бірі қан боп енді екі ұртың<sup>15</sup>, —

деген сипаттаулар жалпақ жұрт туралы айтылса да, артық айтылған демей, ашынып айтылған десек болар.

Бег бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартпа сыртың<sup>16</sup>, —

дегенді барлық адамға, сол кездегі қазақ атаулыға түгел бірдей қатысты көрмей, нысаналы жеріне барып тиетін сөз деп түсінген жөн.

Қажет дегенде ақын сөз тигізетін адамдар тобын саралал, бөліп алып, тура ашық айтады:

Бас-басына би болған өңкей қиқым  
Мінски, бұзған жоқ па елдің сиқың?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың<sup>17</sup>, —

деген шумақтағы “бас-басына би болған өңкей қиқым” дегені елдің шырқын сиқың бұзып жүрген, қолыңдағы күші азайған, ұлыққа, мансабы жоғары чиновникке бағыныпты болыстарға тікелей қатысты.

Ал “Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың” деген сөздер сол кездегі патша үкіметінің енді қазақ даласын билеу ісіне баса-көктеп араласып, қазақтың болыс-билерін бір-бірімен қырқыстырып әбден әлсіреткен үстемдік саясатын әшкерелейді. Жалпы жұртқа қаратып айтылған:

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың,  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сыпнасқан күнәстік бұзды-аулырқың<sup>18</sup>, —

деген секілді сөздер халықтың қамын жеп толғанған ақынның жүрегінің түкпірінен шыққандай сезіледі. Өлеңдегі әр сөз, бейнелеу үлгісі мейлінше терең мағыналы, ой-сөзімге толы. “Қалың елім, қазағым” деп сөзді арнайы қаратып айтудың өзі, “қайран жұртым” дегендегі “қайран” деген бір ғана эпитет

<sup>15</sup> Абай (Абайтану) Құманбабаұлы Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., А., 1995, 57-б.

<sup>16</sup> Сонда, 57-б.

<sup>17</sup> Сонда.

<sup>18</sup> Сонда, 26-б.

халықтың мұның мұндап тебіренген ақынның көңіл-күйін қаншалықты айқын, әсерлі жеткізіп тұр. “Үстарасыз аузыңа түсті мұртың” дегенге қосарланған, “бірі май, бірі қан боп енді екі ұртың” деп сипаттауы халық өміріндегі шиеленіскен қайшылықтарды анық елестететіндей көркем символға айналған.

Тіпті “Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың”, “Сапырылды байлығың, баққан жылқың” деген сықылды барынша қаралайым, айтылу қалпы үйреншікті сөз нақыштары да өз билігі өз қолынан кеткен елдің жайын ойлап күңіренген ақынның көңіл күйзелісін білдіретіндіктен, терең мағыналы болып шыққан.

Абайдың философиялық ой-толғамдары. Абай шығармаларының өмір, дүние-болмыс туралы ойларының қорытып жинақтап айтатын сипаты және әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, қоғамдық құбылыстардың өзара себеп-салдарлы байланысты келтіріп терең түсінуі жағынан үлкен философиялық мәні бар екені талассыз. Сонымен қатар, ол философиялық ой-толғамдарын көбінесе ақынша айтатынын да ескерген жөн. Ақын ғылыми ұғым тілімен сөйлеуге тек қара сөздерінде ғана барады.

Өмірдің өтуі жайлы Абай бірде философиялық толғаныс түрінде айтса (“Сағаттың шықылдағы емес ермек”), тағы бірде ойын нақтылы сурет арқылы елестетіп көрсетуді мақсат етеді.

“Толы құс түсті көбелек” атты өлеңінде ақын адамның өмірдегі мақсаты жайында толғанып, ол өмірден нені іздеп, нені күнкөріс қылады деген сұраққа тұжырымды жауап береді:

Адамзатқа не керек:  
Сүймек, сезбек, кейімек,  
Харекет қылмақ, жүгірмек<sup>19</sup>.  
Ақылмен ойлап сөйлемек<sup>20</sup>.

Адамның өмірі мағыналы, саналы болу керек деген байламын осылай айқын айтып жеткізеді де, енді ойын жаңа бір қырынан алып өрбітіп, адамның өмір сүруі, іс-әрекеттері, алдына қоятын мақсаттары өз заманына, заман талабына сәйкес болуы қажеттілігін айрықша ескертеді.

Әркімді заман сүйрмек,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйіс-мек,  
Замана оны илемек<sup>21</sup>.

<sup>19</sup> Сонда, 110-б.

<sup>20</sup> Сонда, 110-б.



Үлкен философиялық мәні бар осы тұжырымның қоғам өмірінің күрделі заңдылығын, елеулі шыңдығын терең түсіну негізінде айтылғаны анық. Саналы, ойлы адамның артықшылығы заман талабын, әлеуметтік өзгерістердің бағыт-бағдарын дұрыс түсіне білу болса керек. Өлеңдерінде, қара сөздерінде Абай кейбір сөздерді жай күнделікті айтылатын мағынасында ғана емес, жүйелі ғылыми ұғым (категория) дәрежесінде көгері түсініп, солай қолданады. Мысалы үшін ақыл, жүрек, қайрат үшеуін Абай адамның дүние-болмысты, өмірді танып-білуіне, дұрыс әрекет етуіне тірек боларлық негізгі қасиеттер деп қарайды.

Абай ақыл туралы айтқанда ақылдылық, естілік деген ұғымнан ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. “Әуелде бір суық муз – ақыл зерек” дегенде, Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық тұрғыдан келіп ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі ұғым деп қараған Абай “суық ақыл” мен “ыстық жүрек” (ыстық сезім) бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса ғана, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

Жеке-жеке біреуі жарыспайды,

Жол да жоқ жарыместі жақсы демек<sup>21</sup>.

Абайдың айтып отырғаны – ақылдың зеректігі, оның танымдық қуаттылығы, жүректің сезімталдығы, адамгершілік сезімінің күштілігі және қайраттылық, жігерлік – осы үшеуінің бірлігі.

Осы үш ұғымды адамшылық сипат тұрғысынан түйістіріп, бірлестіре қарайды және бірін артық, бірін кем демей, бірдейлік мағынада алады:

Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үлп-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек<sup>22</sup>.

дейді Абай “Малға достың мұңы жоқ малдан басқа” деген өлеңінде.

Намыс, ұждан, парасат сияқты адамгершілік қасиеттерді сезіммен тығыз байланыстыра келіп, сезімнің өзін қайраттан, ақылдан бөліп алуға болмайтынын Абай жақсы түсінгенін көрсетеді.

Абай адамның ақыл-ойының танымдық мүмкіндігі аса зор

<sup>21</sup> Сонда. 118-б.

<sup>22</sup> Сонда. 6-б.

“ақыл – мизан, өлшеу қыл”, “ақылды қара қылды қырыққа бөлмек” дей отырып, тек жаратушыны толық тануға ақыл жетпейді, сондықтан оны жүрекпен сезу керек деп санайды:

Өзгені ақыл ойға қондырады,

Біле алмай бір тәңіріні болдырады.

Талып ұйықтап, көзінді ашысымен,

Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, пүбәлі ой алмаймын,

Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.

Ақылдың жетпегені арман емес,

Құмарсыз құр мүлуге тоя алмаймын<sup>23</sup>.

\*\*\*

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр, жүрек сезедүр<sup>24</sup>.

Жүректі, сезім күшін (интуицияны) осылай жоғары бағалағанда да Абай “жүректің ақыл – суаты” деп көрсетеді.

Әрине, Алланы тануда логикалық ойдың мәні зор. Логикалық қисынмен келгенде, барлық әлемнің дүние-болмыстың тұтастығы, өзара байланыстылығы, заңдылықтарының бірдейлігі Алланың бір екендігінің дәлелі болса, шетсіз әлемдегі, дүниедегі құбылыстардың сыры, құпиясы шексіз екендігі соның бәрін барлыққа келтірген жаратушының құдіреті шексіз күшті екендігінің дәлелі бола алады.

Абай “Алланың өзі де рас, сөзі де рас”, “шын илан да, таза ойда бір иманды” деп, иманды болуды ұағыздайды, Аллаға сенуді, Алланы сүюді адамгершілікпен, адамзаттың бәрін сүюмен, адалдық ақ ниеттілікпен тығыз байланыстыра қарайды.

Ұлы ақының шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазақ әдебиеті реалистік жазба әдебиет үлгісіндегі нағыз лирикалық туындылардың жаңа түрлерімен толықты және осының өзі Абайдың ұлттық поэзиядағы ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздің мағыналық, суреттік қуатын арттыруына, тіл ұстартуына зор мүмкіншілік туғызып, бұл салада ақынның өнімді жаңалық табуына жол ашты.

Абайдың жастарға өнерді-білімді, ғылымды насихаттауы. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, “көкіреті сезімді”, “көңілі ояу” адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылады. Жастардың өнімді

<sup>23</sup> Сонда. 225-б.

<sup>24</sup> Сонда. 31-б.

еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылығының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналады. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік танытатынына үлкен сенім білдіреді.

Ішіңде кімнің оты бар,  
Қар жауса да сөнер ме?!

Абай интернатта оқып жүрген қазақ балаларына жүрегі слжірей қарап, жас буың, жас өркендер осылар деп қуанады. Әне, сұңғақ бойлы, сымбатты, білімге құштар жас балалар бірінен бірі қалыспай топ-тобымен иін тіресе келе жатыр. Абайдың “Интернатта оқып жүр” деп аталатын өлеңі дәл осылай көркем көріністі көз алдымызға алып келеді. Қазақ жастарын білімді меңгеруге шақыру — өлеңнің өзекті мазмұны. Сонымен қатар, ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе Абайды бөрінен де көбірек толғандырады. Абай қазақ жастарының ынталана оқып, білім шыңына ұмтылуын армандады. Өмірде дұрыс жол таңдап алудың, адал және лайықты еңбек етудің зор маңызы бар екенін де атап көрсетті. Жастарды оқыту, өнер-білімге баулу тақырыбы Абай шығармашылығында бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде орасан зор әлеуметтік мазмұнға ие болды. Өнер үйрету, білім тарату ісін ол адамдарды қандай да болсын, әлеуметтік кеселден азат етудің қуатты құралы деп түсінді. Абай ескілікті ұғым-нағымдарға сену әдегінен, топастықтан бойы жоғары тұрған білімді адамдарды аңсады. Ол надандыққа, қандай да болсын теріс, кергартпа ықпалға қарсы тұра алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек деп санайды. Ең алдымен білімді ғалым адам мақтан тұтуға лайықты. Ғалым болу үшін адам еңбек сүйгіштік, мақсатқа жету, кішіпейілділік, мейірімділік сынды өнегелі қасиеттерге ие болуға, өтірік айту, жалқаулық, мақтаншақтық сияқты дерттерден аулақ болуы тиіс. Ақылды, парасатты адамның идеал бейнесін ұсына отырып, Абай оған жақсылықты жамандықтан ажырата білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген надан, қараңғы адамды қарсы қойды. Топас, кергартпа адамның осы жағымсыз типі ақынның творчествосына өте тән және ағарту ісін, өнер-білімді жақтаушы Абайдың алдыңғы қатарлы көзқарасын білдіреді.

Абай әр адамның, әсіресе, жастардың өмірден өз қабілетіне, парлығына сәйкес өз орнын табуына айрықша зор мән береді:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан,  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетіпін тап та, бар қалаң!<sup>25</sup>

Мақсатқа жету жолында адал болу, пайда ойламай, ар ойлау қажеттігін осы өлеңінде де атап айтады:

Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтаңды іздеп қайғы алма.  
Мінніді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей, бөйге алма!<sup>26</sup>

Адамның бойындағы жігерлік, мақсатқа жету, әділеттік сезімі, ой тереңдігі сияқты қасиеттерді даралап көрсете отырып, ақын күш-қуатын баянды іске, үлкен мақсатқа жұмсай алмай жүрген жастарды қатты сынаиды.

“Адақанның алды – жөн, арты – соқпақ” атты өлеңінде Абай адал сөзден гөрі, арам сөзді тез ұғатын, шаруаға қыры жоқ сидаң жігіттің жинақталған портретін жасаған. Ақын өнімді іске ебі жоқ, сыртғын түзеп, кербезденіп, уақытын ел қыдырумен өткізуге әуестенген адамның бейнесін көбінесе оның киім-кйісін, сәнденген жүріс-тұрысын нақтылы сипаттау арқылы айқын көзге елестетеді.

...Тірі жанға құрбы бол жап-жасында-ақ,  
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ  
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
Қас кермесі, мойып бұрмақ, қораздапбақ!<sup>27</sup>

Осы өнерсіз, талапсыз, шаруаға олақ, күлкішіл-керден, мақтаншақ жігіттің портреті бұл өлеңде жалғаса келетін “Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық”, “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” сияқты өлеңдерінің мағынасын терең түсінуге де себін тигізеді. Ал “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңінде:

Керек іс бозбалаға – талаптылық,  
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық!<sup>28</sup> –

дей келіп, жастардың жар сүюі, бас құрауына ерекше мән береді:

<sup>25</sup> Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., А., 1995, 208-б.

<sup>26</sup> Сонда, 208-б.

<sup>27</sup> Сонда, 61-б.

<sup>28</sup> Сонда, 64-б.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдап көрс қызар нәпсіге ерме:  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!<sup>29</sup>

Сүйген жарың “ары бар, ақылы бар, ұяты бар”, “қылт еткізбес қылықты тамыршы” болса, сонда ол:

‘Толқынын жүрегіннің хаттай таныр,  
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.  
Жар көңіліне бар ханын пида қылып,  
Білместіңің бар болса қылар сабыр’<sup>30</sup> –

дейді.

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа: “көкірегі сезімді, көңілі ояу адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етуі, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылығының негізгі идеялық-ғақырылтық үзілмес желісінің біріне айналды.

**АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ.** Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақынның ой-сезімі, жан дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас соны бояулармен бейнелеп берді. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Мысалы, “Күз” (Сұр бұлт түсті суық қаптайды аспан), “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” өлеңінде әлеуметтік теңсіздікті де ашып көрсетеді. Ал “Жаз” (Жаздықүні шілде болғанда), “Жазғытұры” (“Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) өлеңінде елдің кең далада, табиғат аясында бой жазып, жаны жалдырап отырған кезін бейнелейді. “Күз” (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан) өлеңінде Абай жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен ақындық шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жанастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейлінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктеліп, әдейі әсерлеусіз сипаттайды. Аспанды қалтаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, сарғайып тозған күзеуді суреттеу арқылы көшпелі ауыл тіршілік ететін табиғи ортаны, айналаны нақтылы қалпында айқын көзге елестетеді. Ойнақтаған жылқылар, үйірінен қашып, оқшауланған

<sup>29</sup> Сонда, б5-б.

<sup>30</sup> Сонда

биелер, жарыса шапқылаған тайлар – бұлар да мал баққан елдің өмір-тұрмысының айнымас, ерқашанда қосақталып жүретін белгі-нышандары десек болады. Өленді түгелдей алып қарасақ, онда табиғат көріністерінен гөрі, көшпелі елдің өмір-тұрмысын, тіршілік әрекетін бейнелеу жағы басымырақ екенін көреміз.

Біреу малма сапсыйды, салып иін,  
Салбыраңқы тартыпты жырттық киім.  
Енесіне иіргіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Кемпір-шал құржан қағып, бала бүрсең,  
Көңілісіз қара суық, қырда жүрсең,  
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,  
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маны,  
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.  
От жақпаған үйінің сұры қашып,  
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы<sup>31</sup>.

Осында дәл тауып, айнытпай берілген нақтылы күнкөріс әрекеттері – қазақтардың теріні малға салап, иін қандырып алып илейтіні, киіз үйдің іші ыс болады деп, күзгі суықта от жақпай отыратыны, әйелдердің түйенің шудасынан жіп иіріп, киіз үйдің жыртылған жерін жамайтыны – бәрі де көшпелі елдің дағдылы тіршілігін, тұрмыс-жағдайын, әдет-салтын анық аңдатады. Мал бағумен күн көрген елдің өмірге бейімділігі, тіршілікке икемділігі, елтілігі де байқалмай қалмайды.

Қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпір-шалдардың сиқы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне толық сәйкес келеді. Ақын көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі күз түскенде қиындайтынын нанымды етіп көрсеткен.

Өмірдегі, табиғаттағы көркемдікті, әсемдікті өте нәзік сезініп шебер бейнелеу жағынан Абай поэзиясында ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясындағы үздік туындылар – “Жазғытұры” (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы), “Жаз” (Жаздықүні шілде болғанда), “Желсіз түңше жарық ай”.

Ақын әр қозғалыс, қимыл-әрекетті көзге елестетерліктей етіп көрсетіп, сол сөзбен мүсіндеп отырған адамына, яки құсқа жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса, қолға ұстатқандай қып бейнелейді. Өлеңнің бұл ерекшеліктері қайнап жатқан шынайы өмірді оқушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеу әдісін, теңдесі жоқ суреткерлік шеберлігін жақсы танытады.

“Желсіз түнде жарық ай” дейтін өлеңінде ақын жазда өзен жағасына көшіп келіп отырған мал баққан ауылдың өмір-тұрмысын шебер сипаттайды. Қазақтың даласы, түні, айы, тауы, өзен суы, жапырағы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасыл шөбі, көшпелі елдің қонған қоныс-жайлауы, баққан малы, түн күзететін сақ малшылары, жастардың пәк, таза сүйіспеншілік сезімі, махаббаты, жастығын, алғашқы махаббатын сарғынып еске алған қазақтың осындай айлы түнде ауыл сыртында, аулақта жолығатын шағын армандауы – осының бәрі бар болғаны 20-ақ жол өлеңнен көңілге нәзік лирикалық сезім ұялатқандай айқын елес береді.

**АБАЙДЫҢ ТІЛ ҰСТАРҒУ, ӨЛЕН ӨРНЕКТЕРІН БАЙЫТУ, ӨНЕГЕСІ.** Абайдың қазақ тілін дамытуға, әдеби тіл, поэзия тілін өрістетіп, жаңа сөз өрнектерімен байытуға сіңірген еңбегі ұлан асыр. Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен құнды.

Әрине, поэзияда әдебиет шығармасында сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ол – алдымен белгілі бір ой-пікірді, сезімді жеткізудегі шеберлік, көркемдік. Зор қоғамдық пікірді, көркемдік қуаты күшті ақындық ой-сезімді барынша жағық, тауып айтылған, қарапайым сөздермен айтып беру поэзияның тандаулы туындыларында үнемі кездеседі және мұның өзі асқан шеберлікпен туады.

Мысалға, Абайдың “Өкінішті көп өмір кеткен өліп” деген өлеңін алсақ, мұндағы “өкінішті өмір” деген сөз тіркесі жеке алғанда, үйреншікті ұғым болып көрінуі ықтимал. Бірақ ол әрдайым дәл осы өлеңтегідей терең мағына бермейді. Ақынның өмірді не себепті өкінішті деп отырғаны, осы сөздің білдіретін терең мағынасы өлеңнің мазмұнынан туады.

...Сенімі жоқ серменде сырды бұзды,

Анық таза көрмейміз досымызды.

Қылы ештеге көңілдің кешуі жоқ,

Жүрегіңде жағалы өкпе сызы.

Дос-асықтың болмайды бетендігі,

Қосылған босастайды жүрек жігі.

Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз –

Жалғандыстан жасалған көңіл жүгі.<sup>33</sup>

Ақын талапсыз, ойсыз өкініш туғызады деп, әр адам алдына зор мақсат қоя білу керектігін өмір аңғартады.

<sup>33</sup> Абай (*Ибраһим*) *Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., А., 1995, 78-б.

Көрмеген көп дүние көл көрінді  
Кірлемеген көңілдің ашығында<sup>33</sup> –

дегендегі “кірлемеген көңіл” деп келетін сипаттаманың да беретін мағынасы осы ой желісіне жалғас. Ол өкініші жоқ, үміті көп жас адамның көңіл-күйін көрсетіп тұр. “Үлгісіз жұрт” дегенде де / Үлгісіз жұртты үйретіп қалдық кейін), ақын оны өлеңдегі ой-пікірге байланыстырып айтып отыр. Қазақ арасында үлгі, дәстүр, әрине, аз емес. Бірақ ақын соның бәрін былай қойып, бүгінгі күннің талабына бірден-бір қажетгі нәрсе деп ғылым, білімге жету жолын аңсап, соған бастайтын қалыптасқан үлгі жоқ деп отыр. Осы өлеңдегі “өкпе сызы”, “жүрек жігі”, “көңіл жүгі” деген сияқты метафоралар да, жастық шақта шексіз бай, мол болып көрінген дүниені көлдей деп, бұзылған достықты жыртылған итмұрындай деп салыстыратын теңеулер де, сөзсіз ұтымды, өте келісті айтылған. Бірақ осылардың қай-қайсысында болсын көркемдік, бейнелілік жеке сөздерді шебер қыйыстырудан ғана тұмайды. Ол сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын арттырып тұрған ойдың тереңдігі, бейнелілік сипаты барлығы. Мұнда қосылған босаспайтын жүрек жігі айнымас достық, ғашықтықтың белгісі ретінде алынған да, ал баянсыз, бағасыз достық пен ғашықтық – жалғандықтан жасалған көңіл жүгі делініп сипатталған. Ойдың өткірлігі сөз қолданудағы тапқырлық, көркемдік шеберлікпен сәтті ұнтасқан. Түгелдей алғанда өлеңнің тілі, сөз кестесі мейлінше табиғи, қарапайым және сонымен бірге айрықша тартымды, әсерлі болып келеді.

Абай поэзиясындағы адамның сезім дүниесінің орасан зор байлығы, сезімнің нәзіктігі мен өткірлігі, оқушыны баурап алатын керемет күші – осының бәрі ақынның тіл кестесіне, сөз қолдануына бөлекше сипат дарытқанын көреміз. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүшілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Мысалы, Абай поэзиясында жүрек, көңіл секілді ұғымдарға берілген тың анықтамалар мол екені зерттеушілер назарын айрықша аударып келді. Осының дұрыстығын мына мысалдардан айқын көруге болады: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ынталы жүрек, мұз жүрек, асыл жүрек, ет жүрек, жас жүрек, ызалы жүрек, шошыған жүрек, ит жүрек, шын жүрек, сұм жүрек, ақ жүрек, гәділетті жүрек, өртенген жүрек, өрбіген жүрек, үрпейген жүрек, қапаланған жүрек, айнымас жүрек, жаралы болған жүрек, сөніп қалған жүрек, сезімпаз көңіл, ер көңіл, жаралы көңіл, күңгірт көңіл, есер көңіл, қам көңіл,

шын көңіл, қара көңіл, сынық көңіл, ақ көңіл кірмеленген көңіл. Осылардың көбін ақын өзі туралы өз көңіл-күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан.

Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі деген секілді метафораларды қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың басым көпшілігі – Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер.

Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне – метафора арқылы сипатталады:

Жүрегім менің қырық жамау,  
Қиянатшыл дүниеден<sup>34</sup>.

Осындағы жүлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлініп, парша-парша болып, бөлшектенген жүрек бейнесі адамның бүкіл жан жүйесін тебіrentпей ме? Әрине, солай. Және солай болатын себебі ол халық мұның мұндаған ақынның өкініш-арманын, қастандық-өшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын – осының бәрін асқан көркемдік шеберліктен жеткізіп тұр.

Арманы жүзеге аспай, сенімі ақталмай келе жатқанын айтқанда Абай жапырағы қуарған ескі үмітпен жүріпін дейді. Елден қалайда ынтымақ, бірлік, әділдік табармын деп үміт еткен, енді күдерін әбден үзгендей болған ақынның сезім-күйін осы сипаттама дәл көрсетеді. Үмітті жапырағы қуарған деуі бір түрлі әсерлі, тартымды.

Абай қазақ поэзиясының өлең жүйесін өркендетіп дамытуға орасан зор үлес қосты. Ақынның бұл саладағы еңбегі, өнегесі өзі жаңаша өрнектелген өлшем, шумақ ұйқас түрлерімен ғана шектелмейді. Бұрыннан белгілі жеті-сегіз буынды жыр мен шумақты өлең түрлерін, он бір буынды өлең өлшемін поэзиялық шығармаларында асқан шеберліктен қолданып, оларды жазбаша поэзияда орнықтыруы да Абайдың қазақ өлең жүйесін өркендетуге қосқан үлесі. Жыр өлшемін Абай жазба поэзияда, лирикада қаншалықты шебер қолданғанын “Жаз” (Жаздықүні шілде болғанда), “Келдік талай жерге енді” сияқты өлеңдерінен анық байқаймыз. Ал “Татьяна сөзі” (“Тәңірі қосқан жар едің сен”) секілді өлеңдерінде қолданылатын жеті-сегіз буынды өлшемнің сегіз буынды тармағы төрт буынды бұнақтардан құралатын нұсқасын немесе “Көзімнің қарасы” секілді өлеңдегі алты буынды өлшемді алсақ, бұлардан Абайдың қазақ поэзиясында бұрыннан бар үлгіні өзінше ширатып, көп шумақты лирикалық өлеңде

<sup>34</sup> Сонда, 86-б.

қолдана білгенін айқын көре аламыз.

Сонымен Абай поэзиясындағы өлең өлшемдері, шумақ өрнектері, ұйқас түрлері жайлы сөз қозғалғанда, алдымен ескеретін жай – ұлы ақын бұрыннан белгілі, көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде өңдеп, түрлендіріп пайдалану жағынан да аса зор өнегелі іс атқарды.

Ал Абайдың қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлшемдерін, шумақтың өрнектерін айтсақ, олар жаңашылдық сипаты, қазақ өлең құрылысын жетілдіру, өрістетудегі мән-мағынасы жағынан айрықша. Ал Абай тыңнан кірпізген өлшемдерінің айрықша бір өзгешелігі – көлемі әр түрлі тармақтары шебер қоюласып келетіндігі. Бұл қазақ поэзиясындағы буын санының тұрақтылығына негізделетін маңызды қажет-сіпат әкеліп қосты, өлең өлшемдерінің жасалу тәсілін толықтырып байытта түсті.

Қазақ поэзиясында Абай тыңнан қосқан өлшем өрнектердің басты-бастыларын ғана атасақ олар – “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің”, “Қор болды жаным”, “Сырмақ қып астына”, “Бай сейілді” өлеңдерінде қолданылған.

“Сегіз аяқ” өлеңінің өлшемі қазақ поэзиясындағы ең бір кең тынысты, келісті жасалған өлең өрнегі.

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған,  
Қиуадан шауып,  
Қысының тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл<sup>35</sup>.

Мұндағы ұзын тармақтар – көлімгі жыр өлшеміндегі жеті, сегіз буынды тармақтар. Жеті буынды тармақтың ырғақтық өрнегі 4 буын + 3 буын болып келсе, сегіз буынды тармақтың өрнегі 3 буын + 2 буын + 3 буын. Ал қысқа буынды тармақтың бұнақтық өрнегі де 3 буын + 2 буын, яғни, Абай жаңа өлшемді қазақ поэзиясындағы қалыптасқан ырғақ өрнектерін өзінше қиыстырып шығарған.

Абай өлеңдеріндегі фольклорлық жанрлар мен поэтикалық көріністер. Күллі адамзат мәдениетіне, әлемдік әдебиетке айтарлықтай үлес қосқан, абайтану ғылымының негізін салған, ұлттымыздың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезов өзінің Абай туралы монографиясында “дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиыл, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті»<sup>36</sup>, – деп жазған еді.

Мұқанның, осы ойы, екіншіше қарай, қазақ әдебиеті туралы ғылымда, абайтандау арнайы зерттелмей қалды, жан-жақты қарастырылмады, ары қарай жалғасын таппады.

Абай шығармашылығын зерттеген оқымыстылар мен әдебиет тарихшылары бұл мәселеге қатысты тек жалпылама түрде айтып, нақты талдау жасамай келеді. Мысалы, Абай поэмаларын алайық. Олардың сюжеттік түп төркінін, негізін айқындау ісі де сол Мұқан кезінен алға жылжыған жоқ. Көп жағдайда осыдан жарты ғасыр бұрын айтылған ой-пікірлерді қайталау орын алып жүр. Ол замандағы жағдай мен ғылымның деңгейі басқа болды. Қазіргі шақта Абайдың халық мәдениетіне, философиясына, этнографиясына қатысы, оның ұлттық фольклорымыз бен Шығыс сюжеттерін пайдалануы жайында зерттеу жүргізу мүмкіндігі туып отыр. Ғылымда тоқтау болмайды, ізденістер үнемі жүріп жатады. Осы процесте алуан түрлі ойлар айтылуы мүмкін, олардың арасында қате айтылғандары да болуы ықтимал. Соңғы уақытта Абайды жеке бір ақынның шөкірті, бір аймақтың ғана ақындық мектебінен нәр алған деген сөздер де айтылып жүр. Бұл пікірдің теріс екенін айтпасқа болмайды. Абай бүкіл қазақ фольклорын, өзіне дейінгі ақын-жыраулар поэзиясын толық меңгерген, қорытқан, сөйтіп қазақ әдебиетін жаңа сапала көтерген, сондықтан оны бір ақынға ғана тегіп қою жөн емес. Бұл – мәселенің бір ғана жағы. Сонымен қатар, Абай тек ұлт фольклорын емес, күллі әлем, әсіресе, шығыс халықтары фольклоры мен классикалық әдебиетін де игерген, әрі оны өз шығармашылығына пайдаланған. Ол Еуропа мен Ресей халықтарының мәдениетін, әдебиетін, ғылымын меңгергенмен, олардың сюжеттерін өз шығармаларына арқау етпеген, тек қара сөзінде кейбіреулерін мысалға келтіріп, ара-арасында талдап отырған. Неге? Мұның басты себебі – қазақ пен шығыс елдерінің ежелден жақындығы, рухани туыстығы, тұрмыс ұқсастығы, Олардың фольклорындағы ежелден келе жатқан ортақ сюжеттер мен дастандарды, қиссалар мен жырларды, ертегілерді Абай өз өлеңдері мен поэмаларына негіз етіп алған. Ал орыс пен Еуропа елдерінің тұрмысы мен мәдениеті қазақ жұртына жат еді, олардың әдебиеті де түсініксіз болатын. Осыны ескерген Абай орыс әдебиетін аударғанымен, сюжеттерін пайдаланбаған. Оның бұл бағыттағы мақсаты: өзгеріп жатқан өмірге лайық жаңа ой, соны идея іздеу, сөйтіп қоғамдық ой-пікірді байыту, оны дамыту

<sup>36</sup> М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 208-б.

және өзгеше өлең өрнектерін табу, қазақ әдбиетіне тың тақырып енгізу, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу, т.т. болатын. Ұлы ақын бұл мақсатына жетті.

Ол қазақ өміріне, оның рухани дүниесіне сын көзбен қарап, олардың заман ағымына сай емес екенін анықтады, жаңа ізгіліктерге ұмтылу қажеттігін айтып, оларды халыққа айқындап берді. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың шығармашылығы, ой-пікірлері ренессанстық сипатта болды, ол Адамды, оның рухани азаттығын, білімділігін барлық мәселелен биік қойды, қоғамдағы адам рөліне айрықша мән берді. Сөйтіп, толымды адам туралы өз концепциясын ұсынды, өмірдегі барлық проблеманың кілті Адам деп тапты, яғни гуманистік пайымды өз философиясының негізі етіп алды. Әдебиетті де осы тұрғыдан бағалады, оны бұрынғы жыраулардан келе жатқан мемлекеттік қызметтен азат етіп, адамның ішкі дүниесіне, тіршілік-түсінігіне, көңіл-күйіне бұрды, оның бейнелік әрі көркемдік сапасына ерекше мән беріп, әдебиеттің эстетикалық мән-маңызын арттырды. Осы шартты данышпан ақынның фольклорға деген көзқарасынан да, оны пайдалану принципінен де көруге болады. Фольклорлық материалды көркемдеп баяндағанда да, саралап талдағанда да темірқазық етіп ұстаған басты идеясы – Адам болды. Ал Адамды жетілдіретін бірден-бір нәрсе ғылым мен еңбек деп, кемеңгер ақын өзінің гуманистік, ағартушылық және демократиялық дүниетанымын жария етті.

Абайдың фольклорлық дүниесмен танысуы өте ерте басталып, ақын оны барынша терең игерген. Мұның мәнісі – біріншіден, ақынның қазақ ертегі-аңыздарын, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын, өлең-жырларын бала кезден естіп, бойына сіңіріп өскендігінде, өмір бойы фольклорлық дәстүр ортасында болғандығында. Екіншіден, сол кезде әр түрлі мақсат, себептермен жарық көрген фольклорлық жинақтарда жарияланған ауыз әдебиеті үлгілерін оқыды, оларға айтарлықтай көңіл аударып отырды. Үшіншіден, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған шығыс әдебиеті классиктерінің шығармалары мен алуан түрлі қисса-хикаяттарға, дастандар мен тәмсіл-мысалдарға ден қойды. Олардың дені фольклорлық екені аян. Төртіншіден, орыс тілінде жарияланған орыс және Еуропа халықтарының классикалық әдебиетімен қатар, олардың фольклорлық үлгілерімен де жақсы таныс болды, тіпті олардың кейбіреулерін қазақшаға аударды. Бесіншіден, Абай өз бетінше орысша білім алып, ғылымның пайдалы екенін түсінгендігінің арқасында ел ішінен қол-өнер бұйымдарын жинастырып, Семей музейіне тапсырып отырды, маңайындағы ақын-жыршыларға халық арасына кең тараған жырларды қайта жырлауды, оларды хатқа түсіруді жүктеп, міндеттеп жүрді. Міне, осының бәрі ұлы ақынның фольклорға

деген көзқарасын қалыптастырғаны күмәнсіз және оның фольклористік еңбегін мінездейтіні де даусыз.

Абайдың фольклорға, ауыз әдебиетіне қатынасы бірнеше тараптан байқалады. Ең біріншісі – қазақтың төл халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін асқан шеберлікпен пайдалануы. Екіншісі – қазақтан басқа елдің де фольклорлық сюжетін өз шығармаларына арқау етуі, үшіншісі – қазақ халқының кейбір мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашуы.

Абайдың ұлы ақын болуы алдымен оның туа біткен дарынына байланысты болса, содан соң өскен ортасына, бала кезден алған тәрбиесі мен оқып-тоқығанына байланысты. Бұл ретте, ол көпті көрген дана әжесі Зере мен ақындық, өнерпаздық дарыған шешесі Үлжанның кестелі сөздерін құлағына құйып, шаршы топта жаңылмай сөйлейтін әкесі Құнанбай мен басқа да ру басылардың билік сөздеріне ден қойып өсті. Соның нәтижесінде Абай он жасынан бастап өлең шығарды, әзіл-оспаққа, қолма-қол өлең шығаруға төселді. Демек, медресеге дейін-ақ Абай халық тілі мен ауыз әдебиетін меңгеріп алған деуге болады, бірақ, әрине, ол бүкіл фольклорды әлі толық игеріп үлгермеген еді: алда қазақтың төл әдебиетімен бірге шығыс поэзиясы, орыс және Еуропа мәдениеті бар болатын. Сонымен ауылда еркін өсіп, халық поэзиясынан мол сусындаған Абай он екі жасында қала медресесіне түсіп, мұсылман дінінің қағидаларымен қатар, жырақ елдердің көркем дүниесіне енеді, философияға толы ғақлия, дидактика әлемін шарлайды.

Аса дарынды болған Абайға медресенің оқу бағдарламасын меңгеру еш қиындыққа соқпайды. Оқылатын дәріс, ислам кітаптары мен хикаяттары оның көп уақытын да алмайды. “Сондықтан, барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитындары — шығыс ақындары. Одан соң — араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары”<sup>37</sup>.

Аз да болса қалада оқуы жас Абайдың ерте есеюіне, көп нәрсені көңіліне туюіне, дүние-танымын кеңейтуге зор әсер етеді. Ауылға ол балалықпен қоштасып қайтады.

Ұлы ақынның тұңғыш биографы Кәкітай Ысқақұлының сөзімен айтсақ: “Жиырма жасында Абай халық ортасында мандай басы шешен болады. Халық жайынан бұрынғы әдетті, гүршіпты, ескі білікті билердің қиын іс туралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң, көрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін

<sup>37</sup> М. Әезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 29-б.

ұмытпай біліп алған”<sup>38</sup>.

Міне, осындай мольнан меңгерілген рухани мұра Абайдың болашақ туындыларында, бүкіл шығармашылығында көрініс ташай қалған жоқ. Осы тұста бірінші кезекте айтылатын нәрсе – халық тілі, оның лексикалық байлығы, алуан түрлі идиомалық тіркестер, бір қалыпқа түскен, дәстүрге айналған формулалар мен нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер. Бұл, әсіресе, ақынның алғашқы өлеңдерінде көбірек кездеседі. Мысалы, жырау толғауларының үлгісінде жазылған “Сап, сап, көңілім, сап көңілім” өлеңінде “не күн туды басыңа”, “сабыр түбі – сары алтын”, “ауруда емес, сауда емес”, “ағын судай екпіндеп”, “қатыны мен қалашын”, “қарсақ жортпас қара адыр” деген тіркестер халықтың ежелден келе жатқан образдық сөздері, фольклор үлгілері мен жыраулардың, ақындардың шығармаларында ескі заманнан қолданылып келген сөйлемдер. Сондай-ақ мына тұрақты тіркестер мен нақыл сөздерді де көрсетуге болады: “аузымен орақ орған”, “талапты ерге нұр жауар”, “мал-жан аман ба?”, “аума-төкпе заман”, “қайта келер есікті қатты серіппе”, “айдаһардай ысқырып”, “алты бақан ала ауыз”, “садаға кеткір”, т.б.

Шынын айту керек, мұндай қалыпқа түсіп, ел арасында жағтанды болған сөздер мен тіркестер Абай поэзиясында өте аз. Рас, Абайдың кейбір шығармаларында ауыз әдебиетіне, әсіресе, жыраулық поэзияға тән формулалық және біреуге қарата сөз айту кездеседі, адамды фольклор (кейде дастан) үлгісінде сипаттау және халық поэзиясының басқа да әдістері ұшырасады. Айталық, “Қақтаған ақ күмістей кең мандайлыда” халық әдебиетінде ежелден қолданылып келген адамның пішінін суреттеу тәсілін көруге болады:

Жіңшке қара қасы сызып қойған,

Бір жаңа ұқсағамын туған айды.

Мандайдан тура түскен қырлы мұрын,

Ақша жүз, алқсызыл бст, тіл байлайды.

Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,

Екі алма кеудесінде қисаймайды.

Нәзік бел-тал пыбықтай бұрандайды.

Қолаң қара шашы бар жібек талды.

Кісіні осылайша кейіптеу мен мінездеу тәсілі Абайдың “Білектей арқасында өрген бұрым”, “Көзімнің қарасы”, “Оспанға” өлеңдерінде де байқалады. Әрине, данышпан Абай мұнда

<sup>38</sup> К.Құнанбаев. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі. Кітапта: М.Мырзахметов. Абай жүрген ізбенен. А., 1985, 132-б.

Фольклорлық тәсілге еліктемейді, керісінше, оны барынша жанды, сөзді, мәнді етіп пайдаланады, соның арқасында халық поэзиясындағы “ай десе аузы бар, күн десе көзі бар” немесе “Бұқар барсаң қолаң бар, қолаң көр де — шашым көр, наурызда жауған қарды көр, қарды көр де — етім көр, қарға тамған қанды көр, қанды көр де — бетім көр” сияқты жалпылама суреттерді нақтылап, жалпы сұлу қыздың емес, бір ғана қыздың портретін жасайды, сәл сұлу да ғана бар белгілерді сипаттайды. Осы ретте оның өз бойына ана сүтімен енген елге белгілі сөздер мен тіркестерді, образдар мен түсініктерді пайдалануы еш таңданарлық нәрсе емес екенін айту керек.

Абайдың ұлттық фольклормен байланысы тек тіл материалынан ғана емес, әр сипатта көрінеді. Мәселен, ол халық өлеңінің 11 буындық, 7-8 буындық үлгілерін кең қолданған, халық поэзиясына тән ұйқастың түрлерін де пайдаланған. Сонымен қатар, Абай шығармашылығынан фольклорлық жанрларды (арнау, толғау, жоқтау, жұбату, мақал), тақырыпты (бақытсыз ғашықтар, жастық пен кәрілік, жақсы адам — жаман адам, жақсы әйел — жаман әйел), сюжет пен көркемдеу құралдарын да кездестіруге болады. “Сондай қызғылықты өрнектің бірі ұлы ақынның өлеңдеріндегі кездесетін ырғақ, дыбыс қуалау — аллитерация, ассонанстардан да аңғарылады. Ертедегі түркі тілдес өлеңдерде мұндай құбылыс кездесетін”<sup>39</sup>, — деп Р.Бердібаев өте орынды айта-ды. Сол тәсіл Абай туындыларында да дәстүр жалғастығы ретінде көрінеді:

Самородный сары алтын  
Саудасыз берсең алмайды  
Саудыраған жезіне.  
Саудырсыз сары қамқаны  
Саудаға кеткір сұрайды  
Самарқанның бөзіне.

Немесе:

Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай,  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түнілмей,

<sup>39</sup> Р.Бердібаев. Абай және ауыз әдебиеті. Қаптама: Абай тағлымы. А., 1986, 242-б.

Жағалай жайлау дәулетің  
Жасыл шөбі қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің,  
Жайдақ тартып суалмай,  
Жайдары жүзің жабылмай,  
Жайдақтап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсің, япырмай!

Бұл өлең жолдарының басқы сөздерінің бір дыбыстан басталуы ежелгі поэзиядан келе жатқан дәстүр. Ол халық өлеңдерінде де, жыраулар толғауларында да, Абайдың өзімен замандас ақындар поэзиясында да мол. Абай бұл жерде аллитерацияны өлеңдегі идея мен тақырыпқа, өлеңнің сипаты мен мазмұнына қатысты етіп алып отыр. Мысалға келтірілген алғашқы өлеңде әңгіме сөзді түсінбейтін кісілер жайында және сөз негізгі объект болғандықтан әр жол “с” дыбысынан басталып отыр. Екінші шумақ — сүйікті інісі Оспанға арналған жоқтау, жылау. Осы мағынаға сәйкес әр тармақ “ж” дыбысымен басталып, “жоқтау”, “жылау” сөздерімен үндес естіледі.

Ақын шығармаларында ежелден қанықты, орнықты, формулалы тіркестер де орын алған. Бұл, әсіресе, Абайдың қамыққан тұста шығарған өлеңдері мен Әбдірахманға, Оспанға арнаған жоқтауларында байқалады. Мысалы:

Патша құдай, сыйындым,  
Тура баста өзіңе.  
Жау жағадан алғанда,  
Жан көрінбес көзіме.

Немесе:

Я, құдай, бере көр,  
Тілеген тілекті,  
Қорқытпай орнықтыр  
Шошынған жүректі.

Абай інісі мен баласына шығарған жоқтауларында ежелден келе жатқан дәстүрді бұзбай, фольклорлық жоқтаудың заңдылықтарын сақтаған. Әсіресе, оның Оспанға шығарған үш жоқтауының — екеуі, Әбдірахманға арнаған сегіз жоқтауының — төртеуі фольклор поэтикасына негізделіп жазылған. Мысалы, “Әбдірахман өлгенде” деген жоқтаулары әдеттегі халық поэзиясындағы жоқтауға ұқсас: алдымен марқұмның арғы атасы жайлы, онан соң өзі туралы баяндай келіп, аяғында дәстүр бойынша жұбату сөзін де айтады:



Абай қазақ өміріне байланысты сюжеттерді өз шығармаларына арқау етпеген деген ұғым тұмауы керек.

Абай поэмаларында фольклорлық сюжеттердің пайдаланылуы. Абай Құнанбаев өз туындысында қазақ фольклорында ертеден жырланып келген жорық пен ғашықтық тақырыбына қатысты екі сюжетті пайдаланған. Оның бірі – жас жігіт қосылғалы тұрған қалыңдығын ауылда қалдырып, өзі жорыққа кетеді. Жаудан өледі. Ауылда күтіп отырған қыз сүйікті жігітінің опат болғанын естіп, өмірмен қоштасады.

Екінші сюжет: қартайған хан күші мен билігін пайдаланып, бір сұлу қызды сарайына алдырады. Соны алмақ. Бірақ қыз көрі шалға тиісі келмей, жартастан суға құлап өледі.

Бұл екі сюжет те – дәстүрлі, ауыз әдебиетінде кең етек алған. Алайда, Абай екеуін де өзінше баяндаған. Алғашқы сюжет бұрын көбінесе қаһармандық эпоста жырланып, батырдың орасан ерлігі мен әйелінің (немесе қалыңдығының) ақылдылығын дәріптейтін. Ал ұлы ақын бұл сюжетті мүлде басқаша, жаңа сипатта баяндаған. Ең алдымен, ол дәстүрлі сюжетті қаһармандық сипаттан арылтып, идеализациялық, фольклорлық сарыннан тазартқан да, өмір, тұрмыс шындығына сәйкестендірген. Абай шығармасында эпикалық пафос пен шайқас фоны көрінбейді, керісінше, оқиға барынша реалистік тұрғыда көрсетіледі. Бұрынғы эпоста орын алып келген көтеріңкі көңілді күй қайғыға, трагедияға ауысады. Соның нәтижесінде Абай шығармасы жаңа жанр, дәлрек айтқанда – баллада болып шыққан. Мұнда баллада жанрына тән негізгі белгілер түгелдей бар десе де болады: драмаланған мазмұн, оқиға – белгілі бір тарихи фактімен байланысты емес, халықтың күнделікті өмірінде жиі кездесетін құбылыс, әлеуметтік маңызды ойдың бір отбасы немесе жеке адам тарапы арқылы берілуі, әңгіме желісінің күрт үзілуі, автор позициясының айтылуы, т.б. Не бары он шумақтан тұратын өлеңнің сегізінде ғана баяндалған сол кез үшін аса мәнді, актуальды идеяны ұстап тұрған сюжет егер бұрын эпоста ұзақ, көлемді жыр ретінде жырланса, бұл өлеңде өте тұжырымды баяндалып, оқиға күрт тоқталады да, түгел айтылып шығады. Сол сегіз шумақтың ішінде бесеуі айрықша – адамдардың бүкіл іс-әрекеті, тағдыры сонда. Міне, сол бес шумақ:

Қозғалы жау батыр ерді  
Жауға сойқан салғалы.  
Қалыңдығы қала берді.  
Жатыр еді алғалы.

Қалыңдық, күшіп сүюге,  
Күйеуіне ынтызар.  
Келісімен тигеле  
Әттең, оғалтқан тойға бар.

Олар да тірі қалған жоқ,  
Тірлік арты өлмек-ті.  
Оны да алды бұл өлім,  
Сабырлық қылсақ керек-ті.

Фольклорлық жоқтаудың сипаты, әсіресе, “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтауда” айқын сезіледі:

Ата тегі мұндағы –  
Орта жүздің ұлығы.  
Ана тегі ондағы –  
Өзен судың тұнығы.  
Екі асылдан қосылғаш  
Сом алтынның сынығы.  
Өлгенше естен қалмайды  
Өзгеше біткен қылығы.  
Қызыл балақ қыранның  
Балапанын дерг алды.  
Жеміс ағаш бөйтсерек  
Балдырғанын өрт алды.  
Артына белгі тастамай,  
Жал-құйрығын кетсе алды.  
Ағайынды тойғызбай,  
Аз күн қоймай, ерте алды...

Абайдың айтқы түрінде жазған өлеңдері де бар. Оның “Жігіт сөзі” мен “Қыз сөзі” – осындай шығармалар. “Бұл өлеңдерде, – деп жазады Мұхтар Әуезов, – ішкі сырларын сәлем хатпен, делдал арқылы айтысып отырған жастар көрінеді... Бұл өлеңдердегі асықтар – қазақтың анық Абай тұсындағы ауыл жастары. Солардың ішінде құда мен құдаша, бозбала мен бикеш сәлемдемесі. Екеуі де жалын жеңістерін анық-ақ ынтық-ынтық сезіммен айтпақ болады. Сол көңіл талаптарына арналған нелер шебер теңеулерді ақын табады және талқанда қазақ халқының өз тірлігіндегі, өз табиғатындағы болмыстан, натурадан мысалдар алады”<sup>40</sup>.

Осы орайда арнайы айтатын нәрсе – Мұхтар Әуезовтың бұл өлеңдерде дәстүр белгісінің болуын қазақ болмысымен байланысты деп түсіндіруі. Жазушы-ғалымның бұл пікірі, біздің ойымызша, кеңірек мағынаға ие. Мұнда байқалатыны – ұлы Абай фольклорлық поэтикаға көп жағдайда қазақтың өз топырағына байланысты жайттарды айтқанда көңіл бөледі, ал жалпы адамзаттық немесе өзге жұрттардың өміріне қатысты мәселені сөз қылғанда, фольклорлық сюжетті ғана пайдаланады да, поэтика саласында өзіндік, соны, тың жолмен кетеді. Бірақ, бұдан

лирикалық сырласу. сюжет қақтығысының күтпеген жерден шешім табуы, т.б.

Атап айтуға тұратын нәрсе сол – біріншіден, Абай осы екі шығармасы арқылы қазақ әдебиетінде баллада жанрын туғызды, екіншіден, екі балладасын да дәстүрлі сюжетке негіздегенімен, оны жаңаша, өзінің, гуманистік позициясынан баяндап, оқиғаға, кейіпкердің іс-қимылына деген көзқарасын ашық айтты. Мұнда да ұлы ақынның гуманистік және демократтық дүниетанымы, көзқарасы бой көрсетеді.

Жалпы, Абай шығармашылығына көз жүгіртсек, оның өмірге деген көзқарасы қалай өзгеріп отырса, поэзияға, қазақ әдебиетіне, бүкіл шығыс мәдениетіне деген көзқарасы да солай өзгеріске ұшырап отырғанын байқауға болады. Айталық, ол жас шағында шығыс классикасы мен қазақ халық әдебиетіне, жырау мен ақындар поэзиясына үйір болып, соларға еліктесе, есейген түста, керісінше, “ескі билерше бос мақалдағысы” келмейді, шығыс поэзиясынан да алшақтайды, тіпті жалпы фольклор мен орта ғасыр әдебиетіне тән стереотиптіліктен және эпосқа хас дәріптеу мен әсірелеуден қашады. “Ол кездегі Абай арашшыламақ, фарсыламақты теріс нәрсе деп түсінген”<sup>41</sup>, — деп жазады М.Әуезов.

Ал 80-жылдардан, яғни кемеліне келген кезден бастап Абай бұл райынан қайтады. Бұл тұста ол Шығыспен қайта табысады, бірақ енді орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетін меңгеріп алып, үлкен білім биігінен Шығыс поэзиясына, әсіресе, фольклорына жаңаша назар салады. Бұл жолы ұлы ақын Шығысқа басқа өреде, басқа мақсатта қарайды. Сөйтіп, ол енді Шығыс пен Батысты ұшғастыра, бірлікте, екеуін бүкіл адамзат цивилизациясының екі тармағы деп түсінеді, бір бүтіннің екі бөлшегі деп пайымдайды. Міне, осы себептен ақын шығыс фольклорының сюжетіне үш поэма жазады (“Ескендір”, “Масфут”, “Әзімнің әңгімесі”). Ол шығыстық сюжетті бөтенсімейді, қазактікі емес деп қорықпайды. Себебі, біріншіден, бұл сюжеттің варианттары қазақ еліне ежелден таныс болған, екіншіден, дәл осы сюжеттерді Абай орыс әдебиетінен де табады. Ал ол сюжеттер орыс әдебиетіне Батыстан келген еді, өйткені XVII ғасырдың аяғынан бастап Батыс Еуропада Шығыс тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, фольклорына зор кеңілі бөлініп, көптеген классикалық туындылар, оның ішінде ұлы Фирдоуси, Низами жаратындылары мен “Мың, бір түн”, “Махабарата”, “Панчатантра” сияқты фольклорлық жинақтар, ондағы жеке шығармалар Еуропа тілдеріне аударыла бастағанды. Олар орыс тілінде де тәржімаланған болатын. Міне, Абай үш поэмасына негіз етіп алған фольклорлық сюжеттер түп негізінде

<sup>41</sup> М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А, 1959, 30-б.

Көйлегін ақтап тіккіштеп,  
Күні-түні дем алмай,  
Бітіруге жүр күштеп,  
Асыққансып, тоқталмай.

Жара басты кеудені,  
Жаудан өлді ар үшін.  
Ескермей өзге дүниені,  
“Аһ” деп етті жар үшін.

Жамандық тұрмас күтгіріп,  
Ел естгі, қыз білді.  
Ақ көйлекті бітіріп,  
Кебінім деп киді, өлді...

Өлеңдегі 1, 6, 9, 10 шумақтар автордың кейіпкерлерге, олардың тағдырына деген өз пікірін, қатынасын білдіреді. Осы шығармада сюжет дәстүрлі болғанмен, фольклорда кездеспейтін адам характері, психологиясы көрсетілген, қайталанбас сипаттағы мінсездер бейнеленген.

Жоғарыда айтылған екінші сюжет ақынның атақты “Бір сүю қыз...” өлеңінде баяндалады. Бұл шығарма да баллада үлгісінде жазылған.

Бір сүю қыз тұрыпты хан қолында,  
Хан да жанын қиялды қыз жолында.  
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,  
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: “Бұқа-бұға, азбан-дұға”,  
Хан қарық бол, түсіп жүр айғай-шұға,  
Етімді ипал сипаған күрт жесін деп,  
Жартастан қыз құлапты терең суға...

Міне, бүкіл сюжет, қайғылы оқиға екі-ақ шумақта айтылған, мазмұны драмаланған. Сайып келгенде, бұл сюжет те ежелден халық әдебиетінде бар, онда ұзын-сонар немесе “Халбибі” “Қозы-Көрпеш – Баян Сұлуды”, “Қыз Жібекті” немесе “Халбибі” тәрізді эпсананы атауға болады. Бұлардың бәріндегі коллизия – біреу: жас қыз бен сүймейтін ер адамның арасындағы қайшылық, тақырыптың идеясы да біреу; махаббат еркіндігі үшін күрес. Алайда, дәстүрлі ғашықтық жырларда немесе аңыздауларда бұл идея өте көлемді, кең планда, эпикалық масштабта жырланса, бұл өлеңде де баллада

Сондай шаштаразшылардың ішінен біреу тірі қалады. Күндердің бір күнінде әлгі шаштаразшы құпиясын жасыра алмай, құдыққа барып: “Ескендірдің мүйізі бар!” – деп айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады да, желмен шайқалып, ән салады. Сөйтсе, қамыстан шыққан дыбыс: “Ескендірдің мүйізі бар!” – деген сөз болады да, елге тарап кетеді<sup>43</sup>. Әрине, фольклор болғандықтан бұл сюжет әр нұсқада айтылған. Мысалы, Ескендірдің мүйізі кейде есек құлағы болып келеді, немесе оның мүйізін жария етуші қамыстан жасалған сыбызғы деп айтылады, я болмаса, оның мүйізі қасиетті болған деп те баяндалады.

Екінші сюжет бойынша, Ескендір өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, Зұлматқа өлмес суды іздей келеді. Бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, соңынан Ескендір келіп жеткенде әлгі су ғайып болып кетеді (немесе қарғалар ішіп қояды, кейде патшаның тамағынан судың өзі жүрмей қалады)<sup>44</sup>.

Абай өз шығармасына бұл сюжеттердің екеуін де алмайды. Оның қалаған сюжеті басқа: Ескендір патша әскерімен жорықта жүріп, жұмаққа тап болады, бірақ оның ішіне кіре алмайды. Жұмақтың күзетшісі оған адамның бас сүйегін сыйға тартады. Патшаның қасындағы данышпан бұл сыйлықтың мәнісін түсіндіреді<sup>45</sup>.

Алғашқы сюжеттің қазақ жеріне Низамидің “Ескендірнамасынан”, ал екінші сюжеттің Рабғузидің “Қисас-ул-әнбиясынан” тарағаны белгілі, ал “үшінші сюжеттің түп-төркіні қайда?” деген сауалға Низамидің дастанын атап жүрдік. Алайда, олай емес. Кейінгі жылдарда табылған материал мен зерттеулерге қарағанда, бұл сюжет кене заманғы Талмудта бар болып шықты. Талмудқа бұл сюжет өте ерте уақытта Таяу және Орта Шығыс жұртында тәмсіл-мисал түрінде айтылып жүрген шақта енген. Талмудтан кене дәуір мен орта ғасырлардың авторлары оны өз шығармаларында пайдаланған. Мысалы, антика мезгілінің

<sup>43</sup> Қарашығыз: Восточное обозрение, 1895, №6; Дала уалаятының газеті, 1895, №5; Г.Н.Потанин. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Пг., 1917; Известия общества истории, археологии и этнографии. – Казань, 1905, т. 21, вып. 4.

<sup>44</sup> Дала уалаятының газеті, 1895, №5, 1900, №11, 12; Ы.Алтынсарұлы. Өлеңдер жинағы А., 1935; Известия общества истории, археологии и этнографии. – Казань, 1905, т. 21, вып. 4; Қазақстан мектебі, 1968, №2; Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, 118-бума.

<sup>45</sup> Қарашығыз: Дала уалаятының газеті, 1895, №3; А.Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А., 1977, 1-т.; Қазақстан мектебі, 1968, №2.

Шығыстан екені осыдан да көрінеді. Олай болса, Абайдың Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне келген шығыстық сюжеттерді жатсынбай, қазаққа белгілі, тұма дүниелер деп табуы – өте заңды. Сондықтан да ол бұл сюжеттерді өз шығармашылығына, өзінің идеялық-эстетикалық, демократтық және гуманистік ойларын айтуға пайдаланған. Осы орайда Мұхтар Әуезовтің мына сөзін еске алуға болады. Ұлы ақын шығармашылығының үш қайнар көзі, үш қазынасы жайлы айта келіп, ол былай деп жазады: “Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құр ғана үйренуші, еліктеуші боп қалған жоқ. Қайдан алын, нені алсын – баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді...”

Сондайлық басқаша тың жаңалықты Абай шығыс әдебиетінің қорына қол артқан кезде де мол тауып отырды. Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындарды: Фирдоуси, Низами, Шейх, Сағди, Хожа Хафиз, Науаи, Физули, Бабурлерді өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығармалары да болған. Кейін Низами, Науаи жырлаған Ескендір жайын, Ариостель жайын батыс әңгімелерден алып қосқан жаңа сарындармен көркейтп, жыр, дастан етеді<sup>46</sup>.

Мұханның бұл сөздерінен шығатын қорытынды – Абай Шығыс сюжетіне негізделген поэмаларын жас кезінде емес, әбден кемеліне келіп, ақындық, ойшылдық қуаты толысқан шақта жазған және өз заманының өте ақтуальды проблемаларымен ұштастырған. Сондай-ақ, Мұхтар Омарханұлы атап көрсеткендей, Абай бұл сюжеттерді поэма етіп жазғанда тек Шығыс емес, сонымен бірге орыс, тіпті аударма арқылы жеткен Батыс әдебиетінен, тарихи және басқа да шығармалардан оқып білген жайттарды орныменен кірістіріп отырған. Бұл жағдайды, әсіресе, “Ескендір” поэмасынан айқын аңғаруға болады.

Ескендір жайында неше түрлі аңыздар, әпсаналар, хикаяттар өте ерте заманда пайда болып, бүкіл Шығыс пен батыс елдеріне жайылып кеткені аян. Солардың негізінде қадым дәуірде, кейін орта ғасырларда және бертіңгі уақытта да сан алуан әдеби, тарихи шығармалар жазылып, атақты қолбасшы-жиһангер барынша дәріптелген болатын. Ол туралы әпсана мен хикаяттар қазақ арасына да кең тараған еді.

Қазақ арасына тараған Ескендір жайындағы шығармалардың сюжеті үш түрлі болатын. Бірінші сюжеті мынадай: Ескендір патшаның басында мүйізі бар. Мүйізі бар екенін ешкімге білдірмеу үшін ол шашын алдырған кісілердің бәрін өлтіріп отырған.

“Александр туралы романында”, XII ғасырда өмір сүрген неміс ақыны Лампрехтің “Александр” атты шығармасында бұл сюжет сәл өзгертілген түрінде орын алған. Жаңа заманда, яғни XIX ғасырда, ағалыш сюжетке Батыс Еуропа әдебиеті қайтадан көңіл бөлген. Мысалы, неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі болған француз Альберт фон Шамиссо (1781-1830) Талмудтың осы сюжеті бойынша “Александр туралы аңыз” деген көлемді өлең жазған және бұл әңгімені Талмудтан алғанын хабарлап, өлеңге “Талмуд бойынша” деп анықтама берген. Мұнда сюжет толық сақталған, бірақ біршама кеңейтілген әрі өлеңнің басында автор өзінің ескі мұраға, және аңыздар мен әңгімеге құмар екенін айтқанды. Бұл түсінікті, өйткені Шамиссо ақындық жолды романтик ретінде бастаған. Ал, романтиктер фольклорға, сжелгі заман әдебиеті мен мәдениетіне аса қатты көңіл бөліп, оларды тәржімалаған, дәріптеген, жырлаған, сөйтіп өздерінің идеялық мақсаттарына пайдаланған.

Орыс әдебиетіндегі романтизмнің аса көрнекті өкілі В.А.Жуковский (1783-1852) Шамиссоның осы “Александр туралы аңызын” 1844 жылы еркін аударып, “Московитянин” журналының 1845 жылғы № 1 санында жариялаған. (Кейін бұл шығарма ақынның барлық толық жинақтарына енді). В.А.Жуковский Шамиссо өлеңіндегі сюжетті толық сақтаған, ал Ескендірді суреттеуде сәлаулықтан, оның психологиялық сезімін тереңдетіп көрсеткен, жаулағыш патшаның тойымсыздығын аша түскен.

Сонымен, Ескендірдің жұмаққа барып, қу бас алып қайтқаны туралы Талмудтағы сюжет XIX ғасырда орыс әдебиетінде де жырланғанын көріп отырмыз. Бұл сюжетті Абай да пайдаланған. Қолда бар деректерге карағанда, қазақтың ұлы ақыны Ескендір туралы бұл әңгімені Талмудтан да, В.Жуковскийден де оқыған сияқты. Талмудтың орыс тіліндегі толық аудармалары 1897 және 1902 жылдары жарық көргенін, ал В.Жуковский шығармаларының өткен ғасырда он шақты рет шығып, бүкіл Ресейде тарағанын еске алсақ, Абай оларды оқыған деуге толық негіз бар. Мәселен, В.Жуковский шығармаларының 1849 жылғы бесінші басылымы мен 1885 жылғы сегізінші басылымы бұрынғы Верный кітапханасында болған. Демек, бұл кітаптар, әсіресе, 1885 жылғы басылым Семей қаласында да болуы әбден ықтимал және оны Абайдың оқымауы да мүмкін емес, өйткені ұлы ақынның орыс классиктеріне зор көңіл бөлген кезі – 80 жылдардан кейінгі шақ екені белгілі. Олай болса, өзі сүйіп оқитын Пушкиннің ұстазы Жуковскийді Абайдың білуі – еш таң қаларлық нәрсе емес. Керісінше, білмесе – таңдану керек.

Сөйтіп, Абай “Ескендір” поэмасын жазбас бұрын В.Жуковскийдің

ол Шығыс елдерінде айтатын аңыз-әңгімелерді де, Фирдоуси, Низами поэмаларын да, қазақ арасындағы Зұлқарнайын туралы діни хикаяттарды да жақсы білген. Зерттеушілердің пікірі бойынша Абай “Ескендірді” 1900-1902 жылдары жазған. Бұл тұста қазақ ішінде көптеген фольклорлық, әдеби, діни шығармалар жарық көрген-ді. Ескендір Зұлқарнайын жайында да жарыққа шыққан қисса, хикаят, аңыздар болды. Ол шығармаларда Ескендір пайғамбар ретінде, өте әділ патша бейнесінде көрсетіліп, мейлінше дәріптеле жырланған болатын. (Тіпті Ыбырай Алтынсариннің, өлеңінде де Ескендір Құрандағы мәнде көрсетілген еді). Міне, осыларды оқыған Абай халыққа шын Ескендірдің кім екенін айтып беру ниетімен “Ескендір” поэмасын жазған тәрізді. Ел арасында айтылып жүрген хикаяттар мен жазба шығармалардағы данышпан патша, әулие, пайғамбар, алланың сүйікті адамы, Әжуд-Мохудтерді тоқтатқан Ескендір Зұлқарнайынды әшкерелеу, оның қайда, қай уақытта өмір сүргенін айту, өмірде қандай адам болғанын көрсету, сөйтіп Ескендір есіміне байланысты қате пікірді жоққа шығару Абайдың басты мақсаты болған. Бұл ұлы ақынның өмірге демократтық-гуманистік көзқарасынан, әдебиетке реалистік тұрғыдағы позициясынан туған мұрағ еді. Біздің болжауымызша, Абай бұл ойын жүзеге асыру үшін алдымен өзіне белгілі сюжетті қара сөз түрінде “Дала уалаяты” газетінің бетінде жариялайды. Олай дейтін себебіміз – газетте басылған мәтін мен “Ескендір” поэмасын салыстырғанда, сюжеттік қана емес, сондай-ақ Ескендір патшаға бұрын еш уақытта берілмеген мінездеме, сөздер мен сөз тіркестері, кейіпкерлердің сөздері бірдей екендігі көзге түседі. Айталық, бұрын ешқандай авторда немесе фольклорлық шығармада айтылмайтын Ескендірдің отаны Македония екенін хабарлау және кейіпкерге мінездеме беру газет мәтінінде де, Абай “Ескендірінде” де бірдей. Мысалы, газетте: “Бұрынғы заманда Македонияда Ескендір патша болыпты. Мәртебені бұл жақсы көреді екен, нәм қызғаншақ екен... Соғыс болып, қандар судай ақты... хандардың ханы, патшалардың патшасы... Ескендір қисабсыз көп әскер жинап алып... Ескендір ашуланып, қызметкерін ұрып өлтіруге ойланған еді... жетіп барса, жіңішке таспайдай болып... Патша қақпаны қағып “аш” деп айғай салады... Тым болмаса, менің мұнда келгенімнің белгісі үшін белгі қылып бір нәрсе бер, – дейді... лақтырып жібереді...” сияқты көптеген сөздер мен тіркестер, сөйлемдер кейде сол күйінде, кейде сәл өзгерген түрде Абайдың поэмасында кездеседі. Дәлел үшін Абай мәгінінен бір-екі мысал келтірейік: “Македония шаһары... қызғаншақ адам екен... Дарияның суындай қандар ақты... Ханның ханы, патшаның патшасы деп... Еспсіз әскер ертіп... Қызметкердің бәрін де өлтірмекші... таспайдай бейне... Қақпанды

бер... лақтырып жіберді..." т.б.

Бұл мысалдардың екі тексті бірдей болуы және екі шығармадағы сюжет желісі, оқиға дамуы, кейіпкерлер диалогі, оларға берілген мінездеме, детальдар мен ситуациялардың біркелілігі газеттегі әңгіме мен "Ескендір" поэмасы бір адамның қаламынан шыққандығын көрсетеді. Ендеше, атын айтпай, қолын қоймай Абай өзі кітаптан оқыған Ескендір жайлы әңгімені тарихи фактілермен толықтырып, өзінше баяндап, "Дала уалаяты" газетінің бетінде жариялаған деп айтуға толық негіз бар. Газетке шыққаннан кейін көп ұзамай Абай бұл әңгімені поэмаға айналдырған. Оның басты себебі, біздің ойымызша, Ескендірдің кім болғаны жайындағы шындықты халыққа айту мақсаты болған. Өйткені, жоғарыда айтқандай, Ескендір туралы сол кездегі ел арасындағы хикаяттар мен қиссалар оны мадақтап, пір тұтып, идеал етіп көрсеткен. Сондықтан да Абай поэмасын Ескендірді таныстырудан бастап, бірден оған баға береді.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?  
Македония шаһары оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер кеңілді,  
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды.  
Жасы ерсе жиырма бірге толды.  
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге  
Көз алартып қарады оңды-солды.

Міне, кене Талмұттада, В.Жуковский өлеңінде де жоқ жайттарды Абай өз оқырмандары үшін енгізіп, тарихи Александр Македонский туралы нақты мәлімет береді. Әрине, ұлы ақын "Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?" дегенде, қазақтар оны мүлде білмейді деп отырған жоқ. Халық Ескендірді әділ патша, пайғамбар, хазірет Зұлқарнайын деп білетінін, ал шын Ескендірдің кім екендігінен хабары жоқтығын жақсы түсінген Абай: "Ескендірдің туған жері — Македония шаһары, әкесі — Филипп патша, ол өлген соң Ескендір таққа отырды", — деп тарихи мағлұмат береді де, Ескендірдің өзін "ер көңілді, мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам" деп мінездейді. Содан кейін оны толық сипаттау үшін Ескендірдің жиырма бір жасқа келгенде жасаған бір ісі ретінде кене сюжетте айтылатын оқиғаны пайдаланады.

Сөйтіп, Ескендірдің жорықта жүріп, жұмаққа тап болғаны, оның ішіне кіре алмай, қу бас алып қайтқаны туралы ежелгі тәмсіл XIX ғасырда орыс әдебиеті мен Талмұд арқылы Абай шығармашылығында орын алған. Рас, Талмұтта бұл тәмсіл сюжеті Александр Македонскийдің өміріндегі бір ғана оқиға ретінде айтылып патшаның бұл оқиғалан қандай қорытынды шығарғаны

жайлы сөз болмайды. Ал Жуковскийдің мәліні бойынша, Александр Македонский ештеңеге тоймайтын көз сүйегі хақында ақылғөйдің, сөздерін естіген соң да бөген елдерді жаулауын тоқтатпай, керісінше, "өмір қысқа, бөріне үлгеру керек" деп, дереу Үндістанға аттанады. Елдерді қырып, қандарын судай ағызып, жеңіске жеткен сайын өршелене түседі. Ең соңында: "Тойымсыз шашқышыны бір ұсы топырақ қана тоқтатты", — деп аяқтайды В.Жуковский өз шығармасын.

Абайда керісінше, Ескендір "қолын алып, жұртына қайта көшеді". Оқиға, яғни сюжет осымен аяқталады. Одан әрі қарай Абай нақыл, гибрат айтады. Мұның өзі — 16 жол. Ақынның бұл сөздері оның гақұлияларымен, демократтық және гуманистік идеяларымен ұштасып жатыр.

Ілгеріде айтқан тарихи деректерден басқа Абай бұл сюжетке тағы да өзгеріс енгізген. Ол — Аристотельдің бейнесі. Бұрын Талмұттағы тәмсілде оның орнында патшаның ақылғөйлері жүрсе, Жуковскийде бір данышпан болып көрінеді. Абайдың поэмасында тағы бір кеңіл бөлетін жайт бар. Егер Жуковскийде шөлде жүрген Ескендір қалың қолымен үлкен өзенге тап болса, Талмұтта және Абайда ол кішкентай ғана бұлаққа кез болады. Екінші айтар жағдай — кепкен балық туралы эпизод. Бұл эпизод Жуковскийде жоқ, Ал, Талмұд пен Абайда баяндалады. Мысалы, Талмұтта:

"На обратном пути остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель царь начал обмакивать в воду ручья — и рыба получила удивительный запах".

Абайда:

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ  
Таспайдай бейне арықтан шыққан құлап.  
Түсе сала Ескендір басты қойды,  
Ішсе суы өзгеше, тәтті тым-ақ.  
Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,  
Сол суға балықты алды бір жұдырып.  
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,  
Таң қалды, мұның бәрін суға жорып.

Бұл сәт В.Жуковскийде басқаша:

Через песчаную пустыню шел  
С своею ратью Александр: в страну  
Лесавую за рубежом пустыни,  
Он нес войну. И вдруг пришел к реке  
Широкой он. Измученный путем.

По знойному песку, на тучном бреге  
Реки он рать оставил;  
Он подошел к потоку, наклонился.  
Рукою зачерпнул воды студеной  
И напился; чудно освежила  
Божевственно целительная влага  
Его все члены; в грудь его проникла  
Удвоенная жизнь...

Міне, В.Жуковский шығармасында Талмуд пен Абайда айтылатын кепкен балық пен оның дәмінің, иісінің өзгеруі жоқ. Ендеше, Абай Құнанбаев, Талмудтың мәлімімен жақсы таныс болған. Сонымен бірге Абайдың В.Жуковскийді оқығаны да көрініп тұр. Оған дәлел есебінде мынаны айтуға болады. Талмудта Александрдың шөлге түскені жөнінде, оның өзінің, ескерінің қиналғаны жайында еш сөз болмайды. Ал В.Жуковский шығармасында Александр Македонский қалың қолымен далада, құмды алқапта болып, күтпеген жерден бір өзенге келеді, соның жағасында әскер сусындап, шөлін қандырып, тыныстайды.

Сонымен “Ескендір” поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал-әңгіме болып шықты. Талмудтағы тәмсілдің сюжеті Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға желкен. Абай, Жуковскийдің өлеңін, Талмудтағы тәмсілді. Сондай-ақ Македония мен Александрдың өзіне қатысты тарихи еңбектерді өз тұрғысынан қарап, қазақ қауымының қажетіне сәйкес пайдаланған.

Абайдың поэмасында нақтылық және реалистік сипат басым, сюжет шираған, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздері барынша дараланған. Соның нәтижесінде ежелгі сюжет көне заманғы мифологиялық, діни сарындардан арылған, бұрын құдайға құлшылық ұрғызу үшін пайдаланылған жұмақ мотиві “Ескендір” поэмасында кейіпкердің бүкіл болмысын ашуға және автордың гуманистік ойларын айтуға қызмет етіп тұр. Сөйтіп, Абай Құнанбаев Шығыста — Фирдоуси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста — Лампрехт, Ламберу, Берне, Шатильонский, Шамиссо, Ресейде — Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін жаңа деңгейде, жаңа сипатта көрсетіп, оның тойымсыздығын, шапқыншылықта өткізген өмірін сынады. Ескендірдің ешқандай пайғамбар, идеал патша болмағанын әшкерелейді.

Шығыс фольклоры негізінде жазылған Абайдың келесі поэмасы — “Масғұт”. Абай шығармашылығын зерттеушілер бұл шығарманың алғашқы бөлігі орыс халқының аса көрнекті жазушысы И.С.Тургеневтің “Восточная легенда” атты әңгімесімен үндес екенін және Абай шығармаларын көшіруші Мүрсейіттің 1907 жылы қолжазбасында “Масғұттың” тұсында “Тургеневтен”

И.Тургеневтен, екінші жағынан, Шығыс фольклорынан алған деген пікір айтады. Бұл тұжырымды, әсіресе, З.Ахметов соңғы жылдары анықтаған Бирма халқының “Жаңбыр суын елдің бөрі ішсе, әмірші де шеді” деген ертегісімен салыстыру нәтижесінде өге нанымды етіп дәлелдеді.

Сонымен, біздің жоғарыда айтқанымыздай, Абай есейген шақта Шығыс мәдениетіне қайта оралып, оның кейбір фольклорлық және басқа түрдегі материалдарын әрі пікелей, әрі орыс әдебиеті арқылы алып, өз шығармашылығына өзгерте, жөндөп пайдаланған. Соның әдемі айғағының бірі — “Масғұт” поэмасы.

Енді поэманың сюжетіне тоқталайық. Арун Рашид заманындағы Бағдатта Масғұт деген жігіт тұрады. Бір күні тысқа шықса, бір шалды ұрының тонап жатқанын көреді де, шалды құтқарып жібереді. Әлгі шал Қыдыр болып шығады. Риза болған ол Масғұтты ертесінде даладағы бір тамға апарды да, үш түсті (ақ, қызыл, сары) жемісін көрсетіп, “біреуін же, ақты жесең, елден асқан ақылды, сарыны жесең, жұрттан асқан бай боласың, ал қызылды жесең, әйел біткеннің сүйіктісі боласың”, — дейді. Жігіт қызыл жемісті таңдайды. Жігіттің не себепті бұлай еткенін естіген соң, Қыдыр батасын беріп, кетіп қалады.

Арада көп жыл өтеді. Масғұт халифке үзгір болады. Бір күні оған Қыдыр түсіне кіріп, аян береді. Жеті күн жаңбыр жауады, соның суын ішкен адам жынданады. Сондықтан, ертерек су жиып ал, — дейді. Масғұт халифке айтады. Екеуі суды мол қылып құйып алады. Қыдыр айтқан уақытта жаңбыр басталып, тоқтаусыз жеті күн жауады. Елдің бәрі жауынның суын ішіп, жынды болады, олар халиф пен үзгірді жынды деп, өлтірмекші болады. Қорыққаннан бұл екеуде жынды суды ішіп алады. Халық оларды қабыл алып, құлдық құрады.

Осы сюжет И.Тургеневтің әңгімесінде былай баяндалған: Жапар жас кезінде Бағдаттың бір көшесінде кәрі шалды ұрылардан құтқарып алады. Шал оған риза болып, ертесінде базардың маңындағы бір кішігірім баққа алып барады да, өсіп тұрған араштан үш түсті (ақ, қызыл, сары) алманың біреуін ал дейді. Ақты алсаң, елдің бәрінен ақылды, қызылды алсаң, Ротшильд еврей сияқты бай, ал сарыны алсаң, кәрі әйелдердің сүйіктісі боласың, — дейді. Жапар сары алманы үзіп алады. Сонда шал оған: “Дұрыс істедің, — дейді. — Себебі, сен Сүлеймендей ақылдысың, өзін де кейін байысың. Ал, мына байлығына, яғни кәрі әйелдерге, ешкім қызықпайды”. Содан кейін Жапар шалдан халифтің кәрі анасы қайда тұратынын сұрайды. Шал жолды нұсқайды<sup>46</sup>.

<sup>46</sup> И. С. Тургенев. Восточная легенда. Полное собр. соч. и писем. В. 30-ти томах. Т. 10. М., 1982. с. 138-139.

барады, шал оны қолынан ұстап алып, далада бір бұзылған тамға апарады. Тамның ішінде солқылдаған бір гүл өсіп тұрады, оның басында үш түсті былқылдаған жеміс бар.

Абайдың қазақ түсінігіне сәйкес тағы бір өзгерікпен нәрессі – жемістің түстері, Ол Тургеневтегі кәрі әйелдің символы болып көрінетін сары түсті қызылға ауыстырады.

Әйткені, халық символында қызыл түс қыздарға тән болатын. Әйел туралы түсінікті Абай Тургеневтен мүлде басқаша ұстанып, өзінің пікірін халық ұғымымен ұштастырып айтады. Мәселен, Тургеневтің “Восточная легендасында” Жапар не себепті сары түсті алманы, яғни кәрі әйелдің махаббатын, таңдап алғанын былай түсіндіреді: “Сделаешься слишком умным — пожалуй, жить не захочется, сделаешься богаче всех людей — будут все тебе завидовать, лучше же я сорву и съем третье, сморщенное яблоко”.

Бүрісіп қалған сары алманы жеген соң, Жапар сыйқыршы шалдан халифтің кәрі анасы қайда тұратынын сұрайды. Шал баратын жолды көрсетеді.

Демек, Тургенев шығармасында Жапар сары алманы таңдау арқылы халифтің үзәрі болды деген ой айтылады. Жапардың сары алманы таңдау себебі – халифтің кәрі анасына ұнау еді делінеді. Рас, мүмкін, И.С. Тургенев пайдаланған алғашқы сюжетте бұлай болмаған да шығар, бірақ Тургенев осылай аяқтаған. Оның өзіндік себебі де бар сияқты. Ұлы орыс жазушысының шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша, Тургенев өзінің бұл әңгімесін орыс патшасының сарай өміріндегі нақты бір фактіні әшкерелеп, мазақ ету үшін жазған болу керек. Сондықтан да ол Жапарға кәрі әйелдің символы – сары алманы таңдатады және оның бұл таңдауын сыйқыршы шалға: “Неткен ақылды жігітсің?.. Сенің бұл байлығыңа ешкім де қызықпайтын болады”, – дегізіп, құптаптың қояды”.

Ал Абайда кәрі әйел емес, жалпы әйелдің, символы болып қызыл түс (жеміс) көрсетіледі. Масғұт өзінің қызыл жемісті, яғни әйел затының сүйіспеншілігін қалап алуының себебін Тургеневтің Жапарынан мүлде өзгеше түсіндірді.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,  
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?  
Ұрғашы да жан ғой, досым болса,  
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің – еркек адам болса қасы,  
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?  
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,  
Сонда ұрғашы болмай ма арашапшы?

Міне, Тургеневтің әңгімесі осымен бітеді. Абай мен Тургеневтің мәтіндерін салыстырғанда, сюжет ұқсастығымен қатар, біршама өзгешеліктер барын байқауға болады. Алайда қосымша детальдар енгізілген: егер Тургеневте тек халиф болса, Абай оны Арун Рашид деп, тағы да тарихи нақтылық пен шығыс фольклорында, әсіресе, “Мың бір түнде” дәстүрге айналған кейіпкерді қосады. Сондай-ақ “Тургеневте Жапардың құтқаратын адамы сыйқыршы бір шал болса, Абайда ол – Қыдыр. Яғни бұл жерде де қазақ ақыны Шығыста кең тараған образды енгізген. Бірақ сөйте тұра Абай, неге екені белгісіз, тарихта Арун Рашидтың үзәрі болған Жапардың есімін Масғұт деп өзгертеді. Міне, бұл – кейіпкерлерге қатысты өзгешеліктер.

Сонымен бірге Абайдың шығармасында сюжеттік, мазмұндық өзгерістер де бар. Мысалы, мына бір детальдарға кеңлі бөлейік. Тургенев әңгімесінде ұрылардан құтылғаннан соң, шал былай дейді.

– Храбрый юноша, твое великодушие не останется без награды. На вид я – убогий нищий: но только на вид. Я человек не простой. Приходи завтра ранним утром на базар; я буду ждать тебя у фонтана – и ты убедишься в справедливости моих слов.

Абайда:

– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,  
Кергейсің ерлігіңнің берекесін.  
Себеппен мені ажалдан сен айырдың,  
Маған қылған қарызыңды ала өтесін.  
Мен – бір шал дүниеде жиһан кезген,  
Ертең түсте кетемін шаһарізіден.  
Ертерек пәлен жерде тосып тұрып,  
Алып қал бір базарлық, жаңбым, бізден.

Бұл мысалдан көретініміз – Абай сыйқыршы шалдың күтетін жерін қазақ түсінігіне сәйкес өзгерткен. Кеңістік пен уақыт туралы бұрынғы халық түсінігінде нақты дәлдік болмағаны мәлім. Айталық, “пәлен жерде”, “қозы көш жер”, “әудем жер”, “ат шаптырым жер” немесе “сүт қайнаттым уақыт”, “ет пісірім уақыт”, “күн арқан бойы келерілгенде” сияқты кеңістік пен уақыт өлшемін білдіретін тіркестер қолданылған.

Осы негізден өзгеріс тағы бір эпизодта көрінеді. Ол – шал мен жігіттің кездесетін сәті. Тургенев шығармасында шал жігітті базарда, мәрмәр фонтанға сүйеніп тұрып қарсы алады, содан кейін оны жан-жағы биік қорғанмен қоршалған баққа ертіп келеді. Бақтың ішінде, көгалды алаңқайда керемет ағаш өсіп тұрады. Азаттың бұтағында үш түсті алма.

Тегінде адам басы сау бола ма?

Бойыңа тексерілмес дау бола ма?

Бірі ашу айтса, әйелі басу айтып,

Отырса, бұрылғыдай жау бола ма?

Масғұттың бұл сөзінен гуманист Абайдың әйелге деген көзқарасы сезілетіні күмәнсіз. Мұнда әдеттегі әйелге қызығушылық немесе әйелді тұрмыс ауқымында ғана көрушілік жоқ. Керісінше, әйелді кең, әлеуметтік мәнде түсінушілік бар: сүйе білсең, адал болсаң – досың, жанашырың, әйел тек ұрғашы емес, ол – анаң, жарың, перзентің; әйелдің сүйіспеншілігіне ие болсаң, онда бүкіл адамзаттың ықыласына бөленесің, өйткені әйел қаһарлы ханды да, қараны да, қастангерді де иіге алады, арашаға түседі, әйел өзінің сүйіктісінің ақылшысы, оны ашудан, зұлымдықтан сақтандырады. Ал бұл қасиеттің бәрі әйелдің жүрегінде, көңілі мен сезімінде. Демек, әйел сүйсе, өмірдің бағы жанады. Міне, Масғұттың сөзі арқылы ұлы ақын сол кездегі өте маңызды проблемалардың бірі – әйел мәселесіне өз қатысын білдірген, ол туралы өз ойларын айтқан.

“Масғұт” поэмасының екінші бөлігі Тургеневтің “Восточная легендасында” жоқ. Шыңдығында, “Масғұттың” бұл бөлігі – жеке сюжет. Ол Шығыс халықтарының ертегісінде бар. Мәселен, бирма халқының “Жаңбыр суын елдің бәрі ітсе, өмірші де ішеді” деген ертегісінің сюжеті мынадай:

Ертеде бір елде, корольдің сарайында әуедегі жұлдыз бойынша алдағыны болжайтын бір данышпан болыпты. Бір күні аспандағы жұлдыздарға қарап, ол жеті күннен кейін бір сұмдық, жауын болатынын біледі де, корольге келіп, “жеті күн бойы жаңбыр жауады, оның суын ішкен адам ақылынан адасады”, – дейді. Король сарайындағы ыдыстарға таза суды толтыртады. Жеті күн өткен соң жаңбыр басталады. Жеті күн жауады. Жаңбыр тоқтаған соң, король мен данышпан қалаға шықса, елдің бәрі тыр жалаңаш кешеледе қыдырып жүр. Олар киімі бар бұл екеуін жынданған деп, құады. Король мен данышпан қашып сарайға келеді де, ақылдасып алып, жауынның суын ішеді. Сөйтіп екеуі де жыңды болады<sup>48</sup>.

Бұл сюжетті Абай Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі өмірін көрсету үшін пайдаланған, сондықтан да екі сюжетті ол жай ғана баяндай салмаған. Екі сюжет – Масғұттың өміріндегі екі оқиғаны әңгімелейді, бірақ екі оқиға – өмірдің екі кезеңі, бірі – Масғұттың жастық шағы, екіншісі – Масғұттың Арун Рашидке үзгір болып, “Шәмсі-жиһан”, яғни “бұл дүниенің күні» атанған кезі. Түптеп келгенде, поэмада бір адамның өмір жолы көрсетілді, ал мұндай ғұмырнамалық (биографиялық) циклизация фольклорға, әсіресе, халық эпосына тән екені белгілі. Олай болса, Абай өз

тұсындағы эпикалық дәстүрдің халыққа түсінікті екенін ескеріп, екі ертегілік сюжетті бір кейіпкердің жас кезі мен егде тартқан шағын, басқаша айтқанда, Масғұттың өмірін қысқа және көркем түрде суреттеуге тырысқан. Соның нәтижесінде екі сюжет бір-біріне кірігіп кеткен, бір-бірінің логикалық жалғасына айналған. Сол себепті ежелгі ертегілік сюжетке өзгеріс енгізілген. Біріншіден, Абайдың шығармасында кейіпкерлер – шығыс фольклорында кең тараған Арун Рашид пен оның үзгірі, екіншіден, Масғұтқа сұмдық жаңбыр туралы Қыдыр аян береді. Масғұт ертегітегідей данышпан емес, ол алдағыны болжай алмайды, ылғи Қыдырдың көмегіне сүйенеді.

Осы орайда айтатын нәрсе – Абай Масғұтқа риза емес. Ол қолында бар зор мүмкіндікті дұрыс пайдалана білмейді, ешнәрсенің парқына бармайды, ақылға салмай, өмірдің ағымымен жүре береді. Тіпті өз бетімен ештеңе істемейді: біресе, Қыдырдың айтуымен жүреді, біресе халифтің айтқанын істейді, біресе көптің ырқына көнеді. Абай мұндайға қарсы. Сол үшін де ол поэмасын “Ғапіл бол, көп нәрседен құр қаласың, андамай көп сөзімен жүріп кетсең” деген оймен аяқтайды. Ұлы ақынның бұл сөзі қоғамдағы, өмірдегі жеке адам, әсіресе, елді басқарушылардың рөлі қандай болу керек деген мәселемен байланысып жатыр. “Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел” деген пікір осы идеяға саяды. Сондықтан да ұлы Абай Шығыс ертегісіндегі “Елдің бәрі жауын суын ітсе, оны өміршіге де іпуге тура келеді” деген тұжырымды қабылдамайды. Ол осылай істеген Арун Рашид халифті, оның үзгірі Масғұтты шенейтін сөздер айтады. Себебі Абайдың концепциясы бойынша: “Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”. Алайда, бұл қасиеттер халиф пен оның үзгірінде жоқ.

Абай Құнанбаев өзінің үшінші поэмасын да шығыс фольклорының негізінде жазған;

Бір сөзім “Мың бір түннен” оқып көрген,

Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.

Болапты ағайыңды екі жігіт,

Бағдатта Мұстана мен Сапа деген, –

деп басталатын “Әзімнің әңгімесінің” сюжеті расында да арабтың “Мың бір түн” жинағындағы “Хасен зергер туралы әңгіменің” бірінші жартысында баяндалады. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін “Мың бір түннің” бір тарауы – “Әлідін-Әзім” деген ұзақ ертегі болатын, – деп жазады М.Әуезов, – сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет-соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың



арқылы тұрмысын түзеген кісі. Ол баласын “әулие-әнбиелерден сұрап” алмайды, сол себепті оның ұлының өмірі алдын ала белгіленіп қойылмаған. Әзім де әкесі сияқты жетім қалады. Соған қарамастан, ол ата өнерін жалғастырып, адал еңбек етіп, жоқшылық, зардабын шекпейді.

Осы бастаманың өзі-ақ Әзімді толық мінездеп тұр. Ол – еңбекқор, адал, өнерпаз адам. Аярлық, алдау, арбау дегенді білмейді, аңқау әрі сенгіш. Әзімнің бұл қасиеттері Абайдың еңбекке, адалдыққа, өнер-білімге шақырған өлеңдерін еске түсіреді. Демек, Әзімнің бойына ұлы ақын өзінің гуманистік ойларынан туған нағыз адам, қоғамның қағардағы жақсы мүшесі қандай болу керек, оларға қандай қасиет қажет деген пікірін, өзінің адамгершілікке қатысты түсінігі мен шарттарын сіндірген.

Жасымынан жетім едім көңлі сынық,

Өңсірім артық емес ондай ұлық.

Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,

Харакетім – суретші, бояушылық, –

дейді Әзім лапкесіне келген аяр шалға. Әзімнің өзі туралы осы сөзінде ұлы ойшыл-гуманистің “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”, “Өнерпаз болсаң, арқалан”, “Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас”, “Еңбек қылмас еріншек адам болмас”, “Еңбекті сап, ар сатып неге керек”, “Өзің сен, өзінді алып шығар еңбегің мен ақылың екі жақтап” деген ойлары көрініс тауып тұр. Әзім Абай ақынның осы нақылдарын жүзеге асырған болып көрінеді. Алайда Әзім аңқаулықтан зардап шегеді. Ол зұлым шалдың торына түскеннен кейін де сенгіштігінен қорлық көреді, кім біледі, мүмкін, Абай Әзімді небір қиын өткелдерден өткізіп, ширатып, үлкен қайраткер дәрежесіне көтергісі келді ме? Оның ертегі сюжетін сақтай отырып, кейіпкердің аяр шалдың зұлымдығынан болған қиын тағдырын реалистік тұрғыда суреттеуі осындай ой туғызады. Сонымен бірге, Әзімнің алдамшы шалға сеніп, қиыншылық кешуін Абай, екінші жағынан, Әзімнің кемшілігін санап, өзі айтатын “өзінді сенгіштігімен әуре етпе” деген сөзін құтқал, оқырманға Әзімнің бұл сенгіштігі үлгі емес деген идеяны ұсынатын тәрізді. Поэма, егер әрі қарай жалғасқан болса, бәлкім, автор Әзімнің басынан кешкендері мен іс-әрекеті арқылы өзінің “Қаруыңның барында қайрат қылмай, қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел” деген сөзін дәлелдеп шығар ма еді? Әйтеуір, қалай болғанда да бір анық нәрсе сол – Абай басқа да фольклорлық шығармалар сияқты, “Мың бір түн” ертегісін де өзінің гуманистік және демократтық дүниетанымын, өмірлік позициясын білдіру үшін пайдаланып, оның сюжетін реалистік түрде баяндаған, сөйтіп, ежелгі мұраны өз идеясына, өз мақсатына

поэмасына желі, арқау болған тәрізді<sup>49</sup>. Мұхтар ағаның бұл сөзіне қарағанда, бұрын ел арасында “Мың бір түннің” шығыстық нұсқаларының бірі тараған болу керек. Абай поэмасының Еуропаға белгілі “Мың бір түндегі” ертегіден басқаша, яғни “Әзім әңгімесі” болып аталуы және кейіпкерлердің өзгеше есімді болуы ұлы ақынның қолында басқа нұсқа болғандығының айғағы деп қарау қажет.

“Мың бір түнде”, Мұхтар Әуезов айтқандай, бұл ертегі өте көлемді, ғажайып сипатты бірнеше сюжеттен құрылған. Оның мазмұны шытырман оқиғаға толы, небір қиялдан туған жайттардан тұрады, сондықтан бұл ертегі қиял-ғажайып қана емес, хикаялық та сипатқа ие. Ал Абайдың поэмасына келсек, оның аяқталмай қалғаны белгілі. Сондықтан оның сюжеті — “Мың бір түндегі” ертегінің алғашқы бөлшегі ғана.

“Әзім әңгімесін” Абай ертегіден сәл басқаша құрған. Ол кіріспені кеңейтіп, бас кейіпкердің жас кезінен молырақ мәлімет береді. Басқаша айтқанда, ұлы ақын халық эпосындағы батырдың туып, өсуі жайында айталын дәстүрді ескерген, бірақ, рас, ол бастамасын батырлар жырындағы прологтай ұзын-сонар баяндамайды және діни сарында әңгімелемейді.

“Мың бір түнде” қысқаша ғана Басра қаласында ерте кезде бір саудагер жасағаны, оның екі баласы болғаны жайлы хабарлап, саудагер әкесі өлген соң, балалары дүниені бөліп алып, бірі зергер, бірі мыскер болғаны жайында айтады. Зергердің аты — Хасан. Күндердің бір күнінде оның дүкеніне бір адам келеді де, ары қарай оқиганың өзі беріледі.

Абайдың бастамасы: Бағдатта Мұстапа және Сапа деген екі жігіт тұрады. Олар әкесі өлген жетім, бірақ өте еңбекқор. Өздерінің талабы арқасында ағасы Мұстапа суретші, інісі Сапа тігінші әрі кестеші болады. Өсе келе Сапа Шынамашыға, Мұстапа Балсұраға кетеді. Мұстапа адал еңбек етіп, тұрмыс құрады, үйлі-баранды болады. Сөйтіп, Әзім атты ұлы туады. Ол медреседе оқиды. Ұлы ержете бастағанда Мұстапа дүние салады да, Әзім өз өнері мен еңбегінің арқасында бұрынғыдан да байи түседі. Бір күні оның “лапкесіне” торғын тән, алтын кемер бір шал келеді.

Міне, Абай халық эпосындағыдай өз кейіпкерінің дүниеге келу тарихын кең бастама ретінде берген. Алайда, ол батырлар жырындағы шежірелік (генеалогиялық) циклизацияның мазмұнын түгел өзгертіп жіберген. “Әзім әңгімесінде” бас кейіпкер туралы пролог реалистік сипатта баяндалған. Мұнда кейіпкердің ата-анасы “төрт түлгі сай, бір перзентке” зар адамдар емес, жастайынан жетім қалып, бейнет шегіп, өзінің еңбекқорлығымен, талапкерлігімен тігіншілік, кесте тігу өнерін меңгерген жан, сол

<sup>49</sup> М. Әуезов. Ең жылдар ойлары. А., 1959. 151-б.

қызмет еткізген, әрі көркем әдебиетке айналдырған.

Абайдың кейбір мақал-мәтелдер туралы пікірлері. Абай Құнанбаев өзінің поэзиясында фольклорды көркем өнердің шебері, эстетика өкілі, ойшыл ақын ретінде пайдаланады да, қарасөзінде фольклорды зерттеуші есебінде қарастырады. Яғни, өлеңінде Абай фольклорға ақындық қатынас білдірсе, қара сөзінде зерттеушілік көзқарас көрсетеді. Оның қарасөзінде ертегіде (17-сөз), антикалық мысал да (27-сөз), діни хикаятта (35-сөз) және отыздан астам мақал-мәтел де кездеседі. Соның бәрін ол қоғамдық мәні жоғары үлкен мәселелерге байланысты айтқан ойларына қатысты талдайды. Бұл жағынан алғанда, Абайды фольклор зерттеушісі деуге болады. Оның фольклор шығармаларын талдауына қарағанда, Абай, біріншіден, фольклорды белгілі бір тарихи-әлеуметтік орта мен дәуірдің жемісі деп білген; екіншіден, фольклор халық тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты деп есептеген, сондықтан да тарихқа қатысты өз пікірлерін дәлелдеу үшін мақал-мәтелдерге жүгінген; үшіншіден, фольклор халық ойын, дүниетанымын, түсінік-пайымын танытады, оның дүниеге қатынасын, өмір сүру шарттарын көрсетеді деп санаған; төртіншіден, фольклорды — тәрбие құралы, сол арқылы елді, ұрпақты өмір сүруге үйретуге болады деп ойлаған. Сол себепті ол кейбір мақал-мәтелді, ертегіні моральдық мәселеге байланысты қарастырады.

Абайдың қара сөздерінде — 39, ал “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” атты мақаласында 10 мақал талданған. Ең алдымен айтатын нәрсе — Абай мақалдарды халықтың өмірімен және тарихымен тығыз байланыста алып қараған, оларды қоғамдық мәні тұрғысынан бағалап, өзінің қазақ тарихына, этикасына, дініне, дүниетанымына деген көзқарасына сәйкес талдаған. Егер топтал айтар болсақ, мақал мен мәтелдерді талдау барысында Абайдың көтерген мәселелері — адамгершілік, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбекшілдік, адалдық, талапкерлік, талаптанушылық, ел тарихы. Бұл мәселелерді ол жеке, жалаң түрде алмай, мақалдарды талдау барысында зұлымдық, сұрқиялық, есікүзділік, барымташылық тәрізді мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып қарастырады.

Абайдың мақал-мәтелдерді талдау тәсілдері әр түрлі. Бірде ол мақалды өз тұсындағы қоғам мен адам үшін маңызды жайттарды айту үшін келтіріп, оны өзі айтып отырған нәрсеге байланысты бағалайды. Айталық, “Үшінші сөзде” сол кездегі сайлау мен сот, билік тәртіптерің сынау үшін Абай ертеден келе жатқан “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы”, “Құл екеу болса, дау төртеу болады” тәрізді мақалдарды келтіреді де, Тәуке ханның тұсында айтылған бұл сөздердің ескіргендері болса, ескеру

әділ емес екенін әшкерелейді. Сонымен қатар, Абай дәуірінде пайда болған, “Ісі білмес, кісі білер” деген мақалдың мәнісін: “Ісіннің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің” деп түсіндіріп, патшалық Ресейдің Қазақстандағы болыс сайлау жүйесінің объективті болмайтынын, кім малды, кім пысық болса, сол сайланатынын айтады.

Енді бірде Абай өзінің философиялық ойларын айту мақсатында мақал-мәтелдерді дәлел ретінде немесе діни тұжырымдар мен уағыздардың шын мәнін ашу ниетімен құран, хадистердің сөздеріне қазақ мақалдарын параллель түрінде алып, талдау жасайды. Мысалы, “Он үшінші”, “Отыз алтыншы” сөздерінде иман деген не, имандылықты қалай түсіну керек екендігін діни уағыздармен бірге, қазақтың “Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ”, “Ұят кімде болса, иман сонда” деген мақалдарын келтіріп, олардың мазмұны мен оны елдің түсінуі бірдей еместігін жазалы Кей тұста қазақ мақалдары философиялық және діни түсініктерге комментарий сияқты болып көрінеді.

Ал енді Абайдың фольклорға деген ғылыми көзқарасы, әсіресе, “Бесінші”, “Жырым тоғызыншы”, “Отыз тоғызыншы” сөздерінен және қазақ халқының этногенезі туралы жазған мақаласынан айқын байқалады. Алғашқы үшеуінде Абай мақалдарды арнайы талдайды. “Бесінші сөзде” ол 12 мақал қарастырады. Өз дәуірінің, сол кездегі қоғамның жағымсыз жақтарын, адамдардың ұнамсыз қылықтарын мен мінездерін сынап, ащы сатираға алып, сыншылдық бағытта қалыптасқан Абай мұнда да біраз мақалдардың өмірге сай емес екендігін аңғарып, оларға және соларға арқа сүйейтін адамдарға сын көзбен қарайды. Сыншылдық, гуманистік және ағартушылық көзқарастары Абай қазақ мақалдарының бәрі асыл емес екендігіне көзі жетеді, олардың кейбірі бұқара халықты еңбекке баулудың орнына енжарлыққа, бойкүйездікке шақыратынын көреді де, сынға алады. Мәселен, “Өзінде жоқ болса, екен де жат”, “Малдың беті — жарық, малсыздың беті — шарық”, “Ер азығы мен бөрі азығы жолда”, “Ердің малы елде, еріккенде қолда”, “Берген перде бұзар”, “Мал тапқан ердің жазығы жоқ”, “Байдан үмітсіз — Құдайдан үмітсіз” деген мақалдарды ұлы ақын бұқара халық тұрғысынан бағалайды, қоғам мүддесінен қарайды.

“Бұл мақалдардан не шықты? — деп жазады кеменгер Абай. — Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермессе, онымен жауласпақ екен, егер малды болса, өкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір, ұрлық-құллық, сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың

ексн..”

“Жыырма тоғызыншы сөзде” Абай жеті мақалды қарастырады. Оларды талдамас бұрын, ол “қазақ мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар”, – деп, мақал-мәтелдердің міндеті адамға жәрдем етіп, өмірдің бір кәдесіне жарау екендігін ескереді. Сөйтіп автор қазақ мақалдардың функциясына қарай пайдалы және пайдасыз деп жіктейді. Бұл жерде де Абай гуманистік және демократтық позициядан келіп отыр. Адамға, қоғамға, өмірге практикалық тұрғыдан пайдасы бар, кісілерді адамшылыққа, ширақтыққа, турашылыққа тағы да басқа ізгі қасиеттерге баулып, көпшілікті тәрбиелейтін мақалдарды жоғары қойып, ал оған қарсы, өмірге сәйкестігі жоқ, іс жүзінде шындыққа жанаспайтын мақалдарды сыңға алады. Осындай мақалдардың ерқайсысын талдап, олардың әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан алғанда тиімсіз екендігін дәлелдейді. Мысалы, Абай былай деп жазады:

“Әуелі жарлы болсаң, арлы болма” дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жаның қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі”.

Міне, бір мақалды талдау арқылы Абай қазақ қауымы үшін әлі күнге маңызын жоймаған әлеуметтік мәселені көтеріп отыр. Ал арлы болу деген не? Абайша арлы болу адал еңбек ету, еңбектің еш түрінен қашпау, тіленбей өз еңбегіңмен күнелту. Абайдан тағы бір мысал:

“Қалауын тапса, қар жанады”, “Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ” деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой”.

Көріп отырғанымыз: сырт қарағанда, өмір жайттарына сәйкес келетін осы мақалдарды ұлы Абай әдеттегіден басқаша, өзінің әлеуметтік-халықтық дүниетанымы тұрғысынан бағалайды. Кеменгер ойшыл мұнда да сол өзінің негізгі идеясы – “біреуден телміріп сұрағанша, ол не береді, қашан береді деп отырғанша, соның көңілін табамын, ретін келтіремін дегенше, аянбай еңбек ету керек, жерді жыртып, егіншілік кәсіп жасау қажет” дегенді айтып отыр. Оның түсінуінше, жоғарыдағы мақалдар адамның ынтасын азайтады, кісіні талапталдырмайды, қайта жалқаулыққа, тіленшілікке, еріншектікке шақырады. Сол себепті де ақын бұл мақалдарды “барып тұрған Құдай ұрған сөз” – дейді.

Осындай мақалдардың қатарына Абай “Атың шықпаса, жер

төтті” деген сөздерді жатқызып, оларда ешқандай адамгершілік сипат жоқ екенін, мал мен дүние, атақ үшін ар-намысын да, ата-анасын да сақтау даяр алаяқ, ұяттан жүрдай дүниекұмарлардың сұрқиялық істері мен зұлымдық әрекеттерін, көрсеқызар мінсездерін жасыру немесе ақтау үшін айтатынын әшкерелейді.

Абай “Отыз тоғызыншы сөзде” де бір топ мақалды гуманистік мәселе тұрғысынан талдайды. Егер ілгерідегі қара сөздерінде ол елді еңбекке шақыру туралы айтса, мына сөзінде ел арасындағы ынтымақтық, татулық жайында айтады. Мәселен, “аз араздықты құған көп пайдасын кетіреді”, “ағайынның азары болса да, безері болмайды”, “алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді”, “жол құған қазынаға жолығар, дау құған бөлекте жолығар” тәрізді мақалдар адамдарда татулықты, намысқорлықты, ауызбірлікті тәрбиелейді деп білген Абай.

Абайдың бүкіл шығармашылығында, оның фольклорға қатынасы туралы мәселеде орны ерекше дүние – “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы мақаласы. Бұл туынды жанр жағынан мақалаға келетіні күмәнсіз. Сондықтан да біз оны зергітеу деп есептейміз. Бұл мақала қазақтың этногенезіне ғана арналған еңбек емес, сонымен бірге, мұнда этнографиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәселелер де қамтылған. Автор қазақтарды арабтан шыққан дейтін ел арасындағы қате шежірелерді ғылыми негізде жоққа шығарып, қазақтардың көне түркі-монғол тайпаларымен туыс екенін дәлелдеу үшін көптеген тарихи еңбектерді қараумен қатар, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, тарихи аңыздары мен мақал-мәтелдерді пайдаланған. Демек, бұл жерде Абай фольклорды тарихи деректердің бірі деп есептейді, одан тарихи оқиғалардың ізін іздейді, ескі заман тіршілігінің көріністерін көреді. Мәселен, ол Шыңғыс тауының бұлай аталу себебін түсіндіретін тарихи аңызды, үш жүздің пайда болуы мен Алаша хан туралы шежіре мен әпсаналарды келтіре отырып, Қазақстан жеріндегі Шыңғыс хан билеген дәуірді, одан кейінгі кезеңді баяндайды. Қазақтың “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” деген мақалын Темучиннің Шыңғыс хан аталу оқиғасымен байланыстырады.

Осы орайда айтатын тағы бір нәрсе – Абай кейбір қазақ мақалдарының гезезісін ашады, олардың шығу тарихын да сөз етеді. Айталық, “аруақ аттаған оңбайды”, “ер азығы мен бөрі азығы жолда”, “аттанып барып жылқы алған, ат үстіне ұйқы алған” деген мақалдарды ол Шыңғыс ханнан кейін, оның ұрпақтары тұсындағы алауыздық пен барымташылықтың үдеген шағында пайда болған деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, Абай қазақта мақал болып қалған “жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зенгер тоғыс болды” дегені, “Самарқанның сар

көрсеткен сөз" деп жорамалдайды. Демек, ол бұл мақалдардың да шығуын Шыңғыс дәуірімен, тарихпен бай байланыстырады. Абай әрі қарай "Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас" деген мақалды Гималай, яки Үндікештауына қатысты айтылған болуы мүмкін деген қызықты болжам айтады.

Абайдың бұл мақалдарды тадауымен көрінетін тағы бір мәселе сол – ол фольклорды тек тарихтың ғана емес, өтіп жатқан өмірдің де айнасы деп білген, сондықтан да фольклорда әр дәуірдің шындығы керініс тапқан деп ұққан. Ойымызға тағы бір дәлел ретінде ақынның "барып, жаудан қыз өкеліп, қатын қыларсын, я ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсын" деген мақалды қазақтардың өмірді жаугершілікпен өткізген мезгілін көрсетеді деген пікірін айтуға болады.

Атап айтатын жағдай: фольклордың тарихилығы, фольклордың өмірге, шындыққа қатынасы қандай деген мәселеде Абайдың ұстанған позициясы Шоқанның концепциясымен үндес, ұқсас. Екеуі де гуманист, ағартушы-демократ болғандықтан, фольклордан халықтың өткен тарихының әр уақыттағы өмірінің керіністерін іздейді, халықтың әр дәуірдегі мәдениетін, сана-сезімін көреді. Айталық, қазақ халқының шығу тарихын сөз етіп отыра Абай бізге ислам дінінің қалай келгені, мұндағы ислам мен көне шамандықтың күрескені туралы Шоқан айтқан ойларға жақын, мағыналас пікір айтады. Абай былай дейді: "Сөйтсе де, бұрыннан – бақсы-балгерлерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса, оны "абыз" дейді екен. Ол "абыз" демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені құдай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, "От ана, май ана, жарылка!" – дегізіп, бас ұрғызған секілді, "өлген аруаққа арнадық" деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, "сүт көп, көмір аз" деген секілді. Бұған ұқсаған ырымдар көп еді. Құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды".

Қазақ арасындағы шамандықтың қалдықтары туралы Шоқан Уәлихановтың еңбектері кең танымал. Сондықтан біз бір ғана ырымға байланысты оның жаңасын келтірсек те жеткілікті болар деп санаймыз. "Жаңа түскен келін, – деп жазды Шоқан, – әуелі өз отауына кірмес бұрын, атасының үйіне кіріп, тағзым етуге тиіс, содан соң қалыңдық атасының отына бір қасық май тамызуы керек. Бұл ырым-кәдені "отқа май құю" дейді"<sup>91</sup>.

Демек, Шоқан мен Абай гуманист-демократ әрі ағартушы

ретінде бір бағытта, бір жолда болған. Олар қазақ халқының тарихы мен өміріндегі ең зәру мәселелерге көңіл бөлген, елдің өткен жолын тарихи тұрғыдан түсінуге тырысқан, өз кезіндегі құбылыстар мен оқиғаларды әлеуметтік, бұқаралық тұрғыдан қарастырған. Қазақ әдебиеті тарихында Абайға дейін ешкім фольклорды мақсатты түрде пайдаланған емес. Бұрынғы поэзиямызда сюжетті шығармалар тек қана эпоста болатын. Зағырлар жыры мен ғашықтық дастандар, тарихи өлең-жырлар белгілі бір сюжет бойынша құрылып, шытырман оқиғаны суреттейтін. Ал, жырауларымыз бен ақындарымыз толғау айтатын да, өз шығармаларында оқиғалы сюжетті жырламайтын. Олар көбінесе хан сарайында, ханның қасында болып, әміршісіне кеңес беріп, мақтау айтып, кей тұстарда мемлекеттік маңызы бар проблемаларды сөз ететін. Демек, ақын-жыраулар тұсында, яғни XV-XVIII ғасырларда, әдебиет өміршіге, сол арқылы мемлекетке қызмет етті, ол өз кезінің идеологиясы іспетті болды.

Ал Абай үшін әдебиет – идеология емес, ресми саясаттан аулақ тұрған өнер. Ұлы ақын әдебиеттің басты міндеті адамды дәрлітсе, адамды эстетикалық сезімге бөлеу, сөйтіп оны жан-жақты дамытып, толық адам дәрежесіне жеткізу деп санаған. Сондықтан да ол өз шығармашылығында туған халқының рухани байлығын молынан пайдаланған және онымен шектелмей, бүкіл адамзаттың игілікті мұрасын да арқау еткен. Соның арқасында Абайдың поэзиясы мен қара сөздері жалпы адамзаттық мәнге ие.

Абай қазақ әдебиетін мүлде жаңа санаға, биік деңгейге көтерді. Осы жолда фольклордың рөлі аз болған жоқ. Кейбір зерттеушілер "Абай шығармашылығында фольклор элементтері бар" дегенді ұлы ақынды төмендету деп қабылдайды, оған нұқсан келетіндей көреді. Алайда, бұл олай емес. Әлем әдебиетіндегі классиктердің қай-қайсысы болса да фольклордан аттап кетпеген, одан үйренген, оған арқа сүйеген, оны шығармашылықпен пайдаланып, өз өнерлеріне арқау еткен. Абай да солай. Ол ежелгі фольклорлық жанрларды да, фольклор поэтикасын да, ертегілік сюжеттерді де, мақал-мәтелдерді де жатсынбай, зор шеберлікпен пайдаланған. Өз поэмаларын фольклорлық сюжет негізінде жазуы кездейсоқ емес. Абай жаңа әдебиетке жаңа жанр, жаңа әдіс керек екенін біліп, реалистік сипаттағы әдебиет үшін қажетті панорамалы дүние тұғызған. Фольклорлық утопия мен романтикалық сарындағы сюжеттерді реалистік поэма етіп жазған Абай, сонымен қатар, романтизмге тән алыстағы елдер туралы баяндап, шәкірттеріне жол көрсетті, сөйтіп қазақ әдебиетінде реализммен бірге романтизмге де жол ашты (Мағауия мен Ақылбайдың "Зұлыс", "Медғат – Қасым", "Дағыстан" сияқты шығармаларын еске алуға болады).

Абай фольклорды ақын есебінде ғана емес, сонпай-ақ ойшыл

зерттеуші ретінде де барған. Өзінің көркем поэзиясында ол, негізінен, фольклорлық сюжет пен поэтиканы пайдаланса, қара сөзінде фольклорды тарихи-қоғамдық тұрғыдан қарастырып талдайды. Оның кейбір қазақ мақалдары мен мәтелдерін талдау принципі, зерттеу аспектісі ақынның өлеңдерінде көтерген проблемаларымен үндесіп жатады қалай да адамды түзеу, сол арқылы қоғамды жөндеу. Ал мұның өзі, бір жағынан, халық утопиясына апарса, екінші жағынан, ислам дінінің иманды адам, жақсы қоғам туралы, хақ жолы жөніндегі түсінікпен де байланысып жатады.

**АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ.** Қарасөз дегенді кейінгі кезде көбіне өлең сөз, өлең-жыр, дастан, яғни, поэзия дегеннен бөліп, көркем проза деген мағынада қолданып жүрміз. Осы мағынада алғаш ғақлия (ғақлия-ғасті-хат) деп аталған Абай сөздерін кейінірек қарасөз деп атау дәстүрге айналды. Ертеректе, Абайдың кезінде қарасөз дегеннің мағынасы басқаша болғанын айта кеткен жөн. Мұны Абайдың "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" атты өлеңіндегі:

Өзім де басқа шалуып, төске өрледім,  
Қазаққа қарасөзге дес бермедім<sup>51</sup>, -

дейтінінен де аңғару қиын емес. Қарасөз бұл қолданыста ауызша айтылатын қазақ арасында кең тараған шешендік сөз деген мағына береді. Шешендік сөз үлгілері билік айтқанда, дау-дамайда, талас-тартыста, әсіресе, жиі қолданылып, шыңдалып келген. Соңдықтан шешендік өнер, шешендік сөз ерекше тапқырлықты, ойды ұтымды, өткір етіп және көркемдеп, бейнелеп айтуды талап етеді. Шешендік өз нақыл, мақал-мәтел секілді өткір, ықшам болып келеді, көбіне ырғақты қарасөз түрінде, кейде өлең-жырға тең жеңіл ырғақпен келіп, сөз үйлесімдерін мол қолдануға әуестік те байқалады. Абай шешендік сөздердің осындай байлығынан мол сусындап, шешендік өнерді еркін меңгерген. Ел билеу ісіне жас кезінен араласқан Абай шешендік сөздерді көп құнттал, үйреніп, орынды жерінде үнемі қолданып жүреді. Абай айтты деген сөз үлгілерінен, ақынның шығармаларынан, біз оның шешендік сөзге алдына жан салмаған жүйрік болғанын анық байқай аламыз.

Алайда Абай өзінің ғақлия сөздерін, қарасөздерін түгелдей дәстүрлі шешендік сөз үлгісінде құрмайды. Олардың кейбіреуі шешендік сөз үлгісіне ойды ұтымды, өткір айтуы жағынан да, сөзді өрнектеп келтіруі жағынан да толық сәйкес келсе, бірталай сөздері басқаша құрылады, кейбірі қарапайым тілмен айтылған

қоғамдық, адамгершілік мәселелер жайындағы әңгіме-сұхбат болып келеді, ал 27-сөзі Сократтың шәкірті Аристодиммен сұхбаты түрінде, 38-і сөзі діни трактат түрінде беріледі де, "Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы" дегені өз алдына бөлек тарихи тақырыпты қозғайтын әңгіме болады. Қарасөздер тақырып жағынан алғанда, ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Алайда әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген қаракеті, мінсез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселелерді Абай қарасөздерінде кенінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер айтады. Мысалы егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттілігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі қаракетіне, күнделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінсез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып айтады. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да, сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпын, ұғым-түсінігін толық ескеріп отырады. Ел билейтін адам заман ағымын, елдің мұң-мұқтажын жақсы біліп, сонымен қатар "Есімханның ескі жолы", Тәукенің "Жеті жарғысы" секілді бұрыннан келе жатқан ел басқару тәсілдерін жаңа заманның ыңғайына қарай орнымен пайдалана білмек керек дейді.

Бесінші сөзінде Абай бір топ мақалдарды келтіріп, солардың мағынасын айқындауды көздейді. Олар мыналар: "Түстік өмірін болса, күндік мал жи", "өзінде жоқ болса, екен де жағ", "мал адамның бауыр еті", "Малдың бети-жарық, малсыздың бети — шарық", "ер азыны мен бөрі азығы жолда", "алаған қолым-береген", "мал тапқан ердің жазығы жоқ", "байдан үмітсіз — құдайдан үмітсіз", "қарның апса, қаралы үйге шап", "қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без".

Осы мақалдарды Абай қазақтар алдына қандай қоғамдық мақсат қояды, нені харекет етіп жүр деген тұрғыдан келіп бағалайды. "Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, әділет үшін, білім үшін қам жемейді екен, бірақ бар білгендері малдыларды алдап алмақ, яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, құлық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысы болса да қылыш жүріп мал тапса, жазалы демесек керек екен"<sup>52</sup>, - дейді Абай.

Малқұмарлықты сынай отырып, Абай мәселені малды

<sup>51</sup> Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық

<sup>52</sup> Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық

қалай, қандай жолмен табуға болады дегенге апарып тірейді. Еңбектенбей, оңай жолмен мал табуға бейім адамдарға қатты шүйлігеді. Бұл сын пікірлердің құндылығы – Абай осындай мақалдарды әр қырынан әр қилы түсінуге болатынын жақсы байқаған. Соларды дүниеқорлықты ақтау үшін пайдалануға тырысатындар аз емес екенін ескере отырып, мінеп айтқан. Абай малқұмарлықты, тойымсыз ашкөзділікті адамды алға бастырмайтын кесел, надандықтың, өнерсіздіктің белгісі деп санайды. Осындай жағымсыз мінез-қылықтарды айта келіп, “мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтсеңнен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді” – дейді.

Сегізінші сөзін Абай бірден: “Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?” деген сауалдан бастайды. Осындай сауал қою арқылы болыстар мен билер білім, ғылымға мән де бермейді, өздерін толдық-болдық дел есептейді, байлар болса, олар өзінде жоқтың бәрін малмен сатып аламын деп санайды, ал кедейлер күнін де көре алмай жүр деген ойын бұлтартпайтын шындықтай кеңіге сиырлық егіп айтып береді. Білім-ғылым үйренгенде қандай мақсат қою қажет, бұл істі қандай ниетпен істеу керек дегенді Абай отыз екінші сөзінде саралап, талдап айтты. Білім-ғылымды дүниенің сырын ұғып-түсіну үшін, ақиқаттың, шындықтың жақтаушысы болу үшін үйренбек керек “Басқаға бола үйренбе” дейді. 25-сөзінде осы ойлары жалғасын табады: “Мал тапса, қарын тояды”, онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі<sup>55</sup>, – дейді.

Абай орыстың тілін, ғылымын үйренгенде соны қандай ниетпен істеу керек дегенге үлкен мән береді. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де жұрт билгенді біліп, елдің қамын жейік деп үйрену керек дейді. Сонда “ұлықсыған-орыстардың жұртқа бірдей заңоны болмаса, законсыз зорлығына көнбес едік” дейді.

Он бесінші сөзінде ақылды кісі мен ақылсыз кісінің айырмасы туралы айтқанда да Абайдың жинақтап мінездеу шеберлігі анық байқалады.

Бірнеше қарасөзінде Абай имандылық, Алланың хикметі жайлы мәселелерді жан-жақты талдап, терең пікірлер айтады. Әсіресе, отыз сегізінші сөзінде осы мәселелерді жан-жақты, тыңуылықты түрде баяндайды. Құдайға сенуді Абай адамгершілік идеялармен тығыз байланыстырып айтады. “Ғылым – Алланың бір сипаты”, “Алла тағала – өзі хақиқат жол”, хақиқат пен растық қиянаттың дұшпаны”, “күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе

бар. Сонан қашақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – зальымдық деп білемін”, – деген сөздерінен осыны анық байқауға болады. Абайдың қарасөздерінің стилі, оларға тән ой ұтқырлығы, шешендік туралы мәселеге зер салсақ, мұндағы шешендік дегеніміз, әйтсеуір, сөзді қалайда сұлулап, көрікті етіп, өрнектеп айтуға ұмтылу емес, ойдың тереңдігімен, соншылығымен астасып келетін шешендік тәсілдер қолдана білу екенін айқын аңғарамыз.

Абайдың аудармалары жайында сөз қозғағанда, ең алдымен анықтап алуға тиісті мәселе мынау. Оларды саралап, жіктеп орыс классиктерінен аударма және белгілі шығарманың сарынымен жазылған төл шығарма деп екі топқа бөліп қарастыру қажет. Өйткені, аударма деп аталып, аударма саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине, осы сөздің бүгінгі қалыптасқан, қолданылып жүрген тура мағынасындағы аударма емес. Олар, – не бір белгілі шығармамен сарындалса келетін, жарыса жазылған, көп дегенде жартылай тәржімаланған, түгелдей алғанда, – өзіндік төл тума шығармалар. Абайдың орыс классигінің өлеңін қызықтап, жарыса жазып, өзінің ой-сезімін, өз көңілінің күйін толғап, еркін кететіні, сөйтіп, қазақ тілінде тың, төл шығарма тудыратыны оның ақындық шабытының қуаттылығының бір көрінісі деп қараған жөн. Ал ақын тандауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша айтылған ойды қазақша жеткізудегі асқан шеберлігімен және таң қалдырады.

Орыс поэзиясын терең түсінген Абай, Пушкин, Лермонтов, Крыловтың бірталай шығармаларын аударды. Пушкиннің “Евгений Онегині” оны аса қызықтырды. Одан аударғаны жеті өлең түрінде берілген. Олар: “Татьянаның Онегинге жазған хаты”, “Онегиннің Татьянаға жазабы” (“екі вариантта”), “Онегиннің сөзі”, “Онегиннің Татьянаға жазған хаты”, “Татьянаның сөзі”, “Ленский сөзі”.

Абайдың “Евгений Онегиннен” аудармалары мазмұны мен мәні жағынан біртұтас, олардың тақырыбы Онегин мен Татьяна арасындағы қарым-қатынас. Тек Ленский монологының шағын үзіндісі ғана қалайда Абайдың ойы оның бейнесін азды-көпті толық суреттеу болғандығын аңғартады.

Өзінің шынайы сезімін сүйіктісіне хат арқылы білдірген, кейінірек басқа адамға тұрмысқа шығып, Онегин қайта келгенде өз ісінің дұрыстығына толық сеніммен қарап, күйеуіне адалдығын сақтай білген Татьяна бейнесі сол кездегі қазақ өмірінің жағдайында жастар үшін еркін махаббаттың, адалдықтың, тұрақтылықтың үлгісіндей болды.

Абай Лермонтовпен шығармаларындағы кейбір тақырып-сарындарының үндестігі жағынан жақындық, жалғастық

ауыртып, жүректі сыздататын" (Белинский) сауалдары Абай көкейінен орын тапты. Соның нәтижесінде әдемі, әсерлі аудармалар дүниеге келді. Олардың ішінде "Ой", "Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Қанжар", "Теректің сыйы", "Асау той, тентек жиын, опыр-топыр", "Жалау", "Жартас", "Өзің сенбе, жас ойшыл", "Альбомға" сияқты өлеңдері бар.

"Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Альбомға", "Жалау" өлеңдері қазақ тіліне түпнұсқадан алшақтамай аударылған болса, "Ой" атты өлеңі қазақ өмірінің шындығына сәйкестендіріліп еркін аударылған.

Абай сатирасының тақырып аясын Қрыловтан аударған шығармалар кеңсiте түсті. Абай "Ала қойлар", "Қарға мен түлкі", "Шегіртке мен құмырсқа", "Жарлы, бай", "Қазаға ұшыраған қара шекпен", "Емен мен пілік", "Бақа мен өгіз", "Есек пен бұлбұл", т.б. мысалдарды қазақ тілінде жанаша жаңғыртып, қайта туғызды.

*Абай дәстүрлерінің өміршеңдігі.* Қазақ сөз өнеріне көп жаңалық, соны қасиеттер дарытқан Абайдың лирикалық поэзиясынан оның ақындық шеберлігінің баға жетпес құндылығы, айрықша өзіндік сипат-қасиеттері, әсересе, мол көрінеді. Ол қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды. Халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауызекі ақындық өнерінің және ән-өлеңдерінің байлығын кеңінен пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлең өлшемдерінің интонациялық-ырғақтық байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін толықтырды. Қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып, шындап жетілдірді. Қазақтың әдеби тілін биік жаңа сапарға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды. Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы, алуан түрлі болып келеді. Олар тақырыбы, мазмұны жағынан да аса бай, әр қилы өмір құбылыстарын қамтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын толғайтын сан алуан қоғамдық-саяси, философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары, махаббат лирикасы, сатиралық өлеңдері, табиғат суреттері, оларға қоса, жеке адамдарға арналған жырлары, тағы басқа өлең түрлерін Абай поэзиясынан мольнан табамыз. Оларда қуаныш сезімі де, өмірге деген зор сенім де, мұң мен наз да, зерді ашты сын да, бәрі де бар.

Абайдың өлеңдерінің ішінде өзге шығармаларына ұқсамайтын, мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. "Сегіз аяқ", "Сен мені не етесің", "Қансонарда бүркітті шығалы аңға", "Қалың елім, қазағым,

түнде жарық ай", "Болыс болдым, мінеки", "Қызарып, сұрланып", "Келдік талай жерге енді", "Әлсем, орным қара жер сыз болмай ма?" секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты немесе өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен, осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға ұмтыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын, бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде ер қырынан ашылады.

Абай өмір құбылыстарын бейнелеп суреттеу немесе баяндап жеткізу, адамның ішкі жан дүниесі, психологиясын ашып көрсету секілді әр түрлі көркемдік тәсілдерді шебер қолданды. Бірақ қай түрлі әдісті қолданса да, ол өз өлеңдерінде негізінен ойшыл ақын бейнесінде танылады. Оның ақындық бейне-туғасынан біз алдымен терең ойшылдықты көреміз. Лирикалық сезімнің зор күші де, суретшілік шеберлігі де оның осы ақындық қасиетін үстемелеп, толықтыра, жандандыра түсетін сипаттар болып шығады.

Ақын тулғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы да соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны, анық.

Абай сөз өнерінің, өлеңнің, ән мен күйдің қоғамдық маңызын аса жоғары бағалады.

"Құлақтан кіріп бойды алар" дейтін өлеңінде Абай ән мен күйдің адамға аса зор әсер ететінін өзгеше бір қырынан ашып берген. Ақын ән мен әуенді бар жанымен сезініп, көз алдынан өткен өмірдің тасқыны өткендей, көңілін қозғап, еліктіріп, сендіріп, үйіріп әкеліп бара жатқандай күй кешеді.

Абай теңдесі жоқ кемеңгер ойшыл ақын болумен бірге, дарынды композитор болды. "Айттым сәлем қаламқас", "Көзімнің қарасы", "Сегіз аяқ", "Қараңғы түнде тау қалқып", "Желсіз түнде жарық ай", "Амал жоқ, қайттым білдірмей" сияқты өлеңдеріне шығарған әдемі, әсерлі әндері халық арасына кеңінен тарап, үнемі айтылып келеді.

Абайды ұлы ізашар деп қарағанда, оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар деп қазақ поэзиясының біртуар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатовты алдымен атау орынды. Әрине, бұл топқа басқа бірталай ақындарды қосуға болады. Ал осы аттары аталған ірі тұлғалар

оның өнерпаздық өнегесін өркендетіп, дамытқан XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін пайымдауға толық мүмкіндік туады.

Абайға ілесе шыққан аса көрнекті ақындардың – Шөкәрім, Сұлтанмахмұт, Маржан, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың қайсысы болсын, алдындағы ізашар ақынның дәстүрлерін өз шығармашылық өнерінің өзгешілік сипатына сәйкес өзінше жалғастырғаны заңды құбылыс, осы тұрғыдан қарағанда, Шөкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, фелсапашы ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұтты, әсіресе, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде, үлкен сыншылықпен ашып көрсетугі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Маржанды айтсақ, ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл-күйін және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды. А.Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің аса маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылығы жағынан, ал М.Дулатов, әсіресе, сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден-бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес келеді.

Абай сепкен ұрық, өскен дәндер бір ғасырдан аса уақыт бойы өсіп-өніп, ұлттық әдебиетімізді, мәдениетімізді, бүкіл рухани өмірімізді көркейтуде.

Абайдың тамаша ақындық дәстүрлері қазір жаңа мазмұнға ие болып, кейінгі толқын жазушылардың өнеге етіп, ілгері дамытуы арқылы толысып келеді.

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВ (1835-1865)

Шоқан Уәлиханов қазақ қоғамында XIX ғасырдың орта тұсында өркен жайған ағартушылық идеяларды биік шыңға көтерген аса көрнекті қоғам қайраткері, қаһарман саяхатшы, әлемге аты әйгілі фольклортанушы, этнограф, географ және дарынды көсем сөздің (публицист) шебері.

Қазақтың рухани мәдениетін, тарихын, поэзиясын терең танып-білген Шоқан өз елінің тағдырын, өткені мен келешегінің зеру проблемаларын әлемдік өркениеттің, дүниежүзілік шығыстану ғылымының жетістіктері тұрғысынан қарап, талдап баяндады. Өзінің іргелі, аса құнды, ғылыми жаңалығы мол еңбектерімен Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуге, бүкіл әлемдік Шығыстану ғылымына баға жетпес үлес қосты. Қажымай-ғалмай архив материалдарын жинады. Шығыс қолжазбаларын тауып аударды, бірінші болып қазақ халқының бай рухани мұрасын ауыз-әдебиеті мен жыршылық, ақындық өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеді, басқа туыстас халықтардың өлең-жырларына, эпосына да қатысты құнды пікірлер айтты.

Шоқанның дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуына сол кездегі қазақ қоғамындағы жағдайлармен қатар Россияның реформа алдындағы жәй-күйі де әсер етті. Ол кезде Россия крепостнойлық тәртіпті жоюдың қарсаңында еді. Омбы интеллигенциясымен қызу араласқан Шоқан орыс қоғамын толғандырған идеялармен жете танысты. Ол Шығыстанушы ғалымдар Г.Н.Потанинмен, И.Березинмен, А.В.Васильевпен, А.Н.Бекетовпен, жер аударылып келген С.В.Дуровпен, тағы басқалармен достық қарым-қатынаста болды. Шоқанның ғылыми жұмыстарына П.П.Семенов-Тянь-Шанский де ерекше ілтипатпен қарады.

Оның, әсіресе, Ф.М.Достоевскиймен көп жылдар бойы



кездегі саяси-әлеуметтік жағдайды толық түсінуіне мүмкіндік берді. Сөйтіп, Шоқан заманның әділетсіздігі шонжарлардың озбырлығына қоса, негізінен, саяси және экономикалық жүйеге, патшалық самодержавие мен крепостнойлық тәртіпке байланысты екеніне көз жеткізді.

Патша өкіметінің үстемдік саясаты мен қазақ қоғамындағы орын алған күйзелістің де тамыры бір екенін аңғарды. Осы жағдайларды терең түсінуі оның қоғам қайраткері, гуманист-ғалым ретіндегі идеялық позициясын айқындауына әсер етті.

Шоқан туған халқын ғылым мен мәдениетке жеткізуге барынша күш жұмсады. Ол надандыққа, қараңғылыққа қарсы күресті. Сол кездің әлеуметтік теңсіздігін сынап, озағ адамгершілік идеяларды жақтады. Өз кезінде адамзат өркениеті мен мәдениетінің биігіне көтерілген Шоқан бірнеше бұрын өкілдерінің санасын оятып, әлеуметтік кемсітушілікке қарсы күресуді, әлемдік мәдени байлықтарды игеруді, сөйтіп, қазақ халқының өзге халықтармен тең өмір сүруін аңсады.

Шоқан (шын аты — Мұхаммедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қараша айында Аманқарағай округының бекінісі Құсмұрын деген жерде, қазіргі Қостанай облысының аумағында туған. Шоқан — Абылай ханның шөбересі, өз әкесі Шыңғыс Уәлиханов аты әйгілі аға сұлтан, беделді ел билеуші болған. 12 жасына дейін Шоқан Құсмұрында мектепте оқып, мұсылманша хат таниды. 1847 жылы Шоқанды әкесі Омбыдағы кадет корпусына оқуға түсіреді. Мұнда әскери пәндерден басқа, тарих, орыс және батыс әдебиеті, география, ботаника, физика, математика секілді ғылым салалары бойынша мол білім алады. Зейінді, зерек Шоқан орыс тілін тез үйреніп, орыс және батыс жазушыларының шығармаларын оқуға зер салады. Шығыс әдебиетімен бұған дейін де таныс, арапша еркін оқи алатын Шоқан енді классик ақындардың мұрасын тереңдеп танып білуге ұмтылады. Сөйтіп, ол өзі жасынан жадына сіңірген туған халқының поэзиясын, тарихи аңыздары мен жыр дастандарын енді әлем әдебиеті нұсқаларымен салыстыра, тарихи танымдық тұрғыдан қарап зерттеуіне мүмкіндік туады. Жасынан халық даналығын, оның рухани байлығын бойына молынап сіңірген Шоқан кадет корпусындағы өз құрбыларынан ойы озық, ғылыми пәндерді, әлемдік көркем әдебиет туындыларын оқып үйренуде ерекше қабілеттілігімен көзге түседі.

«Шоқан білімі жағынан тез өсіп, әсіресе саяси идеялар мен әдебиет жаңалықтары саласында өзімен бірге оқыған

жолдастарынан әлдеқайда озық болды. Мектеп бастықтары оған болашақта Орта Азияны зерттейтін жиһангер деп қарайтын. (орыс тілінен аударма — ред.) Омбыдағы әкесі оқыған. Кадет корпусында оқыған жылдары Шоқан қаладағы ең білімді адамдардың ортасында болды. «Сол ортада бірге араласа жүріп, Шоқан тез жетілді және өз тұрғыластарының алдында жүрді, әсіресе, саяси идеялар мен әдеби жаңалықтар жөнінде жолдастарынан көп озық, көп ілгері түрді. Мектеп (кадет корпусының — ред.) басшылары оған Орта Азияның болашақ саяхатшысы ретінде сеніммен қарады.

Географиялық қоғамның вице-президенті П.П.Семенов өзінің Тянь-Шанға сапары кезінде Шоқан Уәлихановпен кездесіп, Омбы сияқты шеттегі провинциалды қалада ешқайда шықпай отырып-ақ шығыстану жөнінде соншалықты бай білім қорын жинап, біліп алған жас жігітке таңданып таң-тамаша қалады. Шоқан онда Батыс Сібір генерал-губернаторлығы штабының адъютанты» — деп жазуы Шоқанмен бірге оқыған Г.Н.Потанин.

1853 жылы кадет корпусындағы оқуын аяқтаған Шоқан әскери қызметке жіберіліп, біраз уақыттан соң, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттің адъютанты болып тағайындалды. Шоқан онымен бірге Омбыдан Іле-Алағуына дейінгі сапарға қатысты. 1855 жылы К.К.Лутковскийдің экспедициясымен Қапалда болып қайтты. Онан кейін Алакөден Ыстықкөлге дейінгі экспедицияға қатысып, және дипломатиялық тапсырмамен Құлжаға барды.

Осы жылдары Шоқан Орта Азияның, қазақ және қырғыз елдерінің тарихы мен әдебиетін зерттеу жұмысын үзбей жүргізеді.

“Ыстықкөл сапарының күнделігі”, “Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы”, “Қырғыздар туралы жазбалар” атты зерттеулерін жариялайды. Шоқанның ғылымдағы жетістіктері жоғары бағаланып, ол 1857 жылы Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болады.

1858 жылдың күзінде Шоқан Қашқарға жіберілген экспедициямен 6 айға жуық уақыт болып, сондағы халықтардың өмір-тұрмысын зерттеп, Шығыс Түркістанның тарихы, географиясы, этнографиясы, шаруашылығы жайында мол мағлұматтар жинайды. Шоқанның осы зерттеу жұмысының нәтижелері шығыстану ғылымындағы аса зор ғылыми жаңалық екені сол кездің өзінде-ақ толық мойындалды.

1860-61 жылдары Шоқан Петербуртта болған кезінде әскери қызметі бойынша тапсырмаларды орындаумен қатар, Орыс географиялық қоғамының зерттеу жұмыстарына араласады. Экспедицияларда жүріп жинаған материалдарын жүйеге түсіріп, олардың негізінде бірнеше ғылыми еңбектер жазып жүрмегендей

1 Ч. У. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. А., 1984, Том I, 91-стр. Бұдан былай бұл басылымға сілтеме жасалғанда, бос томдық

Оның үстіне, тынбай ізденіп, әр түрлі ғылым саласын тереңдеп тексеруге көп күш салады.

1861 жылы ауырып қалып, емделуге елге оралған Шоқан ел билеу ісіне де араласып көрмекші болады. Бірақ билікті өз қолдарынан шығармауға тырысқан жергілікті әкімдер мен патша өкіметінің чиновниктері Шоқанның әйлетті билік жүргізіп, еліне адал қызмет етпекші ниетін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Кейінірек, 1863 жылы Шоқан Омбыдағы қазақ елін басқару жүйесіне өзгерістер енгізу мәселесін қараған арнайы комиссияның жұмысына тікелей қатынасып, ел билеу ісін жақсартуға бағытталған құнды пікірлерін қабылданған ұсынысқа кіргізеді. “Қазақтың көшп қонуы туралы”, “Сот реформасы туралы” жазба еңбектерінде өзінің қазақ елін басқару туралы ойларын толық баяндайды.

Ғалымның аса құнды түйінді пікірі – қазақ қоғамындағы ғасырлар бойы қалыптасқан, өмірдің өзі туғызған ел билеу, билік жүргізу, даулы мәселелерді шешу жолдарын, ұлттық салт-дестүрлерді орнымсыз, биліктіліктен, жана жағдайларға үйлестіре қолдану қажеттілігі ғылыми дәйектіліп ашып көрсетілген.

Осыған орай ол халықтың ұғым-түсінігіне, психологиясына жанасымы жоқ, басқа ортада туған тәртіп-заңдары қазақ еліндегі билік жүргізу ісіне күштеп енгізу қолайлы болмайтынын бұқтесіз айтып, дәлелдеп берген.

1864 жылдың көктемінде Шоқан Қоқан хандығына бағынышты болған Оңтүстік Қазақстанның жерін Ресейге қосу үшін құрылған М.Г.Черняевтің комиссиясына қатысып, еларалық мәселелердің әділ шешілуіне күш салады. Бірақ Черняевтің қарулы күш қолданған каталдығына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, оның отрядынан кетіп, Алматы (ол кезде – Верный) қаласына келеді, аға сұлтан Тезек төренің аулына барады. Өмірінің соңғы кезінде Шоқан Жетісу қазақтарының өмірін, осы өңірдегі ел басқару жүйесін зерттеп, өкімет орындарына құнды ұсыныстар береді.

Ғылымның әр тарабын ұштастыра, қатарластыра дамытқан жан-жақты ғалым Шоқанның еңбегі ұлан-теңіз, шексіз зор, ғылыми зерттеулері сан-салалы дегенде, сол мұраның маңызды бір саласы әдебиет туралы ой-пікірлері екенін ауыз толтыра айта аламыз. Мұның өзі үш тармақтан құралатынын байқауға болады. Бірінші – тікелей әдебиет мәселесіне арналған еңбектері (“Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы”) деген зерттеуі және өлең жырлардың өзі жинап, бастырған халықтың аңыз-әңгімелеріне,

Екінші – түгелдей не жартылай халықтың аңыз-әңгімелеріне, өлең-жырларына, басқа әдебиет нұсқаларына негізделіп жазылған, бірақ осы үлгілерді тарих, этнография тұрғысынан

ертегілері”, “XVIII ғасырдағы батырлар жайлы тарихи аңыздар”, “Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары” т.б.).

Үшінші – әдебиет туралы әр жерінде бөлек тоқталып, бірақ өле құнды пікірлер айтқан еңбектері (“Қазақтың шежіресі”, “Жоңғария очерктері”, “Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы жазба”, “Қырғыздар туралы жазбалар” т.б.).

Бір сөзбен айтқанда, Шоқан ең көрнекті, белгілі зерттеу еңбегінің бірде-бірінде әдебиетке қатысты мәселелерге соқпай кетпейді, фольклорлық нұсқаларды жыршылардың, ақындардың өлең-жырларын, оларда бар дерек-мағлұматтарды қалайда пайдаланып отырады.

Шоқан өлең, аңыз, ертегіге жас кезінен-ақ құлақ түрген, оларды қызыға жадында сақтауды, жазып алуды әдет еткен. Бұл әдетін ол өсе келе, әдеби мұраны жүйелі түрде зерттеген кезінде, әсіресе, қатты ұстаған. Халықтың сөз маржанын Шоқан үнемі жалықпай тергенін оны білген адамдар ерекше атап көрсетеді. Г.Н.Потанин ол туралы “Шоқан келелі кеңес құрып, ұзақ әңгіме қозғағанда, сөз арасында үнемі өлең-жырлардан үзінділер келтіріп, кейбір жайларды анықтау үшін ертегі-аңыздарды, мақал-мәтелдерді айтып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы да түсінік беріп отыратындығын әңгімелейді”, — дейді.

Ел арасынан жазып алған өлең, жырлары есепсіз екенін Шоқан өзі де айтқан.

Шоқан халық әдебиеті қазынасын емін-еркін игеріп, сөз теңізінің тұңғығына да бойлап, тұщысы мен тұнығын да айыра білді. Ол халық поэзиясының үлгілерін құнды, құнсызын сараптап, үлкен талғампаздықпен екілеп алады. Сонымен бірге, өз еңбектерінде әдебиет мәселелеріне тоқталғанда, әбден жақсы білген, қанық болған деректерді ғана келтіретіні күмәнсіз. Кейбір деректерге қарағанда, ол Жанақ туралы көп жайларды әңгімелеп айтқанды екен. Бірақ өзінің зерттеулерінде ол осы жырау туралы мағлұматтардың біразын ғана орнымен пайдаланған. Бұған қоса, Шоқан Жанақты, Шөжені, тағы басқа көптеген ақын-жырау, өлеңшілерді өзі көріп білгенін, кездескенін, сөздерін аузынан жазып алғанын да есте тұтуымыз керек.

Өзінің зерттеу еңбектерінде Шоқан қазақтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, өлең-жыр үлгілерін жиі және өте мол пайдаланады. Сонда бір көніл аударарлық нәрсе – қазақша өлең, жыр не әдеби нұсқадан үзінді келтірсе, айшықты, кестелі көркем сөздің қалпын бұзбай тіл ерекшеліктерін толық сақтайды және орыспалағанда қазақша нұсқаның мағынасын ешбір бұлжытпай, дәл түсіреді. Мысалы, ол “XVIII ғасырдағы<sup>2</sup> батырлар

<sup>2</sup> Соңда, 216-222-бб. Ескерту: Бұдан былай бұл басылымға сілтеме

жайлы тарихи аңыздар” деген еңбегінде Бұхар жырау мен Тәтiқара жыраудың кейбiр өлеңдерiн және бiр қыздың өлеңмен айтқан зарын мазмұнын ешбiр айнаспай орысша айтып бередi. Жеке сөздерге, сөз орамдарына түсiнiк бергенде, әр сөздің шығу төркiнiн, түпкi мағынасын өте байыпты талдап анықтайды.

Қазақтың ауыз әдебиетiн, ақындар поэзиясын жас кезiнен жақсы бiлiп, өлең-жыр, дастандарды сол кездегi айтушылардың аузынан естiп, леззат ала бiлгенi Шоқанның туған елiне, өскен жерiне, оның сұлу табиғатына деген махаббатын аргтыра түскенi сөзсiз.

“Ыстықкөл сапарының күнделiгi” атты еңбегiнде Шоқанның Аякөз өлкесiнiң, Аякөз өзенiнiң ғажайып сұлулығына сүйсiнсе қарайтынын айтып,

“Бөлкiм, бұған бiр кезде осы өзеннiң бойында болған сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы-Көрпешке ғашықтығы жайындағы тамаша аңыздың да әсерi аз емес шығар”<sup>3</sup>, – дегенi тегiн емес болар.

Ал ендi Шоқанның Шығыс пен Батыс әдебиетiн, орыс әдебиетiн де жақсы бiлгенi арнайы дәлелдеудi қажет етпейдi. Ол өте-мөте орыстың классик жазушыларының шығармаларымен көбiрек танысып, “Современник” және “Отечественные записки” сияқты журналдарды әдейiлеп iздестiрiп тауып, оқып жүредi.

Шоқан кадет корпусында оқып жүрген кезiнде орыс әдебиетiне қоса, ағылшын жазушыларының шығармаларын да ерекше ықыласпен оқитын болған.

Бiз Шоқанның еңбектерiнен белгiлi тарихшы, ғалым, саяхатшы, зерттеушiлердi былай қойғанда, Гомер, Гете, Гоголь, Диккенс, Жорж Санд секiлдi ақындардың есiмiн кездестiрiп отырамыз. Ол бiрде Шекспир, Лермонтов шығармаларынан үзiндi келтiрсе, тағы бiрде Қарамзиннiң тарихи зерттеу еңбегiн есiне алады.

Шоқан аса көрнектi жазушылармен, мысалы, керемет суреткер сөз зергерi Ф.М.Достоевскиймен ұзақ жылдар өте жақын дос болып, Майков, Полонский сияқты ақындармен таныс болған.

Шоқанның еңбектерiн оқыған адам оның әдебиетке көлденең кiсiнiң көзiмен қарайтын зерттеушi емесiгiн бiрден таниды. Көркем шығарманың iшкi-сыртқы қасиетiн терең түсiнiп, ыстық жүрегiмен сезнетiнi оқушыны қызықтырып әкетедi. Зор шабыт, толқу үстiнде туған, әсерлi публицистикалық леп, бейнелеп, көркемдеп айтуға шеберлiк Шоқанның баяндау әдiсiн ерекше жаңдандырып, түрлендiре түседi. Ендеше бiз Шоқанмен кәдiрлес, достас болған Ядринцевтiң, оны ақын жанды адам деуiнде ешбiр қоспа, әсiрелеу жоқтығын әбден мойындауға тиiстiмiз. Әдiл сыншы, үшкiр, өткiр сөзге әуестiк Шоқанға өте бiр тән қасиет едi.

дегендi де оның замандастары тегiн айтпаған сияқты. Бұл қасиет тапқырлықпен, шешендiкпен егiз-екi туатыны анық қой.

Шоқан әдебиет мәселелерiн бiргалай еңбектерiнде тарих, этнография мәселелерiне байланысты қарастырады. Қазақ тарихын, этнографиясын, жалпы мәдениетiн зерттеген адам жазба деректер аз болғандықтан, қалайда ауыз әдебиетi үлгiлерiне арқа сүйемегi, соны тiрек қылмағы қажет екенiн ол жақсы түсiнген. Бiрақ Шоқан әдебиеттен осы салалардағы зерттеулерiне қажеттi жеке деректер iздеумен ғана тынбайды. Өйткенi, аңыз-әңгiме, ертегi, өлең, мақал-мәтел, жыр мен дастан, хикая – бұлар тек ескiден, өткен заманнан қалған шашыранды, дара белгiлер деп санау – ол аз. Олай деушiлiк әдебиеттiң, алуан түрлi көркем шығармалардың әр дәуiрдегi iрi қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, халықтың өмiр-тұрмысы, салт-санасы, әдет-гүрлi, мәдениетi жайлы тұтас, жинақты терең түсiнiк беретiнiн ескермегендiк, есепке алмағандық болар едi. Жазба әдебиет тумаған, ғылым дамымаған кезде ауыз әдебиетiне ерекше, қосымша салмақ түсетiнi мәлiм. Оған философия, астрономия, тағы басқа ғылым салаларының орнын толтыру мiндетi де жүктеледi. Мұны әрине, Шоқан мұқият ескерген. Қоғам өмiрiн үдiле, жан-жақты зерттеген, жалпы дүниетану дәрежесi өте жоғары тұрған ағартушы-ғалым әдебиет шығармасының заман шындығымен және өткен өмiрмен қаншалықты терең қабысатынын жете бiлдi. Әдебиеттiң, ақындық өнердiң өзгешелiгi, тарихи дамуы туралы сөз қозғағанда, Шоқан әрқашанда өлең-жыр, ертегi-аныздарды күрделi қоғамдық, саяси мәселелермен ұштастырып, кең арнада тексередi. Ал мұның өзi – оның әдебиеттi зерттеудегi әдiсiнiң аса бiр ұтымды жағы, артықша ерекшелiгi едi.

Шоқан әдебиеттiң тарихи және кейбiр теориялық мәселелерiне де терең бойлап, оның қоғам өмiрiндесi орны, көркемдiк ерекшелiктерi жайлы көп толғанып, байсалды, құнды шiкiрлер айтты.

Шоқан көркем шығармаларды сол кездегi тарихи жағдайдан, қоғамдық өмiрден тыс алып қарамайды. Бұдан оның ескi мен жаңаның қақтығысы, халық мүддесi үшiн күресте әдебиет күштi құрал екенiн терең түсiнгенi көрiнседi. Ол би, сұлтандардың, ел билеушiлердiң мүддесi халық мүдесiне сәйкес келе бермейтiнiң тура айтқан.

Ауыз әдебиетi үлгiлерiне баға бергенде, бiлiр зерттеушi шығарманың халықтың тiлек-талабына қаншалықты сәйкес екенiне үлкен зер салады. Ескi сананы уағыздайтын, бай, сұлтандарды мадақтайтын ақындарды қатты сынады.

Шоқан әдебиеттi, сөз өнерiң халық бойына бiткен зор таланттың, керемет қабiлеттiң, ақындық қуаттың белгiсi санады.

көп және олар өлең мен музыканы жақсы көреді"<sup>4</sup>, – дейді Шоқан. Шоқан халық поэзиясы жан-жақты, сан салалы, бай, мазмұнды, өрнегі мол, өскелең өнер болып дамығанын мақтанғұға айтады.

"Көшпелі кәсіптердің қай-қайсысының болсын бір өзгешелігі – олар өлең-жырға, әсіресе суырлып салма өнерге бейім келеді. Бөдеуилердің ақындық ой толғамы, суырып салма айтқыштары Еуропа халықтарына әбден мәлім. Арабия даласын аралағандардың бәрі де жас балалардың өздеріне қойылған сұрауларға қисынды, ұйқасты өлеңмен жауап қайтарғандығын айтып, ауыздарының суы құриды. Моңғол-түрік тектес рулар да дәл солай. Мұндай қасиеттердің болуына көшпелілердің алаңсыз, бейқам өмірі әсер етті ме, әлде ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдыздары ашық аспанды сұлу табиғаты әсер етті ме кім білсін!"<sup>5</sup>.

Қазақтың ауыз әдебиетінің ел болып рухани өмірінде не тудырды дегенде алдымен айтарлық дәрежеде анық бағалы өнер санатына қосарлық қасиеті бар деп дәлелдейді. Ой дүниесінде, прогресс жолымен алға басуда қазақ халқы өзінше өріс таба білген деп, әлеуметтік мәні бар қорығынды-байлам жасауынан жаңағы пікірдің осы жүйелі тұжырымға түйісетіні байқалады.

"Сот реформасы туралы" еңбегінде халықтың күш-қуатына, болашағына сенімі күшті ағартушы-ғалым-ел болып, халық болып келешекке үміт артқанда, келер заманды ойлағанда нені медет қыламыз деген сұрауға жауап бере отырып, екі нәрсеге арнайы тоқталған. Сонда бірінші – халықтың, қауымның баянды табысы, берік игілігі дерлік тұма әдебиетіміз бар десе, екінші – қоғамдық қалпымыз жоғары сатыда болмағанмен, мәдениетті елдерге ұқсастықтан құр алақан емеспіз дейді. Ұлы ағартушы-ойшыл қазақ халқы елдігі бар, өнері бар, оқу-білімнен кенде қалса да, рухани дүниесі бай, өсуге, жаңалыққа бейім халық дегенді де жоғары пікірлеріне орайлас айтады. Сондықтан да әр сөзі зор сеніммен айтылып айғақты, бұтартпайтын дәлелді болып шыққан.

Шоқанның әдебиет мәселелері жайында құнды пікірлер айтқан шығармаларының бірі – "Қазақтың шежіресі" деген еңбегі.

Осы еңбегінде Шоқан қазақ халқының өлең-жырды, ән-күйді, сауықты сүйетінін, қандай да болсын, өмір құбылысын поэзияға айналдыра алатын ақындық қуаты зор екенін тағы да атап көрсетеді. Өткенді бағалауға ой-өрісі мол жететін тарихшы-ғалым қазақтың өз алдына ел болып қалыптасқаннан бергі өміріне көз салып, осы ұзақ дәуірдегі бірден-бір айтарлықтай уақиға, не ауызға ілінерлік көрнекті адам халық санасында, ол тұғызған

көркем шығармаларда із қалдырмай кетпеген деп кесіп айтқан. "Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында естерінде қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырып салма ақындар не жыршылар жыр етті, енді біреулерінің атын ұрпақтардың естерінде ұмытылмастай етіп қандай да болсын, бір белгілі сыбызғышы не қобызшы музыканттар мәңгі өшпестей мұра ғып тастап кетті"<sup>6</sup>, – деп жазады Шоқан.

Мұның өзі құр болжам емес, көп іздену, терең зерттеуге сүйеніп айтылған ғиянақты, қорытынды пікір екені дау туғызбаса керек.

Осы еңбегінде ауыз әдебиетінің жеке үлгілерін сөз қылғанда, Шоқанның Жиренше шешен туралы ел арасында көп тараған аңыз-нақылдарын жоғары бағалуы атап айтуға тұрарлық<sup>7</sup>.

Сан алуан өмір құбылыстарын баяндайтын халықтың аңыз-әңгімелері, әсіресе, тарихи аңыздар, ерекше көз тартарлық дей келіп, Шоқан қазақта тарихи аңыздардың қыруар мол екенін және бұлардың көркемдік жағының күштілігін, халықтың сөз өнерінің қайнар көзінен суарылып шығатынын айтады.

Шоқан жақсы аңғарған тағы бір жай – қазақтың аңыз-әңгімелерінде бос қиялдан туған, қисынсыз, шектен тыс баяндау жоқ, тарихта болған жайлар анық, дәл бейнеленеді. Халық аңыздарындағы тарихи уақиғалардың суреттелуі, Шоқанның байқауынша, Абылғазының еңбегінде "Жамиғат-тауарих" (Рашид-Әд-дин) сияқты зерттеулердегі деректермен үйлес келеді<sup>8</sup>.

Халық аңыздарын тарихи деректермен салыстырумен қағар, олардан халықтың бүтінгі өмір-тұрмысы, психологиясымен жақындық-жалғастықты көре білу де қажет екеніне Шоқан өз зерттеулерінде назар аударған.

"Егер жұрттың айтуымен Геродот жинаған Гомердің өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егерде өзгеріліп, мысал терізді болып кеткен аңыздардың негізінде оқиға, шындық жататын болса, қазақтың ата-бабаларының өмір-тұрмысын, әдет-ғұрпын, әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттелген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез-құлқымен және олар жөніндегі тарихи нұсқалармен салыстырсақ, онда аңыздардың тарихи мәні болуының мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек"<sup>9</sup>, – дейді Шоқан.

<sup>6</sup> Ш. Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т., 1984, 302-б.

<sup>7</sup> Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Том I, Алма-ата, 1961, с. 210

<sup>8</sup> Сонда, 213-б; 218-б.

<sup>9</sup> Сонда, 210, 213-бб.

Бірнеше зерттеулерінде Шоқан тарихи жырлар мен аңыз-ертегілердің ұзақ уақыттар бойы таза сақталып келгенін, байтақ қазақ жерінің әр тұсынан жиналған аңыз, жырлардың нұсқалары біріне-бірі өле ұқсас шығатынын айтып, бұған үлкен мән береді. Бұл орайда ол қазақ ақын-жыршыларының суырып салып айтуға ерекше шеберлігін және ұзақ өлең-жырды жадында сақтай алатын қасиеті сүйсінерлік екенін көрсетіп береді.

“Ата-бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға дегенде, халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан ауызға жазбасыз, баспасыз, алып даланың бір шетінен екінші шетіне жеткізің, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма (импровизаторлық) ғажап қабілетінің көрнісі болса керек. Көне жыр-дастандардың сол бөз қалпында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінде айтылатын шығарманың оқиғасы боз даланың екінші шетінде айна-қатесіз қайталануы таңдандырмай қоймайды. Көне түркілік салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда, өмірдің бар саласын қамтитын оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су аттары, т.б. есте сақталып, атадан — балаға жалғанып жатады. Осы тарихи мәні бар мол мұраны біреулер ауызша, домбырамен сүйемелдеп әндетсе, енді біреулер, мынау сонау заманда жасаған пәленше деген күйшінің аты өшпес күйі еді деп, сыбызғыда ойнап, қобызда тартып, өнерлі адамдардың аты ел-жұрттың есінде мәңгі қалып қоюына себепші болады”<sup>10</sup>, — деп жазады Шоқан.

Шоқан бірнеше еңбектерінде қазақтың батырлар жыры туралы терең пікір қозғап, олардың тарихи мәні зор екенін дәлелді де дәйекті талдап көрсеткен.

“Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша: 1) неге десекіз, ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр. 2) Әр уақытта жасаған әртүрлі ақындар бұл жырларға үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазына тастап кеткен”<sup>11</sup> — дейді Шоқан.

“Едіге батыр” эпостық жырын Шоқан “Қазақтың ең тамаша тарихи жыры” деп атайды, одан үзінділер келтіреді. Соның бірі Едігені Тоқтамыстың тоғыз батыры құыл жеткенде, Едігеге Кенжебайдың айтқан сөздері:

Ай, Едіге, сен енді қайт сана,  
Қайтып Еділ өг сана,  
Еңсесі бйік боз сана  
Еңкейе сәлем бер сана,  
Еріні жұқа сары аяқ  
Ер сарқытын іш сана.

Жаурындары жақтары,  
Түйме бауы тартпалы  
Ал қара кісі үстіңе

Тон береді, ки сана,  
Көкала жорға ат мініп,  
Көк дауылпаз байланып,  
Тұтам баулы сом алтын  
Ақсұңқар құс береді,  
Көк айнала шүй сана”<sup>12</sup>.

“Жоңғария очерктері” атты еңбегінде де Шоқан осы мәселеге ерекше көңіл бөлген. Батырлар жырына ерекше тоқталып, оның халықтық сипатын, тарихи мәнін, тіл, әдебиетті зерттеу тұрғысынан қарағанда өте құндылығын айтқан.

Ғалым Едіге, Ер-көкше, Орақ, Шора туралы басқа сондай эпостық жырларда халықтың рухы, өмір салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы көркем бейнеленгенін атап көрсеткен.

Шоқанның өте бір бағалы ғылыми терең пікірі — ол қазақтың әйгілі батырлар жырын ноғайлы жырларының тобына қосып, осы жырлардың туған заманын ХІV, ХV, ХVІ ғасырлардың арасы деп анықтады<sup>13</sup>. Содан бергі уақытта әр түрлі зерттеу еңбектерінде осы мәселе туралы әр қилы пікір айтылып келеді. Бірақ осы аса күрделі, қиын мәселенің шешімін табуға тырысқан ешбір ғалым Шоқанның өте байсалды, орнықты тұжырымын ескермей кетпегені хақ. Оның үстіне, осы жөніндегі түпкі қорытындысы қалайда Шоқанның пікіріне саятын, сәйкес келетін белгілі ғалымдар да аз емес. Бұл Шоқанның әдебиет тарихының өскіні, проблемалы мәселелерін орынды қозғап, тиянақты пікір қорыға алатындығына айқын дәлел.

Шоқан әдебиет мәселелерін тексергенде халық өмірі, тарихи жағдайынан туған өнер өзгешелігі, поэзияның ұлттық ерекшеліктері қандай деген сураққа өте айқын, дәл жауап айтуға күш салады.

Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның кейінгі зерттеушілер “Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы” деген атпен бастырып жүрген белгілі еңбегі өте бағалы және батыл бастама.

Мұнда Шоқан халық поэзиясында әбден орныққан тұр, үлгілерді негізінен жанрлық ерекшелігі жағынан саралап, жүйеге салып, айтып беруді мақсат етеді. Бұл ғылыми еңбектің ерекше құнарлы, құндылығы — ол бұдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын жазылды. Және оны қазақ поэзиясының табиғатын, сырын терең түсінетін, әдебиетке байланысты мағлұматтарды қисапсыз

<sup>12</sup> Ш. Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т., А., 1984, 281-б.

көп білетін адам жазды. Зерттеуші, сөзсіз, өзі көріп-білген, сол кездегі ел арасындағы өлеңші-жыршылардың өнерінен өзі танып байқаған жайларды толық еске алады. Ендеше бұл еңбектің басқа құндылығынан бөлек тарихи маңыздылығы және бар. Қазақ әдебиетінің поэтикасы мәселелерін дәл осындай қалыпта арнайы тексерген зерттеулер ол кездерде өте сирек.

Шоқан халықтың поэзияда ең көп тараған түрлері деп жыр, жоқтау, өлең, қайым өлең, қара өлеңді жеке-жеке алып сипаттайды. Бірақ ол негізінде жыр және өлең деп екі түрлі ажыратып, сонан кейін барып, жырмен құрылысы, өлшемі жағынан ұқсас болғанмен, жанрлық қалпы басқаша жоқтауды бөлек алып, ал өлеңнің ішінде қайым өлең мен қара өлеңді бөліп қарағанға ұқсайды.

Шоқан ауыз әдебиетіндегі үлгілердің бәрін толық қамтымай, басты-бастыларын ғана айтқан дегеннің өзінде, поэзияны осылай жүйелеп, түрге бөлудің үлкен ғылымдық мәні бар екенін мойындау шарт. Бұл әдебиеттің өсу дәрежесі қаншалық биіктеніп танып білу үшін де айрықша қажет. Өйткені халықтық поэзияда өзіндік сипаты мол түр-үлгілердің қалыптасып жетілуі сөз өнерінің сатылап өсіп, салаланып байып томысқанының басты бір белгісі екені ешбір күмәнсіз.

Шоқан жырды халық туғызған поэзиялық үлгілердің ішіндегі ең бір көне, байырғы түрі дейді. Мазмұны жағынан алғанда, жыр әдетте ертедегі батырлардың өмірін суреттейді деген пікір айтады. Бұдан оның жыр дегенде батырлар жырын айтатынын және оны белгілі тарихи кезеңде туған деп санайтынын көреміз. Олай болса, өлең мен жырды салыстыра келіп, өлең түріндегі шығармалар поэзияда кейінгі кезде орын тепті дегенді Шоқан белгілі мағынада айтатын секілді. Бұл жерде Шоқан ақын-жыршылар жыр түрін бұрынғыдан азырақ қолданып, желілі уақиға баяндағанда дастан, поэма, қисса шығаруға көбірек ұмтылады деген ойды меңзеген болса керек.

Халықтың эпостық жырларының ішінен Шоқан “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына ерекше назар аударды. Ғалымның “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының ырғақ-өлшемі туралы айтқан пікірі ерекше көңіл қоярлық. Осы жырдың Жанақ ақынның аузынан өзі жазып алған сөзінің бастапқы шумағын келтіре отырып, ол қазақ өлеңінің құрылысы араб поэзиясындағы өлең өлшемінен мүлде басқаша, өзінше келетінін айқындап ашып берген. Шоқанның осы тұстағы өлең өрнегі туралы сөздерінен, оның қазақ өлеңінің құрылысы бұрын санының тұрақтылығына негізделген силлабикалық (силлабо – латынша буын) жүйеге жатады деп санағанын байқауға болады.

Сөз болып отырған осы еңбектің бұдан басқа да назар

ақындық өнерін ерекше бағалауы, қайым өлеңді өзгеше құрылыс-бітімі, шумақ-өрнегі жайлы тұжырымдары. Бұған қоса Шоқан осы зерттеуінде жырдың ырғақтық құрылысы және өлеңді ауызша айту дәстүрі сияқты мәселелер жөнінде де құнды пікірлер айтқан. Соңғы айтылған жайды біраз анықтай түссек, Шоқан халық поэзиясының басты екі ерекшелігін толық таныған.

Бірі – өлеңді ауызша шығарып, айтатын қазақ жыршы, өлеңшілерінің өнеріндегі бөлекше сипат – суырып салып айту. Жеке экспромт, термелер, түйдегімен төгілетін тұтас толғау да, ұзақ желілі жырлар да кенеттен құйыла береді.

Екіншісі – жыр (толғау да), ұзақ өлең шығарма әдетте термелел, ықшамды әуен (речитативті) қолданып, жедірмелі сөзбен айтылады.

Шоқан қазақтың эпостық жырлары көп нұсқаны болып келетінін өте дұрыс аңғарған. Оларды зерттеп білу үшін осындай әр түрлі нұсқаларды түгелдей жинау, тексеру шарт деп санаған. Мұның бір дәлелі – ол “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”-дың бір емес, бірнеше нұсқаларымен танысады, бір нұсқасын Жанақтың аузынан жазып алса, тағы бір нұсқасын Шөженің айтуы бойынша жазып алады. Бұл екеуімен де тынбай, поэманың үшінші нұсқасын тағы іздеп тауып алады.

Қазақ поэзиясының, ауыз әдебиетінің төл сипаттарын айқындаумен бірге, Шоқан оның басқа елдердің әдебиетімен жалғас, аралас жақтарын да ашып көрсетеді. Ауыз әдебиетін тұтас алып, оның негізін, басты ерекшеліктерін анықтағанда да, кейбір жеке мәселелерді сөз қылғанда да, осы бетінен жазбайды. Алғыр ойлы ағартушының зерттеу еңбектері бұл ретте қазақтың халықтық поэзиясы басқа елдерге де жат емес, оларға да жақын, жатырқамай қабылдауға тұрарлық жағымды боларлық қасиеті көп деген ойын танытпай ма? Қазақтың ауыз әдебиетін зерттегенде, Шоқан өте-мөте қазақ пен орыс халқының, осы екі іргелес елдің мәдени жақындығын көп табады.

Айталық, Шоқанның қазақтың эпостық жыршы шығыс әдебиетінен гөрі батыс, әсіресе орыс әдебиетінің дәстүрлеріне жақын деуінде мән бар. Осының өзі жырдың өмір суреттеу әдісі, поэтикасы, көркемдік амал-тәсілдерінің шындыққа жанасымдылығы, қарапайымдығы туралы көп нәрсені аңартқандай. Бұл жерде қазақ жырының орыс (индо-герман) эпосына жақындығы ең алдымен осы тұрғыдан айтылғаны талассыз сияқты. Шоқан орынды байқаған қазақ ертегілері мен орыс ертегілері арасындағы кейбір ұқсастықтар өз алдына. Бұл – кейінгі зерттеушілер толықтырып, анықтай түскен мәселе.

Сонымен Шоқан қазақ әдебиеті мен басқа Орта Азия халықтарының әдебиетіндегі ортақ тақырып, сюжет, басқа

отырады. Мысалы, қазақтың батырлар жырының таңдаулы үлгілерін басқа туыстас, түркі тілдес халықтарға да (қырғыз, өзбек, т.б.) ортақ мұра деп қарағаны көңіл аударарлық. Сондай-ақ, түркімен халқының “Көроғлы” дастаны қазақ арасында кең тарағанын айтқаны да – қызықты мағлұмат.

Дүние жүзі әдебиетінен жете хабардар ғалым қазақ әдебиеті мен басқа елдердің мәдениетіндегі кейбір ұқсастықтарды да дұрыс байқаған. Қазақ аңыздарында кездесетін жалғыз көзді жалмауызды “Одиссейдағы” жалғыз көзді алып Полифеммен салыстыруы осыған дәлел.

Туысқан, көршілес елдердің әдебиетін зерттеуге Шоқан аянбай күш жұмсады. Оның қырғыз халқының мәдениеті мен әдебиетін зерттеу ісіне орасан зор үлес қосқаны көпшілік таныған, өбден мойындаған шындық. Қырғыздың атақты “Манас” жырын ғылым әлеміне әйгілеген Шоқан, оны “Илида” мен қатар қойып, ауыз әдебиетіндегі дүние жүзілік мәні бар, аса маңызды ірі эпикалық туынды деп бағалады. Жырдың мазмұнын баяндап, оның қоғамдық, тарихи мәнін, мәдени өмірдегі орнын айқындады.

“Манас” – бір кезенге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырған қырғыздың барлық ертегі, хикая-әңгімелерінің, аңыздарының энциклопедиялық жинағы... Бұл керемет үлкен жырда қырғыздардың тұрмыс қалпы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, географиясы, діни және медициналық түсініктері, әрі халықаралық қатынастары суреттелген”<sup>14</sup>, – дейді Шоқан.

Мұнымен бірге зерттеуші “Манас” жеке аңыз-ертегілер, өлең-жырлар негізінде топтасып, ұлғая келе, зор эпостық жыр болып қалыптасқан деп, өге қисынды дәлелдеп және қосылған әр түрлі қоспалары, тіпті кейде жанама сөздері де бар екенін көрсетті. Жырдың “Көкетай ханның асы” деп айрықша зор бағалаған бір бөлімін орыспалап қарасөзбен аударып шықты.

Соңғы кезде “Манастың” сол уақытта қырғыз жыршысының ауызынан жазылып алынған, Шоқан зерттеу еңбектерінде пайдаланылған нұсқасы да табылды.

Оны іздеп тапқан академик Әлкей Марғұлан былай деп жазды: “Шоқан бұл жырды қасына ертіп жүрген не қырғыз не қазақ жігіттерінің біреуіне жаздырған сияқты. Жыршының айтуына үлгіре алмай қалдырып қойған сөздерді Шоқан өз қолымен қосып отырған. Жалпы түріне қарағанда, жазылып біткен беттерді Шоқан өз көзімен қайыра өткізіп, күдікті жерін жыршыға қайтадан айтқызып, толықтырып отырған”.

“Манасты” осылай қызыға, құлшына тексерген ғалым, онымен тұтас, жалғастыра айтылатын “Семетей” жырына да әдейі тоқталып, оны қырғыздың “Одиссейасы” деп атайды.

<sup>14</sup> Сонда. 349-350-бб.

Шоқан қырғыз елін көп аралап, халықтың өмірін, тұрмыс жайын, әдет-ғұрпын, мәдениетін саралап, ден қойып, үнділе зерттегендіктен, оның “Манас” жырын ғылымдық көзбен қарап танып-білу үшін қажетті көп мәселені дұрыс аңдап, айқындап беруге толық мүмкіндік туыды.

Зерттеуші жырда Манастың бейнесі қалай суреттелетінін нақтылы талдап баяндайды. Манастың хан тұқымынан шықпағанын, оның әкесі хан емес екенін атап өтеді.

Шоқанның “Манас” туралы айтқан пікірлерінен оның бұл кесек эпостық шығарманы неғұрлым толық тексеріп білуге ынтыққанын айқын сеземіз. Бұған жоғарғы айтылғандардан бөлек дәлел келтірелік.

“Манаста” қырғыздар өздерін Енисейден ауып келдік деп санайды дейтіндей тұжырымға негіз боларлық ешбір сөз жоқ”, – дейді Шоқан. Осы қорытындыны ол жырды тұтас алып, түгел шолмай, жайдан-жай айта салмаған деп қарағанымыз мақұл.

Шоқан “Манастың” тілі, көркемдік сипатына тән бірталай ерекшеліктерді де жақсы байқаған. Жырдың белгілі ырғағы, өлшемі және ұйқасы бар дейді. Әр жолдың соңындағы ұйқастен бірге бірнеше қатарлас тармақтың бастапқы буындары да үнемі үйлесіп, үндесіп келетінін, осыны қырғызша жырдың нұсқасынан бірнеше мысал келтіріп анықтап көрсетеді.

Қырғыз халқына үлкен бауырмалдық сезіммен қараған Шоқан “Манаста” қазақ жайлы да баяндалатынын, қырғыз бен қазақтың жақындығы, достық қарым-қатынасы суреттелетінін сүйсіне айтып өтеді. Қырғыздың жыр-дастандарының ішінде қазақ әдебиетінен ауысқандары бар дейді.

Шоқан қырғыз әдебиетінің эпостық жырдан басқа салаларын, үлгі-нұсқаларын да (мысал, ертегі, аңыздар, әнімнен айтылатын өлеңдер, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдер) тексере қарастырып, жіктеп, сипаттап беруді көздеді.

Ұлы ағартушы жалпы қоғам өмірі, елдің тарихы мен мәдениеті секілді мәселелерін де алдыңғы қатарлы топтың тілек-талабы, гуманистік ой-пікірлер тұрғысынан талдап баяндайды.

Шоқан өмірінің биік нысана-мұраты Абай арман еткен “терең ой, терең ғылым” болды. Өзі өмір сүрген ортада қолдайтын еңбегін, ойын ұғарлық адам сирек болса да, Шоқан қазақ сахарасына даналықтың сеуле нұрын шашсам деген мақсат-ниеттен тайған жоқ қандай ауруишальқа болсын шыдап бақты.

Шоқанның артықша қасиеті – ол қазақ халқының ең ірі көрнекті қайраткерлерімен үндес, ой-пікірі ұласып, бірдей шығады. Оның ғалымдық жолы мен Абайдың ағартушылық ақындық жолы бір арналас.

Шоқан еңбегінің зор тарихи мәні – оның шығармалары сол кезің өзінде кең таралы, қазақ халқының тұрмысы, мәдениетімен

көптеген адамдардың танысуына мүмкіндік туғызды. Қазақ халқымен орыс және басқа халықтардың жақындық-достық қатынасын нығайтуға себін тигізді. Сөйтіп оның шығармалары өз заманының, оған кейінгі уақыттың да қажетін өтеп келеді.

Шоқан шығыстану зерттеулері аспанында жарқырап ағып өткен жұлдыз деп тегін атамаған десек, жарқ етіп сәулесі шапқан асыл ой ешбір өшпейді дегенді де қоса айтуымыз керек. Оның шұғылалы сәулесі мыңдаран көкірекке нұр болып құйылды, талай талаптыңмың жан дүниесіне ұрық болып себілді. Ғалымның ортақ ой-пікірлері бүгінгі қауымның ақыл-ой, өнер қазынасына келіп қосылды.

Қазақ ауыз әдебиетінің, нұсқаларын ғылымдық негізде жинау, әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеуді қолға алған бірінші қазақ ғалымы Шоқан екені қандай талассыз болса, оның бұл игілікті істі жолға қою, қалыптастыруда зор еңбек атқарғаны сондай талассыз.

Шоқанның әдебиет жайлы көптеген ғылымдық мәні зор пікірлерінің маңызы ғылым дамыған сайын тереңірек айқындала түсетінде сөз жоқ. Және әдебиет ғылымы қаншалықты қарыштап өскенімен, Шоқан мұрасы өз мәнін ешбір жоймақ емес.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841-1889)

Қазақтың ұлы ағартушысы, өз заманының көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-этнограф, ақын және жазушы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушылардың бірі Ыбырай Алтынсарин халқымыздың рухани өмірінің тарихында аса маңызды орын алады. Он тоғызыншы ғасырдың ортасына қарай қазақ даласында түрғаланып көрінген үш бөйтеректің ортаншысы Ыбырай Шоқаннан алты жас кіші, Абайдан төрт жас үлкен еді.

Ал Шоқан мен Ыбырайдың туған жерлері – қазіргі Қостанай облысының аумағында, Тобыл мен Обаған өзендерінің су айырығында, аралары күншілікке жетпейтін көрші мекендер. Бірақ сол кездегі әкімшілік бөлініске қарай, бірі Орынбор, бірі Омбы әкімдерінің құзырында болған.

Ыбырай 1841 жылы қарашаның басында қазіргі Қостанай облысында, Қостанай ауданына қарасты Арақарағай орманын мекендеген Балқожа билің ауылында дүниеге келген. Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болғаннан кейін, би ағасы себи жасындағы немересін өз тәрбиесіне алады.

Бұл патшалық Ресей әкімшілігінің қазақ даласын отарлау шараларын әртүрлі салаларда жеделдете жүргізіп жатқан кезі болағын. Солардың бірі жергілікті халық жастарынан тілмаш, хатшы сияқты кеңсе жұмысын жүргізетін ұсақ шенеуніктер өзірлейтін мектептер ашу еді. Сондай оқу орындарының алғашқы біреуін Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан ашу көзделіп, 1844 жылы сол оқу орнының құмыс ережесі алдын-ала бекітіліп те қойған-ды.

Балқожа ақсақал бір тайпаның биі ретінде әкімшіліктің басқару жұмысына араласқан, Шекаралық комиссияның әскери старшаны деген шені бар, көзі ашық, есті адам болған. Ол Орынборда қазақ балаларына арнап мектеп ашылатынын естігеннен кейін 1846 жылы Омбыдағы балван бір сапаның



Шекаралық комиссия төрағасы генерал-майор М.Ладыженскийге өтініш білдіріп, бес жасар немересін сол мектепке күні бұрын жаздырып қойған.

Бұл мектеп қазақ даласында жергілікті халықтың балаларына арнап, үкімет тарапынан ашылған алғашқы оқу орындарының бірі болғандықтан, оның ашылу рәсімі мен кейінгі оқыту тәртібі жайында толығырақ тоқтала кеткен жөн.

Мектеп 1850 жылы күзде ашылатын болды. Сондықтан Шекаралық комиссия жер-жерден келетін балаларды оқу басталардан көп бұрын шақыртып алды. Олардың әрқайсысына арнап үлгілі киім тіктірді, өздерін дәрігерлік тексеруден өткізді, басқа да дайындық жұмыстарына қатынастырды. Мектеп ебден әзір болғаннан кейін әскери губернатор мен Шекаралық комиссия төрағасы бастаған бір топ төресер мектеп үйін, жатақхана, асхана, емхана сияқты арнаулы орындарын аралап көрді. 22 тамыз күні мектептің арнайы ашылу рәсімі өткізілді. Оған жаңағы айтылған ресми лауазым иелері, жер-жерден келген ағасұлтан, ру басылары, ата-аналар және тағы басқа меймандар қатыстырылды. Орынбордың үлкен мешітінің ахуны арнайы намаз оқып, дұға қылды. Құттықтау сөздер сөйленіп, патшаның тіміні орындалды. Содан кейін шәкірттер екі-екіден сапқа тұрғызылып, мектеп бақылаушысының бастауымен асханадағы салтанатты дәмге жіберілді.

Келесі күні қала сыртында мектептің ашылу құрмесіне үлкен той өткізілді. Онда ел арасынан келген қонақтарға арнап, қазақтың ежелгі дәстүрімен сый-құрмет көрсетілді. Ұлттық ойындар ұйымдастырылды.

Бұл тұста арнайы әскерге кетерлік бір жәйт: отаршылдық әкімшілік, губерния мен Шекара комиссиясының басшылары, қандай саясатпен болса да, оқудағы қазақ балаларын көшпелі елдің тұрмыс-салтынан ажыратпай, соған неғұрлым жақын ұстау жағын қарастырған. Сол алғашқы оқу жылы басталар алдында Шекаралық комиссия болашақ оқушылардың жазда тұрып оқуына арнап, ерекше сәнмен әзірленген төрт ақ киіз үй, ас дайындайтын бір қоңыр үй сатқызып алған. Барлық керек-жарағымен қоса, бір жүйе ұлттық киім-кешек, сауын биелері бар бір үйір жылқы, ер балаға арналған жақсы мініс аттары мен ер-тұрман, мал күтіміне арналған тағы басқа құрал-саймандар әзірленіп қойған. Алғашқы оқу жылынан бастап, жаздың екі айында балалар уақыттарын қала сыртында, осы киіз үйлерде өткізетін болған.

Сонымен алғашқы оқу жылына 8-12 жас аралығындағы отыз бала оқуға қабылданды. Солардың ішінде 9 жасар Ыбырай да бар еді. Осы тұста арнайы айта кетерлік тағы бір жәйт мынадай: жақсы көретін немересін алыс сапарға аттандырып жатқанда, Балқожа

ақсақал өзінің сенімді көмекшісі әрі жама-ағайын туысы Жетібай Өтемісұлын қасына ертіп жіберген.

Ыбырай оқуға қабылданып, Жетібай елге қайтпақ болғанда, жас шәкірт оны жібертпей, комиссия басшыларына өтініш білдіріп, қасына алып қалады. Балалар жеке пәтерден жатақханаға ауысқанша деген сылтаумен Жетібайдың бір жыл мектеп ауласында қалуына рұқсат етіледі. Ыбырай оны бір жылдан кейін де қайтартпай, оқуы біткенше қасында ұстайды. Ол үшін Шекаралық комиссиядан арнайы қаулы шығартып, күтушісін бүкіл оқу мерзімі біткенше мектептің есебінен ұстаттырады.

Бұл факт, бір жағынан, Балқожа бидің губерния орталығындағы әкімдер алдында қандайлық беделді болғанын көрсетсе, екінші жағынан, жас шәкірт Ыбырайдың сол кездегі байқалған мінез ерекшелігін де танытса керек.

Мектептің жеті жылдық оқу бағдарламасында басқа пәндермен қатар орыс, араб, парсы, татар тілдерін оқытуға ерекше назар аударылған. Бұл мектепті бітірген қазақ баласы осы тілдерді әжептәуір меңгеріп, емле қатесін жібермей, көркем жаза білудің үстіне, мұсылман дінінен де іргелі білім алып шығатын болған. Құранның аят, сүрелерін мақамына келтіре жатқа айту өз алдына, олардың мағыналарын да жетік білетін болған. Мұсылман дінінен Мұхтасар-Вахаидан өткенше Орынбордың орталық мешітінің ахуны Ғұсман Мусин өзі дәріс берген, ал араб, парсы тілдерін белгілі шығыстанушы Мірсалық Бекшурин оқытқан.

Жеті жылдық оқу бағдарламасының әрбір жылында шәкірт Ыбырай ылғи да үлкен зейінділік танытып, үздік үлгірімге жетіп отырады. Жылдың “Сынақ актілерінде” оқу озаты ретінде оның аты арнайы аталады. Оқу бітіргенде де оған алғыс жарияланып, мақтау қағазы беріледі.

Оқуының соңғы жылдарында көңіл көзі ашыла бастаған жас жігіт Орынбор өлкесіне саяси себептермен жер аударылып келген демократияшылдық ниеттегі зиялы қауым өкілдерімен аралас-құралас болады. Солардың әңгімелерін тыңдап, әртүрлі әсер алып жүреді. Оқыл жүрген кезінде ол Орынбор Шекаралық комиссиясының төрағасы, белгілі шығыстанушы В.В. Григорьевтің үйінде жиі болып тұрады. Білімге құмарлығы арға түскен шәкірт жігіт одан қосымша көп дәріс алады, оның бай кітапханасын пайдаланып, ілерішіл орыс ғылымы мен мәдениетінен сусындайды.

1857 жылы тамыздың аяғында Орынбордағы оқуын ойдағыдай аяқтаған Ыбырай еліне қайтып келіп, екі жыл бойы би ағасының кеңсесінде хатшы болып қызмет істейді. Бұл мезгілде орталықтан білім алып келген оқушы жігіт ел өміріне жіті назар аударып, оның күнгейі мен көлеңкесін анық аңғарады. Патша әкімшілігінің отаршылдық саясатына да сын көзімен қарап, көп нәрсені көңіліне

түйе жүреді.

1859 жылы би ағасы қайтыс болғаннан кейін, ол Орынбордағы облыстық басқармаға кіші тілмаштық қызметке ауыстырылады. Ауылдағы жұмыспен салыстырғанда, бұл жер мен көктей айырмашылығы бар шаруа еді. Ойлап отырса, жас жігіт соңғы үш-төрт жылдың ішінде үш түрлі органның дем-тынысымен танысыпты.

Біріншісі – жоғарыда айтылғандай, оқуының соңғы екі жылында Орынбордың еркін ойлы саясаткерлерінің қызу қанды айтыстары, сол арқылы сезілген орыс қоғамының қым-қуыт қайшылықтары, әсіресе патшалық озбырлықтың бұғауында бұлқыңған қалың қара шаруа бұқарасының тағдыры үшін наразылық наласы еді.

Екіншісі – өзінің туған топырағы. Сырты тыныш көрінгенімен, астарында қапталдасқан ұсақ-түйек басараздық, кейде одан да әрі насырға шауып тұратын барымта-сырымта жанжалдары, бәрі де барлық ауыртпалығымен би атаның алдына келіп жүтінетін. Солардың ешқайсысына бұра тартпай, әділ шешімін тауып отыратын турашылдық үлгісін жас жігіт сонда танып еді.

Енді, міне – қазыналық үлкен мекеменің ішіндегі қызмет. Бұл бұрынғы өзі білетін Шекаралық комиссия, қазір Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі облыстық басқарма деп аталатын болыпты. Басшысы да – сол бұрынғы комиссия төрағасы, мектептегі барлық ұстаздардың бастығы В.В.Григорьев. Оқып жүргенде сол кісінің рұқсатымен кітап алып оқып жүретін бай кітапхана енді қасында, қол созым жерде ғана.

Мұндағы жұмыс онша қиын көрінбейді. Елден келіп сапырылысып жатқан көп адам жоқ. Бірлі-жарым келгендерін жылы жүзбен қабылдап, шаруаларын бастыққа баяндау. Қалған жұмыстарының өзіне байланыстысын мүдіртпей тындырып беру. Арасында аздаған жазу-сызуы да болады. Қалған уақытта отыр да кітабыңды оқи бер.

Бірақ бір күні көңілге қаюу түсіретіндей жағдай болды. Жергілікті орындарға баратын маңызды қатынас қағазды бұл іждаһаттап қазақшаға аударып әзірлеп берген. Тәртіп бойынша оны тексеріп, қол қоятын аға тілмәш бар. Сол абзый мұның дайындаған мәтінін бастан-аяқ шимайлапты да, түп-түгел татаршалап өзгертіпті. Бұл соған қайран қалды. Әрине, қатты қынжылды; бірақ сыр білдірген жоқ.

Оның есесіне, мұның көңіліне қуаныш әкелген тағы бір оқиға болды. Осы басқармаға қызметке тұру үшін бір инабатты кісі келді. Бастық мұны сол кісіге жылы жүзбен таныстырып, өзі туралы бірсыпыра көтерме сөздер айтты. Сөйтсе, бұл кісі, Ыбырайдың бұдан былайғы өмірлік досы, жанашыр ақылшысы болып кеткен Николай Иванович Ильминскийдің өзі екен. Ыбырай екі ұстазын

ортасындағы тел шекірт болып қала берді. Оқыған кітаптарынан жазып алған түсініксіз сөздерді енді осы кісіден сұрап алатын болды. Сөйтіп жүріп араларында достық қарым-қатынас орнады.

Сонымен басқармадағы қызметт жүріп жатқан. Енді жас маманға жаңа ұсыныс жасалды. Алыстағы Орынбор бекінісіне (Болашақ Торғай қаласына – ред.) барып, сол жерден мектеп ашуға тиісті болды. Бұл жөнінде Ыбырай туралы жазған зерттеушілерде әртүрлі пікірлер бар. Біреулер Орынборда орталық басқармада қызмет істеп жүрген жас жігіт Торғайдан мектеп ашамын деп өзі тіленіп барып еді дейді. Шындығында олай емес. Бұл жөнінде алғаш рет пікір айтып, қарауындағы кіші тілмәшқа ұсыныс жасаған басқарма басшысы В.В.Григорьевтің өзі болатын. Бөлім, оған да жоғарыдан нұсқау болған шығар.

Қалай болғанда да, облыстың шығыс бөлігіндегі төрт бекіністе халықтың қалың ортасынан орысша-қазақша төрт мектеп ашу жөнінде арнайы ұйғарым болған. Ал Григорьев болса, бұрынғы Шекаралық комиссия мектебін алғаш бітірген төрт жігітті Елек пен Ырғыздан және Торғай мен Николаевтен ашылатын төрт мектепке жіберу жөніндегі ұсынысты өз тарашынан білдірген. Сөйтіп, Ыбырайдың үлесіне тиген Торғай бекінісіндегі мектептің мәселесі осылай жоғарыдан көтерілген-ді.

Ыбырай Торғайға келгенде, онда дереу мектеп аша қоюға ешқандай жағдай жоқ еді. Бекініс қызметкерлері, бастығы коменданты болып, бұл іске пәлендей құлық танытпаған. Сондықтан тақыр орында жүзеге асырылатын бұл қыруар жұмыстың барлық ауыртпалығын жас жігіттің өзі атқаруына тура келді екен. Алдымен мектепке үй салу керек. Ол үшін қаражат көздерін ойластыру қажет. Содан кейінгі басты мәселе – оқушылар жайы. Бұл өңірдің адамдары балаларын орыс тілінде оқытатын зайырлы мектепке беруге ынғалы ма, жоқ па және оған кімде қандай мүмкіндік бар – осының жай-жапсарын біліп алған мақұл.

Ол үшін ең алдымен ел аралап, жұрттың ау-жайын, хал-ахуалын білу керек. Осындай ой үстінде жүргенде, бекіністің басшысы өзгеріп, коменданттыққа жөн-жосық білетін, ортақ мәселелерді бірлесіп талқылауға алды ашық адам келеді. Әскери қызметте болған, капитан атағы бар, жер жайын білетін топограф Я.П.Яковлев деген кісі екен. Ол да мұның ойларын мақұлдап, өз тарашынан мүмкін болған нәрсенің бәрін істеуге пейіл екенін білдіреді.

Болашақ мұғалім бекіністегі іс жүргізушілік қызметті қоса атқаратын болды. Енді соның ара-арасында ел аралауға да уақыт табуы керек. Кеңсе жұмысын бірінғайлап, жолға қойып алғаннан кейін, ол ат-көлігін сайлап, ел аралауға шықты. Өзі жоғары жақтан келген сол жақта көп оқып мол білім алған бой-басы

сыпайы, жүзі жылы, сөзі орнықты жас жігіт ел арасына бірден сіңісті, танымал болып кетті. Сондағы алғашқы әсерін өзінің Орынбордағы досы Н.И.Ильминскийге 1860 жылы 18 қарашада жолдаған алғашқы хатында жеткізген.

“Қазақтар мені құшақ жайып қарсы алды, оқуға беретін балалары сансыз көп екенін білдірді”<sup>1</sup>, – деп жазды ол. Солардың үшеуін қазірдің өзінде қасына алып оқыта бастағанын және хабарлады. Осыдан екі ай өткенде жазған тағы бір хатында: “Қазақтар маған көп үміт артып отыр, әсіресе ауқатты ақсақалдар жағы балаларын оқуға беретінін айта отырып, ең алдымен үкімет заңдарын көбірек оқытсаңыз екен деген тілек білдіреді...”<sup>2</sup> – деген нақты пікірлерін де көрсетті.

Сөйтіп, жаңа мектепті ашуға дайындық жұмысы басталып кетті. Мектеп үйін салуға қаражат мәселесі де шешіліп, оның құрылысы дереу қолға алынды. Жас мұғалім қазақ балаларына ғылыми пәндерді оқытатын мектептің бастауыш кластарына арналған оқу жоспарлары мен соларға қажетті оқулық құрал-жабдықтарды әзірлеуге кірісті. Бұл ретте ең алдымен орыс мектептерінде қолданылып жүрген оқу құралдарын негізге алып, соларды қазақ оқушыларына бейімдеп қолдану, белгілі орыс педагогтары мен жазушыларынан: К.Д.Ушинскийдің “Детский мир”, Л.Н.Толстойдың “Азбука и книга для чтения” атты оқу құралдарын, тағы сол сияқты басқа да авторлардың еңбектерін икемдеп пайдалану жолдарын қарастырды. Бұл ретте Ильминскийдің көп көмегі тиді. Ол қазақ балаларына орыс тілін үйрету үшін қолданылатын “Самоучитель русской граммоты”, “Материалы к изучению киргизского (казахского – ред.) наречия” атты көмекші оқу құралдарын әзірлеп, оларды Қазан баспаханасынан бастырып, Ыбырайға арнайы жіберді. 1859 жылы сол Н.И.Ильминскийдің айтуымен облыстық басқарма бастығы В.Тригорьев Орынбор губерниясының батыс өңірінен ақын Марабайды шақыртып алып, оған бірсыпыра жырлар айтқызғанды. Сол кезде Н.И.Ильминский Құлыбеков деген жігітке ақынның аузынан “Ер Тарғын” жырын араб әрпімен жаздыртып алған. Соны ол Қазанға барғаннан кейін кітапша етіп бастырып, 1862 жылы Торғайдағы Ы.Алтынсаринге тағы жіберген болатын. Мұның өзі тек Ыбырайға ғана емес, жалпы Торғай тұрғындары үшін үлкен оқиға болып еді. Бұл жөнінде Ыбырай өзінің кезекті бір хатында Н.И. Ильминскийге былай деп жазады: “Менің Дәуренбек деген жолдасым және шәкіртім Тарғын әлеміне ерекше

<sup>1</sup> *Ы. Алтынсарин. Собрание сочинений в трех томах. Том III, А., 1978, 11-б. (Аударма біздікі – ред.)*

<sup>2</sup> Соңда, 12-б. Бұдан былай бұл басылымға сілтеме жасалғанда, белгілі бір томның беттері ғана көрсетіледі. – Ред.

сүйіспеншілік сезіммен қарайды. Ол кітапты көргенде: “Как отлично напечатано!” деп орысшылап та жіберді. Қазақ тілінде мұндай кітап бұрын ешқашан бастадан шығып көрмеген ғой, сондықтан олардың өз тілінде тасқа басылып шыққан кітапқа таңдана, қызықтап қарауы өте орынды еді”<sup>3</sup>.

Ыбырай осы сияқты дайындық жұмыстарымен жүргенде 2-3 жылдай уақыт өтті. Мектеп үйі салынып бітіп, енді оны ашатын күн жетті. 1864 жылы 8 қаңтар күні Торғайдағы орыс-қазақ мектебі салтанатты түрде ашылды. Бұл жөнінде Орынбор бекінісінің бастығы, енді майор атағы бар Яковлев пен хат жүргізуші Алтынсариннің қол қоюымен Орынбор қазақтарының облыстық басқармасы атына жіберілген баяндау хатта былай делінген: “Қазақ мектебінің ашылуын орда адамдары шынайы қуанышпен қарсы алды, сол күні-ақ училищеге 12 баланың жазылғаны осының дәлелі болып табылады. Олардың көпшілігі сұлтандардың, бекет бастықтарының және құрметті байлардың балалары”<sup>4</sup>.

Баяндау хатқа қосымша етіп, алғашқы қабылданған 12 баланың тізімі берілген. Кейіннен бұларға тағы төрт оқушы қосылған. Оқу жылының басынан мамырдың 22-сіне дейінгі үлгерім жайындағы мәлімет оқушылардың толық тізімімен бірге қоса берілген.

Ыбырай осы мектептің қамқоршысы және орыс тілінің мұғалімі болып бекітілді. Бұл тарихи күн қазақ даласындағы оқу-ағарту ісінде ғана емес, Ыбырайдың жеке өмірінде де белесті кезеңнің басы болды. Оның бүкіл өмірінің негізгі мазмұны болған жемісті ағартушылық жұмысы осы күннен бастау алып еді. Бұл жұмыстың сондайлық негізделі және абыройлы болуына, ең алдымен, Ыбырайдың өз басының қадір-қасиеті мен дарын-қабілеті себеп болса, одан кейінгі себеп оның ел адамдарымен жақсы қарым-қатынас жасай білгендігі еді. Бұл ретте, әсіресе, сол өңірдегі беделді де ықпалды әулет – қазақтан шыққан тұңғыш тархан, атақты батыр Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтарымен жұрағат туыстығының да игі әсері болған.

Ыбырайдың шешесі Айман ана сол Жәнібектің шөбересі Шеген бидің қызы екен. Шегеннің жеті ұлының бірі – Бірімжанның үш баласы бірдей Ыбырайдың алдынан деріс алған. Н.И.Ильминскийге жазған хатында айтылған Дәуренбек – сол үшеудің үлкені. Ал одан кейінгі Қорғанбек пен Әбдібек бірінші тізбедегі он алтының ішінде аталады.

Ыбырай алдынан сабақ алған алғашқы тұлелерден кейін қандай ұрпақтар тарағанына мысал ретінде жаңағы Қорғанбек Бірімжанұлын атауға болар еді. Ол Алтынсарин мектебін

<sup>3</sup> 3-т., 22-23-бб. (аударма біздікі – ред.)

<sup>4</sup> 2-т., 127-130-бб.

бітіргеннен кейін гимназияда оқып, білімді азамат болып шығады. Ал оның ұлы Ахмет Бірімжанов 1894 жылы Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі болғаны, одан кейін Кеңес тұсында жауапты заң қызметкері ретінде елге еңбек сіңіргені (белгілі Аханұст) және Ахаңнан туған атақты химик ғалым, академик Батырбек Бірімжановтен қазақтың көптеген қайраткерлері тәрбие алғаны бүгінгі ұрпаққа жақсы мәлім.

\* \* \*

1867-68 жылдары патша үкіметі қазақ даласын басқару жүйесіне реформа жүргізіп, оның әкімшілік бөлінісіне үлкен өзгерістер енгізгені белгілі. Әуелі Түркістан өлкесі – Оырдария және Жетісу облыстары, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы – Ақмола және Семей облыстары, Орынбор генерал-губернаторлығы – Орал және Торғай облыстары болып, екі-екіден бөлінгені де тарихи факті.

Алдымен осы өзгерістерге Алтынсарин қалай қарады? – деген заңды сұрақ туады. Алыстағы үйез көлемінде жартылай кеңсе қызметкері, жартылай мектеп мұғалімі қызметінде жүрген адам қалай қарауы мүмкін? Ыбырай солардың көбіндегі қарабайыр адам болмаған күнде де, ашық наразылық білдіріп, болып жатқан өзгеріске ешқандай ықпал ете алмайтыны түсінікті еді. Сондықтан оның мұны болған шындық күйінде қабыл алып, содан өзінің халыққа қызмет ете аларлық орын іздегені табиғи іс болса керек.

Торғай облысында төрт үйез құрылды, соның біреуі Торғай үйезі еді. Орталығы – Ыбырайдың өзі қызмет істеп жүрген Торғай қаласы. Демек, осы әкімшілік көлемінің өзінде халыққа тікелей пайдасын тигізіп, қызмет ете жүруге толық мүмкіндік бар. Сондықтан ол өзіне әуелі ұсынылған үйез басқармасындағы іс жүргізушіліктен де, көп ұзамай жоғарылатылған үйез басқармасының аға көмекшілігінен де бас тартқан жоқ. Үйез әкімшілігінің қарауында өткен он жылында төрт рет үйездік соттың қызметін қоса атқаруға тура келді. Ара-арасында үйез бастығының орнында отырып, билік жүргізген кездері де болды.

Міне, бұл лауазымдардың қай-қайсысында да патшалық биліктің жергілікті халыққа жат жаңа тәртіптері жағдайында бұқараға жақын тұру, олардың мұң-мұқтаждарын заңдылық көлемінде неғұрлым толығырақ қанағаттандыру, оларды әртүрлі зорлық-зомбылықтардан қорғай жүру, қайткенде де әділеттің таразы басын тең ұстауға тырысу – табиғатында әділдіктің жоқшысы болып қалыптасқан және оның үстіне, заманының әділ биі атанған өз атасының жолына адал болу Ыбырайдың өмірінде берік ұстанған ұғым-түсінігі еді. Алғаш келген кезінде ақ бұл өңірге танылып калған Ыбырайдың абырой-белелі қазіп

одан сайын арға түскен. Бірақ, “адам аласы ішінде” дегендей, кейбір жосықсыздардың кесірі де тимей қойған жоқ. Сондай бір оспадардың арызы бойынша, оған “социалист” деген саяси айып тағылып, тергеуге ілінген кездері де болды. Алайда, оған қарап ұстаз жігіт өзінің ақ жолынан тайған жоқ.

1879 жылы Алтынсариннің өмірлік арманы мен бойындағы мүмкіндіктерін сол кездің жағдайында толығырақ жүзеге асыруға жол ашылды. Ол Торғай облысының мектеп жөніндегі инспекторы болып тағайындалды. Ыбырайдың туған халқы алдындағы, тарих алдындағы ұлы міндетінің орындалуы нақ осы кезеңнің үлесіне тийіп еді. Жаңа лауазымның шеңберіндегі ұйымдастыру жұмыстарына көз жібергендегі алдымен ойға оралғаны – Торғайдың өзіндегі және басқа үйездердегі орыс-қазақ мектептерін нығайтып, олардың мәртебесін көтеру бір болса, сонсоң көптеген бері кезек күтіп тұрған болыстық және ауылдық мектептер жүйесін құру шаралары да күн тәртібіне сұранып тұрған.

Келешектің осы сияқты келеді істерімнен қатар, сол жылы Алтынсариннің ұстаздық-шығармашылық әлемінде де екі бірдей жаңалық дүниеге келді. Ұзақ жылдар бойындағы мұғалімдік тәжірибені қорыға келе, ұлттық мектептің дәл бүгінгі таңдағы ең зәру проблемаларын ескере отырып, көп ойлану-толғану нәтижесінде туған екі оқулық құрал еді бұлар. Атап айтқанда – “Қазақ хрестоматиясы” (ондағы аты – “Киргизская хрестоматия”) және “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы ережесі” (ондағы аты – “Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку”).

Бұл екі еңбектің екеуі де сол 1879 жылы Қазанда баспадан басылып, кітап болып шықты да, тиісті мектептерге оқулық құрал ретінде ұсынылды. Бұл өте сүйінші тарихи оқиға еді. Бірақ олар өмірге ол-оңай келе салған жоқ. Көп ізденістің, талай ойланыс-толғаныстың нәтижесі еді. Ол жөнінде мынаны айтуға болады:

Ұлттық оқу-ағарту ісінің алыс болашағын және ұсынылып отырған бұл оқулықтардың ұзақ мерзімді кәделік маңызын ескере келгенде, авторды ең алдымен ойландырған да, қиналдырған да нәрсе, әрине, сол алыс-жақын замандарда бірдей қолданысқа жарайтын әліпби мәселесі еді. Өзінің ежелден келе жатқан дәстүрлі әліпби жоқ халыққа нені ұсыну керек еді, автордың алдында қандай таңдау тұр еді?

Бұған дейін халықтың діни сауатын ашу үшін қолданылып келген араб әліпби және оның тек араб тіліне бейімделген халым үлгісі. Бұл – бір таңдау. Екінші таңдау – қазақ халқының тұрмысына енді-енді кіріп келе жатқан орыс әліпбиі. Алтынсариннің он-он бес жылдық тәжірибесі бойынша, ең қолайлысы да, оңтайлысы да – осы жоба: орыс әліпбиінің құрамын сақтай отырып, оны қазақ

тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестей отырып, орыс графикасының негізінде қазақтың ұлттық әліпбиін жасауға әбден болатын сияқты.

Бірақ Алтынсарин көз жұмбай қызулыққа салынған жоқ. Осы іспен табаны күректей үш жыл айналысты. Ізденді. Зерттеді. Өзі осы жұмыспен шұғылданғалы бері істес болған көп адамдармен ақылдасты. Торғай мен Ырғыз торабындағы мұғалімдермен, тіпті жоғарғы сынып оқушыларымен де пікірлесті. Ақыры, осы орыс әліпбиін негізге алуға тоқталды. “Қазақ хрестоматиясы” дүниеге осылай келіп еді.

Патшаның отарлық қыспағы заманында бұл оқулық тек Алтынсариннің өз тұсында ғана тұтыныста болғанымен, кейінгі кеңестік дәуірдің жарты ғасырында және күні бүгін де осы нұсқадағы ұлттық әліпби өзінің өміршеңдігін көрсетіп келеді. Ал енді грамматикалық тұрғыдан, негізінде тіл құралы есебінде Ыбырай ұсынған екінші оқулықтағы (“Бастапқы ережелері”) сөз таптарына берілген атаулар ғылыми термин ретінде ана тілімізде күні осы уақытқа дейін қолданылып келе жатқанын орынды түрде мақтан етуге хақылымыз.

Өмірінің ақырына дейінгі инспектор лауазымын атқарған он жыл ішінде Алтынсариннің облыс көлемінде оқу-ағарту ісін өрістеп, ілгері бастыру жөніндегі тындырған жұмысы ұлан-ғайыр еді. Оны бұл жерде түгел төмамдап жағу мүмкін емес. Сондықтан соның бір тарабын тек құжаттық деректер негізінде санамалап қана атап келуге тура келеді. Мәселен, ол жана қызметке кіріскеннен кейін, келесі 1880 жылы, жоғарғы орынға “Торғай облысындағы қазақ мектептерінің хал-жағдайы туралы” жан-жақты кеңейтілген есеп берілді. Онда жыл ішінде бұл салада істелген жұмыстармен қатар, оны ойдағыдай жүргізуге келергі келтіріп отырған қиындықтар, оларды жоюды жолдары, мемлекет тарапынан қолданылуға тиісті жедел шаралар толық баян етілді. Мұндай есептер кейінгі тоғыз жылда жүйелі түрде жіберіліп отырды.

Міне, осы сияқты құжаттық деректер негізіндегі тындырылған жұмысты жинақтап айтқанда, Ыбырай Алтынсарин инспектор болып тағайындалған 1879 жылы облыста іс жүзінде екі ғана училище болса (Торғай мен Троицкіде), одан кейінгі он жыл ішінде тек сол кісінің күш салуымен ашылған барлық орыс-қазақ училищелерінің саны 14-ке жеткізілген; жанадан 4 болыстық қазақ, 1 болыстық орыс-қазақ, қазақ қыздарына арналған қолөнер училищесі жатаханасымен қоса ашылған.

Мұның барлығы ұлы ағартушының көзі тірісінде өзіне орнатып кеткен ескерткіштері еді. Соның заңды нәтижесіндей, ол кісі көзін тірісінде-ақ замандастарының да, ресми орындардың да

әсір естеметіне бөленді. Солары бір-бірі мәселелі мәтіндер.

1879 жылғы 2 желтоқсан күні облыстық “Оренбургский листок” газетінде “Библиографическая новость” деген тақырыпшен келемді мақала жарияланды. Онда Ыбырайдың ағартушылық қызметіне, өз халқының игілігін көздеген қажырлы еңбегіне жоғары баға берілді.

“Қай халықтың болса да өз тілінде тұңғыш рет жарық көрген кітап, – деп басталады мақала, – сол халықты ағарту ісінде тұтас бір дәуір болып табылады. Өзінің қандастарына, біздің достарымыз және көршілеріміз – қыр қазақтарына арнайы шығарылған Алтынсарин мырзаның “Қазақ хрестоматиясы” жөнінде осыны айтуға болады... Бірақ ескен егінің қаншалықты бітік болса да, оны орып алатын құралың қаншалықты жақсы болса да, қажырлы қайраткерлерсіз іс оңға баспайды... Өзінің халқын жақсы білетін, оны жақсы көретін адамдар қажет болады...”

Мақала мынадай сөздермен аяқталған: “...Қазақ тіліндегі осы алғашқы кітапты басып шығару құрметі біздің еншімізге тигенін мақтан етеміз, өйткені, бәлкім, ол кітаптың тағдырына осынау ерекше дарынды халықтың, жалпы адамзат өміріне ақындық шығармашылық пен тұмса ақыл-ойдың сарқылмас мол қорын әкелген халықтың әдебиетіне негіз болу үлесі тиген болар.”<sup>5</sup>

Арада бес жылға тау уақыт өткенде, дәл осы газеттің бетінде Торғай облысының қазақтары атынан тағы мынадай хат жарияланған-ды: “Мұндай ағартушылық еңбектер, – деп жазылып еді онда, – ұмытылуға тиіс емес, сондықтан, біз, қазақтар, Алтынсарин мырзаға оның еңбектері үшін, өз халқына деген сүйіспеншілігі үшін алғыс айтуды өз міндетімізге аламыз. Біз сияқты көшпені ел үшін оның өзі қандай болса, шығармалары да дәл сондай өте қымбат.”<sup>6</sup>

Туған халқының өркениетін ойлаған ізгі ниетті адамдар даңқты жерлесінің осындай игілікті ісіне сүйініш білдіріп жатқанда, оны сырттай ғайбаттап, орысқа беріліп кеткен шоқынды деп жала жабушылар да болды. Ал кешегі кеңестік идеологияның өктемдігі тұсында кейбір зерттеушілердің саяси есеппен Ыбырайды мұсылман дініне қарсы атеист етіп көрсетуі де орын алған болатын. Ол былай тұрсын, ұлтмыздың ұлы ағартушысын сол кездегі патшаныл орыс миссионерлерінің қол шоқпары болды деп шолмақ пікір айтушылар бірен-саран болса да күні осы уақытқа дейін табылып қалады. Бұл – шындыққа мүлде жанаспайтын түбірімен қате болса.

Оның болса екендігін Алтынсариннің өмірінен алынған көптеген мысалдармен дәлелдеуге болады. Мәселен, Орынбор

<sup>5</sup> 1-т., 301, 302, 305-бб. (аударма біздікі – ред.)

<sup>6</sup> Солары 206-б.

Шекаралық комиссиясының жанынан ашылған қазақ мектебінде ғылыми пәндермен бірге, ислам дінінің қаридаларын жете меңгеріп шыққан Ыбырай кейін өзі үйезден орыс-қазақ мектептерін ашып, соның оқу бағдарламасын жасағанда, қазақ балаларына ислам дінінен, ал орыс балаларына христиан дінінен дәріс беруді оқу кестесіне міндетті түрде енгізген және оның орындалуын қатаң қадағалап отырған.

Ыбырайдың ислам дініне оң қарағандығының айқын дәлелі – оның “Шарият-ул-ислам” атты діни оқулық жазғандығы. Бұл еңбегін қандай мақсатпен жазғандығын ол Н.И.Ильминскийге 1882 жылы 12 қыркүйекте жазған хатында жан-жақты дәлелдеп айтқан. Біріншіден, Ы.Алтынсарин өзі ұйымдастырған мектептерде ислам дінінен дәріс жүргізетін қазақ молдаларының бірлі-жарым ғана екеніне қынжылады және оны көрші халықтардың қазақ тілін шала білетін дүмше молдалары оқытатынына наразылық білдіреді. Мұның өзі қазақ мектептерінде қазақ тілін шұбарландырып, оқушылардың ана тілін таза күйінде үйренуіне зиян тигізетінін алға тартады.

Екінші себебі жаңағыдан да тереңірек көрінеді. Қазақ халқы көшпелі тұрмыс кешкен кезде, маңайындағы өзге мұсылман халықтарға қарағанда, ислам дінін үстірттеу қабылдаған. Оны қазақтар арасында уағыздайтындар – сол маңайдағы көршілес халықтардың өкілдері. Бірақ олар мұсылмандықтың шын мағынасын түсінбей немесе бұрмалап жеткізеді. Әсіресе, ағарту мәселесіне келгенде, олар ғылыми пәндер мен өнер жөніндегі шарияттың кеңшілігіне бара алмай, жөнсіз тыйым салып, халықты ғылыми білімнен алшақтатуға бейім тұрады.

Осы себептерден қазақ ағартушысы ислам дінінің шынайы ілгерішілдік мәнін ашып, оны бұқараға өз аузынан түсіндіру үшін араб тілін тереңірек игеруді, сол арқылы ислам қағидаларын жалпы өркениеттен алыстататын жөнсіз фанатизмнің алдына тосқауыл қоюды ниет қылған. Оның “Шарият-ул-ислам” атты еңбегі дүниеге осындай мақсатпен келген.<sup>7</sup>

Алтынсариннің өз басы ислам дінінен бөліп, христиандыққа қарай ойынды, яғни “шоқындып кетті” деген пікірдің ешбір негізсіз, солақай екендігін дәлелдейтін айқын бір айғақ – оның 1889 жылы 20 ақпанда Орскі қаласынан Орынбордағы В.В.Катаринскийге жазған хаты. Онда осындағы мектептің бір мұғалімінің қазақ балаларына інжілдің өсиеттерін уағыздаған оспадарлық қылығына қатты назаланып, оқу-ағарту ісін басқаратын облыстық әкімге шағым айтқан Ыбырайдың үзілді-кесілді пікірі баяндалған<sup>8</sup>.

<sup>7</sup> Қараңыз. 3-т., 77-80-бб.

<sup>8</sup> Карантыз. 3-т. 145-147-бб.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасындағы оның таза ағартушылық жоспардағы мол құнарлы еңбектерімен қатар, оның этнограф ғалым және ойшыл, көреген қоғам қайраткері ретіндегі дарын-қабілетін танытатын да жұмыстары көрнекті орын алады. Олардың алғашқы тобына жататын екі очеркі – Орынбор облысы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау рәсімдері жөніндегі, сондай-ақ өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрі жайындағы жазбалары тарихшы, этнограф, қоғам зерттеуші ғалымдарға жақсы таныс. Сондықтан оларды бұл жерде кеңінен сөз қылып жатудың қажеті бола қоймас.

Ал енді Ыбырайдың ұзақ жылдар бойы әкімшілік орындарының жұмысына араласа жүргенде халықтың отарлау кезіндегі қоғамдық-экономикалық жағдайы мен өлкенің саяси құрылысы жөніндегі жазбалары жөнінде бірер пікір айта кету артық емес.

Атап айтқанда, далалық өлкелерді басқару жөнінде 1868 жылы шығарылған уақытша ереже туралы мақаласында автор жаңа заңның қазақ халқының өзін-өзі басқару жөніндегі тарихи қалыптасқан дәстүрін ескермей, оған қайшы келетін тәртіптердің енгізілетінін ашық білдірген пікірлері барынша назар аударарлық. Жаңа нызамда жергілікті билікшілерді сайлауға байланысты енгізілген елу басы, он басы, болыс, старшын сияқты ұғымдардың ел ішінің бірлігін бұзатын, ал жер пайдаланудың мал баққан шаруалар тұрмысын күйзелтетін кесірлі жақтарын сол жаңа заң жарияланған бойда-ақ атап көрсеткен болатын. Ал сондай жолсыздықтардың, осы ауыр зардаптары арада он бес-жиырма жыл өтпей жатып-ақ көрінгенін біз ұлы Абайдың “Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым”, “Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек”, “Қартайдық қайрат қайтты, ұлғайды арман”, “Байлар жүр жиған малын қорғалатып” сияқты өлеңдерінен жақсы білеміз.

Алтынсарин алпысыншы жылдардың аяғында Торғай үйезінің әкімшілік өміріне белсене кіріскен кезінен бастап, сол өңірдегі қазақтардың экономикалық және әлеуметтік өміріне белсене араласып, жергілікті халықтың мұң-мұқтажына шынайы жанашырлық білдіріп тұрғаны, олардың шаруашылығын өнімді де сенімді арнаға түсіруге жемісті ықпал етуді өзіне мақсат еткені, — оның үйездегі әрбір болыстың, ал кейінгі кездері жалпы үйездің хал-ахуалы туралы жоғары орындарға жолдаған жылма-жылдық есептерінен айқын көрінеді. Ы.Алтынсариннің халық мүддесін ойлаған қайраткерлік бейнесі туралы айтқанда, алдымен осы еңбектерін еске ала отырған жөн.

\* \* \*

Біздің тарихымызда Ыбырай Алтынсарин ағартушы-ақын деген қосарлы атпен танымал. Ол — табиғатында ақын болып

түсірді. Сол жолда ол тарихи істер тындырды. Халқына тұңғыш ұлттық мектептің есігін ашып, соған ең бірінші ділірлік ретінде ұлттық әліпби жасап берді. Соны қолына ұстап тұрып, алдында көздері жаудыраған жас өрім шәкірт балаларға алғашқы лем сөзін өлеңмен айтты. Бүкіл жан-жүрегімен тебіреніп тұрып, алдымен алланың атын аузына алды. Өйткені бұл сөз ғасырдан ғасырға тарап барып, тұған халқының талай ұрпақтары үшін құран сөзіндегі қайталап айтатын иман лұғатымен бір бас еді.

Бір Құдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық<sup>9</sup>

Осы тұста Абай есімі еске түседі. Ұлы ақын алғаш рет бойына ана сүтімен дарыған аталы сөздерден ұйқас іздегенде, әуелі мұсылман Шығысының ұлы шайырларына сыйынып, солардан медет сұрап еді ғой. Өзі іштей тілеген батаны алып алғаннан кейінгі ақ сөзін айтарда, ол тағы да жалбарынып:

Патша Құдай, сыйындым,  
Тура баста өзіңе<sup>10</sup>.

деп құдайына жалбарынып еді ғой. Бұл да сол. Қазақтың екі Ыбырайы, тіпті бірін-бірі көзбе-кез көрмей-ақ, екі өңірден бір тілекпен Құдай тағалаға жүгініп, өздерінің ұлы-ұлы істеріне кіріскен.

Ұстаз Ыбырай жаңағы екі ауыз сөзбен сәби шәкірттерінің иманын үйірітіп, бәрін де Құдайға сыйындырып алғаннан кейін де, пән сөздерін бірден айтпайды, сол пән сөздерін не үшін оқығандарын және сол оқығандары сәби зейініне қайткенде берік орнығып қалатынын, олардың өмірде қандай пайдасы тиістінін біртіндеп, балапанның аузына дән сепкендей себздел, бойға әбден сіңіріп алғанша тақпақтап, төгілдіріп отырады.

Әрбір тың ойы өлең жолына өріліп, шумақ-шумағымен шәкірт санасына құйылып жатқанда, қайта-қайта қадап айтылған:

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанда көңілге  
Ықыласпен тоқылық, –

дейтін қайырма жолдар өрелі ойлар мен мағыналы мәніндердің

<sup>9</sup> *Ы. Арыстансайын. Таңдамалы шығармалары. А., 1994. 26-б.* Ақынның бұдан былайғы аттары ағалан немесе үейді келтірілген шығармалары осы басылымнан алынды. – Ред.

<sup>10</sup> *Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., А., 1995.* 67-б.

арасын кіріктіріп, біріне-бірін жалғастыра, тастай қылып бекітіп жатады.

Сондағы айтылған ойлар қандай еді? Аллалап бастаған әрбір істің арты қайырлы болады екен; оқыған адамның алдынан шамдай шырақ жағылады екен; оқымаған адам қараңғыны қармалап жүрседі екен. Оқыған адам не тілесе, соның бәрі іздемей-ақ, оның алдынан өздігінен табылып жатады екен.

Ұстаз осы сөздерді төкпелеп келіп айтып тастағаннан кейін, балаларға түсініксіздеу болып кетті ме деп қауіптенгендей, олардың өздеріне күнделікті өмірден алып:

Сиса көйлек үстінде,  
Токуменен табылған...  
Сауысқаншың тамағы  
Шоқуменен табылған...  
Өнер-білім бәрі де  
Окуменен табылған!<sup>11</sup> –

деп, бала санасына таныс салыстырмалы ойларды жүгіртеді. Бұл сөздер де қиындау соғып қалмады ма деген күдікпен, ізінше оқымаған надан адам ақылға жарымайды, ол далада жайылып жүрген хайуанмен бірдей болады деген сөздерді естігенде, сөз жоқ, сәби санасы бір селт етіп қалады. Дерексол сәтті пайдаланған ұстаз: ертең ата-анаң қартайғанда сенің оқығаның оларға сүйеу, бастарынан мал тайғанда тіреу болады деп түйіндейді. Осы өлеңді жаттап алып, тақпақтап айтқан баласына қай-қай ата-ана да еріксіз сүйсінер еді; өміреніп мейірлене түсер еді. Осыдан әрі кезекті сабаққа келгенде, “а” “б” деген әріптерді, сондай әріптерден құрастырылған “ана”, “бала” деген сөздерді оқыған баланың ол оқуға ықылас қоймауы әрі сабақтың мазмұнын көңілге тоқымауы тіпті де мүмкін болмас еді.

Мінекей, өнегелі ұстаздың ақын шабытына суарылған даналық дәріс нәтижесі осындай болса керек. Бұл сөздер тұңғыш ұлттық хрестоматия оқулығына кіріспе ретінде жазылған сөз басының бірінші жолын алып тастап, қалғанын жадағай судыратып жаттап келгеніміздің өкінішін білдіре отырып, сол кіріспенің мазмұнын байыптапқырап түсінуіміз үшін айтылып отыр. Егер “Сөз басы” ілікте солай ұғынылса, одан кейін ұстаздан біраз дәріс алған шәкірт оның келесі өсиетін де санасына тоқып сіңіреті хақ.

“Өнер білім бар жұрттар” дейтін шағын өлеңі – дәл осындай кезегімен жазылған өте өнегелі туынды. Ақынның өз заманындағы адамзат өркениетінің қолы жеткен ең ірі табыстарын санапалап айтқанының өзінде, бұл сол кездесті балғын жас балалар былай тұрсын, көшпелі елдің ересектеріне де таңғажайып

керемет көрінетін жаңалықтар болатын. Үлкен шаһарлардағы сәулетті сарайлар, темір жолдың бойымен өзінің жүйткіген отарбалар, айдын шалқарларда еркін жүзген кемелер, аспанда самғаған ұшақтар, жер түбінен жедел хабар жеткізетін телеграф байланысы, – осылардың барлығына дем берген от пен судың қуаты, оны жүзеге асырып отырған ақыл-ой мен ғылым-білімнің арқасы.

Заманның осындай ұлы жаңалықтарын санамалап келгендегі ақын ойының тірелер жері – жастар.

Желкілеп шыққан көк шөптей,  
Жас өспірім достарым,  
Қатарың келті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай!<sup>12</sup>

Зор болашақтың иесі – жас ұрпақ деген ойды шегелеп айтқанда, соларды ілгері шығару үшін, ұлы ұстаз тіпті өзін де кейін ысырып, қатардағы қара қазақтың бірі етіп көрсеткені-ақ тағылымды. “Біз иектегі сақалды надан болып өсірдік, енді елдің тірлігінің тұтқасы сендердің қолдарында” деген ойды шегелеп айтады:

Біз болмасақ сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды!<sup>13</sup>

Әулиелік сөз!

Быбырайдың ақындық мұрасында тікелей ағарту тақырыбына арналған өлеңдер көп емес. Солардың ішінде орны бөлек үш шумақ қана өлең – “Балқожа бидің баласына жазған хаты”. Мұны би атаның өзі шығарған ба, әлде оның қара сөзбен жазған хатын жастарға өнеге болсын деп ұйқаспен беріп отырған ұстаз ақынның өзі ме? – біз үшін оның бәрібір. Бізге қымбаты – алдыңғы өлеңдерде ұстаздың өзі нығарлап айтқан өсиетті енді өзінен де жоғары тұрған бабалар сөзі етіп жеткізгені.

Шырағам, мұнда жүрсең не етер едің –  
Қолыңа құрық алып кетер едің,  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?<sup>14</sup>

Ақынның бір шоғыр өлеңдері адамгершілік тақырыбына

<sup>12</sup> Сонда, 28-29-бб.

<sup>13</sup> Сонда, 29-б.

<sup>14</sup> Сонда.

арналған. Халқымыздың арғы тарихынан бермен қарай дәстүр болып, жалғасып келе жатқан даналық сөздер негізінен абзал адамгершілікті күйттеп келсе, Быбырай ақынның бұл арнадағы айтар үзжі де өз нақышымен сәнді, өз нақылымен мәнді болып келеді. Солардың ішінде орыны бөлек кесек сөз “Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым” деген өлеңде айтылған. Тарихта болған ірі тұлғалар өмірінен алынған жеке мысалдар арқылы ақын өз тыңдаушыларын қанағатшылдыққа, нысапшылдыққа, қарапайымдылыққа, имандылыққа үндейді. “Қорлама кем адамды болсаң дана”, “Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды”, “Иманды ер құдайынан ұялады”, “Ренжітпе пенде болсаң бейшараны” деген маржан сөздерді қай заманның қандай зорын да тоқтамға келтіріп, тәубасына қайтарар ақиқат өлшемдері деп білген жөн. Адамгершілік жөніндегі Алтынсарин тағылымдары осындай.

Бұлармен жалғас “Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен”, “Әй, достарым!”, “Әй, жігіттері!”, “Азған елдің хандары”, “Азған елдің молдасы”, “Азған елдің билері”, “Азған елдің байлары” деген бір қақпай қысқа қайырымдарда елге ес, береке-бірлікке тұтқа болады деген тұлғаларға да ақын аузынан айтылған ақыл-кеңестердің үлкен ғабраттық мәні бар екенін байқаймыз.

Быбырай поэзиясы жөнінде сөз қозғалғанда ерекше тоқталатын қос өлең – оның “Жаз” және “Өзен” атты туындылары. Адамгершілік жайында, оқу-ағарту тақырыбы төңірегінде көп айтылған өнеге, өсиет сөздердің ішінде шынайы ақындық шабытпен ой шарықтатып, өлеңмен өрнектеген тамаша табиғат көріністері бар бұл шығармаларда. Соларды оқып отырғанда, тағы да ұлы Абай әлемі ойға оралады. Табиғаттың төрт мезгілі жөніндегі даналық үрдіспен алыстан барып үндескен бұл үлгіге қайран қалып танданбасқа болмайды. Кейбір жеке жолдарын ғана салыстырып көрудің өзі жетіп жатыр.

Жазұғыры қалмайды қыстың сызы,  
Масатпай құлпырар жердің жүзі  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайрандасып жас күлер құрбысымен...

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,  
Күнімдесіп, көрісіп, құшақтасып,  
Шаруа құған жастардың мойыны босап,  
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап, қора да шу,  
Көбелекпен, күспенен сай да ду-ду.



Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбыр қағып, бұрандап ағады су...<sup>15</sup>

Бұл – өзімізге ежелден таныс Абай сөздері.

Сәуірде көгерілер рақмет туы,  
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.  
Көкпен жанбыр, таулардан сулар жүріп,  
Жайылар жер жүзіне қардың суы...

Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,  
Құдайым дәрмен бол деп егер пәрмен...  
Бір малы шаруаның екеу болып,  
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.

Күлісіп, құшақтасып, әзіл сөз  
Әйелдер көп жөнелтіп кейін қалған...<sup>16</sup>

Бұл – көктем көрінісін өзінше жеткізген Ыбырай сөздері. Қазақ даласының екі өңіріндегі жыл мезгілінің ортақ көріністерін екі ақынның өз көздерімен көріп, өз сөздерімен суреттеген бейнесі осындай. Бұл ұқсастықты М.Әуезовтің мына сөзімен қорытындылап кеткен орынды болмақ: “Екеуінің қазақ ауылындағы көктем жайында жазғандарын оқып отырсаңыз, шынында бір ақындық мектептің, бір түрлі ақындық дәстүрдің үлгісін көрсетіс және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өлеңді жазған...”<sup>17</sup>

Алтынсариннің әдеби-шығармашылық мұрасындағы ең тың, ең құнарлы, ең жемісті арна – көркем проза. Ыбырай мен Абайдың арасындағы бұл салада да орын алған ізашарлық ұқсастық жанашылдық үлес ортақтығын әдебиет зерттеушілеріміз ертеден-ақ байқаған. Бірақ сонымен қатар олардың бұл салаға келу жолдары мен осы бағыттағы шығармашылық әдіс-тәсіл айырмашылықтарын да ескермеске болмас еді.

Мәселен, Абай өзінің қара сөздеріне ақындық өнері әбден кемелденіп барып, табиғи мөресіне жеткен кезде ойысқан болса, Ыбырай шығармашылық қабілетінің барлық түрлерін ұстаздық қызметіне құрал етіп пайдалану мақсатымен бұл жанрды ерте қолға алған. Оның сюжетті қысқа әңгімелерінің тәрбиелік, тағылымдық сипаты осыған байланысты болып келеді. Өзгені былай қойғанда, “Хрестоматияның” прозалық бөліміндегі қысқа

<sup>15</sup> *Абай*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т., А., 1995, 160-б.

<sup>16</sup> *М. Әуезов*. Жырғама томдық шығармалар жинағы. 19-т., А., 1985, 246-б.

әңгімелердің орналасу тәртібінен де осыны аңғаруға болады.

Айталық, “Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш”<sup>18</sup> атты жиырға жолдық әңгімедегі он жасар бала атасына еріп келе жатқанда, сол атасының нұсқауымен, өрмек тоқып жатқан өрмекшіні, нанның қоқымын сүйреткен құмырсқаны, аузына бір тал шөп тістеген қарлығашты көреді; атасынан олардың мұны не үшін істегендерін білді; өзі содан сөби санасының деңгейінде нибрат алды. Әңгіме осымен бітті, оның сюжеттерінде басқа өріс жоқ. Демек, эпизодтық көрнекілік мәні басым. Дәл осы сәтте баланың танымы үшін өте маңызды мән.

Ұстаз жазушы қып-қысқа әңгіменің өзі қолданған эпизодтық құрылымын өз мақсатына ұтымды пайдаланған. Осыған жалғас “Сәтемір хан”, “Талаптың пайдасы”, “Әке мен бала”, “Асыл шөп”, “Бақша ағаштары”, “Бір ұйс мақта”, “Алтын шеттеуік” сияқты әңгімелердің бәрі сөзден жасалған көрнекілік құрал ретін атқарып тұр.

Бірақ осылардың барлығының да, сайып келгенде, ұлттық көркем прозаның қысқа әңгіме жанрына іргетас бола алатындай бастамалық зор маңызы бар екендігі сөзсіз.

Мұндай әңгімелер бірте-бірте құрылым жағынан күрделіленіп, мазмұны толыса түскен сайын, оқиға желі тартып, көркемдік дәрежесі көтеріле, жанрлық бейнесі айқындала түседі. Бұған алғашқы мысал ретінде “Шеше мен бала” атты әңгімені алуға болады. Біріншіден, мұнда диалог түріндегі драмалық жанрдың нышаны бар. Екіншіден, белгілі бір іс-қимыл арқылы ашылатын кейіпкер характерлерінің элементтері байқалады. Баланың шеше сұрақтарына қайтарған неше дүркін жауаптарынан бала мінезінің ерекшеліктерін танимыз. Әңгімеге кейінірек араласқан қызының сөздері арқылы оқиға жаңа бір өріске қарай өріледі. Біз осы үш кейіпкердің сөздері мен іс-қимылдарынан кәдімгідей сюжетті әңгімеге қарай дамыған шығарма динамикасын көріп отырмыз.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі мазмұны терең, көркемдік дәрежесі жоғары әңгімелердің бірі – “Бай мен жарлы баласы”. Бұл туынды Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық қызметін білетін әрбір оқырманға жақсы таныс. Сондықтан оның мазмұнын баяндап жатпай-ақ, басқа әңгімелерінен өзгеше кейбір көркемдік ерекшеліктеріне ғана тоқталып өтейік.

Бірақ бұл тұста бір ескертпені айта кетуді қажет санаймыз. Кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық өктемдік тұсында Алтынсариннің ағартушылық қызметі жөнінде орын алған кейбір жаңсақ пікірлердің ішінде, әсіресе, осы әңгіме жөнінде де оның идеялық мазмұнын теріс бағалаушылық, ағап айтқанда, қалдағай таптық тұрғыдан қараушылық байқалып жүрді. Ол көзқарас

бойынша бай баласы міндетті түрде жағымсыз кейіпкер болуы керек еді.

Шыңдығында, Асанның өмірге бейімсіз, жылауық, қорқақ, табансыз болып шығуы тек бай баласы болғандықтан, ал Үсеннің пысық, сабырлы, қиындыққа төзімді, тапқыр, іскер болуы тек кедейдің баласы болғандықтан ба еді? Екі баланың қиыншылық жағдайда екі түрлі мінез көрсетуі олардың шыққан тегіне ғана байланысты болмаған шығар. Үстем тап өкілдерінен, ауқатты адамдар отбасынан да дарынды, ақылғөй, қайраткер өкілдер шығып жатпай ма? Сондай-ақ кедей текті адамдар ішінде де неше түрлі жағымсыз, теріс мінезді пенделер кездеспей ме? Демек, адамның жақсы-жаман болуы оның әлеуметтік тегіне ғана байланысты емес, жеке басының табиғи қабілет-дарыны үстіне, тербие алған ортасына, көрген-білгеніне, тағы басқа нақты жағдайларға да байланысты болса керек.

Бұл жердегі біз үшін маңыздысы – жазушының көшпелі ел тұрмысында иесіз жұртта адасып қалған екі баланы бір тәулік ішінде солардың мінез-құлқы мен қажыр-қабілеті айқын танылатындай жағдайға қоя білген және сол жастағы оқушы балаларға әсер ететіндей тағылымды әңгіме тұтызған шеберлігі. Балалардың жол кесіп, көшкен елдің ізіне түсу, қарындары ашқанда тұзақ құрып үйрек ұстау, қармақ жасап балық аулау, қараңғы түнде от жағып, таң күзету сияқты Асан мен Үсеннің өздеріне лайық әрекеттері бізге осыны дәлелдейді.

Алтынсарин әңгімені тек мектеп оқушыларына ғана арнап жазған жоқ. Оның ересек адамдарға деп әдейі жолдаған шығармалары да баршылық. Солардың бірі – “Қыпшақ Сейтқұл”. Әңгіменің негізгі идеясы – қысы-жазы мал соңынан еріп, қоныс аударып жүретін көшпелі елді бір жерге орналастырып отырықшы ету, содан кейін шаруа адамдарды диқаншылыққа қарай бейімдеу.

Осындай ойға берілген Сейтқұл атты азамат өзінің бір шоғыр ауылдастарын топырағы қолайлы өңірге көшіріп әкеліп, оларды суармалы егін шаруашылығына үйретеді. Осы бастамасы жемісті болып, ақырында ауылда егін, мал шаруашылығы қатар өркендеп, шаруа адамдардың ауқаты артады. Олар артық өнімдерін саудаға шығарып, кәдімгі нарықтық қатынасқа тартылады.

Әңгіменің сюжеті тарихи шындыққа негізделген. Мұндағы жер аттары, елді мекендер мен әкімшілік аймақтары нақты өмірден алынған.

“Хрестоматия” оқулығында қара сөзбен Ыбырайдың өз қолынан шыққан алшысқа тарға шығарма бар. Олар тақырып жағынан да, әдеби-жанрлық түр жағынан да саналуан. Солардың көпшілігі – шағын көлемді әңгіме, мазмұн жағынан алғанда – мінез-құллықтың, жалшы аламыршіліктің негізгі түрлі кырылары.

Оны “Талалтың пайдасы”, “Мейірімді бала”, “Зеректік”, “Әділ”, “Қанағат”, “Әділдік”, “Салақтық”, “Ақымақ дос”, “Жаман жолдас”, “Надандық”, “Тәкаббаршылық” деген сияқты тақырыптарына қарап-ақ аңғаруға болады.

Жанр жағынан қарастырғанда да, олардың біразын автор ертегі, мысал, ел аузынан алынған аңыз әңгіме түрінде берген. Содан кейінгі бір маңызды ерекшелік – мұнда қазақтың өз тұрмысынан, оның арғы-бергі тарихынан алынған лұғатты өнеге-үлгілерден басқа орыс, қытай, еуропалық халықтар өмірінен алынған әртүрлі кештер сөз болады, тарихи тұлғалар мен ірі-ірі қалалардың, елдердің аттары аталады. Осылардың барлығы – оқушы жастардың ой-ерісін кеңейтетін тағылымдық-танымдық мәні бар шығармалар.

Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысындағы біріне-бірі жалғаса дүниеге келіп, қазақ халқын дүние жүзілік өркениетке қарай бастаған үш ұлы тұлғаның бірі; Шоқан мен Абайдың аралығында, солармен бірдей бой көтерген ойшыл, ғұлама ұстаз, дарынды қаламгер. Олар бірін-бірі көрмесе де, сырттай жақсы білген. Шоқан мен Ыбырайдың бір-бірінен хабардар болғандығы жөнінде белгілі тарихшы, Алтынсарин өмірін зерттеуші ғалым Бек Сүлейменов шындыққа жанасымды мынадай жорамал жасайды. Оның айтуынша, татар ғалымы, Санкт-Петербург университетінің оқытушысы Хұсайын Фаизханов 1861 жылы 4 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хатында сол жылы жазда Орынборға барған сапарында Ыбырай Алтынсаринмен танысқанын хабарлайды. Ол кісі жөніндегі жақсы әсерін білдіре келіп, сол конверттің ішінде оған жазған хатын Ыбырайдың өзіне жолдап жіберуді өтінеді. Осыдан кейін 1862 жылдың қаңтарында жазған екінші хатында Фаизханов Петербургте Шоқанмен танысқанын жазып, тағы да ол туралы өзінің жылы пікірін білдіреді. “Осы фактіден туатын қорытынды, – деп түйеді Б.Сүлейменов, – Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин, сөз жоқ, бірін-бірі білген”<sup>19</sup>.

Ал енді екі Ыбырайдың таныс-білістігін М.Әуезов одан бетер көз жеткізе былай деп дәлелдейді:

“Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін, Абайдың өзі қадірлегендіктен, Абайдың қолжазбаларының ішіне Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кіруімен бірге, Ыбырай өлеңдері үнсімі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек... Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жағталып, таралып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман-

<sup>19</sup> Қараңыз. *Ы.Алтынсарин*. 3 томдық шығармалар жинағы.

бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендігін танытушы еді»<sup>20</sup>.

Мұқан Омарханұлы әрі қарай Ыбырай жөніндегі өз пікірін былай таратады:

“Сол заманнан бері қарай біздің кешегі ұрпағымыздың бөріне де Абай қалай қадірлі болса, Ыбырай да өз орыны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде бағыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірліктен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп, айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды”<sup>21</sup>.

Алтынсарин өзінің ағарту саласындағы аса белсенді де жемісті еңбегімен өз замандастары арасында, әсіресе, өзінің туған халқы мен сол кездегі патшалық әкімшіліктің оқу-ағарту жұмысына қатысы бар орыстың зиялы адамдары алында өте беделді болды. Ыбсекеннің интеллектуалдық жоғары мәдениеті мен кең өрісті ой-пікірі оның эпистолярлық мұрасынан өте айқын танылады.

1889 жылы Ыбсекен дүние салғанда бүкіл Орынбор облысының, оның ішінде Қостанай өңірінің қазақтары қатты күңіреніп, жоқтау айтты. Сондай тебіреністі сөздер “Орынбургский листок” газетінде жарияланған ресми қазанамада, Ильминский, Мазохин, Соколов сияқты әріптес орыс ұстаздарының естеліктерінде де айтылды.

Алтынсариннен қалған мұра қыруар. Және бір қанағат сезімімен атап айтарлық жәйт – күні бүгінге дейін түгелдей дерлік жинастырылып жарық көрді. Негізінен. Рас, көпшілігі түпнұсқа бойынша орыс тілінде.

Ал әдеби шығармалары түгелдей дерлік ана тілінде оқырмандарға кеңінен таныс. Оларды бастыру, насихаттау, ғылыми тұрғыдан терең зерттеу бағытында бірқалыпты жұмыстар тындырылды. Солардың ішінен оның педагогикалық көзқарастарын зерттеген Ә.Сыдықовтың, психологиялық көзқарастары туралы Т.Тәжібаевтың, көркем әдебиет саласындағы мұрасын зерттеп, көлемді монография жазған Ә.Дербісәлиннің еңбектерін, сондай-ақ, Алтынсариннің бүкіл шығармашылық мұрасын түгел зерттеп, үш томдық толық шығармалар жинағының академиялық басылымына басшылық еткен көрнекті ғалым Бек Сүлейменовтың еңбектерін ерекше атап көрсеткен жөн.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин — артына мол мұра қалдырған, туған әдебиетіміздің ұлы тұлғасы.

## АҚМОЛЛА МҰХАМЕДИЯРҰЛЫ (1839-1895)

Ақмолла (Мифтахитдин) ақын қазіргі Башқұрт Автономиялық Республикасы жерінде дүниеге келген. Әкесі – қазақ, шешесі – башқұрт. Әкесі Мұхамедияр, Ақмешіттің қазағы, панасыз қалып, жетімдік зардабын тартып жүргенде, оны Бұқарадағы жоғары діни медреседе оқып, енді Башқұртстанның Стерлитамақ қаласына келе жатқан Бектеміров Нығметолла деген кісі өзіне қолбала етіп алады. Сөйтіп, ол туған жерден алыста, Башқұрт жерінде күн кешеді. Осында жүріп, Мұхамедияр ер жетеді, Нығметолла кейінірек оны өзі секілді панасыз қалған қызметшісі Бибігүлсім Салиманқызына үйлендіреді. Сөйтіп, дүниеге Мифтахитдин келеді. Бірақ оның дәл қай күні және қай жылы туғаны беймәлім. Көптеген зерттеушілер оны 1831 жылы дүниеге келді десе, екіншілері 1839 жылы тууды деген пікірді айтады.

Ақмолла біздіңше, 1839 жылы өмірге келген. Өйткені, оның өз өлеңдеріндегі сарын, кейбір тарихи жағдайлар, көптеген естеліктер осыған меңзейді. Шындығында, әскерге алыну қаупінен құтылу үшін Ақмолла жасын үлкейтіп алған деректерде 1831 жылы Сондықтан да оның туған жылы кейбір деректерде 1831 жылы болып көрсетіледі. Ал төлқұжатта әкесінің Камелетдин болып жазылуы жөнінде ешқандай күмән жоқ.

«Ақмолланың әкесі өліп, анасын Камалитдин деген бір татар алады. Ол кісі анасымен бірге Ақмолланы да (яғни Мифтахитдинді) өзіне бала қылып алады»<sup>1</sup>, – деп жазған болатын Сәкен Сейфуллин. Бұл ретте профессор Б.Кенжесбаевтың да пікірі орайласып жатыр.

Бақытына қарай, Камелетдин өмір тауқыметін көп тартқан, тұрмыс-тіршіліктің небір ауыртпалығын мойнымен көтеріп жүрген жан болады. Кейін молдалықпен айналысып, хазірет

<sup>20</sup> М. Әуезов. Жылырма томдық шығармалар жинағы. 19-т., 246-б.

атанады. Бірақ, ол Ақмолланың өнер-білімге ұмтылуын, кітапқұмарлығын жақтырмайды. Өгей әке Мифтахитидің жұмысқа салып, ақша табуын көздейді. Ал Ақмола болса, әкесінің мұндай ойына көнбей, білім қууды мақсат етіпті.

Бірақ анасы көп кешікпей қайтыс болады. Енді Ақмола өгей әкенің үйіне де сыймайды. Сөйтіп, ол туған жері Стерлитамақты тастап, Жайық бойына, Орынбор қаласының маңына келеді. Осы қаланың жанындағы Қарғалы «Әген ауылы» деген жерде біраз уақыт тұрып, білімін көтереді. Іздене жүріп, хат таниды. Ш.Зәки сопының медресесінен дәріс алған. Кейінірек Никольский деген ауылда бала оқытыпты. Ол дүниетану мақсатымен ел кезіп, қазақ даласын мекендеген. Көп жерлерді жаяу аралап шығып, ел өмірімен жақынырақ танысқан. Осылай Ақмола өмірге қызу араласып, өзінің ақындық, ағартушылық жолын бастайды.

Содан ол Аялберген деген кісіге молдалыққа тұрып, бір қыз бойы бала оқытады. Одан кейін Бағанбайлы қажыда молда болып, қазақ балаларына өзінің білгенін үйреткен. Содан келесі жазда қарақыпшақ, қарақыз еліне келеді. Бұл 1856 жылдың шамасы.

Болашақ ақын ғылым-білімге өте құмар болған. Қолына түскен бірді-екілі кітаптарды үнемі оқып, оны терең ұғынуға тырысқан. Ғылым мәселелерімен таныс адамдармен сөйлесуден, солардың ой-пікірлерін тыңдаудан жалықпаған. Үнемі кітап қарап, мәслихат құруды дестүрге айналырған. Ол ғалыммын, молдаммын деген сылтаумен басқа өнерден бой тартпаған. Молдалық құра жүріп, ағаш шабу, арба жасау секілді жұмыстармен де айналысқан.

Қарақыз елінде Ақмола бірнеше жыл өмір сүреді. Дүние танымы кеңейіп, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Орыс тілін өз бетінше үйреніп, олардың өмірінен мәлімет алады.

Атақты ақынның өмірі кенеттен үзіледі. Оны 1895 жылы кезекті сапарға шыққан бетінде башқұрт және татар байларының өшпенділігімен Миас қаласының жанында 8 қазан күні Нығметолла (Баймұратов) және Дәулетші деген башқұрттар қастандықпен өлтіріп кетеді. Оның сүйегі сол жердегі Сарласан ауылына жерленеді. Троицкінің белгілі хазіреті әрі ақыны Зейнолла оның басына құлыптас орнатып, опат тарихын жаздырып қояды.

Ақмолланың көзі тірісінде бір-ақ кітабы жарық көрген. Ол Марджани жөніндегі Мәрсиясы. Кітап 1892 жылы Қазан университетінің баспасында жарық көрген. Бұл кітап негізінен Ақмолланың ақындық атын шығарған тұңғыш жинағы еді.

Жинақтағы өлеңдерді толғау деп те атауға болады. Алғашында Ақмола бұл өлеңді мадақтау, ода тұрғысында жазған. Бірақ бұл кезде Марджани қайтыс болады да, оған «Мәрсия жоқтау» деп

өкілі Марджаниді дәріптеп, жаңашылдықты, өнер-білімге ұмтылуы мақсат еткен. Мұнда феодалдық қатыгез дәстүрлердің керегесі ыдырай бастағаны байқалады. Жаңа оқу жүйесін қолдаған Марджаниді дәріптейді. Ақын Марджанидің орыс тілін үйрену, дін сабақтарымен қоса, қоғамдық сабақтарды оқыту керек деген ойына қуана қосылып, соны мадақтайды. Ақмола оны жаңа дәуірдің «Қараңғы түндегі шамшырағы», «Елшімнің қолынан келмейтін тереңдікте жатқан шындық туын тапқан» деп бағалаған.

Бұл мәрсияның көлемі, ұзын ырғасы 400 жолдай, онда ақынның идеялық көзқарасын анықтайтын, жанын ұғынуға аз да болса септігін тиісетін өлең шумақтары көптеп кездеседі.

Ақынның екінші кітабы өзі өлгеннен кейін тоғыз жылдан соң Троицк қаласында 1904 жылы Харитонов баспасында жарық көреді. Онда Ақмолланың қысқаша өмірбаяны жазылған. Ал 1907 жылы Қазан қаласындағы Шеріп баспаханасында алдыңғы толғауларымен қоса, Ақмолланың түрмеде жазған өлеңдері біріктіріліп, арнайы кітап болып басылады. Осыдан кейін Ақмола өлеңдері көпке дейін белгісіз болып, оны жинап бастыруға ешкім назар салған жоқ. Тек Қазан революциясынан кейінгі зор өзгерістерден кейін, яғни 1935 жылы Ақмолланың өлеңдері жиналып, жеке кітап болып басылып шықты. Оны баспаға әзірлеп, алғы сөзін жазған, ақындық жолын талдаған Сәкен Сейфуллин еді. Кітап шыққаннан кейін қазақ ақындары, сыншылары, Ақмолланың ақындығын тани бастады. Дегенмен, ақын шығармашылығына жән-жақты талдау жасау, қомақты зерттеулер болған жоқ. 1986 жылы «Жазушы» баспасынан Ақмола ақынның «Күндер мен түндер» атты жинағы шықты.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде оянушылық ағымдар терең тамыр жайып, халық арасынан оқыған, көзі ашық адамдар шыға бастады.

Қазақ жерінде орыс мектептерінің ашылуына байланысты көптестен адамдар орыс өнері мен әдебиетін жетегтануға мүмкіндік алды. Орыс әдебиетінің ықпалын алған ақындардың қатарына Ақмолланы да қосуға болады. Ол түрмеден шыққаннан кейін бір жыл бойы орыс жерін аралады. Қалай болғанда да, бұл оның орыс өмірінің кейбір сәттерін аңғаруына әсер етті. Әрі Ақмола жәдитшілік ағымның насихатшысы, жыршысы болды.

Ақмола өнердің кез келген саласынан хабары бар, қаріез жан еді. Ол өз өлеңдерін жатқа, дауысын көгере бастап, нәзік сазды үнімен оқиды екен. Тілі өткір, ойын ашық айтып, дүниенің әділетсіздігін, халықтың күйін реалистік тұрғыда жырлайды. Оны өзі өлеңге қосып, өзі де күйзеліп, екінші білдіріп отырады. Ол бір өлеңінде:

Өзімді түзеумін деп ақтамаймын,  
Көңілімде болса ойым сақтамаймын.  
Айтыңыз, бұл сөзімді қате болса,  
Өзімді қатем жоқ деп мақтамаймын.

Дертім бар, тілім шалақ баяндауға,  
Майданда қолым шалақ аянбауға,  
Жорланғанмен күйсіз көлік ұзамайды,  
Түсседі біраздан соң аяндауға<sup>2</sup>, –

деген өлең жолдары күе.

Ақмолла өзінің өмір туралы толғаныстарын осылай баяндай келіп, қоғамдағы үстем тап өкілдерінің істерін әшкерелейді. Көңілге оралған ойларын ұялты сөзбен араластырып, өткір тілмен баяндайды.

Ақмолла тек қана өлең жазумен айналыспай, өзіне көзқарасы жақын прогресшіл қайраткерлерге де ықпал жасап отырған. Сөйтіп, ақын мұраты бір ғана ел ішінде тарамай, бауырлас қазақ башқұрт, татар халықтарының арасында кеңінен мәлім болады.

Қазақ даласы қашаннан өнге, жырга, аңызға бай, күнделікті ел өмірі де той-томалақ, ән-жырсыз өтпейді. Осындай отырыстарда ақындар шыңдалып, олардың поэзиясы сомдалады. Жақсы ән, жарқын жыр әр адамның көңіл кілтін ашып, жүрекке уялайды. Ақмолла ақынның да поэзиясы өзі құрметтеген, өзін құрметтеген қазақ халқының жүрегінен берік орын тепті. Оның өлеңдері ауыздан-ауызға өтіп, қазақ сахарасының ылданынан төскейіне жетті.

Халықты оқытуды мұрат тұтқан ақын поэзиясы оның жанына көптеген мұңдас, ойлары орайлас ақындарды, қайраткерлерді топтастырады. Әсіресе, Ақмолла қазақтың атақты ақындарының бірі Нұржан Наушабаевпен жақын дос болады. Қостанай жағында бала оқытып жүрген кезінде Нұржан екеуі жиі кездесіп жүрген. Бір-бірімен айтысқа түспесе де, қалжың ретінде бір-біріне бір-екі ауыз өлең де арнаған. Осы қарым-қатынас, достық Нұржанның идеялық жағынан әсер алуына ықпал етпей қоймайды. Нұржанның халықты оқуға, ағартушылыққа шақырған өлеңдерінде Ақмолла сарыны, соның ықпалы айқын аңғарылып тұрады. Мысалы,

Ақмолла:

Ең әуелі тазалау керек ілтің кірін,  
Іште толып жатпасын сасық ірін.  
О, дариға, іш тазарсын, іс тазарсын,  
Болмаса пайда бермес құры білім.

Нұржан:

Қысқаша осы болар түсіндіру,  
Адамның сыртына көрмей, ішін білу.  
Ішпеген білім-білім табылмаса,  
Нс пайда келтірмекші сырты сүлу.

Ақмолла:

Жақсының мәжілісінде шағыс болмас,  
Жамалшың саудасыңда табыс болмас,  
Сырға кілем жапсаң жараспайды,  
Шағала бояғыммен тауыс болмас.

Нұржан:

Мінезі ақымақтардың сол сықылды,  
Жүре ме бояғысыз ат жеккенменен.  
Өзінің қалыбындай боп жарасар ма,  
Жібекті шуда жіппен тіккенмененгі<sup>3</sup>.

Міне, осы секілді бір ойдың үндесіп, қабысып келуі екі ақынның ұстаған бағытын, бір-біріне тигізген игі ықпалының жарқын мысалы бола алады. Екі ақынның бұдан басқа да өзара үндесіп жатқан өлеңдері баршылық. Нұржан Ақмолладан жасы кіші болғандықтан, оны қатты құрметтеп, алдынан қия өтпеген. Ақмолла да өзінің поэтикалық рухы жағынан жүрегіне жақын ақын інісіне ілтипат көрсетіп, сағынғанда іздеп келіп жүрген.

Ақмолла мектебінен өткен ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сұлтанмахмұт Ақмолла өлеңдерімен Троицкіде оқып жүргенінде танысады. Бірте-бірте Ақмолла өлеңдері зерделі жастың жүрегіне берік уялайды. «Шылықтың ауылын іздеген жасқа Ақмолла өлеңдері ерекше әсер етеді. Енді ол ақын өлеңдерін көшіріп алып, қалтасына салып жүреді. Жастардың жиналған ортасында Ақмолла өлеңдерін жатқа оқиды. Сөйтіп, Ақмолла поэзиясының ықпалымен Сұлтанмахмұт бірді-екілі өлеңдерін жазады. Ақмолла өлеңдеріндегі шындықтан ол сол тұстағы дәуір тынысын аңғарады.

Ол: «Құрметті білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір туысқандарым! Басымызға келген жақсылық, жамандық, аянышты халдерімізді айтып, кемшілік қоршылықта болып, қараңғылықтан шыға алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда тым болмаса қағамызды шығарып, зарланайық та!

Ердің халі білінер лебіз айтса,  
Кімнің халі білінер қарап жатса<sup>4</sup>, —

деп атақты Ақмолла шайыр айтыпты ғой, — деп, ол 1912 жылы «Зарландым» деген әңгіме-фельетонын жазды. Осы үлкен мақаладағы ойлар негізінен халықты оқыту, жағымсыз әдеттерді сынау-мінеу тұрғысында жазылған. Сөйтіп, Сұлтанмахмұт Ақмолла секілді халықты өнер-білімге, ғылымға ұмтылуға шақырады.

Тұрмағанбет Ізтілеуов, Омар Шипин, Иманжан Жылқайдаров, драматург Шахмет Құсайынов, атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов сынды талантты да белгілі қайраткерлер Ақмолланың өлеңдерін көп оқыған, жатқа білген. Жүрген жерлерінде оның өлеңдерін халыққа таратып отырған.

Ақмолла ақынның бірсыпыра өлеңдері бүгінгі өскелен ұрпаққа Тұрмағанбет ақынның айтуымен жетіп отыр. Ол өлеңдер негізінен Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы.

Татар әдебиетінде де Ақмолланың өзіндік ықпалы жоғары болды, Ғабдолла Тоқай, Мәжит Ғафурилердің нәр алған поэзиялық арқауына айналды. Оның поэтикалық бай мұрасының мөуесінен екі ақын дәм татты. Ашы мен тұщыны, шындық пен әділетсіздікті, қараңғылық пен жарықты олар осы ақын мұрасынан алғаш рет таныды. Үш халықтың бай мұрасын меңгерген ақынның көл-көсір, шыншыл асқақ үнді поэзиясының үшқыңдары олардың көңілін оятты, ой салды.

Ақмолланың көп өлеңдері қазақ тілінде жазылған. Дегенмен, татар, башқұрт арасында көп жүріп, кітабы сонда шыққандықтан, бірсыпыра өлеңдерінде татар, башқұрт сөздері жиі кездеседі. Әсіресе, Марджани туралы мөрсиясында Ақмолла араб, парсы, татар тыддерін көп пайдаланған. Осыған қарап, татар ғалымдары оны өздерінің төл ақыны деп есептейді.

Ақмолла өлеңдерінің негізгі тақырыбы қазақ даласының жағдайына, оның ішінде өз елінің күй-жайына арналған. Өлеңдерінің жалпы сарыны қазақ тақырыбын қамтиды. Оның өлеңдерінде қазақ ауыз әдебиетінің озық үгілері жинақталған. Ақмолланың қайталап, толықтырылып, әр түрлі құрастырушылар жинап бастырған төрт кітабы бар екенін жоғарыда айттық. Ақынның ол жинақтарда жарияланған және қолжазба күйінде сақталған өлеңдерін түр жанрына қарай мынандай топқа бөлуге болады.

- 1) Ақмолланың Марджани жөніндегі мөрсиясы.
- 2) Ақмолланың түрмеден жазған өлеңдері.

- 3) Ақмолланың жалқаулық, نادандықты шенсеген өлеңдері.
- 4) Ақмолланың өнер-білімді, ғылымды насихаттап жазған өлеңдері.
- 5) Ақмолланың табиғат лирикасы.
- 6) Ақмолланың тіл, ақындық өнер, адамгершілікті насихаттап жазған өлеңдері.

7) Ақмолланың сатиралық өлеңдері.

8) Ақмолланың термелері.

9) Ақмолланың айтыстары.

Ақмолла өлеңдерінің ауқымы кең, сондықтан да оның өлеңдерін бірнеше топқа жіктеу қажет. Соның ішінде Ш. Марджани туралы мөрсиясының орны ерекше.

Бізге ақынның атын танытқан осы шығармадан Ақмолланың көзқарасын, ұстаған жолын, мақсат-мүддесін айқын аңғаруға болады. Ақмолла Марджаниді ағартушылық майданында от-жалын кешкен, ел игілігін армандаған асыл жанға теңейді. Ол Марджаниді қараңғыда жол ашып, шырақ жаққан ақын деп мадақтайды.

Сөз қоғам ол ер асыл керек жерден,  
Құдайым парасатты жүрек берген<sup>5</sup>.

деп оған деген өзінің ыстық ілтипатын білдіреді. Оны ізгілікті, ізденгіш, жүрегі кең халық ішіне білім нәрін шығарғанын кең сезіммен дәріптеп, оны жеке басының үлгісін мақтан етеді.

Ақмолла Марджанидің надан атқа мінерлерге қарсы тұрғанын, сол күресте алғы бетте жүргенін мадақтайды.

Ақмолланың Марджаниге арнап жазған мөрсиясында ерекше айтар жай бар, ақын Марджаниді мадақтай отырып, оның ұстаған жолын жөн деп біледі, оны тарату керектігін меңзесіңді. «Ел ішінде зиялы, білімге құштар адам жоқ деменіз, олар көп. Бір із салынса, олар оны кеңейтуге өзір. Жақсы-жақсы жігіттер қазірдің өзінде оқудың керектігін біледі. Оны насихаттап жүр, ұстаған жолыңыздан таймаңыз, сіз жалғыз емессіз деген ойын өлең шумақтары арқылы аңғартады. «Ойламаңыз дүниеде мерген жоқ деп, Қадыр қол садақ тартқан жігіттер бар», — деп ақын жаңа жолдың қалың көпшілік арасынан жол табатынына сенім білдіреді.

Ақын мөрсияда білімге деген мешеулікті сынай отырып, оның поэтикалық күшін, мүмкіндігін сөз етеді. Сөйтіп, поэзияның тазалығы үшін күреседі, оны қорғайды. «Сөз шығар, шайырлардан хикметпенен», — деп талантты баса айтады, ақынның қоғамдық рөлін көтеретүседі. Сөйтсінде, ақындардың айтқанын ұғынындар,

олар зиян айтпайды, барды, көңілде жүрген мұнды айтады деп қорытады. Бірақ Ақмолла ақындардың барлығы дәл осындай салауатты пікірдің иесі деп кесіп айтпайды. Егер ақынның айтқаны көкейден шықса, сөзі де дұрыс болса ғана гират алуға болады, «Насихаты қабыл болса, есіткен адамдарды жылатқандай, уағыз бен гираты көміл болса» дей келіп, ақын кітаптар туралы, оларда жазылған мәселелердің пайдалы болуына, дұрыс жолды насихаттауына керек нәрселерді баяндайды. Ол дүмше бай-молдаларды, өмірдің мәнін ұғына білмейтін белсенді пақырларды ажуа етеді. Сөйтіп, халыққа Маржани сөзі темірқазық болды, соның жолын ұстап, білім, ғылымға ұмтыл, көзінді аш деп үн тастайды.

Ақмолла Мұхамедиярұлының Маржани туралы жазған мәрсиясы оның ақындық өнерінің шыңы.

Ақмолланың бұл мәрсиясының құрылымы кеңіл аударарлық. Оған дейін бұл форманы ешкім пайдаланбаған. Бұдан Ақмолланың өлеңнің мазмұнына ғана емес, сыртқы формасын үйлестіруге де ерекше көңіл бөлгенін көреміз. Енді осы құрылымға тоқталайық. Жоқтау бес бөлімнен құрылған. Бірінші бөлім – деріштеу. Мұнда Маржаниді, оның жәдитшілігін деріптейді. Екінші бөлім – ынтымақ, ғашық болу. Ақын өз тұсындағы жаңа ағымның шыққанына қуанады, сөйтіп, Маржани жолына өзінің түскенін айтады. Үшінші бөлім – үндеу. Ақмолла жаңа іске көңіл бөлу керек, үлгі алған жөн деп, оның ұстаған жолын қуаттайды. Төртінші бөлім – арашалау. Мұнда Ақмолла жаңа оқудың қадімен артық екенін айта отырып, арашалайды, поэзияны өнер деп, оны да өз әлімше қорғайды. Бесінші бөлім – жоқтау. Бұл бөлімде Ақмолла Маржанидің өлгеніне күйінеді, шығыс дүниесінің үлкен бір кемелдерінен айырылғанына зар айтады. Міне, бұл мәрсияның әсерін ашып, ақын өлеңінің көпке таралуына игі ықпал еткені сөзсіз.

Ақмолла 1867-1871 жылдары Троицкідегі түрмеде отырған. Қиын-қыстау кезде де жазуын тоқтатпаған. Барлық ғұмырын халықты ағарту мұратына арнаған ақынның түрмеге қамалуы – оның өмірінде өшпес із қалдырды. Ең алдымен ол түрмеден саяси сауаты аз да болса көтерілген ақын болып шықты. Мұндағы теңсіздік зорлық-зомбылық ешқандай кінәсіз темір торға түскен адамдардың өмірі оның шығармашылық қуатына соны серпін бергендей еді.

Түрме заңы қатал. Аштық пен жалаңаштық, Кір, лас бөлмелер ақынның көз қиығынан тыс қалмайды. Сезімтал ақын түрмеден сәттердің әр кезеңін бақылап, көңбіне тоқиды. Жаңа ой, жарқын сезім қолына қалам алғызады. Қаншама қорлық көріп, азап шексе де ойың үбей, қалаға түсібіп отырады.

Сарғайып түн ұйықтамай таң асамыз,  
Ағылған құсаменен адасамыз.  
Ау құрып шыбын жұтқан өрмекшідей,  
Қаңдала, бүргеменен таласамыз<sup>6</sup>, –

дейді ақын.

Бұл – түрме жайы. Осы өлең шумағынан ақынның көрегендігін, ойын бүкіпсіз дәл айта алатынын көреміз.

Түрме – жазықтылар мен жазықсыздардың ордасы. Мұнда адам өлтірген жеңдет те, жоқшылық қолын байлап, ұрлық істеуге мәжбүр болған адамдар да, жол тосқан қандыбалақ қарақшылар да бар.

Оны да ақын дәл бере білген:

Мексітім менің жатқан аты – зындан,  
Әртүрлі адамы бар жапа қылған.  
Ішінде түрлі гират есебі жоқ,  
Сұрқия неше түрлі бар жиналған<sup>7</sup>.

Жазықсыз қамалғандардың көз жасы оның жүрегін де қырық жамау етеді. Өзі секілді нақақтан жапа шегіп, жандары күйзеліп жатқан адамдардың халі ақынды қатты күйзелтеді. Өзінің тіршілігін суреттей келіп, ақын еріксіз жапа шеккен қарапайым халық өкілдерінің өмірін өлеңіне өзек етіпті. Бостандықтағы адамдарға солардың ой-пікірін, сана-сезімін, арманын, өтінішін жеткізгісі келеді.

Ақмолла түрменің ішкі тыныс-тіршілігін, жапа шеккен адамдардың хал-ахуалын өз өлеңдеріне арқау етіп отырады. Өзі көріп, басынан кешіріп отырған теңсіздікті жырна қосып, өткір тілмен болмысты сынал-мінейді.

Сөйтіп, ақынның өз басының қайғысынан басталған толғау бірте-бірте күшті сарказмге, таптық тұрғыдағы жырна айналады. Тіпті, бұл шешендік сөздердің аясына сыятын толғау деп те қарауға болады. Онда адамдардың неге асық болып, неден қашу керектігі де басым айтылып тұр. Халық мұрасына еліктеп, соның формасында жазылғандықтан, кезінде бұл өлеңдерді қалың жұрт отырған жерде мысал қылып, жатқа айтып жүрген:

Адамға өсек псіпсіп жала жаман,  
Шыбынды шағатұғын ара жаман.  
Сөйлесе сөйлей берсіп қара таған,  
Қосылмас ақ маралға қара кабан<sup>8</sup>, –

<sup>6</sup> Бес ғасыр жырылайды. 3-т., А., 1984, 126-б.

<sup>7</sup> Солға 176-б.

деп ақын ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алмайтын надандарды, бай-молдаларды ажұрайды. «Жүзеді өнерлі адам өрге таман» деп халықты өнер-білім жолына ұмтылуға шақырады. Өсек-өтіріктің неге апарып соқтыратынын мысалға ала отырып, халықтың ел аузында жүрген қиссалардағы, аңыз-жырлардағы кейіпкерлердің өмірлеріне тоқталады. Соларды мысалға ала отырып, «бұл заманда өтірік, өсек іздеме, өнер үйрен, адам бол, қолыңды кенге серме», – деп насихаттайды. Сөйтіп, Жүсіп-Зылиқа қиссасынан мысал келтіреді. «Ұрлықшы, өтірікші, өсекші деп, Жүсіпті қандай қылды ағаларың» дей келіп, жақынына да, алысына да қастық ойлама, «асылды сөккенменен аты кетпес, көңілден жаман сөздің таты кетпес», осыны есінде сақта, — деп ақыл-кеңес береді.

Жақсы сөз, тыңдамаққа бір мұбәрақ,

Жақсыға құда мәдет ақыл себер.

Бұл сөзім өлең емес, бір насихат,

Жазғаны болмағаны парсы, ғарап,<sup>10</sup> —

деп ақын бұл жазғандарының таза өлең емес, насихат сөз екенін білдіреді. Міне, ақынның өз туындысына әркез ізденіспен қарағаны осыдан да байқалады.

Ақмолла өзін нақақтан жала жауып, ұстатқан Есенкелді еліне де арнап түрмеде жатып бірнеше өлең жазды. Онда ақын өзінің жаламен жабылғанын айта отырып, бүкіл Есенкелді еліне өзінің назын білдіреді. Бір жерінде көрген қорлығын баяндаса, бір жерінде елдің бірлігін сақтандар деп уағыздайды.

Ақын толғамдары түрмеден жазған өлеңдерінде кемелдене түскен.

Тағдыры қилы-қилы оқиғаларға толы ақынның артында қалған өлмес мұрасы мол. Оның өлеңдеріне көбірек зер салып, егжейлеп оқып, байыбына, мазмұнына тереңірек үңілген сайын жүрегіңді селт еткізіп, көңілге сан қилы ойлар әкелетін жыр жолдарын көбірек табасың. Ақмолла өлеңдерінің ішінде сасық байлық, надандықты шенеп жазғандары ерекше орын алған. Әрине, Ақмолла бұл өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздіктен қалай құтылу керектігі жөнінде халыққа жол көрсете алмайды. Бірақ, ол ел ішіндегі жаман қарекетті, байлыққа ұмтылушылықты, надандықты шенейді.

Ақын «Байлық туралы деп көлемді толғау жазған. Ол негізінде тоғыз бөліктен тұрады. Оның әр бөлігінде қазақ қоғамындағы әртүрлі жай баяндалған. Ол байлықтың жиналу жолдарын айта отырып, үстем тап өкілдерін сынға алады. Әсіресе, Ақмолла

бұл өлеңдерінде әдемі теңеулер табады. Сөйтіп, ақын халықты жақсыға үндейді, теріс әдеттен жиренуге шақырады. «Қайтсем байымын, қайтсем малымды көбейтем» деген оңбаған әдет деп ой қорытады Ақмолла:

Деріміздің баршасы дүние түлкі,

Дүниесі үшін жер қазып болдық күлкі.

Қанағат қылмағанның қарыны аш,

Түнде ұйқы көрмедік, күндіз күлкі, —

дейді ақын.

Қарап отырсаң, ақынның бұл айтқандарынан тек өмір шындығын көруге болады.

Ақынның пайымдауынша, байлықты мақсат етіп, күйкі тіршілік қамынан бас ала алмаған жерде надандық та соғұрлым көп болады. Бұл реттегі ақын ойларына қосылмасқа болмайды. Жалпы, ақын не жазса да, оны өзіне екшеп, ой елегінен өткізіп барып шығармақ. Оны надандықты шенеп-мінген жыр жолдары дәлелдейді.

Ел ішіндегі надандықты айта келіп, ақын көптеген өлеңдерінде өнер-білімді дәріптеп, оның маңызы жөнінде шабыттана жырлайды. Халықты мағынасыз өмір сүруді қойып, басқа ел сияқты жоғары мәдениетке жетейік, оқиық, өнер үйренейік деп насихаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, ақын өзімен тұстас өмір сүрген көптеген ақындардан ілгері, озық ойлы деп батыл айта аламыз:

Болмайық төрт аяқты мал секілді,

Қураған жапырақсыз тал секілді

Бақшадай жігіт адам көрмейді,

Былым мен сөз сөйлесе бал секілді<sup>10</sup> ...

Көз салып қараңызшы әр тарапқа,

Дүниеде ашылғандай темір қақпа.

Сен де енді өнерге ұмтыл әрекет қып,

Талпынып өнер үйрен мұндай шақта<sup>11</sup>, —

дейді ақын.

Ақмолла қарапайым өмір мысалын айта отырып, қазақ қоғамының тіршілігін шебер суреттепті, ол оқушыны осы істен қорытынды шығаруға шақырады. Бұл тұрғыдан алғанда Ақмолла шындықты мұра тұтқан ақын. Сөйтіп, ел ішінің әрекетсіздігін толғап кетеді:

<sup>10</sup> Сонда, 141-б.

<sup>11</sup> ...



Қымыз ішіп өнер емес, ег астырған,  
Біздерді қаранғылық тұтастырған.  
Замана қалай болса, бөрік солай,  
Шығайық сол тұманнан адастырған.

Жүрсіз ғой кең-байтақта ойнал-күліп,  
Қыдырған өнер емес – атқа мініп,  
Қоқактап мойнын созып қоқырайып,  
Жүруді ойламаңыз өнер биліп,

Мақтапба киім менсіп атыңызға,  
Не лазым – соны ойлаңыз затыңызға.  
Жан-жаққа қарау керек бас кетеріп,  
Айнала алыстағы жатыңызға<sup>12</sup>.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ақындардың, олардың ішінде Ақмолла секілді ақынның өлеңдерінде дәуірмен үндестік айқын сезіледі. Өйткені Ақмолла халық өміріндегі қарекеттерді, заманның көлеңкелі жайттарын баса сынайды. Оның әр өлеңінен тірліктің сарқылмас келеңсіз табын анық байқауға болады.

Ақын қазақтың әр азаматына үлкен үміг артады. Адалдық, шыңдық үшін кіммен болса да айқас, есенді жіберме, бірақ жамандықтан аулақ бол деп үгіттейді. Әр іске саналы оймен қара, аяғыңды дұрыс бас, өмірдегі өз орныңды тап. Шамаң келсе, панасызға қамқор бол, дос көңіліне қара. Еліңе пайданды тигіз деген ойлар ақын поэзиясының алтын арқауы болып отырады. «Атаң қойған атыңмен атанарсың, қызметіңе қарай еліңнен бата аларсың» деген шумақтары осы ойымызға дәлел бола алады.

Ақын өлеңдері адамның өзін қалай ұстау керектігіне, мәдениетіне, неге ұмтылу, неден қашу керектігіне арналған. Ұлы Абайдың «Бес нәрсеге асық бол» деген жыр жолдарындағы ойлар Ақмолла өлеңдерінде де астасып жатыр.

Ақынның пайымдауынша, адам бір нәрсеге ұмтылса, оған жетпей қоймайды. Сондықтан да шамаң келгеніңше қолыңды биікке соз, есек-аяннан аулақ бол, сол үшін күресу керек деп есептейді. Өйтпесе өмір өгіп кетеді. Ал жарық дүниеге келген соң, адам секілді тіршілік ет. Түзу жолмен жүр, әркім өзіне лайық іс атқарғаны дұрыс. Құры босқа ас ішіп, аяқ босату өнер емес дейді. Ақмолланың қай өлеңін алсақ та осындай халықты оятуға, жақсылыққа ұмтылдыруға, заман ағамын ұғындыруға шақырған салиқалы үнді тереңірек аңғарамыз.

Ақын шығармашылығының тағы бір қыры – табиғатты, достықты, махаббатты жырлауы.

Ақынның ойынша, тіршілік үнемі қозғалыста болады, өмірде бірқалыпты қалатын ешнәрсе жоқ, бәрі өзгереді, бір орында

тұрмайды. Ақынның сондай-ақ «Жел», «Топырақ», «От», «Күн мен түн» сияқты өлеңдері де осындай терең мазмұнымен, сырлы сезімдерімен жүрекке түрлі ой салады.

Ол жырлаған тағы бір өзекті тақырып – ғылым, таным дүниесі. Ақынның ойынша, ең әуелі керек нәрсе – ғылым. Сол ғылым арқасында теңіздің түбіндегі асыл, гауһар тастар алынады. Сондықтан да уақытты бос жібермей, ғалымдық дариясынан кереметше қармап қалу керек. Содан ғана халықтың қолы бір нәрсеге жетеді. Өйтпесе «Көзің соқыр, көңілің қоқыр» тіршілік кешесің. Жан-жағыңа, басқа елге қара. Жұрттың бәрі ұмтылып, харекет жасап жатқанда, көз жұмып отыра берген надандық. Бұл адамгершілікке бастайтын жол емес деп тұжырымдайды ол.

Ал адам үшін екінші қымбат нәрсе – көңіл. Көңлі бұзық адамның харекетінен түңілу қажет. Ондай адамдардың не еліне, не халқына пайдасы жоқ. Жер үстінде зұлымдыққа мүлде жол жоқ.

Бұзыққа жер үстінен асты артық,  
Болмаса көңлі таза көміл деген<sup>13</sup>, –

деп бұзық, зұлымдық, арамзалық пен аярлықты шенейді. Осындай жаман әдеттен аулақ болуға үгіттейді.

Үшінші қымбат нәрсе – ақыл. Ақылыз адам – адамның қоры. Оған қанша жақсы тілек айтсаң да, оны түсінбейді, жамандыққа үйір болады. Не болса, соның жетегінде кетеді. Жақсы мен жаманның парқын айыра білмейді. Мұндай әдеттен арылу керек. Не істесең де ойлап істе, сонда шаруаң теріс болмайды деп кеңес қылады.

Төртінші қымбат нәрсе – шүкіршілік ету. Қолыңды биікке соз, байлық іздеп, бай болдым деп адамдық қалыптан шығып кетпе. Барға қанағат, шүкіршілік ет. Жан азығын байытуға ұмтылған дұрыс. Міне, адамға қажет жақсы қасиеттердің бірі осы.

Әдепті болу – адам бойындағы ең абзал белгілердің бірі. Әдепсіз адам – көргенсіз. Олар ешнәрсенің парқын айыра алмайды. Өз басын сыйламаған, жұртты қалай сыйласын. Сондықтан да әдепті болған жөн. Үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлау – ізгі қасиет.

Сонымен бірге сабырлы болу – адам бойындағы алтыншы қымбат қасиет. – дейді ақын. «Сабырлы болған жан мұратына жетпей қоймайды. Әр нәрсені көңіл көзінен өткізіп, өлшеп-пішіп істеу керек. Әр істе сабырлы болған жөн. Ал сабырсыздың түбі қорлық. Басқа пәле тілеп алу оңай. Ол осы сабырсыздықтың, алды-артын ойламаушылықтың кесірінен болса керек?! Осыны әркез есте сақтау керек».

Ақын адамның бойындағы жақсы қасиеттің бірі — достыққа адалдық деп біледі. Сондықтан да өз өлеңдерінде достық қарым-қатынас жөнінде кеңінен толғанады. Жақсы дос пен жаман досты салыстыра отырып, содан қорытынды жасайды. Ақын достық бір күндік болмаса екен, сатылмаса екен деп тілейді. Достық ізгі қасиет. Ол гүл секілді, қадыр-қасиеттеп түтууды, күткенді ұнатады. Сондықтан да досыңа, жолдасыңа қастандық ойлама. Қолыңнан келсе, жақсылығыңды аяма, ақынның:

Дана болсан, пайда қыл ел басына,  
Мұнан соң тілеу бірге жолдасыңа.  
Жолда бірге жолдасқа қарамасан,  
Керек күнде жоламас ол қасыңа<sup>14</sup> —

деуі әбден орынды.

Ақмола өлеңдерінде достықтың асыл қасиеттерін түсінбейтін адамдардан аулақ жүргенді барынша терең толғайды. Дос болып жүріп, басыңа күн туғанда жауға тастап кететін достардан сақтандырады, саналы көңіліңмен дос пен қасты айырып ал дейді. Кісі сөзіне еріп, жақсы досты жаманға айырбастап алудан абай болу керектігін толғайды, оның мұндай өлеңдері ұлы Абайдың:

Кей құрбы бүгін тату, ертең бағу,  
Тілеуі, жақындығы — бәрі сағу<sup>15</sup> —

дейтін бас-аяғы жүп-жұмыр келісті жыр жолдармен үйлесім тауып, үндесіп жатыр.

Ақмола Мұхамедиярұлының өлеңдері жанрлық жағынан алғанда сан түрлі. Ең әуелі айтармыз — Ақмола ода жанрың, рубаи және қара өлеңді жақсы меңгерген ақын. Сонымен қатар, ол өзінің болмысында сатирик. Ақынның көптеген өлеңдерінен астарлы мысқыл, жатып ішер жәлқауларды әжуалаған шумақтарды кездестіреміз.

Оның сатирасының негізгі кейіпкерлері — би мен бай, арамза ку мен надан адам. Оларды сынағанда Ақмола дәл образдар, теңеулер табады, үстем тап өкілдерінің бет-бейнесін, олардың болмыс-бітімін айнылпай ашады.

Қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы бірсыпыра ақындары сияқты, Ақмола да поэзиясында өлеңнің терме әлісін едеур пайдаланған. Бұл ақынның бірнеше халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, шешендік сөздерін жақсы меңгергендігінен болуы мүмкін.

Әсіресе, ақын термелері жақсы мен жаманның нарқын

ажырата білмеу, күнделікті тіршіліктегі көлеңкелі жәйттерді сынау тұрғысынан жазылған. Ақын соны айта отырып, осындай теріс әдеттерден жирен деген ой тастайды.

Шаруа халықтың ой-тілегін, мұң-мұқтажын айтып, елге соны танытқысы келеді.

Терме өлеңдерінің мазмұны бірте-бірте тереңдей түседі. Алғашында ненің жақсы, ненің жаман екенін сынаса, ақын бірте-бірте күрделі ойларға ауысады. Қазақ қоғамының болмысын әр қырынан алып сынайды. Қараңғылық пен нағандық, өнер-білімге ұмтылушылық, бар-жоққа қанағат етушілік, байлық қуу әдеттерінің орын алғанын сынай отырып, халықты оятуға, жақсылыққа ұмтылуға шақырады. «Ұйқыдан оянатын уақыт жетті басқа жұртқа қарап біз де ұмтылып қалайық» деген қорытындыға келеді.

Кейінгі кезде Ақмоланың алты термесі табылды. Ол Сәкен Сейфуллин жинап бастырған кітапта да, татар, башқұрт зерттеушілерінің қорында да жоқ. Алты терме Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақталған. Оны жазып алып, қорға өткізген Жүсіп Сансызбаев деген кісі. Бірақ оның езі туралы дерек жоқ. Терме өлеңдер 1941 жылы кітапханаға түскен. 130 жолдан тұрады, терме:

Кел, жігіттер, күлақ сал,  
Ақмоладан хабар ал<sup>16</sup> —

деп басталады. Мұнда ақын тіршілік жайында, адамгершілік жөнінде толғанады.

Татар, башқұрт, қазақ әдебиетшілері осы күнге дейін Ақмоланы тек қана өлең жазумен шұғылданған және өз өлеңдерін жұрт алдында оқушы ақын деп қана келді. Зерттеу кезінде Ақмоланың айтысқа түскені анықталды. Әзірге қолға түскені — екі айтыс. Оның екеуі де жазбаша өткен. Біздің топшылауымызша, Нұрғыш ақынмен айтысы 1872 жылдың шамасында болса керек. Ақмола түрмеден шығып, Петербургке барып ақталғаннан кейін Сібір жағындағы қазақтарға барған. Бұл айтыс сол сапарында болған.

Бұл — екі ақынның бір-бірімен өзара қақтығысы, жинаушысы Хасенұғлы. Қорға 1930 жылдың шамасында өткізілген. Біздің пікірімізше, бұл кезде Ақмола Петропавлдағы медреседе дәріс беріп жүргені, сонда Нұрғышпен кездесе керек. Айтыс ұзақ емес, көлемі алтыс жол. Бір ескеретін жай, жинаушының ескертпесі бойынша Нұрғыш өзін бұл жердегі халыққа Мәшһүр ақынмын

<sup>14</sup> Қолданылған әдебиет көлемі: 300-бет. 5-ленте.

<sup>16</sup> Орталық ғылыми кітапхана. 1169-бума.

деп таныстырып жүріпті!<sup>17</sup> Сөзді ең алдымен Ақмолла бастайды. «Ал енді қимылдап қал, жығылсаң нардан жығыл деген сөз бар, ақынға ақын Мәшһүр болдың шеңгел» деп әрі бастырмалатып, әрі кекетіп сөйлейді. Ақмолланың мысы басып бара жатқанын сезіледі. Содан Нұрғаш Ақмолланы мақтап, сөз тосады. Өзінің осал еместігін аңғартады.

Ақыры, Ақмолла сөздеріне Нұрғаш жауап қайтара алмай, жеңіледі.

Ақмолланың екінші бір айтысы өзінің мазмұны жағынан бай, көтерген мәселелері күрделі, қоғамның, жеке адамның басындағы халдерді шенеп-мінейді. Ол – Ақмолла мен Мәшһүр Зынданың айтысы. Оны қолжазба қорына тапсырған Хамит Тілеубаев. Айтыс 250 жолдан тұрады. Ақмолла бұл айтысында: талантқа тәптілігін білдіреді.

Өзінің ақындық шеберлігін шындағысы келеді. Реті келсе, Мәшһүрге ілесіп, ел-жер көрсем деп ойлайды. Мәшһүрдің ақындық өнеріне бас иесі. Оны топтан озған тұлпарға, биік өскен аршын, ағашқа теңейді. Сөйтіп, әрі айтысқа шақырса, екінші жағынан, көңілде жүрген назын айтып, бар жанымен ақтарылғандай, шағынғандай болады.

Мәшһүр өлең өлкесіне жаңа араласа бастаған Ақмолланың талабын бірден-ақ байқайды. Оны жасырмай айтып, ақыл-кеңесін береді. Ақмолланың талантына құрмет көрсетеді, ақындық жолының үлкендігін сыйлаған Ақмоллаға игі тілектер айтады. Ол да өнерді атап айтқанда, ақындық өнерді деріптейді.

Ақмолла өлең өнерімен танылған дарын иесі. Айтысы да жоғары, көркемдік дәрежеде. Ақынның қай жерде болмасын, тіл өнерін биік қоятынын осы айтыс тағы айқындай түседі. Сонымен, Ақмолланы айтыс өнерін де меңгерген ақын деп бағалауымызға болады.

Ақмолла поэзиясының XIX ғасырдың екінші жартысындағы өзі қатарлы ақындар арасында озық тұрған, ойы орамды, тілі жүйрік ақындардың бірі. Ақын болғанда – пыншыл. Өзі өмір сүрген ортаның кем-кетігін, жаман әдеттерін ашып көрсеткен, оны сынап қана қоймай, жаман әдеттермен күрескен азамат ақын. Өлеңдерінің мазмұны бай, көрнекті, тіл ұстарту өнері қалыптасқан, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орын алатын реалист, ақын.

<sup>17</sup> Хасенұлы. Сібір жанындағы Н.Ысмайыл мен Ақмолла хазіреттің

## МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ (1843-1906)

Мұрат Мөңкеұлы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында туған. Әкесі Мөңке кедей, шаруа адам болыпты. Мұраттың шыққан тегі, әулеті, өмірбаяны жөнінде түрлі нұсқадағы деректер көп жинақталған. Олардың бірқатары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында және республикалық Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы.

Мұрат есейе келе айтысқа ден қойған. Ол туып өскен Атырау өңірі айтыс ақындарынан кенде емес еді. Жасынан ойын-сауыққа араласып, сал-серілерге ілесіп, жиын-тойдан қалмайтын. Мұрат солардың сөз сайысынан нәр алып, айтысқа бейімдігін көрсете бастайды. Ал ақын деген қадірлі атақты алу үшін сол кездегі қазақ дәстүрі бойынша белгілі деген бірнеше ақынмен айтысып, сынан өту, жүлде алу шарт еді. Мұраттың айтысқа шығуы үшін бойына біткен ақындық қабілеті, ташқырлығы аздық етеді. Сол кезде жас Мұратты Қаратоқай руының белді биі Есеттің өзі баулып, ел мен жердің тарихы жөнінде жалықпай әңгімелеп, рулардың шежіресін жетік білуге үйретеді. Әр рудың батырлары мен билері, мақтаулы адамдары жайында мол мағлұмат беріп, әр жұрттың сүйегіне таңба болып есептелетін келеңсіз жәйттердің жай-жапсарына қанықтырады. Рулардың тегін, дәстүрін жете ұғындырып, ағайынның бетіне шіркеу болатын оққылықтарды іліп алып, әжуаға айналдыруға машықтандырады.

Мұраттың алғаш айтысып жеңген ақыны – Жылқышы. Ол Ысық руының маңдайалды жыр жүйрігі саналған. Оны Мұратпен айтысып отырғанда өзі де сездіріп қояды.

Мен кімнен айтар сөзге қорғалайын,  
Ойықтың тізігін үзген бұлбулы мен!

деп жас ақынға өзінің ондай шағылатын жаңақ емес екендігін ескертіп өтеді. Мұратты жеңегініне сенімді сынап танытып, еркін көсілтеді. Бұл – Мұраттың тұсауы кесілген алғашқы айтыс. Жас ақын бірінші сөз сайысында-ақ жалпақ жұртқа белгілі Жылқышы ақынды жеңеді. Ол айтыс үстінде өлең сөзге қарымды, ел мен жер шежіресіне жетік екенін байқатты. Жастыққа тән қызбалығы да аңғарылмай қалған жоқ. Бұған Мұраттың арқасы қозып, жыр нөсерін селдеткенде Жылқышының жасы өзінен әлдеқайда үлкен екенін естен шығаратыны дәлел. Қарт ақынның ұстамдылық танытып, сөз өрнегін салмақтылықпен кестелеп отырғанына қарамастан, жас ақын тым еркінсіп, бәсекелесінің намысына тие, шымбайына батыра жырлайды.

Мұрат екінші рет 1863 жылы, жиырма жасында таз руының ақыны Бала Оразбен айтысады. Бала Ораз Өтебайұлы (1837-1882) – ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген белгілі айтыс ақыны. Оның Мұраттан алты жастай үлкендігі бар. Сондықтан да Ораз Мұратпен айтысқанда «Мұратжан бала, сен бе едің» деп сөйлейді. Бұл айтысқа Ы.Дүйсенбаев: «Бала Оразбен айтысында ешбір жаңалық жоқ, жоғарыдағы келтірілген Жылқышы ақынмен шайқастың жүдеулеу көшірмесі. Сондықтан да болса, керек, кімнің жеңгені де көрсетілмеген. Мұндағы бар жаңалық – айтыс жыр түрінде орындалған<sup>2</sup>, – деп баға береді. Осы пікір негізінен көңілге қонады. Айтыстың өзегінде ру тартысының жатқаны да, кімнің жеңіске жеткені белгісіз екені де рас. Бірақ Мұраттың сөздерінің салмағына, елдің белгілі адамдары Қосымбай мен Дүйсенлінің Оразды тоқтатуына қарап, жас ақын жеңді деп топпшылауға болады. Аяқталмай қалған айтыста бәсекелесін тығырыққа тіреген Мұраттың мерейі үстем тұр. Мұрат бұл сөз сайысында әдіс-айла қолдану арқылы тежірибелі ақыннан басым түсті. Әрине, Ораз да, Мұрат та бұл айтыста бауырларын жазып, еркін көсіле алмайды. Тек бір-бір қайырумен ғана шектеледі. Солай бола тұрса да, «екі ақын сөздері де елінің басты батыр ерлерін тілдеріне тиек етіп, ерқайсысы өзі шыққан ұлыстарының арын арлап, сойылын соққан»<sup>3</sup>.

1868 жылы Мұрат жиырма бес жасында Кете Жаскелең ақынмен айтысады. Жылқышымен, Оразбен айтысып тежірибе жинақтаған ол Жаскелеңді оп-оңай-ақ еңсереді. Бұл айтыс та Мұрат пен Ораздың айтысы сияқты бір-бір қайырумен бітеді.

Өзінің жеңегініне сенімі берік Жаскелең Мұратты бірден ықтырып алуды ойлап, салған жерден жыр нөсерін төгіп-төгіп жібереді. Мұрат бұған дейін айтысқан Жылқышы да, Ораз да Байұлының ұрпақтары болатын. Сол себепті жас ақын олармен

<sup>2</sup> Ы. Дүйсенбаев. Ғасырлар сыры. А., 1970, 80-б.

<sup>3</sup> Х. Сүйіншіалиев. ХІХ ғасыр әдебиеті. А., 1992, 215-б.

сөз қағысқанда Байұлынан тарайтын өз руы беріштерді мадақтап жырға қосқан. Енді ол бұл жолы Жаскелеңнің шыққан тегіне ауыз салады. Ол тіпті Кете деген сөздің түбіріне жармасып, Жаскелеңді мықтап сүріндіру үшін өзінше топпшылау жасайды:

Отыз екі қотыр нар,  
Елпі бергені мен едім.  
Ол енніге өкпелеп,  
Кетем деген сен едің.  
Кетсең кет деген мен едім,  
Кетем деген тілімнен,  
«Кете» атанған ел едің...<sup>4</sup>

Әлім мен Кете руларының бетке ұстар ақыны саналатын Жаскелең бұл айтыста шежіреге жетік болмағандықтан, әсіресе, өзінің шыққан тегінің тарихын жете білмегендіктен жеңіліп қалды. Қарсыласына уәж айтып, айтысты жалғастыруға жарамайды.

Мұрат осы үш айтыста да ұстазы Есет биден үйренгендерін кедеге жаратты. Ел мен жердің шежіресін зердесіне көп тоқығандықтың арқасында сөз қағысқан ақындарын бет қаратқан жоқ.

Мұраттың ақындық қабілет-қарымын жаңаша қырынан танытқан айтыс – оның Жантолымен айтысы. Жантолы (кейбір басылымдарда Жангелі немесе Жангелі деп те жазылып жүр) Ысық руының ақын қызы екен. Айтысып отырғанда айтқан сөздеріне қарап, Мұрат пен Жантолы жасынан бірін-бірі жақсы білген, тіпті араласып-құраласып тұрған деп топпшылауға болады. Мұрат айтыстарының тарихын біршама зерттеген Б.Қорқытұовтың пікірлері де осыған үндес: «Мұрат пен Жантолы жас күндерінен бастап бір-бірімен әзілдесіп айтысып, жеңіп-жеңісе алмай жүрген. Мұрат бірде жолаушылап кетіп, елге келгенде, Жантолының ұзатылып кеткенін естиді де, іздеп барып айтысады. Жантолының өз бойынан мін таба алмайтынын білетін Мұрат Жантолының тиген күйеуінің бала кезде кішкентай бұзауғаз болып, орны қалып қойғанын естіп, соны тілге тиек етеді. Оның үстіне, Жантолының күйеуі әзілге түсінбейтін, жөн-жосықты білмейтін, қатар көрмеген есерсоқтау біреу екен»<sup>5</sup>.

Әдепкіде әсерлі бастаған айтыстың мән-мағынасы соңына таман сәл жеңілденкіреп кетеді. Ы.Дүйсенбаевтың «Мұраттың Жантолы келіншекпен айтысын әншейін әзіл десе де болғандай. Амандық-саулық біліскеннен кейін екеуінің бар сөзі Жантолы

<sup>4</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қоры 243-бума, 13-дәптер.

<sup>5</sup> Мұрат пен Жантолы // А.А.Аманжол, Мәдениет 1992, 9.

күйсінің басы газдығын келемеждеу төңірегінен ұзамайды. Осы туралы ұзақ сөзде оншалық әзіл де жоқ. Жантолы қаншама шебер жалғарса да, тіке айтылған түрпі пындықты ағтап кете алмай, ақыр аяғында жеңіледі<sup>6</sup>, – деуі де сондықтан. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде айтыстың мағына жағынан бөлінуінің бір түрі ретінде бас мінесуге арналған өлеңдер тобына Мұрат пен Жантолының айтысын жатқызады. Бұл айтысты түгелге жуық мысалға келтіреді<sup>7</sup>.

Мұраттың Тыныштық ақынмен қай жылы айтысқаны жөнінде нақты дерек жоқ. Тек Мұраттың:

Кемпірмен елудегі айтыс деген,  
Шеркештер, қорлық, білдім осыныңды-ай, –

дегеніне қарап айтыс оның жас шағында өткенін, Тыныштықтың шеркеш руының орта жасқа келген ақындарының бірі екенін аңғаруға болады. Ы.Дүйсенбаев «Мұрат ақынның Тыныштықпен кездесуіндегі бір өзгешелік, сол айтыстың қалай басталғаны кіріспе өлеңмен беріледі және бұл өлеңді шығарған Мұраттың өзі болуы керек»<sup>8</sup>, – деген пікір айтады. Шынында да Мұрат айтысты бірден бастап жібермей, әуелі Тыныштықпен айтысуға келе жатқанда көрген-білгендерін, қайда түстеніп, қайда қонғанын әңгімелейді. Мұнан әрі ақын «Жийылып кешке қондық Жылқыбайға», «Тап болдық Құлшаникне піскен шайға», «Түстендік «жол болар» деп жөнелерде, Ақпанның сүт кенжесі Сәтбай байға», «Бесінде өгітк гүлеп Тағашыдан», «Бұрылып Баймағамбеттен жөн сұрадық», «Түстендім Шүрен деген бір ағам-ай» деп жол-жөнскей аялдаған жерлерін баяндап, жолыққан адамдарын түгел тізбелейді. Бір қарағанда, Тыныштықпен айтысқа ешқандай қатысы жоқ, тек ақын ауылына сапарын жырлаған өлең сияқты ғана болып көрінеді. Бірақ Мұрат соның бәрін желдірге жырлап келіп, өзі Тыныштықты қосынып отырса да, айтыспақ ниеті бар екенін аңғартады. Тыныштық әуелі сөзін Мұратқа тіс батырып, тиісуден бастайды. Айтысып отырғанда бәсекелесіне қарсы уәж айтып, мысқылдап, бұра тартуға өте шебер Мұрат көпшілік алдында Тыныштықтың «Жеңімпаз атанып, шапан алдым дегенін жоққа шығарады. Бұл Мұраттың айтыстағы оңтайлы әдісі. Кете Жаскелеңмен айтыста да тіл ұшына оралған олжаны ұтымды пайдалана қояды. Бұдан әрі айтыстың тақырыбына ақындардың руларының мақтан тұтар азаматтары, белді билері, жаужүрек батырлары өзек болады. Мұрат пен Тыныштық бір-

<sup>6</sup> Ы.Дүйсенбаев. Ғасырлар сыры. А., 1970, 82-83-бб.

<sup>7</sup> М.Әуезов. Әдебиет тарихы. А., 1991, 179-б.

бірінің руларынан, ағайынның ортасынан мін іздейді. Айтыстың қызығына түскен Мұрат өз руының белгілі адамдарын көкке көгерге мадақтай келіп, өзінің түп атасы болып саналатын Байұлының өзге ұрпақтарына тілін тигізеді. Бірақ, тым артығырақ кеткенін ақынның өзі де сезіп, алқа-қотан отырған жұртқа мойын бұрып, айыбын былайша жуып шаяды:

Баласы Байұлының бәрі ағайын,  
Ашумен тілім тиді бауырыма-ай!  
Отырмын сөйлессейін деп ерігіп-ай,  
Аттайын арпа желен желігіп-ай.  
Қатына үй арасы қор қылғаша,  
Мені сал шег жердегі өліміңе-ай.  
Тілімнен бір әйелдің қатты кеттім,  
Жігіттер, тік тимесін көңіліңе-ай!<sup>9</sup>

Осыдан кейін Тыныштық жауап қайтара алмай тосылған немесе айтылған уәжге тоқтап, жеңілгенін мойындаған болу керек. Айтыс осымен бітеді.

Бұл келеді мәселелер көтеріп, ел-жұрттың мұң-мұқтажын жоқтаған айтыс емес, тек жеке адамдардың басындағы ахуалды ғана сөз еткен жыр сайысы. Ақындардың алма-кесек сөз алып айтқандарынан ағайын ішіндегі қарым-қатынастар, ел азаматтарының тұрмыс-тіршілігі жөнінде ой түюге болады. Бәсекеде ру адамдарын мадақтау, соларды деріптеу басым. Сәбит Мұқанов өз зерттеуінде осы жағына бас назар аударып, өз тұжырымын былайша баяндайды: «Айтыстарында, сырт қараған адамға осындай рушы көрінген, өз руына мінсіз көзбен қарайтын Мұрат, өзінің ақындық өмірінде рушылдық көлемінің ақыны боп қана қалмайды. Жас кездегі айтыс өлеңдерінде өз руын көтеріп, өзге руға кеміткен көзбен қарайтын Мұрат есейе келе, өзге руларды да көре, өзін жалпы қазақ ақыны, халық ақыны санал, бертіңде байсалды ақын болған шағында, өз руының ғана емес, жалпы қазақ халқының жоқшысы боп жырлайды»<sup>10</sup>.

Ал Мұраттың Ізім шайырмен қалай айтысқаны жөнінде мынадай мәлімет бар. Мұрат жолашылап келе жатып, бір ауылға ат басын бұрады. Сол ауылдың бір шеткі үйінде Ізім шайыр қонақ болып, жігіт-желеңді, қыз-қырқынды жинап алып, өлеңдегіп отырады. Мұрат үйге кірмей сыртқа бөгеліп, сусын ішіп тұрады. Сол кезде жанындағылардың желкіртуімен Ізім есік алдында шығып, Мұратқа өзі ұрынып, жыр бастайды. Ізім шайырдың руы тама екен.

<sup>9</sup> Сонда.

<sup>10</sup> С.Мұқанов. Қазақтың ХҮШ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан

Мен қарамын, қарамын,  
Сол қараның ішінде,  
Қарабура тамамын.  
Сол таманың ішінде,  
Ізім атты баламын.  
Томағамды ал да топқа сал,  
Самсаған қолдан озамын.  
Бұрама темір сом алтын,  
Қалай салсаң солай сал,  
Майыстырсаң барамын.  
Алдымнан келсең аламын,  
Артымнан келсең шаламын.  
Мен қара қасқа қабанымн,  
Топтан торай шаламын<sup>11</sup>.

Ізім салған беттен осылай өз руын мадақтай жөнеліп, өзі танымайтын, өмірінде бірінші рет көріп тұрған жігітке сес көрсетеді. Өлеңнің мазмұнына қарағанда, оның Мұрат ақын екенін мүлде білмейтін сияқты:

Түсің тәуір жас жігіт,  
Аты-жөнің айтып кет,  
Солайша сұрап аламын.

Ширығып тұрған Мұрат та жыр нөсерін төгіп-төгіп жібереді. Ізімнің өзінің айтқан өлеңінің ізімен желдіртіп жауап қайтарады:

Сен қарасың, қарасың,  
Қара болсаң далада  
Қарауытып тұрған моласың,  
Тама болсаң келімсек  
Жетіруге қонақсың,  
Сол таманың ішінде  
Ізім атты баласың.  
Бұрама темір, сом алтын,  
Қалай салсаң, солай сал,  
Майыстырса барасың.  
Темір болсаң жаның жоқ,  
Бағза-төске түсерсің,  
Алдымнан келсең ат болдың.  
Сен қара қасқа қабансың,  
Қабан болсаң топқасың,  
Шошқа болсаң торайсың,  
Өзің торай болған сом,  
Менен несің сұрайсың?

Ізім сөз тапшай жеңіліп қалады. Мұраттың ащы мысқылы мен уытты кекесіне төтеп бере алмайды. Бұл сөз сайысы жөнінде Ы.Дүйсенбаев былайша пікір айтады: "Мұндай қағысулар қыз бен жігіт, я болмаса екі елдің жастарының арасында көп кездесетін көрініс. Ақындық өнер жолындағы жагтығу, шеберлікке барар жолдағы әл-әсем әрекет. Екі жақтың сынында да үлкен зіл болмағанымен көзге түскен мін-мүлікгі дәл тауыш түйреу, қарсы адамның шамына тигізе тап басып айту – басты шарттың бір. Қазақтың әйгілі ақындарының қайсысы болсын, міне, осындай тәсілдермен тіл ұстартып, сөз саралаған, өнер өсірген"<sup>12</sup>. Сондай-ақ, ғалым мұны айтысқа да, Мұраттың біреуге арнайы айтылған жырларының қатарына да қоспайды, тек «Мұраттың ақындық шеберлігін, тапқырлығын дәлелдейтін шағын бір өлеңі»<sup>13</sup> ғана деп бағалайды. Ал, Х.Сүйіншілиевтің пікірінше, «Мұрат пен Ізім шайыр айтты дейтін – ұзаққа созылмаған қысқаша диалог»<sup>14</sup>. Бұл тұжырымдардың бәрі де көңілге қонады. Дегенмен, Мұрат пен Ізім шайырдың сөз қағысуын айтыс деп таныған жөн. «Алқаласа әлеумет» жинағында бұл өлең айтыстардың қатарында жарық көрген. Одан бұрынырақта «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» ақындар айтыстары қамтылған 6-томында Мұрат пен Ізім шайыр айтысы қолжазбасы жөнінде мәліметтер енгізілген<sup>15</sup>.

Бұл айтыс та Мұраттың Бала Оразбен немесе Жаскеленмен айтысы сияқты бір-бір қайырыммен бітеді. Тіпті өлеңнің буын санына дейін бірдей: жеті буынмен жырланады. Үшеуінде де қарсыласы бастап, Мұрат жауап береді. Тек бір өзгешелігі – алдыңғы айтысушылар бірін-бірі біледі. Ізім ғана Мұратты танымастан тариха бас салады. Демек, Мұраттың Ізім шайырмен сөз қағысуын айтыстың қатарына жатқызбайтын болсақ, қалған екі айтыс та соның кебін құшады. Ахмет Байтұрсыновтың «Айтыс – екі палуан күрескені сияқты, екі ойыншы ұтқаны сияқты, екі балыр жекпе-жек ұрысқаны сияқты, екі ақынның бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, біріннің бірі қапылысын тауып, жеңу үшін айтатын өлеңдері. Ақындар әдісін сөз арқылы жұмсап, бірін-бірі сөзбен шаншып, жеңеді. Әрқайсысы сөзбен шаншуға қолайлы, осал-оқтай жерін іздейді»<sup>16</sup> деген қағидасына сүйенсек, Мұрат пен Ізім шайырдың сөз таластыруы қысқа қайрылса да айтыс екеніне көз жеткіземіз.

<sup>12</sup> Ы. Дүйсенбаев. Ғасырлар сыры. А., 1970, 70-б.

<sup>13</sup> Сонда, 63-б.

<sup>14</sup> Х. Сүйіншілиев. XIX ғасыр әдебиеті. А., 1992, 241-б.

<sup>15</sup> Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 6-т., А., 1989, 151-152-бб.

<sup>16</sup> А. Байтұрсыновтың ақындық шығармалары. А., 1991, 117-б.

Әрине, Мұраттың айтысып, бағын сынаған, өнерін жарыстырған ақындары тек бұлар ғана емес. Қ.Жұмалиев оның Қалнияз, Шолпан ақындарымен де сөз сайыстырғаны жөнінде жазды<sup>17</sup>. Тіпті, ел арасында Қашаған мен Мұрат сөз таластырыпты-мыс деген дүдемалдау тұспалдар да бар. Ақын бала Оразбен айтысып отырғанда:

Ағаны жеңіл көргенім,  
Жүйріктігіме сенгенім.  
Шеркештегі Бөленей,  
Ысықтағы Жылықшы,  
Тап өзіндей тақтақты,  
Талай да басып жеңгенім, —

деп жыр толғайды. Ендеше, бұл шумақтар Мұрат айтысқан тағы бір ақынның есімін әйгілесе керек. Бала Оразбен айтысқан Жібек қыздың өлеңінде:

Қасым жайдай керілген,  
Кірпілім оқтай тілілген.  
Қараған кісі үңілген.  
Апаң Жібек мен едім,  
Алдыңғы айтпа айтысың,  
Бөленейді жеңгенмін...<sup>18</sup>

деген жолдар бар. Ал бұл дерек Бөленей деген айтыскер ақынның болғанын, оның да бірнеше жыр сайыстарына қатысқанын айқындай түседі. Олай болса, Мұрат жеңген ақындардың қатарына Бөленейді де қосу керек.

Мұрат ақынның айтыстарын саралай келе мынадай жәйттерге көз жеткізуге болады. Біріншіден, жоғарыда айтылған айтыстардың бәрінде де Мұрат жеңілмеген. Бала Оразбен айтысы аяқталмай қалған. Жас ақынның басымдау түсіп бара жатқанын байқаған ауыл ақсақалдары сөз сайысын орта жолдан үзіп тастаған. Ал қалған айтыстарда Мұрат анық жеңген. Сондай-ақ, алты айтыстың бәрін де Мұраттың өзі аяқтайды. Бар ақыңдық қуатын бойына жинап, қызыл тілге әбден ерік беріп, доғара түскен сәйгүлікті қызынған жампоз жыр сайысын екпіндетіп келіп бітреді. Әдетте, сөз қағыстырғанда мерейі үстем болған жеңімпаздың айтысы қорытындылайтыны белгілі. Екіншіден, Мұраттың қарсыластарынан басым түссетін себебі, рулардың шежіресіне, ел мен жердің тарихына өте жетік болған. Әр рудың батырлары мен билерін, мақтаулы адамдарын, әр жұрттың

сүйегіне таңба болып есептелетін келеңсіз жәйттердің жай-жапсарын жақсы білген. Мұның бәрін оның зердесіне құйған Қаратоқай Есет би екенін жоғарыда атап өттік. Мұраттың айтыскер ақын ретінде үшінші бір ерекшелігі — ұяты өзі мен ащы мысқылға, сынап-мінеуге шеберлігі екені өзінен-өзі түсінікті.

Мұрат ақын осындай ерекшеліктерінің арқасында айтыста үнемі басым түсті. Сөз сайысын тамашалаған қауым жеңісті Мұратқа беріп отырады. Халық қашан да әділ төреші. Өйткені «айтыста жеңген мен жеңілгеннің төрелігін жиналған жұртшылық, алқалаған әлеумет шешетін болғанының өзі дүние жүзі өнер тарихында сирек кездесетін құбылыс»<sup>19</sup>.

Мұрат түре айтысқа да, сүре айтысқа да шебер ақын болған. Мәселен, Жантолы қызбен айтысында бір-бір шумақпен қайымдасып, сөз жарыстырып, тапқырлық танытса, Жылқышымен, Тыныштықпен айтысқан кезде ұзаққа шабатын кең тынысты ақын екенін сездіреді.

Мұрат айтыстарының табиғаты ерекше суырып-салма қабілетімен, аяқ астынан сөз табатын үтқырлығымен, терең біліктілігімен, ақындық парасаттылығымен бағаланады.

«Мұрат отыз жасына дейін сүр бойдақ боп, ел аралап, айтысқа түсіп, өлең айтумен болады. Отыздан асқан кезде үйленеді. Бірақ, өлең шығару, ел аралап, айтысқа түсу әдетін үйленгеннен кейін де тастамайды... Мұраттан екі бала қалған. Оның бір баласы Пурьев облысы, Қызылқоға ауданында<sup>20</sup>» деп жазды Қажым Жұмалиев. Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы деректерде: «32 жасында Есен беріп Иман дегеннің Науша деген қызына үйленеді. Мұраттан Дәулетқали, Сары, Сұндетқали деген үш ұл, Сәбила деген қыз туады»<sup>21</sup> делінеді. Ал Мұраттың ұлы Дәулетқалимен бірнеше рет жүздескен атыраулық жазушы Б.Қорқытовтың айтуынша ақынның екі ұлы болыпты. Біріншісінің аты Сары екен. Ақын оны үнемі жанынан тастамай ертіп жүрген. Бір ғажабы, әкесі жыр нөсерін селдетіп отырғанда әлі баланың іші кеуіп мазасыздана бастайтын көрінеді. Қолына домбыра ұстатса, ішінің кепкені қайтып, жаны жай табады. Үлкендер «бұл тегін бала емес, әкесіне тартқан төкпе ақын болатын шығар» деп таңдай қағысады. Сары он жасқа толар-толмаста көз тиіп қайтыс болған<sup>22</sup>.

Мұраттың Сарыдан кейінгі ұлы Дәулетқали шамамен 1877-78 жылдары туып, 1960 жылдардың басында қайтыс болған. Өйткені

<sup>19</sup> Р. Бердібаев. Кәусер бұлақ. А., 1989, 86-б.

<sup>20</sup> Х. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. А., 1943, 256-б.

<sup>21</sup> ОҢК. 1303-бума, 2-дөңгеп, 7-б.

<sup>22</sup> Мұрат ақын. Алматы: «Ана тілі» газеті, 1992, 11-маусым.

<sup>17</sup> Х. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. А., 1943, 256-б.

Дәулетқалидың өзі «әкем баяғы қоян жылғы жұтқа Маңғыстауға көшіп келіп, «Сарыарқаны» жырлайтын кезде емізулі бала екенмін» дейтін көрінеді<sup>23</sup>.

Дәулетқали Мұратов бертін келе Атырау өңіріне белгілі ақын атанған. Оның бірсыпыра шығармалары республика Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы<sup>24</sup>.

Мұрат ақынның шеберлігін танытатын шығармаларының бірі — «Үш қиян». «Үш қиянда» белгілі бір оқиға, сюжет баяндалмайды. Сондықтан, бұл шығарманы ақындық толғау деп танығанымыз дұрыс. Ақын ата-қоныстың құтсыздығы, елдің-жердің талапайға түскені, дәстүр жалғастығының үзілгені жөнінде торыға жырлайды.

Ақынның бірқатар шығармалары Маңғыстауға қоныс аударуына байланысты туындаған. Қоян жылының жұтына ұшыраған Мұрат атан түйеге жүк артып нағашыларының ауылына жол тартады. Адай жұрты бұл қыста онша жұтай қоймаған көрінеді. Х.Досмұхамедұлы «Сарыарқа» толғауының туу тарихын былайша баяндайды: «Қояннан соң бір үлкен тойда қазақтың әдетінше той бастау жолы Мұратікі екен. Адайдың арасында қаңғырған жалғыз үй келімсекке жол бермейміз, өзіміз бастап, тойбастарды өзіміз аламыз» деген сөз болыпты. Соған ызаланып, жиылған көптің ішінде тұрып Мұрат осы «Сарыарқаны» қоя беріпті. Айтып болған соң, адайдың ақсақалдары сөзіне риза болып, той бастатпай бөйгесін беріпті-міс. Бұл 1880 жылы айтылған»<sup>25</sup>.

Демек, бұл кезде Мұраттың жасы отыз жетіде, кемеліне келген ақын кезі. «Сарыарқанын» өн бойынан ақындық арыңды қуаты айқын байқалады. Маңғыстаулықтар Атырау жағын Арқа деп атайды екен. Толғау сол себепті «Сарыарқа» деп аталған.

Мұрат бұл толғауында туған жеріне сағынышын, елге деген махаббатын, ата-қоныстың қадір-қасиетін жыр тийімен шебер жеткізеді. «Сарыарқада» ақынның жастық шағы, жігіттік дәурені де әсерлі суреттелген:

Тайсойған, Орал бойы жүрген жерім,  
Қызығын дәулетінің білген жерім  
Ат мініп, мырзалардан нар жетелеп,  
Қызылын әуестікке кінген жерім  
Қирап қас, оймақ ауыз, бал тамақты  
Күнінде асаялықтың сүйген жерім  
Қой сойып ұй басына, ойын қылып,  
Жильып жүруші еді қыз бен келім.

<sup>23</sup> Сонда.

<sup>24</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1312-бума.

Шалқыған тасқын судай көңілін басып,  
Біреуіе пенде болды кербездерім»<sup>26</sup>.

«Сарыарқа» толғауы — Мұраттың ақындық қуатын, көркем сөздің хас шебері екенін танытқан шығарма. Ата-қоныстың қадір-қасиетінен айырылып, отарлаушылардың талауына түскеніне налыған ақын өзі туып-өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алады. Елдің дәулеті тасып, құт-берекеге кенелген кезін шынайы суреттейді. Мұрат осындай сүттей ұйып отырған елді ала тайдай бүлдірген отарлаушылардың ойранынан үдере көшкендерді санамалап отырып жырлайды. Қазтуғаннан, Асан Қайғыдан басталатын ауа көшу сарышына үн қосады. «Үш қиянда» отарлаушыларға мойын ұсынғысы келмеген өршіл рух басым болса, «Сарыарқадан» күдай салды, мен көндім дейтін көнбестік, шарасыздық күйі айқын сезіледі.

«Сарыарқа» толғауы да «Үш қиян» сияқты белгілі бір сюжетке құрылмаған. Мұнда әлеуметтік мәселелер жырланған. Мұраттың ақындық әрі азаматтық көзқарасы, ел алдындағы перзенттік парызы «Сарыарқада» толық көрініс тапқан.

Он бір буынды қара өлең үлгісімен шығарылған «Сарыарқа» толғауы Мұраттың ақындық қуатын терең танытқан. Бұл жағынан алғанда, «Сарыарқа» — эстетикалық-танымдық сипаты бар туынды. «Сарыарқада» сағыныш пен мұң қатар өрілген. Ақын атамекеннің сән-салтанаты келіскен бұрынғы көріністерін қазіргі ауыр ахуалымен салыстырады. Мұндай ныпандар «Үш қиянда» да бар. Бірақ онда күдер үзуден гөрі үміттену басым, ал, «Сарыарқада» өткен қызық дәуреннің оралмасын мойындап, тек қана сағыныш сезіміне берілу айқын аңғарылады.

«Сарыарқа» — Мұраттың кең тынысты ақын екендігін дәлелдеген шығармасы. Ауызша жырланғандықтан бізге жеткені шығарманың толық нұсқасы болмауы да мүмкін.

Мұраттың ақындық қуатын, шеберлігін ер қырынан танытатын шығармалары — оның жырлары. Ақынның «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Шөлгез» жырлары — Мұрат мұрасының ішіндегі шоқтығы биік дүниелер. Бұл тек ақындық өнер, арынды шабыт қана өмірге әкелген туындылар емес, Мұраттың ел мен жердің тарихын, Қазтуған, Шалқиз жыраулар, Қарасай, Қази бағырлар жайында көп билгендігінің жемісі. «Қазтуған» жырына Қазтуған өлгендерінің араласып жатуы да осының айғағы. Бұл «Шөлгез» жырына да тән.

Мұраттың жырлары мен Қазтуғанның өз жырындағы ұқсастықтар жеткілікті. Қазтуған өз жырын Еділге бағыштай айтса, Мұраттың Қазтуғаны Жайыққа келіп шағынады. Жыр



ұрпақтарының ерлігін дәріптеген шығарманың өзін шығаруға тыйым салынды.

Мұраттың «Қарасай-Қази» жыры — ерлік пен батырлықты, халықтың жауынгерлік қасиеттерін дәріптейтін шығарма. Қаһармандық эпос ұрпақты ел мен жерді қорғауға, батылдыққа үндейді. Бұл жырдың 1943 жылы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде «Қызыл әскер кітапханасы» сериясымен, «Неміс оккупанттарына өлім келсін!» деген айдармен жеке кітап болып басылып шыққаны да соңдықтан. Майдандағы жауынгерлерді жігерлендіру үшін осындай ерлік пен қаһармандыққа шақырған, патриоттыққа тәрбиелейтін шығармалар қажет болды. Сөйтіп, Мұрат ақынның «Қарасай-Қази» да жеңісті жақындатуға үлес қосты. «Қарасай-Қази» — тек ерлік пен батырлықты үлгі етіп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстауға, ел қорғаған ерлердің халқы сүйген мінез-құлықтарынан үйренуге шақыратын шығарма.

Мұраттың атына телініп жүрген «Қалмақтың қарғысы» деген шағын жыр бар. Бұл ұзақ өлеңнің бір үзінгі болуы да мүмкін. «Қалмақтың қарғысы» 1924 жылы «Сана» журналының 2-3 санында жарияланған. Жырдың сюжеті қысқа ғана. Қалмақтың Серінкеп деген төресі ақ патшаға жақпағандықтан, тұтқындалады, ішкі ордадағы Бөкей ханға құтқар деп жалынады. Бөкей «патшадан келген әмірді, екі етуге амал жоқ» деп, оның тілегіне құлақ аспайды. Қалмақ төресі Бөкейді қарғап-сілейді. «Бүгін мен айдалсам, келесі кезек сенікі» дейді. Жырдың қолға тиген нұсқасының ұзын-ырғасы осы ғана. «Қалмақтың қарғысы» бір адамның бойындағы екіұдай сезімді пынайы бейнелей білудімен құнды.

Мұраттың бұл шығармасы әлеуметтік тақырыпты, патша заманындағы алауыздықты тілге тиек еткендігімен ғана емес, бойындағы мінез-құлық өзгерісін, тұтқындағы төренің пынайы психологиясын шебер көрсеткендігімен де бағаланады. Мұндай салыстырмалылық Мұраттың көптеген шығармаларына тән.

Ақынның көлемді шығармаларын, яғни, жыр-дастандарын зерделей келе мынадай тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, Мұраттың жыр-дастандары халықтың өткені мен бүгінгісін, бұрынғы батырлар мен белгілі адамдарды дәріптеп толғауға негізделген. Мұраттың кейіпкерлері — туған топырақтың перзенттері, жырлаған тақырыбы — қазақ даласының, атамекеннің қадір-қасиеті мен зар-мұны.

Ақынның шығыстық сарынмен жазған дүниелері жоқ. Екіншіден, ақын шығармалары елдің-жердің тарихымен, шежіресімен өзектес. Мұраттың дастандарынан ақын өмір сүрген өлкенің батырлары мен билері, жер-су аттары жөніндегі

Қазтуғанның өз атынан баяндалады. Ендеше, мұның ішінде Қазтуғанның өз өлеңі де, Мұраттың жанынан қосқаны да болуы мүмкін. Тіпті, бұл Қазтуған өлеңдерін Мұраттың түгелдей қайта жырлаған нұсқасы болуы да ғажап емес.

Қазтуған поэзиясының әсері Мұраттың басқа өлең-термелерінен де байқалады. Қазтуған көшпенділердің кене жырларынан нәр алса, Мұрат Қазтуған көшін бастаған ноғайлы поэзиясының кеусар бұлағынан сусындады. Ноғайлы дәуірінің мұрасы — Мұраттың ең басты мектептерінің бірі. Ақынның «Үш қиян», «Сарыарқа» толғауларында төңірегіндегінің бәрінен түңіліп, өзге қонысты, рахат өмірді аңсауы — сол ноғайлы жырларының ықпалынан туған. Бұл Асан-Қайғының Жерұйықты, Қазтуғанның жанға жайлы жаңа қонысты іздеу мақсатымен асасады.

Мұраттың «Шөлгез» жыры «Қазтуған» жырындағы сияқты Шөлгез (Шалкиіз) жыраудың өз атынан айтылады. Жырдың түсініктемесінде ішінде Шөлгез жырау бар ноғайлының он шалы қалмақтың жылқысын қуып қашатыны, соңынан көп қалмақ қуып жеткенде Шөлгездің тоғыз шалға жылқыны айдатып ілгері жіберіп, өзі жауды сөзбен тоқтататыны баяндалады. Шөлгез жырау өз сөзінде жылқыны айдап кеткен шалдарды сол заманның атышулы батырлары етіп көрсетеді. Мұны естіген қалмақтар жылқыны даулауға тәуекел қылмайды.

Мұрат ақынның «Шалгез» жыры — өзіндік өрнегімен, айшықты тілмен ерекшеленеді. Жұрт аузында жүрген аңыз әңгімелерді, ескі жырларды көп білетін ақын «Шалгезді» өз мәнеріне салып жырлауы арқылы әдебиет тарихына шоқтығы биік дүние қалдырған.

Көп нұсқада жырланған «Қарасай-Қази» жыры Мұратқа да тиесілі. Едігеннің ұрпақтары — Қарасай мен Қази жайында Нүрпейіс Байғанин, Қашаған Құржыманұлы, Қобылаш ақын, Мұрын Сенгірбайұлы, Хайролла Йманғалиев, Айсә Байтабынов, Наурызбек Рахманқұлов, Сейіт жырау, Нұртуған Кенжетұлулы және басқалар жырлаған. Бірақ, әрқайсысының мәнері бөлек. Жалпы баяндауда бірізділік байқалғанымен, оқиға желісі әр басқа. Қобылаш ақын Қарасай мен Қазидың ата-тегін «Түп атасы Шөлқайып, одан — Бабай түкті Шашты Әзиз, одан — ала тайлы Аңшыбай, Аңшыбайдан — Едіге, Едігеден — Нұрадын, Нұрадыннан — Мұса хан, Мұсадан — Орақ, Орақтан Қарасай мен Қази туады» деп таратады. Ал Мұрат жырлаған нұсқада тек Мұсадан бері қарай түзіледі.

Едігеннің ұрпақтарын жырлағанына байланысты Мұраттың «Қарасай-Қази» жыры жұртшылық арасына кең тараған жоқ. Талай-талай нұсқада жырлаған бағалаған

жердің қадірі кеткеніне налығаннан туған жыр. Атамекеннің келешегін ойлап, торығу, өткенді аңсап сағыну сарыны басым. «Өткен, бір қапы дүние-айдағы» бір ерекшелік, ақын шұрайлы жерлердің өзгенің қолына көшкенінің себебі халық арасындағы ауызбіршіліктің жоқтығынан екенін атап көрсетеді. Ынтымағы жарасқан іргелі елді жау ала алмайтынын айтады:

Бұрынғы өткен заманда,  
Ел қорғаны барында,  
Белгілі екен ерлерге  
Жаулың да келер шамасы!  
Қоныстың бәрін жоғалтқан,  
Ноғайлы, қазақ надан жұрт,  
Бірлігінің де кемісі!<sup>2</sup>

Мұрат толғауларының өміршеңдігі оның кең ауқымды халықтық мәселелерді көтеріп, қайраткерлік тұрғыдан философиялық ой-тұжырымдар жасауынан байқалады. Бір ғасырға жуық уақыттың өзі ақынның жырмен түйінденген қағидаларының мән-мағынасын өзгерте алған жоқ. Мұраттың өлең-толғауларының көбісінің көгерген тақырыбы халықтың тұрмыс-тауқыметімен, ауыр тағдырымен орайлас. Ақынның мұны мен зары туған жердің, ата-қоныстың қадір-қасиетін бағалаумен қатар, жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесімен, халықтық салт-дәстүрлердің сабақтастығымен үндеседі.

Мұрат ақынның «Адыра қалғыр заманның. Мен жаратпаймын сүреңі», — деген тұжырымы дәуір туралы толғаныстарының түпқазығы. «Заманның сүреңі» заманның сипаты, заманның түрі деген тіркестерден әлдеқайда әсерлі. Бұл сүреңсіздікті ақын үнемі қолданатын «адыра қалғыр заман» тіркесі нықтай түседі. Жалпы, қоныстың қайырсыздығына, жердің күтсыздығына налыған Мұраттың өлең-толғауларында түңілу, тіпті қарғыс мәніндегі «адыра қалғыр» сөзі көп қолданылады. Әсіресе, өзіне баянсыз болып, өзгеге бұйырған аға қоныс жайын жырлағанда, — күйіншігі күшейтіп, өкінішті еселейтін «адыра қалғырдың» салмағын сезінеміз. «Адыра қалғыр, бұ қоныс», «Адыра қалғыр, Үш қиян», «Адыра қалғыр, көк Жайық», «Адыра қалғыр, ер Нарын», «Адыра қалғыр, Аштархан», «Тайсойған, адыра қалғыр, ит Қарабау» түріндегі тіркестер ақын өлеңдерінде жетіп артылады. Дулаттың «толқынды теңіз заманы», Шортанбайдың «текеметтің түріндей құбылған» заманы Мұраттың тұсында өңін өзгертіп, басқаша сипатқа ие болған. Дулат осы ұғым арқылы бағдарсыздықты, Шортанбай құбылмалықты аңғартса, Мұраттың бейнелегені —

<sup>2</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1303-бума, 2-дәптер.

кең ауқымды, зор тынысты ақын екендігін байқатады. Жампоз жыраулар мен дүлдүл жыршылардың дәстүрін берік ұстанған ақынның жыр-дастандары — орасан зор қабілетінің жемісі. Қай-қайсысынан да поэзияның арынды қуаты аңғарылып тұрады. Шығармаларының логикалық қисыны берік, көркемдігі жоғары, мінез-құлық кейінгеуі шынайы болып келеді. Төртіншіден, оның жыр-дастандарының тілі өте көркем. Айшықты теңеулер, тұрақты сөз тіркестері, нақыл сөздер Мұрат шығармаларынан көптеп ұшырасады. Өлең орамдары, баяндау әдістері сан түрлі. Әр жырының көркемдік тәсілдері бір-біріне ұқсамайды. Өз заманында оқығаны мен тоқығанын, ұстадарынан үйренгені мен өмірден түйгендерін жыр-толғауларына шебер пайдаланған. Алғырлық пен тапқырлықтың қызыл тілге шешендікпен бір арнада тоғысуы Мұрат шығармаларының шоқтығын биіктете түседі.

Мұраттың толғаулары да оның ақындық болмысын жан-жақты танытады. «Топқа түскендегі толғауы», «Жалғаншы фөни жалғанды», «Өткен, бір қапы дүние-ай» деп аталатын толғауларында ақын айналысындағы құбылыстарға талдау жасап, өз шешімін айтады. Қазақ жұртының ықылым заманнан қалыптасқан салт-дәстүрі, қазақ ауылының сән-салтанаты, қазақ даласындағы қызықты тіршілік — ақын толғауларының алтын арқауы. Өлім мен өмір, өткен күн мен келешек, жақсы мен жаман, дос пен дұшпан арасындағы қатынас Мұрат жырларында өзгеше көрініс табады. Ақынның көркем тілі, келелі ойлары, берік логикасы толғауларын биік сатыға көтерген.

«Жалғаншы фөни жалғанды» толғауы ата-дәстүрді, ұлттық әдет-ғұрыптарды дәріптеуге арналса, «Топқа түскендегі толғауы» өмір құбылыстарын зерделеп, жыраулық дәстүрдің үлгісімен философиялық түйіндеулер жасауға негізделген. Алғашқы толғауда сүйсіну, ризалық белгісі ретінде тілек-ғалап көп айтылса, соңғысында нақыл сөз, өсиет сипатындағы даналық ойлар басым. Философиялық тұжырымдар кестелі өлең орамдарына айналғанда, Мұратты тек ақындық деңгейден ғана емес, қайраткерлік пен даналықтың биігінен де көреміз. Бұрыннан қалыптасқан халықтық қағидаларды ақын өзінше өрнектейді. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының тыныс-тіршілігіне Мұрат ақын қоғамдық-әлеуметтік таным тұрғысынан ғана емес, эстетикалық көзқарас тұрғысынан да зор маңыз береді. Бұл көзқарас қазақ қоғамының ұлттық болмысын жоғалтпау, дәстүрлерді дәріптеу мақсатын көздегендігімен құнды.

«Өткен, бір қапы дүние-ай» толғауында тақырыбы жағынан «Үш қиянда» көтерілген мәселелер қозғалады. Мұнда дүние, өмір, тіршілік жайлы толғамдар жоқ. Бұл — атақоныстың патша

бет-пердесі айқындалған, нағыз қырсық шалған, қиюы қашқан замана.

Аңғарсаңыз, жігіттер,  
Заманағы тағы да  
Бір қырсықтың шалғаны<sup>28</sup>...

Мұраттың замана жайын толғаған тіркестеріне кеңіі аударсақ, «Заманың мұндай сүм болды», «Замана, қауіп етсем қырланғаннан», «Замана осы күні болды қырын», «Заманның содан бері тарылғаны...», — деген өлең тармақтарының бәрі осы «қырсық шалу» ұғымымен үндестігін байқаймыз.

Ақырзамандық болжамдарға көп жүгіне бермейтін Мұрат Мөңкеұлы заманның азып-тозуының себеп-салдарын түсіндергенде адамның іс-әрекетін алға тартады. Оның өз дәуіріне наразылығы пейілі бұзылған адамға қарап жиренуден туындайды. Шортанбай арқылы заманның зары құлаққа жетіп, бұлінген замана келбеті алдымен көзге шалынса, Мұратта тіршіліктегі адамның релі туралы топышылаулар басымырақ. Ақынның тұжырымы бойынша, адамның азуы заманға емес, керісінше, заманның азуы адамға байланысты. Тіпті Мұрат өлеңдерінде дәстүрлі «заман азды» тіркесінің кездестейтіні де бірқатар ойға жетелейді. Оның орнына «сүм заман» мен «адыра қалғыр заман» тіркестері қолданылады. Адамның азған белгісін сипаттаған ақын «заман азды» ұғымына басқаша көзқарас танытады:

Бөйім егітім бұ сөзді,  
Қайғы шегіп заманнан.  
Заман азып іс кылсып,  
Ай орнынан туалы,  
Күн орнынан шығалды,  
Мұның бәрі адамнан<sup>29</sup>.

Мұраттың «Қыз» деген өлеңі Атырау өңіріндегі көнекөз қарттардың айтуынша адай қызының ұзатылу тойына арналған көрінеді. Ал «Еліне жазғаны» деген хат түріндегі өлеңді мазмұнына қарап, Маңғыстауда дүниеге келген шығармаларының қатарына жатқызуға болады. Ақын елге деген сағынышын ауылда қалған азаматтарға өлеңмен сәлем жолдау арқылы жеткізеді. 1924 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедұлы жариялаған нұсқасында бұл өлеңнің 1880 жылы жазылғаны көрсетілген. Оның үстіне хаттағы: «Жетер ме Маңғыстаудан айтсам сәлем, Қоныста-ай еркелеткен қылаңдарға» деген жолдардың өзі адай жұртының арасында

<sup>28</sup> Сонда.

туған өлең екенін айғақтап тұр. Туып-өскен жерін әбден сағынған ақын ауылдың үлкен-кішісін еске алады. Ақын өз басына түскен қасіретке налыса да, «Алланың салғанына амал бар ма?» деп тағдырына мойын ұсынады. Мұраттың «Еліне жазғаны» атты хат-өлеңі мазмұны жағынан «Сарыарқа» толғауымен үндес.

Мұрат ақынның шығармашылық өмірбаянын айшықтай түсетін мұраларының біршыңырасы — би-болыстарға айтқан арнау өлеңдері мен жиын-тойлардағы жырлары. Бұл өлеңдерден ақынның мінез-құлқы, өскен ортасы, өмір сүрген кезеңі жайында мол мәліметтер алуға болады. Өлеңдердің дені өзінің туып-өскен жерінің азаматтарына арналған. Ақынның Байбақты Ғұмар Қазы ұлына, Тұрабай болысқа, Бегалыға, Айжарыққа, Қожа болысқа, Боранбайға айтқан өлеңдері бір тектес туындылар. Тек Ғұмар Қазы ұлына айтқаны ғана мадақ өлең. Қалғандары би-болыстарды сынап-мінеп, кекетіп-мұқатқан сықақ түріндегі жырлар. Бұл шығармалар Мұраттың мысқыл мен ажуаға өте шебер екенін айғақтайды.

Бірде руы Себек Беріш Шеркешбай деген кісі Қарақожа болысты үйіне шақырғанда Мұратты төрге шығарып, астына көрпе салып жүргенде Қарақожа «А, Шеркешбай тәрбиелеп жүрген мынауың кім?» депті. Сонда Шеркешбай: «Мұрат деген ағамыз осы ғой», — деп жауап береді. «Бұл Мұрат болса, мені мақтап өлең шығарсын» дейді болыс. Сол кезде ақын былай депті:

Әкеңіз бізге мағлұм Құлбас еді,  
Тызылдан қолды-аяққа тұрмас еді.  
Темекі көк дөрімен қосып сатып,  
Болғанда қой жұмырқұрт тынбас еді.  
Тарттың да нағашына адам болдың,  
Сеніңсі үл Қашқышыдан тумас еді<sup>30</sup>...

Ақын билікке таласып, бір-бірінің жағасын жыртысқан болыстарды да мазақ етеді. Далабай болысқа (кейбір нұсқаларда Тұрабай), болыстыққа таласып жүргенде етке қақалып өлген Айжарық биге айтқаны — осы сипаттағы өлеңдер.

Айттыс ақындары қашанда той-думанның көркі. Алқалы топ арқалы ақындарға тойбастар айтқызып, жаңа түскен жас келіннің бетін аштырған. Атақ-даңқы қалың елге кең танылған Мұрат та Атырау, Маңғыстау өңірінде өткен тойларды жырмен бастаған, ойын сауықтың сәнін келтірген ақын.

Мұрат Мөңкеұлының «Сарыарқа» толғауынан басқа екі тойбастар өлеңі ғана сақталған. Тойға жиналған қауымның делебесін қоздыру үшін Мұрат тойбастар өлеңдерін үнемі

жолы кесілді. 1868 жылы шыққан «Жаңа низам» заңының жүзеге асырыла бастауы дала қазақтарын зорлық пен зомбылыққа ұшыратты. Мұрат – дәл осы ахуалды жырға қосқан ақындар тобының белді өкілі.

Мұрат ақынның өміршең шығармалары ұзақ жылдар бойы ақтаңдақ ретінде бағаланып, жұрт аузына алынбай келді. Ысқақ Дүйсенбаев ақын шығармашылығы жөніндегі көзқарасын былайша пайымдады: «Біздің байқауымызша Мұрат ақынға негізінен екі бірдей «кіне» тартылатын тәрізді. Оның біреуі патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясаты күшейе түсуіне байланысты Мұрат ақынның кейбір шығармаларында орыс атаулыға қарсы сарынның белгілі орын алуы. Екіншісі: ақынның кесек шығармаларының дені Едіге ұрпақтарына арналуы»<sup>33</sup>. Ақиық ақынның қоғам үшін «зиянды» саналған «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең бір қашы дүние-ай» сияқты толғау-дастандарында бүгінгі тәуелсіздігіміздің идеялық негіздерімен толық үндесетін ой-тұжырымдар айтылды. Мұрат «Үш қиян» толғауында:

Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны,  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойдағысы болғаны»<sup>34</sup>.

деп күйінсе, «Сарыарқада»:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.  
Артынан Еділден соң Нарынды алды  
Тоғайдың ағарт, қамыс талын да алды»<sup>35</sup>.

деп ашына жырлады.

Әдебиет пен өнерге үстемдік еткен партиялық идеология, солақай саясат жұртшылыққа Мұрат мұраларын идеялық жағынан зиянды шығармалар ретінде танытты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтар күні «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысынан кейін Мұраттың өлең-толғаулары оқулықтардан алынып тасталды.

1959 жылы 15-19 маусымда Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ғылыми-теориялық конференция

желдіргіп, мақтау-марапаттауды басымырақ етіп айтқан. Ақынның тойбастар өлеңдері оның халықтың еркесі, жиын-тойдың ұйтқысы болғанын дәлелдейді. Мадақ жырлардың өзінен Мұраттың айшықты өлең өрнегі айқын көрінеді.

Мұрат жөнінде мол мәлімет беретін естеліктер Мұрын жыраудан жазып алынған әңгімелер. Өзінің айтуынша, ол Мұратпен Сағыздың ар жағында Ашыкөлде отырған Атабайдың ауылында кездескен. Бұл ақынның Қоян жылының жұтынан кейін нағашы жұртын сағалап, адай жұртына қоныс аударған кезі екен. «Мұрат орта бойлы қара сақалды кісі еді. Ол өлеңді домбырамен айтпайтын еді, айқай салғанда қолына тостаған алып, болмаса телсекпен аузын қағып айтатын еді, қабағын бір жиып, бір ашқанда басындағы дөңгелек бөркі бір ілгері, бір кейін кетіп отыратын. Айқайының қаттылығы соншалық, жақын отырған ауылдың бөріне естілетін. Үш жүздің шежіресін арғы жерден бастап, сол күнгі қалпына шейін келтіріп айтатын еді. Мен Едіге жырын Мұраттан бірнеше рет есіттім. Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді»<sup>31</sup> дейді Мұрын жырау.

Мұрын жырауға Мұрат он төрт бағырдың жырын үйреткен: «Қараден бағыр», оның ұрпақтары «Жубаныш бағыр», «Сүйініш бағыр», «Тегіс бағыр», «Тама бағыр», «Тана бағыр», «Нәрік бағыр», «Шора бағыр», «Құлыншақ бағыр», «Ақжонас бағыр», «Кеңес бағыр», «Жаңбыршы бағыр», оның баласы «Телағыс бағыр», «Оғыз бағыр». Бұл Мұраттың кең тынысты жыршы болғанын көрсетеді. «Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Асан Қайғы, Қазтуған секілді өткен адамдар туралы Мұрат көп өлеңдер шығарған. Қарасай, Қазы туралы Мұрат екі күндей айтатын еді деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күні жойылған. Біздің басып отырған «Қарасай-Қазымыз» ұзақ сөзден қалған бір жұрнақ»<sup>32</sup> деген Халел Досмұхамедұлының сипаттамасы осыған дәлел.

Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы қазіргі Индер ауданының Өрлік ауылында 63 жасында қайтыс болған. Ақын бейіті Индер ауданының Жарсуат ауылының маңында.

М.Әуезов айтқандай, жүз жылға созылған зар заман дәуірінің ақындары халықтың басына төнген қайғы қасіретті торығу сарынымен жырлады. Дулат Бабағайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген кезең — Ресейдің отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағы болатын. Бұл кезде патша өкіметі жанаша реформалар жасап, қазақ жеріне орыс шаруаларын көгтеп қоныстандырып жағты. Ел билеудің жүйесіне өзгеріс енгізілді, халықтық салт-дәстүрлердің

<sup>31</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 97Д-бума. 122-б. Б.Жақылбайұлы жазып алған.

<sup>33</sup> Ы. Дүйсенбаев. Ғасырлар сыры. А., 1970, бб. 6.

<sup>34</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 593-бума.

<sup>35</sup> Солпа.

өткізді. Конференцияда Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындардың әдеби мұраларына баға беріліп, ұстанған бағыттарына, көтерген мәселелеріне, ақындық көзқарасына талдау жасалды. Бірақ білікті ғалымдарымыз зар заман ақындары жөніндегі ой-пікірлерін идеологиялық шеңберден асыра алмады. Осыған қарамастан, бұл ақындардың шығармашылық дәстүрлерінің, мұраларының сақталуы жөнінде кеңінен сөз болды. Сол жиында Мұрат ақынға қатысты көптеген пікірлер айтылды. Бұл пікірлер ғалымдардың әдеби мұраны негізінен соған үстемдік құрған саясаттың аясында бағалағанын, соған қарамастан там-тұмдап болса да зар заман ақындардың шығармаларының құнды дүниелер екенін аңғартуға тырысқанын байқатады. Ғылыми-теориялық конференция қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихын зерттеу жайында бірқатар ұсыныстарды қабылдай келіп, Мұрат мұраларына байланысты мынадай қорытынды жасады: «Мұрат Мөнкінің шығармалары эпостық дәстүрге жақын, ері өзіндік ерекшелік сипаттары бар; бұған сәйкес оның шығармашылығын әлі де болса сын тұрғысынан қарап, тереңірек зерттеу қажет. Дулат пен Мұрат шығармашылығы жоғары мектепке сол кездегі тарихи-әдеби процесстің күрделі сипатын, әдебиеттің қандай қайшылық жағдайда дамығанын талдап көрсету мақсатымен аталуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептердің ерекшелігін еске ала отырып бұл ақындардың шығармашылығын орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналсын»<sup>36</sup>.

Осындай партиялық құжаттар Мұрат Мөнкеұлы мұраларының халық арасына кең таралмай, оны тек әдебиет зерттеушілерінің ғана танып-білуіне ықпал етті. Оқулықтарда ескі кезеңді көксеткен зар заман ақыны ретінде ғана аталды.

Ақын шығармалары алғаш рет 1908 жылы Қазан қаласында ағайынды Көрімовтердің бастаханасында басылды. Кітап «Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны» деп аталады. Кейбір кітаптарда «Мұрат ақынның Ғұмар қажыға айтқаны» деп те жазылып жүр. Шыңдығында, жинақтағы «Байұлы Байбақты Ғұмар Қазы ұғлына Мұрат ақынның айтқаны»<sup>37</sup> деп аталатын өленде баяндалғандай, Ғұмар — өйгілі Сырым батырдың немересі. Ғұмардың әкесі — Қазы.

Бұл кітапқа тек Мұраттың шығармалары ғана енгізілмеген. Мұнда «Байұлы Байбақты Ғұмар Қазы ұғлына Мұрат ақынның айтқаны» атты ұзақ өлеңі, «Қазтуған» жыры, «Мұрат ақынның заманның түріне қарап шығарғаны» («Үш қиян») деген толғауы ғана жарияланған. Осы жинақтағы Махамбет жырларын басқа да

<sup>36</sup> Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1961, 29-б.

<sup>37</sup> Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны. Қазан: Көрімовтер

жырлармен бірге Мұрат жатқа білген. Одан Ығылман Шерекөв жазып алып, беріге жеткізген. Сондықтан, Мұрат Мөнкеұлын біз тек ақиық ақын ретінде ғана емес, әдебиет тарихының білгірі, мұраттанушы ретінде де бағалауымыз керек. Мұрат пен Ығылманның Махамбетті халқымен қайта табыстыруы — қалың қазақтың игілігі үшін жасалған азаматтық іс. Махамбет жеткізген алтын көпірі болып қалды. Бұдан соң профессор Халел Досмұхамедұлы ақынның шығармаларын топтап, 1924 жылы Ташкент қаласынан «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен кітап етіп бастырып шығарды<sup>38</sup>. Ақын шығармалары 1946-47 жылдарға дейін мектеп оқулықтарына енгізіліп келді. «Қарасай-Қазы» жыры жеке кітап болып шықты<sup>39</sup>. Мұраттың өлең-толғаулары «Үш ғасыр жырлайды»<sup>40</sup>, «Бес ғасыр жырлайды»<sup>41</sup>, «Ай заман-ай, заман-ай»<sup>42</sup> жинақтарына, айтыстары әр жылдарда шыққан айтыс жинақтарына енгізілді<sup>43</sup>.

Мұраттың шығармашылығын алғаш зерттеген Халел Досмұхамедұлы оның мұрасын жүйелеп, өлеңдеріндегі қайшылықтарға баға беріп, пікір қалыптастырды. Әдебиет зерттеушілері, ақын-жазушылар әр жылдарда Мұрат мұралары туралы пікірлер айтты. Әсіресе, ақын шығармаларына тереңірек тоқталған М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Тоқмағанбетов, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев сынды ғалым-жазушылардың ой-пікірлері<sup>44</sup> Мұрат мұраларының табиғатын ашып, байыпты талдау жасаумен құнды.

Мұрат Мөнкеұлының шығармаларын әр қырынан алып қарауға болады. Ол — сөз сайысында алдына жан салмаған, ұшқыр ойлы, суырыпсалма айтыскер. Қызыл тілдің майын тамызған суреткер, шешен. Ел тарихын, жер тарихын өте жетік білетін шежіреші. Мұрат — халқына сүйеніп қана қоймай, жұрттың қорғаған, ата-қонысты қызғыштай қорыған күрескер ақын.

<sup>38</sup> Х.Досмұхамедұлы. Мұрат ақынның сөздері. Ташкент, 1924.

<sup>39</sup> М.Мөнкеұлы. Қарасай-Қазы. А., 1943.

<sup>40</sup> Үш ғасыр жырлайды. А., 1965.

<sup>41</sup> Бес ғасыр жырлайды. А., 1989. 2-т., 127-142-бб.

<sup>42</sup> Ай заман-ай, заман-ай. А., 1991, 2-т., 128-142-бб.

<sup>43</sup> Айтыс. А., 1988, 1-т., 92-97, 260-261-бб.

<sup>44</sup> М.Әуезов. Әдебиет тарихы. А., 1991, 215-217-бб. М.Әуезов. *МЖлдыбаев. Ә.Қоңыратбаев. XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., 1933. Ә.Тоқмағанбетов. Мұрат ақын туралы. ОҒК. 97Д-бума. 166-171-бб. Қ.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. А., 1943, 255-266-бб. С.Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., «ҚМББ», 1942, 145-172-бб. Ы.Дүйсенбаев. «Ғасырлар сыры». А., 1970, 64-83-бб.*

Мұраттың шығармашылық өмірі қоғамдағы қайшылықтармен тығыз байланысты. Отарлау саясатының етек алуы, халықтың басына түскен қайғы-қасірет ақынның шығармашылығына әсер етті, айналасында болып жатқан өзгерістерден ой түйген ақын өмір құбылыстарын өзінше топшылады.

Мұраттың ақындық ғұмыры қайшылыққа толы күрделі кезеңде өз үнін танытқандығымен, өз елінің қайраткер ұлы болғандығымен, қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар ақын ретінде қалғандығымен бағаланады.

## БАЗАР ОҢДАСУЛЫ ӨТЕМІСОВ (1842-1911)

Базар ақын Сырдария облысы, Қазалы уезі, Көшербай болысының 6 аулындағы Қарақ деген жерде (Қазіргі Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының Ленин ауылдық советінде) туып, 69 жасында қазіргі Өзбек Республикасы, Науай облысының Үшкұдық ауданында қайтыс болады.

Қолда бар деректерге қарағанда, ақын да, әкесі – Оңдас та шыр білген кедей кісілер болыпты. Жоқшылықты көп көрген бала Базар ұзақ жылдар бойы өз елінің байы Тәспенің қойын бағып жүреді. Жастай әке-шешеден айырылып, жетім қалған оны кейін нағашы атасы Өтеміс баурына басып, бала етсе керек Сөйтіп, білім ала алмай, жетім қалу – оған тағдыр тартуы болды. Әйтсе де ол жасымады, қалт жібермейтін құйма құлақ, зерделі азамат болып ер жетеді.

Ақындық дарын өмірде қаншалықты сирек кездеседі десек те, оның кейде жарқ етіп көрінетін кездері болады. Бұған, сөз жоқ, әр алуан сыртқы, ішкі жағдайлар әсер етеді, сондай-ақ өнер иесі ішкі түлеу, үздіксіз жетілу, толысу кезеңдерін бастан кешіреді. Дәл осыны Базар ақын өмірінде болған мына бір жай да айқын дәлелдейді.

Он алты жас шамасында ол қой бағып жүріп, Сырдария бойындағы суаттан қойын суарып, иіріп қойып отырса, сол жерден су алу үшін түйеге күбі артқан бір келіншек пен қыздың келгенін көреді. Базар олардың қасына келіп әзілдеп сөз қатса керек. Сонда қыз:

“Алдымен түйеге жүк арғысып қолқабыс ет, ал әзіл керек болса, ауылға жүр”, – деп қағытшыты. Бұл тұрып: “Кел десең барармын, аты-жөніңді айт, үйің қай жерде, жасың нешеде?”, – деп бастырмалаға түсіпті. Сол кезде қыз табан астынан бір ауыз өлең шығарып былай дейді:

Бастаған жұғысын ба сөздің басын,

Бұл жерде саған мені кез қылғасын?

Айтты бұрынғылар деген қайда:

“Сұрама аттың тісін, ердің жасын”.

Онан да емін неге сұрамайсың,

Күте алмай бір басыңды таз қылғасын.

Бұл әрі сері, әрі ақын әйгілі Айпара деген қыз екен. Оның өмірдің оғындай нысанаға деп тиген зидді де ауыр сөзіне қолма-қол жауап бере алмаған Базар қағты намыстанып, бір алта бойы қайғырып жүріпті. Кейін қой бағудан құтылып, ақындық жолға біржолата түскенде, ол сол қызды әдейі іздеп барып айтысқан көрінеді. Алайда бұл айтыстың бізге бізге үзік-үзік қиындылары ғана жетіп отыр<sup>1</sup>.

Кейінірек Базар бойындағы ақындық дарынның қайнар көзі жарқ етіп ашылып сыртқа тепкенде, сиқырлы өлең-сөз жойқын қара дауылдай сарқылмас елеулі күшке айналыпты деседі. Ақынның осындай бір шалқыған шабытты кезеңін белгілі әдебиет зерттеушісі Ә.Қоңыратбаев былайша баяндайды: “1900 жылдары әйгілі ақын Бұдабай Қабылов Бұхар қазақтарына барғанда, Базар оны әдейі іздеп келіп, топ алдында өзінің асқақ өлең-жырларын домбырамен төгілте орындап беріпті. Сонда Базардың төкпе ақындығына мейлінше риза болған Бұдабай: “Шырағым, қай бала едің, күдай бар өнерді өзіңе үйіп-төгіп берген екен”, – депті.

Базар Оңдасұлы шығармаларының жиналып, жариялану мәселесіне келсек, оның Октябрь төңкерісінен кейін ғана қолға алынғанын айтуға тиіспіз. Ақынның бір топ өлеңі ең алғаш 1925 жылы Ташкентте басылған “Терме” атты жинаққа енсе (“Дүниені құдым екіленіп”, “Дабылымды есітіп”, “Дүние, әттен, әуре еттің мені”, “Нұсқасыз сөзім жоқ еді”, “Сарыарқаның белінде”) ал С.Сейфуллин құрастырған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” атты жинақта (Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1931 ж. 89-92-б.) жеті өлеңі жарияланды.

Ақын туындыларының біршама молырақ басылып, жарық көруі кейінгі жылдар үлесіне тиді. Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” (Алматы, 1962 ж. Жалпы редакциясын басқарған Ы.Т.Дүйсенбаев) атты жинақта таңдаулы 35 өлеңінің енуі оны жұртшылыққа кеңірек таныстыру мақсатындағы елеулі қадам болды. Кейінірек “Үш ғасыр жырлайды” (Алматы, 1965 ж.) жинағында Базардың 28 толғауы жарияланса, соңғы “Бес ғасыр жырлайды” атты үш томдық кітапта отыз өлеңі басылып шықты (Алматы, 1984

<sup>1</sup> Айттыс. А., 1965, 2-т., 655-б.

ж.). Сондай-ақ “XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы” атты жинақта (Алматы, 1985 ж.) таңдаулы деген сегіз өлеңі жарық көрді.

Бұлардан тыс жекелеген кісілер де ақын мұрасын жариялауға әр кез үлесін қосып отырады. Айталық, Ә.Қоңыратбаев Базар өлеңдерінің толығырақ нұсқасы ретінде (көпшілігі бұрын мәлім емес жырлар) оның жеті толғауын “Жұлдыз” журналында жарияласа (1984ж. №1), Ә.Құлахметов келесі жылы сол журналда оның “Сөйле, тілім, жалшыдан”, “Ал, көңілім, қолға қаламды” атты екі өлеңін бастырды.

Ақын шығармаларын жинап, жариялауда бұлардан басқа әйгілі ақын М.Жұмабаев, І.Бағатов, Ұ.Оразымбетқызы, Ә.Марғұлан, Н.Молыбаев, Б.Науқанов, Ә.Қайнарбаев, А.Нүрқенов, М.Байдылдаев, Ш.Алдашевтардың да сіңірген еңбектері зор екенін айтқан жөн. Осының нәтижесінде Базар шығармалары жеке жинақ болып басылды (Базар жырау. Алматы, “Жазушы” баспасы, 1986 ж. Құрастырып, алғы сөзін жазған Ш.Алдашев).

Ал, мұрасының зерттелу жайына келсек, бұл тұста, ең алдымен, көрнекті жазушымыз әрі әдебиет тарихының зерттеушісі С.Сейфуллин есімі ойға оралады. Ол өзі құрастырған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” атты жинақта Базар термелерінің кейбір тартымды үлгілерін жариялай отырып, оны қазақтың көрнекті ақындарының бірі деп жоғары бағалаған болатын.

Рас, Базар ақын шығармалары қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған 1959 жылғы ғылыми-теориялық конференцияда да, кейбір жекелеген зерттеулерде де<sup>3</sup> бағасын алды. Ақынның өлең-жырлары мен дастандары бұдан кейін мұқият жиналып, зерттелді. Ш.Алдашев кейінгі жылдары баспасөз бетінде ақын туралы екі мақала жариялады<sup>4</sup>. Дегенмен, мұның бәрі Базар шығармашылығын кеңінен қамтитын зерттеулерге барар жолдағы бастапқы қадам еді.

Базар өлеңдерінің теңіздей тереңдігі мен ұтымды да мәнділігіне арнап алғашқылардың бірі болып қалам тартып, ойлы мақала арнаған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев еді. Ол кезінде Базардың өз қолына түскен 4-5 толғау, жырларының әлеуметтік сыр-сипатын тап басып орындай бағалаған болатын-ды. Ақын осыған орай Базар жыраудың замандасы қазалылық Жомарт молданың жазған жырларындағы мына бір жолдарға зер салады. Ол кісінің Базардың өмір жолын тарқата шолып:

Кеңей кеңінен келген кертағы еді,

Үш жүзге орман-дария ортақ еді.

<sup>3</sup> Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1961, *ХСҰйымалтмесе*. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967, 272-279 бб.

<sup>4</sup> Ш.Алдашев. Базар жырау // Жұлдыз. 1981, N5; Базар жырау

Иіріліп, толықсып аққан дариядай  
Шалқын шар тарапқа орқан еді, –

деген ұтымды пікірін келтіре отырып, өзінің ақын шығармашылығының қыр-сырлары туралы ойларын да жайып салады: М.Жұмабаев ақын туындыларының қоғамдық мәні мен әлеуметтік өткірлігін, өзінің сөзге жүйрік, ойға берік, кемелдігін жинақтай келіп былай дейді:

“Шынында, Базар көр-жсрді өлең қылып, көрінгенді мадақтайтын құр мал тапқыш болмас. Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған “Кеңесі кеңінен келетін” ақын екендігі өлеңдерінен байқалады”, – дей отырып, оның азаматтық тұлғасын лайымдағанда: “Оқушылар бұрынғы ақындардың бөріне қанша ақындығы күшті болғанмен, мақтауға тұрса да, тұрмаса да, байды, мықтыны мақтамайтыны жоқ деп қарайды. Бұл пікірде бірталай қате бар. Тегінде ақын біткеннің бәрі мықтыны, бай біткеннің бөріні мақтай берген емес. Шын ақындардан өздерінше мақтауға тұрарлығын ғана мақтаған. Мысалы, Базар жырау “Темір тұяқ Мұрынды” мақтаса, халқы “құрандай жапырылып” сөзіне құлақ салғаны үшін, яғни жалпақ елдің ақыны болғаны үшін мақтап отыр... Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғыық әдебиетіміздің бізге бұл күндері адасқан ұшқындары, тентіреткен тамашалары ғана жетіп отыр... Әнде де болса, ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз боларлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес... Алдымен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті...”, – деп жазды. Базар ақынды да М.Жұмабаев айтқандай, жазба әдебиетімізге негіз бола алатын ірі ақындардың бірі дей аламыз. Оның Теміртұяқ Мұрын секілді ақылды да әділ, ел берекесі саналатын кемеңгер бидің еңбегін жоғары бағалауы – мәні зор өмірлік мәселе екені даусыз. “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген мақалада айтылғандай, ел қамын, бұқара жайын ойлайтын адал билердің қашан да сирек кездесетіні мәлім. Сол себепті ақын Теміртұяқ, Мұрынның ел тұрмысындағы беделі мен орнын, ел берекесі бітімінің айнымас тұғыры екенін айшықтап бейнелеу арқылы оны өзгелерге үлгі ретінде ұсынғанын көреміз:

Бұл заманда би бар ма,  
Теміртұяқ Мұрындай,  
Белі жуап құр аттай,  
Ақшылыда болайып,  
Тасты жарып қайнаған,  
Баһардағы бұлақтай,  
Олардың айтқан сөзіне

Халқы салар құлақты-ай,  
Жапырылып құрандай,  
Бешелемде өткен дүшпесен  
Атамның салған жолы кең,  
Атамның пішкен тоны көк,  
Бишараны жылатпай,  
Жылатқанды аунатпай,  
Анадан туған сен едің,  
Тай жолбарыс сияқты-ай,  
Тиген жерін тілетін  
Айбалтаның бауырына  
Болаттан салған қияқтай<sup>6</sup>

Патша отаршылдарымен бітімсіз күрес ашқан Кенесарыұлы Сыздық ерді де ол халық қорғаны, жаужүрек батыр ретінде даралап сипаттайды, оған “жұрт реңін келтіре” тұлға деп үлкен үмітпен қарайды. Базар жыраудың осы жырлары оның отарлық езгіге қарсы ашық күреске үндеген Дулат Бабатайұлының әдебиетіміздегі бірден-бір жолын жалғастырушы, соның тікелей ізбасары еді деп айтуға негіз бола алады.

Базардың да өзге ақын, жыраулар секілді аңды-артында дәстүрлі мектен бар. Ол елеулі тұлға ретінде алдындағы бұрыннан бар озық дәстүрден үйреніп, өзінің бет-бағдарын белгілей білді. Осы тұста Сыр бойындағы әнші, жыршылық, шайырлық дәстүрдің ерекше екендігі анық.

Сыр бойында Базар үлгі тұтқан ақындық пен әнші, жыршылық дәстүрлі мектебі болды. Ол бұларды әр кез мадақ тұтып, жылы сезім, зор ілтипатпен атап отырды:

Қарадос, Өске, Бұлабай,  
Серәлі, Садыр, Орынбай,  
Татауы жоқ сөзінде,  
Шұбырған көштің жолындай,  
Ақ кстенің ішінде,  
Шернияз, Шыман, Өтесен,  
Солардап да өткен сұм заман<sup>7</sup>.

Осы тұста “Базар ақын ба, әлде жырау ма?” деген сұрақтың да түйінін шешсе кеткен жөн тәрізді. Рас, “жырау” сөзі Сыр бойында да ақындықпен егіз ұғымда алынып, скеуі қағар қолданылып келген, бірақ осы сөздің жыршылық, әнші, композиторлыққа да айтарлықтай қатысы бар екені аңғарылады. Біз білетін жыраулардың қашанда белгілі бір ел басшысы қасынан табылып,

<sup>6</sup> Сонда.

<sup>7</sup> ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ акандарының шығармалары. А., 1962.



бүкіл халықтық мәні бар аса ірі әлеуметтік оқиғаларға орай болашақты болжап, әр алуан толғаулар айтатыны мәлім. Бұл дәстүрдің ең соңғы өкілі Бұқар жырау екені де даусыз. Егер осы айтылғандарды негізге алсақ, сол Сыр бойындағы еспсіз көп “төленше жырау, түгенше жырау” дегендердің бәрін жырау деп айтудың қисыны жоқ тәрізді. Сондай-ақ Базар да өзін “жырау” деп ретсіз ағай бермеген, қайта “ақын”, “шайыр” деген сөздерді жиі қолданып отырған. Ол бірде:

Әлім менен Шөменнің,  
Мен едім даңды шайыры,  
Сөз билген қазақ баласы,  
Әңгімеге қайыды<sup>8</sup>, —

десе, келесі бір кезекте:

Мен қылдым ерлікті де, билікті де,  
Келді деп хан мен төре иліктім бе?  
Сапырған санды бұлап ақын Базар,  
Аулына көрліктің қиліктің бе?<sup>9</sup> —

дейді. Сол себепті Базарды “жырау” дегенде, — бұл көне атауды шартты ұғым түрінде алып, оның үлкен дарын иесі, лирик ақын екенін есте түту қажет.

Базардың көрнекті ақын болып қалыптасуының екі қайнар көзі бар. Бірі — өзіне дейінгі аса бай халық үлгілері болса, екіншісі — ақын естіп, сусындаған шығыс әдебиетінің игі әсер ықпала дер едік. Оның кейінгі жыраулық поэзиядан да көп үйренгенін көрсеміз. Осы жәйт тәрбиелік-дидактикалық мазмұнда келетін жырларда айрықша ұшталып, шоқтана түскен. Базар, біріншіден, көл-кесір көне мұралардың басым көпшілігін бір естігеннен жақтап алып, соны қажетті деген тұстарда кесек-кесегімен алып ұтымды қолданса, екіншіден, солардың мәнді дегенін ғана кәдеге жаратып, өзгесін өз жанынан қосып әрлеп, дамыта жырлайды. Бұл тек Базарға емес, сол тұстағы импровизация дәстүрін ұстанған ақындардың бәріне тән ерекшелік болатын.

Базарға Шөлгез (Шәлкііз), Абыл, Махамбет, Шернияз жырларындағы өршілдік те, Бұқар толғауларындағы сыршылық пен ойшылдық та тән. Бірақ бұл өзара ұқсастықтар айтылар ойдың орамына сәйкес әр ақында әр түрлі сипат алып өзгеріп, құлпырып түрленіп отырады.

Импровизация дәстүрін ұстанған өнер иелері ойға қазақ болатын ортақ жолдар мен дайын үгілерді кесек-кесегімен

қолданып отыратыны да бар. Айталық, Базардың “Айдан ару нәрсе жоқ” деген ұзақ жырының алғашқы екі шумағы Махамбеттің “Бұл дүниенің жүзінде” деген толғауын түгелдей дерлік қайталайды. Тіпті бұл екі өлең де Бұқар жыраудың “Ай не болар күннен соң”, “Айналасын жер түтқан” атты философиялық жырларымен терең үндес. Мұның өзін суырып салып айту дәстүрінде туып қалыптасқан поэзиямыздың өзіндік сипаттарын белгілейтін жанрлық бір ерекшелігі.

Кезінде Базар ұстанған шығыс әдебиетінің үлгі-өнегесіне келсек, мұның да ақын шығармашылығынан елеулі орын алғанын көреміз. Ең алдымен ол шығыс әдебиетінің классикалық туындыларындағы гуманистік идеяны өзінің дидактикалық жырларына үзілмес арқау етіп ала біліп, ел-жұртты әдептілік пен адалдыққа, өршіл талап пен қанағатшылыққа шақырады. Айталық, ақын өзінің “Құмылдап қал, қызыл тіл” деп аталатын жырында:

Нұсқасыз сөзім жоқ еді,  
Қарасаң молда, тәліптер,  
Осы сөзім газалдан<sup>10</sup> —

деп ой түйсе, келесі бір “Сөйле, тілім, жалпыдан” деген өлеңінде:

Осы сөзімнің бәрі бар,  
“Шаһнаманың” ішінде,  
Жауқазындай аршыған,  
Тарихтан бізге қалып тұр,  
Фердауси деген қартынан,  
Солардан да алып үлгірткіс,  
Араб пен нақу фарсыдан<sup>11</sup> —

дейді.

Базар — ойға берік, сөзге жүйрік, талғампаз да суреткер ақын. Ол көркем сөз — тілдің күш-құдіреті мен өмірлік мәнін терең түйсініп, оны адам санасын өзгертіп тәрбиелеуде таптырмас құрал деп санаған. Сол себепті ақынның:

Сөйлеріне келгенде,  
Судағы қара сүліктей,  
Қызыл тілім қадалған,  
Шабарына келгенде,  
Қашаған құған жүйріктей,  
Оңды-тәріс оралған.

<sup>8</sup> Бұл да сонда, 232-б.

<sup>9</sup> Жұлпыз, 1084, №1

<sup>10</sup> Бес газыр жырлайды. А., 1989, 2-т., 298-б.



Өлпестіріп қарасан,  
Ылди мен зәулім асқардай<sup>17</sup>.

Ақынның осыған үндес, мазмұндас келетін тағы бір көркем жыры "Тілек" (Қалжан ахунға) деп аталады. Ол мұнда жаңа бір қырынан көрініп, кекесін-мысқыл, өткір ажуаға бейімдігін танытады. Атап айтқанда, бақсы-балгер, арамаза молдалардың ішкі есеп, арам пиғылдарын батыл әшкерелеу үшін, олардың ерқайсысын өз аттарынан сөйлетгіре отырып, ажуалайды. Бұл жыр осындай сипаттармен ұлы Абайдың "Болыс болдым, мінекей" атты әйгілі сатиралық өлеңін еске түсіреді.

Өлең көптірсен құшнаш, бақсылардың ой-тілектерін баяндаудан басталады. Ақын олардың жан-дүниесін шеберлікпен ашып бейнелей келіп, жатса-тұрса ауру тілейтін бақсының аузына мынадай сөз салады:

"Ауру-сырқау айналып,  
Елдің құты қашсын", - дер.  
"Әлпештеген біреудің,  
Жаңа түскен келінің,  
Қара алабасты бассың", - дер.  
"Әулиеге ат айтып,  
Абыржып әбден сассың" - дер.  
"Ат терлетіп алдырып,  
Басына зікір салдырып,  
Дәулетін сөйттіп шашсын", - дер<sup>18</sup>.

Ал енді, обал-сауаптан гөрі, олжаны көбірек ойлайтын молдалардың ой-пиғылдары да әлгілерден асып түспесе, кем соқпайды:

"Жаны ардақты жақсының,  
Күнде бірі өлсін", - дер.  
"Жаназасын оқы - деп,  
Шақырушы келсін", - дер.  
"Ысқат, құрап шығарып,  
Мал мен мүлкін бөлсін", - дер.  
"Сол бөлінген олжадан  
Өзгелерден көбірек,  
Сыбағамма берсін", - дер<sup>19</sup>.

Сонымен бірге автор еркез адал, жақсы тілекте жүретін ақын, жырауларды бұларға қарама-қарсы қойып, шендестіре

<sup>17</sup> Бұл да сонда, 294-б.

<sup>18</sup> Сонда, 280-б.

жырлайды:

"Ақ жарылқап, күн туып,  
Күнде қызық болсын", - дер.  
"Келіп түсіп, ұл туып,  
Үйге бала толсын", - дер.  
"Ел - азамат аман бол,  
Басына бақыт қонсын", - дер.  
"Жамандық тілек тілейтін,  
Жауыздық гүлі солсын", - дер.  
"Ойып ойнап, жыр жарлап,  
Мерекелет той тойлап,  
Жұрт жиналып келсін", - дер<sup>20</sup>.

дейді ол.

Базардың ақындық тұлғасын айқындай түсетін жыры - "Жиырма бес" атты өлеңі. Бұл жырында ол адам өміріндегі күш-қайраты толысып, тау бұзып, тас қопаратын жалынды шақ - жиырма бес жасты басқа енді айналып келмейтін қызулы кезең ретінде бөліп алып, саралап сипаттайды. Осы өлең өзінің құрылысы жағынан Бұқар жыраудың "Атан болған жиырма бес" атты толғауын еске түсіреді. Әйтсе де, Базардың бұл тақырыпты өзіндік үнмен жырлап, таң ойлар айтуға талаптанғанын көреміз:

Екі ауылдың арасын,  
Қиқулапқан жиырма бес.  
Бұғалықсыз асауды,  
Құр-құрлапқан жиырма бес...  
Айдың көлдің аққуын,  
Атып алған жиырма бес.  
Қай-қайдағы бөлені,  
Сатып алған жиырма бес.  
Әр нәрсеге ұрынып,  
Аман жүрмей, сау басын  
Шатып алған жиырма бес.  
Өлем деген ойда жоқ,  
Құнасы бар да, тауба жоқ,  
Қапы қалған жиырма бес!<sup>21</sup>

Базар жырау шығыстық шығармалар мазмұнына құрылған "Айна-тарақ", "Әмина қыз" атты екі дастан жазып, бұларда таусылмас тақырып: Әділдік пен ізгілік мәселесін көтеріп, оларды зұлымдық пен жауыздыққа қарама-қарсы қояды. Осыған орай ол "Айна-тарақта" ұшатын кілем мен өзге де қасиетті заттардың құпия сырларына бойлап үңіледі. Ақын осылар арқылы басты

<sup>20</sup> Сонда, 281-б.

<sup>21</sup> Сонда, 281-б.

кейіпкерлерді көзден мекен-жайларына бір сәтте жеткізетін кілем мен дүниенің төрт бұрышын көз алдына әкелетін айнаның, өлген адамға қайта жан беретін тарақтың ғажайып сырларына үніліп, соған оқушы назарын аударады. Ал “Әмина қыз” дастанында зұлымдыққа душар болған бір ақылды жігіттің қайғылы өмірі суреттеледі.

Ақынның келесі туындысы “Мақпал-Сегіз” деп аталады. Бұл екі жастың ғашықтығы талай дастандарға өзек болғаны мәлім. Бұларда Сегіз сері сапар үстінде жол-жөнекей Бағаналы еліздегі Мақпал қызға жолығып ғашық болатын-ды. Базар жырау өз дастанында оқиғаның қай елде, қашан болғанын, серінің кім екенін толық аша бермеген, тек оның Арқаға жылқыға жайылым қарап кеткенін айтады да, артында қарақалпақ батыры Жабының Мақпал сұлуы айттырғанын, қыздың Сегізге арнайы адам жібергенін баяндайды. Арып-ашып, аты болдырып, Сегіз көші артынан кешігіп жетеді, Мақпал шешесін көндіріп, сүйген жары үшін үш күн еру болады. Сегіз бен Мақпал қоштасып біржолата айрылысады. Жабы батыр түс көрліп бір оқиғаның болғанын сөзселе, Қыз дертінің емі делінеген Сыр суын әкеліп береді, екі батыр арадағы кісілердің көмегімен жауласпай елдесіп бітеді. Дастан осы оқиғаларды жинақтаған мынадай жолдармен аяқталады:

Үш күндей өмір сүрді Мақпал, Сегіз,  
Жиналмай салған төсек, құрған шатыр,  
Қайтыпты Сегіз – келгенінше,  
Ол істі әні білмей бара жатыр.

Бір-бірін сосын қайтып көре алмапты,  
Ғашықтық дертке Мақпал көне алмапты,  
Салтанат, көрген қызы, сүрген дәурен  
Қиялын Мақпал қыздың білс алмапты,  
Басталып жауершілік екі арада  
Сал Сегіз ғашығына бара алмапты<sup>22</sup>...

Ақын жырларының көркемдік құрал-тәсілдеріне зер сала қарасақ мұндағы образ құрайтын теңеулер мен метафоралардың небір үлгісін көреміз. Мәселен метафоралық салыстырулардың бір алуаны:

Қайыңның қатты безі еді,  
Өлеңнің аққан көзі еді.  
Сөйлер сөзге келгенде,  
Шебердің құрған тәзі едім<sup>23</sup>.

<sup>22</sup> Базар жырау. Шығармалары. А., 1986 (Құрастырған Шәрібек Алданшев), 190-191 бб.

іспеттес болып келсе, теңеулердің поэтикалық қызмет- мәні былайша құрылып тұрады:

Төрсендім теңіздей,  
Қайратым қоңыр өгіздей...  
Халқымын аузын туыптыым,  
Сере шыққан семіздей.  
Дабысым кетті алысқа,  
Жиреншенің өзіндей...  
Бір өсіткен сөзімді,  
Тарқамалды құмары,  
Ғалпық боп Мақпал – Сегіздей<sup>24</sup>.

Ақын өлеңдерінің бәрі дерлік 7-8 буынды жыр үлгісінде келіп, көбінесе, бір ұйқаспен басталып, шартты түрде сонымен аяқталып отырады. Сондай-ақ ол қазақ өлеңдерінде бар қайталаулар (жеке сөз және тұтас жолдан тұратын) мен параллельдік салыстыруларды да орнымен тиімді қолдана біледі.

Базарға дейінгі ақындар шығармаларында ұшырасатын параллельдік салыстырулар қашанда табиғат пен адам өмірін қатар қойып, алмастыра бейнелеу арқылы образдың ұғымдылығын арттыруға қызмет етіп келгені мәлім. Ал мұның жырларындағы салыстырулар толысып, кемелдене келе жан-жануар, адам өмірінен тыс, кейде бірыңғай табиғат суреттемелеріне ауысып отыратыны да бар:

Жоғарыдан төменге,  
Жүйесін тауып су ағар,  
Жазығтурым болғанда,  
Жердің бетін бу алар.  
Күн жалдырап, көк шығып,  
Жан-жануар қуанар,  
Жаптырақтары жайқалып,  
Ырғалып желмен шайқалып,  
Түрленіп гүлдер қызарар,  
Бұлбұлдар сайрап бағында,  
Байғыздар тасқа ұялар,  
Батырлар жауға шапқанда,  
Қолына байрақ ту алар<sup>25</sup>...

Базардың орындау стилінде де өзіндік ерекшеліктері мол. Ол айтамын деген пікірін бірте-бірте еселеп арттыра екпіндеті, нәсерлеті отырып, ағыл-тегіл төгіп тастайды. Бұл жағынан алғанда оның көп толғаулары Махамбет шығармашылығына

үндес, сарындас болып келеді. Мұның бәрі төкпе ақынның өсу, кемелдену, қалыптасу кезеңдерін айқын аңғартады.

Енді Базар жырларының текстологиясы жайында бір-екі ауыз сөз. Рас, ақын өлеңдері кеңес өкіметі жылдарында жиналып, жарияланып, соңғы кезеңдерде ғана зерттеле бастады. Бірақ жоғарыда аталған аз ғана басылымдардың өзіне де айырмалар өзгешеліктердің бар екені байқалады. Мұның үстіне, көркем туындыларының барлығы дерлік ескіліп, сұрыптала қойған жоқ. Айталық, 1962 жылғы кітапта жарық көрген "Қас батырдың белгісі", "Мен қайыңға біткен шынармын", "Бұл жер түлі, төменгі", "Адыр, адыр, адыр тау", "Шойынмен бәстес сатылмас", "Жоқтықтан жолы байланып" деп басталатын өлең-жырлары, неге екені белгісіз, кейінгі басылымдарға еңбей қалған. Немесе солардан түсіп қалған тұтас шумақ тирадалар да ара-тұра ұшырасып отырады. Сондай-ақ оның стиліне сәйкес келмейтін кейбір жырлар да ("Ғашық-жарым", т.б.) оған телініп, басылып жүр. Демек, Базар жырларын әлі де сұрыптап, көркем деген үлгілерін жинақтап, жариялау қажеттігі айқын аңғарылады.

Импровизация дәстүрін ұстанған Базар – қазақ поэзиясының Абай заманына дейінгі ірі өкілдерінің бірі. Ол өзінің шығармашылығымен кезінде көркем сөз өнеріміздің өсіп өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Ақынның өмір сүрген кезеңінің күрделілігіне байланысты заман көріністері мен адам қарым-қатынастарын бейнелеуде кереғар қайшылықтарға ұрынып, тап бастаған тұстары да болды. Мұның бәрі Базар шығармаларының өзіндік бет-бағдарын, ерекшеліктерін белгілейді.

## АҚАН ҚОРАМСАУЛЫ (1843-1913)

Халқымыздың өткендегі өнер иелерінің ішіндегі ең бір ерекше, айқын тұлғалардың бірі – атақты ақын, асқан әнші-композитор Ақан сері. Ақанның әдеби мұрасының да мәні ерекше. Оның жастықты, махаббатты қырлаган, әлеуметтік мәселелерді, замана, дүние жайын толғаған, адамгершілік пен достықты суреттеген гитараг өлеңдері мен толғауларының қазақ әдебиеті тарихында белгілі орны, салмағы бар.

Ақан Көкшетаудың күнбатыс жағында жетпіс-сексен шақырым жердегі Қоскөл жағасында туған. Ақанның атасы Жарқынбай Қарауылдың байы болған. Өз әкесі Қорамса да сауда-саттықпен айналасқан деседі. Ақанның шын есімі – Ақжігіт. Туған-туыстары оны еркелетіп Ақан атандырып жіберген.

Ақан он үш жасқа келгенше Бұқардан оқып қайтқан Күнту деген молдадан мұсылманша дәріс алады. Бірақ дүмше молданың балдыр-батпағы сергек ойлы, ұғымтал баланың көңілін дауалатпайды. Ақыры, молдамен бір шариғатқа таласып, таық жеген соң оқуды тастап кетеді. Осыдан былай Ақанның жігіттік, серілік өмірі басталады. Ол әсем киініп, жүйрік ат мініп, ілгір қыран, алғыр тазы ұстайды. Қасына не бір өнерлі жігіттерді ертеді. Ел аралап сауық-сайран құрады, ән шырақп, жыр шертеді, сөйлесуенге, саятшылыққа беріледі. Осылайша қалың Қарауылдың құлақ құрышын қандырған әсем әншісі, жиын-тойдың тұл-көрік болып жүрген шағында Ақан Шомат қожаның Бәтима деген қызына құштар болады. Ақыры, ол Бәтимаға үйленеді. Бетимадан оның бір ұл, екі қызы болады. Ақанның бұл жалғыз ұлы тілісіз, мылқау болып шығады. Он шақты жыл отасып тұрғаннан кейін Бәтима дүние салады. Әлі жастық жалыны басылмаған, көңілі қайтпаған Ақан серілік салттынан тыйылмайды, қайта оны үдеті түседі. Құлақ естір жердегі жақсы ат, алғыр құсты өз қолына алады.

келіп тиеді. Ақан қарауылдың атақты сұлуы Ақтоқтымен көңіл қосады. Ақанның серілік, ақындық атағын жүйрік Құлагердің даңқы да өсіре, асыра түседі. Арғын ішіндегі Алтай руының бір асында Құлагер үш жүз аттан жеке-дара озып келеді.

Осылайша мерейі үстем болып, даңқы шартарпаққа кен жайылып тұрған шақта, Ақан өмірінде бірсыпыра өзгеріс болады. Неліктен екені бимағлұм, жайлармен Ақан Ақтоқтыдай арумен араздасып қалады. Ол енді Тінегі қажының қызы Ұрқияға ынтық болып, ғашықтық сырларын шертеді. Ақыры, ол Ұрқияны алып қашып үйленеді. Бірақ онымен ұзақ өмір сүре алмайды. Үш-төрт ай бірге тұрғаннан кейін Ұрқия шешек ауруынан қайтыс болады. Бұған қоса, Ақанның жақсы көрген бір інісі өледі. Сөйтін, қайғыға уланып, қасірет шегіп жүрген Ақан Ақтоқтысына қайта оралады. Ақтоқты мал берген ақсақ біреуге ұзатылғалы жатыр екен. Бірақ ол Ақанға өкпе-назын көрген бір інісі өледі. Сөйтін, суытпақ болып Ақан зілді өлең шығарады. Бірақ Ақтоқты сонда да илікпейді. Сүйікті аруынан айрылуы Ақанды ауыр мұңға батырып, тебіренте толқытады. Жүрегінің махаббат қасіреті мсңдеген, ехкініш-ыза, айықпас арман көрнеген Ақан оған тағы да талай-талай шер-сырларын арнайды:

Ақтоқты, кеткенің ба шыныменен,

Был бердің талай жерде тіліңменен.

Басыңды сары мида кесіп алып,

Өмірше дауласампы құныңменен.

Дарияның қайраңындай қалқа бала,

Зарлап әлі шырқаймын мүңымменен!<sup>1</sup>

Сұм тағдырдың соққысына Ақан бұдан кейін де талай-талай ұшырайды. Ақтоқтыға байланысты оқиғаға бір жыл шамасы уақыт толған шақта Керей Сағынайдың асы болады. Соған өзінің “Құйрығынан күс тістеген” саңлағын Ақан да апарады. Сол астағы бөйгеде 323 аттың алдында жұлдыздай ағып, зымырап келе жатқан Құлагерді Батыраш, Қотыраш деген байлар соққыға жықтырып, мерт қылады. Бұл қастандық Ақанды айықпас азаға салады. “Сандал керінің” мойнын құшып ол ағыл-тегіл еңірейді. Ақыры, жүйрігінің басын кесіп алып, кебіндеп жерге көміп, жылай-жылай өзінің Көкшетауына кайтады.

Тап осы жылы Ақан “Қара торғай” атты алғыр қыраны мен “Базар ала” деген құмай тағысынан да ада болады. Сөйтін, Ақтоқтыдай аяулы аруынан тірі ажырасқан, жел жетпес жүйрігі мен алғыр қыранынан өлі айрылған Ақан енді басқапа бір жұмбақ күйге ауысады. Отыздың өріне шығып қалған Ақан серілікті,

сауық-думанды тастап, өзімен-өзі болады, рухани медеу іздейді. Жұрттан бойын аулақ ұстап, дарашылдыққа бой ұра бастайды.

Сол кездегі қуыс кеуде, парықсыз әкім-ұлықтар, ойсыз тоңмойын топастар Ақанның бұл тылсым күйлерін, трагедиялы тағдырын түсінбейді, қайта оны ғайбаттап небір жат сыбыстар, аңыз-лақаптар таратады. Оны ел көзіне есінен ауысқан, алжасқан жан ретінде танытуға тырысады. Тіпті “Ақан перінің қызына үйленіпті-міс” дегенді де шығарады.

Жасы елуден асқан шағында Ақан алдынан үміт сәулесі елес бергендей, жаны жасарғандай болып қайта серпіледі. Кіршіксіз таза махаббатты, әсемдікті беріле, шабыттана жырлай бастайды. Ол қарауыл ішінде сұлулықпен аты шыққан үш қызға ғашық болып, соларға арнап “Үш тоты” деген атақты әнін шығарады. Ол үш қыздың ішінен он алты жасар Жамалға Ақанның ықылас-көңілі, әсіресе, қатты ауады. Оған “Қалқа бала” деп ат қояды. Жамалға деген сүйспендік сезімдерін алғаш іштей іркіп жүрген Ақан кейін көңіл сырларын ашық ақтаруға, жұрт алдында папш етуге ауысады:

Қыздарды мен не қылам қылаң-сылан?

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?

Жаңартқан өмірімді Қалқа бала,

Басы – жем, ортасы – мим, аяғы – ләм.<sup>2</sup>

Ақан – сұлу қыз көрсе болды, ғашық бол, жастық аңсарына салына берген жадағай, жайдақ жан емес. Ол махаббатты асқақ идеал тұтып ардақтай да, оның әділ төрешісі де бола билен. Өзінен жасы әлдеқайда кіші Жамал көз салып, мойын бұрмасын және өзі де оған лайық еместігін Ақан жақсы сезген. Бірақ ол арманы сүйспендік сырларын шеруден жалықпаған. Әрі Жамалдан бұлт жуық екенін аңдаған, әрі “лашыңға лайық” оны “бөктергіге қор болып” кетуге қимаған Сері бір сәт былайша да толғанады:

Тал бойың Құлагердің сағатылдай,

Тамағың піскен алма сабағындай.

Қаз мойың, мөдіреген қарақат көз,

Иегің ителінің тамағындай.

Ішінде өз жұртыңның еркелейсің,

Айдылшың ау қайырған шабағандай.

Осына жүргемді жанұярағана,

Ұл бол тусан негелі қарағым-ай!<sup>3</sup>

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда.

Ақан Жамалға арнап басқа да көптеген өлеңдер шығарған. Солардың барлығы осындай інкәр да күштар, саф мөлдір махаббат сырларына, кіршіксіз таза сезімдерге толы. Бұлардың ішіндегі ең айтулысы, нағыз нәзік те сыршылы – “Сырымбет”. Ыстық қимастық сезімдерге, айықпас мұң-шерге, терен жан күйзелісіне толы асқақ та зарлы әні бар бұл өлеңін Ақан Жамалдай жас ару қалың малға ұзатылғалы жатқанда шығарған.

“Сырымбет” – ақынның жастық, сүйіспендік тақырыбына арнаған ақырғы өлеңі, ең соңғы жүрек жарды сыр-лебелісі. Оның бұдан кейінгі өлең-толғаулары көбінесе замана жәйін толғауға, атамекен-қонысты, жолдастық пен достықты, әлеуметтік мәселелерді жырлауға арналған болып келеді.

Ақан алпыс жастан асқан кезде туып-өскен мекені Қоскөлден, Сарыкөлден айырылады. Сөйтіп, ата қоныстан тықсырылған ол Сасықкөл деген жердегі бір күйсеу баласының қолына көшіп барады. Әрі жеке басының трагедиялы күйлерін көп кешкен, әрі әлеуметтік теңсіздіктер тақсіретін көп тартқан Ақан өмірінің соңғы шағында тағы да тылсым, жұмбақ мінезге ауысады. Қасында тек жалғыз мылқау баласы ғана ұстайды. Сарыуайымға салынып, қасірет теңізіне батқандай, өзінің мұң-наласын тау-тасқа, жел-күзге, айдын-көдін толқынына ғана үйсіз шерткендей болады. Осылай жүріп ол ауруға да шалдығады. Ақыры, 1913 жылы жетпіс жасында Ақан дүние салды.

Ақан шығармашылығының мол да кұнарлы бір саласы — жастық, сүйіспендік тақырыбына арналған лирикалық өлеңдер. Әрине, ақынның әр шығармасы дәл қай жылы, қашан айтылғаны немесе шығарылғаны бізге белгісіз. Сөйтсе де, сол шығармалардың сыр-сипатына, тақырыптық мазмұнына және Ақанның өз өмір өткелдеріне, жанастылығына қарай олардың туу кезеңдеріне долбар түрінде болса да меже қоюдың орайы бар сияқты.

Әрине, Ақан шығармашылығының алғашқы кезеңіндегі туындыларының дені жоғарыда аталған махаббат, жастық жайындағы өлең-толғаулардан тұратындығы даусыз. Сонымен бірге, бұл тақырып ақын шығармашылығындағы желілі, өзекті сипат та сезіреді. Осы алуандас ән өлеңдерінің ең соңғысы “Сырымбетті” Ақанның өмірбаянына байланысты айтылған да болатын. Ақанның “Ғашыққа”, “Ақиық пен ақ түлкі”, “Сүлу қызға”, “Тауһар-жақұт”, “Ақ көйлек”, “Біздің көңіл қайда жалғыр”, “Ғашық жарға” сияқты өлеңдері кезінде оның өз көңіл-күйлеріне байланысты тұғанмен, кейін олар бүкіл дала жасының сүйікті шығармаларына айналып кетеді. Бұл өлеңдер тек тақырыбы ғана емес, сонымен бірге бүкіл рухы, тынысы жағынан да ұқсас, сабақтас. Бірінде толғаған сүйіспендік сырлар, жастық аңсарлары, жігіттік наздары екіншісінде тағы да қайталанып, толығы да

терендей түсіп отырады.

Ауыз әдебиетінде бұрыннан бар дәстүрлі суреттеу тәсілдерін емін-еркін, мол пайдаланғанымен Ақан махаббат тақырыбын жырлағанда көбінде ақындық қатынасын, өз жүрегінің лүпілін сезіріп отырады. Осы тұста ол өзінің шеберлігін, халық поэзиясындағы суреттік орамдарды орайлы түрде, жайната да жаңғырта қолдануға оңтайы барлығын да даусыз танытады. “Ақ көйлек” атты өлеңінде Ақан сұлу қыздың сипатын былайша береді:

Етегін ақ көйлектің алтындаған,  
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.  
Сексен қыз серуенге шыкса дағы,  
Ішінде сен қоныр қаз қаңқылдаған.  
Қаумалап қашпа дұшпан келсе дағы,  
Қалқажан айтар сөзден тартынбаған.  
Болғанда сен аққу құс көлде жүзген,  
Лашын құс не болады талпынбаған?  
Көз салып жаман қызға не қылайын,  
Кізідей бейнесі жоқ қарпылмаған<sup>4</sup>.

Ақан сүйіктісінің сұлулығын, ажар-көркін осылайша түрлендіре, құлпырта отырып суреттейді. Әрине, Ақан қыздың мүсін-тұлғасын сырттай қызықтаудан, жалаң әссемдікті жырлаудан аулақ. Ол қыздың сыртқы ажарын, кескін-келбетін, бой-сұлулығын суреттеуге тұтастай арнаған осы өлеңнің өзінде де сол сүйіктісінің жақсы бір мінезін, яғни “қанша дұшпан қаумалап келсе дағы, айтар сөзден тартынбас” ашықтығын, тапқырлығын, сабырлығын қоса аңғартады.

Әрине, Ақан өлеңдеріндегі мұндай сарындар оның “Қызды айтқан, қызықты айтқан қыздырма” ақын емес, дегдар да шынайы махаббаттың жыршысы болғандығын көрсетсе керек. Профессор Е.Ысмайылов жоғарыда аталған мақаласында Ақан серінің махаббат лирикасына талдау жасай келіп, былай деп жазады: “Әйел қауымын ардақтап, оның жан сезімінің сұлулық, ақылдылық сипаттарын шебер суреттей жырлайды, жүректен шалқып шыққан ғашықтық жалынды сезімдерді жырлайды”. Бұл пікірге біз де қосыламыз. Сонымен бірге, Ақан болжалсыз да буалдыр, неғайбыл сезімдерді, тілсіз түйсіктерді ғана жырлап қойған ақын емес. Біздіңше, Ақан үшін ең бастысы – сол бір алабұртқан, алуан қилы сезімдерге бөленген, толқынған, соларды өз басынан кешірген адам және оның тағдыры. Ақанның Жамалға арнаған ұзақ бір өлеңінде мынадай жолдар бар:

<sup>4</sup> Ақан сері. Таңдамалы өлеңдері. А., 1935, 14-б.

Мақбұбым, ақлын дана, көңілің бийк,  
Жаманға бере алмаспын көңілім қиып,  
Сырт күйік болмайды сен бір сағаттай,  
Қалмаса іштегі отқа жүрек құйіл?

Бұл жолдар Ақанның махаббат тақырыбын қаншалықты биікке көтеріп, әрі терең тебіреніспен жырлағанын тағы да айқындай паш стес түседі.

Ақан әйел тендігі мәселесінде қазақтың ағартушы-демократтары көтерілген биікке жете алған жоқ. Ол мұндай жүйелі мақсат ұстанбаған да. Бірақ Ақанның сүйіспендікке беріктік пен адалдықты, махаббат еркіндігін ардақтайтын тамаша ән-өлеңдері дала жасының жүрегін оятқаны, оларды өздерінің адамдық қасиеттерін қастерлеуге және сол үшін күресе білуге ұмтылдырғаны даусыз. Ақан жас қыздың сүйгеніне баруын, теңне қосылуын қостап, оның тағдыры жайында толғанып, жырлап қана қоймаған. Ел арасында, халық аузында сақталған кейбір аңыз-әңгімелер оның теңіне бара алмай, зар илеген талай жастың трагедиялы тағдырына арапашы, соның мұң-шерінің жоқшысы болғандығын да аңартады. Өзінің "Балқадіша" атты тамаша әнін Ақан осындай жағдайда, өлмелі шалға ұзатылғалы жатқан жас аруға ара түсіп, соған жаны ашып шығарған.

Ақанның махаббат, жастық тақырыбына арналған шығармаларының ішінен оның "Торыны таңға байлап мінген қандай?", "Тағырыш" атты өлеңдері арнайы талдауды қажет етеді. Бұлардың алғашқысы белгілі сюжетке құрылған, Ақын лирикалық кейіпкерінің басынан кешірген хал-халеттерін, көңіл-күйлерін сұрай, арнау ретінде шебер де әсерлі баяндайды:

Торыны таңға байлап мінген қандай?  
Үкелі өссем деп жүрген қандай?  
Тұсынан қызды ауылдан ән шырқатып  
Сыбанып ақ білекті түрген қандай?  
Сөз салып қалқажанға жеңгесінен,  
Құрбыммен сыпайы ойлап күлеп қандай?  
Ишарат әзілменен сөз қатысып,  
Қыз сырын жеңгесінен білген қандай?  
Күнінде үдесі қалқа жанның  
Сылантып сал торыны мінген қандай?  
Ауылы қыз қалқанын қайда сен деп,  
Жүгіртіп сайлау жермен желгеп қандай?  
Бір сайға торышаны байлап тастап,  
Тұсына ақбоз үйдің келгесі қандай?  
Алаңдап алабұрттып тұрғаныңда,  
Алдыңнан қарсы шықса ақпа мандай,

Келдің бе ебін тауып қалқашым деп,  
Боз үйге есік ашып кірген қандай?..

Махаббат, жастық тақырыбын жырлағанда Ақан ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі суреттеу тәсілдерін мол қолданатындығын жоғарыда кезі келгенде атап өткен едік. Бұл, әрине, оның халық поэзиясымен етене жақындығын, тамырластығын көрсетеді. Сонымен бірге, Ақан бұл ретте басқа елдердің аса ірі ақындарынан да үйренбей, тағлым алмай қоймаған. Біз мысалға келтірген "Тағырыш" өлеңінде де сүйіспендік сырларын шерте келіп, ғашықтықты жырлау өге ертеден, еріден келе жатқанын ашып айтады:

Ғашықтық – мен шығарған мирас емес,  
Жүсіп пен Зылижадан үлгі қалған.  
Ізденіп Бағрам да Гүлағамды,  
Михаилпен ақырында сүйтіп алған.  
Кен жүріп, жаһан кешіп Сейфузмәлік,  
Жамалды Ирацбақтан іздеп барған.  
Ғашықтық майданыңда шаһит болып,  
Боз жігіт Әнуз үшін қандай болған.  
Бұладың зар гартқаны – Ләйлі, Мәжнүн,  
Ізденіп ақырында мансап қонған.  
Зияда – Қорлығайың, Фархад – Шырын,  
Бұл күнде хабарым, бар сондай жашаң?

Осы өлеңнен Ақанның шығыстағы атақты ақындардың шығармашылығымен жақсы таныс болғанын, олардың ғашықтық дастандарын үлгі көріп, қадір тұтып оқығанын көреміз және оның өзі де риясыз анық айтады.

Ақанның шығыс әдебиетімен байланысы оның шығармашылығының құнарлы бір сипатын, нәрлі тамырын танытады. Бір кезде кейбір үшқалақ әдебиетшілер Ақан шығармаларының осы қасиетін кемітуге, мұны оның ақындық өнерінің міні, теріс бағыттылығы етіп көрсетуге тырысты. Олардың қайсыбірлері, тіпті ұлы Абайды да классикалық Шығыс әдебиетінің әсерінен бөле-жарып, даралап алмақ болады. Бұл, әрине, ғылыми жағынан жалған, қате де ағат пікір еді. Шыңдығына келгенде, өткендегі қазақ ақындарының Шығыс әдебиетімен, көршілес елдер халықтары поэзиясымен байланысын, шығармашылық алмасуларын елемеске, ескермеске еш болмайды. Өйткені, бұл белгілі бір тарихи кезеңде әдебиетіміздің өсу тенденциясына ерекше мол әсер еткен, шығармашылық факторлардың бірі.



Шығыстың Фирдоуси, Низами, Навои сияқты жыр алыптарының қазақ поэзиясына тигізген әсері кенәулі де, кен де. "XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ, бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сырларын сезіп отырамыз"<sup>8</sup>, — деп жазды академик М.Әуезов. Осы пікірді Ақан сері туралы мақаласында Қ.Бекхожин де қайталайды. Шынында да Ақан шығармашылығында шығыстық сарындар бірсыдырғы мол ұшырасады. Ақанның шығыс ақындарынан үйренгені оның сүйіспендік тақырыпқа арналған шығармаларының рухынан, тынысынан, әсіресе, айқын сезіледі және бұлайша тағлым алуы да жарасымды.

Ақан шығармашылығында оның жастық, махаббат лирикасының алатын орны ерекше. Ол махаббаттың алабұртқан қызу күштарлық, күйіп-жанған ыстық сезім, әр алуап түйсік, әсер ретінде жырлап қоймай, сүйіспеншілік тақырыбын таза да биік идеал, асқақ арман дәрежесіне көтереді. Ақан махаббаттың қуанышты, жарқын сәтгерш де, трагедиялық сыр күйлерін де терең тебірене жырлады. Тұтастай алғанда, оның поэзиясынан сол кездегі дала жасының сүйіспеншілік әсер сезімі, түсінік дәрежесі, махаббаттық тілек-мұрат толық, жан-жақты көрінеді. Ақанның өзімен тұстас бірсыпыра - ақындардан негізгі бір ерекшелік сипаты да осында.

Ақан — тек албырт жастықты, махаббатты ғана жырлап қойған ақын емес. Бұл тақырыпты өз шығармашылығында, әсіресе жасы ұлғайған ел ағасы болған шағындағы шығармаларында халықтық сарындарымен ұластырмай, ұлғастырмай кете алған жоқ. Бұл заңды да. Өйткені, өзі де сұм тағдырдың соққысын көп көрген, әлеуметтік теңсіздіктерден талай зәбір-жапа шеккен Ақанды туған халқының аянышты халі, трагедиялы тардыры толғантпауы, күніренге күйзелтпеуі мүмкін емес те еді. Ақан шығармашылығындағы мұндай сарындар оның өзбырлыққа қарсылық, замана тақырыптарына арналған шығармаларынан әсіресе анық сезіледі.

Өзбыршылыққа қарсылық рухын аңдағатын өлең-толғауларын Ақан өмірінің соңғы кезеңінде жазған тәрізді. Бұл тарихи шындыққа да орайлас.

Ақан шығармашылығындағы патшалық өзбыршылыққа қарсылық сарындары халықтың осындай наразылығымен, ыза-кеймен астасып, ұласып жатқандығы даусыз. Патшалық жуан жұдырық, тонмойын ұлықтар, үр да жық әкімдер Ақанның өзінің де атамскенін тартып алғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Тұтып-ескен қонысын қайтарып алмақ болып Ақан Көкшетау

қаласындағы уездік ұлықтарға талай-талай ат сабылтады да. Бірақ ештеңе өндіре алмайды. Осыдан кейінгі мұң-зарын, қарсылығын ол енді домбыра әуснімен, ащы жырымен тербейді.

Атап айтуға тұрарлық бір жәйт — Ақан шығармашылығындағы өзбыршылыққа қарсылық идеясы оның өз ата-мекенінен айрылуына ғана байланысты тұмаған. Ақанның бізге мәлім өлең-толғауларында оның қонысынан тықсырылып қалуынан туған наразылығын, ыза-кегін тікелей танытатын белгі-бәдер, соншалықты айқын байқала бермейді. Керісінше, өзбыршылықтың ауыр зардаптарын Ақан бүкіл халықтың трагедиясы ретінде жырлайды. Сонымен бірге оның шығармашылығындағы қайшылықты сарындар да оның осы тақырыпқа арналған шығармаларынан анық сезіледі.

Ақанның кейбір өлеңдері оның алғашқыда патшаның өзінен мархабат, әділет күткенін көрсетеді. Патша да, сенат та алыста, Петерборға жете алмаймыз. Әйтпесе барып арыз етсек, қазіргі ауыр халімізді көрсек, бізді аяр еді, неткен сорлы халық деп, "көз жасын тия алмай" жылар еді, деген пікірімен Ақан:

Шегтен келген төрелер порым қылған  
Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.  
Петербордан шапағатты сенат келсе,  
Патшадан жарлық алып Құдай қалап  
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,  
Ол мейірбан ер болса ұалмай-ақ,  
Қайдан қыңыр не қылған халық еді деп,  
Көз жасын қайгер еді тия алмай-ақ,<sup>9</sup> —

дейді.

Бұл өлең зұлматтық ағаулының бәрін туындатып жатқан патшаның өзі мен жергілікті билеп-төстеуші шенеунік, әкімдер екенін оның әлі де түсінбегендігін көрсетеді. Әрине, мұны саналы түрде ұғынуға Ақанның хал-қадары жетпеді және жетуі мүмкін емес те еді. Бұл ретте оны кінәлаудың да орайы жоқ тәрізді.

Ақанның бұл тұстағы өлеңдерінен патшалық сәушіліктің қазақ халқына жасаған небір зұлмат сұмдықтарының шынайы елестерін көреміз.

Ақанның жігіттерге, әсіресе қадал, шегілеп айтатын өңгесі — жолдасқа опасыздық жасаудан, дау-шарға килігіп әуре-сарсаңға түсуден аулақ болу. Өйткені Ақанша, қазақтың түбіне жетіп, сау басына сақина салып жүрген кесапаттар дәл солар.

Сушықпас қазғанменен тау басынан,  
Қазақтың дау жетпейді сау басынан.

Ол қиянат дүниесі иелерінің барлығы бірегей “балғаластығын”, олардың ымы-жымы бір екендігін де дұрыс сезінген.

Ақан байлардың нашарларды қалай қанап есетіндігін, бұл жолдағы олардың, екікілігі мен қулық-сұмдығын да тапжылыспай тани білген:

Ендігі бай әуелі нашарды жер,  
Нашарды көрсе аңғарған сөйлейді кер.  
Бір нашар ақша қарыз сурап барса,  
Берейін қызметке маған жүр дер.  
Ауысып бір нәрсесі жүрген болса,  
Сурағанда шығарар маңдайдан тер.  
Қолыңда жоғың білген соң тым жабысар:  
“Қызмет қыл, я болмаса, малыңды бер!”  
Басын сатып ала алмай бір кірген соң,  
Осыменен қор бол жүр нешелер ер!<sup>13</sup>

Өз кезіндегі қорқау құлқынды дәулеттілерді Ақан “қайыры жоқ, көк қарын жаңа бай” деп айтады. Ол баяғы замандағы малма тымақ, жуан қоныш, сасық бай емес. Ол байыған үстіне бағуды көздеп аласурған, ақша ұстап саудамен айналысқан, туып келе жатқан капиталистік қарым-қатынастардың лебін сезіп, ыңғайын бағыш, аңысын аңдыған бай. Осы өзгерістер оның іс-әрекетінен, мінез құлқынан, пейілінен де анық көрінеді:

Бір нашардың қарасы көрінгенде,  
Ендігі бай қашады аңадайдан.  
Бұл күнгі байға сүйткен кісі жағар:  
Отын кестіп, шөп шауып, малын жайған.  
Тілің алып бармасаң жұмысыңа,  
Жазағы тұрғы бұрадай адырайған.  
Сөзі түгіл, ойынан шыға алмасаң,  
Жүріп пәле іздейді әдісқайдан.  
Атын мініп, ақшасын ұстағандар  
Өз бөлімен жүре алмас қылып сайран.  
Ақша ұстап, сауда қылар ырымдай қып,  
Бай жұмсап жүрсе дағы құлындай қып.  
Базарға барған сайын пайда бер деп  
Тапсырар ұстаушының құнындай қып!<sup>14</sup>

Әкімдер мен ұлықтардың халыққа салған лаңын, байлар мен билердің нашарларды жегідей жеп қанап жатқанын өз көзімен көріп тебіренген, зорлық-зомбылық пен алдау-арбаудың асқынып қабындауынан жүрегі шайлыққан Ақан, бірауық “Дүние аз күншілік пани жалған, басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң”

<sup>13</sup> Сонда, 82-б.

<sup>14</sup> Сонда, 83-б.

Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,  
Бір жігіт жаңылды тәубасынан!<sup>10</sup>

Уақыт рухын, заман ағысын өзінше барлап ұғынбақ болған, халқының тағдыры, болашағы жайында әр алуан ойға шомған Ақан осы сарындас басқа да шығармалар жазды. Солардың ең көлемдісі – жоғарыда аталған “Заман ағамы” атты ұзақ толғау өлең.

Бұл шығармасында Ақан өзінің шартты түрдегі кейіпкеріне, яғни заман адамына мінездеу жасайды. Ақан оны

Жұпар мен гүл майының ісін білмес,  
Зұлматтың ұрмауымен біткен мұрны.  
Іші ауламағ болған соң, керегі жоқ,  
Қаншама болса дағы жүзі нұрлы!<sup>11</sup> –

деп суреттейді. Бұдан әрі Ақан оның өтірік білгішсініп, батырсынып қоқиланатындығын, пәле іздеп, жанжал қуатындығын, еш нәрсе ілмесе де, сұңқармын деп кеуде қағатындығын өткір ажуалайды. Осы тұрғыдан алғанда, Ақанның суреттеуіндегі заман адамы – Абай шығармаларында соншалықты терең, жан-жақты көрсетілген қулар мен сұмдардың пысықтардың ағайыны, солардың бір сұлдері.

Ақан шығармасында заман адамының атын атамай, бастан-аяқ түспалдап кете бермейді. Жинақтап айтып, жалшылама жырлайтын ақын әрі-беріден соң тіл уытын кімге төгетінін есздіріп тастайды:

Қайтсем пайда қылармын деп нашардан,  
Осы күнгі жақсылар құрар айла.  
Жарты ақысын сіндер о деп, бұ деп,  
Нашарлар қызмет қылып жүрсе байға,  
Көңіліңен шықпасаң – күнің қаран  
Байдың ісі бара-бар найзағайға.  
Бірі баймен балғалас, сөзі бір бол.  
Би, болыс, бара алмаймыз ауылнайға!<sup>12</sup>

Шынында да барлап қарағанда, Ақанның заман адамы деп отырғаны – осы би, болыстар мен байлар, ауылнайлар екендігіне ден қоймасқа болмайды. Сонымен бірге, бұл өлең әлеуметтік теңсіздіктердің сырын, әкімшілік иелерінің нашарларға жасайтын қиянат-зорлығын Ақанның өз өресі жеткен дәрежесінде көре білгенін және соны сыңға алып шенейтіндігін де жақсы аңғартады.

<sup>10</sup> Сонда, 27-б.

<sup>11</sup> Сонда, 77-б.

деген сияқты торығу сарындарына да ауысып кетіп отырады. Дүниені опасыз санап, байлар мен билерден, ауылнайлардан безіне түңілгенде Ақан қайда көз салады, нені тілге тиек етеді? Бұл ретте Ақанның көбірек ауызға алатын, айналсоқтап айта беретіні – өткен заман, ата-бабалар жолы, бұрынғының адамдары. Ақан қазақтың ескі бағы заманынан көтере жырлаудан, бұрынғының адамдарын “ниеті бұлтсыз күнгі тандай” едім, ақ ниетті еді, байлары қайырымды, мырза еді деп суреттейді.

Осы ретте, яғни өз кезіндегі байлар мен билердің, болыстардың зұлымдығын, қиянатшылығын ашып көрсетіп сынағанмен, өпш кеткен өмірге, ескі дәуренге алаңдап, артына қарайлай беруі жағынан алғанда, Ақан Шортанбаймен де ара-тұра жақындасып, қоян-қолтық келіп қалады. Бірақ үңде, барлай қарағанда, Ақанның оған ұқсамайтын жағы, өзгешелігі деп көп. Шынтұайтпап келгенде, өткен өмір, бұрынғының адамдары Ақанға жалшылама, әйтеуір, қымбат емес. Ақан кескіні тек ескілік, өткен дәурен ретінде аңсап сағынудан аулақ. Ол мұндай тараң мүлдеден биік жатыр.

Араздарды келтіріп татулыққа,  
Ынтымақ ізденетін ата-баба<sup>15</sup> –

деп жазады Ақан. Оның ұғымынша бұрынғы байлар қайырымды келіп, нашарларға “ат, сауын беріп”, “дастарқанның тергеусіз” ұстап, мырзалық жасайтын болған. Міне, ата-баба да, бұрынғының адамдары мен байлары да Ақан назарын өздерінің осы “қасиеттерімен” аударады. Ақанның осыларды осылайша суреттеуі, мадақтап көрсетуі – оның тая соғыш қателескені, қайшылыққа ұрынғаны. Бірақ, қайталап айтамыз – соның өзінде де Ақан бұрынғы заманды, оның адамдарын шартты түрде өрі қарапайым халыққа, яғни ақын тілімен айтқанда, нашарларға жайлы болуы, мархабаты тиімі тұрғысынан ғана аңсап жырлайды. Осы өлшемін Ақан өз тұсындағы байларға, дәулеттілерге де қолдануды ойлайды. Сондықтан ол:

Қайыр, ықсап, қылмаса пақырларға,  
Пайда жоқ бір тиындай жыған малдан<sup>16</sup> –

деген тоқтамға келеді.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, әлеуметтік мәселелері, заман, дүние жайындағы шығармаларынан Ақанның сол құбылыстарды өз тұрғысынан барлап айтқан ой-топшаулары да, қайшылықты, жаңсақ та, теріс мезеттер мен халықтық кейбір сарындарды да

<sup>15</sup> Сонда, 79-б.

қоса аңғарамыз.

Ақан шығармаларының біршышарасын өз кезіндегі қауымға, әсіресе, жастарға тікелей гибрат айтуға арналған. Оның мұндай өлеңдерінің негізгі тақырыбы – жақсылық пен жамандық. Өмірден көргені мен түйгені көп ақын топшауларын жастарға тағлым ретінде тартуды, оларды жақсы нәрсеге үңдеп, жаманшылықтан сақтаңдыруды мақсат еткен сияқты. Оның осы сарындас “Асыл мен жасық” атты өлеңіне жоғарыда тоқталып та өткен едік. Мұнда ой нәрілігімен бірге, алғыр тапқырлық та танытады.

Жігіттің көз тоқтағытық қандайына? –  
Шешеннің тәңір берген тандайына  
Батырдың қайрат берген жүрсіңіс,  
Малдыңның ырыс берген маңдайына<sup>17</sup>.

Міне, өзінің өнегелі ойларын осылайша көркемдік кестесіне бөлеп бере білген.

“Асыл мен жасық” негізгі тақырыбын ақын өзінің “Жақсы мен жаман” атты екенші өлеңінде толықтырады, тереңдетіп түседі. Мұнда ол өзінің жақсы, не жаман деп талқан құбылыстарын талдап, сап-сабымен баяндайды. Олары көбінесе былайша болып келеді:

Жақсылың өзі өлсс де сөзі өлмейді,  
Жаманнан үлгі аларлық сөз қалмайды...

Ер пайдасы тиеті сасқан жерде,  
Ер жанылып етсін басқан жерде  
Жаманға жазатайым ісің түссө,  
Қабысып қалалы ескі аспап жерге.  
Жамандар көре алмаған қылады өсек,  
Лайық заманында асқан ерге.  
Шапса да қанша жүйрік бедеу озар.  
Болмайды кім үмітті қосқан жерде.  
Билер көп жүрт алдында тысырайған,  
Жол табар көсем қайда қысқан жерде<sup>18?</sup> –

Өзінің өнеге-өсиетін жалаң, жадағай айтпайды. Ол жақсы бәм жаман құбылыстарды салыстыра, қарсы қоя, тіпті өзінің қатысын бұлдіре отырып жырлайды. Сондықтан да оның гибраты өтімді де өткір, бейнелі болып келіп оқушы жүрегінен тез жол табады. Жақсы жігітке лайық қасиеттерді бас-басына санап тізіп, жарқырата көрсеткенде, оның негізгі бір нысана көздегенін

<sup>17</sup> Сонда, 26-б.

байқаймыз. Бұл оның “жұрт алдында тысырайған”, мақтан сүйгіш қуыс кеуде билерден таусыла түніліп, безіне жиреніп “жол табар көсемді” іздеу, соның болуын аңсауы. Біздіңше, Ақан қысылшан шақта ел бастар сол көсемді армандап қана қоймай, соның туатынын үміт еткен де тәрізді. Оның жігіттерге жол нұсқап гибрат айта беруінің де негізгі сыры осында.

Ақанның “Тағырыпшын” атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Ізденіп жар таппағың қиын жұмыс...  
Тең тауып, жар алғанның кемі бар ма,  
Сұңқардай тұғырдағы толғыз түлер<sup>19</sup>.

Серілік сапарында жүрген шағында махаббаттың қызуы басылмас жалынын, жастықтың жан жадыратып, көңіл-күйін келтірер қуанышын шабыттана жырылаған Ақан енді егде тартқан кезінде осылайша байсалды да салқын ақылмен лайық жар тауып ала білу керек деген өнге айтады. Ол “Жаман қатын”, “Жақсы қатын” атты өлеңдерін де осы мақсатпен шағарған.

Бұл өлеңдерінде Ақан жақсы әйел мен жаман әйелдің ерқилы сипаттарын береді, олардың мінез қылығын, білім-парасатын салыстыра суреттейді.

...Таусылды күні-түні ет пен шәй деп,  
Қонақтың қыстай келген бәрін санап,  
Көжені көп ішеді оңашалып,  
Құрдай боп үстәі-басып сары-алаһап.  
Бәрінен сөйлегенде қалыспайды  
Сүйренісіп алды-артын жанасалап.

Немесе:

Салпырмас үйдің ішін киіз қағып,  
Еш уақыт шаруа қолмас отын жағып.  
Тазалық үй ішінде болмағал соң,  
Байында қалыр, баға қалар нағыл<sup>20</sup>.

Міне, Ақанның осылайша жерлес, қазбалап, мінеі суреттел отырған әйелі – Абайдың “Қатыны мен Мысықбайындағы” салақ әйелге айнымай ұқсайды, соның аңысы, яки сіңлісі сияқты.

Ақан жағымсыз қылықты әйелді мінеп қана қоймайды. Сонымен бірге, ол басқаларға үлі боларлық жақсы әйелдің бейнесін жасауға ұмтылады.

Ақ жүзді қатын алсан бойы сұңғақ,  
Қасына шақырғанда келсе зулап.

Дауысы “әу” дегенде әрең шығып,  
Ксудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.

Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,  
Дауысы жіп-жіпше, жұмсақ сөзді,  
Мінезі майға еріткен қорғасындай,  
Келсең де ерте келіке бір мінезді<sup>21</sup>.

Ақанның суреттеуінде жақсы әйел тек сұлу көркімен ғана емес, ерке де ойнақы қылығымен, сыңғырлаған әсем даусымен, жан жадыратар жайдары мінезімен, сабырлы парасаттылығымен тұтас, жарқырап көрінеді. Ақан жігіттерге осындай жар тандай білңдер десе, қыздарға нақ осындай сүйікті де сүйкімді болындар деген емеуірін танытады. Сөйтіп, ол гибратшылық қалпына тағы да ауысады. “Бұл сөзім – бәрі өсиет құлақ салса”, – деп мұны Ақанның өзі де аңғартады.

Жүйрік ат мініп, алғыр қыран ұстаған Ақанның бірқатар шығармалары атбеглік саятшылық, мергеншілік жайына арналған және олардың көпшілігі тікелей ақынның өз басына байланысты болып келеді. Солардың ішіндегі ең әсерлілерінің бірі – “Құлагер”.

Мейлінше қайғылы, зар сарынды әні бар бұл өлеңін Ақан жел жетпес жүйрігі – Ереймен тауының бауырында қара жүрек жаулардың қолынан мерт болғанда шығарған. Өлеңнің әнін де, сөзін де аса ауыр жан күйзелісі, терең тебірену үстінде бірден шығарып айтқан Ақан оған кейін де қайталап, оралып отырған сияқты. Өйткені, өлеңнің кейбір шумақтары жүйрігін бейгесе қосып, күткен, алабұртқан, шыдай алмаған әрі жаманат хабарды сезгенде рухани күйікті, небір трагедиялық халдерді сәт-сәт басынан кешірген адамның тап сол сәттегі бейнесін танытса, ал қайсыбір шумақтар өтіп кеткен оқиғаны кейін еске алып баяндау ретінде жазылған тәрізді әсер қалдырады:

“Құлагер” өлеңінде Ақан өзін адамның қат-қат көңіл-күйлеріне, жан тұкпіріне үңілгіш те сезінгіш, сергек суреткерлігін танытты. Бұл өлең шыншылдығымен, психологиялық мезеттерінің тереңдігімен әсерлі. Онда жазықсыз зәбір көріп, қайғы шеккен, күңіренген үлкен жүректің айықпас мұң-зары бар.

Өлеңде Құлагердей жүйрік аттың сыны, оның нағыз туларға лайық тұнасы, көз тойдырып, көңіл қимылға толы, лып-лып еткен бояу нақыштарымен, сергек қимылға толы, лып-лып еткен динамикалы күйде берілген. Осындай аяулы жүйрігін, “бота тірсеқ, қыз сағақ сандалкерін” Ақан тек ер қанаты ретінде емес, иесі Атығай, Қарауылдың аты ретінде жоқтайды. Бұл да сөз жоқ, өлеңнің құндылығын арттыра, тынысын тереңдетте түседі.

<sup>19</sup> Сонда, 57-б.

<sup>20</sup> Сонда, 67-68-бб.

Берерге ғылым жазып атам керек,  
Біреу – мыс, біреуі қола, біреу – алтын...  
Сырлы сөзбен үлгіі жауап айтпай,  
Надандар қай сөзімен болар ақын<sup>24</sup>.

Ғылыммен шұғылдану екінің бірінің қолынан келе беретін жеңіл-желпі іс емес екендігін, бұл үшін соған лайықты адам қажеттігін ұғынған Ақан ақындық өнерге, әсіресе, мол талап жүктейді. Ол поэзияның әрі идеялы, яғни үлгілі әрі сырлы, яғни көркем болуын көздеген. Шығармашылығында дәл Абайдың эстетикасындай нәрлі де өрісті, жүйелі идеялық-көркемдік принциптер ұстанбағанымен, бұл ретте де Ақанның Абаймен тілсіз табысып, үндесіп жатқанын байқау қиын емес сияқты.

Жоғарыда айттық, шығармашылық жолын қорытындылаған шығармалардың бірі болғандықтан, бұл өлеңінде Ақан өзі бұрын да толғаған, жырлаған қайсыбір тақырыптарға тағы да қайталап оралады. Оның, әсіресе, ден қоя, беріле шабыттана толғайтыны – адал да айнымас достық. Бұл тақырыбын ол бұрынғыдан да гөрі тереңдете, толықтыра түсіп, оған әлеуметтік астар бере отырып жырлаған:

Сыр шашпас жақсы жолдас таза жүріп,  
Қайғыға ортақ болар мойын бұрып.  
Тастамас жау қолында қысылғанда,  
Өзіңмен жанған отқа бірге кіріп...  
Айнымас, кетпес толқып, жанып қорқып  
Бәйгеге басын тігіп қалар тұрып.  
Қуырға қырық кісінің бірі жарар,  
Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып<sup>25</sup>.

Ақан достықты екі адамның арасындағы айнымас жолдастық, жақындық, бір мақсаттылық ретінде ғана суреттемейді. Оның жырлауында достық бұдан әлдеқайда кең мағынада. Ақан достықты халық ұғымындағы басқа да жақсы қасиеттермен байланыстыра, сабақтастыра жырлайды және бойынан сондай мінез-сипаттар табылатын адамдарды мадақтайды. Түптеп келгенде, Ақанның үміт еткендері де жан түкшірін, жүрежкарды сырлары ақтара ашып, ғибрат сөздерін арнағандары да – солар.

Сөйтіп, өз шығармашылығының жиынтығы, жастарға арнаған соңғы сөзі сияқты бұл туындысында Ақан бұрынғы өлең толғауларының ең таңдаулыларында анық танытқан жақсы сипаттардан танбағанын, тая соқпағанын, қайта соларды өрбеге, жетілдіре түскенін көрсетеді.

Ақанның қалған мұраның ішінде оның Мәшһүр Жүсіптен

<sup>24</sup> Сонда, 14-б.

Ақанның саятшылық тақырыбына арнаған шығармаларының ішіндегі ең тәуірі, зор шабытпен, үлкен шеберлікпен жазылғаны – “Мылтық пен мергеншілік”. Өлеңнің бас жағында ақын жақсы мылтықтың сипатын береді және соны асынып сахараға аңға шығудың қызығын баяндайды. Бұдан әрі ол іздеген аңын атып алған мергеннің асығыс қимыл-қозғалысын, өзіне-өзі ден разы болып, масаттанған көңіл қошын соншалықты шынайы да нанымды бейнелейді.

Ақын шығармашылығына жасалған азды-көпті талдауды тамамдар алдында “Ақанның соңғы сөзі” атты шағармаға арнайы тоқталуды ләзім деп білеміз. Өйткені, атынан да аңғарылып тұр, бұл өлеңінде Ақан өзінің өмірлік, өнерпаздық жолына белгілі дәрежеде байлау, қорытынды жасамақ болған тәрізді:

Бір деу тарқасыншы арман-дертім,  
Қалдырдым жүйтерге сөздің артың.  
Жақсыға жасын сынап, көміл айтып,  
Байлайық таялаққа істің шартың,  
Бұларға үлгі берген өзі – сауап  
Қымбатты арзанымен білер нарқын<sup>26</sup>.

Кейінгіге сөз қалдырған, жастарға үлгі берген, өнетсе-өсиет айтқан Ақан өзінің дертті екенін, арманын өлең-жырмен ғана айықтыратынын да қоса аңғартады. Ол мұндай күйге ұшырауының да сырын жасырмайды:

Көпденең көмейме сөзім тоқтап,  
Басылған талай жаннан біздің қарқын<sup>27</sup>.

Бұл жолдар кеудесін кернаген күрсінсіті көп сырларын Ақанның еміп-еркін айта алмағанын және билеп төстеуші жуан жұдырық толастар оның шабытын тұмшалап, тежеп отырғанын танытса керек. Беймезгіл дәуірде өмір кешкен, рухани соққыға көп ұшыраған Ақан трагедиясының негізгі бір тамыры осында болатын.

Осы өлеңінде Ақан ақын туралы, оқушы туралы тақырыпқа да жол-жөнекей соғып кетеді:

Оқушы айтушыдан болсын зият,  
Ақыл ғылым, пиғылдың бісін парқын.

Оқушысының ақылды, білімдар, парасатты әм сергек ойлы болуын қалаған Ақан ақынға да аса зор талап қойылатындығын жақсы түсінген:

<sup>26</sup> Ақан сері. Таңдамалы өлеңдері. А., 1935. 63-б.

және Нұрқожамен айтыстары да бар. Ақан айтыстарын көбінесе импровизация түрінде емес, сәлем хат ретінде жазып шығарған, оның айтыстары әлеуметтік терең мәнділігімен де, көркемдік келісімімен де ерекшеленіп, оқшау танылмайды. Сондықтан олар ақын шығармашылығында бедерлі із қалдыра да алған жоқ.

Ақанның шығармаларында өзіндік өрнек нақыштар да, ауыз әдебиетінде хас дәстүрлі тәсілдер де, шығыс ақындарының ғашықтық дастандары мен жыр-ғазелдерінен ауысқан сарындар мен көркемдік әдіс-амалдар да мол ұшырасып, аралас-құралас болып келеді. Оның өзі тұтас басқа көп ақындарға онша ұқсай бермейтін творчестволық өзгешелігі де осыдан келіп шығады.

Ақынның өлеңдерінде эпикалық сарын мүлдем аз, лирикалық саз басым. Оның шығармалары көбінесе терең сезімге, психологиялық шындыққа, өмір, дүние туралы авторлық тәжірибелер мен топшынауларға толы болып келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақынның екі түрлі өлеңінен мысал алып қаралық:

Жұпар жел мас боламын самалыңа,  
Туып ең нұр безеіп заманыма  
Сағамдай жазғы тұрғы тасқын ұрып  
Қарасам көз алмасар жамалыңа...

Керілген қас пен кірпік атқан оқтай,  
Інімі қайғы салдың жапқан шоқтай,  
Шер болып ел жібімес менің кеудем,  
Хасіретпен жұмарианып жатыр доптай...

Қардан ақ қаннан қызыл ет пен бетің...

Иықтап қолаң шалың гүл талдапып...

От сөнсе жүректені жанып тұрғай,  
Сорғалда тйден ләззат мейір қанып<sup>26</sup>

Қаршыға әлсіз болса, қаз қалмайды,  
Ер жігіт малсыз құлап жаза алмайды.  
Бұл дүниесі жұртты алдаған бейне базар  
Әр адам өз әліпше базарлайды.<sup>27</sup>

Немесе:

Бұл келтірілген үзінділерден жырлап отырған тақырыбына, шығармасының мазмұны мен сипатына қарай, соларға мензес ақынның өнерін құбылта құлпыртып, көркемдік бояу реніктерін сәт-сәт жаңғыртып, өзгеше өрнек – нақыштарға ауысып

отырғанын көреміз. Мұның бәрі Ақанның шеберлігін, оның тиісін суреттілігі мен молдығын тағы да анықтай, айқындай түспек.

Ақанның ақындық стиліне ерекше хас қасиеттердің бірі — оның тұспал суреттерді, бейнелі ауыстыруларды жиі қолданғандығы. “Біздің көңіл қайда жатыр” деген өлеңінде Ақан көңіл тоятын, жүрек аңсарын аңғарта келіп:

Гүл шарақ, жасыл бояқ жайлауыңда,  
Көңілім ел қолбаған сайда жатыр<sup>28</sup>; —

деп жазады. Мұнда Ақан ешкімге әлі беті ашылмаған қыздың жан тазалығын, адалдығын, үыз балғындығын бейнелі түрде аңғартқан. Бұл өлең бастан-аяқ осындай бейнелі тұспалмен жазылған. Саф сұлулықты, шынайы әсемдікті жырлаған нәзік сезімді Ақанның ақындық стиліне ылайығы, орайласы да осы еді.

Ақанның өлеңдерінде поэтикалық метафоралардың, эпитеттер мен теңеу-салыстырулардың да не бір түрлері мол ұшырасады. Ол тұрақты эпитеттерді, дәстүрлі теңеулерді жиі пайдаланумен бірге өз тарапынан да ізденіштік, тапқырлық таныта біледі.

Ақан поэтикалық метафораны, әсіресе, оның ұлғайған түрін мол қолданады. Мәселен:

Оралдың мен ақмық сырандағы  
Сен, сәулем – қызыл үлкі қырандағы.  
Қия тас қиынына кетсең дағы,  
Қамшылап қапатымды бұрам дағы<sup>29</sup>.

Поэтикалық метафораның мұндай түрлері Ақанның жастық, ғашықтық тақырыбына арналған өлеңдерінде өте-мөте көп ұшырасады. Ақан гиперболаны да көп қолданған. Оның әсірелеуі көбінесе мынадай болып келеді:

Аспанда күс естісе дауысыңды,  
Шыбылдай көбіртпідсе жапы қалмас  
Бір көрсе жүрген аң дидарыңды,  
Жүреге аяқ басып халі қалмас...  
Дарияға ағып жатқан суға түссен,  
Бойыңда гүлденбеген талы қалмас,  
Басына қап тауының шығып тұрсаң,  
Дүниесің іістепбей жепі қалмас<sup>30</sup>.

<sup>28</sup> Сонда, 8-б

<sup>29</sup> Сонда, 10-б

<sup>26</sup> Сонда, 59-60-бб

<sup>27</sup> Сонда, 27-б

Әрі халық поэзиясының қайнарынан мол сусындаған, әрі шығас ақындарынан көп тағлым алған Ақан өмір құбылыстары, өзінің асқақ та терсең сыр-сезімдерін жеткізе бейнелесу қажеттігі туғанда әсірелесуді орнымен әрі шебер пайдалана білген.

Ақанның өлең толғауларында психологиялық параллелизм де жиі ұшырасады. Ол мұны халық поэзиясына тән шешендікпен, ташқырлықпен ұластыра отырып қолданады:

Жігітті шешенсіген дауда сына,

Мақтаған қыран құсты ауда сына,

Қарып тоқта өркім-ақ үйдіс батыр,

Жігітті батырсынған жауда сына.

Білінер жер жақсысы қыс келгенде,

Көрінер көлдің көркі күс келгенде

Кімнің алыс, жақыны сонда ашылар –

Басыңа қиып-қыстау іс келгенде<sup>31</sup>.

Ақанның поэзиясынан арадік шендестірудің де кейбір үлгілерін табамыз. Қас наданның қараңғы көкірегі қайтсе де аңғармайтынын ол мынадай қарама-қарсы суреттер арқылы аңғартады:

Көк құтан мойып созып қаз болмайды,

Шөл, құмайт көк шалғынды саз болмайды.

Пасықтың пиғылы – лас, қараңғылық

Тұрса да шілде туып жаз болмайды<sup>32</sup>.

Әрине Ақан шығармашылығының көркемдік табиғаты, оның шығармаларының тілдік, стилдік ерекшеліктері бұл айтылғандармен, осындай азын-аулақ байқаулармен шектеліп те, сарқылып та қалмақ емес. Әрі бұрынғы әдеби дәстүрлерді жете баураған, әрі өзіндік сипаттары мол Ақан поэзиясының көркемдік қасиеті аз-мүз, там-түм пікірдің аясына сымайтындығы хақ.

Ақан мұрасының негізгі бір салмағы оның композиторлық өнерінде. Оның бірде қазақтың шалқар даласындай – кең тынысты, мол үнді асқақ, бірде адамға, сұлулыққа, әсемдікке деген құнтар ынтазарлыққа толы нәзік те сыршыл, біресе азалы екінші пен ызаны, аяулы арман мен мұң-шерді шертетін лирикалық тамаша әндері талай уақыт бойына халқымыздың рухани серігі болып келеді. Ақан әнін сүймейтін, оны мейірлене, емірене тындамайтын бірде-бір қазақ баласы жоқ десе болғандай. Бұл әрине, оның музыкалық мұрасының тамаша көркемдігін, әсерлілігін де, халықтық синатын да толық танытады.

Зерттеушілердің айтуынша, Ақан жиырмадан астам ән шығарған. Ақанның әндері халық арасынан әлі түтел жиналып болмағанын ескерсек, оның музыкалық мұрасы бұдан да гөрі қомпағтырақ, молырақ болса керек. Қазақтың басқа халық композиторлары сияқты Ақан да әндерінің әрі музыкасын, әрі сөзін өзі шығарған. “Сырғақты”, “Жамал қыз”, “Балқадіша”, “Кербес сұлу”, “Түлдірайым”, “Көк жеңдегі”, “Маң-маң кер”, “Нұриля”, “Шемшіқамар”, “Қызыл гүл”, “Іңкәр-ай” сияқты әндері тек тамаша музыкасымен ғана емес, сонымен бірге сөздік мәтіндерінің мағыналығымен, айқындығымен де құнды. Сондықтан олар да Ақан поэзиясының мол да ерекше бір саласын құрмақ. Бұл ретте біз ақын Ақанды композитор Ақаннан бөліп алып, қарама-қарсы қолдан аулақпыз. Қайта, орайлы, оңтайлы жерінде оның әдеби және музыкалық мұрасын тұтас алып, салыстыра зерттеген жөн. Өйткені, Ақан өнерінің бұл екі қыры өзара сабақтас та тамырлас, көп жағдайда бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп отырады. Рас, соңғы кезге дейін халық арасында Ақан ақындығынан гөрі композиторлығымен, әншілігімен мәшһүр. Әрине, бұл үшін Ақан кінәлі емес және бұдан оның әдеби мұрасының маңызы күңгірт тартып, көлегейленбейді де. Тіпті сол құлақ құрышың қандырар, жан сергітер тамаша әндерін былай қойғанда, өзінің ақындық шығармасымен де, Ақан халқымыздың мәдениеті тарихында да елеулі орын алмақ.

Ақанның әндері мен өлеңдерінің халық арасына кең таралып, соншалықты сүйікті болып кеткендігі ел аузынан жазылып алынып, ақын шығармаларының С.Сейфуллин құрастырған жинағына енген мына өлеңнен мейлінше анық сезіледі. Автор ең алдымен Біржанды дәріптейді де, екінші өлеңінде Ақанның жайына ауысады:

Тағы да үздік шыққан адам бері,

Зарлаған сырлы мінез Ақан сері.

Зарлы әнмен, көркем күймен, перлі өлеңмен

Шарықтап өрлеп көкке шыққан шері...

Шырқайды Ақан әнін ой мен кырда,

Жайылған қазақ түгіл, қыр мен Сырға

Ақанның “Сырымбетін” башқұрт қызы

Ырғалтқан Мәскеуде Үлкен театрда...

Көпшілік талай әнге онша бақпай,

Отырған талай әнінің бірі жақпай.

Салғанда Ақан әнін башқұрт қызы.

Әлеумет тындап қалған кірпік қақпай.

Сол сында Ақан әні пар іздеді,  
Көңдісі аққу әні тәрізді еді.  
Ақанның “Үш тоғысы”, “Сырымбел”,  
Таң қылған естігенді Парижде де...<sup>33</sup>

Ақан қазақтың халықтық музыкасын, әншілік өнерін соншалықты мол байытты, жаңа белеске көтерді.

Ақанның бізге жеткен әдеби мұрасы – біркелкі мол әрі өзгеше көркем, өзгеше туынды. Заман рухынан сол бейуақыттың сипатынан туған кейбір қайшылықты мезеттеріне қарамастан, оның мұрасының әдебиетімізде өзіндік орны, белгілі салмағы бар.

Ең соңғы өлеңдерінің бірінде Ақан:

Санамен салмақтаған ер табылса,  
Айтылмай неге қалсын менің атым,<sup>34</sup>

деп жазған еді. Өз шығармашылығы жайында ол туралы да әділ айтыпты. Рухани өнерді аса қадір тұтатын халқынан ол өзін терең танып, жоғары бағалаған шын мұрагерін тапты.

## ШӘҢҒЕРЕЙ БӨКЕЕВ (1847-1920)

Шәңгерей – қазақтың жазба әдебиетінің дәстүрлерін дамытуға үлкен үлес қосқан, суреткерлік бітім-тулғасы өзгеше, көркемдік шеберлігі жағынан үздік шыққан аса дарынды ақын.

Шәңгерейдің өлеңдері 1911 жылы “Шайыр” деген жинақта, сондай-ақ “Көкселдір” атты жинақта, 1926 жылы “Үш жоқтау” деген жинақта басылды. 1934 жылы Шәңгерей шығармалары бөлек кітап болып басылып шықты. Одан кейінгі кезде ақын өлеңдері ер түрлі оқу құралдарында жарияланып келді. Шәңгерейдің өмірбаяны жайлы деректерді алғаш жинап бастырған Н.Манасовтың, ақын шығармашылығы жайлы пікір айтқан Мұхтар Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің еңбегінің құндылығын атап айтудымыз керек.

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев 1847 жылы саршатамыз ішінде (маусым-шілде) Жасқұс құмында, Ордада, кейін Жәнібек ауданы атанған Батыс Қазақстан облысында туы.

Ақын бір өлеңінде (“Алпыс бөлме, жүз есік”) көк орданың ішінде дүниеге келдім деп өзінің хан ордасында туғанын айтады. Ал хандықтың өзі Жәңгір хан (Шәңгерейдің ұлы әкесі) өлгеннен кейін 1845 жылы жойылған болатын. Ханның тұқымдары елде төре, мырза атанғандар дворян, помещик бола бастаған.

Шәңгерей бес жасында ата-анасынан айырылып, жетім қалады. Бірақ атасынан қалған дәулет арқасында қиыншылық көрмей өседі. Әкесінің інілері Шәңгерейдің оқып білім алуына көмектеседі. Ол Орынбордағы кадет корпусына түсіп, екі жыл оқиды. Орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетімен, мәдениетімен танысады. Бұдан соң біраз уақыт Самар губерниясында мировой судья – бітімші сот болып істеген. Одан кейінгі кездерде Шәңгерей басқарай қызмет іздемей, өзінің қонысы Көлборсында тұра берген. Борсы

<sup>33</sup> Сонда, 31-32-бб.



Шәңгерей өзі шаруасына көп көңіл бөліп, басқарып отырған сияқты. Мұны ақынның сүйген жары Қатшеккейге жазған өлеңіндегі:

Алты айдай ақ жүзінді бір көрмедім,  
Шаруа қолым тимей жұмысыммен<sup>1</sup>,

деген сөзінен де байқауға болады.

Шәңгерей ит жүгіртіп, құс салуға, саятшылық өнеріне де әуес екен. Бірталай уақытын сонымен өткізген. Ән-күйге, сурет өнеріне ерекше көңіл қойған ақын әнші-күйші, домбырашы, суретші өнерпаздармен отыруды ұнатса керек. Осындай өнерлі адамдардың қатарында ел ішіндегі әнші, жырышы, домбырашылармен бірге суретші Мальцев дос, аралас адамы болыпты.

Өмірінің соңғы кезінде Шәңгерей ел жұмысына мүлде араласпаған көрінсінді. Ел арасындағы дау-таласқа қатынасып, кесім айтып, не бір жағын жақтап араласуы өте сирек, бірлі-екілі ғана. Осыған жалғас Оралда “Қазақстан” газетін шығару мәселесі сөз болғанда, бұл істі қолдап, оған керекті қаржыны толықтыруға жәрдемдескенін айтуға болады. 1917 жыл шамасында Шәңгерей Көлборсыдан көшіп, ел ішіне (Тайпақ ауданы) барады. Сүзек ауруымен науқастанып, 1920 жылы қаңтар айында Жымпиты ауданы, Ақбақай деген жерде (Батыс Қазақстан облысы) қайтыс болады.

Шәңгерей өлең сөзге жас кезінен үйір болса керек. Өзі бір өлеңінде жиырма алты жасқа толдым дейді, осы жігіт шағында өлең жазып, шығарып жүргенге ұқсайды. Шәңгерей өз бетімен ескіше де жазған. Орыс тілін жете біліп, орыс әдебиетін көп оқып, көп білген. (Өзінің үлкен кітапханасы да болған екен). Шәңгерейдің орыстың әдеби тілін жақсы білгенін, оның әр түрлі сыр-боюын терең түсінгенін, сөздің кесте-нақышының мәнін еркін айырып, ұға алғанын, оның М.Ю.Лермонтовтың “Беллец” атты поэмасын қазақшаға өңін түсірмей, әлсіретпей аударғанынан-ақ көруге болады. Қазақ халқының сөз өнерін меңгере алғаны, оның нәрін бойына сіңіре білгені, оған қоса, орыс классикалық әдебиетіне тереңдеп үніліп, тексеріп, тандаулы нұсқаларын — өзіне үлгі еткені Шәңгерейдің шығармаларынан да байқалады. Ол — жазба әдебиеті дәстүріндегі поэзияның түр-үлгілерін туғызған ақын. Қазақтың халық әдебиетінің дәстүрлерін, тіл, сурет байлығын жазба поэзияның өмір сүретсеу әдісі, амал-тәсілдерімен ұштастыра алған.

Шәңгерейдің өз сөздеріне қарағанда өлеңді көбіне жазып

шығаруды гадет еткен сияқты. Кенет туған эксперимт түріндегі, және басқа сондай суырып салым айтылған өлеңдерін де қағазға түсіріп жазып жүрген. Содан әркім естігенін жаттап, ауызша айтылып тараған. Әрине, әркім сүйгенін, қалағанын, ұнатқанын жадына сақтап, кей жерін түсіріп айтқан, не ұмытқан.

Шәңгерей “Қара мұрт” атты көлемді әңгіме-роман жазған деген де дерек бар. Бірақ ол сақталмаған. Ұзақ жасап, көп жылдар бойы өлең шығарып жүрген ақын қалдырған әдеби мұра, сөзсіз бізге келіп жеткеннен әлде қайда қомақты, салмақты, әлденеше есе мол болса керек. Содан өзін белгілісі қағазға түсіріп, баспа көргені оннан бір нұсқасы ғана десе болады. Көлемі шағындау болғанымен, Шәңгерейдің сақталған, белгілі болған шығармалары оның шығармашылығының идеялық мазмұны мен әлеуметтік бағытын танытуға негіз, дәйекті дерек бола алады.

Шәңгерей шығармаларының басты сарындары, идеялық сарындары өмірдің өгуі жайлы топшылау, ескі заманды аңсау, ғылым-білім туралы ой туғу, өз өмірінің түрлі кезеңдерін бейнлеу, махаббат, достықты, саятшылықты, табиғат құбылыстарын суреттеу болып келеді. Олардың ішінде әлеуметтік өмірдің әр түрлі жақтарын сөз ететін шығармалары өз алдына бір топ. Осы топтағы өлеңдердің тақырыптық өзегі заманның өгуі, жастық шақ кетіп, көрлік келуі, өлім, о дүние, дін жайлы толғаулары болып келеді.

Шәңгерей Абылай ханның қазақ тарихында алатын орнын жоғары бағалайды.

Ала ту Абылайдың ала аттансан,  
Аламан артындағы бірері мені<sup>2</sup>.

Ұлы дүбір шықса, қалмас едім, елге жау келсе аттанған әскердің, жыылған қолдың қатарында болар едім, мен де “Абылай”-лап шығар едім деп, ақын өзін сол ханның жолын қушы, ісін алға бастырушы мұрагердің бірі деп сезінгендей болады. Абылай секілді ірі қайраткерлер кеткен соң соңынан ерген, жолын қуғандар тауы қайтып, тозып кетті, енді олардан алғырлық, табандылық табылмайды деп налиды.

Ақынның өлім мен өмір туралы философиялық толғанысынан бірталай өмір шындығының елесі көрінеді. Ол тұмақ, өлмекті, діни ұғымға сүйене отырып, табиғи, заңды құбылыс ретінде түсінегіні аңғарылады. Бұл тұста өзінің топшылауларын, түйінді ойын үнемі құрғақ баяндамай, сөзбен мүсіндеп жазған жанды бейне, келісті сурет-картина арқылы да шебер жеткізеді. Құланды жақсы адамның символы, балама бейнесінде алып суреттей отырып, ол

қолымнан шығып кетті, қапы қалдым деп отырады:

Ойласам сонан бергі ғұмырымды,  
Кетіпті талай дәурен ұсымынан<sup>5</sup>.

Ақынның өршіл қиялы қалайда өз заманына наразы болумен астас, сабақтас жатады.

Сұңқардай шапқытаған тас ұяның,  
Болжаған жер қиялы тас ұяның,  
Мерт болған арыстандай айға пашпың,  
Қайғылы, қайтық болған шер қиялым,  
Жер жебір, жермен жексен болайын деп,  
Сен тұрсаң кезегінде паш дүнианың<sup>6</sup>.

Осы наразы болған бетімен, дарашылыққа бой ұрып, Шәңгерей енді өз заманында қандай әлеуметтік құбылыс, уақиғалар болып жатқанына кеңіл қойып, зер салуға ұмтылмайтын секілді.

Ақын шығармаларында қазақ қоғамының өміріндегі, әлеуметтік теңсіздікті көрсету жағы солғын болса да жарлы, кедейге жаны ашығандық нышаны бар.

Тең көрген бай, жарлыны бала күнім,  
Сен кетіп менмендікпен көңлім тасқан<sup>7</sup>, —

деп Шәңгерей кедейді кемсітпеу керек, бай мен жарлы деп бөлмей, бар адамды тек көрген дұрыс деген ишарат пікір білдіреді. Өзкір сатираға бармағанымен, ақын қоғам өмірінің кейбір жақтарын мінсіп, сынап кетеді.

Малы барға, дәулетгі адамға, өзінен зорға жалбақтаушылық, жарамсақтық етушілікті мінейді.

Шәңгерей шала молдалардың үлкен өнер, терең ғылым-білімнен құралақан екенін, ғылымды құбыжық “шайтани іс” деп көрсетуге тырысатынын ашып айтады:

Сөйлеткен жансыз затты өнер иесі,  
Есітіп таңқалаңы көрген кісі,  
Білмейді қалай етіп түсінерін,  
Айтпаса түсіңіріп білген кісі.  
Істерлі Қазанда оқып, Бұхар барың,  
Айтар ма “ғылым” болып келген кісі,  
Сұрасаң бұл не іс деп сол ғалымнан  
Шайтани мұшы дейді, көпір ісі<sup>8</sup>.

<sup>5</sup> Үш ғасыр жырлайды. 329-б.

<sup>6</sup> Бес ғасыр жырлайды. 183-б.

<sup>7</sup> Сонда, 330-б.

<sup>8</sup> Сонда, 337-б.

құласа, жамандар басына шығады (құлағында құрбақа ойнайды) дейді. Жол тосқан жолбарыс құланның жүрегің жұлып жем етеді. Бірақ ол да аман кетпейді. “Бөкен терісін бөрік еткен, сексеуілден күрке еткен” мерген жалғыз оқпен оның да қазасын жеткізеді. Мерген де ажалдан құтылмайды. Жағын кезеніп жан алатын әзірейіл түр дейді. Кім болсын, ажал оғынан құтылмақ емес дейді. Өз заманындағы әлеуметтік құрылысқа жатырқамай, жатсыны қараған ақын алдан да үміт таппайды. Сөйтіп, барып ол алдағыны құлайдан күтеді.

Ол күндерді тапсырдым  
Жасаған өзің бір Алла<sup>3</sup>, —

дейді.

Өмір, дүние жайлы толғанғанда Шәңгерей өз тағдырын ойлап, барлап, өз көңілін баяндап отырады. Бұл заңды да. Лирикалық ақын өмір құбылыстарын өзінің ішкі дүниесіне байланысты, соған ұштастыра сезінеді. Бұдан Шәңгерейдің торығуы, жалғыздық күйін шертуі өз басының мұңынан ғана туған деген мағына тұмайды. Оның мұңы қоғамдық өмірді түсінумен тамырлас, тығыз байланысты. Ақын өткен заманның, хандық дәуірдің қайта айналып, қалпына түспейтінін әбден мойындап, ашықтан-ашық айтып отырады. Бірақ бұдан келіп енді өз заманын олық көрген, көңілі толмаған бетінен де қайтпайды. Өз кезіндегі өмірдің жаңалық-жақсылықтың кейбір нышанын көрсе де, қоғамдық құрылысты құптамайды, әлеуметтік өмірге, күреске араласудан да бойын аулақ ұстауға тырысады.

Бір күнде жас көңілім, судай тастың,  
Тасқындап кемеріңнен шапқып астың,  
Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжал,

Сыйдырып асқар тауды ұжына,  
Жүзіне алмас қылыш табан бастың,  
Күркіреп қара бұлт жасын атса,  
Отына желіп барып құшақтасың<sup>4</sup>, —

деген сөзінен ақынның бір кезде өз алдына зор мақсат-тілектер қойғаны көрінеді. Бұл жастық, албырт көңілдің қиялы, әлі бір ізгі арнаға түсіп, әбден анықталмаған нысана-ниет. Ақын бірде қиял-арман ететінін, олайтынғым дүниенің ісі, соның қызығы ғана, мұным күне екен деген өзіне тоқтау айтса, бірде алдыма мақсат қойып, салмақты міндет атқарып жүрмедім, талай дәурен

<sup>3</sup> Бес ғасыр жырлайды. 181-б.

Ақын ғылымды аса зор бағалап, бұтағы, жемісі сан-алуан мол биік шынар бәйтерек бейнесінде суреттейді, әр ғылым, яки ғылымның әрбір саласы сол бәйтеректің бір бұтағы, жемісі секілді дейді:

Бұл ғылым бір бәйтерек шектен асқан,  
Шұғылған бұтағына ғарсы-түрсі.  
Бар әлем ол сөзсіз мың сайында,  
Таусылмас бұтақ сайын бар жемісі.  
Шайтани бұл өнерді қалай дейміз,  
Әр өнер сол жемістің бірдемесі?<sup>9</sup>

Ғылым дүниенің, табиғаттың неше түрлі сырын, асқар-асқар ұлылығын танып-білуге мүмкіншілік береді. Әр түрлі өнерді, техникалық салаларды өрістетуге негіз болады. Ғылым-білім кіршік басқан көңілдің көзін ашып, адамның ой-санасын өсіреді дейді: "Көп сырлар ашты түпсіз дариядан" деп ұлы ғалым Эдисонның ғылым-техниканы өркендетуге сіңірген еңбегінің баға жетпес құндылығын айтады. Шәңгерейдің ғылым мен техниканың мәнін дұрыс түсініп, оны насихаттауы, оқып білім алу, өнер үйренуді құптауы қазақ қоғамының түпкі, түбегейлі мүдделеріне сәйкес болғанын атап айтуымыз керек.

Шәңгерей өлеңдерінде өз өмірінің әр түрлі көріністерін сипаттап, әр кезеңдерін – туысын, балалық шағын, жігіттік кезін, егде тартқан, қартайған уақытын суреттеп отырады. Бұл тұстарда ақын бала күніндегі адал көңіл, ақ ниетім тоқтықты, жас кезімді "бұландәумен", "сар қоштықпен" өткізім, дүниенің болмашы қызығын құшып кеттім, көңілім тасып мастанып кеттім, өз жолымнан адастым, бойымда мінім көп, күнәм мол, одан енді тазаруым қиын деп өзін сынап отырады.

Шәңгерей өлеңдерінде еле-мөте балалық шақ толығырақ және әсерлі, көркем суреттелген. Ол жас баланың бейнесін ұтымды тәсіл тауып, яғни қосаяқты шебер сипаттау арқылы көзге айқын елестетеді:

Бұра санды, ақ танды,  
Түсі алтындай ақ сары,  
Ауызға біткен қос тістің,  
Меруерттей ажары.  
Қаусырмалап қақтаған  
Шығардай жұқа құлағы  
Қиықтан барып іні алған,  
Екі аяқпен серіккенде,  
Желі бойы жер алған,

Толыраққа басса табаны  
Шайықтардың ершиңқа  
Басатұғын мөріңдей,  
Солақша сұлу із салған.  
Мойыл көзді, тоқ жүзді,  
Мақтау сөзбен айтпастай,  
Айтудан артық жаралған.

"Тверсек басып, тік тұрып,  
Қарсы тұрып қайзаса,  
Бет біткеннен сұлуырақ  
Қияқты төмпе түбінен  
Таң алдында ын қазған,  
Шығарып жерден жас толырақ.  
Зерден өрмен шашбаудай,  
Болар болмас терт қырлап,  
Құйрығы ұзып, ұшы ақ,  
Сансыз буын тастаған.<sup>10</sup>

Балғын жастықтың символындай етіп шебер суреттелген осы қос аяқтың келісі, жанды бейнесінен, қимыл-қозғалысынан сол қосаяқты құлап, тал шыбықты шудалап ат қып мініп, алаңсыз ойнап жүрген баланың кейпін айқын танығандай әсер аламыз.

Ақынның қос аяқтың кескін-келбетін, тұрпағын түгелдей мүшелсі, бөлшектеп, неше түрлі сыр-баяумен, дақла-дақ айқын бедерлеп суреттеуі және бір қарағанда, көзге түсе бермейтін сипат-белгілерін көре білуі, қыбыр еткен қимылды баққан сезінгіш-байқағыштығы өлеңнің шынайылығын да, көркемдік қасиетін де арттыра түскен.

Шәңгерей лирикасының көңіл-күйін толғайтын шығармаларымен қатар, тағы бір елеулі саласы – махаббат, достық жайын баяндайтын, саятшылық өмірін, табиғат көріністерін суреттейтін өлеңдері.

Бұл аталған тақырыптарда жазылған шығармаларында Шәңгерей ақындық өнерінің өнімді, күшті жақтарын молырақ байқатады. Торығуға бойын билетпей, көбіне сертіп, серліліп отырады. Ақынның махаббатты, табиғатты суреттеуі алдымен өмірді қызықтау сезімінен туып, осы сезімнен от алып, нәрленеді. Махаббат, достықты ардақтауы, табиғат құбылыстарын тебірене сергек сезінуі, неше түрлі хайуан-мақұлықтарды әсемдеп бейнелеуі – мұның бәрі бай эстетикалық сезімнен, ақындық шеберліктен туады. Аң аулау, ит жүгіртіп, құс салу – бұларды ақын жігіттік, жігерлік белгісі деп санайды. Құр ермек қана емес, тамаша серуен, көңіл көтеретін, ләззат алатын қызық, спорт деп түсінеді. Шынында, бұлар халықтың өмірінде үлкен орын алған,

зор өнер деп бағалаған. Шәңгерей өлеңдерінен оның алуан түрлі аң, құсқа әуес, жақындығы, сан қилы хайуанаттың сырын біліп, сырмінез болғандығы айқын көрінеді.

Шәңгерейдің әйелдің адамгершілік қасиеттерін бағалап, құрметтеуі – сүйсінерлік. Ақын әйелдің ақылын, жақсы, жарасымды мінезін, сұлулығын, көркін шабыттана бейнелейді:

Жігіттің болса алған жақсы жары,  
Сен болсаң тағы сонда ынтызары  
Бір Аллага еткен зары,  
Баладай ырыясыз еркелеген  
Құлқына құмарлашып құшқаныңда,  
Шайқалып тұрса алтын сырғалары.  
Көмпаг бөрік, барқыт төбе қырын киген.  
Қадалса емпериял әм динары.  
Ақылы жамалына болса лайық,  
Жігіттің сол емес пе жан дидары!<sup>11</sup>

Ақын махаббат, сүйіспеншілік тұрақты, баянды болсын, аз күндік, алдамшы қызық құмау керек, сыйласқан, ұғынысқан достасқан адамның махаббаты қымбат деген пікір айтады.

Ғашық жарын қастерлеген ақын дүниесінің бар қызығы шынайы махаббатқа жетпейді,

Солардың бәрін тастап сені алармын,  
Бір өзін ел Нарында тірі тұрсаң!<sup>12</sup> –

дейді.

Шәңгерей қазақ поэзиясында сыршыл лириканы, суретті бейнелеу тәсілін дамыта түсті. Оның шығармашылығының салмақтырақ жағы да осы.

М.Ю.Лермонтовтан аударған “Қашқын” атты поэмасы ақынның көлемді, күрделі шығарма тудыруға да шеберлігі жететінін аңғартады. Бұл поэманың идеялық мазмұны – халық мүддесін қара басын артық санаған қоян жүрек қорқақты әшкерелеу, ерлік-батылдықты, намысын қорғай білушілікті уағыздау. Шәңгерей Лермонтов поэмасының мазмұнын, идеялық құнарлылығын, көркемдік қасиеттерін қазақ тілінде көңіл толарлықтай етіп жеткізеді. Мұны мына үзіндіден-ақ көруге болады:

Құн бағты, сол арада тұмандағты,  
Түнеріп жердің жүзін мұнар жапты.  
Әлпелдің күші шығыстап ісі келіп,  
Жер жүзі перделеніп ақшыл тартты.

Ай туып, балқып жерден сары алтындай,  
Көтеріліп бірден-бірге жарығы артты!<sup>13</sup>

Шәңгерей шығармашылығының бір мәнді жағы – ол тілге ұста ақын. Келісті, ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орынды қолдана білді. Халық тілінің байлығын меңгере алған ақын сөзді орын тауып, орайына келтіріп қолданды. Сөз кестесін өзінше қиыстырады. Шәңгерей дайын, айтылып жүрген сөз үлгісін пайдалана бермейді, соны, тыңнан туған суреттеулер, жаңаша, өзінше, қиюластырылған сөз тізбектерін пайдалануға ұмтылады. Сонымен бірге, Шәңгерей қазақтың байырғы сөздерін көп білген, оларды қисынды қолданған.

Шәңгерей Бөкеев – XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, дамыған қазақтың жазба әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол қазақ поэзиясында жазба әдебиет дәстүрін орнықтыруға, кеңіл-күйі, махаббат, табиғат лирикасы сияқты поэзияның кейбір жанрлық түрлерін дамытуға өзіндік үлес қосқан ірі суреткер ақын Шәңгерей шығармаларында ескі заманды аңсау сарыны да жоқ емес. Бірақ ақын шығармашылығының ауқымы кең, ол осы бір сарынның арнасында түгел сиып кетіп тұрған жоқ. Онда өз заманының әртүрлі ой-қырын аңғартатын күрделі ойлар, көркем топшылаулар да бар. Шәңгерей сол кездегі қоғам өміріндегі бірталай шындықтың бетін аша суреттеген.

мен дамытушылар мұрасына тереңдеп баруға шығыс тілдері мен философиясын білетін мамандарымыздың аздығы да, ислам дінінің құндылықтарын мойындап, насихаттауға жалтақтай беретініміз де бөгесін болып келеді. Ендігі жерде қазақ әдебиетінің сан ғасырлық қалыптасу, көркею процесінде ислам мәдениетінің ерекше әсері болғанын кезек күтірмейтін зерулік ретінде көтеру, арнаулы ғылыми жоспарға енгізу қажет-ақ.

Мұсабек Байзақұлының мұрасын зерттеуге бетбұрыс өлкен ғасырдың алпысыншы жылдарында пайда болды. Оның өлеңдері мен айтыстары түрлі жинақтардан ("XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары", "Үш ғасыр қырлайды", "Бес ғасыр қырлайды" т.б.) орын алды; 1987 жылы "Жазушы" баспасынан М.Тоққожаевтың және Ә.Оспанұлының құрастыруынан ақынның "Өткен күндер" атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Молда Мұса мұрасы туралы ой-шікірлер мұрағаттық деректер мен осы секілді басылымдарға сүйеніп айтыла бастады.

Оңтүстік Қазақстанның белгілі ақындары Майлы, Мәделі, Құлынашақ, Ергөбек мұрасына арналған диссертациясында филология ғылымдарының кандидаты Әсілхан Оспанұлы Молда Мұса өмірі мен шығармашылығын да қамтып сөйледі, бұл ғылыми еңбек "Қаратау шайырлары"<sup>6</sup> деген атпен жеке кітап болып та шықты. "Қазақ әдебиеті тарихында"<sup>7</sup> Мұсабек Байзақұлы жөнінде филология ғылымдарының докторы Рахманқұл Бердібайдың монографиялық тарауы берілді. Бұдан кейінгі жылдарда Мұсабек Байзақұлының есімі мен еңбегі басқа да басылымдарда аталып отырды.

Дегенмен, ілгеріде атап көрсеткендей, ислам елдері мәдениеті мен әдебиетіне деген біржақты көзқарастың әсерінен болар, шығармашылық тағдырына шығыс ықпалы көбірек тиген ақындардың мұрасы атүсті ғана атап өтілумен шектеліп келеді. Оңтүстік Қазақстанның Майлықожа, Құлынашақ бастаған аса көрнекті сөз суреткерлерінің қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен мәні туралы ауыз толтырып айтуға шегіншектік байқала береді. Олардың туындылары оқулықтар мен хрестоматиялардан лайықты орын алмай, еленбей жүр. Мұндай жағдайда бұл топтағы ақындардың, соның ішінде Мұсабек Байзақұлының мұрасын жаңа деңгейде, жан-жақты зерттеу қажеттігі туады.

Қандай ақын өмірі мен еңбегін зерттеу үшін де бірсыпыра алғышарттар керектігі кәміл. Олар: өмірбаяндық деректердің неғұрлым толық жиналуы, шығармаларының жанрлық және тақырыптық құрамы анықталуы, оларды текстологиялық

талаптар тұрғысынан қарап шығу, ақын тағылым алған көркемдік дәстүрлерді көрсету, т.б. Ақынның өмірбаяндық мағлұматтарының кеңейе түсуі, Мұсабектің ақындығымен қоса, жыршылық репертуары болғаны, оның қазақ қана емес, әлем әдебиетінен де хабардарлығы – мұның бәрі ол туралы ізденістерге жаңа серпін, мүмкіндік туғызады.

Молда Мұсаның өз кезіндегі ең беделді оқу орындарының бірі – Карнак медресесінде (Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы) дәріс алып, шығысқа кең тараған араб, парсы, түркі тілдерін үйренгенін, ислам тарихы мен мәдениетіне жетіктігін дәлелдейтін мысал жеткілікті. Бір өлеңінде ақын:

Адамға өнер, ғылым қамшы деген,  
Жүйріктің арабыға парсыменен<sup>8</sup> –

дейді.

Жас кезінде орыс мектебінде оқымағанымен, ақын есейе келе орыс тілімен, әдебиетімен де азды-көпті таныс болғаны шүбә келтірмейді. Сол кездегі зиялы қауым өкілдерімен, ояз кеңесіндегі қызметкерлермен, тілмәштармен таныс-біліс болған (соның ішінде фольклоршы ғалым Ә.Диваев та бар), қазақтың Абай бастаған жаңа жазба әдебиетінің кейбір нұсқаларын білген Молда Мұса шығармаларында Еуропа-орыс әдебиетінің тәсірі байқалады. Оның:

Ақындыққа қазақтың алдындаймын,  
Еш жүйрікке алдымды шалдырмаймын.  
Арабы, парсы, түркі – бәрі бірдей  
Тек тұрмай орысша да балдырлаймын<sup>9</sup> –

деген сөздері біздің пікіріміздің пайдасына шығады деп сенеміз. Мұның үстіне, ақынның әзіл-шыны аралас:

Шекспир, Бальзак, Гете, Пушкинніңпен,  
Кеммін деп жүргенім жоқ ешкімніңпен<sup>10</sup> –

дейтін жолдарын қоссақ, оның Еуропа әдебиетін білу дәрежесі біршама анықталғандай болады.

Әлбетте, Мұсабектің өнер пырағына қол артар кезіндегі ең бірінші ұлы мектебі – қазақтың ұшан-теңіз халық поэзиясы, өзінен бұрын өткен және замандас төкпе ақындардың, жазып шығаратын шайырлардың үлгі-өнегесі. Сонымен бірге, ол

<sup>6</sup> Ә.Оспанұлы. Қаратау шайырлары. А., 1991, 431-б.

<sup>7</sup> Р.Бердібаев. Ғасырлар толғауы, 1977, 57-б.

<sup>8</sup> Ә.Оспанұлы. Қаратау шайырлары. А., 1991, 131-170-бб.

<sup>9</sup> Қазақ әдебиеті тарихы. 1-т. 2-кiтiп. А. 106с.

мұсылман шығысының араб, парсы, түрік тілдерінде жасалған мәнді де әрлі әдебиеттің кәусарынан қанып ішкен, шығыс әдебиетінің сарынында жазып қана қоймай, көркемдік бояулары мен бейнелеу жүйесін еркін меңгерген. Бұлардың үстіне, орыс, Еуропа әдебиетінен кейде түпнұсқада, енді бірде аударма арқылы жеткен шығармалар да Молда Мұсаның ақындық мәдениетін өсіруге, белгілі дәрежеде, септескен. Бұл тұста М.Әуезовтің Абай тағалым алған үш негіз – бұлақ жөніндегі тезисі жалпылық (универсалдық) мәнге ие екендігін көреміз. Мұқан қағидаларын Мұсабек Байзақұлы туралы да, басқа кейбір ақындарға қатысты да шартты түрде қолдануға болады. Осы қорытындыға келіссек, ақын шығармаларының мазмұны мен көркемдік деңгейіне жаңа межеден қарау керектігін мойындар едік.

Мұсабек ақыннан қалған мұра аз емес. Оның қазірге дейін мәлім болған шығармалары он төрт мыңнан артық өлең жолдарынан тұрады. Олардың ішінде халық поэзиясының ежелден қалыптасқан жанрлары: арнау, толғау, сәлемхат, мысал, мадхия (мақтау), естірту, көңіл айту, жоқтау үлгісінде шығарылғандарымен қатар, шығыс әдебиетіне тән рубая, бейлі, ғазалдар да ұшырайды. Молда Мұса текпе ақындық пен жазып шығаратын пайырлықты қатар ұстанған. Ақынның көңіл күйі, махаббат, табиғат лирикасы да талғамды, татымдылығымен ерекшеленеді. Мұсабек бірыңғай ақындықпен шектелмей, ел арасында жыршы ретінде де танымал болған. Зерттеушілердің көрсетуінше, ол кезінде көптеген қаһармандық, ғашықтық жырларды айтқан. Әсіресе, оның әйгілі “Шора батырдың” фабуласын негізге ала отырып, дастанды өңдеп, көркемдігін жетілдіріп, жаңа нұсқасын жасағаны шәксіз болып көрінеді. Өмірдің кез-келген құбылысын өткір сипаттайтын тапқырлық ақынның сын-сықақ өлеңдерінен ерекше танылады. Молда Мұсаның табиғат лирикасы қазақ әдебиетінде Абай салған дәстүрдің жалғасындай әсер қалдырады. Бұл көрсетілгендер ақын туындыларының жанрлық құрамы бай, жан-жақты екенін аңғартады.

Молда Мұса шығармаларының тақырыптық ауқымы да кең. Оның қаламына өз қоғамындағы өмірдің алуан қырлары ілінген. Жақсылықтың жаршысы ақын ізгілік, имандылық, мәрттік, ерлікті көтеріп мадақ етсе, зұлымдық пен арамдықты, дүниесқорлық пен мейрімсіздікті сын отымен қариды. Қай-қай шығармасында да ақын әдеп, талғамдылық мөлшерінен аспай, өмір ағысының шыншыл суретін жасайды. Молда Мұса өлең, толғау, дастандарында алауызды мәселелерді көтерген.

Ақын өз заманының тарихи, әлеуметтік ахуалын терең

ол көп ақыннан қырағы көреді, болмыстың ақиқатын қаз-қалпында нақтылы, тұжырымды баяндайды. Қазақ қоғамында ақша капиталының біржолата үстемдік алғанын, бұрынғы томаға-тұйық ауыл тіршілігінің астан-кестені шыққанын ол нағыз реалистше мінездейді. Дүниенің тегігін болыс, билер емес, ақшалылар шешетінін Молда Мұса заманның табиғи құбылысы деп қарайды.

Бай жақсы болыстан да, биліктен де,

Әр істі ақша бұзар киліккенде.

Жалы жоқ жабы-шобыр озып кетті

Қазан ат жалы кеткен жүйріктен де<sup>9</sup>.

дейді ақын. Ат төбеліндей алпауыттардың барлық байлықты жиып алып, халықтың басым көпшілігі тақыр кедейлікке дұлар болғанына жаны ауырып, қамқор сөздерін айтады.

Мал керек қараға да, төресе де,

Малсызды “опат” дейді кенегеде.

“Опат” деп ойласаңдар өлгенді айтар

Қор болды келей сорлы мұнша неге?<sup>10</sup>

Байлар өлсе, аш-арық тойынады,

Кедей өлсе, жым-жырт боп қойынады.

Наһан өлсе, теңіздің арнасында

Көп шабақ ауқат үшін бөй ұрады...<sup>10</sup>

Өмірдің барлық саласында ақшаның ғана билігі жүретін заман тұғанын дәл Мұсабектей бейнелі де сенімді жырлаған ақын сирек. Бірде ол “қайраты бұл дүниенің мал менен пұл, патшадай мадды кісі, кедейлер – құл” деп тұжырымдаса, тағы бірде ақшаның сұранып өктемдігін былайша бейнелейді:

Пұл қаршыға Қырымнан ілетуғын,

Тасқа салсаң, таспадай тілетуғын.

Айыл, күйысқан, тарпаның керегі жоқ,

Тарпанды тырп елкізбей, мінетуғын...<sup>11</sup>

Молда Мұса өмір кешкен дәуірде бүкіл елді дүріктіретін оқиғаның бірі болыс сайлау науқаны болатын. Сырттай қарағанда, болыстыққа ең әділ, ең ақылды, елге қамқор адамдар сайлануға тиіс болып көрінгенімен, іс жүзінде айлакерлер мен

<sup>9</sup> Сонда, 64-б.

<sup>10</sup> XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы. А., 1963. 57-б.

парақорлар жеңіске жетіп кете беретін. Ақиқатына келгенде, болыс сайлауы қазақ халқын ұсыныста ұстап отырған патшалық өкіметіне қолайлы, жағымпаз, мансапқор, жеке басының пайдасы үшін ата-анасын да сатып жіберуден тайынбайтын арамзаларды іріктеп алудың тәсілі болатын. Болыстық лауазымнан үміткерлер жоғарыдағы бастықтарға кім көп пара берсе, сол сайланатынын жақсы білген. Міне, осындай шығынның салмағы көбінесе күнін әрең көріп отырған шаруа малшыларға түсетін. Сайлау науқаны кезінде елден мал бір жиналса, жанадан “таққа отырған” болыс шыққан шығынның ессесін тағы да сол момын елден алатын болған. Халықтың басына төнген бұл пәлекетті ұлы Абай өзінің “Болыс болдым, мінски” деген өлеңінде барынша батыл әшкерелегені мәлім. Оңтүстік Қазақстанның Майлы, Мәделі сынды көрнекті ақындары да бұл тақырыпқа өлеңдерін арнаған. Заманындағы осындай оқиғаның зардабын Мұсабек Байзақұлы да өшпестей өрнектейді.

Сайлау деген елге бір бұлік болды,

Параланып әкімдер пұлға толды.

Іріктеп көріктісін пұлға сатып,

Пышаққа жарайтынын қырып болды.

Не нарлар түсті базар жетектеліп,

Шашылды ақша көшеге етектеліп.

Елдегі бұл сайлаудың бұлдіне,

Ешкім шыдас берместей төтсіп келіп.

Сайлау елді бүлдірді бұлік етіп,

Бала атадан, ағадан іні кетіп.

Бала қораз секілді не мырзалар

Қызыл шақа боп қалды-ау жүні кетіп.

Пара жеп болыс қойды қалағанын,

Біртіндеп алды барып және малын.

Сайлауда көп құтырған бөрі болды,

Ортаға ап оңдырмай тұр талағанын...<sup>12</sup>

Әдебиет – тарих кітабы емес, бірақ тарихтың таратып айтағанын көркемсөз қоғамдық сананың айрықша бір түрі ретінде көзге елестетіп, көңілге құйып беретініне бұл өлең мысал бола алады.

Оңтүстік Қазақстанның біраз өңірінде 1917 жылы болып өткен қуаңшылық, апаршылық алапатын, халықтың туған жерді тастап, бет-бетімен босып кеткен қасіретін тарихи құжаттардан табу қиын. Мұны елдің жоқшы, мұңшысы ақындар ғана шежіре

етіп қалдырған. Отырар, Сыр атырабының ақындары Ерғөбек Құттыбайұлы мен Мырзабек Байжанұлы (Қызыл жыршы) шығармаларында бұл оқиғаның сұмдық салдары көрсетілген. Өз ұлтының қуанышына шаттанып, қайғысына нала болып, халық ахуалын тамыршыдай баққан Молда Мұса да жұт, апаршылық тауқыметінің көркем кәулігін қалдырған.

Өзінің шығармаларында Мұсабек Байзақұлы адамзатқа ортақ тақырыптарға да барады. Өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, пәни мен мәңгілік, адамшылық мәселелерін қозғал, ой толғайды. Өмірдің асыл мұраты адам атына лайық парыздар атқару, ізгілік дәстүрлерін тарату, қауымға, адамға жақсылық жасау деп біледі. Бұл тұста қазақ және шығыс әдебиетіне тән фириатшылық, тәлімгерлік сарын көрінеді. Ақын ұнамды үлгілер мен салттарды насихаттау арқылы қауымды дұрыстық жолына салғысы, жамандықтан сақтандырғысы келеді. Бір өлеңінде жұртшылықтың сауабын алатын істер қандай деген сұраққа нақтылы жауап айтады.

Бірі – жақсы артында бала қалмақ,

Бірі – терек суларға көпір салмақ.

Бірі – сусыз иелерден құлық қазып,

Басына ұлы рабат сарай салмақ...<sup>13</sup>

Бұл дүниенің қызығын қуып, ақыретті ұмытпа, әрбір істің сұрауы бар деп, дін, шариғат шарттарын алға тартады.

Толған қалмас төгілмей бір шайқалып,

Жылған дүние түлімеп өшер жанып...

Жақсылар, ақыреттің жарағын қыл,

Өзіңді бұл дүниеде жолушы біл...

Дөңгеленіп күндер мен түн кетіп тұр...

Өткен күннің артынан кім жетіп тұр...

Жігіттік жоқ қайғыны көрмейтұғың,

Тірілік жоқ жаныңда өлмейтұғың...<sup>14</sup>

Молда Мұса кейбір өлеңдерінде өмірдің мұраты мен мағынасы туралы терең толғанды.

Жолаушымыз отырсақ, тұрсақ-тағы,

Өткен ғұмыр жеткізбес шапсақ-тағы.

Шабуылмен келеміз ламыл алмай,

Мінгеніміз күн мен түн – жақсы ат-тағы...

Ғұмыр мысал кірпіксе жұққан жастай,

Тіршілікте жақсы жан жүрер састай,

Ұшына кеп кірпінгін іркілген жас —  
Топыраққа қалар ма араласпай...<sup>15</sup>

Ақын өлеңдерінде түрлі жағымсыз мінсәдерді сынайды. “Тышқан мен түйе” деген мысалда түйені жетелетен тышқанның көңілі лепіріп, түйе көтерген жүкті өзі тартқандай болып мақтанғанын, ақырында арық суынан өге алмай шерменде болғанын әңгімелейді. Өлең соңы:

Белгілі мақтаншылық әлі сондай,  
Түйені біразырақ салды жолға-ай.  
Мақтанам деп азырақ тышқан палуан,  
Ақыры сондай болып түсті торға-ай.<sup>16</sup>

деген шумақпен түйінделеді. Енді бір мысалда (“Жолбарыс пен түлкі”) бір тоғайда аңдарға патшалық құрған жолбарыс түлкінің құлығына алданып, құдық суына түскен өз бейнесіне атылып, мерт болғаны айтылады. Бұл мысалдың да қорытынды гираты ой саларлық:

Менмендік қып шегінен асқанынан,  
Жон терісін не дәулер таспа қылған.  
Не тұлпарлар сүрініп, қапығ кеткен,  
Адырақтап жер-суды басқанынан...<sup>17</sup>

“Адам мен аюдың достығы” деген шығарма И.А.Крылов мысалының сарынымен жазылған. Адаммен дос болған аюдың адам ұйықтап жатқанда бетіне қонған шыбынды өлтіремін деп, досын опат еткені туралы көне фабуланы ақын жаңғырға жырлайды. Мысал өлеңнің ақырын былайша тұжырымдайды:

Надан достың достығы аюдай-ды,  
Достық қылдым дегені қастық болып,  
Басты жаншып кетуден тайынбайды.  
Жаман парқы жақсыдан бөлек деген,  
Тал паранар болмайды терекпенен,  
Бұрынғы жақсылардың бір мақалы:  
“Надан достан дұшпаның зерек” деген...<sup>18</sup>

“Семірген есек”, “Адалдық пен арамдық”, “Сүлу әйел мен молда” деген мысалдардың да айтпақ ойы күрделі, салыстыруы салдарлы

<sup>15</sup> Сонда, 244-б.

<sup>16</sup> Бес ғасыр жырлайды. 2-том. А., 1989, 199-б.

<sup>17</sup> XX ғасыр басындағы қазақ ақыштарының шығармалары. А., 1963.

болып келеді. Бұл көрсетілгендер Молда Мұсаның мысал жанрын дамытуға елеулі үлес қосқанын да аңғартса керек.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде оқу-білімге үндеу, ағартушылық идеясы тұтас бір ағынды құрайды. Білім мен ғылымның елдің бүгінгі мен болашағы үшін зор қажеттігін айтпаған ақын сирек болар. Мұсабек Байзақұлы шығармаларында да оқу-ағарту сарыны күрделі орын алады. Ақынның “Ақыл қуат табады ғылымменен”, “Қаңқалып қал шар тартпай”, “Тіршілікте ғанибет ғылым ізде”, “Адамға бір жақсылық ғылым деген”, “Талапты жастар”, т.б. өлеңдері қазақ әдебиетіндегі ағартушылық ағын дариясына қосылған қуатты толқын деп қарауға болады.

Адам озыр ақылмен, білімменен,  
Ақыл қуат табады ғылымменен.  
Ғылымсыздан үлгі сөз, өнер шықпас,  
Құс ұстаймын десе де тілімменен<sup>19</sup>.

Бұл сөздердің мәні қазіргі кезде де толық қуатын сақтап келеді. Егемендік алған еліміздің ілгері дамытудың, озық елдермен теңесудің міндеті көп. Соның ішінде ғылымның қияларына сенімді қадам жасау, өнер, көсіп үйрену, іскерлікке жетілу ауадай қажет. Аумағы кең, жер асты мен үстіндегі байлығы мол Қазақстанның шын мәніндегі тәуелсіз, ұлттық-демократиялық ел болуы үшін білім мен ғылымды игеру басты нысана болып табылады.

Молда Мұсаның балаларды ана тілінде оқытуды үгіттеуі де бүгінгі күнімізбен үндес. Патшалық Ресейдің отарына айналған кезде жұрттың көбі балаларын “ел қатарына” қосудың бірден-бір жолы оларды орыс мектебінде оқыту деп күрт бұрылғаны белгілі. Абайдан бастап, көптеген ақын осы сарында сөйлеген. Жалпы алғанда, мұндай шақырау замана талабына сәйкес пайда болғаны, мемлекеттегі маңызды істің бәрі орыс тілділердің қолына көшкенін көрген қауымның мұндай ұйғарымға келгені табиғи. Осы қарқынмен қазақ халқының елеуір бөлігі Кеңес өкіметі тұсында да балаларын орысша оқытқаны, көрнекті қызметке иінгендердің көбі орысша оқып, сауат ашқандардан шыққанды белгілі. Қазірде де республикалық облыстық көлемдегі лауазымды қазақтардың дені орыс тілділер... Заман аяғы өзгеріп, қазақ тілі елімізде бірден-бір мемлекеттік тіл болсын деп біраздан бері айтылып, жазылып келеді. Бірақ ғасыр бойында берік орныққан орыс тілділер басымдығы сейілетін түрі көрінер емес. Балаларды бірыңғай орысша оқыту қазақ халқың ұлтсыздандыруға апаратын

<sup>19</sup> XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. А., 1985.



болуын көздеген.

Ақындық алтын шоқпар қойып кетер,  
Қойып кетсе, төбесіді ойып кетер.  
Ақындардың келеді тілі қанжар –  
Біреуді ірсіп, біреуді сойып кетер<sup>22</sup>, –

деген қағиданы Молда Мұса берік ұстанған.

Бір өлеңде “Ақындыққа қазақтың алдындаймын, еш жүйрікке алдымды шалдырмаймын” десе, екінші бір жерде “азғана шайырлығым тағы да бар, кідірттім неше ақынды қарсы келген” деп мәлімдейді. Молда Мұса шығармашылығы бұл сөздердің ақиқатқа сәйкестігін дәлелдейді. Төкпе ақындықтың көрсеткіші – тапқырлық, бейнелілік Мұсабектің қысқа сықақ-сын өлеңдерінде жарқырап көрінеді. Бір көрі қыз ақынды уәжден тосылдырмақ болып, “молда болсан, айтып бер шарияттан, сүйегін Әзірет Әлі кім ұстаған” деп сұрақ қойғанда, Молда Мұса:

Ақылға кем екенсің кембіл десем,  
Отырсың мұнша неге жөн білмессең.  
Есіңе ескі сөзді кім алып жүр,  
Қыздардың қариясы сен білмесең<sup>23</sup>, –

деп табанда жауап берген екен. “Түяқ тазаға” арналған бір аңыз өлең де төкпе ақындықты қапысыз аңғартады.

Басыңыз бас-ақ ескіп қырнағандай,  
Үстіңе жауып жауса тұрмағандай.  
Ішінде қалың пәлек жатса егер,  
Жас бала ақ қауыан деп ұрлағандай...<sup>24</sup>

Молда Мұса жазып шығарған өлеңдерінде шайыр сипатында көрінеді. Қазақ еліне кеңінен тараған Манат қызбен айтысының әрі жазбаша, әрі ауызша кезектесіп өтуі төкпе ақындық пен жазбаша шайырлық ұштасқан түрі деп қарауға болады. “Молда Мұса мен Манаттың” сөз сайысы қазақ ақындар айтысының ең таңдаулы үлгісі қатарына қосылатынын М.Әуезов, С.Мұқанов сынды ақыл-ой алыттары да айтып кеткені белгілі. Мұсабектің Манатқа хат түрінде жіберген өлеңдерінде артық-ауыс сөзі жоқ, маржандай тізілген шұмақтар баршылық. Содан бірер үзінді келтірейік.

Хат жаздым қалам алып Манат жанға,  
Бетіңе жанның бәрін қаратқанға.

<sup>22</sup> Сопла, 250-б.

<sup>23</sup> Үш ғасыр жырлайды. А., 1965, 355-б.

төте жол екенін миссионерлер ерте түсінгенімен, өзгелердің салтына еліктегіш жұрттымыз енді-енді ғана ойлай бастапты.

Мұсабек Байзақұлы да орысша оқудың керектігін білген. Бірақ жас буынды алдымен ана тілімен “ауыздандырудың”, содан кейін ғана орыс тіліне бейімдеудің зорүлігін ескерткен. Ақын жеткіншектерге тіл үйретудің “диалектикасы” қандай болу керек екенін бұдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен екен:

Біздің ғылым қазақша, ана тілі,  
Ана тілі көрінер бізге жылы.  
Орыс тілің, оқуып қоса білсең –  
Сөзіміздің апшылар анық гүлі...<sup>20</sup>

Бұл ретте ақын қазақ тілінің мәртебесін көгеру жолында қажыр-қайрат жұмсап жүрген шынайы адал ел перзенттерінің пікірлесі, рухтандырушысы болып қала береді.

Молда Мұсаның оқу-білім, ғылым, өнер тақырыбындағы шығармалары Ыбырай, Абайдың осы топтағы шығармаларымен рухтас екені күмәнсіз. Тіпті кейбір өлеңдер әдебиет классиктерінің тікелей әсерімен туған секілді. Мәселен:

Ғылымды халық өңірмесіп, аспапта ұшып,  
Балықпа сүңгіп жүресің суға түсіп.  
Жер үстінде жүргігіш көп арманы  
Үлқан құстан оздырар ергісің<sup>21</sup>, –

деген жолдар Ы.Алтынсариннің “Өнер-білім бар жұрттарына” ұқсас екенін дәлелдеп жату артық.

Қарапайым ұғымдарды көркемдік шындыққа айналдырып, ажар-көрік беріп айту Молда Мұса өлеңдерінің көбіне тән сипат. Ақынның оқу-білім жөніндегі шығармаларынан да осыны көреміз. Ол “оқу – жақсы, нағандық – жаман” деп төтелей түсіндірмейді, ой қисындарын бейнелеп береді (“Ілімсіз бас – құр шоқпар, ілімнің алтын басы бар”, “Ғылым шамын қолына алған адам, қараңғы тар жолда да сүрінбеген”, “Ғылым – дөулет жүт пен жау алмайтуғын”, “Дүние бір терең шыңырау, түбінде біз, ұстап шығар арқан сол ғылымдағы” т.б.).

Ақындық өнердің қадір-қасиетін, қоғамдағы орнын Молда Мұса жақсы түсінген. Оның өлеңдерінде басы артық сөздер кездеспейтіні талғамдылықты танытады. Қазақтың, шығыстың, орыс-Еуропаның көркемдік дәстүрлерімен таныстық тақырып таңдаудан, сөз талғаудан, ой мен сезімді берудегі нақтылықтан көрініп отырады. Әсіресе, ақын өлеңнің нысанаға дәл тиетін өткір

<sup>20</sup> Э.Останин. Каратау шайырлары. А., 1991, 171-б.

Жүзінді Манат сенің, бір көрсем деп  
Жалындым ергелі-кеш жаратқанға.

Ақылың, Манат, сенің жұрттан асты,  
Бала едің алтын айдар, жібек шапты.  
Қасқытып күрек тісін күлімдетіп,  
Қылмады-ау құдай дұшар, сендей жасты.

Лаулаған екі бетің жалындай-ды,  
Адамның сөзін шырып жапындай-ды.  
Жаныңа, Манат, сенің жанасқанның,  
Жүрегі қай жерінен жарылмайды.

Болғанда бойың нәзік, белің шыбық,  
Қап-қара қиғаш қасың, көзің түшпек,  
Осыңдай қымбат баға жар табылса,  
Жағар ем бұл жалғанда жаным тынып...

Жапанда ұшып жүрген сен бір ұзақ,  
Жолыңа түсе ме деп құрдым тұзақ.  
Қараңды аңда-санда бір көрсетіп,  
Түспестен тұзағыма кеттің ұзап<sup>25</sup>.

Молда Мұсаның көңіл күйі лирикасын айтпағанда, қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлі жанрлары – арнау, толғау және жоқтау түріндегі туындыларында да керексіз қайталау, бірін-бірі көлетейлеп тұрған жолдар, шұбалаңқылық, жалпыламалық емес, нақтылық, тартымдылық, суреттік басымдық. Ал “таза” лирикалық өлеңдері өз кезіндегі қазақ әдебиетінің тандаулы үлгілерімен қатарлас тұрады. Оның “Қыз сипаты” деген өлеңі сұлулықты суреттеген ең шебер өлеңдермен үзеңгі қағыса туған десе болады:

Бұраң бел, қыран жонды, бөкен санды,  
Ақ тамақ, иелі сүйір, бел қанды,  
Қара қас, бадам қабак, көзі нәркес,  
Таба алмай іздеп жүрмін сондай жанды.

Түйме бас, жазық мандай, пісте мұрын.  
Жұса ерің, оймақ ауыз, көзі күлім,  
Кермиық, меруерт тісті, болағ кірпік –  
Осылай болса деймін қыздың түрің...<sup>26</sup>

Ал ақынның табиғат лирикасы қазақ әдебиетіне Абай

<sup>25</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 287-бума. 1-дөңгөр.

<sup>26</sup> Ә. Тұрмажанов. Молда Мұса ақын туралы. //Әдебиет майданы,

шығармалары әкелген жаңалықтың сәтті жалғасы секілді: “Ақ бұлт пен көк бұлт” деп басталатын өлеңінде көктемнен күзге дейінгі табиғат құбылыстары шебер де жүйелі бейнеленген. Көктем кезінде қайта жақырап, жанарған әлемнің көрінісі былайша берілген:

Болған да көктем жыл басы  
Аспаннан жаңбыр себелер.  
Өлген шөптер тіріліп,  
Жердің жүзі көгерер.  
Құрт-құмырсқа қимылдап,  
Берінің көңілі елерер.  
Тарбаңдап жүрер уақты қош  
Тасбақалар, хенелер.  
Жердің жүзі түрленіп,  
Жап-жасыл адыр, төбелер.  
Неше алуан түрмен  
Түрлі-түрлі шөп өнер.  
Қатып қалған мұз еріп,  
Жылжып ағып жөнелер...<sup>27</sup>

Көңіл күйі, ғашықтық өлеңдерінде де ақын жалпылықтан нақтылыққа, сырттай қызықтаушылықтан сезім толқындарын талдауға қадам жасайды; шығыс ғазалдарына тән қайыталама сарындардан арылып, сезінуірімдерін жаңды әсермен көмкеруге ұмтылады.

Сүйгенімді сағышып,  
Сарғайдым қатып сабаңдай.  
Сағынсам да көруге  
Амалың түрмыш таба алмай.  
Көңілді ашар дидарың  
Көктемгі баһ ар самалдай,  
Інімді өртеп ғашықтық,  
Алып тұр сабыр, қарарды-ай.  
Жеткізер заман бар ма екен  
Асылзатым, саған да-ай?!<sup>28</sup>

Молда Мұса шығармашылығына шығыс әдебиетінің әсері “фабула ауысумен” немесе ағағы жер жүзіне жайылған ұлы ескерткіштердің (“Мың бір түн”, “Шаһнама” т.б.) жскелген сарындарын қайта жыриаумен шектелмейді. Шығыс поэзиясының көркемдік жетістіктері Мұсабек туындыларының болмысына

<sup>27</sup> XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. А., 1963, 35-б.

<sup>28</sup> Сонда. 55-б.

табиғи кірпіл, тұтастыққа ие болғаны байқалады. Ақынның өлеңдерінде ислам тарихынан, діни терминдерден, мұсылмандық шежіресінен ауысқан ұғымдар мен ойлар тұнып тұр. Ислам философиясынан, теологиядан, мұсылман мәдениетінің бай тарихынан хабары жоқ адам ол шығармалардың түпкі мағынасын толық түсінуі екіталай. Ойымызды анықтай түсу үшін, мысал келтірейік. “Қайраты бұл дүниенің мал менен пұл” атты өлеңде “ұстыны екі әлемнің, ақтың құлы, Мұхаммед Хадисаға тұрған малай” деген жолдар бар. Бұл екі тармақ өлеңде тарихи елеулі оқиғаның ізі жатқанын Мұхаммед пайғамбардың өмір жолын білетін адам ғана ұғынады. Осы өлеңдегі “қайран боп жоқшылығын арман қыпты, арабтың Әлишері арыстаны” секілді жолдардың да нақтылы тарихи мағынасы бар. Бір Молда Мұсаның ғана емес, басқа да бұрынғы қазақ ақындарының өлеңдерінде қатардағы оқушыны былай қойғанда, әдебиет зерттеушілерінің өзі жете түсінбейтін тіркестер, атаулар, бейнелі сөздер ондал, жүздеп саналады. Демек, бұл арада “әсері, ықпалы” деген сөздер тым аздық етеді. Әңгіме шығыс әдебиетінің, ислам мәдениетінің қазақтың сөз өнеріне, ойлау жүйесіне, наным-сеніміне ғасырлар бойында ұшан-теңіз рухани байлық, сіңіргені туралы ғана болуы мүмкін. Қазақ әдебиетіне ислам мәдениетінің әсері дегенді түбегейлі тексеру, концепция дәрежесіне көгеру қажет деуіміздің себебі осында. Ірі дастандарда, мысалдарда ғана емес, тіпті қазақтың ән-өлеңдерінде де мұсылман елдері мен шаһарларының аттары араласып жүретіні де кездейсоқ емес. Молда Мұсаның Сырым қызға жазған хатындағы:

Ойлап тұрсам, қасың жай, кірпігің оқ,

Араб пен сен сөзіңді Ажамда жоқ

Үргеніш, Қашқар менен Тәжік, Түрік

Қыз тумас ешбірінен сіздердей бол<sup>29</sup>, –

деген өлең де шығыс шайырларының ғашық қызын әлемде теңдесі жоқ етіп сипаттайтын дәстүрінің тікелей ауанымен жазылған. Әдепте біздің баспаларымыз мұндай шығармалардағы жер, адам, ел аттарына түсініктеме де бермейді. Осылайша Бұхар жыраудан берідегі ондаған ақындардың туындыларында кездесетін ислам тарихы мен елдеріне қатысты сөздер, ұғымдар, терминдер сөздіксіз басылып келеді. Бүгінгі қауымға түсініксіз мұндай ұғымдардың көптігі соншалық, оқушы олардың мағынасын ислам энциклопедиясынан іздеп қарауға мәжбүр болады...

Бұл кезге дейінгі зерттеулер мен мақалаларда Мұсабек Байзақұлының ақындығы, әсіресе, оның Манат қызбен айтысы,

жекелеген өлеңдері мен мысалдары ғана сөз болып келді. Ақынның қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинағаны жөнінде айтылмаған. Қазақстанның Оңтүстік өңірінің (қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарының) ауыз әдебиеті нұсқаларын хатқа түсіріп, артына өшпес мұра қалдырған Әбубәкір Дивасеққа ел арасынан фольклор қазынасын неғұрлым көп жинағандардың бірі Мұсабек Байзақұлы екенін естен шығаруға болмайды.

Мұсабек Байзақұлы көрнекті ақын болумен қатар, эпикалық дастандарды орындаушы, жыршы да болғаны белгілі. Мұны бір өлеңінде:

Сұңқардың баласы едім мен де бұрын,

Алыстан көрсем аңға кеткен ұрын.

Өленші, ақырында жыршы болдым,

Сыпайы жасырмайды деген сырым<sup>30</sup>, –

деп шайырдың өзі де мойындайды. Молда Мұсаның жыршылық репертуарының құрамы әлі де анықтай түсуі керек етеді. Бұл жөнінде кейбір соны деректі филология ғылымдарының докторы Нысанбек Төреқұлов “Алатау асқарынан жыр асырған” деген кітабында келтіреді. Бір анығы – Молда Мұса “Шора батыр” жыршының ең көркем де көлемді нұсқаларының бірін жасағаны. Қазақта “Шора батырдың” түрлі нұсқалары кездеседі. Солардың ішінен Молда Мұса жырлаған нұсқаның көркемдік деңгейі биік екені айқын танылады. Бұл дастанның поэтикасын тексеру арнаулы еңбектердің сыбағасы болып көрінеді.

Қалдырған мұрасы жұртшылыққа кешендеу таныстырылуы, шығыс, түрік әдебиетіне еуроцентристік теріс көзқарастың салдарынан қазақ әдебиетінің ауқымынан тасада қалған көрнекті ақын Мұсабек Байзақұлының туындылары туралы кешде, әділ пікір айтатын кезең келді. Оның шығармаларын бір жарым ғасырдан артық уақыт ішінде ұмытылмай, ел аузында сақталғанының өзі халықтың жүрегінен орын алғандығын көрсетеді.

<sup>29</sup> Бес ғасыр жылайды. А. 1989, 193-б.

<sup>30</sup> Ө. Тұрманжанов. Молда Мұса ақын туралы. // Әдебиет майданы.

малынан айырылды. Ол Ойыл қаласына кесіп іздеп барып, ноғай саудагеріне тері илеуте жалданады. Көрген біреу: "Адайдың Ақтан деген ақыны осы ма, бұл да ештеңе емес екен ғой, тері илеп жүрген", – деп күлсе керек. Сонда Ақтан:

Айдыңа үйрек, қаз керек,  
Сұлуга құшақ, наз керек,  
Жырға әуез бен саз керек,  
Теріге пұшпақ баз керек.  
Тері жаймай Ақаң не қылсын,  
Заманға қарай саз керек<sup>3</sup>, –

депті.

Сіңірі шыққан кедейлігіне айналып, мал бағып, шаруа күйттеп қалмай, ол өмірінің көп жылдарын өнер құрумен өткізеді. Орынбор, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Маңғыстау, Хиуа алқабындағы елдерді көп аралайды. Сол мекендердегі ақын, жыраулармен кездесіп, жиын кештерде той бастап, жыр толғасады. Ол Нұрым, Қашаған, Қоспақ, Құлмамбет, Нұрпейіс және тағы басқа өнер иелерімен талай рет кездескен.

Ақтанды көрген Әмірше Мұттахиев қарт былай дейді: "1911 жылы ол біздің үйге келді. Аласа бойлы, сары өңді кісі еді. Екі үйіміз араласып тұратынбыз. Домбыраны қолына жәй ғана ұстап, өленді қолма-қол төге беретін. Қанша айтса да мүдiрген, не шаршаған кезін көргенім жоқ".

А.Керейұлының біраз шығармалары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Орталық кітапханасы (350-бума) мен Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (268-бума) сақтаулы. Өлендері: "Ертедегі әдебиет нұсқалары" (Алматы, 1957), "Ақберен" (Алматы, 1972), "Әсиет – нама", (Алматы, 1982), "Бес ғасыр жырлайды", (Алматы, 1984) жинақтарында жарияланды. Ақын шығармашылығында терме, толғаулар мен ерлік дастандар басты орын алады. Бір топ арнау өлеңі де бар.

"Мамыңын төгіп қаз бен қу", "Замана жайында", "Тыңдасаңыз сезімді", т.б. толғауларында ол өмір туралы мәнді ойлар түйеді. Оның сәні – адамдық қасиет, адалдық, алуан өнер, сәнім, инабат, иба, рахым ("Адал жүріп, шын сөйле, асығың түсер алшыдан"; "Көркі жоқ тіршіліктің өнерден соң", "Адамдықтың белгісі, бірде бірін сенгенің"). Сондықтан бір ғана берілер өмірде:

Жан барында жайнайын,  
Тіл барында сайрайын<sup>4</sup> –

## АҚТАН КЕРЕЙҰЛЫ (1850-1912)

XIX ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті ақындардың бірі Ақтан Керейұлы шежіреші Қ.Боқанов мәліметіне қарағанда, Сағыз өзені бойында (қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданында) туған. Ақынды көрген Нұрмаш қарттың айтуынша, Ақтан 1854-1917, Әмірше Мұттахиев пікірінше 1850-1912 жылдарда өмір сүрген<sup>1</sup>.

Ал Қашағанның:

Көзім көрген адамда,  
Абыл, Нұрым, Ақтаным,  
Осылар еді тақтағым.  
Осылай деп маған үйреткен,  
Тарихтың ескі ақпарын<sup>2</sup> –

деп оны өз ұстаздарының бірі санағандығын еске алсақ, бұл деректердің қай-қайсысы да ақын дәуірін сәл берілеу көрсететіндей. Қашаған сөзіне қарағанда, Ақтан одан он шақты жас кіші. Әрине, өмірде жасы қатар немесе кіші адамдарды да ұстаз түту, өнерін қадірлеу жайлары кездессе береді. Дегенмен, бұл деректерді әйі де тексерсе түсу керек.

Ақтанның атасы Абдолла – ел аузында әңгімелері қалған айтулы сыншы болса, әкесі Керей өз еңбегімен ғана күн көріпті. Ақын үш ағайынды екен. Ағасы – Жамансары ділмар-шешен, інісі – Тұрғанбай ел сыйлар азамат болыпты. Жас кезінде алған аз-кем сауатына қарамастан, Ақтан өзінен бұрынғы жыраулар дәстүрімен өленді ауызша айтуды машық еткен.

Жүт болған бір жылы Ақтанның үй-іші де азын-аулақ күнкөріс

<sup>1</sup> 1966 жылы осы мәліметтерді жаздырушы Нұрмаш та, Ә. Мұттахиев те – ақынның туыстары, Сағыз станциясының тұрғындары.

<sup>3</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры 390-бума.

дейді ақын. Бұл – Ақтанның өзіне де, өзеге де айтары. Біз бұдан оның адалдық пен өнерді құрметтеген биік парасатын танимыз.

Ел арасында кең тараған Ақтан “Той бастарларының” да негізгі өзегінде адамгершілік, ізгілік идеясы жатады. Ақынның ерекше назар аударуға жырлайтыны – қыз ата-тегінің байлығы мен мансабы емес, оның адамгершілік мінез-құлқы, көрік-сипаты.

Айырған алтын реңді,  
Күміске мензер өңдерін,  
Әдемі, артық баласың,  
Майда бір нәзік сөздерін.  
Жүз тоқтатып қарасам,  
Лағыл, жауһар көздерін.  
Мойның піскен алмадай,  
Бұрымын жібек талмадай.  
Тісің меруерт, маржандай,  
Қасың қиғаш қаламдай.  
Деміңді алсаң білінбес,  
Майда бір шуақ самалдай?

Бұл жолдар автордың шын сұлулықты құрметтей білетін талғам, таланттың айқын аңғартады.

Ақтанның шынайы сезімді жырлаған шығармаларының таңдаулысы – Қаражан қызға арнаған өлеңі. Трагедиямен аяқталатын бұл махаббат мұңы елден-елге, жылдан-жылға көшіп, ұмытылмай, біздің дәуірімізге жеткен өміршен дүние. Ол қазір де жүрек тебірентерлік қуатын жоймаған.

Үдіреп елім көшті Барқын құмға,  
Қаражан, қайда кеттің халқын мұнда?  
Сен кеттің бір жат елге бауыр басып,  
Мен қалдым баулы құстай талпындым да.

Кетіпті бөліп жігін күзгі Табын  
Өксіген айрыларда құлан қағын.  
Барасың қайда кетіп, құрметтесім,  
Қош, аман сау түр, боз қаңбағым<sup>6</sup>, –

деп аяқталатын халық жыры үлгісіндегі бұл өлеңнен ғашық болып қосыла алмай өткен Ақтан көңілінің аяулы мұңын, қатыгез заманның әдет-салт торына түскен жастардың лажсыз халін көреміз. Бұл ақын дәуірінің ең көкейтесті мәселелерінің бірі еді. Біздіңше, бұл XIX ғасырдың екінші жартысындағы төлке ақын, жырғаулар шығармашылығындағы лириканың озық үлгілерінің бірі.

<sup>5</sup> Сонда, 60-б.

<sup>6</sup> Сөзіндегі 61-б.

Ақтан – терме, толғаулардың шебері екенін айттық. Оның көбі мақал-мәтелдерге, ақыл-нақыл, ғибрат сөздерге де бай. Төмендегі жолдарға назар аударыңыз:

Қаттылықтың белгісі,  
Халықтың көңлін көрмеген.  
Жамандықтың белгісі,  
Қаумаға басы енбеген.  
... Сұлулықтың белгісі,  
Көргендер аңсап шөлдеген...<sup>7</sup>

Ақын термелерінде жақсылық, жамандық, батырлық, ерлік, адалдық, сұлулық, шешендік, жүйріктік, жалғыздық, әкімдік, төрелік, сақилық ұғымдарына орай өмірден түйген құнарлы ойлары әдемі өрнек тасқан. Және ол ойларын “Шапқан аттай саулаймын, жанған оттай қаулаймын” деп төкпе ақынға тән қалыпшен ағындап, нәсерлете береді. Ол әрдайым тыңдаушы-халықпен сырласып, пікірлесіп отырады (“Қалағандарың сөз болса, Мен жырлауға құмармын”, “Айт десеніз, жарандар, Азырақ жауап бастайын”, “Тұсыңа келдім, жарандар, Тұрмаймын кейін бой-бойлап”). Немесе “Мерекені кез келдік, Мен байрақты жүйрік санлағым”, “Сөйлесем сезім тақталы, Бөлесе бөгет бермейтін, Қаратаудың ақпары” сияқты жолдарында әлеуметтің көңіл күйін барлап, өзінің арқалы жыршы, айтулы ақын екенін әсерлі суреттейді. Әрине, мұндай сырласу ақынның халыққа ілтипат көрсетуі және жұрт назарын өнерге аударуда ерекше қажетті көркемдік әдіс болып табылады. “Қалағандарың сөз болса”, “Айт десендер, жарандар”, “Жайық деген жанды су” сияқты біраз толғаулары оның ұзақ, желілі дастандарды жырлар алдындағы кіріспесі іспетті. Әдетте, арынды ақындар ұзақ жырдың алдында әуелі терме, толғаулардан бастап, өзін бабына келтіріп, шабыттың тұтатып, тыңдаушысын баурап алатын болған. Содан кейін қырандай қанаттанып, селдете құяды екен. Ал топ тарқағар тұста тағы да терме, толғауларға көшкен.

Ақтан пікірінше ақын, жырау – халық қызметшісі (“... аумалаған халықтың, тарқатқан шерін өлеңмен”, “Той базарын құруға, әлеумет бізге бұйырдың”); ел татулығының ұйтқысы (“Екі атысқан жау болса, Арасында панамын”).

Ол өнерін ат пен асқа сатқан сарай ақындарына әрдайым қарсы:

Кейбір жаман жыршылар,  
Әншейінде ақтарып,  
Сатып жүр жырын теңдеген.

Менің сөзім аяусыз,  
Аға менен жеңгенден<sup>8</sup>.

Немесе оның “Жігіттің қайтар базары, Өнерін білген бұлданып,  
Шығарып тұрса қымбатқа”<sup>9</sup> деген жолдарынан “Халыққа  
жұмсамаған өнер – түл” деген салиқалы ойын тану да қиын емес.  
Ақтан жырлары бейнесі сөздерге бай:

Мен ақ бағыр кер жорға,  
Әдемі басқан аяғын,  
Қарасаң көзің жеткісіз,  
Жылмиып жатқан даламын<sup>10</sup>.

Осы сияқты сөз шұрайын әр жырынан да мол ұшыратамыз. Ол  
өлең сөзде ой тереңдігіне бойлаған ақын. Мұны күрдасы Көбенге  
және Қоспақ ақынға айтқан жұмбақтарынан<sup>11</sup> айқын аңғарамыз.  
Төмендегі жұмбақ өлеңнің жолдарына қараныз:

Алты арыстанды үш бөрі сорған,  
Жілігін теспей майын сорған,  
Терісін теспей қанын сорған.

Шешуі: Алты арыстан – алты ай жаз, Үш бөрі – үш ай тоқсан,  
Немесе:

Он екі қысырағым бар:  
Екеуі жуан буаз,  
Екеуі күмән буаз,  
Екеуі анық буаз,  
Екеуі танық буаз,  
Екеуі жіңішке қысыр,  
Екеуі ат қысыр.

Шешуі:

Он екі қысырақ – малдың он екі жілігі,  
Екі жуан буаз – екі орган жілік,  
Екі күмән буаз – екі тоқпан жілік,  
Екі анық буаз – екі асық жілік,  
Екі танық буаз – екі қары жілік,  
Екі жіңішке қысыр – екі жамбас,  
Екі ат қысыр – екі жаурын.

<sup>8</sup> Сонда, 54-б.

<sup>9</sup> Сонда.

<sup>10</sup> Сонда, 51-б.

Демек, Ақтан жырларында ой мен бейнелі сөз астарласа келеді.  
Бір айта кететін жәйт, оның «Біріншіден не жаман?» – деп  
басталатын толғауы Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапхана қорындағы  
бір қолжазбада<sup>12</sup> Ақтан шығармалары қатарында, екінші бір  
қолжазбада<sup>13</sup> Жұмырбай өлеңдері ішінде кездеседі. Аталған  
қолжазбалар негізінде бұл толғау Ақтан туындысы ретінде  
“Ертедегі әдебиет нұсқалары”<sup>14</sup>, “Ақберен”<sup>15</sup> жинақтарында  
жарық көрді. Екі жазбаның сөз, мазмұн айырмашылығы шамалы,  
Жұмырбай толғаулары деген жазбаның бірнеше жолы ғана  
артық.

Мұндай бірнеше ақынға телінетін ортақ туындылар, көшпелі  
жолдар қазақ әдебитіне ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтар  
әдебиетіне де тән сипат. Мысалы В.В.Радлов жинаған халық  
поэзиясы қазынасына назар аударсақ, Барабин татарлары мен  
Қырым ноғайларындағы “Бірінші тілек тілеңіз” деп санамалап,  
дақта-дақтап айтатын дидактикалық терме үлгілері қарақалпақ  
пен қазақта да бар. Түркі тілдес халықтарға ортақ осы көне  
дестүрдің қазақ поэзиясындағы көрінісі – Бұқардың “Бірінші тілек  
тілеңіз”, Ақтан мен Жұмырбайдың «Біріншіден не жаман?» деп  
басталатын толғаулары. Елеулі айырмашылығы жоқ, Ақтан мен  
Жұмырбайға ортақ телінетін бұл толғауда аталған ақындардың  
сөз саптауына, жыр әуеніне, қолжазбаның тапсырылған уақытына  
қарай анықтау керек. Олай айқындау мүмкін болмаса, оны бір  
ақынға телімсіз-ақ, көне дәстүр ықпалымен туған мұрасы деп тану  
абзал.

Ақтанның ақындық даңқы ерлік толғауларымен де шыққан.  
Ол бұл ретте Абыл, Махамбет, Нұрымдардан үлгі алды. “Қырық  
батыр” аталатын сала-сала ерлік дастандардың бірқатары халық  
арасына Ақтан арқылы тараған, одан Қашаған, Нұрпейіс сияқты  
ақындар үйреніп, дамыта жырлаған.

“Ерлік жыры” – Ақтанның өзі шығарған толғаулардың бірі<sup>17</sup>.

Бұл жырдың өзіндік тарихы да бар. XIX ғасырдың орта шенінде  
үстем тап өкілдерінің оғынан Сүгір батыр қаза табады. Оның  
балалары Бердеулет, Жоламандар жас та болса, әке үшін Хорезм  
ойында, Көне шаһарының базарында ебін тауып, Әлкен ханды  
өлтіреді. Автор “Ерлік жырын” осы Бердеулет, Жоламандардың  
батырлығына арнаған. Ақын жалпы ел тәуелсіздігі, халық қамы  
үшін күрескен ерлік салтты ардақтай жырлайды. Тебірене

<sup>12</sup> Сонда, 20-б.

<sup>13</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 325-бума, 2-дәптер. 1-2-бб.

<sup>14</sup> Ертедегі әдебиет нұсқалары. А., 1957.

<sup>15</sup> Ақберен. А., 1972.

<sup>17</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 390-бума.

толғайтыны – бұқара қамын ойлаған ерлер.

Толғау соңында ол бұқара қамы үшін күрескен ерлерді жырлау – өнерлінің төл ісі деп түйеді. Ол дамытқан ерлікті жырлау салты кейінгі ақын, жыршылар жалғастырған игі дәстүрге айналады. Оның өлең жолдарының көгеріңкі пафосынан ғана емес, мазмұн, идеясынан да ерліктің өр рухы, бұқара мүддесін жырлау лебі еседі.

Қорыта айтқанда, Ақтан Керейұлы да – қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын алуға тиісті өнер иелерінің бірі.

## БІРЖАН ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ (1834-1897)

Біржан бұрынғы Көкшетау ауданы, Ақсары болысының ішінде Бурабайға жалғас қалың тоғаймен қоршалған айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген. Көкшенің сексен көлдерінің бірі Жөкейге жақын төңіректен суы күмістей сылдырап мөлдір бұлақтар ағады. Соның бірін осы күнге дейін ел Қожағұл бұлағы деп атап келген. 1870-жылдары Көкшетау дуанының жері мен елін аралаған Батыс Сибирь өлкесінің жер-су мекемесінен келген И.Я.Славцов дейтін агроном, 1824 жылы Көкшетау дуаны ашылатын жиында Ақсары болысының беделді биі Қожағұл Дербіс баласын атайды. Оның ауылы Қожағұл бұлағының бойында дейді. Бұлақ пен Жөкейдің арасы он шақырымнан аспайды. “Мың жарым жылқы біткен” Қожағұлдың қысқы күнгі мекені көл мен бұлақ төңірегі болса, жазны жайлауы одан алыс кең жазықтағы Мамай көлі, Майлысар алқабы екен. Бір жағы айдын шалқар көл, сыңсыған қалың орман, екінші жағы сылдырап аққан ерке бұлақ, үшінші жағы кең жазық, малдың өрісі, төртінші жағы Көкшенің биік те кербез шың-шоқыларымен жалғасып жататын қырқа, ағыр, төбелер – барлығын да адам қолдан жасағандай әсем бір поэзиялық дүниедей сұлу жер болашақ дарқан ақынның әсемдік қиялын еріксіз тербесе керек.

Біржанның ата-тегі, кейінгі ұрпақтарын елдегі қариялар да, Қарта мен Есім де кеңінен таратып баяндайды. Біржанның руы Керей, Керей ішінде Ақсары. Ақсарыдан Нұралы, Нұралыдан Батыр, Батырдан Кенже, Кенжеден Бертіс, Бертістен Қожағұл, Қожағұлдан Тұрлыбай, Тұрлыбайдан Нұржан, Біржан, Біржанның Теміртас, Қалқен, Асыл, Асық, Теміртастан Мұхаметқали мен Жамал туған. Қожағұл – Біржанның ұлы атасы. Қариялардың айтуына қарағанда, Біржанның әкесі Тұрлыбайдан гөрі, елдің

деген Біржан сөзі бір доға, бір бет әке мінезіне наразылықтан туғандығы сөзсіз. Оның бер жағында Тұрлыбай ерте өліп, Біржан атасының қолында баласы атанып кете барған. Жоғарыда аталған И.Я.Славцовтың дерегінде Қожағұлдың фамилиясын Дербіс деп атаған, ал қариялар Бертіс дейді. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін ажырата алмадық. Бертіс дегенді сол кездігі тілмаштар "Дербіс" деп бұрыш жаза салуы да ықтимал.

Біржанның арғы аталары XVIII ғасырдың ақырында бұрынғы Қызылжарға (Петропавл) қарасты Ақ Қосақ болысындағы қалың керей ішіне көшіп, осы Жөкей көлінің төңірегіндегі рулас ақсары ортасына келіп орналасқан. Керей ішіндегі Нұралы Көшектең тарайтын ауылдар қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының жерінде де, Көкшетау облысы, Бұбекшілер ауданының Біржанның туған жерінде де бар. Біржан да оның әкесі Нұралы, бабасы Қожағұл басқа арайындары Қызылжар жағындағы ағайын-туғандарымен үнемі сапырылысып, араласып, олардың қысқы мекені — Жайсаң қорығы мен жазғы жайлауы Қайранкөл өздерінің Жөкей мен Мамайкөлі сияқты болып кеткен. Біржанның:

Ақсары, Тоқсары мен екі сары,

Үш жүздің болысына болдым дәрі.

Қулайберді Көшектең баласы едім,

Қызып кетсем сөйлеймін одан да әрі! —

деген өлеңі ата-бабасын қайдан, қалай тарайтынын есіне түсіруден туған. Қожағұл Біржанның өзі айтқандай, дәулетті ел жұмысына араласқан білікті шешен, белді адам болыпты. Қожағұлдың үйіне сол замандағы қазақтың белгілі шонжарлары, шешен билері, аға сұлтан ұлықтары, ақын-әншілері үнемі ағылып келіп, кетіп жатқан. Сондықтан Біржанның аулында, төңірегінде жүрген замандас, ел билігіне араласқан адамдар жайында сақталған әңгіме сөздер бірталай кездеседі. Ол сақталған сөздердің кейбірін Біржан айтып таратса, енді бірталайын Біржанның серіктері құрбылары айтып таратқан. Қожағұлдың мәмлесінен тараған бір сөзді Керей Соқырбайдікі дейді:

Бай болам десең, ерте тұрып малыңды бақ,

Келсеі болам десең, төсеніп ұйыққа да жат.

Батыр болам десең, қарулаңып жауға шап,

Жаман болам десең, көрші туысқаныңмен күңде ұрыс та жат<sup>1</sup>.

Атығайдың Қожағұлмен замандас мықтысы Аңғал батыр болса

Біржанмен тұстас Өтегілеу, Күшен, Бабаназар, Шағырай, Бабай, Тоқсанбай, Байман, Сатбай, Кеженбай, Оразалы, Қосдәулет деген шешен билер екен. Бұлардың кейбірімен (Бабай, Шағырай) кейін Біржан өзі өлең өнер жарысына түсіп, құрбы-құрдас болып кеткен.

Біржанның атығай ішінде жақын араласқан адамының бірі Байқожа Тәтті баласы. Оразалы, Байқожа да Біржанның аталарындай Қызылжар жағынан қоныс аударып келіп, Көкшетау Бұрабайдың баурында Қызылағаш деген жерден мекен теуіп жомарттық, өнерпаздық салтанатын құрыпты. Арайынды Жанқожа мен Байқожа екеуі екі жолға түскен. Жанқожа байлық пен болыстық жолына салынып, елдің партия дау-жанжалына араласып кетсе, Байқожа серіліктен өмір өткізіпті. Ол да Біржан сияқты дәулетін өнер жолына жұмсап, елдегі ақын-әншілерді үйіне жинап алып немесе салдарша сән түзеп, ел көзуді әдетке айналдырған екен. Байқожаның баласы Бекахмет те өз заманында атақты әнші сері. Біржанның да, Ақанның да "бағасын" алып қасына еріп жүрген дарқан өнер иесі. Біржан мен Ақан жайындағы естелік әңгімелерін айтқанда қызықты жастық дәуірін сағынғандай көзіне жас алып, әрі мұңайып, әрі көңілі өсіп бір жасағандай рақаттанып, әрбір әңгімесін шырқап, ән салумен аяқтаған өнер үлгісін бала кезімде талай естіп тыңдағаным бар.

Бекахмет 30-жылдарда жасы сексенге жақындай келіп, қайтыс болды.

Көкшетау төңірегінде, одан асса, қазақ даласына даңқы жайылған Шал, Шөкс, Орынбай, Нүркей, Тоғжан ақандар Біржанның бала кезінде ұстаз тұтқан өнерпаздар. Себебісіз, үлгісіз талант оянбайды, өнер тумайды, ақындық-әншілік те сондай, қызықты өнер жолы әрбір жасты еліктірмей қоймайды. Біржанның ақындық, әншілік жолға түсуінің де негізгі себептері бізге белгілі. Біздің жоғарыда айтып өткен атасы Қожағұл араласып жатқан қоғамдық, ұй-ішіндегі, ел ішіндегі, өнерпаздық орта оның ақындығына елеулі түрткі болса, ең бастысы өзімен ауылдас, жерлес Орынбай, Шөкс, Арыстан сияқты мейталман ақын-әншілердің өнерпаздық үлгісі, әсері бәрінен де күшті болғаны даусыз.

Біржан тек өзінің ауылының төңірегінде ғана емес, сол он бес-он алты жастан әрі қарай елдегі белгілі ақын-әншілердің қасына еріп, ағакты ақын шешендердің сөздерін, әндерін жаттап айтатын болған. Біржан Қызылжар жағындағы атығай арасынан ақынның, Көкшетаудағы Орынбай, Нүркей ақындардың қасына еріп жүріп, оларды ұстаз тұтып, солардың сынынан өткен көрінеді. Біржан, өзінен үлкен ақындардың импровизаторлық өнерінен үйрене отырып, өзінің асқақ үнді әншілік қабілетін жетілдіре

<sup>1</sup> Біржан сал Қожағұлтың А., 1967. 1-12 бб.



әншілерден де, замандастарынан да үздік түсе берген. Біржанның салдық, серілікпен ел кезуге түскен жүріс-тұрысын ағалары Ержан мен Нұржан ұнатпаса да, Қожағұл оған тыйым салмаған. Әкесі Тұрлыбай ерте өліп, дәулет билігі өзіне көшкеннен кейін Біржан біржолата салдық, серілік өнер жолына түседі. Бірғағын тоқсан құбылтып, әсем әуенін серпінді де толық күшті дауыспен пырқап, құйқылжытып салған кең тынысты әншілік өнері ойын-тойға, жиын-дұманға жиналған халықты қайран қалдыратын болған. Біржанның дауысы керемет зор, енді шырқай салғанда бес-алты шақырымдағы ауылдар түтел естіп, қайран қалып, жым-жырт болып тындайтын еді.

"Мүсек, біздің әнге кенелерсін,

Әнімді естігенде бұлбұл дерсін.

Ән салсам дауысымды көкте пырқап,

Бұл үйдің сындырайтын терезесін"<sup>3</sup>.

Шорманның Мұсасына осылай айтса,

"Орғанды түрлендіріп ән салғанда

Біржанға қалушы еді таласып-ай"<sup>4</sup>.

деген атығай еліне арнаған сөзінде және Сарамен айттыс үстіндегі "Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған", "Даусына аспандағы құс айнала, құбылтып тоқсан екі төңкерілген" деген толғауларда өзінің асқақ үнді, үздік әншілік сипаты елестейді. Ысмайыл Тұранов та, Бекахмет те ән шырқаған уақытта оның әнінен отырған үйдің түндігі желімдегендей, басындағы тақиясы төбесіне әрлі-берлі ойнап билегендей болушы еді дейді. Төмен облысында тұратын Біржанмен мәжілістес болған 96 жастағы Омар қария да, Ыбырайдың жолдасы Молдахмет те Біржанның үздік әншілігін әңгімелей отырып: – Шыңғыс төренің үйінде Орынбайдың шешен тапқырлығына, Біржанның әншілігінен қазақ баласында тең түсер жан бар ма деген әңгіме болғандығын, сонда Орынбаймен таласар Арыстан, Шөже, Тоғжан, Жанақты атаса да, Біржанмен таластырар жан таба алмаса керек. Сонда Біржан өзі отырып: – Түбінде бәрімізден озатын мынау жас пері Ыбырай болады, – деген екен. Қазақтың көшпелі кезінде ақын, әншілер елдің ойын-сауығының дарқан еркесі, көңілшар өнерпаз бұлбұлы болды. Сонда халық, әсіресе, жастар бірыңғай түйдектеп айтылған сөзге місе түтпай, бір мезгіл басына құндыз бөрік, үстіне жібіск шалпан, кең балақты ұзын шалбар киініп, сән-салтанатын түзеп, шырқап ән салған әншіні тыңдауға құштар болады. Біржан сияқты сал-серілер халықтың осы бір көркемдік талғамын

<sup>3</sup> Сонда, 17-б.

толық ескеріп, поэзиямен музыканы, әшекей, қимыл өнерлерін ұштастырып, дамыта отырып, сал сері пішіндегі ақынның салтын қалыптастырған. Біз Сарыарқада Біржанның бұрын, Толыбай деген салдың есімін, сол тұстас Әздембай Шәрке деген салдардың есімін жақсы білеміз. Мұндай сал-серілер көшпелі қазақтың ішінде ерте кезден бері болғанмен, олардың өмірі мен өленді жөнінде деректер аз сақталған. "Қыз Жібек" жырындағы Шеге мен Қаршыға ақын-жыраудан гөрі, сал-серіге ұқсайды. Біз сал-серілердің орта ғасырдағы Еуропаның сал-серілермен (рыцарь, трубадур) ұқсастығы да жоқ емес деген кейбір болжамдарды еске түсіргенбіз<sup>5</sup>.

Рас, Біржан, дәулетті отбасында туып-өссе де, ол өз дәулетінің мастығымен қазақтың жүн жеп, жабағы құсқан байларындай отырып қалмай, сол дәулетін жұмсап, ақындық өнеріне кең жол аша береді. Біржанның жас кезінен бізге жеткен ең алғашқы өленді "Біржан сал" деп аталады.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,

Адамға зияным жоқ жүрген жанмын...

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын.

Басымнан дүшпан сөзін асырмаймын"<sup>6</sup>.

деген өктем сөзді өзінің ақындық, әншілік құдіретіне және тұрашыл, сыншыл ойына берік сеніммен айтады. Ол өзінің аспанға самғаған сұңқардай дүниеде еркін жүріп, әнін шырқаған уақытта патшаға да бас ұрмайтын төкаббар екендігін тебіреніп толғайды. Біржан жасы отыздың ішінс толық кірген шағында өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап, сауық-сайран құра жүріп, жәрменкесі, ойын-сауығы, өңср өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей елін де, Торғай, Тобыл бойындағы, Ұлытау, Ақтау, Ортау бойындағы қалың елді де аралап өзінің алуан түрлі тамаша ән-өлендерін айтып таратады. Біржанның айналасына жаңа ақын-әншілер, өнерпаздар топталады. Бірқатары Біржан бастаған әншілік ақындық өнерді әрі қарай дамытып әкетсе, енді бірқатары Біржанның айналасында топтасып, серіктесіп жүрді. Жаяу мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ыбырай, Бейбіт, Ғазиз, Иман-Жүсіп, Кемпірбай, Сарыбай, Шашубай, Ағашаяқ т.б. атақты ақын-әншілер Біржанның мектебінен өрістеп, өнер қанатын жаяды. Біржанның ақындық, әншілік өнерін, ол заманда сүйсініп, танымаған адам сирек. Өзі ақын, әнші, Көкшетауда шыңғыс әулетімен бақ таласына түскен Байтоқа баласы Зылғара да Біржанды мезгіл-мезгіл шақырып

алып, бірде қасына ертіп Орынборға алып барыпты. Зілгараның жасы Біржаннан үлкен, ал Орынбай, Арыстанмен күрбылас.

Шын талант иесі өмірлік құбылысқа бейтарап қарамайды. Ойын-сауықты қаншама қызықтаса да, Біржан өзін толғантқан жайларды аттап өте алмаған. Ақын серілік дәурені жүрің, көптеген ән-өлеңдері халық ортасына кең таралып, даңқы жайылған шақтарда да заманы, жақсылық пен жамандық, бар мен жоқтық достық пен махаббат, араздық пен татулық жайынан көптеген өлең, толғаулар шығарып айтады. Біржан айтып таратқан әлеуметтік мәні бар өлең-жырлардың оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен.

Шешеннің сөз шығалы тандайынан,

Жұмақтың бізге мекен қандайынан?

Бар болып байлар кімді асырайды,

Әркімнің жазған Алла маңдайынан<sup>9</sup>.

деген өлеңінде ақын байлардың пейілі тарлығын шенейді. Біржан, Ақан сері, Ыбырай, Балуан шолақ сияқты сал-сері ақындардың шығармашылығына тең бір ерекшелік, өздерінің өңірлік өнер дүниесіне жақын нәзік сезім күйлерін зор ақындық шабытпен тебірене жырлайтындығы. Ойын-сауық думанға әсем көрініс жүріс-тұрыстарға, махаббаттық драмаға, көңіл-күйінің құпия сырларына толы өмірлік құбылыстарды шебер жырлап, алуан түрлі әсем өңірлік, лирикалық сырын жасау Біржан ақындығының биік бір асуы болып табылады. “Көкек”, “Бурылтай”, “Алтын балдақ”, “Ләйлім шырақ”, “Жамбас сипар”, “Телқоңыр”, “Көлбай-Жанбай”, “Айтбай”, т.б. ән, өлеңдері, Сарамен айтысы Біржанның поэзиясының мықты бір саласы.

Рас, Біржанның лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сырлы күйлерінен туып дамыған. Бұл Біржан лирикасының терең халықтық сипаты бар артықшылығы болуымен бірге міні де. “Жамбас сипар” – жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке әннің бірі. Жастық пен көрілікті шақ салыстырған ақынға, әрине, “серттен тайған”, “келін, балаға жақпас” көрілік шақтан гөрі, есерлікпен ел кезіп, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмір қызықты да. Бәрі де жарасымды, бәрі де әсем. Біржанның лирикаларында ғашықтық, махаббаттық сарын елеулі орын алады. Тіпті “Ләйлім шырақ”, “Көлбай-Жанбай” сияқты әзіл-қалжың аралас өлеңнің негізгі сарыны шідерді жоқтауда емес (кейбіреулер солай түсіндіреді), шідерді сылтауратып, Ләйлімге көңіл-күйін білдіруде. “Ақтентек”, “Көкек”, “Алтын балдақ”, “Айтбай”, “Жайма шуақ”, “Ғашық жар”, “Мәгі-Дәулен”, “Бірлен”, т.б. өлеңдерінде жастық, махаббат,

достық сезім күйлерін шертеді.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,  
Алдыңнан шықты сәулем апақ шапақ,  
Кигені қара кәмішат оқалаған,  
Басында бір итөк үкі бұлғақтаған<sup>10</sup>.

(“Алтын балдақ”):

“Ішінде осыншама формаң бөлек,  
Жаратқан Құдай артық жалғыз сәулем”<sup>9</sup>

(“Мәгі-Дәулен”):

“Аты жоқ құс болады көкек деген,  
Алдыңда терезенің секектеген.

Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айрылып өсенен сәулем кетем деген.

Кім сүймес шешек атқан көкек айын,  
Бейне жаз менің сүйген сәулетайым,  
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,  
Ей, көкек, ұшып барып білші жайың”<sup>10</sup>.

(“Көкек”):

деген өлең жолдарында “ерекше жаралған”, таң шапағындай жарқын, жаз көркіндей құлпырған сұлу сәулені ансаған жігіттің – лирикалық кейіпкердің шынайы махаббаты шебер жырланады.

“Телқоңыр”, “Бурылтай”, “Ақсеркеш”, тағы басқа ән өлеңдері мен айтысында жүйрік жорға, сұлу аттардың көркем тұлғасы елеулі орын алады. Сұлу ән, сұлу жыр, сұлу ат ер жігіттің зор мақтаны. Біржан да бұған зор мән берген, құйрығын талдай өрген жорғаны шайқалға сар желдіріп, терең сайдағы судан жалдай өгіш, қалқатайдың аулына келетін Әсемкермен жарыста, желісте жүзде бермес, жорға, жүйрік Ақсеркеш, Қырғынкөктің баласы Телқоңыр, Сұржорға, Бурылтай – бәрі де Біржан лирикасының кейіпкері. Қайда жүрсе де: қызды ауылды кезіп бара ма, той-думанда сүйгенін іздей ме, әйтеуір, ол астындағы әсем де сұлу атын айтпай өге алмайды. Ақын кейде жүйрік жорғаны жігіттік өмірге, жастық дәуренге, дарқан ақындыққа балайды. Жастықты, өңірі-серілікті, ойын-сауықты, махаббатты, жүйрік-жорғаны қызықтып жырлағанда ақынның қайта-қайта тоқталатын тағы бір түйіні

жігіттік арман.

Ақын жігіттік туралы ойлары есейген шағында, “Жамбас сипар”, “Талай заман” өлеңдерін шығарған сияқты. Ол:

Ал десе еркін жүйрік ағылдаған,  
Ақылға кейбір надан бағынбаған.  
Жігіттік бойға таққан бір гауһар тас,  
Қартайсаң қайта айналып табылмаған.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,  
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.  
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,  
Жал-тәнің бірдей жанып күйген артық,

Ер жігіт дүниесін кезгелі артық,  
Дүниенің не бар-жоғын сезген артық.  
Түскендей аспан жерге іс болса да,  
Бел байлап тәуекел деп, тәзген артық<sup>11</sup>.

деген толғауында жігіттікке тән талапкерлікті замандасына, жас қауымға үлгі етіп ұсынады. Жігіттік сонымен бірге дүниені сайран етіп өнер үлгісін пашқан өз өмірінің сәулесіндей, оны әрі өкініп жоқтайды, әрі мақтан етеді. “Жыярма бес қайта айналып келмес саған” деген сарынға оралғандай. Тағы да жігіттік дәуреніне қош айтысқан мұнды сөзбен:

Қарайып қара келдс қамыс қалды,  
Ауылы ғашық жардың алыс қалды.  
Ауылы ғашық жардың алыс қалса,  
Сағынғаннан қараумен көзім талды<sup>12</sup>.

деп өзінің бұрынғы сүйу ән-өлеңдерінің өзекті бір түйініне оралады, алғашқы тәнті де еркелі арияны қайта ойнағандай күй шертеді. Міне, бұл ақындық ой мен өнердің толыса бастауының бір белгісі. Осы толысу процесі Сарамен айтысы кезінде кемелдене түседі.

Біржанның шығармашылығына байланысты ара-тұра дау тулдырып жүрген бір мәселе Сарамен айтысы жөнінде. Профессор Б.Кенжебаев, әдебиетші-ғалым Қ.Мұқамедханов және басқалар Біржан мен Сараның айтыс болған жоқ болса да, дәл осындай көркем смес, мұны өз жанынан шығарып жазған Әріп Тәңірбергенов дейді. Келтіретін дәлелдерді революцияның қарсаңында кейбір адамдардың осыны Әріп шығарса керек деген бір-екі ауыз жорамал сөздері ғана. Осы айтыстың авторы екендігі

<sup>11</sup> Соңда, 24-б.

туралы оқыған адам Әріптің өзі бір ауыз сөз жазып қалдырмайды. Тіпті Әріп бастырды деген нұсқа да аты жоқ. Даудың дәлелсіз бір жағы осындай. Ал Біржанның шығармашылығын зерттеуші және өмірбаяны туралы мол деректер жинаушы Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Есім Байболов, Ғали Әбетов, Б.Ғерзакович, Қарға Қаңтарбаев және басқалары Біржан мен Сараның кездесіп айтысқандығына көптеген факті мен дәлелдер келтіреді. Сәбит Мұқанов 1938-39 жылы Қ.Бекхожинмен бірге жариялаған әдебиет хрестоматиясында және ақындар айтысы туралы Біржан мен Сараның айтысқаны рас екендігін дәлелдеген алғашқы пікірді айтты. Сәбит Біржанның қасына атқосшы болып еріп барған ағасы Нұржанның баласы Ахметжанның сөзін келтіреді:

Мұхтар Әуезов Біржан мен Сараның айтысқанын толық мақұлдап келіп, мұнда Әріп айтысты жазып алушы ғана деп түсіндіреді. “Анығында, – дейді Мұхтар Әуезов. – Біржан мен Сараның айтысы болған, бірақ толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі түп нұсқасы толық сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясын айтып беруші Сара болды. Ал кейін сол Сараның айтысқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Көп айтушы ақындардың аузынан өгеді. Сои тірлігінде хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының, ең алғашқы хатқа түсірушінің бірі Әріп”.

Біржан, Сараның айтысының бір нұсқасы Мұхтар Әуезов айтқандай, Әріптің өңдеуінен өтуі ықтимал. Біз де Біржан мен Сара айтысқандығын, оған байланысты ел аузында сақталған әдеби, тарихи деректердің молдығын еске ала отырып, бұл жөнінде әдебиетші-ғалым Ғали Әбетовтың зерттеуі нағыз ғылымға сүйенген толық дәлелді екендігін мақұлдап мына жәйларға назар аударғамыз келеді.

Біржанның Жетісуға барып, Сарамен айтысқаны жөнінде ел аузында сақталған деректер қандай? Ең алғашқы дәлелді дерек келтіруші С.Мұқанов Біржан әуелі Абай ауылы – Тобықты елінде болып, содан кейін Балқаш көлінің төңірегіндегі елдерді аралап Жетісуға жетіпті дейді. Айтыс әні ауызша таралып, кейін жеке кітап болып жарияланған. 1898 жылы кітапта былай делінген: “Әлқисса, Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан бастан-аяқ баян қылғаны, айтысқанның келер жылында”. Бірақ айтысты Жүсіпбек Сарадан ертерек жазып алса керек. Жазып алу мен басырудың арасында бірнеше жылдар өлетіні белгілі. Біржанды көрген Ысмайыл, Ысқак, Омар, Хамит қариялар да, Теміртастың жақын ағасы Ақан да Біржанның Жетісуға барып, Сарамен айтысқанын растайды. Сараның өмірі жөнінде материал жинап жүрген Т.Қалилаханов та Біржан мен

Тоқабай, Баршын тағы басқалары да сол айтысқа қатысқан немесе айтыстан кейін елге олжалы, көңілді қайтқан ақынды көріп жақын араласып білген адамдар. Ал "Талай заман" деген өлеңінде Біржан наймандағы ақын сұлу қызды іздеп барғандығын айтады. Біржанның ата-тегі, ұрпақтары туралы Қарға қарияның жинаған материалында айтыстың болғандығын дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Біржан Орта жүзге, Сарыарқаға даңқы шыққан ақын болғандықтан, Аргынның Алтай-Қарлықтың атынан сөйлеуі де әбден орынды. Бұл жерде руын Керей демей, Орта жүздің іргелі руларын тұтас алуы айтыс ақындарының бойына мін емес. Біржан мен Сараның кездесіп айтысуына негізгі бір дәлел, айтыстың ең алғашқы нұсқасын Жүсіпбек қожа Шайхисламовтың 1897 жылы Сараның өз айтуынан жазып алғандығы. Жүсіпбек нұсқасы 1898 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Онан кейін Зайсан қаласынан кіберілген Біржан мен Сараның айтысының екінші нұсқасы 1899 ж жарияланды. Е.Әбегов Әріптің қолы қойылмаса да, осы нұсқа Әріптікі болуы мүмкін дейді. Бұл екі нұсқаның кіріспе мен аяқталуындағы Жүсіпбек қожа мен Сараның өз сөздерінен басқа негізгі мазмұнында өзгеріс шамалы. Айтыстың шисленісі, нағыз драмалық тартыс дәрежесіне кемел ақындық өнер биігіне көтерілген мезгілдері екі нұсқаның екеуінде де бірдей. Оны Жүсіпбек те, Әріп те өзгерте алмаған.

Ендігі бір сұрау, айтыс қай мезгілде өткен? Бұған әдбистшілер әрқайсысы әр түрлі жауап береді. Сәбит Мұқанов Біржан мен Сара айтысы XIX ғасырдың 60-жылдарында кездесіп айтысқан болуы керек дейді. Есім Байболов 70-жылдарда айтысқан көрінеді, — дейді.

Бұл мәселеге басқа әдбистшілер үздік-кесілді жауап бермейді. Айтыстың өзінде Біржан 38 жаста деген бар. Әдбистші ғалым Балташ Ысқақов Сараны көрген адамның әңгімесін тексеріп, екеуінің айтысқанына және Сара 1910 жылдары 50-ге жақындап елде тартып қалған әйел екендігіне жаңа деректер келтіреді. Ал, Сараның өмірі туралы дерек жинап жүрген Т.Қалилаханов Біржан айтты дейтін мына бір өлеңді келтіреді:

"Мінекей жасым асты оғыз бестеп,  
Өткізілді сауық-сайран мен бір десте.  
Найманға келіп сөлем берейін деп,  
Елдіңді іздеп келдім Елкібілмеске..."

Бұған қарағанда, айтыс 1889 жылы өткенге ұқсайды. Айтыстың соңындағы Жүсіпбек сөзінің арасына Абайдың 1886 жылы жазған "Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат" деген өлеңінен

Біржанның еліндегі қариялар да мақұлдайды. Егер Сараның бергінде жасағандығын, 1910 жылдар жасы қырық пен елудің арасына келіп қайтыс болғандығын рас дейтін болсақ, Біржан мен Сара екеуі XIX ғасырдың 80-ші жылдарында кездесіп айтысуы дұрыстыққа келеді. Сонда Сараның туған жылы 60-70 жылдардың арасында болады. Әңгіме Сараның бірер жасы артық — кемдігінде де немесе Біржанның керія жастығында да емес, екеуінің бірін-бірі тең тұтып өнер жарысына еншілік өнеріне қарай елде тартса да, дарқан ақын бейнесінде суреттелуі таңданарлық нәрсе емес. Қызу айтыс үстіндегі Біржанның:

Күніне он көрінсе де айнымаймын,  
Көк төбет болды деме мені, жаным!<sup>1</sup> —

деген сөзінде Сараға қарсы өзінің жасы елде тартса дағы қартаймағандығын аңғартқан дауы сезіледі. Біржанның Сарамен кездесуі 80-жылдарда өтуіне тағы бір дәлел осы айтыстың алдында Абай аулында болуы. Бұл Құнанбайдың тұғырдан түсіп, Абайдың ақындық, шешендік, азаматтық даңқы бүкіл Орта жүзге жайылған 80-жылдардың орта кезі болады. Абайдың ақындық, композиторлық өнермен қатты шұғылданған кезінде ауылына Біржан келіп алты ай жатып кеткен. Бұл жайды М.Әуезов "Абай жолы" эпопеясының II-кітабында тарихи шындыққа сәйкес өте дұрыс суреттейді. Айтыста Мұсаның баласы Садуақастың аталуы да 80-жылдарға дәл келеді. Сөйтіп, Сараның еліне Біржан Балнауыл, Шыңғыстауда болғаннан кейін барған көрінеді.

Біржанның ақындығы сөз жоқ, Сарамен айтыс үстінде айқын танылады. Қазақтың, бұрын-соңғы айтыс өлеңдерінің ішінде қоғамдық, адамгершілік мәселесін көтеруде, лирикалық кейіпкер ақынның өз тұлғасын жинақтап, поэзиялық шындық биігіне шығара шебер суреттеу де, алғыр ақындық өнер үлгісін сарапқа салу да Біржан мен Сара айтысына тең түсетін айтыс жоқ деуге болады. Айтыстың жалпы қоғамдық сыр-сипатына талдап баға беруден бұрын осындағы талас мәселеге байланысты, атап айтқанда, Біржанның лирикалы өлеңдері мен айтыстағы өлеңнің арасындағы өзара тектестікті ажыратып айта кеткен жөн деп білеміз.

Біз әуелі Біржан мен Сара айтысының Әріп өлеңдерімен үндестігі, ақындық өнер жағынан қайталап келетін тамырластығы бар ма деп қарастырдық. Бірақ ондай үндестік байқалмайды.

Ақ қағаз тәштіт етпе хат жазарға,  
Түскен соң малум болар сөз базарға...  
Жаһыл көп тілін тіксе құр жаныған

Не пысық сәуел қылсаң иманыңнан...  
Ей, достым, қашы жатпа, басты көгер,  
Көңлі көзі барларға бұл да жетер...

Көзің көрінбейді жыған малың,  
Сүліктей сора берме елдің қаның...  
Қорқыттай қаған көрің алдында тұр,  
Жалғыз топырақ шашасың көпке неге,  
Мысалы дүние — теңіз, ғылым — кемс...

Міне, Әріптің мұндай өлең, сөз өрнектерінен Біржан мен Сара айтыстарындағы ақындық өнер үлгісі байқалмайды. Әріп оқыған, діндар ақын. Оның өлеңдерінде асқақ ақындық шабыт, романтикалық шарықтау, импровизациялық тапқыр сөз нәсері аз, онда ақыл айту, мінез-құлық түзеу, құбылысты сол қалпында прозалық үлгімен баяндау басым болып отырады. Әріптің өлеңдерінде қайталап келетін сөз кестесі, сөз машықтарының бірде бірі Біржан мен Сараның, сондай сал-сері ақындардың ақындық дүниесіне тіпті қабыспайды.

Біржан мен Сараның айтысы Біржан ақындығының биік шыңы болумен бірге, бүкіл қазақ ақындары айтысының да биік шыңы. Мұнда Біржан күшті ақындық өнері мен халық поэзиясын дамытып, сол дәуірде туып қалыптасып келе жатқан жаңа жазба әдебиет өрнегімен ұштастыруға жол ашады. Біржан мен Сараның айтысы мазмұны мен формасы сай келген күрделі көркем туынды, оның өмірлік, ақындық сырлары әдебиет жұртшылығын үнемі қызықтырып, толғандырып келеді. Біржан мен Сара айтысында негізгі көтерілетін мәселе, бас бостандығы, өнер, талант бостандығы. Даңқты ақындар екі елдің атынан сөйлеп, байлық, салтанат, адамгершілік, кісілік мінез-құлықты салыстырады. Айтыс үстінде арғын мен найманның сол кездегі ру басылары, бешілі шонжарлары, батыр, билері, ақын-әншілері сыңға түсіп, әрі мақталады, әрі әшкереденеді, сыналады. Бұл айтысушы ақындардың ежелгі бір өнер тәсілі. Ақын өз руының бешілі адамдарын бай еді, батыр еді, пейілі кең жомағт еді деп қанша мақтап дәріптесе де, қарсы ақын сол мақтаған адамды сықақтай, әжуалап шығарады, сонда тұтас айтыстың бойында екі елі шонжарлы мақтануың орнына — масқара күлкіге ұшырып абыройы айрандай төгіліп отырады. Мұны біз Шөже, Кемпірбай, Сүйімбай, Орынбай, Майкөт, Түбек, Жамбыл ақындардың айтыстарынан қандай айқын сезінетін болсақ, осы Біржан мен Сара айтысынан да айқын сезінеміз. Біржан алыс Көкшетаудан келгендіктен, Сараның мақтаған шонжарларын

қолма-қол әшкерелерлік мін таба алмаса, ал Сара найман мен көрші отырған рулы ел билеушілерінің қылмысты қылықтарын бірталай өтпiр сыңға алады. Біржан мақтаған Құсбек, Сартай, Құнанбай сияқты ұлықтардың сұмдығынан ел шошиды, дүрелеу, соттап жер аудару, ұл, қызды бөйгеге тігіп, құл, құң етуі, өз қызын өзі өлімге байлап беру, т.б. сорақылықтарды Сара Біржанның бетіне шіркеу етіп тартады. Бірақ Біржан Сараның бұл тәсіліне баспайды, оны сүріндірер торды алды-артын орай еріден құрады. Біржанның айтыстағы кең өрісті ақындығы шығарманың тұтас композициясынан, өзекті идеясынан көрінеді. Біржан мен Сара айтысы белгілі бір сюжеттік тартысқа, уақиғалы әңгімеге құрылған драмалық поэма сияқты.

Әуелі айтысты жазып алушының немес Сараның атынан Біржанның Сарыарқадан іздеп келіп қай жерде, қандай жағдайда кездескені байдалады. Қасында он жолдасы бар Біржан Сараны күтпеген жерден кездестіріп айтысқа шақырады.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан Сара<sup>15</sup>.

деп келген беттен Сараға өлеңмен шабуыл жасайды. Екеуі амандасып танысқаннан кейін дағды бойынша өзінің елін мақтауға, қарсы жарының мінін айтуға ойысады. Айтыс шиеленісі қызып, ақындық өнермен тең түсіп отырған, Сараны Біржан осал тұсынан ұстап жеңеді. Оның айтыстары айттырған күйеуі өзіне тең емес, оған Сара қалың мал төлегендіктен, еріксіз басы байланып отырған. Алыстан тор құрған Біржан, міне, осы жерде Сараны ғана емес, найманның шонжарларын да қатты сүріндіреді. Сондықтан жеңілген Сара кейін айтысты Жүсіпбек қожаға жаздырарда:

Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,  
Билігі болмайды екен бір басының,  
Болған соң тері-терсек ит те алады,  
Бұлыпдай берсексіз арбалышың.

Арғынға жол бермеген есің тілім,  
Күн өтпей қор боп шыққан қызыл гүлім,  
Сіздерден ұлғаннан үндесуші ем,  
Есекке қосақтаулы өтті күнім.

деп мұнаумен сөзін аяқтайтын болса, өзімен тең түсіп, ақындық өнерін танытқан Сараны Біржан да аса жоғары құрметтейді.

Шырағам, Сара, сендей тумас бала,  
Шежіре туармысың мұндай дана.  
Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тас түлек тұрымтайдай екі кезің...

Есімбек, жоққа сатпа асылыңды,  
Сыйлай көр, қыз да болса, несіңді...  
Зақанда қорлық болмас жақсы адамға,  
Жақсыны қор ғып болмас бір жаманға...

Дол сендей тумас адам шып өнерлі  
Айбатың ғаламға айқын ай бедерлі.  
Садаға тырнағыңнан кетсін сенің,  
Сан жүйрік көріп есім мен нелерді, —

деп, оған жақсы сөзін арнайды. Сара мен Біржанның осы бір сөздерінде айтыстың негізгі идеялық түйіні жатыр. Найманның шонжарлары еріксіз торда ұстаған бұлбұл Сара тең түсер өнер жарысында ақындықтан мүдірген жоқ, әттең басы байлаулы, тілі күрмелерлік халге душар болғандықтан, ол Біржан сияқты еркін көсіліп айтыса алмайды. Оның жолын қазақтың ескі әдет-ғұрпы, Есімбек, Тұрысбек сияқты шонжарлар торлап тастаған. Бұлқынарға, Біржан сияқты ел кезіп, өнер жолын қуып кетуге еркі жоқ. Бас бостандығы жоқ адамның өнер бостандығы да жоқ. Олай болса Біржан да, Сара да екеуі бірдей бас бостандығын, өнер бостандығын көксіп отыр. Біржан сыпайы айтса да, Көкшетауда Жанбота ман Азнабайға арнаған ызалы-кекті сөзін енді найманның Есімбек, Тұрысбек сынды жуандарына арнап, Сараның көз жасына, обалына қалмандар, заңда да, шариятта да зорлық-зомбылық жоқ, өнер иесіне жақсы адамға еркіндік берілсін деген талапты ұсынады.

Айтыста екі ақынның кең көсіліп айтқан толғау өлеңдері арқылы ХХ – ғасырдағы қазақ өмірінің сыр-сиыатынан да жарқын елес береді. Бірде мақтап, бірде сынай отырып екі ақын ел арасының айтыс-тартысынан да, қоғамдық рухани тіршілігінен де көп жайларды баяндай отырып, Абай, Тәттімбет сияқты өнерпаздардың бейнесін де және екі ақынның өзіндік тұлғасын да жарқын елестетеді. Айтыс өлеңдерінде айтысушы ақындардың — лирикалық кейіпкердің өз тұлғасы ерқашан орталық образға айналып отыратын болса, осы ерекшелік Біржан, Сара айтысында кемел ақындық дәрежеде көтеріледі.

Айтыстың қалай өтіп, немен тынғаны Сараның атынан баяндалады дейік. Өйткені бұрынғы, соғры ақындардың дәстүрі бойынша айтысты жаттап, ел арасына жаюшы жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет, парыз саналған. Бұл ақындық әр

деп әр ақын, өз атынан мақтана бермес үшін, бұл өгс жауапты міндетті жеңілген ақынға жүктеген.

Міне, сол дәстүрге берік Сара бастан аяқ Біржанмен айтысын Әрішке жырлап берген. Соңдықтан да айтыста Сара өзінің тамаша ақындық, әншілік тұлғасын, сұлулық кескін келбетін келістіре жырлаумен бірге өзімен қарсы айтысып жеңілген Біржанның ақындық, салдық, әншілік тұлғасын да елестетеді:

Сал Біржан домбырасын көкке сермеп,  
Жіберді түрлендіріп әннен өріск  
Сөзіме ызаланып алғаннан соң  
Дауысқа салды Біржан аспапға өрлеп...

Сараның суреттеуінде Біржан осылайша әнін түрлендіріп, аспапға өрлеге шырқайтын, жүрген жерін сауықпен, қызықпен дуылдатып “Орта жүзді әнмен сандалтып”, толықсып, төңкерілте ән салатын, жас күнінен өнері асқан ардагер, оның әнінің “бұрмасына” қазақ баласы сүйсінеді. Әнінің толқынымен Ешкөлместің бауыры күңіреніп күй шерткендей.

Бұл айтыс үстіндегі Біржан ақындығы тіпті бөлек. Ол алғыр да өткір ойларды, асқан әншілік, салтанатты салдық тұлғасын әлдеқайда айқын суреттейді. “Сайраған Орта жүздің бұлбұлы”, “Арғынның ақтангері” Біржан ақындық мақтанға келгенде қиял қанатына ерік бергендей, теңіздей шалқып “желді күнгі аспандағы қырандай дауысы” көтеріліп өрлей, дәуірлей береді.

“Он екі взвод ән салған”, “Орта жүздің бұлбұлы”, аспандағы аққумен тілдескен, жүйріктікке келгенде дәуірлеп бөйге бермес Қараөк тұлпар ақын осынша үздік өнермен өге бйікке шырқал, көтерілген асқақ әсем үнді, теңдесі жоқ жүйрік шешен ақынның ұмытылмас образын көз алдына алып келеді. Біржанның әрбір сөзінде дамытылып, жымдастырылып, шебер қиоластырып қолданылған сөз өрнегі, теңеу, салыстыру, бейнелеу ұлғайған метафора тағы басқа көріктеу құралдары бірінен бірі асып түсіп жатады. Тіпті сол кездесті айтыс ақындарының ешбірі жеткізіп бере алмайтын поэзиялық сөз өрнектері де мол кездеседі. “Асықша ақжамбыны сүюге айттым”, “Қанды көз май жеп алғыш ақмықшын”,

“Ақ марал, осы жолы жығылмай кет  
Алғайдың дұшар болдың мергеніне”...

“Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті...”

Қанықтың күн палмаған ақтұйғынның,  
Жазыңды талқандаған...

деген көркем де тапқыр ақындық сөз өрнектері бұл айтыстың тамаша шеберлік үлгілері.

Біржан, Сара айтысының басқа айтыстардан ерекшелігі тек осындай мазмұны өмірлік сыры тереңдігінде, көркемдік қуатының күштілігінде болумен бірге осы бір іші-сырты бірдей бүтін жымдасып келген драмалық поэмаға пара-пар кесек тұындының ерте басылып, сол арқылы халық арасына кең жайылып, жалпы қазақ поэзиясына, ақындық өнердің дамуына орасан зор ықпал жасағандығында. Біржан мен Сара айтысын қызыға оқып жаттап үлгі алмаған ақын, жазушы сирек. Бұдан импровизатор ақындар да, жазба ақындар да үйреніп үлгі алған. Әлі де үйреніп келеді. Сондықтан да әдебиет поэзия тарихынан да, өнер, музыка тарихынан да Біржанның айрықша орын алуы осындай өлмес қазынаны қалдыруында.

Біржанның ән-өлеңдерінің ішінде ауыз әдебиетіндегі ежелгі қайым, қара өлеңнің дәстүрімен келетін өлең шумақтары кездеседі. Мәселен, "Біржан сал", "Жанбоға", "Адасқақ" сияқты өлеңдері мазмұны мен әні бірдей қабысып келетін болса, бірқатар өлеңдерінің әні тамаша сұлу асқақ үнді болып келсе де, сөзі онымен пара-пар түспейді ("Мәлі-Дәулет", "Аққошқар", т.б.).

Біржан ақпа, төкпе және тұрашылар ақын болғандықтан, әр кезде әртүрлі жағдайға байланысты тосыннан айтып тастаған өлеңдерінде жағымсыз қылықтарды сықақтау кездеседі. "Бүгінгінің биінде ми қалмады", "Есек озған заман болды", – деп айтқан шенеуі, Байпақ байдың сараңдығын, Құдайберген тілмаштың менмендігін "Көтерем өлтзге" теңеп әжуалайды.

Бабай мен қасқырды айтыстырған өлеңі де сатиралық мәні күшті. Атығай елінің шешені Бабай (руы бабақ) мен қасқырды айтыстыру арқылы Біржан замандасы Бабайды ғана әжуалап қана қоймайды, елге тізесін батырған аға сұлтан Қышпақ Ыбырайды қасқыр бейнесінде суреттейді. Ыбырай Бабайдың қайын жұрты болса да, бірде тату, бірде араздықпен күн кешкен. Бабай батыл шешендігімен, Ыбырай зорлығымен ел көзіне түсіп, сөзге ілінген соң Біржан осы айтысты таратып жіберіпті. Ақын Бабайдың сөзі арқылы жұрттың малына жаудай тиіп, көрі-жасын шулатып, мазасын алған қасқырды әшкерелей отырып, кісі өлімі деп Ыбырайдың Атығай еліне бұлік салған қылықтарын ақтарады.

"Қасқыр, сенің тілінде сенім бар ма,

Қышпақтап жақсы көрсер елім бар ма.

Аузына кенеп сөзді оттай бердің,

Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?

Сен жылқыны көп жетенге құнып-асың,

Сен дағы ол жағына күлшенің не,  
Енеңнің байы болып ұлығасың"<sup>16</sup> –

деп Ыбырайдың өз жақындарынан қыз алған оғаш әдетін де, Бабайдың ұлық алдында жалтақ халін де аңғартады. Біржанның мұндай сатиралық сарындағы өлеңдері Жанбоға мен Азынабайды әшкерелеген өлеңдерімен үндес, сарындас келіп отыратындығы белгілі.

Біржан 1897 жылы 64 жасында дүниесін салған. Өлер алдында Біржан екі-үш жылдай ұзақ ауырып, қатты жан күйзелісіне түсіп, бірталай бейнет көрген. Міне, осы сырқат кезінде шығарған өлеңдерінде де Біржанның жастық шағын еске түсірген, өмірімен, замандастарымен қоштасқан, тірлікті, Теміртас, Асыл, Ақық атты ұл-қыздарын қия алмай аяушылық сезім білдірген жан-күйлерін шебер баяндайды. Бұл өлеңдерінің бәрінде де өткен өмірі туралы түйінді ойлары, жетім қалып бара жатқан балаларының тағдыры оны қатты толғандырғандығын сеземіз.

Біржанның сүйегі өзінің атасы Қожағұлдың зиратына қойылды.

Біржанның өзінен туған – Асыл, Ақық атты қыздары мен Теміртас, Қалкен атты ұлдары ақын, әншілік өнерге онша қабілеті болмаған. Ағасы Нұржанның баласы Сыздықтан туған Мария кейін ел ішінде елеулі әнші болды. Бірақ осы өнер жолын қуып дамыта алмады. Біржанмен рулас, ауылдас белгілі әнші Бекетінің Хамиті деген болған.

Хамит әрі асқан үнді әнші, әрі революцияшыл от-жігерлі ақын болып әлеумет өнер ісіне белсене араласады. Біржан, Ақан ссрі, Шолақ әндерін, және өзі шығарған өлеңдерді ел ішінде ең көп таратқан Хамит. Жиырмасыншы жылдарда Атығай, Керей ортасында Хамиттің әншілігіне сүйсінбеген ел қалмады. Ел-жұрт Біржанның өнері осыған қонған, ол соның нағыз мұрагері деп аңыз қылатын.

Бірақ ерте қайтыс болса да, ол Біржан әндерін өз төңірегіндегі жастарға үйретіп, кең жайып, таратып кетті. Хамиттен де және басқа өнерпаздардан үлгі алған Ерқасарының Мұқаны, Бекахмет қызы Мария Біржан әндерін тамаша жақсы орындайтын.

Біржанның әншілік, композиторлық өнерінен үлгі алып, үлкен білім жолына түскен сол ұлы өнерпаздың ағайыны, жерлесі Рамазан Елебаев еді. Оның өмірі мен шығармашылығы "Жас қазақ", "Жолдастар" сияқты Біржан әндерімен сабақтас екендігі қалың жұртшылыққа мәлім. Белгілі музыка зерттеуші ғалым Б.Г.Ерзакович "Жас қазақты" лиризм мен драматизм мотивы бірдей күшті эпикалық аңызбен ұштасып кететін тамаша күрделі

әндердің бірі деп қарайды.

Сонымен Біржанның ақындығы, әншілігі, композиторлығы біздің мәдени жұртшылығымызға толық танылған, жаңа мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналғаны тарихи шындық. Тарих қайталанбайды, өмір өз заңымен ілгерілей бермек, жаңа қауым өзінің жаңа өмірін жасайды. Жаңа өнер дамыған сайын Біржан сияқты ардагер ақын өнерпаздың шығармалары, ұмытылмас абзал бейнесі бізден алыстамайды, ерқашан қасымызда күмбірлеп күй тартып, шырқап ән салып, сырласып, мұндасып, өзідесіп күліп-ойнап, мәңгі бірге жасамақ.

Қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше, даңқты халық композиторы, асқан әнші, дарқан ақын Біржан салдың есімі мен тамаша шығармалары қалың бұқараның сүйіспеншілік күрметіне бөленіп, жаңа әдебиетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналып отыр. Біржанның композиторлығы, әншілігі, ақындығы, өзінің замандастарын қандайлық қызықтырып баурап алатын болса, қазіргі ақын – жазушы, әнші-композиторларды, жалпы мәдениеттік қауымды соншалық қызықтырып баурап әкеткендігінің куәсіміз.

Біржан бұрынғы-соңғы қазақтың сал, сері ақындарының ағасы, ұстазы, жаңашыл өнерпазы. Өйткені сал, сері ақындардың поэзия мен музыканы, халықтың ойын-сауық өнерлерін ұштастыра біліп, жаңа көркемдік мазмұнмен дамытуға жол ашқан жаңашылдық сипаты да, қалың бұқараның азатшыл, әділетшіл арман-күйлерін жырлаған өршіл сарындары да Біржанның шығармашылық дүниесінен толық табылады. Оның асқақ үнге, терең де нәзік лиризмге толы тамаша ән өлеңдері мен жырлары, айтыс өлеңдері мен ташқыр сықақтары өз заманындағы өзі өскен қоғамдық ортадағы күрделі әлеуметтік, ізгі адамгершілік мәселелерді тебіреніп толғайды. Демек, Біржанның ақындық шығармалары өзінің өмірлік сыр-сипаты жағынан қазақ әдебиетінде бұқарашыл, прогресшіл тенденцияға саялды.

## ШӘДІ ЖӘНГІРОВ (1855-1933)

Шәді Жәңгіров – Шығыс классикалық әдебиетінің назирәгәйлік дәстүрін жете меңгерген ақын, есімдері әлемге мәшһүр шығыс шайырлары поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптар мен сюжеттерді, гуманистік, ағартушылық сарындарды өзінше жырлап, мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желісі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума шығармалар жазған дарынды каламгер.

Оның қазіргі советтік Шығыстың ежелгі тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жақсы білгендігін, араб-парсы және түркі тілдеріне жетік, жан-жақты білімді адам болғанын қазақтың бірқатар сөз зергерлері, әдебиет зерттеушілері кезінде ерекше атап көрсеткені мәлім<sup>1</sup>.

Шәді 1855 жылы қазіргі Шымкент облысының Созақ ауданындағы Қызылкөл деген жерде туған. Ақынның әкесі Жәңгір (Жаһангер) – төре әулетінен екен<sup>2</sup>.

Жәңгір-мал бағып, өз еңбегімен күн көрген момын шаруа адамы болған. Ауылдастары оны Қоқыш деп атаған.

<sup>1</sup> М. Әуезов. Шығармалар (он екі томдық). А., 1969, 11-т., 284-б.; М.Қарғатаев. Шеберлік шыңына. А., 1963, 274-275-бб.; Ә. Қоңыратбаев. Шәді – төре халықтың үлкен ақыны // Қызыл ту (Павлодар облыстық газеті). 1945, 24-25 қыркүйек; Ә. Тәжібаев. Жылдар ойлар: (Естеліктер мен толғаныстар). А., 1976, 429-437 бб.; Б. Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А., 1976, 58-62 бб.; С.Талжанов. Историческис периоды развитие казахской литературы и роль перевода в этом процессе: автореф. докт. дисс. Алма-Ата, 1972, С.51.Т.Әлімқұлов. Жұмбақ жан // зерттеулер мен мақалалар. А., 1978, 76-79 бб.

<sup>2</sup> Қазан, Орынбор калаларында басылған бірқатар кітаптарында ақын



Ақынның анасы Мәуіті асқан әнші, белгілі домбырашы, шешен, сері әйел болыпты. Ол той-думанға, ойын-сауыққа, көпшілік арасына барғанда баласын үнемі өзімен бірге алып жүрген. Әкешесі Шәдіні он жасқа келгенде ауыл молдасына береді, ал 1865 жылы сол кездегі атақты Шаян мешітіне оқуға жібереді. Ол мұнда жеті-сегіз ай ғана болады да, келесі жылы Шымкент шаһарына барып, шығыс тілдері мен әдебиетін жетік білетін Абдулла Шәріп дейтін ғұламадан екі жылдай араб, парсы тілдерін үйренеді. Шығыс поэзиясынан көптеген кітаптар оқиды.

Шәкіртінің зеректігіне, өлеңге деген құштарлығына сүйсінген ұстазы Шәдіге Бұхара медресесінің біріне барып оқы деп кеңес береді. Бірақ әкесі баласының алыс шаһарға барып оқуына қажетті қаржыны тауып бере алмайды. Сондықтан да ол 1868 жылы Түркістан маңындағы Карнак медресесіне түседі.

Шығыс классикалық әдебиетінен азыр-көпті мағлұмат алып қалған шәкірт ауыл медресесіндегі оқуды місе тұтпайды. 1869 жылы оны тастап, Қызылкөлге қайтып келеді.

Болашақ ақын осы кездің өзінде-ақ ауыл арасында "дастаншы бала", "қисасашыл Шәді" атанады. Ол той-думанға жиналған жұртқа әртүрлі кітаптардан қисса-хикаяттар оқып, ал олардың кейбіреулерін домбыраға қосып жатқа айтып беретін болған.

Баласының білімге деген зор ынтасын байқаған Жәңгір ағайындарынан біраз қаржы жинап, 1870 жылдың ерте көктемінде он алты жасқа келген Шәдіні Түркістаннан жүретін керуеншілерге қосып Ташкентке оқуға жібереді.

Ол Ташкент медресесінің бірінде жеті-сегіз ай оқыған соң оны тастап, Бұхарадағы Көкелтеш медресесіне түседі. Сонда жүрген кезінде жыл сайын жазғы демалысында Қызылкөлге келіп, екі-үш ай ауыл арасында бала оқығатын болған. «Шәдінің ақындық дәуірі де осы медреседе оқып жүрген кезінде басталады»<sup>5</sup>.

Бұхарада болған кезінде ол араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған әдеби шығармалармен еркін танысып, солардан көп үлгі-өнеге алған. Шәді өзінің алғашқы өлеңдерін осында оқып жүрген кезінде жаза бастаған. Ауылдағы туысқандарына, достарына өлеңмен хат жазатын болған.

Шәді медресені бітірген соң бірден ауылына қайтпайды. Ол бірнеше жыл Самарқанд, Қоқан, Хиуа, Мары, Жиззах, Шахрисабз, Китаб, Душанбе шаһарларын аралайды. Қарақалпақ еліне барады. Өзінің ғылым, өнер, өлең іздеген осы сапарында өзбек пен тәжіктің, қарақалпақ пен түркіменнің талай пайыр-ақындарымен, әнші-күйшілерімен танысады.

Ақын осы сапарынан туған ауылына оралған соң үйленеді. Оның бір ұлы, бір қызы болған.

1877 жылы Шәдінің әкесі Жәңгір қайтыс болады. Көп ұзамай-ақ анасы Мәуіті де дүние салады. Енді үйінің бар ауыртпалығы Шәдінің мойнына түседі. Міне, осы кезде ол кедейлік салдарынан зергерлікпен де айналысқан. Сөзақ, Түркістан өңірінде белгілі зергер атанған.

Жастайынан тұрмыстың ауыртпалығын көріп өскен ақын ел билейтін әкімдердің, байлардың дүниеқорлық, озбырлық қылықтарын ұнатпайды, реті келгенде оларды мінеп-сынап жүреді.

Байлар бар, малы жерге сыймай жүрген,  
Мойышап парызып ала қылмай жүрген.  
Біреуге қайыр қылып бермек түгіл,  
Өзі ілпін-жемекке қымай жүрген»<sup>4</sup>.

дейді бір өлеңінде.

Ақынның мұндай өлеңдері кезінде ел арасында кең таралты. Мәселен, оның Борбас деген байға арнаған өлеңінің басы былай келеді.

Менен сәлем Борбасқа,  
Бір ат жібер торқасқа-  
Семіздігі өзіңдей,  
Жорғалығы өзімдей»<sup>5</sup>.

Ақын «Отыншы байға» деген өлеңінде өзінен мықтыны көргенде құрдай жорғалайтын, ал әлсіздермен амандасқысы да келмейтін Отыншы деген байды өлтіре мазақ етеді:

Үйіне сәлем беріп кісі барса,  
Жеңінен шықпайды екен қолдың ұшы»<sup>6</sup>.

Сондай-ақ Шәді ауыл арасында "молда, ишанмын" деп қараңғы халықты алдап, арбап жүрген дүмшелерді ажуа, сықақ етеді. Соқыр діншілдікті сынайды. Мәселен, "Бір молдаға" деген өлеңінде ақын былай деп жазады:

Жаманға ұйқы жолдас, тамыр-тамақ,  
Болмайды көңіліңде басқа талап,

<sup>5</sup> Ш. Жәңгіров. Келінің бетін ашатын термс. Қазан, 1915, 12-б.

Күн кешіркек болады өз ойыңша,  
Әйтсеуір, қызыл тілмен алдап-арбап.

Шәді Оңтүстік өңіріндегі өзі тұстас белгілі ақын-жыраулардың бәрімен таныс-біліс болған. Кейде олармен әзіл-оспақ та айтысып жүрген. Солардың ішінен ол Молда Мұсаны, Майлықожаны, Құлынишакты, Бұдабайды, Мәделіні, Тұрмағамбетті өге құрметтеп, жоғары бағалаған.

Алайда Шәді Жәңгіровтың есімі айтыс ақыны ретінде емес, Шығыс классикалық әдебиетінің незірагөйлік дәстүрін жете меңгерген қазақтың сөз зергері ретінде жақсы мәлім болған. Сондай-ақ ол өз шығармаларын кітап етіп бастырып шығару ісіне де көп күш жұмсаған.

Бұл кезде кітап бастырып шығару ісі едәур өріс алған болатын. Мәселен, тек бір ғана Қазан қаласының өзінде қазақ және шығыс тілдеріндегі кітаптарды басып шығаратын 13 баспахана жұмыс істеген. Қазақ кітаптары Петербургі, Уфа, Ташкент, Орынбор, Семей, Омбы, Орал, Верный, Астрахань қалаларындағы баспаханалардан шығып тұрғаны мәлім. Жалпы, XIX мен XX ғасырдың бас кезінде осы қалалардан орта есеппен бір мыңнан астам атаулы қазақ кітаптары басылып шыққан. Олардың таралымы орта есеппен алғанда бес миллион данаға жетеді<sup>8</sup>.

Сонымен, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ақындық өнер танытқан Шәді Жәңгіров, Ақмолла Мұхамедияров, Мақыл Қалтаев, Жүсіпбек Шайхисламов, Ақылбек Сабалулы, Әріп Тәңірбергенов сияқты қаламгерлер өз шығармаларын түрлі баспаханалар мен литографиялардан кітап етіп бастырып, ел арасына таратып отырды. Бұл толғағы ақындарды кейде «Кітаби ақындар» деп те атаймыз.

Алдымен айтарымыз, біздіңше, «кітаби ақындар» деген терминнің өзі әдебиеттану ғылымында, әсіресе, XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушылары сөз болғанда дұрыс қолданылып жүрген жоқ.

Өйткені «кітаби ақын» деген атау ақын-жазушылардың не таптық, не идеялық көзқарасын, не көркем әдебиеттік бағыт-бағдарын аңғартпайды. Тек кәсібін, кітап бастырып шығарумен айналысқанын ғана көрсетеді.

Біздің ойымызша, әдебиет тарихы топқа, дәуірге олардың кәсібіне қарай емес, шыңдыққа, болмысқа көзқарасына, қарым-қатынасына қарай бөлінеді.

Шәді Жәңгіровтың шығармалары негізінен Ташкент, Қазан, Орынбор қалаларында басылып шыққан. Ташкентте Ғұлам

Хасан Ғарифжанов баспаханасынан литографиялық әдіспен шығарылған, көбіне дерлік өзбек нашірияшылары Сейдахмет Сұлэйменқожаұлы мен Кәрімжан Хакімжанұлының қаражатымен басылып отырған.

Ал тағар нашірияшылары Шамсуддин Хұсайынов және ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Кәрімовтар болса, Шәді ақынның шығармаларын Қазан, Орынбор баспаларында бастырып шығарған.

Ол көп жазған, кітаптары көп басылған ақын. Оның кітаптарын түгел жиналды деп айта алмаймыз. Ақын өзінің «Назым чөһар дәруиш» және «Хикаят халифа һарун-ар Рашид» деген кітаптарының соңында енді баспаға берілді деген шығармаларының тізімін жариялаған. Онда «Ескендір Зұлқарнайын», «Ахмад Жәми», «Әмір Хамза-Сахишқыран» деген сияқты бірқатар дастандары да аталған. Бұл шығармалар бізге әлі белгісіз.

Ақынның басылып шыққан шығармаларының әзірге біздің қолымызда бары, өзіміз оқып көрген кітаптары мыналар:

*Қисса Балғам Бағур*. Қазан, Б. Л. Домбровский баспаханасы, 1910 жыл, 46 бет. Жинақ 1915 жылы Ташкенттегі Ғ. Х. Ғарифжанов баспаханасында үшінші рет басылды. Кітапқа түрлі қисса-хикаят енген. Олар: «Қисса Балғам Бағур», «Хәзірет Ғайса дұғасымен көрден тірілген қатынның хикаясы», «Бес қатынның хикаясы».

Автор отбасы, әйел еркі, мораль-этика мәселелерін сөз етеді. Адамгершілікті уағыздайды. Әйел мәселесін феодалдық көзқарас тұрғысынан баяндайды.

*Хайбар қиссасы*. Қазан, Б. Л. Домбровский баспаханасы, 1910 жыл, 13 бет. Кітап 1913 жылы Ташкенттегі Ғ. Х. Ғарифжанов баспаханасынан «Хайбар ұрысы» деген атпен екінші рет басылып шыққан. Хайбар-қаланың аты.

Қиссада арабтардың осы қаланы жаулап алу үшін жүргізген соғыстары жыр болады. Араб әскерінің бірнеше айлар бойы қамал-қаланы өздеріне бағындыра алмай, қоршап жатқаны, Хайбар халқының оңайлықпен жауға беріле қоймағандығы, екі жақтың әскер басшылары мен батырларының жекпе-жек айқастары, ақыры түрлі діңдеті қала тұрғындарының жеңіліп, мал-мүлкі талан-таражға ұшырағаны баяндалады.

*Назым чөһар дәруиш*. Бірінші басылуы Ташкент, Ғ. Х. Ғарифжанов баспаханасы, 1913 жыл, 192-бет.

Шығыстың «Чөһар дәруиш», яғни «Төрт дәруиш» хикаясы кезінде қазақ даласына да тарағаны мәлім. Шәді Жәңгіров соны қазақша жазған. «Дәруиш» деген сөз сопылық мағынасында емес, көпті көрген адам, жер бетінен әділдік іздеуші жиһанкез деген ұғымда қолданылған.

Оның ішінде «Назым сьяр Шәриф» (ислам дінінің пайда болуы және оны уағыздап таратушылар жайлы кітап), «Хикаят халифа һарон-ар-Рашид», «Хикаят Қамар-заман», т. б. бар.

Әрине, шағын мақалада Шәді Жәңгіровтың барлық шығармаларына егжей-тегжейлі талдау жасау мүмкін емес. Сол себепті біз оның әрі үлкен назирлығы ақын екенін танытатын әрі төл, қолтума шығармалар жазған қазақ қаламгері екенін көрсететін көлемді үш шығармасына азды-көпті талдау жасауды жөн көрдік. Олар: «Назым чәһар дәруиш», «Хикаят Орқа-Күлше» және «Россия патшалығында Романов несілінен хұқымыранлық қылған патшалардың тарихтары, һәм Ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» деген шығармалары.

«Назым чәһар дәруиш» және «Хикаят Орқа-Күлше» дастандарына талдау жасаудан бұрын, кезінде Шығыс халықтары арасында кең тараған «Төрт дәруиш» және «Орқа – Күлше» қисса-хикаялары жайында қысқаша айта кету қажет.

Бұл екі қисса да, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында түрліше атпенен бірнеше тілде жырланып келген. Олар жыршы-жыраулардың айтуымен ауызша, да, хұснихатшылардың көшіруімен қолжазба күйінде де, бергін келе литография баспаханалары арқылы кітап болып та халық арасына кең тараған.

«Төрт дәруиш» қолтума шығарма ретінде де, аударма күйінде де сан рет жырланған. Мәселен, Шығыстың белгілі ақындары Тахсия XVIII-ғасырда, Мир Амман 1802 жылы осы сюжетке прозалық шығарма жазды.

Хорезм ақыны Сиддик пен Шахрисабз қаласынан шыққан белгілі өзбек шайыры Құрбан Хиромийдің «Төрт дәруиш» тақырыбына XIX ғасырда жазған дастандары кезінде бірнеше рет басылып шыққан.

«Төрт дәруиш» сюжетіндегі дастандардың шығу тарихы туралы С.Айни және И.Брагинский сияқты көрнекті әдебиетшілер де келеді, қызықты пікірлер айтқаны мәлім<sup>10</sup>.

Шәдінің «Назым чәһар дәруиш» дастаны тәжік тіліндегі «Чор дарвеш» нұсқасынан да, Құрбан Хиромий жазған өзбек тіліндегі нұсқасынан да оқшауланып, ерекшеленіп тұрады. Рас, шығармадағы оқиға желістерінің өзара ұқсас болып келетін жерлері бар. Соның өзінде, бір сюжеттің өзін-әр автор өзін айтайын деп отырған идеяға бағындыра отырып баяндайды.

Бұл шығарманың Хиромий жазған өзбек тіліндегі нұсқасында сүйіспеншілік романтикасына көбірек орын беріліп, махаббат

мәселесін автор егжей-тегжейлі штрихтармен баса көрсетуге әрекет еткен<sup>10</sup>. Хиромий өз дастанын осы шығарманың прозалық вариантына сүйенсе отырып жазса да, негізгі қаһармандар ретінде Азатбақыт пен Равшанрай бейнелерін алған да, қалған бірқағар образдар мен соларға байланысты сюжеттерді дастанға енгізбей қойған. Өзбек ақыны дәруиштердің ішкі дүниесіне көбірек үніліп, ғашықтардың көңіл – күйін, психологиясын зор шеберлікпен ашып көрсетеді. Осының бәрін гуманистік тұрғыдан түсіндіреді.

Ал «Төрт дәруиш» дастанының тәжік тіліндегі нұсқасы негізінен осы аттас хикаялардың ең көнесі, прозалық нұсқаларына біршама жақыны. Дастанының тәжік тіліндегі нұсқасы өртүрлі тақырыптарды, мәселерді, проблемаларды әңгімелейді, қызықты хикаяларға бай.

Шәдінің «Төрт дәруиш» шығарманың сюжеті, баяндау стилі, композициясы жағынан тәжік тіліндегі нұсқасына ұқсаса, ол махаббатты әлеуметтік мәселерді, гуманистік идеяларды талқылау, түсіндіру жағынан өзбек тіліндегі Хиромий нұсқасына біршама жақын. Ал, «Орқа – Күлше» жыршының тәжік ақыны Ахмед Жәми жырлаған парсы тіліндегі нұсқасы да өткен ғасырдың екінші жартысында Дели және Лахур қалаларында басылған<sup>11</sup>.

«Орқа – Күлшенің» өзбек тіліндегі прозалық нұсқасын Абдоллақажы ибн Миркәрім жазып, 1908 жылы Ташкентте бастырған<sup>12</sup>.

Осы дастанның Тегеран университеті дайындаған варианты 1965 жылы парсы тілінде шықты. Бұл кітапқа отыз төрт беттен тұратын кірісіпе жазылған. Кіріспеде «Орқа–Күлше» сюжеті бойынша парсы, түрік тілдерінде әр кезде пайда болған дастандардың шығу тарихына түсінік берілген.

Шәді Жәңгіров Шығыс шайырларына тән салт бойынша «Назым чәһар дәруиш» және «Хикаят Орқа–Күлше» дастандарын назирәгәйлік әдіспен жазған. Ақын бұл қиссалардың парсы, тәжік, өзбек тілдеріндегі нұсқаларын жетік білген, олардың кейбіреуінің сюжеттік желісін өз дастандарына зор шеберлікпен арқау еткен. Сол арқылы Шәді өзінің қоғамдық өмір жөніндегі философиялық-психологиялық толғаныстарын ортаға салады.

«Төрт дәруиш» және «Орқа – Күлше» дастандарының өзіндік ерекшеліктері бар, мазмұны жағынан бай композициялық тұрғыдан жинақы, көркемдік жағынан шебер жазылған қазақ тіліндегі тұңғыш нұсқалары осылайша өмірге келеді.

Шығыс поэзиясындағы осындай назира дәстүрі жөніндегі

<sup>10</sup> Қарамұқыз Хиромий. Чор дарвеш. Тошкент, 1960 (өзбек тілінде).

<sup>11</sup> Өзбек ССР Ғылым академиясының Ә.Р.Беруни атындағы Шығыс

шкірін айта келіп, М.Әуезов: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді.

Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбіне алдыңғы айтқан оқиғалар негізінде пайдаланса да кеп жерде өз еркімен өзгеріп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұл тақырыптың әр ақынға қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэмасы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «назира», «назирагөйлік» деп атау да берген»<sup>13</sup>. Шығыс әдебиетін зерттеуші белгілі ғалым Е.Э.Бертельс те назираны аударма, тіпті еліктеу деп қарауға қарсы болған. Ол «Ескендір Зұлқарнайын» тақырыбына Шығыс классиктері жазған әр түрлі поэмаларды өзара салыстыра отырып, зерттеу нәтижесінде мынандай қортынды жасайды: «Разбор этой поэмы убедительно показывает, как неправильно называть назирю подражанием, ибо сама сущность этого явления отнюдь не в подражании, а в том новом, что поэт внесит тему, причём эти изменения приводят сплошь и рядом к коренному изменению всей концепции»<sup>14</sup>.

Міне, Шығыс поэзиясының мектебінен оқып үйреніп, солардан ғибрат алған Шәді ақынның назирамен жазылған шығармаларын осы тұрғыдан бағалауымыз қажет. Сонымен, оның «Назым чөһар дәуріш» және «Хикаят Орқа – Күлше» дастандары Шығыс әдебиетіне тән назирагөйлікпен жазылған, автордың сол кездегі қоғамдық өмірге деген белгілі бір өзіндік көзқарасын арман – тілегін білдіретін қолтума шығармалар.

Шәді «Назым чөһар дәуріш» дастанының кіріспесі мен ең соңғы бөлімінде «Төрт дәуріш» тақырыбындағы қиссалардың бұрын да көпшілікке әйгілі бірнеше нұсқалары болып келгенін, олардың бір-біріне ұқсамайтындығын, өзінің сол қиссалардан үйреніп, жаңа қисса жазып отырғанын ескертеді:

...Қиссаның баршасы бөм еді мәшһүр,  
Бірнеше нұсқаларда айтылындур.

...Мендағы сонан көріп қисса қылдым,  
Тыңдаған зертгер деп қысқа қылдым»<sup>15</sup>.

<sup>13</sup> М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 150-б.

<sup>14</sup> Е. Бертельс. Роман об Александре и его главные версии на востоке. М.-Л., 1948, С. 115.

<sup>15</sup> Назиралар мен назиралардың тарихы. М., 1959, 10-б.

Дастан Азатбақыт хикаясымен басталады. «Халқына әділетті патша» Азатбақыт қартайды. Ол бір күні өзінің перзентсіз екенін есіне алып, қатты қайғырады. Шексіз байлық та, ақылгөйсінген үздірлер де патша басына төнген қайғы бұлтын сөйілте алмайды. Қайғыдан қажыған патша бір жолы түн ортасында жалғыз өзі молаға барады. Сонда ол бір-біріне көрген-білгендерін хикаялап отырған төрт дәуішті – төрт жиһанкезді көреді. Патша оларға көрінбей тұрып, екі дәуіштің әңгімесін тыңдайды.

Сосын Азатбақыт жиһанкез жолаушыларды өз шақырып, құрметті қонақ етеді. Патша дәуіштерге итіне алтын табақпен ас беріп, екі ағасын иттің сарқытқымен бағатын бір саудагер жігіт туралы әңгіме айтып береді. Қалған екі дәуіштің де хикаясын тыңдайды.

Ақыры, Азатбақыттың әйелі босанып, оған Бақтияр деп ат қояды. Перілердің патшасы Мәлік Шабаздың көмсігімен дәуіштердің бәрі арман-тілектеріне жетіп, бақытты өмірге енеді. Дастан осылай аяқталады.

Шәді ақын бұл дастанында өзінен бұрынғы прогрессивті бағыттағы ақындар мен ойшылдардың әділ патша, ел игілігі мен халық қамы, жалпы адамгершілік, мөлдір махаббат, достық жайындағы ой-пікірлерін қуаттай түскен.

Бұл дастанды оның басқа шығармаларынан оқшаулап тұратын бір ерекшелік бар: дастандағы жағымды қаһармандардың барлығы дерлік көздеген мақсаттарына жетіп, олардың арман-тілектері орындалады. Ал, жағымсыз қаһармандар өздерінің қылмыстарына қарай түрліше жазаға тартылады. Бірінші дәуіш әңгімесіндегі жақсылыққа жамандықпен жауап берген саудагер де, тұған інісіне қастандық жасаушы ағайынды арамза жігіт те, әділ адамға дұшпандық жасағаны үшін өгіз кейпіне еңген пері де тиісті жазасын алып, сазайын тартады. Ақын бұл арқылы – шындық, әділдік түбінде жеңіп шығады деген ізгілік идеяны аңғартады.

Сан ғасырлар талай-талай қанқұмар, озбыр, зұлым патшалардың тепкісінде болған халық ел билеушілердің өбіл, ақылды, жомарт болуын арман етіп келді. Қоғамдағы теңсіздікті, әділетсіздікті патшалардың жақсы, яки жаман болуына байланысты деп түсінеді. Осыдан әділ патша жөніндегі түрлі хикаялар туады.

Дастанда феодализм дәуіріне тән зұлым, айлакер, пасық патшалардың бейнесі жасалған. Ақын халық арманынан туған әділ патшалардың істерін, даналығын озбыр, тоғас патшаларға қарсы қояды.

Дастанның басты қаһармандары патшалар, байлар, саудагерлер

ел басқарған батырлар, данышпан қариялар, ақылды, ержүрек әйелдер екенін көреміз. Мәселен, шығармадағы төртінші дәруіштің хикаясында бір патшаның кейде өзінің Мүбәрек деген құлдан ақыл сұрап, соның айтқаның істеуге мәжбір болатынын айтылады:

Мүбәрек ат қойылған күл бар еді,

Атама ғұмырын өткен қызмет қылып,

Күл еді парасатты, артық дана

Кей уақытта жолығар елім барып оған!<sup>16</sup>

Бұл шығармадағы әйелдер діни қиссалардағы қыздардай дәрменсіз емес, «күлдің басқа салғанына көңілі», «шашы ұзын, ақылы қысқа», «от басы, ошақ қасының» ғана иесі емес. Керісінше, өздерінің арман-мақсаты, ар-намысы үшін күресе алатын, алыс та, қиын сапарларға ерлермен бірге аттанып, дұшпанынан кек алуға жарайтын ақылды да, батыл жандар.

Шам шаһарындағы сұлу қыздың өзіне қастандық жасаған саудагер жігіттен қаймықпай, онан ерліктен өш алуы, патша зынданына түскен екісін құтқару үшін үзәір қызының ерлерше кіншіп, бойына қару асынып алып сапарға аттанып, ақыры екісін құтқаруы бұл сөзімізге айқын дәлел.

Дастанда едәуір көрнекті орын алған идеялардың бірі – ғашықтық, уәдеге беріктік, сөзге тұрақтылық мәселесі. Шығарма қаһармандары өздерінің асыл армандарына жету үшін алтын сарайлардан да, патшаның тәж-тағынан да, байлықтан да бас тартады. Сүйгеніне қосылу жолында қандай қиыншылықтар кездессе де төзеді, сөзінде тұрады.

Ғашықтар	мағлұғынан	айрылған	сон,
Дүниеде не іс қылар бекер жүріп?!			
Артынан лазым еді өліп кетпек,			
Уәдеге отаңдарлық шартым етпек.			

Дастанның жағымды қаһармандарының сөзі мен ісі бір, олар айлар, тіпті жылдар бойы шексіз азап көрсе де ақыры уәдесін орындап шығарды. Сүйгендеріне қосылады. Автор бұл арқылы пындық түбінде жеңіп шығуы тиіс деген пікір айтады.

Қорыта айтқанда, Шәдінің «Назым чәбар дәруиш» дастаны жақсылықты, әділдікті, уәдеге беріктікті, ерлікті, бауырмалдықты ардақтауға, мадақтауға, құрметтеуге арналған деуге болады.

Шәдінің «Хикаят Орқа-Күлше» дастанының негізгі тақырыбы махаббат, сүйіспеншілік және адамгершілік мәселелері. Алайда автордың өз шығармасында көтеріп отырған идеясын осы

терминдерін ғана шектеп қою жеткіліксіз. Өйткені гуманистік бағыттағы ақын махаббат сырын жалаң жырламаған, сүйіспеншіліктің де әлеуметтік мазмұны, адамның еркіндік құқығына байланысты бірқатар сарындары бар екенін дәлелдеуге тырысқан. Дәлірек айтсақ, Шәді махаббатты үлкен әлеуметтік проблемаға, категорияға, факторға айналдырып көрсете білген.

Дастан оқиғасы Халал және Хамам деген әкімдердің достығын сипаттаудан басталады. Олар біріннің әйелі қыз туып, екіншісі — ұл тапқанда, — бірте той жасап, бесікқұда болады. Хамамын ұлы — Орқа мен Халалдың қызы — Күлше бірге тәрбиеленеді, бір мектепте оқып білім алады, өсе келе араларында сүйіспеншілік туады. Ал, Күлше бой жетіп, Орқа ер жеткен шақта:

Екеуін қоспақ болды неке қылып,

Өзінің бар халқына жар шақырып,

Той берді бірнеше күн жұртты жиып,

Шатлығы бар халқының хәлден өтті.

Тағам жеп жайларына тарап кетті,

Қазылар әзір болып күтба оқып,

Күлшені Орқаға неке етті!<sup>17</sup>

Екі әкім — Халал мен Хамам құда түсіп бірін-бірі құрметтеп, өзара сыйласып, күн сайын біріннің үйіне бірі қонаққа барып жүрген кезде олардың дәулеті де, Әлеуметтік жағдайы да тең еді.

Бірақ бұл екі әкімнің достығы өзара сыйласуы ұзаққа созылмайды. Көрішлес отырған елдің Ғұмар деген әкімі көп әскер мен келіп, Хамамын сәулетті сарайларын қирағып, мал-мүлкін тонап кетеді:

Хамамын қазына малы, дүниесінің,  
Бәріне келген қосын талан салды!<sup>17</sup>

Сөйтіп, бірер күннің ішінде-ақ жігіт жағы тақыр кедей болып қалады. Осы жәйгі естісімен, Күлшенің әке-шешесінің Орқаға деген көзқарасы күрт өзгереді. Енді олар некелес берген өз қызын сүйікті күйеуінен ажыратып алудың айда-тәсілін іздестіре бастайды.

Орқа тіпті ерлік көрсетіп, жау қолында тұтқын болып жатқан сұлу Күлшені өлімнен құтқарып әкелгенде де, қыздың әке-шешесі күйеу баласына жылы шырай білдірмейді. Қайта кедейсін деп Орқаға «кіне» тағады, оның үстіне, күйеуден көп дүниес-жиһаз талап етеді.

Күлшенің анасы Шам шаһарынан келген бір саудагердің

<sup>17</sup> Хикаят Орқа-Күлше. Ташкент, 1917, 4-5-б.

байлығына қызықандығы сондай, ол өз қызын күйеуінен айырып, сол саудагерге беру үшін күлак есітіп, көз көрмеген сұмдық айла ойлап табады. Орқа өз әйелін қайта сатып алу үшін дүние-мүлікәшәна іздеп, нағашысының еліне аттанып кеткенде, Күлшенің анасы өзінің тірі қызын елге өлді деп жариялап, бүкіл ел болып аза тұтады, қайғырады. Бір қойды жасырып сойып, табытқа салады, өгірік жылап-сықтап, қой өлігін қастерлеп жерлейді.

Ақырғы, Күлшені «ақылмен аяғына тұзақ салып» саудагерге сатып жібереді. Ол сұлу Күлшені сырттай ұнатып, қызды көру үшін саудагер киімімен жүрген Шам елінің патшасы Мәлік Мухсин болып шығады. Патша Мухсин бірте-бірте Күлшенің бар арманы Орқа екенін түсінеді. Ғашықтарға бөгет болуды мін көреді. Содан ол Күлшеге үйленбейді, оны қарындас етіп алады. Кейін Күлшені сүйгені Орқаға той жасап ұзатады.

Дастан екі ғашықтың қосылуымен аяқталады. Бұл арқылы автор ізгілік, жақсылық түбінде жеңіп шығады, тек асыл арманға жету жолында талмай ізденіп, аянбай күресу керек дегендей оптимистік пікір айтады.

Орқа өзінің асыл арманы—Күлшеге жету жолында қыруар қиыншылықтарға дулар болады. Алты айлық жолы бар алыс сапарға да аттанады, сансыз жау әскерімен жалғыз өзі соғысып, дүшпан қолына да түседі. Бірақ Орқа өзінің ізгі мақсатынан, махаббатынан бір сәтке де бас тартпайды. Бұл жөнінде ол өзінің Күлшеге арнаған бір газалында былай дейді:

Күлшежан, сенің жолында,  
Қай түрлі михнат көрмедім?  
Көрметен ісім жалғыз-ақ —  
Ажалым жетіп өлмедім»<sup>20</sup>.

Сөйтін, Шәді өмір жолында кездесетін еселсіз көп қиыншылықтарға төтеп беріп, оны жеңіп шыға алатын, табанды, ержүрек, ақ пейілді адамды дастанның басты қаһарманы етіп алған. Сол арқылы адам көздеген мақсатына, бақытқа жету үшін жан аямай, талмай күресу білу керек деген пікір айтады.

Шәді Жәңгіровтың ұлы орыс халқының ерлік тарихын жырлап, Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуын зор шабытпен хикая ететін поэмасы «Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұқыранлық қылған патшалардың тарихтары, һәм Ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» деп аталады.

Кітаптың бірінші бетінде «шығарушылар Қоңырхожа

Ходжиков, Ғалиасқар Қасымов, Сұлтан Шәді Жәңгіров» деген жазу бар. Поэманың кіріспесінде бұл шығарманың бірден-бір авторы Шәді Жәңгіров екені көрініп тұр. Ал алғашқы екі кісі поэмаға қажетті кейбір қажетті деректер мен орыс тілінде жазылған шежірелерді белгілі бір жүйеге келтіруде ақынға көмектескен сияқты.

Оның үстіне, алғы сөзінде Ходжиков та, Қасымов та өздерін оқушыларға біз «тәржіман» (аудармашы) деп таныстырады.

Қол қойған тәржіман деп біз екеуміз,  
Тарихты қазақ елге аударлық біз»<sup>21</sup>.

Аудармашы болғанда, көркем шығарманы емес, «тарихты қазақ тілге», яғни тарихи деректерді ғана аударушы екенін өздері ескертіп отыр.

Ал Шәді Жәңгіров жоғарыда аталғандардың қазақшалап берген тарихи мағлұматтарын өзінше жүйелеп, қорытып, өлеңмен жазғанын айтады:

Қазақтың әдет еткен бойтүмесі,  
Назым еткен сұлтан Шәді Жәңгірұлы»<sup>22</sup>.

Тағы да кітаптың беташары, «бисмиллиасы» ретінде патшаны мадақтайтын орыстың шағын екі өлеңін қазақшалап берген. Екеуінде де «аударған Ходжиков» деп жазылған. Бұл — поэманың авторы Шәді деген біздің әлті пікірімізді тағы да растай түседі.

Поэманың негізгі бөлімі XVII ғасырдың басында орыс халқының поляк және швед басқыншыларына қарсы ерлік күресін көрсететін өлеңдерден басталады. Пандық Польша әскерінің 1610 жылы Ресейге баса-көктеп кіргені, шведтердің Новгородты жаулап алғаны, басқыншылардың шаруаларды тонап кеткені тарихи деректерге сай суреттелген.

Ел басына қара түнек күн туған сәтте орыс жерін жауға бермей, сақтап қалу бұқыл халықтық ұранға айналғанын Шәді дұрыс түсініп, осы пікірді поэмадағы бірқатар өлеңдердің негізгі идеясына айналдырған. Ресей аспанын қара бұлт қаптағанда жауға қарсы аттанатын халық жасақтары құрылып, оларды қаралайым қасашы Құзьма Минин мен князь Дмитрий Пожарский басқарғаны ақын мақтанып сезіммен өңгімелейді.

Мининнің Ресей халқына еш нәрсе аямаймыз, үйлерімізді

<sup>20</sup> Ш. Жәңгіров. Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұқыранлық қылған патшалардың тарихтары, һәм Ақтабан шұбырыншылық

сатамыз, әйелдеріміз бен балаларымызды кешілдікке саламыз», сөйтіп, Отан қорғау үшін қажетті қаржыны қалай да табамыз деп үндес тастағаны тарихтан жақсы мәлім. Халық қаһарманының осы үндеуі поэмада былай айтылған:

Бәріміз Россияның дәулеті үшін,  
Мал-мүліктің аймайық ешбірісін.  
Әскерге сарп етелік бәріні берің,  
Тұралық бір адамның үкіміне елің<sup>22</sup>.

Ресейді шет ел басқыншылығынан азат етуде қарапайым халық шешуші рөл атқарғанын поэманың авторы оқушыға зор шеберлікпен жеткізген. Мәселен, Халық қаһармандарының бірі Иван Сусиннің ерлігін талай заманның ақындары жырға қосып, композиторлар ол туралы ән шығарып, опера жазды. Ал Шәді поэмадағы «хикаят Сусанин» деген өлеңінде осы ерлікті қазақ әдебиетінде тұңғыш рет жырлаған.

Ресейдің қатал қыс, қатты боранында басқыншылық мақсатпен келе жатқан жау әскері адасып кетеді де, қарапайым шаруа Сусаниннен жол көрсетуді талап етеді:

Поляктар қараңғыда жол адасып,  
Боранда қысты күні қорқып, сасып,  
Сусанин ат қойылған бір шаруаның,  
Үйіне кез болдылар арып-анып<sup>23</sup>.

Сусаниннің басқыншы жауды қалың орманға алдап апарып, айламен қырып салғанын, өлімді өзі тік тұрып, ерлікпен қарсы алғанын Шәді қисса стилімен тартымды етіп жеткізген.

Шәді Жәңгіров орыс патшаларының ішінен, әсіресе, бірінші Петрге көбірек назар аударып, оны ерекше жылы сезім, шынайы шабытпен жырға қосады. Оқушыға мәлім, Бірінші Петр Ресейде үлкен тарихи өзгерістер жасады. Оны жаңа, даму жолына салған еді.

Міне, ағартушылық бағыт ұстаған Шәдінің Бірінші Петрге зор ілтипат білдіруінің сыры да ол жүзеге асырған осы игі өзгерістерге байланысты сияқты. Шәді Бірінші Петрдің осы прогрессивтік рөлін жақсы түсініп, поэмада оны жан-жақты суреттеген.

Бірінші Петр туралы А.С.Пушкиннің: «бірде академик, бірде батыр, бірде теңізде жүзуші, бірде ағаш шебері» дегені мәлім. Шәді өз шама-шарқына, Бірінші Петрдің көп қырлы бейнесін жасауға әрекет еткен. Поэмадағы өлең-жырларда Бірінші Петр ағаш шебері де («Петр патшаның сардамда тұрған ахуалы»), әскери

қолбасшы да («1709 жылы болған Полтава соғысы»), мемлекеттік қайраткер де («Император Петр патшаның Россия дәулетін жаңа терішке салғаны») болып бейнеленеді.

Петербург қаласының салыну тарихын А.С.Пушкин өзінің «Мыс салтатты» поэмасында шебер суреттеп айтқаны мәлім. Ш.Жәңгіровтың поэмасында «Петербург шаһарының бина болғаны» деген өлең бар. Қазақ ақыны орыс ақылының жоғарыда аталған поэмасынан үлкенді-кішілі үзінділер аударып, оны өзінің осы өлеңінде өте орынды, ұтымды пайдаланған.

Шәді қазақ оқушысын А.С.Пушкинмен таныстырады, ұлы ақынның Петербург шаһары жайында өлеңі бар екенін айтады:

Россия шаһарының болған алды,  
Бір шаһар Пушкин деп қойған пажылы,  
Петербург бина болған турасында,  
Бейіт айтып, үшбу сөзді хатқа салды<sup>24</sup>.

Шәді Пушкин өлеңіндегі «В Европу прорубить окно» деген жолды қазақ оқушысына аударып қана қою жеткіліксіз деп біліп, оған егжей-тегжейлі түсінік берген.

Поэмадағы «Ақтабан шұбырыншылық заманнан бері қарай қазақ халқының ахуалын» баяндайтын өлең-жырлар идеялық және көркемдік жағынан аса ұтымды шығқан.

XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында жоңғар феодалдарының қазақ даласына басқыншылық шабуылдары күшейе түскені тарихтан мәлім.

Сол кезде қазақ жұртының арқа сүйері Орта Азия хандары емес, Ресей екенін қазақтың бірқатар зиялылары түсіне бастады. «Өлімнен қорлық жаман» деп, ел бірлігін ойлаған жақсылар Ресейге қосылу қажеттігін айтып, бүкіл қазақ даласына ұран салады.

Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың Петербург еліне жіберіп, Ресеймен дос болғысы келгенің, орыс патшасының бұл ұсынысты қабыл алғанын, соның арқасында Кіші жүздің басқыншылықтан құтылғанын Шәді тарихи деректерге сай жырлайды.

Бұрын Қоқан, Хиуа хандарының қарамағында болып келген халықтар қиын-қыстау жағдайда, арпалыс соғыс үстінде хандарды, төрелерді емес, орыс әскерін қолдады, оған жан-жақты көмектесті:

Қазақтан қанша жігіт бәрге жүрді,  
Құдық, су бар жерлермен алып жүріп,  
Жол бастап Россияға қызмет қылып,

Қазақтаң жұрмегенде адам еріп,  
Ол әскер ренжір еді мөхнат көріп<sup>25</sup>.

Қорыға айтқанда, «Россия патшалығында Романов нәсілінен хұқымыранлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырыншылық заманнан бері қарай қазақ халқының ахуалы» - тарихи реалистік поэма. Ол – Шәді Жәңгіровтың аса маңызды, күрделі де көркем, туындысы.

Назирагөйлік салтын жете менгеріп, кезінде көптеген қолтума шығармалар жазған қазақ ақындары шығыс зергерлерінің қолынан шыққан сан түрлі бейнелеу, көріктеу құралдарын – образ жасау әдістерін, теңеулерді, өлең жүйесін, тағы басқаларды зор шеберлікпен, шығармашылықпен пайдаланды. Олар шығыс классиктері жасаған ғажайып образдарды қазақ топырағына лайықты, өз оқушысына жақын етіп қайта тудырды.

Мәселен, шығыстың классикалық әдебиетінде ғашықтар арасындағы сүйіспеншілікті бейнелеу үшін жиі қолданылатын аллегориялық тәсілдердің бірі «гүл – бұлбұл» теңеуіне байланысты болған. Бұл тәсіл – ақынның ой- пікірін нақты сурет арқылы бейнелеп көрсету үшін пайдаланылған.

Шәді де эпикалық шығармаларда классикалық поэзияға тән осындай бейнелеу құралдарынан пайдаланады әрі оны өзінің ақындық стиліне сай етіп жаңғыртып қолданады:

Сайраған қайсы бақтың бұлбұлы едің,  
Бөгір амалыңнан қай гүлістан?<sup>26</sup>

Немесе:

Ауазыңның қолпығына қайран болып,  
Бұлбұлдар сайрамай тұрып қалды<sup>27</sup>.

Шығыс поэзиясындағы дәстүрлі бейнелеу құралдарының бірі – сұлу қыздың қасын садаққа, ал кірпігін оның өткір оғына ұқсату. Мұның өзі ғашық жардың портретін толықтырып, жандандыра түсу үшін қолданылып келгені мәлім. Шығыс әдебиетінде бұл әдісті шеберлікпен қолданудың тамаша үлгілерін көрсеткен Әлшіер Науаи. Ол:

Ераб, ул шахлу ёлабдурур,  
Ё магар шахлу шакар ёлабдурур.

<sup>25</sup> Бұл да сонда, 37-б.

<sup>26</sup> Назым чебар ләруйі. 71-б.

Жонима пайнаста новак отқали  
Ғамза уқин қошиға ёлабдурур<sup>28</sup>.

деп қыл- қызыл ерінді – қызғалдаққа, қиылған қасты – садаққа, кірпігін жайдың оғына, жүректі – қорамсаққа салыстырады.

Ұлы шайыр шығармаларынан еркін сусындаған Шәді ақын бұл әдеби мұраға шығармашылықпен қарап, оны өз шығармаларында өте орынды пайдаланды:

Қасы – жай, шашы – сұмбы, аузы – ғұнча,  
Нәзіктік – түзілікте бейі қылша.  
Сымдай тәзі, тәзік борзет, шіріт забан,  
Жүзінің зигалығы қызыл гүлше<sup>29</sup>.

Немесе:

Қараса ұйықтап жатыр бір сұлу қыз,  
Қасы-ай, кірпігі – оқ, шашы – құндыз,  
Жүзінен нұры шығып шұғылзаланған,  
Ай мысал он төртінші, яки жүддиз<sup>30</sup>.

Таңғы самал арқалы сүйген жарына сәлем айту – халық ауыз әдебиетінде де, классикалық поэзияда да жиі қолданылатын дәстүрлі бейнелеу тәсілі. Мұның өзі шағын лирикалық өлеңдер жазуда да, көлемді дастандар тудыруда да қолданып келген. Мәселен, Ғамза өзінің бір өлеңінде:

Сабо арзумни еткур, мохитлобон бир келиб кетсүн,  
Тамоми хуси элипинг шохи – сүлгөп, бир келиб кетсүн<sup>31</sup>.

деп желпіп қана есіп тұрған таңғы самал арқылы айдай көрікті, бүкіл әсемдіктің патшасы – сұлу қызға сәлем жолдаған жігіт бейнесін жасайды.

Мұндай өлең жолдары Шәдіде де кездеседі:

Көңілімде арман қалмас-ты,  
Бір көріссе жамалы.  
Хабаршы лейді ғашыққа,  
Таңғы дала самалы,  
Мен гәріп, ғамли Кулшеден,  
Орқағы жеткіз сәлемді<sup>32</sup>.

<sup>28</sup> Назимий. Хазойингул мәсний. Топикент. 1960, 719-б.

<sup>29</sup> Назым чебар ләруйі. 86-б.

<sup>30</sup> Хикаят Қамарзаман. 10-б.

<sup>31</sup> Хикаят Танланған асарлар. Топикент, 1960, 29-б.



Халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті көп жылдар бойы бір-біріне әсер, ықпал етуі процесінде өмірге келген дәстүрлі эпикалық стильді Шәді өз дастандарында кезінен пайдаланады. Бұл — ең алдымен, ақынның көбіне өзгермейтін, яғни тұрақты теңеу, метафора, эпитеттерді жиі-жиі қолдануынан әрі өз қабармандарының бейнесін жасауда, яки олардың көңіл-күйін білдіруде тұрақты стилистикалық формулаларды пайдалануынан байқалады. Шәді дастанындағы сұлулардың «жүзі — гүл», «тісі — дүр», «белі — қыл», «мұрны — пісте», «лебізі — бұлбұл» болып келеді. Мәселен:

Тісі — дүр, аузы — гүлге, көзі — нәркес,  
Жүзі — гүл, шашы — сүмбіл, қиылған — қас,  
Белі — қыл, лебізі — бұлбұл, мұрны — пісте,  
Дүңнеде еш адам жоқ бұған ұқсас<sup>33</sup>.

Сондай-ақ ақынның «жұлдыздың ішіндегі ай секілді», «қолға қонған қаршығадай», «еріндері — қырмызыдай», «көздері жұлдыздай», «ауыздары оймақтай», «еріндері қаймақтай», «бел қылдай» деген сияқты дәстүрлі теңеулерді жиі қайталап қолданады.

Шәді өз кейіпкерлерінің көңіл-күйін, қайғы-қуанышын білдіру үшін дәстүрлі теңеулер мен метафоралардан құралған, өзгермейтін поэтикалық түрлерді зор шеберлікпен пайдаланады. Мәселен, Шәді ақынның қаты қайғы — қасіретке, азашқа, бақытсыздыққа душар болған қабармандары, әдетте, «Бауырым қанға толды», «бауырыма бітпейтұғын түсті жар», «бауырым күйіп», яки «бауырым еріп» барады деп мұңайды:

Сол заман көңілім болып пара-пара,  
Бауырыма бітпейтұғын түсті жар<sup>34</sup>,  
Атасы өлгендін Орқа біліп,  
Ініше жалын түсіп, бауыры күйіп<sup>35</sup>.

Сонымен, Шәді Жәңгіров — ізгілікті, адамгершілікті жырлаған, прогрессшілі, ағартушы бағыттағы ақын. Ол тек назирашы ақын ғана емес, сонымен бірге, өз заманының күрделі мәселелерін жырлаған, өз жанынан төл туындылар жасаған, мол, күнды мұра қалдырған үлкен ақын.

<sup>33</sup> Хиқаят Қамарзаман. 8-б.

<sup>34</sup> Назым Ғебар дөрүйіп. 53-б.

## МАЙЛЫҚОЖА СҮЛТАНҚОЖАҰЛЫ (1835-1905)

Майлықожа Сырдария өзенінің бойында, қазіргі Шымкент облысы, Қызылқум ауданына қарасты "Қожатоғай" қаракөл қой совхозы тұрған жерде туған. Ақынның әкесі Сұлтанқожа Атақожа орта шаруалы, үрг мінсәді, тура сөзді кісі екен. Оның кейбір оқыс қылықтарын көрсететін аңыз-әңгімелер ел ішінде осы күнге дейін сақталып қалған. Соның бірі, мысалы, былай айтылады: сәске түс кезінде шағын қараша үй алдынан өтіп бара жатқан Сұлтанқожа әлі үйдің табалдырығынан асыл, сыртқа шығып жатқан біреудің аяғын көрседі. Табанда аяқтан алып тысқа сүйреп шығарса — солақандай жігіт. Алашақтап қалған жігіттен жасын сұраса "жиырма бесемін" деп жауап беріпті. Сонда ол кісі: "Саған қор болған қайран жиырма бес", — деп қамшымен батырлата жөнеліпті. Қызметіне қырсыз, жанқау жан өз жазасын осылай тартыпты.

Осындай оқиғалардың салдарынан болса керек, ел-жүрті Сұлтанқожаның атын да өзгертіп алып кетіпті. Ақынның әкесі ел ішінде "Шотан" деп аталып кеткен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылыми атапханасының қолжазба қорындағы Майлықожа материалдарының бәрінде дсрлік ақын әкесінің аты "Шотан" деп көрсетіліп жүргенінің негізгі себебі осы.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы — өткен ғасырдың екінші жартысында күнгей Қазақстанда жасаған көрнекті ақынның бірі. Оның өңегені сөздерін халық өз қазынасы қатарында сақтап, сап алтындай сақтап, ауыздан-ауызға көшіріп, атадан балаға мирас етіп қалдырып келеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы ғылыми атапханасының қолжазбалар қорында жатқан ақын Сақтаушы мыңдаған жол жырлары бұл пікірімізді толық растайды.

Ол — қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ұқыпты жинаушысы Әбубәкір Диваевқа тиісі. Мәскеу қаласында шығарылып тұрған «Этнографическое обозрение» атты журналдың 1907 жылғы 3-санында «Өлең — қырғыздың махаббат жыры» деген тақырыпша қойылып, Майлықожа өлеңі жарияланған. Орыс тіліне аударылып басылған қазақша нұсқасы күні бүгінге дейін қолымызға түспей жүрген ол өлеңнің аяғында Әбубәкір Диваев жазған «Шымкент үйезі, Арыс болысының қырғыз Майлықожа Сұлтанғожин жазып берген қолжазбадан аударылды» деген ескертпе келтірілген.

Ақын әкесінен ерте айрылады. Сүйенер-сенері қалмаған ана он төрт жасар Майлықожасы мен одан да жас Есеханның ертіп тәркініне, әкесі Исаның қолына келеді. Бірақ көп ұзамай оның өзі де дүние салады. Нарашы жұртына келгеннен кейінгі тұрмыс түрткісінің қандай болғаны ақынның алғашқы өлеңдерінің бірінен алынған төмендегі үзіндіден аңғарылады:

“Өуелінде ата кетті,

Оннан кейін бота кетті,

Барша істері қата кетті,

Бір Алла тағдыр өзіңіңсі.

Екіншіде ана кетті,

Бүзәу баспақ, таңа кетті,

Ту сиырым және кетті,

Бір Алла, тағдыр өзіңнен.

Күрәдін ма, сорым құлқаның,

Көп қарттым зарым жылқының,

Енді саған бермесің,

Бұл байталдың бір қылың”.

Кедейліктен кенде болмаған Майлықожа ағайын-жұрағат жәрдеммен Әбдірахман деген кісінің қызы Ерқайымға үйленеді. Сөйтіп, өзінің туған жері Сырдария өзенінің бойына қайта көшіп барады. Мұнда келген соң да диканшылық кәсібімен бірге нағашы жұртында жүргендей өлең-жыр айтатын әлетін тастамайды. Ауылдан қыз-жігіттерге махаббат өлеңдері мен сәлем хаттар, қазаға ұшырап қалған қаралы үйлерге жоқтаулар шығарып бере жүреді.

Күнкөріс қамының бұл тәсілі кейін төселген ақын ретінде биік бедеге ие болған кезде де талай жерде, ұлан-ғайыр жиын-тойларда ақынның алдынан шығып, кесе-көлдесіңдесіп отырады. Әзіл-айтыс үстінде шебер шешендігі, алғыр ақындығы арқамы үлкен абырой-атақ алған нағашысы Мәделіқожа сөз бәсекесіне түскенде жасің Майлықожа өмірінің осы жағын қандай айтып барып жеңіске жетіп жүрген. Мұны осындай өлеңмен

қақтығысулар кезінде Мәделіқожа айтқан мына сөзге ақын тарапынан жауап қайтпай қалғаны да дәлелдей түссөз керек.

“Ақын Майлы, сен неғып бойлап жүрсің,  
Колға алып домбыранды ойнап жүрсің?  
Байы өлген қатындармен жоқтау жоқтап,  
Сен-дағы өз пайданды ойлап жүрсің.

Атыңды қамшылайсың, желсе екен деп,  
Дүниені шақырасың келсе екен деп.  
Мысықтай, ақын Майлы, тілеуің бар —  
Тілейсің малды адамды өлсе екен деп”.

Жоқшылықтан көрген жәбір-жапасын ақынның өзі де үнемі айтып, назаланып отырады. Мұндай, өмірбаяндық жай-күйлерді көрсетуге арналған, кейін есейген күнінде де салт атты, сабау қамшылы қалыптан құтыла алмағанын, аузымен құс тістеген ақындығы арқылы қаншама мал тапқанымен, кедейліктен арыла алмағанын баяндайтын өлең-жырлар Майлықожа шығармашылығында бірталай.

Кедейліктің кейістігі жанын жегідей жеген ақын көптеген қиыншылықтардан кейін барып, шаруа күйін бір қос жөнге салып алғандай болады. Өстіп жүргенде, — оның өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі кез келеді. Сол кезеңде Қараспан маңын жайлаған ел ішінде Сұлтан дейтін төренің атаққа шыққан Ханана дейтін қызына кездеседі. Ойын-той, алқа-қотан жиындарға қалмай қатысып, көптен көрісіп, іштей ұғысып жүрген бұлар қараңғы түндердің бірінде қол ұстасып, қосылуға серттеседі.

Содан Сыр бойында орталарында отырған аз ауыл қожа мен тере тұқымының намысын жыртқан жұрт қалың Қоңырат арасы тулап тұтып, дау-дамай туады. Әсіресе, нағашы ағалары Әздерхан, Әзхан дегендер қалыңмал даулап, күн көрсетпей қойғаңдарымен тынбай, ақынның жеке басына қауіп төндіре бастайды. Ақыры, тынышталар түрі көрінбеген соң, — суырып бере қояр ақнасы, алдына салып айдаға салар малы жоқ қос ғашық қол ұстасқан күмі өзбек жеріне, Нұрата-Жызақ жағынан өліп кетеді. Бұлар онда екі жылдай болады. Сөйтіп, ел тынышталған соң ғана туған жерге қайтып оралған Майлықожаның үлкен балалары Жолбарыс, Қабылан, Асан, Әлімхандар — бәйбішесі Ерқайымнан да, бертінірек келіп, 1935 жылы өлген кенжесі Исабек — осы Хананадан.

Өзбек елінен туған жеріне қайтып келгеннен кейін Майлықожа бірыңғай ақындыққа бет бұрды, ел аралап жыр

жырлайды, көптеген ақындармен айтысқа түседі. Онымен айтысып, сөз сынасқан ақындар арасынан нағашысы Мәделіқожа Жүсіпқожаұлын, белгілі Құлыншақ, Кемелұлын, қырғыз еліндегі Жаныс ақынды, Айман мен Гүлханым есімді қыздарды, басқа да талай талант иелерін кездестіреміз.

Ел ішінде ақынның өмірбаяны, ақындық қызметі туралы айтқан жеке оқиғалар, аңыз-әңгімелер аз емес. Солардың жалпы жиынтығынан көрінетін нәрсе — Майлықожаның ұстамды да парасатты ақыл иесі, кейде мейлінше әзілқой әрі мысқылшып, өнегешіл өнерпаз адам болғаны аңғарылады. Елдің берік бірлігін насихаттаумен бірге, күнделікті тұрмыс-тіршілік қамын ойлау, тиімді ұйымдастыруды қарастыру, арлы, абыройлы, еңбекқор, табанды адам тәрбиелеу — Майлықожа өмірінің бар мақсат, биік арман мұнарасы іспетті. Сырдария өзенінің ернеуін жырғып, алдын тоғандап тосқауыл жасап, арнайы арық тарттырғаны, сол арық бойымен жағадағы ауыл маңына су ағызып, шөлейт жерді суландырғаны, сөйтіп, бір жағынан, диқаншылықпен шұғылданғаны да қызықты жәйт. Ақын қаздырған арық-атыз бүгінгі Шардара ауданына қарасты “Сүткент” совхозының өзеннен өтер өткелі тұрған жер — Қызылжарда осы күнге дейін сақталған.

Майлықожа өмірінің орта шенінде нағашы жұрты әрі өзімен аталас ағайындарының біраз бөлігі отырған Ақбұлақ өзені ағып жатқан алқапқа қоныс аударады. Бұл жер — Алматы темір жолының қазіргі Бадам станциясы тұрған төңірек. Мұнда келгеннен кейін ақын көп ұзамай-ақ, 1898 жылы дүние салады. Өлер кезінде айтты делініп жүрген өлеңдерінің біріндісі:

“Бадам мен аман болған Ақбұлағым,  
Жағармын қимылауға келмей шағым,  
Бізге ырза болыңдар үлкен-кіші  
Аттанар ақыретке болды уағым”<sup>10</sup>

дейтін жолдар осыны растайды.

Ақындық талант — табиғаттың адамға берген асыл сыйы. Ол қоғам тұрмысының ықпалымен және соның керегіне қарай ұшталып, өткірленіп отырады. Мұның солай екені Майлықожаның өзі айтқан сөздерінен де аңғарылады.

Сонымен бірге ақындық өнерді мейлінше жоғары санайды, ақындығының қалыптасуына ықпалы тиісін шығыстың атағы елемге жайылған ұлы ақындары қатарынан Әбілқасым Фердауси, Әлішер Науаи есімдерін атайды. “Жігіттің көркі — өнергі” деп түйген ақын, “өнер алды — тілі еді” дей келіп, жоғарыдағы өзі

ұстаз тұтыған сөз шеберлерін шама-шарқыша шарықтаға мадақтайды. Өзіне дейінгі қазақ арасынан олармен тең түсетін өнерпаз таппайды, өзін де солардың шәкірті санайды. Оған мына жолдар айғақ:

“Сартпан өлкен Науаи  
Тілдің гәусар гүлі еді,  
Парсыда өлкен Фердауси  
Заманында дүр еді.

Нұсқа ғып айтсам кейінге,  
Ақынның солар ірі еді,  
Қай қазақта ақын боп  
Өткендерден ірі еді?

Майлы ақынның өзіне,  
Ыбырағ берер сөзіне,  
Ірі болса осылар,  
Болар еді-ау тірегі”<sup>11</sup>.

Сонымен бірге, Майлықожа өз өнерінің халық арасында қадірлі екенін түсінуден туған ақындық текашпарлық та жоқ емес. Өзіне ұстаздық етерлік Әбілқасым Фердауси, Әлішер Науаи секілді ұлы тұлғалардың өмірден өліп кеткеніне жоғарыдағына өкініш білдірген ол, ендігі қазақ қауымына өнегелі, өресі сөз тастай аларлық шарқы бар ақын өзім деп түсініп, төмендегідей қорытынды жасайды:

“Осы кезде халқымада  
Сөз тастайтын артына,  
Мелеспі басқа кім еді?”<sup>12</sup>

Өлең тақырыптарының қай тұрғыдан баяндалып, қандай идеяларды орнықтыру мақсатын көздегенін түсінудің кілті, бұған дейін де айтқанымыздай, ең алдымен Майлықожаның ақындық өнер жөніндегі көзқарастарында. Сондықтан ең әуелі осы мәселеге тоқталған жөн. Ақын өз өмірінің жекелеген жайттарын, өнерін шығармаларының көбісінде жол-жөнекей еңгімелеп отырады. Бала жасынан әкеден айрылып, жетімшілік көргенін, жастайынан өлең-жырға бейім болғанын, өсейген соң да жартымды дәулет бітпесі, тек өнерінің арқасында өрге шауып, төске өрлегенін, жоқшылық азабын көп тартқанымен байлыққа құмартпағанын, өз шығармасына өзек етіп толғанады.

Ақындық өнерін бастағалы қасына екі елі қалмай, қолынан

тастамай келе жатқан жан жолдасы – домбырасына айтқан:

“Ал сөйлейін, домбыра-м,  
 Әр түрлі күйден қалмағын  
 Қате кетіп, басылма  
 Сегіз перне, бармағым.  
 Оң төрт жастан асқан соң,  
 Сен болдың жолдас һәм дәмім.  
 Әуеніңе сенің алданып,  
 Қылмалым ісін шаруаның”<sup>66</sup> –

деген сөздерінен оның негізгі күнкөріс көзі ақындық болғанын және онымен тым ерте айналысқанын байқаймыз.

“Білген шайыр айтады” өлеңінде “Білген шайыр айтады, лайық сөзін заманға” деп әрбір ақын – жасаған заманның перзенті екенін, сол заман ауқымынан шығып кете алмайтынын, қайта соған қызмет ететінін аңғартады. Заман жайын, өмір шындығын жырлайтын ақын таланты, бірақ сауда-саттық құралы бола алмайды. “Тәтті жырым төгілсін” жырында “Малға кедей болсам да, сезімді, бала, сапаймын, бергің деп байға жең ұшын” дейтін, міне, сонан болса керек. Ал ақынға жүктелетін міндет, борыш мәселесіне келгенде, Майлықожа өзіне<sup>67</sup> де, өзге әріптестеріне де барынша жоғары талап қояды. Фердауси, Науаи үлгілерін өнерпаз іздегенде көп ақындар бойларына біткен асыл қасиетті, өнерді дүние жинаудың арзанқол бұйымына айналдырып, қалт-құлт етіп жүргендеріне ренжиді, өзін “Ал халқым, енді сөйлейін, тәтті жырым төгілсін, тыңдаушының көңіліне гауһардай нұры ссбілсін” деп қамшылайды.

“Өлеңмен берсем ыбырат,  
 Өзімнің қазақ халқыма,  
 Ол да менің жемісім”<sup>67</sup> –

деп алдында тәрбиелік зор мақсат тұрғанын танытып, тыңдаушыларға да салмақ сала сөйлейді. “Сіздер де халқым, алып қал, сөздің піскен жемісін” дейді. Сөйтіп, ақын мен тыңдаушы жұртың бір-біріне енжар қарамауын үгіттейді. Осы ретте ол, Абайдың “Патша құдай, сыйындым” өлеңіндегі әйгілі пікірімен үндес ой тастайды. Біз білетін:

“Самородный сары алтын,  
 Саудасыз берсең алмайды.

Саудыраған жезіне,  
 Судырсыз сары қамқаны,  
 Садаға кеткір сұрайды,  
 Самарқашпыл бөзіне”<sup>68</sup> –

дейтін жолдарда Абай өз тұсындағы сөз парқын айырмайтын, оны керек дүниеге есептемейтін бос кеуде, қуыс қурайларына қынжылса, Майлықожа:

“Сары алтынның нарқы бар,  
 Саудаға салсам жезіме”<sup>68</sup> –

деп, бірін мыңға, арзанын қымбатқа балауды ұсынады. Мұнда екі түрлі болғанмен, екі ақынның да айтып отырған сөзі, қойып отырған талабы біреу. Ол – сөз күдіретіне жет, үлгі ет, өнеге ал. Бұлай дегенде Майлықожа, әрине, Абайға ұқсап “Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел” деген асқақ талап қоя алмады. Бірақ тыңдаушысының өз сөзіне бейжай, самарқау қарамауын көксейді. Қателеспейтін адам болмайтынын үнемі дерлік ескерте айта жүретін ақын өз шығармаларының да тартқан сымдай түп-түзу шыға бермейтінін түсініп, тыңдаушының әр шығармаға сыншылықпен қарап, артық жерін алып тастап, кем-кегінін орнын толтырып, әжетке асыруы заңды құбылыс деп санайды.

Өлең өнерін аса жоғары бағалаған, оны халыққа тәлім-тәрбие берудің ықпалды құралы деп таныған ақын шамасы келіп, шарқы жеткенінше өзінен кейінгілерге ғибратты сөз қалдыру қамын қарастырған. “Өз өнерім – қызыл тіл, бағасын артық таңдаймын” деп ескерте отырып, ақындардың өлең туғызу, жыр жарату кезін “лашын құстай шүйілген, ителгідей түйілген, сұңқар құстай самбаған” қалыпта суреттейді. Осындай ерекше тебіреніс үстіндегі өнер иесі туыратын жыр екіні де бүтіндей бөлек болуға тиіс. Бірде ол “Көктемде жауған нөсердей” себелеген жыр бұлағына ұқсатылса, екіншіден “Таудан аққан бұлақтай, тасқыны тұрған шыдаптай” жойқын күш Халқына қызмет ету мақсатынан туып, сарқырап төгіліп жатқан жырды жаратушы жалын жүрек, жарқын жан иесінің алдан күтетін арманы да асқақ. Өмірім өтеді, өлемін дегенде ол өнер өледі деп отырған жоқ.

Әдебиетші ғалымдарымызды көп түйтілге түсіріп, соңғы уақытқа дейін зерттеу нысанасына ілікпей, әлгіңдей “қайшылығы үйкен жеке адам” санағында саналып келген осы өнер иесінің көзқарасындағы қайшылықтар қайсы деген сұраққа жауап

<sup>68</sup> Абай (Ибраһим) Құрманбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық. – 1. 1002-67-б.

беретін болсақ, олар негізінен үш арнаға саяды. Оның бірі – дінге сенушіліктен туған діншілдікті уағыздау болса, екіншісі – заманында ел сөзін ұстанған билік иелерін марапаттау да, үшіншісі – қазақ халқының орыс мемлекетінің отаршылдық саясатын ұшықтыра жүргізіп отырған жергілікті әкімдер мен орыс империясының озбыр әрекеттері.

Майлықожа ақын өзі қатарлы өнерпаздар секілді ислам дінінің уағыздарына сенді. Және оның дүниеге көзқарасының қалыптасуына дін мектебінде оқығандығы, діндар қауым ортасында өмір сүргендігі ықпал етті.

Ақын тусінігінің, адамзат, күллі мақұлық, жанды-жансыздың бәрін жаратушы жалғыз Құдай. Адам өміріндегі барлық құбылыс – туу, өсіп-өну, өлу, байлық пен кедейлік, бақ-дәреже құдайдың құдіретіндегі ғана іс. Бар болмыс он сөзіз мың ғаламның аумағынан аспайды, бұл дүниедегі нәрсеңнің бәрі де баянсыз, сондықтан әрбір адам өзін рухани жетіктіріп, ана дүние қамын ойлап қайырғаны мақұл. Ол үшін молдалар мен алымдардың – жоғары оқулы дін қызметшілерінің ақыл-кеңестерін бұлжылтпай орындап отырған дұрыс.

Дін рухында жазылған жыр-толауларына барып астасатын ақын көзқарасының бір негізі – кеңді айтулар мен жоқтауларында жатыр.

Ақынның әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері заман айнасы ретінде көп шыңдықтардың бетін ашады. Олардың мазмұны да сан алуан мәселелерді қамтиды. Солардың ішінен айрықша көзге шалынғандары Қоқан езгісі, егінші, малшы тұрмысы; кезінде Қоқан бекстгеріне қалай қызмет етсе, елдің ендігі әкімдері – орыс патшалығы қойған ұлықтарға да сондай қызмет қылушы билік өкілдері – болыс, би, байлар мінездері; өзіне де, өзгеге де пайдалы кәсіппен айналыспай жас өмір, жақсы кезеңін босқа құрбан қылып жүрген жастар; сараңдық пен менмендік, аштық-жұт жылдарының қазақ халқы үшін қандайлық қиын апат әжелетіні; әйел қауымының үйшілік, қоғамдық орны; халық өміріндегі басты қырсық – ұрлықтың зияндылығы туралы толғаныстар.

Майлықожаның ақындық қызметі басталған тұста оның туған жері Қоқан хандығының езгісінен біржолата құтылған-ды. Сондықтан ба, ол өз шығармаларында Қоқанға қараған заман елесін басқа тақырыптарды жырлағанда жол-жөнөкей, иінді жері келгенде ғана еске салып отырады. Соның өзінде сол дәуірдің кесеқ, қомақты оқиғаларын әңгімелейді.

Шымкент пен Ташкент орыс әскерлеріне тізе бүгетін 1864-1865 жылдары жиырма тоғыз-отыздағы сақа жігіт Майлықожа Қоқан хандығы үстемдік құрған жылдары халық үшін зор ауырталықтың болғанын, әрине, жақсы біледі. Міне, сондағы шектен тыс жәбір-жаладан біржолата құтылған жерлестерінің

тұрмысы азды-көпті баяндалатын “Датқалар туралы” толғауда ақын Қоқан билігіне қарсы күреске бел шешіп кіріскен, қажет болса, құрбан да болып кеткен ерлерді мадақтайды.

Ақын шығармаларының бұдан былайғы түп қазығы – Қоқан езгісінен кейінгі ел тұрмысы. Мұны ол кейде жекелеген жайттарға байланысты қозғаса, кейде бүгін бір тайпа елді тұтастай алып, оның күнкөріс, тіршілік ету қарекетін қысқа өлеңмен ұтымды айтып бейнелеген. Бұған – неше сан руларды біріктірген қоңырат, дулат елдеріне берілген мінездемелер дәлел. Олар аса аянышты халдерден хабар беріп қана қоймай, халық басындағы соншалықты мешеу де мешел тұрмысқа деген ызаны тұтатып, ар-намысты қоздырады.

Күнгей Қазақстан елі егіншілік кәсібімен айналысқан. Ақын шығармаларында егіншіліктің пайдасы, оны егу, өсіру жинау жұмыстарының қиындығы арнайы да, сөз арасында да жиі жырланатыны сонан болса керек. Осы орайда тары қорығы тұрасындағы өлеңді алып қарайық.

Тары ерте пісетін, төгімді дақыл, сондықтан оны оңтүстік қазақтары Қазан төңкерісіне дейін едәуір көлемде егіп келген. Бірақ тарыны пісіріп, түсіріп алудың диқан үшін ауырталығы да аз болмаған. Әсіресе, оны пісе бастаған шақта торғайдан қору зор машақат-ты. Қолына сақпаң, зырылдауық ұстаған қорықшы құлқын сөрден торғай үркер ме екен деген үмітпен төңірегіне түрлі “қарақшы” қалап қойылған тары танабын қоруга шығатын. Осындай азапты жетім күнді көп көргендіктен бе, ақын:

“Құдай-ау құрытсаншы торғайынды,  
Саламын торғай көрсем ойбайымды  
Тарымның төңірегін тікен жасап,  
Қан қылдың қызыл ала борбайымды”<sup>10</sup>, –

деп зар күйін шертеді. Егінші ел тұрмысының ол кездегі үйреншікті жай болған егісті күту, баптау жұмыстарындағы мұндай аянышты хал, күйкі көріністер Майлықожа еңбектерінде аз суреттелмейді. Бірақ бейнет түбі – зейнет, қамбаға қанша қиыншылықпен түссе де, әлгі астық қазақ шаруасының қыруар қажетін өтейтін. Сондықтан өзі де жер жырттып, егін салуды әдет еткен ақын қалған халайықты да сол тиімді кәсіптен шұғылдануға шақырады.

Ел бірлігі, татулық мәселесі де Майлықожа шығармашылығында елеулі із қалдырған. Әркім ер жаққа тартып, алты бақан ала ауыздықта күн кешкен ел жағдайында бұлай болмауы мүмкін де емес-ті. Жер мен жесір дауынан, қоныс қырқысынан, қала берді, барымта-сырымтадан, ұрлықтан басталып, шала жанған

<sup>10</sup> Майлықожа. “Нақыл”, А., 1972, 10-б.

оттай ұзақ уақыт бықсып, көк ала түпіні көпшілікті көпке шейін шашалдыратын оқиғалар ойраны халықтың бірлігін бұзып, тыныштығын кетіретін. Ондай оқиғалардың басы-қасында әрқашан ру басы, болыс, старшындар жүретін де, бүтін бір елдің намысын жыртықсансың барша жұртты дүрліктіріп, өздерінің тайпа, ру ішіндегі бет-беделін көтеріп, байлығын көбейту мақсатымен өшуге айналған отты өздері қайта тұтандырып үрлей түсетін.

Бұндайда мезгілінде айтылған аталы сөздің, әсіресе, қалыс жақтың жанашырлық сөзінің атқарар қызметі үлкен болған. Міне, сондай сөздерде Майлықожа сезіне әр кез құлақ қойып отырған. Майлықожа халыққа соншалық қалаулы айтыс өнерін алтап өте алмаған. Кезегі келгенде заманындағы талай-талай сөз сандықтарымен ұстасып, күш сынасып көрген. Мәселен, онымен айтысқан ақындар арасынан белгілі Мәделіқожа, Құлынтақ ақындары, қырғыз еліндегі Жаныс ақынды, Айман мен Гүлханым есімді ақын қыздарды, Шерім деген болысты білеміз. Бұлармен бетпе-бет кездескендегі салалы да сандарлы айтыстарды былай қойғанда, белгілі бір істің, оқиғаның орайына қарай туған кінші-тірім айтыстың, сөз қағысулардың талай мысалдары ел есінде сақталған. М.Әуезовтің "Айтыс ақындары кейде өлі мен тіріні, мал мен адамды, аң мен адамды, ақын мен домбыраны айтыстырады. Өліп жатқан Ақбала қыз бен Боздақтың айтысы, түйе мен Майлықожаның айтысы, атығай Торжан ақынның домбырамен айтысы – барлығы да айтыс жанрының тың түрі болады!" дейтін ескертпесіндегі Майлықожаның түйемен айтысын алып қарасақ ол сол тұстағы күнгей қазақтарының, әсіресе, ақынмен қоныстас қоныраттардың тұрмыс-тіршілігіндегі шындыққа негізделген. Күнкөріс қамы Ташкент пен екі ортаға жүн-жүрқа, сексеуіл көмірі мен тұз тасып, кіре тартқызатыны, бірақ онан түскен түсім күн көруге де жетпейтіні, өзі шаршап-шалдығып, күл-көлігі арыл-ашып, кейде жарты жолда қалып қойып, әбден ебігерленетіні басы аяғы үш-ақ ауыз қайым өлеңде баян болған.

"Ташкентке осыменен жеті келдің,

Бұл жерге әзер жүріп жетіп едім,

Қоймайсын жаз кірсеңі, қыс көмірді,

Мен сені байытпаққа кетіп мс едім."<sup>13</sup>

деген түйе наазасына иесі:

"Ташкентке осыменен алты келдім,

Ауыр жүк көгерер деп артып едім.

Арпайды артқан жүтім жем-шөбінен,  
Қай жерде жаның шыққыр жарытып едің?"<sup>13</sup>

деп екеуінің де өмірінің итілісіп өтіп келе жатқанын, жарығын да, жаритын да түрі жоқ екенін жасырмайды. "Күш қазандай қайнайды, күресерге дермен жоқтың" кері келіп татымсыз тағдырларына налиды. Халықтың сол замандағы жұпыны жай-күйін көрсететін осындай қысқа үлгілі айтыстарға құрдасы Өске, нағашысы Мәделіқожамен қақтығысуларын, өзінің сорымен айтысын да қосуға болады.

Әлеуметтік үлкен мәселелер көгерілетін Шерім болыспен, Айман, Гүлханым қыздармен айтыстары ақын шығармашылығының халықтың қорына қосылған туындылар. Тақырыптық жағынан алып қарағанда, бұлар басты-басты үш мәселені қамтиды. Олар, біріншіден, қазақ әйелінің сол тұстағы аянышты халі, махаббат бостандығын көксеткен ауулы арманы; екіншіден, ақын және ақындық өнер, олардың өмірдегі орны; үшіншіден, байлық пен жоқшылық арасындағы арақатынас мәселелері.

Әйел теңдігі, махаббат еркіндігі, жастардың бас бостандығын әдебиеттің қашаннан бергі өзекті мәселесі десек, бұл салада Майлықожаның көп толғаныстары барлығын айтыстары да дәлелдейді. Жар сүю, перзент қызығы, тегті өмір сүру, достықпен күн кешу идеяларын басқа жанрлардағы шығармаларында да үнемі толғап отыратын ақын айтысқа көбінесе халықтың ой-армандарымен бір жерден шығып отырады. Қазақ ақындары айтыстарының тең жарымы қыз-келіншектермен айтыс дейтін Мұхаң ескертпесін шындыққа шығаратын ақынның осы Айман, Гүлханым қыздармен айтыстарында екі жақ та еркін пікірлер айтып, қомақты тілектер тастайды. Мәселен, бұл қыздар қауымының атынан емеурін билдіргендей, Айман қыз:

"Қыздарды сүйгенімен болсын деген,

Жарлық хатты бетіңнен ап кеп пе едің?"<sup>14</sup>

деп мәселені бүйірден қояды. Майлықожаның алып қашар тең құрбы табылмай жүрсе, қатын үсті деп қаймықпасаң өзім әкстейін деген басынасына да орнықты жауап қайтарады. Адамның өз тіршілік-әрекетінде ерікті болуын аңсаған ақын, екі жастың бірін-бірі шын сүйіп қосылысуын ойдағы арманының орындалуына жоряды. Ол да бір бақыт деп біледі. Оның пікірінше, мал-мүлік теңсіздігі шын махаббат жолын тұсаулауға тиіс емес, мұнда басыптылыққа алатын нәрсе – сүйіспеншілік сезім.

Азапты ауыр тұрмыс жүгін арқалау ақынға қаншалықты қиын соққанына Шерім болыспен айтысы күе. Басына екіталай күн тұғанда еліне қадірлі ақын сөзін алға ұстап, болыстықтан дәмелі басқа бір жанды тақыр мұзға отырғызып алған соң, құйрықты сыртқа сала сөйлеген ел пысығы Шерім оңайлықпен алдырмайтын екі екен. Сайлау кезіндегі қызметіне ризалығын айтып, “Дүйсенбі күні ауылға келіңіз, бір ат мінізсейін” деген соң, ақын жолда жауын-шашын астында қалып, үсті-басы малмандай су болып болыс аулына ерең жетеді. Бірақ айтқан жерден табыла қояр болыс жоқ. Екеуінің айтысы, міне, осы орайдан басталады. Болыс сөздері астамшылыққа толы, сынайы ақынды қылжақ-мазағына нысана еткісі, қорлағысы бар. Бірақ оған берісе қояр бейбіл ақынға да байқалмайды.

Ақынның Мәделіқожамен айтысында нағашылы-жисенді жандардың әдеттегі әзіл-қалжыңнан сабақталған әңгіме бара-бара салмақты сөзге ұласып кетеді. Күнгей қазақтарының Қоқан хандығының езгісіне қарсы ерлік күресінің кей сәттері еске алынып, Шарара, Түркістан төңірегіндегі пайқастардағы Мәделіқожа қайраты жоққа шығарылмағанмен, оның бір кезде шет жұрт шапқыншылығына қарсы көрсеткен ерлігін міндет қып, енді қазақтың момын шаруасына шарпуы тие бастаған кей қылықтарына өткір сын айтылады.

Майлықожадың Құлыншақпен айтысына қазақ әдебиетінде бұрыннан қозғалып келе жатқан тақырып – ислам діні, ислам тарихын терең меңгерген Майлықожа жетіске жетеді.

Сонымен, Майлықожа – өз өнерін айтыс жанрында да мольнан сынап көрген ақын. Туған әдебиетімізді тынымсыз толғандырған, соя кездің маңызды мәселелерін – әйел теңдігін, дін белсендігін, махаббат бостандығын, ел тыныштығын, өнер ерелігін уағыздауда ол қалдырған айтыстар елеулі қызмет атқарған.

Әдебиетте ой мен оқиға, тақырып алмасу деген бола береді. Бұл басқа елдердің әдебиетімен байланыстан, жан-жақты таныстықтан туған тарихи құбылыс. Міне, осы жағдайда Майлықожа мұраларына да, оның ішінде, әсіресе мысал дастандарына тән. Мәселен, ақынның “Тотынама”, “Қасқыр”, “Аңқау мен қу”, “Нақыл” дастандары – парсы, араб әдебиет әлемінде “Кәлиле мен Димнә”, ал Үндістанда “Панчагантра” деген атпен мәлім болған атақты аңыз-әңгімелер негізінен, үшеуі – “Папур патша”, “Патша мен үш ұры”, “Үш жігіт” – араб халқының “Мың бір түн” ертегісі желісінен алынғаны белгілі.

Жанрлық жағынан алғанда, ақын дастандарының алғашқы төртеуінің там-тұмдаған аллегориялық белгілерін, ерқайсысының бастамасы мен аяғындағы ақыл-нақылдық қорытындыларды ескерсек, олар мысал-тәмсіл міндетін де атқара алады. Оқиғасы көбінесе баяндау жолымен берілетін бұл шығармалардың

көпшілігіне ортақ бір ерекшелік – кейіпкерлердің аты-жөндерінің, оқиғаның болған жерлерінің, өткен уақытының дерексіздігі. Адам аттары айтылмайды да, оның орны кейіпкерлердің қызмет-дәрежесі, кәсіп-мамандық белгісімен дараланады. Кейіпкерлер болып қатардағы қарапайым адамдар да, патша және оның үзірі секілді сарай қызметкерлері де жүреді.

Майлықожа жырлаған “Тотынама” болса, көлемінің қомақтылығына қарамастан, мысал қатарында қарастырылатын шығарма. Өйткені, мұнда мысал жанрына тән қасиеттер жетерлік ақ. Кейіпкерлерінің құстар екені, шығарманың басталар, аяқталар шеңбердегі моральдық қандалар соның дәлелі. “Кәлиле мен Димнә” кітабының “Арыстан мен бұқа туралы” тарауында баяндалатын бұл әңгіме тәрбиелік мәні тартымды тақырып төңірегінде құрылғандықтан, көптеген халықтардың көңіліне ұнап, көкейіне қонған. Үнді, парсы, араб, түркі, тағы басқа тілдерде айтылатынының үстіне, орыс халқына да таныс. Бұған жазушы В.М.Гаршиннің балаларға арнап жазған “Саяхатшы бақа” әңгімесі айқын мысал. Түпнұсқадағы негізгі оқиғаны – көлде үйректермен ашына жай араласып, су құритынына байланысты солармен бірге басқа жаққа сапар шегуге бел байлайтын, ақыры шыбықты екі жағынан тістеп ұшқан екі үйрек ортасында көкке көтерілетін, бірақ жол-жөнекей жұрт көзіне түсіп, таңғажайып әдісті ойлап ташқан өзі екенін айтпаққа асығып апатқа ұшырайтын бақа тарихын тамаша әңгімелейтін бұл шығармада көптеген қосалқы жайлар қалып кеткен. Ал Майлықожа мысалы, тұтастық жағынан алғанда, түпнұсқаға әлдеқайда жақын. Дегенмен, мұнда да тыңдаушы түсініпін ескеруден туған біраз өзгерістер барлығын көреміз. Мәселен, түпнұсқада құстар ұяны теңіз жағасына салу, салмау жайында сөз етсе, — Майлықожада ол Үндістандағы үйкен бір дария ортасындағы арал деп алынады. Қораз тотының су тасуынан қорықпай, ұяны сонда сала беру жөніндегі бейқам ұсынысына, мекені тоты таралынан айтылатын уәждегі жаңашырылардың айтқан сөзін ілтипатқа алмай, әлек болатын кейіпкерлер де түпнұсқадағыдай тасбақа емес, В.М.Гаршин әңгімесіндегідей, кәдімгі бақа.

Баяндай айтылғанына қарамастан, бұл туынды әлсүметтік мәні үлкен мәселе қоя алған шығарма.

Адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі – ақ жүрек алалдық десек, айналасына оның ұрығын мольрақ шашуға айрықша құштар адамдар болады. Мұның мысалы әр жанрдағы Майлықожа шығармаларынан да аз кездеспейді. Соның бірі “Аңқау мен қу” атты мысал.

Майлықожа шығармасының жоғарыдағы мысал әңгімемен идеялық бірлігінде ақау жоқ. Алайда оқиғалық құрамында артық-кем жерлер бар. Біріншіден, түпнұсқада шығыс шыңдығы туғызған

таймаған. Сөйтіп, ол шектен тыс байлық – адамды аранға айдап апаратынын оқиғаның бүкіл барысымен дәлелденіп шыққан.

Халық санасы өз заманындағы қанаушылық пен тонаушылық қалыптан құтылу қамын қарастырғанда, қараңғылық қамының салдарынан көп жылдар бойы утопиялық ой-қиялдарды талшық қылғаны белгілі. Ондай құр қиял, құрғақ армандардың бірі – жақсы патша, қайырымды хан, әділ әкім аңсауды тұтырған. Оқиғасы “Мың бір түн” ертегілерінен алынған “Жақсы найып”, “Патша мен үш ұры” дастандарының аңысына қарағанда, халық басындағы ауыртпалықты жеңілдету жолын Майлықожаңның да ел басқарушылар мінезін түзеуден таппақ болғанын аңғарамыз. Мысалы, “Жақсы найыпта” ақылы алысты болжай алмайтын, жасанып келген жауға артық қайрат көрсетер күші жоқ, әрі беріден кейін түсінде жаһаннан асқан бір сұлу қыз суретін көріп, соған ғашық болатын, сол жатқанында абайсыз үстіне келіп ұйқысын бұзып жіберген бас уәзіріне өштесетін әумесер патшаның елін билеп, жұртқа жағып отырғаны ақылы зерек, қолы өнерлі бас уәзірдің арқасы, қызмет адамының бәрі сондай болғаны жақсы деген пісір айтылады:

“Ұлықтың ақылдысы жақсы найып,

Жақсы пайып шығарар дақсын жайып.

Жолдас жақсы болмаса жол болмалы,

Мерт болады аяғы ақыр тайып.

Жақсы жолдас бастайды жақсы жолға,

Жаман ниет бұрмалар оң мен солға,

Уәзіріңеі патшалар мұрат тапты,

Мәртебесті жолдассыз келмес қолға”<sup>15</sup>.

“Жақсы найыпта” қуыс қурай, бос кеуде патшаға ақылдарын мольнан дарыған уәзірі қарсы қойылса, осыған ұқсас екінші дастан “Патша мен үш ұрыда” ақылды, әділетті патша қол астындағы дүниесқұмар, қазына ұрлаушы қызметшісіне қарама-қарсы суреттеледі.

Сонымен, шатасқан күрделі тартыстарға негізделген ұзақ оқиғалы, көлемді шығарма жазбаған Майлықожа артына шағын көлемді мысал түріндегі дастандарын қалдырады. Оларда көбінесе әңгімелеу мәнерінде баяндау тәсілін қолданады. Бұлардың тақырыптарын шығыс шығармаларынан, халық ертегілерінен алғанмен, қазақ өмірінің шындығына орайластырып, ақиқатшылық тұрғыда суреттейді. Ал кей жағдайда қияли қалыптарға да барды. Бірақ қай шығармасын қалай жазса да,

<sup>15</sup> Ә. Осташев. Қаратау шайырлары. А., 1991, 126-б.

кейіпкерлер кәсібі саудагерлік боп көрінсе, ақынды қызықтырған нәрсе – мінез-құлық мәселесі. Сондықтан ол кейіпкерлердің кәсіп-қаракетін елеусіз қалдырады да бірін аңқау, бірін арамза адам қалпында алып, айтар ойын солардың төңірегіне толғайды. Екіншіден, әке мен бала арасындағы мәміле бөгде аңыздың, яғни үйрек оқиғасының қатысынсыз суреттеледі. Баласы ұсынған құлық қылыққа әке қарсылығы мұнда да тауансыз. Адамгершілік ар мен арамдық, әділдік пен әділетсіздік арасындағы тайталаста әкенің баланы құрбан етіп жіберуге батылы жетпей, қайта оның жолына өзі құрбан болуға бел байлайды.

Майлықожа қалдырған оқиғалы шығармалардың қолымыздағы енді біреуі “Нақыл” аталады. Ол үш бірдей әңгімеден тұрады. Әңгімелердің өзара бірлігі бірлік деуге болмайды, бір адамның көз алдынан өткен үздік-үздік оқиғалар ғана. Ханнан сыйға тон киген, жолда ұры жолдас боп, қапысын тауып тонын ұрлап кеткен момын адамның ұрыны іздеп шыққаны баяндалатын кіріспе мен барлық оқиғалардың даму, аяқталу тұрпатынан туатын ақын қорытындысы болмаса, олардың бәрі де алды-артына дербес мысал міндетін атқарып кетер еді.

Біреудің басқаға жамандық ойлауы не жасауы, сөйткен кейіпкердің қалайда өзін қор етуі мысалынан ақын тартатын игі идея – үнемі жеңіліс тауып отыратын жамандық, әрқашан үстемдік құратын жақсылық. Бар өмірі жезөкпелікпен өгіп, ақырында бір жігітке біржолата берілген кәнізекті мұқатып, бастапқы бұзықтық жолына қайта салуды көздеген қожайын әйелдің жігітін ұлап өлтірем деп жүріп өзі өлетіні, етікші әйелінің күйеуіне опасыздық жасауына көмекке келетін қоңсылас күләпеші (бала сүңдеттеуші) өз әйелінің мұрнынан айрылатыны секілді жамандықты жақтаушылар үшін оқиға дәйімі-ақ қайғылы аяқталады.

Ағайынды үш жігіт жайлы мысал – оқиғасының қарапайымдылығына қарамастан, әсерлі жазылған шығарма. Идеясында қызғаныштың адам баласына үлкен қырсық, зор пәле, сұмдық апат әкелерлік нәрсе екенін дәйектеу мақсаты жатыр. Оқиғалар жай баяндау жолымен берілсе де, қызғаныштық тұтылатын қылықтар жүртты жирентерлік жағдайда жеткізілген. Бай қызметіндегі ағайынды үш жігіт егін егіп, арық шауып жүргенде, бір құмыра алтын тауып алады. Шығармада жаманшылық біткеннің бәрін бір бойына жинаған шайтан – қызғаншақтық отын үрлеуші қырсықты күш. Ол құмыра толы алтынды басқа жұрттан қызғанып, құла даланы кезіп кеткен аға-інілерді бір-біріне қарсы қойып, сендей соғылыстырады және бұлай еткенде дәл тауып, тап басқан ұрымтал жері – адам санасындағы дүниесқондылық, қызғаныш сезімдер болады. Бұл жерде ақын ұстаған бағыт – үлкен адамгершілік тұрғыдан



ақын өзінің алдына қойған ізгі мұрат-мақсатынан – тәрбиешілік, ақылшылық бағытынан таймайды.

Ақындық қызметінің алғашқы жылдарынан бастап ақ әдет-салт жырларының осы түріне өз поэзиясында көп көңіл бөлген Майлықожа – кейін, төселген ақын болған кезінде де бұл машықтан қол үзбеген. Өткір де ұлтты, шағын көлемді эпиграммалық туындыларында елдің жақсылары мен жайсандарымыз деп жүрген кейбір билік иелерін пымбайлата шенейтін ақын, мұнда әлгі аталықты адамдарды марапаттайды, дүниедегі жақсылық, ізгілік біткенді марқұмдарға арнайды. Майлықожаның Тұрлыбек, Момынбек датқаларды жоқтауы, “Датқалар туралы толғау”, “Алланың аманаты өзі алса”, “Алдайтын бұл пендені дүние қу”, тағы басқа жоқтау-көңіл айтулармен, “Мылтықбай мырза тыңдағын”, “Мәдел батыр ағамыз”, “Йсаны көрді көзіміз” секілді көзі тірі кісілерге арнап айтылған көңіл сұрау, құттықтау түріндегі мақтау өлең-толғаулары да осы пікірді дәлелдей түседі.

Бұларға тән бір ерекшелік, — ақын өмір сүрген тұстағы қазақ қоғамының өмір шындығы – ру таластары, байлық, дәулет иелерінің ел тыныштығын кетірген бақталастық әрекеттері көрініс беріп, тиісті бағасын алып, көпшілік атынан кесіп отыратыны дейміз.

Қазақ халқының Ресей патшалығының қол астына қарауы мәселесінде Майлықожа қарама-қарсы қанатта тұрды. Бұған ақынның “Заманның қырын боп келді”, “Қабіріңе айтар зарым бар” деген екі толғауы дәлел. Бірақ осы шығармаларының өзінде өз кезінің саяси-әлсуметтік жағдайының бірталай пынайы шындықтары шертілген. Мысалы, патшалықтың отаршыл-әкімшілік орындары қазақ қауымының ел билеу тәртібіндегі кей кемшіліктерді әлсірету былай тұрсын, қайта өздерінің өлкені билеп-төстеу ынғайына қарай оларды қоздырып жіберді. Сөйтіп, ел ішін алашақын етіп қойды.

Ақындық қызметінде қазақ ауыз әдебиеті шеңберіндегі поэзияның барлық жанрларын дерлік барынша пайдаланып, оларды кемеліне келтіріп, жан-жақты дамытқан ақынның халық ауыз әдебиеті қазынасынан епикашан қол үзбегенін, қайта ондағы бар көркемдік мүмкіндіктерді мольнан пайдаланғанын көрсетерлік мысалдар көп. Соның бірі – ақындағы жыршылық, ертегішілік, айтқыштық өнер. Халықтың бұрын жаратқан көркем сөз үлгілерін өз замандастары арасында кеңінен насихаттау, сөйтіп олардың ұрпақтар санасына сіңіп, ұзақ сақталуына жағдай жасау – өнерпаздарымыздың өзекті бір қасиеті десек, бұл жағдай Майлықожа өнегесінен айрықша көрінеді. Өзінің төл шығармаларын туырумен бірге, ол көптеген халық ертегілерін, жырларын жалында сақтап, өз сөзі, өз өрісегімен үнемі айтып

жүретін болған. Әбубәкір Диваевтың Майлықожа айтуы бойынша жазып алып, кезінде қазақ және орыс тілдерінде жариялатқан бірқатар ертегілері мен “Шора батыр” эпосының қара сөзбен айтылған, екі баспа табақ мөлшеріндегі нұсқасы осыны аңғартады.

Бәлкім, ауыз әдебиетіміздің осы бір шығармасын қазақ көркем сөзінің даму жолындағы бастапқы белестерінің бірі деп біліп, халықтық роман-хикая сипатында қарастырамыз. Себебі, аталған шығарманың ертегі-аңыздық белгілерінің бірқатары барлығына қарамастан, құрылымы, кейіпкерлерді мінездеу, бейнелеу жағынан, сөз қолданым тұрғысынан қазіргі жаза әдебиетіміздің повесть, роман түрлеріне етене жақын тұрғанын байқаймыз. Мысалы, шығармаға өзек етілген оқиғаның қай-қайсысы да ақиқат өмірден, нақтылы тұрмыс-тіршілік жағдайынан алынған.

Халқымызға қашаннан қалаулы да қадірлі Жиренше шешен жайындағы аңыз әңгімелер тізбегіне келетін болсақ, Майлықожада оның басты ерекшелігі – тұтас шығарма калпында баяндалғаны. Әрі-беріден кейін бұл кішігірім хикая-повесть дерлік дүние. Екінші өзгешілік – бұған дейін баршамыз «Қарашан» сұлу деп біліп келген шешен зайыбын айтушының «Қарақас» сұлу деп атандыруы. Шамасы, ақын бұлай еткенде, бәлкім, осы есім әсемірек те әсерлірек оқылар деп есептесе керек. Аңыз әңгімедегі үшінші бір ерекшелік – Жиреншенің Алдаркөсемен қарым-қатынасына қатысты оқиғалардың баяндалуында дейміз. Алдаркөседен алданғанына қорланып, Жиренше дүниесі салғанда, оның атақ-даңқын көре алмай қан базардың ортасында тұрып Алдаркөсенің де ызадан жарылып өлген жайын біз бұрын бұлар жайындағы әңгімелердің ешқайсысынан кездестірген емеспіз-ді.

Сонымен, ақын баяндап беріп кеткен “Шора батыр” болсын, “Жиренше” аңызы мен басқа да ертегілер болсын, түптеп келгенде, Майлықожа мұрасының маңызды бір саласы болып табылады. Олар сондай-ақ қаламгер қызметінің халық ауыз әдебиеті қазынасының қайнары мен бүгіндей біте қайнасып кеткенін паш етіп тұр.

Майлықожаның бай мұрасы әдебиеттің сан-салалы сипатын көзге тосады. Ол өз дәуірінде әдеби ізденістерімен терең із қалдырған дәстүрлі жолы бар тұлғалы ақын.

Белгілі бес Байысқа Әріп едің,  
Төрт бұрышын төңіректің шалып едің,  
Алматы, Қытай, Ташкент түгел барып  
Сен қашан бүйірің шығып жарып едің? —

деген қағытпасынан Әріптің оңтүстік аймақтарда болғанын аңғарамыз.

Әріп өмірінің бұл кезеңі жайында Т.Хасенұлы: "Шәуешектегі қызметінен босанып, Алматыға келіп, пошта айдаушының бастығы болып қызметке кіріседі. Садыр-Матайдың ішіндегі Қаптағай руынан шыққан ақын Сара мен Біржанды Әріп осы Алматыда тұрған кезінде жазып, баспаға жіберді"<sup>3</sup>, — деп, Әріптің Алматыда қызмет істегенін бекіте түседі.

Ақынның ары қарайғы өмір жолына көз жіберсек, Әріп 1889 жылдары "ат айналып қазығын табар" дегендей туған жері — Еңірекейге оралады. Әріп осы еліне келген 1889-90 жылдары ұстаздық қызметпен айналысады. Ол 1890 жылдары Еңірекей, Қандығай болыстарында тілмаштық қызмет атқара жүріп, халық ағарту жұмысына да араласқан. Семейдегі почта бастығы Березинмен байланыс жасай отырып, 1909-1910 жылы оқу маусымында Меңгезей деген жерден мектеп ашады. Сабақ екі тілде қазақша, орысша жүреді. Кейін бұл мектеп Жыланды деген жерге ауысады. Ол мектеп 1917 жылы қазан төңкерісінен кейін қызметін тоқтатты<sup>4</sup>.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін де ақын жаңа өкіметке үлкен сеніммен қарап, елдің әлеуметтік ісіне белсене араласады. Семей қаласының мұрағатынан табылған құжаттарға сүйенсек, Ә.Тәңірбергелулы 1918-1919 жылдары Еңірекей елінде хатшылық қызмет атқарған. Осы кұнды құжаттардың ішінде ақынның өз қолымен толтырған құжат-хағтамалары, жоғары орындарға жазған хаттары сақталған<sup>5</sup>.

Өмірінің соңғы сәтінә дейін қоғамдық істерден қол үзбей, елінің ертеңіне аландаған ақын 1924 жылы 14 маусымда дүниеден өтті. Сүйегі Еңірекейдің Жыланды қыстауындағы Қарабұлақ деген жерге жерленген.

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы ақындар қатарында аты ағалып, әдеби мұрасының кеңестік идеологияға жаққан тұсы ғана назарға иіліп, ал нағыз ақындық тұлғасы бертіңге дейін көмескі қалып келген Абайдың

<sup>3</sup> Қ. Есізбаев. Алмас қылыш қын түбінде жатпас // Үш анық. 1997, №3,4.

<sup>4</sup> Т.Хасенұлы. Әріп ақын. // «Социалистік Қазақстан» газеті, 2 қыркүйек, 1936.

## ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕЛУЛЫ (1856-1924)

Әріп (Мұхамедғарип) Тәңірбергелулы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Үш биік ауылына қарасты Еңірекей елді мекенінде дүниеге келген.

Әріп ауыл молдасынан ескіше сауатын ашқан соң, 11-12 жасында Семей қаласындағы миссионерлік мектепте оқиды.

Ақынның бұдан ары қарайғы өмір жолы Қазақстанның мемлекеттік Орталық мұрағат деректерінде ұшырасады. 1876-1878 жылдары Семей қаласындағы Уездік училищеді оқиды<sup>1</sup>.

Мұрағат құжаттарына қарағанда, Ә.Тәңірбергелулы 1882 жылдан бастап қызметке тұрған Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық мұрағатында Әріптің үстінен қозғалған қылмысты іс турасында құжат сақталған. Онда ақынның 1882 жылдың 29 қазанынан бастап 1884 жылдың қарашасына дейін Сергиополь уезінде тілмаштық қызметте болғандығын, сондай-ақ, бір айға жуық уақыт орыс ұлықтарының айыптауымен жазықсыз Лелсі түрмесінде отырғандығын дәлелдейтін деректер келтірілген<sup>2</sup>.

Әріп 1884 жылдың аяғында Шәуешек қаласындағы орыс консулдығында тілмаш болып ордаласады. Осы консулдықтың архивінде Әріпті «патша өкіметіне қарсы адам» ретінде көрсеткен деректер де кездеседі.

Әріп Шәуешектен кеткен соң, 1887 жылдан Қапалда болып, одан Пшпек жағында қырғыз елің аралайды. Бірақ, ақынның бұл жақтағы сапары жайлы нақты деректер кездеспейді. Сол кездегі өлең мұраларға үңілсек, Құсайын ақынның:

<sup>1</sup> Қ.Алтынбаев. Аңызға айналған он жеті // «Абай» журналы. 1998, №4.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық мұрағаты. 491.

‘талантты шөкірті.

М.Әуезовтің кезінде саяси қысымның салдарынан жарық көрмей, кейіннен жарияланған “Көкбайдың ақындығы” деген мақаласында Тәңірбергенұлы шығармашылығы жайында алғаш рет төмендегідей пікір айтылған: “Абай мектебінің ақындарын айтқанда, сол “Абай шөкірті” деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақын мен Әсет сияқты, әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар екені даусыз... Бұл жерде мысалы – Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі де молырақ, таланттырақ шығармалар тудырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз”, – дейді.

Ә.Тәңірбергенұлы туындылары сонау XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан қаласында жарық көре бастағаны белгілі. Дәлірек айтсақ, ақынның шығыстық сюжетке құрылған қисса-дастандары “Қожа Рафан”, “Қисса Табир”, “Қисса Зияда-Шаһмұрат”, “Қисса Баһрам” Қазан қаласының әр-түрлі басылымдарында жаңғыра басылып отырды. Негізінен, ақынның көзі тірісінде баспа бетін көрген туындылары осылар ғана, ал қолжазбалары бізге жетпеген.

Ал Ә.Тәңірбергенұлы шығармалары жайында алғашқы көзқарастар сонау XIX ғасырдың аяғында-ақ көрініс берді.

М.Әуезов атап көрсеткен Абай шығармаларының қорын құрайтын негізгі үш арна Әріп мұрасын да айналып өтпейді. Халықтың бай ауыз әдебиетінен нәр алмаған ақын кемде-кем. Ауыз әдебиетінің үлгілерін барынша меңгерген Әріп айтыс саласын өзгертті, “Біржан-Сара”, “Тәуке-Ұрқия” айтыстарын өңдеп, жазба туындыға айналдырды. Ауыз әдебиетінің бір түрі – жұмбақтарды жаңа өмірдің талғамына сай жаңғырта жазды. Әріптің ақындық бастауы шығыс әдебиетімен тығыз байланысты. Шығыс тіліне жетік ақын келе-келе шығыстың әдебиетіне бой ұрып, “Зияда-Шаһмұрат”, “Қожа Рафан”, “Нұрғазарун”, “Баһрам”, “Тәбір” сияқты көлемді қиссалар жазды. Абай сыны Әріптің бетін Батысқа бұрды. Ақын Абай арқылы Пушкин, Лермонтов шығармаларымен танысып, орыс әдебиетін меңгере бастады. Пушкиннің “Евгений Онегинін” қазақшалауға үлес қосқан Әріп, Лермонтовтың “Ақын өліміне” деген өлеңіне аударма жасады.

М.Әуезов: “Әріп жазған өлеңдердің көп мазмұны – ғылым туралы, еңбек туралы әсіресе, елді зорлаушы жуан-солдырлар туралы жазылған сыншы, сатиралық шығармалардан құралады. Осындай мұралардың бәрінде де Әріп Абайға аса жақын келіп, ақынның реалистік дәстүріне үнемі иық сүйесп отыратындығын сездіреді”<sup>18</sup>, – деген.

Бізге жеткен ақынның алғашқы өлеңдерінің бірі он жеті жасында шығарған “Жеңгелерге” деген өлеңі. Бұл өлең шығу тарихы жағынан да, жарияланып, зерттелу жағынан да толық түсінік беруді қажет етеді. Ақынның “Ұмытпаңыздар мені” жинағында да, Қ.Мұхамедханұлының “Абайдың ақын шөкірттері” кітабында да өлеңнің толық смсс, ел аузынан жеткен жұрнағы басылған. Өлеңнің толық нұсқасы Әсет ақынға телініп, “Әсеттің белгісіз өлеңдері” деген топтамамен, Қытай елінен Асқар Игенұлының мақаласында жарияланған<sup>19</sup>.

Жасынан мұсылман әлеміне жақын жүріп, араб-парсы тілдерін еркін меңгерген Әріп Абай өлеңдеріне түр жағынан еліктеп, 1880 жылдары “Әліп-би” өлеңін жазды. Абай араб әрпінің әрбіріне өлең жолынан арнаса, Әріп әр әрішке бір шумақтан қайырып, өзінше дамыта түскен.

Әріптің бізге белгілі жас шағында жазған ақындық қуатын танытатын шығармалары осылар.

Б.Кенжебаев Әріп өлеңдерін жазылу мезгілі жағынан XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бас кезі, революциядан кейінгі деп үш кезеңге бөліп, ақын өлеңдерінің тақырыптық аясын да осы үш кезеңге топтайды: алғашқы кезеңде айтыс өлеңдер, қисса-дастандар, екінші кезеңде нақты қазақ өміріне қатысты ұсақ өлеңдер, үшінші кезеңде Совет өкметі, Ленин туралы<sup>10</sup> – деп жіктеді.

Жалпы, зерттеулерге сүйенсе отырып, Әріп Тәңірбергенұлының өлеңдерін былайша топтауға болады.

Біріншіден, ақын шығармаларындағы замана көрінісі; екіншіден, ақынның ағартушылық идеялары, үшіншіден, Ә.Тәңірбергенұлы поэзиясындағы дүниетаным және өмір философиясы.

Ә.Тәңірбергенұлының реалистік бағыттағы өлеңдерінің негізгі күші – қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті айқын сезінген ақынның соларды жалғармай әшкерелеп беруінде. Ақын қоғам кемшілігін ең алдымен, жеке адам бойындағы жағымсыз қасиеттерден деп біледі. Ол қоғамдағы мін атаулыны өз ортасы, күндегі көріп жүрген өз ауылының адамдарынан байқайды. Әріптің осы тақырыптағы арнау өлеңдері қысқа қайырылып келгенімен, нысанаға алғанын жеріне жеткізе әшкерелеп беруімен құнды. “Қабділдаға” деген өлеңінде бөтуасыз билің бүткіл болмысын:

Қабаңды ескі ауру саңдыратқан,  
Жылатып сан момынды зар жылатқан,

Ұлық бол ел шетіне біреу келсе  
Сар жезін знак қып салбыратқан, —

деген төрт-ақ ауыз сөзбен сомдап береді. Өлеңнің ішкі бітіміне үңілсек, алдыңғы үш жолды сомдап, шумақтың шырайын келтіріп тұрған “Сар жезін знак қып салбыратқан” деген төртінші жол. Бөгде жұрт — орыс ұлығының алдында жылымың қағып жағынған қазақ даласындағы жағымпаз билердің қасиетсіз қарақеті осы тіркеске толығымен сыйып, бұл жолдар шешулі түйін тауып тұр. Абай заманының “арқаға ұлық қағып, шелтірейген орысы шекпен жапса мез болған” болыс-билердің берекесіз, беделсіз, бейшара кейпі Әріптің “Қалыбек биге”, “Билерге”, “Тұрғали болысқа”, “Жақияұлына”, “Жетінші ауылдағы қазы бисің”, тағы басқа қысқа қайырылатын арнау өлеңдерінде жаңғыра сыннан өгіп, қоғамының қоран тұстары әшкерелене түседі. Ақынның арнау өлеңдерін тағы бір қырынан танытатын туындыларының бірі — “Найман Серікбай қажыға” өлеңі. “Біржан-Сара айтысында” ақын:

Ел аспас Серікбайдың жарлығынан,  
Құт болды бас кәдірі барлығынан.  
Мақташапты Ыбырайың дәлсімс сімс,  
Бүлдім бар Тобықты пандығынан, —

деп, Абаймен салмақтастыра салыстырып, елінің игі-жақсысы ретінде жоғары бағалаған Серікбай қажыны Әріп өмірінде жақсы білген. Арнау өлеңінде:

Ассалаумағалейкум, Сөксің қажы,  
Қазақтың сізге бірдей көп пен азы.  
Ел қолған ескі қора күтіксі деп  
Тілеймін тілегімді қысы-жазы, —

деп қажыға деген көңілі түзу ақын Серікбайдың ел арасындағы беделін таныта сөйлейді:

Ассалаумағалейкум, Сөксің құтып,  
Талайды алып едің сөзбен ұтып.  
Ыстықта ехрамнан көйлек күйі,  
Айландың Қағаншы қалір тұтып, —

деп сөзге шешен Серікбайдың қажылық дәрежесіне де бас иген Әріп кенеттен:

Болсаң да сыртың қажы, ішің арам,  
Дұрыс деп тігіңі айтпайды білген адам.  
Пәнә, гәсә, сәуәттегі біліңді зорат

деп, пендешіл мінезін бетіне басады. Шыңдық қысқанда арқасы қозып, аруақтана қалатын ақын, жеме-жемге келгенде, қажымен білістік-сыйластықты ысырып тастап, тұрашыл бірбеткейлікке көшеді. Басқа алдында өзін үстем ұстау үшін өз елінің игі-жақсысының шашбауын көтеріп, жақсы жағынан көрсету — айтысқа тән құбылыс. Ал, өлең тылсымы - шыңдықты бетке айтар сыншыл поэзияның бағыты мүлде басқаша. Міне, Әріп өлеңдері нысанаға алған адамның қайсысы болсын, мейлі, жақсысын бағалап, жаман мінезі болса тайсалмай бетіне басар өткірлігімен, тұспалсыз тұрашылдығымен күнды.

Әріптің арнау өлеңдерінің бірі — “Базаралыға” деген туындысы. “Абай жолы” эпопеясынан жақсы таныс Жігіттектің жау түсіргіш батыры Базаралыны сол елдің он жеті адамымен қосып Құнанбайдың Сібірге айдатқаны белгілі. Бұл оқиға “Біржан-Сара айтысында” да сөз болады. Міне, осы Базаралы айдаудан оралған шақта Әріп амандасуға барып, осы өлеңді сол кезде шығарған.

Осындай дос, сыйлас адамдарына тұра сөйлеп, бойындағы мінін бетіне айтар Әріптің тұрашыл, шынышылдығы — Абайдан дарытқан ілкі қасиеттерінің бірі.

Өз ортасының бойындағы мінін ғана көріп қоймай, ел ішіндегі ардақтылардың адамдық қасиеттеріне сүйініп, ықыласпен жырлаған да Әріп. Ақынның сондай арнауының бірі — “Қожан Балтабек қажының ұлына”<sup>12</sup> деген арнауы. Жынақта, “Қожан Балтабек Қожаның ұлына” деп жаңсақ берілген<sup>13</sup>. Бұл арнау Балтабек қажының ұлы Қондықазакқа қарата айтылған.

Ардақты жақсы адамның баласы едің,  
Жігіттің өзің түстас сарасы едің.  
Ортақшыл қажы марқұм көпшіл еді  
Асылдың қалған сылық парасы едің,<sup>14</sup> —

деген жолдардағы ақынның қажы марқұм деп абыройын көтере, атын ардақтап отырған адамы — Балтабек қажы Байсұлтанұлы (1860-1921). Мына бір деректерге сүйенсек, Балтабек — Семіз Найман, Қожан деген атаның баласы. Жасынан жетім қалғанмен, ауыл молдасынан хат таныған зерек бала 16 жасынан Қожан елінің билігіне араласып, кейін келе оның атақ-даңқы Семіз Найман елінен асып, Жетісу, Арқаға жайылады<sup>15</sup>. Жоғарыдағы Әріп өлеңінің жолдары да қажының осы беделін танытып тұр.

Сондай-ақ, Әріптің адам бойындағы асыл қасиеттерді

<sup>12</sup> Сонда.

<sup>13</sup> Қ. Сыдықұлы. Халқымен қайта табысқандар. А., 1997, 176-б.

<sup>14</sup> Д. Тәйірбергенов. Ұмытпаңыздар мсн! А., 1969, 180-б.

сомдайтын туындыларына “Шәкіжан өлгенде”, “Жақсылық өлгенде” сияқты жоқтау жырлары жатады.

Өз заманының бейнесін, елтірлігі мен халқының мінез-құлқын аз сөзбен бір араға шоғырландырып, мейлінше сомдай жазған ақын шығармасы – “Албырап өскен жігіттік” деп басталатын өлеңі. Әр өлеңінде қозғаған ел өмірінің проблемалары жинақталып, ширығып кел осы іргелі туындыда орын тепкен. Халық ауыз әдебиетінен алынған сегіз бұынды өлең өлшемімен кезекті ұйқасқа құрылған өлеңнің айтар ойы заман бедерін сомдап-ақ тұр. “Албырап өскен жігіттік, көрлік жетіп улады” деп бастайды сөзін. Ақынның айтатын дегені осы жігіттікті аңсау ма? Жоқ. Шынтуайты – көріліктің уына селт егер ақын жүрегі емес.

Қамшы түсті тулардан,  
Ителгі туды сұңқардан<sup>16</sup>.

Нағыз қайғы, нағыз у – осы. Елдіктен кеткен халқының күллі болмыс-бітімін сыйғызып тұрған “қамшы түсті тулардан” тіркесі ұлттық нәшпен көмкерілген кіріптарсыз тіркес. Қара қазақ баласына өз ырқынан айрылған елінің синатын берер сөз. Өткені сұңқар болса, бүгінде ол ителгіге айналып ұсақталған. Астарлы балама заман құбылысын ұтымды беріп тұр. Зар заманның сарынына сала зарланған ақын:

Тарихи жолың жойылды,  
Тасыр ойы таусылып,  
Селсаласы қойылды.  
Адал жолдан айнымас,  
Зат болар бала тұмалды.  
Өзі болған жаман қыз,  
Төркіні танып білмеді.  
Әкен пәлен деген сөз,  
Көкейіне кірмеді, –

деп толғады. Қоғамның ең бір жаралы тұстарына үңілген қам-көңіл ақынды ұрпақ тағдыры қатты толғандырды.

Ақын тек қана нысанаға алғанын жеріне жетізе сынап-мінеуден, ел сиқына ажуамен сыздана күлуден аулақ, “Қомағай, мешкей тамақ, арсыз ұйқы” деген өлеңінде шын жанашырлық ташытқан ақынның ел басқарушыға:

Жарамас сен пасық боп жол тапқаның,  
Алтыңа түспесің өз қақпаңың, –

<sup>16</sup> М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба

деген ескертпесі, екінші бір өлеңінде тікелей ақыл-кеңеске айналады:

Ел ұстауға береке, бірлік керек,  
Адалдық аз жылатпау кесті бөлек, –

дейді.

Әріптің надандық нәубеті жайлаған ел сиқын шенеп-сынайтын туындыларының ең өзектісі – “Еңбек туралы” өлеңі. Қ.Мұхамедханұлы: “... бұл өлеңі нағыз сыншыл реалистік өлең”<sup>17</sup>, – деп баға берген туындыда:

Сорлы елім көріп жүрсің еңбекті жау,  
Ел кезіп, өсек айтып, ізденіп дау,  
Істейтін бар көсібің ұрлық-зорлық,  
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау<sup>18</sup>, –

деп надан елдің бойындағы келеңсіздікті тізіп береді. Осындай сиқы қашиқа елдің бетке ұстар ауқаттылары “Мансап іздеп далақтаған, малға тоймай жалақтаған, би мен болыс алдында жалпылдап, қос табақтап ет тартып”, бейшаралық танытуда. “Қара жаһил қасқыр түсті” зорлықшыл топтың бар қолынан келері:

Алдау, арбау қанына сінген балпаң,  
Бар мақсұтың нашарды зар жылатқан.  
Жалға жүрген жарлының еңбегін жеп,  
Адал асғай асайсын құдай атқан<sup>19</sup>.

Елді қан қақсатқан билеуші топтың шектен шыққан айуандығын алмастырар сөз. Бүкіл өлеңнің басты кейіпкері де осы – құдай атқан. Парақор би мен болыс та, зорлықшыл бай да, Алланы аузынан тастамай құдайсыздыққа барушы мүләйім молда да – құдай атқандар. Міне, ел берекесіздігінің басы – осылар. Ел ішіне кірсеңіз:

Күн ұзын ел қыдырып сүмен қағып,  
Өтірік пен өсекке судай ағып.  
Екі табақ ел жесең есіресің,  
Жерден алтын тапқандай масаттанып<sup>20</sup>.

Надан елдің берекесіз тірлігін жеткізеді. Ел ішін кернеген өсек, қай жерден сорпа-су тиер екен деп сұғанақ иттей сүмен

<sup>17</sup> Қ.Мұхамедханов. Абайдың ақын пәсірттері. К.З. А., 1995, 320-б.

<sup>18</sup> Бес ғасыр жырлайды. 3-т., А., 1984, 73-б.

қаққан сұрықсыз бейнелер. Қазаққа ғана тән қонақжайлықтың тым асқынып, шектен шығып, бос сабылсыққа ұласқанын берер дәл сурет. Соншалықты құнын жоғалтқан ел азаматының бар мақсат-мүддесі екі табақ ег жеу. "Асқа арынды сапта" деген аталы сөздің адыра қал, ердің құны – екі табақ етке айналған бейшара қоғамның тірлігі түгелімен осы өлең ішіне сығыла сыйып кеткендей. Әріп поэзиясының өміршеңдігін танытар осы бір тұстар біздің қазіргі қоғамымызды бейнелеп-ақ тұр. Нені болса да басына түскенде бір-ақ көретін тәуекелшіл елдің, нарықтың тосын ауыртпалығына төтеп бере алмай, босбелбеулікке салынған бүгінгі керенау тірлігін Әріптің бір ғасыр бұрын жазған өлең жолдары бейнелейді:

Өз обалың өзіңе тоқталмасаң,

Ет-қымызға боп жүрсің бәрің масаң.

Аузыңды ұстап, сабылды бір қағарсың

Тыйылып бұл әдеттен басылмасаң!<sup>41</sup>

Қайта асқынбаса, басылмай келе жатқан індеттің салдарынан сақтаңдырған ақын ескертпесті дәл бүгінгі, заманымызға қарата айтылғандай. Бүгінгінің және болашақтың алдында өз құнын жоймаған ақынның бұл іспетті туындылары қоғам тынысын танытар өміршеңдігін сақтап қала берері сөзсіз.

Әріптің Кеңес өкметінің шынайы бейнесін берер шығармаларына біз осы күнге дейін "ішкі жаугершілікті әшкерелейтін" деп еңін теріс айналдырып баға бергеніміз де кешегімен кетті. Анығында, ақын елдегі болып жатқан құбылысты сол қалпында бере білді. Сондай өлеңдерінің бір топтамасы — 1921 жылдары жазылған "Әйелдер арызы". Кеңес өкметінің заңына кеңілі толмаған, тіпті ашынған төрт әйелдің арызы ретінде жазылған бұл өлең — нақты поэзиялық суреттен гөрі, оқиғалы баяндауға құрылған, көркемдік қуаты солғын шығарма.

Шындықты бетке айтар бірбеткәйлігі қарт ақынды Кеңес өкметі тұсында да көп әуреге салғаны ақынның өмір жолынан жақсы таныс. 1922 жылдары жазылған "Байлар туралы" деген арыз-хаг түріндегі өлеңінде "ел тынышын кетіріп, қазақшылықты қайта бастап, партия қуған" Кеңес заманының атқамінерлерін ашы сына алады. Әр қайсысының атын атап, түстеп берген ақын, сопылық құрып, мал жиған Сұрбасты:

Иттің көті тырқ етсе, бата бергіш

Партияның басы сол "терең ойлы", —

дсп. ожауалайды. Ауылдасына айтылған ауыр сөз. Қун көрү үшін

емес, тоғышар құлқынның қамымен «тырқ еткенге» алақанын ашып, бағасын сатқан сұмпайы сопыны сойып салар тіркес.

Әріп Тәнірбергенұлы Ресейде басталған революциялық қозғалыстың әр қимылын жігі бақылап, ел ішіндегі дүрбелеңнің саяси астарын аңғара білді. Төңкерістен кейінгі өлеңдерінің көбі көркемдік айшықтан гөрі, бүкіл халықты елдендеткен қозғалыстың саяси қимылын көрсететін баянды оқиғаға құрылған шығармалар еді. Мәселен, "Париж коммунасы" деген өлеңде Ресейдегі төңкерістің саяси қимылына мейлінше қанық ақын Врангель, Юденич, Дутов, Махно, Краснов, Керенский, Колчак, Мамонтов сияқты орыс қозғалыс лидерлерінің қимыл-әрекет, саяси жолын таптық тұрғыдан баяндайды. Өлең Париж коммунасының елу жылдығына арнап жазылған.

Кезінде, байшылық пен ұлтшылдыққа қарсы қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған шақта, Абай мектебі сияқты үлкен шаңырақ шайқалып, Әріп сияқты шекіртгердің ақындық мұрасы мұрындықталған кезде, Ә.Тәнірбергенулының ақындық атын сақтап қалуға негізгі тірек болған оның осы Ленин туралы туындылары еді. Жаңа келген жас өкіметке қалтқсыз сеніп, оны орнатушы Ленин ісін алдымен қолдаған, жырға қосқан Әріп, — төңкерістің саяси бетін, ондағы Ленин орнын жырлаудан бастап ("Ленин көсем"), көсемнің жеке басылық өмірін, аке-ағасының жайын, тағдырын баян етеді ("Жұмыскердің көсемі"). Ақынның бұл өлеңдерінде өссем сурет, поэзиялық ой-өріктер жоққа тән, көркемдік қуаты солғын, құрғақ баяндау басым, ұранға жуық қарабайыр. Тек, "Ленин өлеңде"<sup>42</sup> деген оқиғалы сюжетке құрылған өлеңнің поэзиялық деңгейі алдағы өлеңдеріне қарағанда, анағұрлым жоғары. Лениннің өлімін естіген қазақ ауылының сол кездегі шынайы көңіл-күйі еш боямасыз сол қалпында сәтті жеткізілген. Мал баққан шалдың, Ленин өлімін ауылға естіріп келген қайғылы хәлі арқылы, кезінде бүкіл ел аң ұрған Ленин қазасының қаншалықты бүкілхалықтық болғанын аңғартады. Бостандық ұранын естігенмен, әлі де Ленин есімін біле бермейтін қазақ ауылының қарапайым халқы "Сонша жылайтындай Елен дегенің кім деген?" — таңданысы — шығарманың шынайылығын көрсете түсер шұрайлы кескін. Ленинге арнаған әр өлеңнің соңында Кеңес өкметіне деген мүлтіксіз сенімі, жарқын болашаққа деген зор үміті айқын еді ақынның.

Ә.Тәнірбергенұлы шығармаларындағы ғылым-білім, тәлім-тәрбие мәселесі ақын мұрасының ең көрнекті де, келемді тармақтарының бірінен саналады.

Әріптің ғылым, білім жайындағы өлеңдері Абайдың

тағылымдық тақырыбынан бастау алғанын аңғартады. “Ғылым туралы”, “Балаларыма”, “Шәкірттерге айтқаны”<sup>23</sup> өлеңдері Абайдың “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Ғылым таппай мақтанба”, “Интернатта оқып жүр” сияқты өлеңдерімен тақырыптан ғана емес, іштей мазмұндас, мағыналас екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Әрине, Абай өлеңдерімен тең дәрежеде деп айтуға келмес, бірақ Әріп-Абайдың тағылымдық поэзиясын жаңғырта жалғастырушы.

Ақынның “Ғылым туралы” өлеңі — ұстаздық идеясының шыңы. Өнер-білімнің пайдасы жалпы қазақ түсінігіне сай әсерлі балама, әрлі бояумен көмкерілген. “Толқын тауға ұқсаған заман” бедері “ғылым-кемесіз” тым үрейлі. “Ғылым-кемені” нағандықтың “жел қайығына” айырбастандарға ақын көңілі кірбің:

Шалағай жанның қосы жұртық қайық,

Бір күні жел, сеніп болмас, бір күн айық,—

деп сақтандыралы.

Пенделіктің шеңберінде шырмалып калмай, адамдық қасиетін берік қалыптастырған ақынды ел ертені, болашақ жайы қатты толғандырады. Аурушаң қоғамның ең үлкен жарасы — жас ұрпақтың тағдыры қамқөңіл ақын назарынан бір сәт қалыс қалған емес. “Шәкірттеріме” деген қысқа қайырылатын өлеңінде жастарға қарата:

Жігіттің қайрін ғылыммен біл,

Салқылық, саласұқысы бәйіш қой да,—

деген ғибрат сөздері Абайдың “Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңінің заңды жалғасындай “Балаларыма” арнауы да осы идеялас:

Шырағым жас күнінде ғылымға бас,

Рас жаным ашиды айтпаймын қас<sup>24</sup>,—

деген ақын нағандық құшағында қалып, “тәтті жел, тайға мініп, алаңсыз арбаңдаған” алаөкпелерге назалы. Жастардың жігерсіздігі мен жүтенсіздігі ақынды талай сүріндіреді де, күйіндіреді. Бірақ, ақынның болашаққа деген зор үмітін заманның бұл дергі де өшіре алмайды. Әріп “Замандасқа”<sup>25</sup> деген өлеңінде: “Бй, достым, ғапыл жатпа, басты көтер”, — деп адам рухын көтерер, жігерлі ой тастаса, “Жақилулына” деген арнауында кейінгі жасқа сенім артып:

Ел болсаң, кейінгі жас, жұрт сенікі  
Мен қызықты көпірден кеттім әрі,—

деп келешек елдің тізгінін жастарға табыс етіп, үлкен жауапкершіліктің жүгін арта сөйлейді.

Ә.Тәңірбергенулының келесі бір тақырыптық топтамасы — дүниетанымдық мәні бар, философиялық тұрғыдағы өлеңдері. Ақынның бұл тақырыптағы өлеңдері кешегі күн көмбесінен қаралып, тұрпайы талданып келгенін ескерсек, бүгінгі күн талабына сай ақын дүниетанымын жаңаша көзқарас елегінен өткізудің қажеттігі анық білінді.

Жалпы, адам өмірі, дүние тылсымы, Алланың жақтығы жайындағы ақынның бізге жеткен өлеңдері біршама “Өлім туралы”, “Нәсіге”, “Дүние туралы”, “Ғапылдың тірлігі”, “Иман туралы”, “Керлікке” сияқты өлеңдерімен қоса, ақынның 140 жылдығына байланысты жарық көрген “Ұрпақпен үндесу” жинағындағы “Дәл ертең өзгереді бүгінгі күй”, “Тәуба”, “Ғапылдық қараңғы жол адастандар” сияқты дүниелік тақырыпқа арналған өлеңдері оның философиялық танымын кеңейте түседі. Табиғи дарыңының арқасында араб, парсы, орыс, қытай тілдерін еркін меңгерген ақын “Ғылымға жас күнімнен егтім талап, талпынып төрт ұлғатқан тағлым алып”, — дейді. “Өлім туралы”<sup>26</sup> деген өлеңінде:

Биғадат бір Аллаға хәмді сана,

Жол табар мағрипәтпен асыл дана.

Қуданың не құдіретін айтып болар

Аспанды һақ үстінде қадір сана,—

деп Алланың барлығына шек келтірмейді.

Астында тіреуі жоқ, үсте байлау,

Хақиқат білген жанға соны да ойлау.

Ақын болмыстың құдіретін, тылсым дүниенің тұтқасын Аллаға ұстатады. Әріп Алланы жалғыз атамайды:

Айтпен Алла аңдатқан,

Халиспен нәби барлатқан.

Алла нәбимен, яғни қасындағы пайғамбарлармен. Абай сөзіне аялдасақ:

Замана, паруа, міпез күнде өзгерді,

Оларға кез-кезімен нәби келді,—

<sup>23</sup> Сонда, 77-78-бб.

дейді. Екі ақын да Алла мен адам арасын жалғаушы небилерді ауызға алып отыр. Ғылым Академиясы Әдебиет және Өнер институты қолжазбалар қорынан кездескен “Сыбан Әрпі молианың өлеңі. Ислам жолындағы Алланың елшісін мадақтап жазған өлеңі”<sup>27</sup> деген туындыда да ақын Алланың құдіретімен жерге түскен “Нәсілі адам болса да, асылы нұр” елшісін сөз етеді. Алла мен адам арасын жалғаушы — пайғамбардың құдірет-қасиетін ақын:

Күн балқыр көрсе жүзін шалқасында,  
Перделеп бірақ бүт жүрүш сді  
Өтізбей күн ыстығын бем басына,  
Алланың өз нұрынан болған пайда  
...Қу ағал қолы тіссе миуа берген  
...Қадамы көк шығарар тісс тасқа<sup>28</sup> —

деп баяндайды. Ақын:

Алланы Бір дегені бар жазығы  
Сол пақыр да жақпалты адамзатқа, —

деп жер бетіндегі пенделік пиғылдардың Алла жолын — ақ жолды насихаттаушы пайғамбар ісіне де қастық қылғанынан хабарлар етеді.

Әрпі өз өлеңдерінде Алланы жашы жұртқа танытуда, тылсым құдіретінің қасиеттерін беруде жатық тұлмен, ұғынықты баяндаумен сөйлейді. Ел психологиясына терең бойлаған ақын Алла сөзін қоғам ішіндегі надандық, қараңғылық, зұлымдық сияқты жамандық атаулыға қарсы қару ретінде пайдаланады. Алла — адамдық пен адалдықтың символына айналады ақын өлеңдерінде. “Тәуба” деген өлеңінде “Аллаға жарасымды жалынғаның немесе, жалынған тіршілікте жарасымды” десе, енді бірде

Алландан қорыққаның үлкен пайда,  
Қатерден құтыласың жауап беріп.  
Жігіттер қор болмайсың қияметке  
Берілсе шын көңілің жаңғыз хаққа, —

деп Алла құдіретін таныта сөйлейді.

Ақынның дүние туралы өлеңдері — мазмұндық жағынан бір-біріне өте жақын, өмір өлпелілігі мен өлімнің хақтығы жайынан хабарлар ететін терең философиялық астары бар шығармалар.

<sup>27</sup> ҚРҒА ӘӘИ қолжазбалар қоры 308-папка. I - дәлгер. (Алда мысал кейбір көптіліктен өлең жолдары осы бұйымдан алыналы — бел.)

Әрпі дүниенің көшпелілігін, тұрақсыздығын “Дүние туралы” деген бірінші өлеңінде:

Дүние — көптен қалған бір үлкен тегі,  
Тонау, торлау, тоқтауы жоқ толқыған сен, —

десе, енді бірде “Бейне теңіз секілді дүние майдан” деп теңізге теңейді. “Ғылым туралы” деген өлеңінде дүние теңізге баланады. Бұл кездейсоқ сөз қолданыстары емес. Ұстазы Абай “Өмір дүние дегенің, ағып жатқан су екен”, — деп толғанады.

Ақын өлеңдерінде өткірші дүние, қысқа ғұмыр ерекше суреттеледі. Дүниенің мәңгі еместігі “Дүние туралы” деген өлеңінде:

Дүние қонып-көшпек фани сарай,  
Бақи деп босқа алдандық мұнда талай, —

десе, “Дәл ерген өзгереді бүгінгі күй” өлеңінде:

Дүние көпке арналған бір қолақ үй,  
Әркімге тартып жатыр әртүрлі сый.

Астары қалың, әсерлі сурет. Дегенмен, ақын фанилік өмірдің алдамшы, опасыз бетін ашуда нақтылық бояуын қоюлата түседі. “Дүние туралы” деген екінші өлеңінде:

Дүние долы қатып шоқпыт дамбал,  
Алданып қыз деп бұған жүрміз алғал.

Бұған орайлас кескіндер “Нәпсіге” деген өлеңінде тіпті жандана түсіп:

Бұл фани жалған дүниеден,  
Қай заман өтер жанжалсыз  
Қыз екен деп қызықпа,  
Жаныңдай көрген дүниен  
Көйлекпең қатын дамбалсыз.

Ой-санасын дүниенің қызығы, нәпсіқұмарлық билеп, жылтырақ, жалған, өткірші өмір жарқылына мас болған пенденің басынан қос қолдап тұрып ұрғандай ғып айтқан ауыр, астары мол, ащы сөз.

Ойлашы қайта келмек осы қалай?

Ақын әр өлеңінде өмір заңдылығын мойындап отырады.



Ғапылдың тірлігі бір күн мейрам,  
Өлместей өнер көріп салар сайран,-

деген ақын бір күнді тірліктің төттілігін тілге тиек етеді.

Сыбызғы-сырнай қызық әлі-ақ кестер,  
Білдірмей жүргенінде ажал жетер.  
Бақи сапап жүргеннің бәрі фаши  
Өкініш сонда қалар, өмір өгер.

Әріпке өкініштісі өмірдің қысқалығы емес, бостан-бос уақытын пенделік қарекетке жұмсағандарға, дүниеқоңыз тірлікке салынғандарға тыжырынады. Содан да ақын пенделік тірлік пен адамдық қасиеттің жлгін ажырата сөйлейді. “Тіршілігі зиян болып, түк өндірмеген” бос кеуделерге айтары:

Тірлікте газа жолды білмек керек,  
Зікір ғып адал жолда өлмек керек.  
Ғылымды таңысын деп адам қылды  
Дүниеге себен үшін келмек керек.

Өлімнің Алла пәрменімен өлшеулі болатынын Әріп ақын да өз өлеңінде:

Өлімнің жаңшы затқа болмағы хақ,  
Өмірге өлшеулі дем арналған шақ –

десе, енді бірде:

Қамалапып күні бұрын жүрген жақсы,  
Болажаусыз, демге қонақ ажал келмек –

деп өлімнен үрікпей сөйлейді. Бұл - ақынның кесектігі. Әріп:

Жаннан үміт үзген соң,  
Өлімді достай сүйерсіз, –

деп өлім құбылысын құбыжық көрмейді, қайта:

Өлімнен бұрын өлмей қамын ойла,  
Саңдалып аз өмірді босқа жойма, –

деген оптимистік ой қорытады.

Әріп Тәңірбергенұлы дүниетанымы терең. Өткініш дүниенің мәнін аша келе, ондағы адам орнын ерекше нысанға алады. Өмір сүрудің негізгі мәні – адамның рухани дүниесінде, адамдық

өлеңдерінің негізгі түпкілікті ойы адам тәрбиесінде жатыр.

Әріп Тәңірбергенұлының ақындық қуат, ой тереңдігінің, сөз салымының, бір сөзбен айтқанда, суырыпсалмалық өнерінің бірден-бір күсі — оның айтыстары мен сөз қағыстары.

Әріптің алғашқы айтыс-өлеңдерін Көкбай естелігінен кездестіреміз. Ол заңды да. Ақын айтыстарының бізге жеткен ең көлемді де, көрнектісі — өзінің нағашы туысы, әрі сыйлас досы Көкбаймен болған айтыстары.

Әріп пен Көкбай айтыстарының өз еңбегіне енгендеріне Қ.Мұхамедханұлы барынша толық түсініктеме жасап, әдеби тұрғыда талдаулар берген. Сондықтан да, біз зерттеушілер қозғамаған кейбір жайларға тоқталып, Әріптің айтыс өнеріндегі ақындық қуатын айқындай түсейік. “Бұрынғы халық ақындарының айтысынан сонауғұрлым жоғары, қисынды, көркем болып келеді”, дегенмен, Әріп пен Көкбай айтыстары да алғашқы кездерде “өз руын, болмаса руының адамын көгермелеумен болды”. Көкбаймен алғашқы айтыстарының бірінде Көкбай Найман еліне соқтығып, сол елден Семейде оқып жүрген Сымайыл, Шәкет және Әріптің өзіне соқтыға сөйлейді.

Әріп оған жауабында:

Бұл жерде Найманды айтып жамаңдауға,  
Сымайылдай алдырар жаман дауға, –

дей келіп, надандық Найман ғана емес, Тобықтыны да жайлаған қасірет екенін тілге тиек етеді.

Әріп пен айтысында Көкбай көбіне ата қуып, рушылыққа салмақ сала сөйлейді. Тобықтының белдісі Айтқазының пашбауын көтере мақтап, Сыбанның жуандары Өзбекан, Жұмақан, Серікбай қажыларға тиісе сөйлейді. Қақтығыстың аяғында Көкбай Абайды алға тартып, Әріптің алдында бағын асырады. Өз руының ұранын шақыра, аға қуа айтысқан екі ақынға бір кездерде Абай да төрелік айтқан. Бұл айтыс турасында Көкбай естелігінде толық бар.

Айтыста:

Найманшам, адырайма кеуіп-пісіп,  
Ежелден Арғын аға, Найман кішік, –

деп аға аруағыш шақыра сөйлсген Көкбайға Әріп:

Арғынға Көкше сеннен Қызай жақын  
Ата қумай түзей бер өз бетіңді, –

немесе,

Тіпті Тобықты Арғыш емес. Көкше түрсын.

деп ата жолын ұстана сөйлеген қарсыласына адамдық биіктен қарайды. Әріп мүлде ата атынан сөйлемейді деуге болмайды. Екі ақын да өз руының пашбауын көтерер айтыстарының бірі - "Сыбанның Торғай шалы қаны сұйық" деп басталады. Сыбанның Торғай деген мықтысын қырына ала сөйлеген Көкбайға берген жауабында Әріп:

Ағамлы не демейді көрмеген ел,  
Бағына бағы теңдес келмеген ел.  
Қайта тірі Торғайды қойып жүр ғой  
Қадірін Құнанбайдың білмеген ел. -

деп жақсысының қадірін білмеген елінің нашарлығын Көкбай алдына көлденең тартып, ұтымды жауап қайырған екен.

Ақтық демі үзілер шақта өлеңмен өткен ақындар аз емес. Бір ғана Әсет пен Кемпірбайдың қоштасуы неге тұрады. Өмір бойы төс қағыстырып, сөз жарыстырып өткен Әріп пен Көкбайдың соңғы кездесуінде — қоштасу айтысы кезеңі. Бұл айтыстың толығырақ нұсқасы "Сөз ташқанға қолқа жоқ" жинағында жарияланған. Өмірден аттанар сәтінде көңілін сұрай келген Көкбай құрбысына:

Хәлімді біле келген, Көкбаймыңбың?  
Артымнан өліп қалсам, жоқтаймысың,  
Сөзіңді сенің айтқан кешпей кетсем  
Өлген соң сүйегімді солтаймысың?  
Өлмейтін ұзақ өмір сеп-ақ жаса,  
Өлсең де қияметке соқпаймысың,  
Мен кеттім дүниені саған тастап,  
Осымен артты қысып тоқтаймысың. -

дейді, соңғы демі таусылар шақта да әзілі бір сәт толастамаған Әріп ақын. Көкбай:

Бақыл бол, қолыңды әкел енді, жиең,  
Ақыреттік сапарыңда жеңдің, жиең.  
Қарағым, жадыраушы ем көргенімде  
Мұң айтар кісім де жоқ қалдым иен. -

деп бақұдасады. Ақырет алдында жатқан Әріптің:

Келерсің сен де бір күп өмір етсе,  
Уақыпша қалып тұрсын бүгін, Көке, -

деген ақтық сөзінен кейін Көкбай да көп кешікпейді. Ұлылар жаны араға жыл салмай бақилық өмірде қайта қауышады.

Әріптің тағы ла Әсет Қуанышбай Сәліп Омар Көнеқбайдың

Құсайыны сияқты ақындармен айтыс-қағыстары бізге жеткен.

Әрине, өз тұсындағы арқалы айтыстар деңгейінен орын алмағанымен, Әріптің айтыстары тақырыптық жағынан тың, идеялық жағынан жаңа бір белдеуден көрінді. Айтыс табиғатын терең меңгергендіктен, "Біржан-Сара", "Тәуке-Ұрқия" туындыларын көріктендіре көмкеріп жазған Әріп өз айтыстарында заман биігінен қарап, жалпы адами-тағылымдық тақырыптарды көтеруге тырысты.

Қисса-дастандар жазған ақындар тобында көбіне аты аталумен шектелген Әріптің шығыстық туындылары ақын мұрасының ішіндегі зерттелуі жағынан кенже қалған салаларының бірі.

Әріптің шығыстық дәстүрде жазған қисса-дастандарына зер салған алғашқы зерттеушілердің бірі - Б.Кенжебаев ақынның "Зияда - Шаһмұрат", "Қожа Фаған", "Тәһір", "Нұрғазарун" дастандарын атайды. Қ.Мұхамедханұлы, Б.Кенжебаев пікіріне "Баһрам" қиссасын қосады<sup>29</sup>.

Зерттеуші қауымға, ең алдымен танымал болған ақынның "Зияда-Шаһмұрат" дастаны. Дастанды Әріп өз атынан емес, Жақып Бижігітұлы деген бүркеншік атпен жариялайды. 1890 жыл Қазан қаласында "Қисса Зияда-Шаһмұрат" деген атпен басылған дастанның соңында Әріптің баспа басшысына жолдаған мынандай жолдар бар:

Тайпадан төрт айы жорғалайын,  
Әуелден келтірген заттып жәйіп.  
Бижігіт дер әткөйім, Яқуп атым,  
Сіздерге мағұлым етіп жазған хатым. -

деп, өзінен хабардар еткен ақын енді қиссаның жазылған уақыты туралы:

Қолыма ұстанғаным қалам болды,  
Көзім бұл дүниеге алаң болды.  
Мыл сепіз жүз сексен төртінші жыл,  
Әнрелде он бесінші төмем болды. -

дегенінен қиссаның 1884 жылы жазылып біткенін байқауға болады.

"Зияда-Шаһмұрат" дастанының Әріп Төңірбергенулының төл туындысы, яғни, Жақып Бижігітұлы «псевдонимі» (бүркеншік есім) екендігін төмендегі деректер дәлелдей алады. Тұрағұл Абайұлы "Әкем Абай туралы" деген естелігінде: "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" деген өлеңді Шәкәрім қажының жас күнінде

көрілікті жамандап, алпыстан аспай өлейік, көрі ит жат деп, былшылдап пат деп айтады деп, бозбалашылықты мақтап, “нәліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып” деген өлеңі болған. Көкбай молданың “Әзірет Әлі айдаһар алысыпты” деген өлеңі болған. Әріп деген сыбан, өлең жазғыш жігіт “Зияда” деген өлең жазған, қызды мақтамақшы болып суреттегенде: көзі гауһар, иеті алтын деп осы сықымды асыл тастарды түсіне қарамай, сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, құбыла көрсетпекші болып жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің ақсақалды жамандайды, Біржанның Арғын емес, Керей екенін білмеспі”<sup>30</sup>. Бір жағы, Абайдың сынымен ұштасып, екінші жағы, “Біржан-Сара айтысын біртұтас көркем дүние етіп жазуына Әріптің осы “Зияда-Шаймұрат” дастанының бірден-бір себепкер болғандығын кезінде М.Әуезов, Т.Каспенұлы, Б.Кенжебаев, Қ.Мұхамедханұлы сынды ғалымдар сөз қылған. Әріптің шығыстық сарында тағы қандай қисса-дастандар жазғандығын осы “Зияда-Шаймұрат” қиссасының аяғындағы:

Үш қисса жіберіп ем мұнан бұрын,  
“Қожа Ғафан”, “Тайыр” мен “Нұрғазарұи”  
Абзыққй, қата болса, ғайып етіпсе  
Ғалықтың мастиф еттім өлең-жырып, —

деген жолдардан 1890 жылға дейін Әріптің Қазан қаласына ғашықтық тақырыпта үш қисса жібергені анықталады.

Әріптің Шығыстық үрдіспен жазылған тағы бір дастаны — “Баһрам”. Әріптен сөз қалысында Әсет ақын:

Байғара он жеті ақыл сәннен шықты,  
Тау мен тасты мақтауға Әріп мықты.  
Өлтірдің Баһрамда жеті ханым  
Дарынды ақын демеймін Әріп тілгі, —

дейді. “Қисса-и Бәһрам” Қазанда 1908, 1912 жылдары екі рет жарық көрген. Кейіннен бұл дастан “Батырлық дастандар” атты жинақта жарияланды<sup>31</sup>. Тек, 3300 жолдан тұратын жырдың кейінгі басылымда 330 жолдайы кем басылған. Бірақ дастанның сюжеттік тұтастығына бөлендей нұсқан келмеген. “Баһрам” дастанының авторы жайында осы жинақтың алғы сөзіндегі: “... жырлаушы туралы мәлімет зерттеуін күтіп тұрған мәселе”<sup>32</sup>, дегенінен-ақ дастанның әл күнге Әріпке телінбей келе жатқанын байқауға

болады.

“Баһрамның” Әріптің қолынан туған шығарма екендігін дәлелдеу үшін жоғардағы Әсеттің “Өлтірдің Баһрамда жеті ханым” деген жолдардың ішкі сырына үңілейік. Дастанның басында Әріп:

Өліпті біздеп бұрып жеті ғашық,  
Бәрі де нәсіп ойлап дұшарласқан.  
Нәр түрлі адамзатта болған қиындарлық,  
Болған ғой ғашықтарда қалша тірлік, —

деп, бұған дейін өмірден өткен жеті ғашықты атап өтеді. Олар: Жүсіп-Зылиқа, Ләйлі-Мәжүн, Ғабдімәлік-Сақылжамал, төртінші ғашықтар — Әріптің өзінің “Зияда-Шаймұрат” дастанының басты кейіпкерлері Зияда мен Хорлы, бесінші - Ғайын Жамал мен Перидің екі қызы, алтыншы — Құсайын Ғазы-Шаһарбану, жетіншісі — аталмыш дастан оқиғасының өзегі болғалы отырған Баһрам мен Күләндәм. Әсеттің тілге тиек ететіні осылар. “Баһрам” дастанының Әріптікі екендігін дәлелдейтін екінші бір дәлел — “Зияда-Шаймұрат” дастанындағы “Зияданың анасының ғазалын” Әріп ақын “Баһрамдағы” Ер Баһрамның анасының зарлағанында” пайдаланады. Нақтырақ айтсақ, “Тоғыз ай сені көтеріп” деп басталатын сексен жолдық ғазалдағы Зияда есімі Баһрамменен ауысқаны болмаса, жыр қос туындыда да дәлме-дәл сол күйінде қолданылған. Сондай-ақ, патшалардың бір перзентке зар болып, Алашадан бала тілеуі сияқты “Алса да неше қатын бала көрмей” деп басталып, “Тарқалды қайғылы шер, сары уайым” деп аяқталған сегіз жол өлең шумақтары да автор екі дастанында қатар келтіреді. Демек, Әріп оқиғалық тұрғыдан ұқсас келетін дастандарында тек ортақ суретті ғана емес, ортақ өлең жолдарын да пайдаланған. Олай болса, “Зияда-Шаймұрат” дастанымен басқа да ортақ, ұқсас жақтары жетерлік “Баһрам” туындысын Ә.Тәнірбергенұлы шығармасына жатқызуға толық хақылымыз.

Әріп шығармасы ретінде буыны бекіп, басы ашылған және қазақ қиссаларының арасында көркемдік қуаты мен идеялық құрылымы жағынан озықтарының қатарынан саналатын “Зияда-Шаймұрат” және “Баһрам” дастандарына тоқталатын болсақ, “Зияда-Шаймұрат” ғашықтық жырлардың қатарына жатады.

Шығармада екі үлкен оқиға өрбиді. Бағдат патшасы Мұхтардың жалғыз ұлы Зияда мен Мысыр елінің патшасы Заданың қос сұлуының бірі — Хорлы бір-бірін түсінде көріп ғашық болады. Махаббаттың қиын да, қиямет жолына тепеп беріп, ақырында қосылуы — алғашқы оқиға болса, екінші оқиғаның өзегі — қос сұлудың ағасы Шаймұрат пен пері қызы Ләзәтбал арасындағы ғашықтық сезімдердің суреттелуі. Дастандағы Зияданың досы

<sup>30</sup> Т. Құрмабаев. Әкем Абай туралы. А., 1993, 44-45-бб.

қосылуы, Шаймұраттың Мысыр патшалығын, ал Зияданың өз еліне қайтып Бағдат патшалығын билеп, бақытты өмір кешуімен аяқталатын оқиғалар. Дастандағы негізгі жарқын бейнелер — Зияда мен Шаймұрат. Осы екеуінің қимыл-әрекеттері көп суреттелгендіктен болар, Әріп шығармасын әдеттегі “Тұлшат-Шериаат”, “Таһир-Зухра”, “Жүсіп-Зылиха” сияқты ғашықтық жұптардың атымен емес, шығармадағы негізгі әрекет иелері Зияда мен Шаймұрат атымен атайды.

Дастан тек авторлық баяндауға құрылмай, “Зияданың Хорлыны жоқтап айтқан ғазалы”, “Мұхтар патшаның ұлы үшін зарлағаны”, “Хорлының Зияданы жоқтаған ғазалы”, т.с.с. дастандағы кейіпкерлердің күйінш-сүйінші, сезім-сырларын беру арқылы образдық тұлғаларды сомдай түсер жеке өлеңдермен де өрілген.

Негізгі идеясы — ғашықтық. Зияда да, Шаймұрат та алдағы биік арман — махаббат асуына жету жолында белді бекем буады. Автор ғашықтық сезімді тым әсерлі, аса пәк етіп асқақтата көрсету мақсатымен, қарапайым, табиғи өмірден алыс, бөлек әлемге аяқ басады.

Дастанда кейіпкерлердің батырлық, ерлік әрекеттері әсерлі, көркем суретке құрылмаған. Автор ғашықтық жолының қиындығын көрсету мақсатында ғана Зияда мен Космалия ерліктерін жадағай, құрғақ баяндайды. Зеңгілермен соғысында екеуі жеті мың құлын қуып тастағанмен, отыз мыңға төтеп бере алмай қолға түседі.

Дастандағы махаббат әсерін, ғашықтық сезімдерді беру әсіре сурет, гиперболалық қимылдармен көмкерілген. Қабарман-дарының еркіндіктерін таныту үшін автор қарсы күштерді тым әсірелеп суреттейді. Сондай-ақ, аста-төк молшылықтың, кендіктің көрінісі Шаймұраттың тойында:

Толыз мың сойғазыпты тойға малды,  
Той қылып Шаймұрат келгеннен соң, —

десе, сол тойда пақырлар мен мүсәпірлерге берген садақаның көптігі сонша “Базарға жеті жүз пүг гауһар үйген”, — деп әсіреленеді. Адам қарекетінен алыс осынша ұлғайтылған сандық құбылыстар дастандағы қиялдан туған таңғажайып оқиғалармен ұштасып жатыр. Теңіз мақұлығы — жайын-балықтың ұлғайтылғаны сонша, Шаймұраттың он жеті мың бес жүз нөкерін тоқсан екі кемесімен қоса жұтып қояды. Осындай зор мақұлыққа Космалия ер атша мініп, ауыздықтап алады:

Кемерін беліндегі тесіп алып,  
Мойнына ол жайының бекем салды.  
...Жайының жуасымас пәсі қалды

Таңауын наркескенмен тесіп алды.  
...Қамшымен борбайына салып қалып,  
Малытты Космалия шетке таман, —

деген қимылдар қиял-ғажайып ертегілерден бір кем емес.

Інжуден олыз ілсі, ерні лағыл,  
Ақ тамақ, алтын иек мойындарды, —

сияқты дастанда мол орын алған суреттеу тәсілінің әсерсіздігін Абай “Мұнда жоқ алтын иек, сарала қыз” деп, бір-ақ ауыз сөзбен тұжырған ғой. Сұлулықты, әсіресе, сөзбен көрсетуге тырысқан Әріптің, өлең табиғатына асқан қырағылықпен қарайтын Абай талғамы тұрғысынан сынға ұшырауы — ақынның кейінгі жыр сапарында үлкен сабақ болады. Зерттеушілер Абайдың осы сынын алға тартып, дастанның көркемдік қуатын тым жұпыны санап жүр. Жоғарыдағы мысалдарға қарап, шығарманың көркітеу құралдары тек шығыстық айшықтармен көмкерілген деген ұғым тұмауы керек. Дастанда ауыз әдебиетінің әсерімен келген әдемі сөз өрнектерінің де өз орны бар. Мысалы: «Шыбықтай белі бұралған», немесе, «ұжмақта сайрап тотыдай» деген жансыз теңеулермен ғана шектелмей, автор:

Хорлының нәзік белі қылдай болды,  
Бармағы нәзік тартқан сымдай болды, —

деген әсерлі теңеулерді қолданады. Сондай-ақ:

Мен — ақ сұңқар, ол — аққу,  
Көп көлдердің көріңс,  
Көлденеңнен ілем деп, —

деген әдемі баламаларға да барады.

Бір күнде Бағдаттың сұлталы сдім,  
Дүлдүлде атым пыққан түшар едім.  
Жолықтым қалың торға құтылмастай,  
Ақ торан тоят алған сұңқар едім, —

деген ұлттық дәстүрге тән баламалар, нәрлі нақыш, табиғи суреттілігімен құнды. Әйтсе де, ақын шеберлігін танытар мұндай сөз кестелері дастанда, нехен-саяқ кездесіп, шыныстық көркемдеудің көлеңкесінде қалып қойып отырады. “Зияда-Шаймұрат” дастанының осындай көркемдік кемістіктері бола тұра, оның негізгі құндылығы сол кезеңдегі қоғамға, ортаға берер көгеріңкі идеясында екендігін естен шығармауымыз

романтикалық жырлар қарабайыр өмірдегі халықты елтіп, арман-мұраттарын ұшғай түсті.

Ә.Тәңірбергенұлының “Зияда-Шаһмұрат” дастанымен әдебиеттегі алатын орны жағынан үзеңгілес, тақырыбы жағынан ұқсас туындысы – “Баһрам” дастаны. Тегінде Баһрам бейнесі ер заманда өмір кешкен бірнеше ақындардың жырларына арқау болған.

Незірөгөйлік жолмен ғасырлар бойы жалғасын тапқан Баһрам жыры қазақ топырағына да өзіндік ерекшеліктерімен, тың сұрлеуін сала келді. Көне түркі жазбаларынан келе жатқан Баһрам-Турдың қаһармандық бейнесі қазақтың төл ауыз әдебиеті үлгілерімен өрле сомдалып, Қобыланды, Алпамыс тұлғаларына ұқсас Баһрам батыр образы жасалды.

Әріптің бұл дастаны, негізінен, Сайқали жырының ізімен жырланған. Десе де, Әріп дастаны – өзбек ақынын қайталамайтын мүлде бөлек туынды. “Тегінде, белгілі сюжет негізінде шығарма жазған ақындардың қайсысы да түпнұсқаны іздеп, не түпнұсқадан ауытқымауды қадағалап жатпаған. Оның себебі: олар шығарманы аудару емес, соның негізінде өз туындыларын жасауды көздіген” /54.59/. — деген пікірлер Әріп дастанының бітіміне сай айтылғандай.

“Баһрам” дастанының жалпы оқиға желісі “Зияда-Шаһмұратқа” жақын. Үрім шаһарының Кіші деген ханы елге садақа үлесіріп, Алыдан бала тілейді. Жоғарыда тоқталдық, бала тілстен Кіші ханның зары, Баһраммен қоштасқан анасының зары сияқты ғазалдар “Зияда-Шаһмұраттан” алынған. Сондай-ақ, дәулетті адамның бір перзентке зар болуы – Әріптің “Қожа Раған” қиссасының да негізгі желісі. Салыстырмалы түрде қараған адамға Әріп дастандарының тақырыптық жағынан болсын, сюжеттік желісі жағынан болсын, бір-бірімен ұқсастық тауып жатқанын байқау қиын емес. “Зияда-Шаһмұрат” дастанында үстірт баяндалып, екінші орынға қойылған батырлық, ерлік әрекеттерге Әріп бұл шығармасында ерекше мән беріп, Баһрамның батырлық бейнесін жасауға күш салған.

“Баһрам” дастаны ауыз әдебиетінің элементтерін бойына сіңірген. Батырлар жырындағыдай Баһрам тұлпары да айрықша.

Тұлпар сипаты аз да болса, қазақтың батырлық дастандарындағы ер серігі Тайбұрыл, Байшұбарлардың образдарымен ұқсастық тауып жатыр. Дастанда қазақи салт-дәстүр белгілері де кездеседі. Жалаңда жолыққан шалдың бағасын алмай, Баһрам бел бұған сапарына аттап баспайды. Өйткені қара

да кездеседі.

Жалпы, Әріптің шығыстық тақырыпта жазған дастандарын сөз еткенде мына бір жайларды мықтап есте ұстағанымыз жөн. Біріншіден, бұл дастандарды дүниеге әкелген уақыты Әріптің ақындық жолға енді бет бұрған жасаң шағы, яғни ақындық өнерге шығар баспалдағының алғашқылары деуге болады. Екіншіден, ақындық жолды шығыстық-незірөгөйлік жолдан бастаған Әріп әлі нақты ақындық шеберлікті айқын сезінердей Абай алдын көріп, тағалымын танып үлгермеген еді. Сондықтан да, ақынның шығыстық үлгідегі қисса-дастандарын оның ақындық қуаты толысқан кезеңдегі шырлы өмірдің сырын ашар реалистік шығармаларымен таразылаудың еш қажеті жоқ. Бірақ, Ә.Тәңірбергенұлы қаламынан туған “Зияда-Шаһмұрат”, “Баһрам” қазақ қисса-дастандарының ең көрнектілерінің қатарынан орын алады.

Ә.Тәңірбергенұлы — қазақ әдебиеті бетінде ешкімге ұқсамайтын оқшау, өзіне ғана тән өрнек қалдырған күрделі тұлға.

Әріп – Абай поэзиясының қайнарынан қанып ішкен, тағалымын бойына дарыта білген талантты шәкірт.

Жас шағында шығыс әдебиеті, незірөгөйлік поэзияны еркін менгеріп, көлемді қисса-дастандарға қалам батырды.

Қазақтың төл өнері, өлең жарысы-айтысты өмірінің өзегіне айналдырды. Әріптің Көкбай, Қуанышбай, Боранбаймен айтыстары — қазақ айтысының ордалы ортасынан орын алмағанымен, айтыс табиғатына өзіндік бір тың бояу, жаңа жарқыл қосқан ерекше дүниелер.

Ә.Тәңірбергенұлы ақындығының шырқаубиігі халық мұратына, мұнына жуық сыншыл шығармалар жазуымен көрінеді. Әріп заман келбетін, өз ортасының тірлігін бүркемелемей, өткір де шынайы беруде Абай идеяларын өз шығармаларына Темірқазық ете білді.

Ә.Тәңірбергенұлы – замана бедерін өлеңімен өрнектеген ақын ғана емес, ел ісіне бел шеше араласқан қоғам қайраткері. Орыс өктемдігінің білімі мен мәдениеттілігінде екенін ерте түсінген ақын, елінің ертеңін сөз қаруымен қорғап қалудың аздық ететініне көзі жстеді. Сол себепті, Әріп ағартушылық, демократтық идеялардың жалаң ұраншысы ғана емес, өз еліне мектеп ашып, халық ағарту ісіне өзіндік үлес қосқан азамат ретінде қалыптасты. Ол — қоғамның саяси бедерін дәл түсініп, мейлінше анық таныға білген сыншыл да шыыншыл, суреткер.

тоғыз жасы 1894-ші жылқы жылына деп келеді екен.

Содан соң, осы "Алаш" жинағында Нұржанның қатты ауырып жатқанда жазған өлеңі бар. Онда өзінің өмірбаянын жас мешперімен баяндап келіп:

Ыңғайсыз келдің, елу бес,  
Қайтпейін, болшы еңбек еш.  
Әр пендеге тап келер,  
Тағдырыңда болған іс.  
Қуат бер, Алла, бір өзін,  
Қайғыменен қайнайды іш?<sup>2</sup>

деп зарланған сөзін оқимыз. Сонда бұл қандай қайғы екен? – деп ойға қалсақ, оның жауабын Сәбит Мұқановтың мына сөздерінен аламыз: "Нұржанның әйелі Бибізара да ақын болып, екеуі хат арқылы айтысумен қосылған. Олардан туған жалғыз ұл Сұлтанғазы 1911 жылы өліп, артында ұрпақ қалмаған"<sup>3</sup>

Егер Нұржанның жасы сол 1911 жылы 55-те болса, ол, әрине, 1856 жылы туған болып шығады.

Соңғы дәлел: Нұржанның жаңағы өлеңінде:

Алпыстан асып жасымыз,  
Қолға алдым таптық<sup>4</sup>,

дейтін сөзі бар. Егер Нұржан, кейбір зерттеушілер айтқандай, 1859 жылы туып, 1919 жылы дүниеден 60 жасында өткен болса, дәл әлгіндей сөзді айта алмаған болар еді. Осының барлығы ақынның өмір деректерін әлі де зерттеп, дөңдеңкірей түсу қажет екенін көрсетеді.

Енді оның шығармашылық өміріне келейік.

Нұржан ақын жастай оқып, мұсылманша сөзіміз білім алады. Араб, парсы тілдерін бір сыдырғы игереді. Сол арқылы Шығыс поэзиясының үлгілерінен сусындайды. Өлеңді де сол Шығыс ақындарының, әсіресе, Аллалар сияқты софялардың ықпалымен жаза бастайды. Оның шығармаларында араб, фарсы сөздерінің жиі ұшырасатынын да осымен түсіндіруге болады.

Сәбит Мұқановтың айтуы бойынша, Нұржан өз тұсындағы дарынды ақындардың бірі болған. Жасынан пысық, палуан әрі ақын, шешен, әнші, күйші жігіт болып өседі де, Троицкі

<sup>2</sup> Сонда, 105-б.

<sup>3</sup> С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық, 15-т., А., 1979, 78-б.

<sup>4</sup> Н. Наушабайұлы. Алаш. Қостанай. ЖШС "Баспа үйі", 1997, 105-б. Баспадан: Оған әлі осы жылқы жылы келтірілгенде тек беті

## НҮРЖАН НАУШАБАЙҰЛЫ (1856-1911)

XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бас кезінде жасаған ақын. Ол қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында (бұрынғы әкімшілік бөлісі бойынша) Қостанай уезінің Арақарағай болысында, Құттық ауылында дүниеге келген. Туған жылы туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Бұрынғы зерттеулердің біразында 1859 жылы деп, кейбір деректерде 1857 жылы деп көрсетілген. Ал 1997 жылғы әдебиет зерттеуші ақын Ақылбек Шайхметтің құрастыруымен жарық көрген "Алаш" атты жинақта бір газет тілшісінің хабарына сүйеніп жасалыпты. Онда:

Білектен еңкейіске қадам басып,  
Жыл үлү үңісінде мен алпыстың,<sup>1</sup>

деген Нұржанның өз сөзін келтіре отырып, "ол 1856 жылы туған болып шығады" деген болжам жасалған<sup>1</sup>. Бірақ бұған да қарсы дау айтушылар бар. Ал біздің ойымызша, осы болжам дұрысқа келетін сияқты. Олай дейтініміз, ақынның жаңағы сөзін негізге алсақ, 1856 жылы, яғни үлү жылы туған адамның 61-дегі мүшел жасы 1916 жылға дейін де, ол осыдан екі жыл өтіп, үшінші жылы 63 жаста болады. Ол қой жылы екені қазақша жыл кайырудың ғылыми дәлелденген кестесі бойынша 1919 жыл болады.

Тағы бір дерек – ақынның тоғызыншы назымында: "Жыл үлү, отыз тоғыз, биыл жылқы" деген өлең жолы бар. Мұны тағы да қара сөзге аударсақ, туған жылым үлү биыл жылқы жылы отыз тоғыздамын деген мағына шығады. Мұнда да, жоғарыдағы кесте бойынша есепке салсақ, 1856 жылы туған адамның отыз жеті мүшелі 1892 жылға тура келеді де, одан кейінгі екі жыл, яғни отыз

<sup>1</sup> Н. Наушабайұлы. Алаш. Қостанай. ЖШС "Баспа үйі", 1997, 6-б. Ескерту: Оған әлі осы жылқы жылы келтірілгенде тек беті ғана

мәдрессесінен жақсы білім алып шығады. Оның ақындығын да, кісілігін де Ыбырай Алтынсарин жоғары бағалаған. Өзінің көп күндерін сонымен бірге өткізген. Бірде Ыбырай өзінің Қаумен деген құдасының үйіне Нұржанды ертіп барғанда, үй иесі: “Құда, көп кісімен неге келмедің” десе керек. Соңда Ыбырай Нұржанның бойындағы өнерлерін атап келіп: “осыдан артық көп бола ма?”<sup>56</sup> – деген екен дейді.

Нұржан – өленді жазып шығарған ақын. Сондықтан оның шығармалары ХІХ ғасыр ақындарының ішінде баспа бетін алдымен көргендердің қатарынан саналады. Шығармаларының алғашқы жинағы “Манзумат қазақия” (“Қазақ шежіресі”. – Ред.) деген атпен 1903 жылы, одан кейін “Сапарғалимен жұмбақ айтысы” 1908 жылы, “Алаш” атты кітабы 1910 жылы жарық көреді. Үшеуі де Қазан қаласының баспаханасынан басылып шыққан.

Өкінішке қарай, заманында оқырман қауым тарапынан зор ынталатпен қарсы алынған бұл басылымдар кейінгі уақыттарда бастары қосылып та немесе, жеке-жеке күйлерінде де жаңғыра баспа бетін көріп, қайыра жарыққа шыққан емес. Ақын мұрасы тек әр дәуір өкілдерінің жеке шығармаларынан топтастырылған тақырыптық, мезгілдік немесе басқадай хрестоматиялық жинақтарға ішінара енгізумен ғана шектеліп келді. Тіпті сол дәуірдің әдеби тарихына арналған зерттеулерде, шолу мақалаларда ақынның аты бірде аталып, бірде аталмай қалған кездері де болды. Әрине, мұның бері сол замандағы идеологиялық сүзгінің қағалдығынан орын алған жағдайлар еді.

Осындай жолсыздықтарды жойып, Нұржан ақынның әдебиет тарихындағы өз орнын өзіне қайтару бағытындағы игі қадамдардың бірі ретінде 1997 жылы Қостанайдағы ЖШС “Баспа үйінен” Нұржанның аталмыш үш жинағының “Алаш” деген атпен тұтас күйінде жарық көруін атауға болады.

Бұл жинақта ақынның алпыс шақты шығармасының басы қосылған. Білген адамдардың айтуына қарағанда, Нұржан мұрасы мұнымен шектелмейтін сияқты. Жергілікті тұрғындардың естерінде сақталып қалып, әлі әдеби айналымға кірмей жүрген бірсыпыра дүниелері болса керек. Оларды жинастырып келуге жарату, әрине, болашақтың ісі. Ал енді саны мен сапасы жағынан тұтас алып қарағанда, осы басылымның өзін де, зерделеп қарастырған жағдайда, ақын мұрасының құндылығын әбден таныта алатын ескерткіш деп қабылдауға әбден болады.

Н.Наушабайұлы ақындығының өзге замандастарынан бір ерекшелігі – оның өлендерінде назым жанрының басымдығы. Өзге толғаулар, тақпақтар мен термелер, айтыстар, мысалдар,

аудармалар, ән мәліңдері өз алдына болғанда, жаңағы назым өлендерінің өздері де ақын мұрасының шоқтығын едәуір көтере түсетінін көреміз.

Нұржанның шығармашылығын әрбір мүмкіндікті пайдалана отырып, зерделей зерттеген үлкен әдебиетші ғалым Бейсенбай Кенжебаев ақын мұрасын сипаттай келіп, негізгі ойын былай түіндірген болатын:

“Бірсыпыра өлендерінде Нұржан заман жайын, қазақтың бұрынғы, өз тұсындағы тұрмысын, ел билеген адамдардың іс-әрекеттерін, оқу, өнер, білім, дәулет, бақыт, мінез-құлық мәселелерін сөз етеді. Солар жөнінде бірталай орынды, маңызды, келісті өсиеттер, мақал, мәтел, нақыл сөздер айтады. Оның шығармалары ойлы, мағыналы болып келеді”<sup>56</sup>.

Сыншы “бірсыпыра өлендерінде” дегенде ең алдымен ақынның назым үлгісінде жазған шығармаларын айтып отыр. Бұл өзі көлем жағынан да, мазмұн жағынан да, оның ішінде көгерілетін мәселелер жағынан да өзгеше, тек нұржандық сөз өрнегі деп айтарлық қолтума туындылар. Өздері бірінші, екінші, үшінші деп, сан ретімен нөмірлен берілген. “Алаш” жинағында осындай тоғыз назым бар. Көлемдері төрт, алты, сегіз тармақтық өлшеммен берілгенде, — отыздан алпыс шумаққа дейін барады. Сондай ұзақ шығарманың өн бойында бірден бірге жеделдеге ауысып, термелеп кететін немесе ақындық шабытпен тебірене толғанып, ой өрістететін тұстары көп кездеседі. Сондықтан оларды жанр жағынан тұс-таңбалап, поэзиядағы классикалық түрлердің белгілі біреуіне үзілді-кесілді байлап беруге болмайтын сияқты. Кейбір ұзақ назымдарын еркін көсілген лирикалық монолог деп, немесе әртүрлі ой толғаған сюжетсіз шағын поэма деп немесе дәстүрлі қазақы үлгідегі тағлымды философиялық трактат деп те бағалауға болар еді. Сондықтан ара-арасында ежелгі Шығыс шайырларының үлгісімен өлеңге өзін араластырып, белгілі бір мәселе жайын талқылағанда өзін сөзге тартып, кейде өзіне төрелетіп отыратын тұстары да кездеседі.

Содан кейін есте боларлық бір жәйт, жоғарыда айтылғандай, әрқайсысын рет-ретімен жеке нөмірлеп отырғанмен, оларда хронологиялық дәйектілік сақталмаған. Біреуі ерте, біреуі кеш жазылса да, нөмірленгенде ілгерілі-кейінді орналастырылғаны байқалады. Мұны жай кездейсоқтық демесек, олай кезектестіруге басқа себеп жоқ сияқты. Мәселен, үшінші назымда айтар ойларын айтып-айтып келіп: “Түлетіп келіп қалдық елуге де” десе, одан кейінгі төртінші назымда: “бұл күнде қырлықтан асып болдым көрі” деп, жаңағы жас мөлшерін пысықтай түседі де, сөл кейініректе: “дәлтеңін жастың қырыққа білемің” деп оның көпі бәсеңше-

түседі. Ол өзімен тұрсын, бұдан кейінгі бесінші назымы турадан-тура: “Әй, Нұржан, биыл шықтың отыз беске” деп басталады. Демек, жинақтағы назым өлеңдерін орналастыруда жас мөлшері емес, басқа бір шарт ескерілген болуы керек.

Бнді оларды мазмұн жағынан қарастырып көрейік.

Бірінші назымы шұу дегеннен адам мінезінің теріс жақтарын санаудан басталады. Солардың ең зілдісі – надандық.

Жаһилдар ғылым сөзін тындамаған,

Шарғиға мықтап белін байламаған.

Хайуандар есебінде көрінеді,

Асылын назар салып андамаған<sup>7</sup>.

Шарғатты мойындамаған дінсіз, надан адамдарға ақынның ымырасы жоқ, олармен біржола келісіп, аражігін ашып алады. Бірақ әр жағын қазбалап жатпайды. Тек өз басының кірсіз, тазалығын діттейді де, одан әрі парасатты адамгершіліктің күнгей жағына қарай ойысады. Ақынның бұл тұста ең алдыңғы орынға қоғамның – жігіттің қиындыққа мойымайтын қажыр-қайраты, қандай қауіп-қатерден де тайсалмайтын ежеттігі, қандай тәуекелге болса да бара алатын қайсарлығы. Бірақ соның қай-қайсысында да адамның нақты мүмкіндігін естен шығаруға болмайды. “Біреудің көңілі зор болса да, қолы қысқа”. Ал енді біреулердің “қолы ұзын бола тұрып, көңілі төмен”, яғни қолдағы мүмкіндігіне адамшылық қасиеті жетпей жатады.

Ақынның айтуынша, адамға ең керекті – амандық, барға қанағат. Дүние еш уақытта орнында тұрмайды, бері өзгеріп жатады. Солардың ішінде ең баянсызы – бүгінгі бақ пен дәулет; қолдың кірі сияқты бір жуғанда кетіп қалады; көшпелі бұлғтай ойламаған жерде ғайып болады. Соның бері заманға байланысты дей келіп, ақын өз заманын: “бұл күнде сөз өгірік, іс жаңылыс” деп сипаттайды. Өмірдің сондай қайшылығына қарсы дару боларлық жөн-жосықты шара ретінде ақынның мәслихат ететіні:

“Күлің жетсе бір қос тік әр шабарға”,

Деген нақыл: “Жауда да болсын бір дос”<sup>8</sup>.

Ақын айнаымас адал достықты жоғары бағалайды, жұртты ынсаптылыққа шақырады; жемқор хакім мен сараң байдан бесіндіреді. “Ислам жолы түзелмес ыждағатсыз” деп, бүкіл

<sup>7</sup> Н. Наурызбаевтың. Алаш. Қостанай. ЖШС “Баспа үйі”. 1997.

13-б. Ескерту: одан әрі осы жинақтан үзінді келтірілгенде тек беті ғана

мұсылманшылықтың игілігі әр адамның ақ пейіл, адал ниетіне, ұйымшылдығы мен ұқыптылығына байланысты екендігін ұғындырады.

Екінші назымында ақын алыстағы арман мен қиырдағы қиялдан төрі, адамның күнделікті іс-әрекетінің жемісіне көбірек назар аударады. Не істесең де қиуын келтіріп, қисынын тауып, біліп істе, ғафылдық жасап алып, артынан өкініп жүрме; ал жөні келіп жатқан орайлы іске асқақтама. Елмен істес болып, халыққа билік жүргізер болсаң, алдымен қалыпты да байыпты бол, “баусыз түндік секілді желшілдеме”, сенің әр сөзінді досың тыңдап, айбылныңнан дұшпаның қаймығатын болсын.

Соның барлығында да асып-тасып, болдым деп асқақтама. Бақыт деген күс секілді, таңдаусыз-талғаусыз қона салмайды. Ісің мінсіз болса, әр уақытта желің оңыңнан келіп, жолың болып отырады.

Ақын әрімізге осындай ақыл-кеңес беріп, жөнге салып отыруды өзіне тұрақты борыш санайды; кім-кімің де теріс ісі мен жағымсыз қылығын бетіне басып сөйлейді:

Айтамын осындайды жөнсіз көріп,

Өз ісін жүргіткен соң мінсіз көріп.

Осыларға ақылымды түссемін,

Дауасыз дерт сықылды емсіз көріп”.

Айтқандай-ақ, ақынның ақыл сөзі ешқашан далаға кетпеген, жөнсізге жол сілтеп, жосықсызды тезге тартып отырған. Мұны тек автор сөзінің дуасы деп қана емес, жалпы нәрлі көркем сөздің күші деп ұққан жөн.

Ақын өмірінің әрбір белесінде оның өмірге көзқарасы, өзіне қоғар талап-тілегі, жүріс-тұрыс үрдістері өзгеріп, бұрынғыдан бір саты жоғарылап отыратын сияқты. Мәселен, бесінші назымының басында ол былай берді:

Әй, Нұржан, биыл шықтың отыз беске,

Тәлім айт бұдан бымай ізгі іске.

Білместен балалықтың әсерімен

Тынақуы айтпадың қылып кешке”<sup>9</sup>.

Көріп отырғанымыздай, ақын өзін жұрт алдында ақылшөй ұстаз сезінеді, алдымен өзіне қойылар талапты күшейтеді.

Белден асып, қырға да шығып тұрсын,

Ғұмырың өгіп кеткен кірмес түске.



Өзінің қай жерде тұрғанын анықтап алғаннан кейін, енді өткен күнге қайтып оралудың жоқ екенін өзіне ескерте келіп:

Әркімнің көңілін аулап бұл шамаға,  
Сүйретіп алып келді салып күшке<sup>11</sup>.

Байқасақ, ақын бұдан былайғы өмірінде өзі емес, өзгенің өмірі үшін де жауапкер сезінеді, солардың ауырталығын өзіне жүктегендей болады. Ендігі өміріміздің үміті ортақ болғанда, соның ақталар жолындағы іс-әрекет, ой мен күлкі, ізгілік пен рафылдықтың өлшемі бәрімізге және ортақ, соған мойын ұсынайық; қай істі де ақылмен өлшеп істейік деген уәж айтады. Осы ойды өрістете отырып, әр тараптан өлең толғайды.

Сол деңгейде өрбіген ғибратты дерістерін алтыншы назымда әрі қарай жана бір өріске алып шығады:

Дұшпанға ерегіскен ар сақтама,  
Жөнінен қорқып келіп тайсақтама.  
Қаппама жүк артса да жан достарың,  
Сынғанша бел омыртқаң қайсақтама<sup>12</sup>.

Бірақ адам аласы ішінде дегендей, заманның ырқымен, тіршіліктің ықтиярымен жүргенде ақыл-парасат өлшемінен ол шетінен тайғақсып кететіндер де болады.

Бұл күнде түгел болып сыр шықпайды,  
Көбейін, түбі тесік дорбасының<sup>13</sup>.

Ақын осындайлардан сақтаңдырады, адамгершілік үрдістерінен аттамауды дйттейді. Бірақ онымен шектелмейді. Нұржан назымдарында және басқа да толғау, термелерінде тақырып аясы жеке адам мінез-құлқының келтерінен бастап, халық тағдырына, заман, ғалам проблемаларына қарай желі тартып отырады. Сонда жекселеген елдің, халықтың, бүкіл адамзаттың тарихи даму үрдісінде қол жеткен олжаларымен бірге жоғалтып алған қымбаттарын, мәселен, өз жұртымыздың мысалында санамалап айтқанының өзінде үлкен тағылым бар екенін байқаймыз. Сегізінші назымына көз салайық.

Қаламыңды қолға алып,  
Ішпегі дертті қозғалтып,  
Бір ғибрат сөз бастайын<sup>14</sup>.

деп келіп, бар-жоғын түгендегенде, халқымыздың дәстүрлі рухани және заттық байлығында жанадан тапқан табысынан гөрі, қолдан шығарып алған қымбаттары көбірек екен. Соларды тізбелеп келгенде, ақынмен бірге тіпті бүгінгі оқырман да опынып, өкініш сезінетін сияқты. Сондағы ақынның жоқтайтыны не нәрселер?

Олар: сөзден түйін байлап, артына дұғатты мысал қалдырған шешендер; неше мың қол бастап, жұртын қорғаған ерлер; қара қылды қақ жарған әділ төрешілер; ел намысын қорғаған ұландар; "бір ауызға қарап, бір сөзден тараған", бір адамды басшы ғып жүрген халық; тағысын тағылар. Солардың ішіндегі ең қиыны:

Алашты алды, жерді алды,  
Еңді алмаған нең қалды?  
Бұрынғы хан, би болғандар  
Наград, шенге алданды.  
Бұл күлге білем дегендер  
Штагпенен болған-ды.  
Фәтуа жоқ, бірлік жоқ,  
Бірлік болмай тірлік жоқ,  
Ойламай қазақ қалған-ды...<sup>15</sup>

Нұржанның "Алаш" жинағында жоғарыда сөз болған назымдарынан басқа да бірсыпыра сүйекті шығармалары бар. Олардың қай-қайсысында да ақынның өзі өмір сүрген заманның, нақтылап айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни қазақ даласы біржола орыс патшалығының отарына шырмалып, тығырыққа тірелген заманның, тағы да тарағыңқырап айтсақ, халықтың тарихи өтпелі кезең алдындағы қайшылыққа толы тұрмысының келптері кенінен көрсетілген.

"Осы ретте, — деп көрсетгі Бейсембай Кенжебаев, — Нұржан надан, пасық, сұм-сұрқия, қу, еріншек, жалқау адамдарды, мал-жанды байларды, жалмауыз би-болыстарды, тұрақсыз, жалған достарды қатты сынайды. Оның бұл жөніндегі ойы Абаймен үндесіп келеді"<sup>16</sup>.

Абайдың қазақ халқының қасіретті тағдыры туралы айтқан "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" атты атақты өлеңін былай қойғанда, жоғарыда айтылған жәйттерге тікелей қатысы бар "Сабырсыз, арасыз еріншек", "Көңілім қайтты достанда, дұшпаннан да", "Көжекбайға" ("Бөген елде бар болса"), "Адасқанның алды жөн, арты — соқпақ" сияқты шығармаларында патшалықтың отарлау саясатының елдегі әлеуметтік жағдайға, адамның ой-шынтіне, мінез-құлқына тигізген зиянды зардаптары жеріне жеткізе әшкереленген болатын.

<sup>11</sup> Сонда.

<sup>12</sup> Сонда, 32-б.

Нұржанның Абаймен үндестігі дегенде, бұл пікірді ұлы ойшылдан бұрынды-соңды ғұмыр кешкен, онымен заманы бір басқа да қазақ ақындарының бұл бағыттағы айтқандарын Абай негізін қалаған ұлы реалистік арнаға жан-жақтан жалғасып келіп, қосылған мол ағынның көрінісі деп қабылдаған мақұл.

Осы тұрғыдан келгенде, Н.Наушабайұлының "Баяғы ерлер қайда?", "Таршылық таянған заманда", "Заманның қалпына айтылған сөздер", "Қырық тілек", "Ұйқынды аш!", "Әй, Нұржан, қалам алдың сөз жазарға", "Мінәжат", "Қырық парыздың баяны", "Жапанда жүрміз заулап ор киіктей" тәрізді ұзақ сонар толғау, тебіреністерін, шабытты термелерін ерекше атап көрсеткен ләзім. Тегінде, Нұржан поэзиясы өзіне дейінгі атақты ақын-жыраулардың бай дәстүріне суарылған, өзіндік өрнек-айшықтары мол, халықтың шешендік өнерін едәуір ілгері дамытқан ерекше бір құнарлы көркемдік әлемі болып табылады. Нұржан – заманында ағы өзі өскен өңірге кеңінен мәлім болған атақты ақын. Оның өзекті толғаулары мен тегеурінді термелері ауыздан ауызға тарап, шешендік үлгілері аңызға айналып кеткен. Оны аталмыш жинақтағы нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінен де айқын аңғаруға болады.

Н.Наушабайұлының Абайға қарай жол тартатын тағы бір арнасы – оның өлең өнеріне көзқарасы, ақылдық дарынды құдайдың, табиғаттың бойға берген сыйы деп қабылдауы. Ол өзінің ақындық қабілетін ерте танып, соны барынша дамыта беруге тырысқан және өзінің қай мәреге жеткендігін аңғарған ақын. Бірақ соған мастанбаған, болдым-толдым деп асып-таспаған.

"Жері жоқ, жайылмаған біздің сөздің"...

Бұл күнде сөйлей берсем сөз жетерлік,

Білгендер тағылым алып, үлгі егерлік,

Кетесім ұлы дария шапқып жатқан,

Ләззат, мақсат табарлық, дәмін татқан, –

деп бір ауық өзіне-өзі қанағат білдірсе де, соны шеберліктің шыңы деп тосылып қалмаған. Әрбір шығарма сайын өзіне жаңа талаптар қойып, өзін-өзі қамшылап отырған. Бұған біз оның үшінші, төртінші назымдарын оқып отырғанда көз жеткіземіз.

Мәселен, ол бейне бір Абайдың: "Ақындары ақылсыз, надан келіп, // Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап" немесе: "Әр елден өлеңменен қайыр тілеп // Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап" деген сөздерін естіп тұрғандай, соған алыстан былай деп үн қосады:

Құр пәленше шешен-ақ дегенменен,  
Қозғайтын кеңес қайда көңіл дертін<sup>17</sup>, –

деп келіп, өзіне мынадай талап қояды:

Тыңдаушылар естісін жырды тыннан,  
Нақыптап сөздерінді еткіз сыннан...<sup>18</sup>

Сонсоң өлең нәрлі болуы үшін:

"Мағыналы ұлағатпен тізіп қойып,  
Байлауға сөзді қысқа білім керек, –

екенін ескерте келіп, ақын өзін-өзі былай қамшылайды:

Сенің де күйің түсіп қызбай жүрсін,  
Қайсысын көңіліңнің бұзбай жүрсін,  
Таңсық сөз тыңдап неше қалатұғын  
Кеңесті көптеп бері жазбай жүрсін...<sup>19</sup>

Семірме Нұржан деген құр атаққа,  
Қонғанмен пайда болмас әр бұтаққа,  
Елуақыт қор болмассың мәнін айтып,  
Ықылас, ниетінді берсең хаққа<sup>20</sup>.

Ақынның атақ-даңқын асырған өз өміріндегі қымбат бір олжасы – оның Ыбырай Алтынсаринмен жақын таныс болып, одан көп тағылым алғандығы. Жасында өзі ақын, әнші, сері, балуан болып өскен дарынды жігіттің өнерін жоғары бағалай келіп, Ыбырай оның ақындық қабілетін жемісті арнаға салуда шешуші рөл атқарған. Нұржанның өзі де оны қатты құрметтеп, ұстаз тұтқан. Ыбырайға арнап жазған қысқа өлеңіндегі:

Құр жерге, су үстіне от жақтырған,  
Қараңғы адасқанды жол таптырған,  
Талып, шаршап жүргеннің шешулерін  
Ойдан алып бйікке лақтырған.  
Үлгі айтып бір облыстың қазағына,  
Ықыласпен достарына сыр ақтарған.

<sup>17</sup> Н.Наушабайұлы. Алаш. Қостанай. ЖШС "Баста үйі". 1997.

<sup>18-19</sup> 21-б. Ескерту: одап әрі осы жинақтап үзінді келтірілгенде тек белгі ғана көрсетілгені – Рел.

<sup>18</sup> Соңда.

<sup>19</sup> Соңда, 24-б.

Бақайын саяға тигізбей шығыпты алып,  
Өткел қып қия жардан құлап тұрған<sup>21</sup> –

деген сөздерінде үлкен тарихи шындық бар.

Нұржанның ұлттық әдебиет тарихымызда өте құнды үлес болып қосылған мұрасы – оның Сапарғали ақынмен араласты жұмбақ айтысы.

Поэзиямыздағы жалпы айтыс жанры туралы да, оның ішінде жұмбақ айтыс туралы да бізде айтылған пікірлер, бұл тақырыпты арнайы зерттеген ғылыми еңбектер аз емес. Бұл жерде ол жайында көп айтып жатудың реті жоқ. Сондықтан сөз болып отырған тақырып төңірегінде айтылған Сәбит Мұқановтың мына пікірлерімен шектелген жөн. Жұмбақ айтысы айтыстардың ішіндегі қиын түрінің бірі екенін айта келіп, ол кісі жанр ерекшелігін былай сипаттайды: “Мұнда жалғыз ақындық қана жетпейді, жұмбақ айтысы ақындықпен қатар ақылдылықты, тез тапқырлықты тілейді. Сондықтан да екі ақын айтысып отырғып, өзге сөзден бірін-бірі жеңе алмағанда, жұмбақ айтысына көшіп, ақылдылығын, тапқырлығын сынасады.”<sup>22</sup>

С.Мұқановтың жоғарыда сөз болып отырған екі ақынның айтысы жөніндегі пікірі де назар аударарлық. “Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақтарындағы бір өзгешелік, – дейді әйгілі жазушы, – мұнда айтыс жұмбақпен басталып, жұмбақпен аяқталады. Өзге айтыстардай, мұнда жұмбақтан басқа айтыстың саласы араластайды. Бұл айтыста жұмбақтың стилі түгел сақталады”.

Бұдан әрі екі ақынның өнер сайысының мазмұндық ерекшелігі былай пысықталады:

“Екінші – Нұржан мен Сапарғалидың бұл жұмбақтары шын мағынасындағы реализм негізінде құрылған... Мұндағы жұмбақтар ауыл тұрмысының шындығынан алынған. Және де, жалпы ауыл емес, белгілі бір заманда жасап отырған, яғни Россияға бағынғаннан кейін, қалаға, базарға араласқан, фабрика, зауыт заттарын меншіктеген, оқуға араласқан ауылдың тұрмыс шындығы, кәсібі, күн көрісі айтылған”<sup>23</sup>.

Бұдан әрі жазушы зерттеуінде аталған айтыстың көркемдік ерекшеліктері өте жоғары бағаланады: бұл туынды жанрдың осы саласының ең биігіне, үлгілі туындысына жатқызылады. Айтыстың көркемдік, реалистік маңызын ескере отырып, автор одан әрі соның мәнін өз зерттеуінде түгел келтіреді.

Нұржан Наушабайұлы өзінің ақындық күн-қуатын поэзияның үлкен жанрында да сынап көрген. Оның “Сетіз сері” атты поэмасы – осының дәлелі. “Алаш” жинағында осы шығармадан үзінді жарияланған. Айналасы отыз шумақтай бұл үзінді де сері өмірінің ел аузында аңыз болып кеткен бірсыпыра белестері баяндалады.

Ол Маманай деген қоныста тұған екен. Жастай ая-анасынан жетім қалған ол бала күнінен өнерпаз, ер мінезді, батыр тұлғалы болып өседі, сал-сері атанып, саятшылықпен әуестенеді. Ақынның өз сөзімен айтқанда, ол:

Жер шарқал, салдық құрып, думандапқан,  
Қус салып, ит жүгіріп, дабылдапқан.  
Тұрстан, тұшпар мініп, сауыт киіп,  
Қол бастан, керілейіпті, шеру тартқан...<sup>24</sup>

Ел ішінде осылай бұла болып еркін өскен ерке мінезді дабырт жігіттің бұл қылығын көңере алмаған отаршыл үкіметтің әкімшілігі оны қуғынға салып, бірде соңынан қарулы ескер жібереді. Сол қарулы топ Есидің бір тығырдығына қамал, тұтқын ептек болғанда, батыр жігіт қарулы қарсылық көрсетіп, аман-сау құтылып кетеді де, сол бетімен қиын алыстағы Алшынның Шекі еліне барып сінеді. Сондағы Сетіздің шығармашылық жемісті өмірін, әсіресе, ол шығарған ғалшықтық әңгілердің туу тарихын ақын былай деп сипаттайды:

Сетіздің тұрған елден ияғы асып,  
Еске алмас өсек сөзі белден басып.  
Шығарған “Жылы ой” атты тамаша өңлі  
Сұлуға Бақытжамал болып ғалшық.

Ер Сетіз сал-сері ерткен түзеп сәнді,  
Әр елдің салдық құрып тартқан дәмін.  
Найманға Бақтиғиұлың қызына арнап,  
Шығарған жүз әуе дүіз “Мақпал” әнін.

Одан арғы шумақтардан тағы мынадай өлең жоңшарын оқимыз:

Ақбетке Бүркітбайқызы әдейі арнап,  
Бір әні жұртқа әйтпін – “Қыз келбесті”...  
Ғайниға ғалшық болған сал Сетіздің,  
Шығарған өлеңі екен “Қыз сипаты”...  
Сұлуға Ғайнижамал көңілі ауып,

Шығарған өсем әнін “Ғайни” атты...  
 Аруға Айжамалдай көзі түсіп,  
 Шығарған оған арнап “Әйкен” әнін...  
 Қарындасыға Жаппожа срдің ықыласы түсіп,  
 Шығарған бір әнінің аты “Қараш”<sup>25</sup>.

Осы әндердің барлығы көрсексызартықтан немесе әлде бір тұрақсыздықтан туған ба? Әрине, олай емес. Сазгерлік дарыны бойын көрнеп, оның үстіне әншілік талантты тасқындап жүрген сері жігіт атағы ел аузында аңыз болған ару қыздарды көрген сайын, олардың көркі мен мінсініне тәтті болып, тамаша әндер тудырса, оның несі айыл? Сондағы әндері бірінен бірі асып, халықтың сүйіп айтар рухани азығына айналса, осындай талантқа бас ию керек емес пе?

Нұржан дастанының кейіпкері жөніндегі әңгіме арнасын бұлайша айтыс түріне қарай бұрудың бір себебі бар. Соңғы кездері әдебиет, өнер адамдарының арасында Сетіз серінің шығармашылық мұрасына, оның аталған әндер жөніндегі авторлығына күмен келтіріліп, тіпті оның өзінің өмірде болғанын теріске шығармақ болған кейбір әрекеттер байқалады. Бұлардың ешбір негізсіз жалған сөздер екенін көрсететін біршыпыра нақты дәлелдер бар.

Мәселен, “Алаш” жинарын құрастырушы ақын Ақылбек Шахмет осы басылымыға жазған алыс сөзінде жазушы ғалым Сүлейменовтың “Сетіз сері” атты кітабына (Алматы: Өнер, 1991) сілтеме жасай отырып, мынадай фактілер келтіреді: Нұржан “Сетіз сері” дастанын жазар ащында Сетіздің інісі Қуаныштың баласы Сапарғали ақынмен дос болады. Сол арқылы 1880 (ұлұ) жылы серінің үйіне барып, бөйбішесі Ырысбекімен және үлкен ұлы Мұстафамен танысады. Сөйтіп, солардың үйіндегі серінің қолжазба мұрағаттарын зерттейді. Сол еңбегін ақын дастанның толық мәтінінде бұлай деп баяндаған:

Ән сөзін, өлең сөзін, өсиет сөзін,  
 Сетіздің шежіресінен көрді көзім,  
 Нақыл сөз, жыр-қиссасын, жұмбақтарын  
 Көшіріп жинағаннан жаздым өзім.<sup>26</sup>

Осы оқиғаның арқағын Нұржан жинақтағы дастанның үзіндісінде бұлай жалғастырады:

Сапарға ерлі әжей арнап барып,  
 Сетіздің тарихына назар салып

Дос көйінің жарысындағы Сейітін,  
 Орнатқан құлпытасын көрдім анық.

Жазуымен құлпытасың болғым талыс,  
 Туған, қайтқан жылдары екен барыс.  
 Көзіме мен жас алдым ер елестеп,  
 Арманда келтіпті-ау деп қайран арыс!<sup>27</sup>

Рас, Нұржан дастанында да, жоғарыдағыдай әңгімелерде де ойландыратын бір жайт бар. Ол – “Айман-Шолпан”, “Тарын”, “Қобыланды”, “Зейне Зайыт”, “Қыз Жібек”, “Қамбар”, “Ер Қосай”, “Ер Көкпеш”, “Ер Шора”, “Орақ-Мамай”, “Қарасай-Қазы” сияқты дастандар мен хиссаларды да Сетіз серіге тегілетіні. Бірін шығарған, бірін жырлаған дегенмен, әйтсеуір, бәрін де серіге апарып тірейді.

Бұл жайында кесімді түрде не айтуға болады? Аталған хисса-дастандардың көбі қазақ арасында Сетіз серіге дейін де көп бұрын ауыздан-ауызға тарап айтылып жүрген. Бәкім, өзі ақындық-әншіліктен қатар, арқалы айтқыш жыршы болғандықтан, Сетіз соларды ел аузынан көшіріп алып, өз нәшімен, өз мәнерімен айтып жүргені бекер болмас. Солардың біразын ішінара өзгертіп, егудеп айтуы да мүмкін. Ондайда тыңдаушы қауымының бөлігі бір шығарманың айтушыға тегі сәлдігіне де болады. Кейде оны айтушының өзіне мәніпкіткен алатыны да кездеседі. Нұржан ақын дастанында осындай бір-екі адамды бұлай деп қатты жазғыратыны бар.

Ер болмай Мәулесей де жоқпан жазып,  
 Тапқандай алғын жырды бөдене қазып,  
 Кітап қып өз атыпан ол бастырды,  
 Сетіздің “Зейне Зайыбы” көшіріп жазып.

Шіржейіңен Жүсіпбек жожа барған,  
 Керейді ала жалай аралаған.  
 Бекқұлы, Андымасын әншілерден  
 Сетіздің дастандарын көшіріп алып.

Сетіздің “Қыз Жібегін”, “Ер Қамбарын”,  
 “Ер Тарын”, “Айман-Шолпан” дастандарын  
 Қазыңа өз алғынан жариялап,  
 Жүсіпбек жоқалтып жүр ұлғ-арын.<sup>28</sup>

Нұржанның Жүсіпбек деп отырғаны Жүсіпбек Шайхисламов болса керек. Осы жинақта “Мәшһүр Жүсіп атына Нұржаннан бір-екі сөз” деген тақырыппен жарияланған ұзақ өлеңнен (35 шумақ)

осылай деп топшылауға болады.

Дастандағы Сегіз серінің мән-жайын біржола тәмамдау үшін Ғабит Мүсіреповтің “Ұлпан” романынан бір үзінді келтіре кетсе артық емес.

“Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің ағы-шулы ақын-әншілері, жыраулары еді. Ақын Шерке сал, соқыр Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы үш-төрт жаңа перілер. Бәрі де атақтының ағақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері. Бұл елдерде “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Ер Тарғын” жырлары Сегіз серінікі деп саналады. Сегіз сері өз жанынан шығарған ба, жырау ретінде айта жүріп өңдеген бс, ол арасы дүләмал. Ал “Қарғаш”, “Тауһарғас”, “Әйкен-ай” әндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауға салмайды, түгел мойындап қойған. Бұл кезде Біржан сал, Балуан Шолақ, Ақан сері әндері де іргелес Орынбор – Сібірге қарайтын қазақ елдеріне түгел тарап болған. Баяғы “Қалқам шырақ” деп аталатын, алғашқы екі жолында болатын ұйқастыра салып, айтайын дегені соңғы екі жолында болатын төрт жолды қара өлең ұйқасы аяқсып, енді қазақ өлеңі төрт аяғын бауырына түгел жинап ала бастаған.

Бұл бағыт Керейде Сегіз серіден басталып еді. Мына келген ақын-әншілердің бәрі – соның шәкірттері”<sup>29</sup>.

Нұржан Наушабайұлының шығармашылық мұрасында жеке бір төбе болып көрінетін туындысы – “Жыр-шежіресі”. Бұл да әдебиетімізде кезінде өзіндік бір дәстүрге айналған сала. Өзінің жазба тарихы, әсіресе, өзінің генеалогиялық нақты деректері жоқ болғандықтан, алғашында ауызша айтылып, кейін кейбір авторлар тарапынан қағазға түскен санаулы нұсқалар болған. Шәкәрім қажының, Мәшһүр Жүсіп Көпелбайұлының, Мұхаметжан Тынышбаевтың шежірелері осы үлгілерге жатады. Оларда халқымыздың арғы түбін Адам атадан, Нұх пайғамбардан, Әнес сахабадан бастап келіп, өз руларына жеткізіп аяқтайды. Олардың артық-кемі, әлбетте, өз ішінде деп саналады.

Нұржанның “Жыр-шежіресі” де осы қатарлас, бастау ортақ та, аяғы өзінің Қыпшақ руының бергендегі өзі білетін аталарына келіп тіреледі. Сондықтан оның де белгілі бір танымдық маңызы бар деп түйіндеген мақұл.

Нұржанның ақындық өнерінің жүйелі дәстүрге негізделген кең ерісі жайында айтқанда, оның солтүстік өңірдегі атақты Шал ақынға жұрағат болып келетінін, атап айтқанда, оның Қыпшақ еліне ұзатқан қызынан тараған шөбересі екенін де еске ала кеткен жөн болмақ. Ал өзінің әйелі Бибісараның да қыз күнінде ақын болғаны, Нұржан оған хат арқылы өлең жазып барып үйленгені жоғарыда айтылды.

Қорыта келгенде, Нұржан Наушабайұлының шығармашылық мұрасын өз заманының көркемдік шежіресіне айтарлықтай үлес болып қосылған бағалы ескерткіш деп бағалауға әбден болады.

Құрбанғали Халидов Әсеттен бірнеше салт өлеңдерін жазып алып жариялаған<sup>9</sup>. Бұл ретте Абайдың "Әсетке" атты өлеңі 1889 жылы жазылып, 1909 жылы жарияланған екі фой, оны қайда қоямыз деген сұрақ тууы мүмкін. Алайда, бұрынғы басылымдарда өлең "Ырсуден біреу артыла" деп берілген-ді. "Әсетке" деген атау 1933 жылғы жинақтан бері қарай ғана тұрақты қалыптасқан. Өлең жөнінде кезінде арнайы мақала жарияланған<sup>4</sup>.

1925 жылы "Таң" журналының 1-санында "Әсет пен Кемірбайдың қолтағуы" жарық көрді. Кейініректе С.Сейфуллин оны қайталап жариялады<sup>5</sup>. Әсет есімінің мерзімді баспасөзде оны молырақ көрінуі – 1936 жыл. Дәл сол жылы оның өмірі мен шығармашылығы туралы тұңғыш рет арнайы мақала жарияланды<sup>6</sup>. Мақала авторы Бағлаш Ысқақовтың айтуынша, Әсеттің туып, өскен жері Семейдің Үржар, Мақаншы аудандары, 1920 жылы атаман Анненков Қытайға қашқанда шекараға жақын төрт болыс елді шауып әкетеді, елмен бірге Әсет те ауып кетеді. Мақалада ақынның туған, өлген жылдары туралы мәлімет келтірілмейді.

Отызыншы жылдары Әсеттің кейбір өлеңінен үзкітер<sup>7</sup>, Рысжанмен айтқасы, "Евгений Онегин"<sup>8</sup> дастаны (үш нұсқасы) басыпса, қырқыншы жылдары негізінен Рысжанмен айтқасына ғана көңілі аударылды. Ұлы Отан соғысының қызып тұрған шағында Сәбит Мұқанов екі кітап жариялады, екеуінде де "Әсет пен Рысжан" айтысына орын берілді<sup>9</sup>. Әсет шығармашылығына А.Жұбанов та көңіл аударып, 1942 жылы Әсет өмір сүрген аймаққа барып қайтты, ол туралы деректер жинайды, ақынның қызын көреді<sup>9</sup>. Мұхтар Әуезов "Қазақ әдебиетінің тарихына" енген "Айттыс өлеңдері" тарауында "Әсет пен Рысжан" айтысына әжептәуір тоқталған<sup>10</sup>.

Елүінші жылдары Әсеттің өмірі мен шығармашылығы

<sup>4</sup> К. Халидов. Тауарих хамса. Қазап. 1910.

<sup>5</sup> Б. Абайқасымов. "Әсетке" шынында Әсетке ме? // Қазақ әдебиеті. 1972.

16 маусым.

<sup>7</sup> С. Сейфуллин. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. А., 1931, 115-б.

<sup>8</sup> Б. Ысқақов. Әсет әрі әнші, әрі халық ақыны // Социализм Қазақстан. 1936. 26 маусым.

<sup>9</sup> Соңындаы Қазақстан. 1936. 15 июль.

<sup>10</sup> М. Әуезов. Қазақтың ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер I-бөлім. А., 1942. 202-206-б. Айттыс. Құрастырғандар: М. Әуезов, Е. Ысқақов. А., 1942. 1-т., 225-241-б.

<sup>9</sup> А. Жұбанов. Записка бүлбүлдері. А., 1963, 261-б.

<sup>10</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. А., 1948. 1-т., 243-244-бб.

## ӘСЕТ НАЙМАНБАЕВ (1867-1923)

Әсет Найманбаевтың қай жерде туғандығы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Зерттеушілердің деңі оны осы күнгі Семей облысының Мақаншы ауданында туғандығын білдірсе, "Қазақ әдебиетінің тарихы" мен "Қазақ совет энциклопедиясында" Әсет Найманбаев қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы "Қызылдары" совхозында туып дегенге<sup>1</sup>, "Ақынның аталас ағайындары" – дейді Балтабай Адамбаев, – Семей облысы, Үржар ауданында тұратын Тәлі Жайнақбаевтың (1888 жылы туған), Қарағанды облысы, Қонырат ауданында тұратын Смағұл Байқұмановтың (1860-1957) және Әсеттің қызы – Сәмекей Әсетованың (1910 жылы туған) айтуларынаша, Әсет руы – арғын, арғын ішінде Майлық, Қожамберді, Ата мекені – Қарқаралы, Қарлығалы өзенінің бойы. Әсеттің үлкен әкесі Жұмағұлдан – Найманбай, Қайранбай деген екі ұл туады. Қайранбайдан ұрпақ жоқ. Найманбайдан – Әсет. Найманбайдың қонысы – Қызылдары, Керететас тауларындағы Ақсай қыстағының басы, қазіргі Қарағанды облысы, Қонырат ауданы, "Қызылдары" колхозының жері. Найманбай келісі болған, жігіт кезінде келіп іздеп, Сәмекейге барған. Әсет Семей облысында 1867 жылы туған<sup>2</sup>. Б. Адамбаев деректері көкейге қонады. Смағұл Байқұманов Әсеттен жеті жас үлкен екен. Егер Әсет сол манда туған болса, бұл оқиғаның 7 жасар естияр болып қалған баланың есінде қалмауы екіталай.

Әсет мөлшермен 1920-1921 жылдардағы Үркішшілік кезінде арғы бетке (Қытай қазақтарының жеріне) өткен. Солан келі ұзамай Күлжа төңірегінде қайғылы қазата ұшырағаны белгілі. Әсет есімінің баспасөз бетінде алғаш аталуы – 1910 жылы

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т., 2-кітап. 512-б.; КСЭ. 1973. 45-б. Қазір

толығырақ зерттеле бастады. Сәбит Мұқанов бұл тақырыпқа бірнеше рет қайтып оралды.<sup>11</sup> Есмағамбет Бисмайылов<sup>12</sup> Қайым Мұхаметханов,<sup>13</sup> Сейітділ Ордалиевтердің<sup>14</sup> Әсет шығармашылығын әр қырынан қарастырған еңбектері жарық көрді. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты жер-жерге экспедиция шығарып, ақын мұрасын жинап алуға иі қадам жасады. 1958-1959 жылдары Семей облысының Үржар, Мақаншы аудандарына барған Балтабай Адамбаев, Бозтай Жақыпбайұлы еңбектері, әсіресе, жемісті болды. Әсеттің көптеген өлең-жырлары, айтыс-қағыстары, әндері, дастан-хиссалары жазылып алынды. Бұрынғы соңғы материалдар негізінде "Қазақ әдебиетінің тарихында" Әсет шығармашылығын танудағы жаңа кезең басталды.

Алпысыншы жылдары ақынның бір топ өлеңдері, айтыстары мен дастандары басылып<sup>15</sup>, шығармалар жинағы жарық көрді<sup>16</sup>, ол жөнінде рецензиялар жарияланды<sup>17</sup>, шығармашылығын насихаттайтын бірталай ғылыми-көпшілік мақалалар шықты<sup>18</sup>.

<sup>11</sup> С. Мұқанов. Абайдың шәкірттері // Әдебиет және искусство. 1951, №7; Соңыкі. Алыптың адымдары. А., 1959, 349-354-бб.

<sup>12</sup> Е. Бисмайылов. Ақындар. А., 1956, 272-286-бб.

<sup>13</sup> К. Мұхамедханов. Ақын Әсет // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1958, №9. 38-41-б.

<sup>14</sup> С. Ордалиев. Әсет ақын // ҚазССР ҒА хабарлары. Филология сериясы. 1959, №3. 56-73-бб.

<sup>15</sup> Дастандар. Құрастырған, алғысөзін жазған Х.Сүйіншілиев. А., 1960, 88-98-бб.; ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. А., 1962, 344-348-бб.; Лениншіл жас. 1962, 6 мамыр; Айтыс. Құрастырғандар: Шахметов, Ысқақов. А., 1964, 1-т., 158-175-бб.; Айтыс. А., 1965, 431-448-бб.; Семей таны. 1967, 22 қыркүйек.

<sup>16</sup> Ә. Найманбаев. Шығармалар: өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрастырғандар: Б.Адамбаев, С.Ордалиев. А., 1968, 172-б.

<sup>17</sup> Т. Султанбеков. Возвращение Асета // Дружба народов. 1969, №10; Абылқасымов Б. Әсеттің асыл мұрасы // Семей таны, 1969, 8 шілде.

<sup>18</sup> Е. Жақыпбайұлы. Әсеттің жаңа табылған өлеңдері // Қазақ әдебиеті. 1960, 13 мамыр; Соңыкі. Әсеттің жаңа табылған әндері // Лениншіл жас. 1962, 6 қаңтар; С.Ордалиев. Әсет // Қазақ әдебиеті. 1967, 17 наурыз; Соңыкі. Әсет // Қазақстан мектебі. 1967, №10; Б.Адамбаев. Әсет ақын // Семей таны. 1968, 8 тамыз; Б.Кенжебаев. Абай мен Әсет // Семей таны. 1969, 30 қыркүйек.

70-80-ші жылдары Әсеттану ілімі одан әрі толыға түсті,<sup>19</sup> шығармалар жинағының анағұрлым толық басылымы жарық көрді<sup>20</sup>. Осы орайда соңғы жылдары Әсет туралы үзбей жазып, оқушыларды көптеген жаңа деректермен таныстырған жазушы Бексүттан Нұржәкеев есімін бөліп атау орынды.

Әсет шығармалары суырыпсалма ақындық өнер табиғатының заңдылықтарына сәйкес туған. Кейбір шығармаларын жазып шығаруы да мүмкін. Бірақ ақынның өз қолымен жазылған, не болмаса көзі тірісінде біреуге жаздыртып, сол уақыттан бері сақталған әдеби мұрасы бізге бимәлүм.

Академия қорларындағы қолжазбалар түгелдей ел аузынан жиналған. Ең ертеректегі жиырмасыншы жылдары Әбубөкір Диваев жинаған бірер өлең. Олар: "Әсеттің өлерде айтқаны", "Әсеттің бір жиналыста айтқаны", "Өкіну", "Тағы бір толғауы" деп аталады<sup>21</sup>. Отызыншы жылдары "Қызыл табан, ағаш ағ" дастанынан бірнеше нұсқалары жазылып алынған. Б.Құсбекұлының қолжазбасы 1934 жылы<sup>22</sup>, С. Қизановтікі - 1937 жылы<sup>23</sup>. Қ.Байғұттыұлынікі - 1939 жылы<sup>24</sup> жиналған. А.Әміров "Әсет пен Рысжанды"<sup>25</sup>, С.Жақысбеков<sup>26</sup> біраз өлеңдерін сол жылдары жинаған. Қырқыншы жылдары О.Орынғасев<sup>27</sup>, М.Байбатыров<sup>28</sup>, Х.Байсов<sup>29</sup>, Е.Байырбеков<sup>30</sup>, елуінші жылдары

<sup>19</sup> С. Бегалин. Әнші Әсет // Мәдениет және тұрмыс. 1977, №12; Абылқасымов Б. "Вагений Онегиннің" алғашқы аудармасы // Коммунизм таңы. 1975, 11 наурыз; Б. Нұржәкеев. Әсеттің сөз өлеңі // Қазақ әдебиеті. 1982, 15 қаңтар; Соңыкі. Бозбала, осы әңгімі үйренерсің // Қазақ әдебиеті. 1983, 15 шілде; Соңыкі. Әсет әндері // Қазақ әдебиеті, 1987, 27 наурыз; О. Асқаров. Әсеттің жарияланбаған өлеңдері // Қазақ әдебиеті. 1982, 28 мамыр; С.Дәуітов. Кемпірбай мен Әсеттің кездесуі // Қазақ әдебиеті. 1985, 9 тамыз; Д.Қалымов. Көңілді Әсет келді көтергейі // Қазақ әдебиеті. 1986, 5 желтоқсан; Қ. Тобылаев. Аспаның асында ән шалқытқан // Жұлдыз. 1984, №7; Н. Серікбаев. Ақын. Әнші-композитор // Жұлдыз (Көшпекті аул газ.). 1987, 25 шілде.

<sup>20</sup> Ә. Найманбаев. Шығармалар: әндер, өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. Құрастырғандар: Б.Нұржәкеев, Б.Абылқасымов. А., 1988, 304-б.

<sup>21</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 783- бума. 4-дәлт; 82-83-б.

<sup>22</sup> Сонда. 6-дәлт; 113-128-б.

<sup>23</sup> Сонда. 5-дәлт; 84-112-бб.

<sup>24</sup> Сонда. 1-дәлт; 1-30-бб.

<sup>25</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 221- бума. 1-14-бб.

<sup>26</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 783- бума. 2-дәлт; 25-28-бб.

<sup>27</sup> Сонда. 7-дәлт; 25-28-бб.

<sup>28</sup> Сонда. 3-дәлт; 1-3-бб.

<sup>29</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 281- бума. 3-дәлт; 6-б.

— Б.Уахатов<sup>31</sup>, Б.Жақыпбаев<sup>32</sup>, Б.Адамбаев<sup>33</sup>, Д.Мүсабекулы<sup>34</sup>, алысыншы жылдары — Б.Ысқақов<sup>35</sup>, М.Жапақов<sup>36</sup>, О.Бекбаев<sup>37</sup>, Ж.Қалдыбаев<sup>38</sup>, Т.Бекхожина — Т.Қанағатов<sup>39</sup>, Б.Бейсембайұлы<sup>40</sup> т.б. Әсет шығармаларын жиысып, академия қорларына өткізген. Олар Семей, Талдықорған, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы облыстарында тұратын айтушылардан жазылып алынған болатын.

Әсеттің 1968 жылғы жинағында 34 өлең-жыр (мұның ішінде әндері де бар), 4 айтыс-қағыс, 4 дастан-қисса жарияланса, 1988 жылғы жинаққа 29 ән тексі, 71 өлең, 10 айтыс-қағыс, 8 қисса-дастан кірген.

Мұндағы біраз шығармалардың оңға тарта нұсқасы бар, ал кейбір шығармалар Әсеттен басқа ақындарға да таңылады. Бұлай болуы әбден заңды. Өйткені ауызша туып, ауызша жеткен мәтіндердің өмір сүру тіпшінің өзі осындай заңдылықтарға негізделген.

Әсет шығармалары бізге әртүрлі орындаушылардан әртүрлі нұсқада жетті. Егер Әсет өнеріне жазба әдебиеті тұрғысынан келетін болсақ, оның өз қолынан шыққандығын толық дәлелдейтін бірде-бір түпнұсқа жоқ. Соңдықтан, Әсет шығармашылығы суырып-салма ақындық өнер тұрғысынан танылуы керек. Ол — импровизатор ақын. Осыдан 100 жыл немесе 70-80 жыл бұрын импровизация үлгісінде туған шығарманың дәл сол күйінде жетуі неғайбыл. Ендіше бүгінгі күні Әсеткі деп танылған мәтіндерде әртүрлі орындаушылардың да әсері бар. Олардың кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Бізге ақынның көптеген өлеңдерін, қисса-дастандарын

<sup>31</sup> Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 194-бума. 1-дәпт. 1-21-бб.

<sup>32</sup> Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1628-бума. 2-дәпт. 1-68-бб.; Сонда. 3-дәпт. 1-16-бб.; Сонда. 4-дәпт. 1-5-б; Орталық ғылыми кітапхана қоры 1638-бума. 1-4-дәптер.

<sup>33</sup> Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 204, 392, 404-бумалар.

<sup>34</sup> Сонда. 411-бума.

<sup>35</sup> Сонда. 630-бума. 1-дәптер. 2-26-бб.

<sup>36</sup> Сонда. 675-бума. 7-дәптер. 143-168-бб.

<sup>37</sup> Сонда. 741-бума. 1-5-дәптер.

<sup>38</sup> Сонда. 682-бума. 3-дәптер.

<sup>39</sup> Сонда. 643-бума. 15-дәптер.

жеткізушілердің бірі — Жүнісхан Көдесев<sup>41</sup>. Жүнісханнан “Қызыл табиан ағаш ат”, “Үш жетім қыз”, “Пешкин” дастандары, “Әсет пен Қали”, “Әсет пен Сәмет” айтыс-қағыстары, “Жас жігіт нағандықпен алданады”, “Жан фани дүниеден ақырда өлмек”, “Қор болмас зерек адам ақылы бар”, “Адамның жасы жөнінде”, “Айыпқа тыңдаған жан алмағайсыз”, т.б. өлеңдері жазылып алынған. Құсмилia Әділбеков Әсет шығармаларын Қадірхан Итжанұлы, Қали Әділбекулы, Сәбден Қыдырбайұлы, Қамыт Бағабайұлы, Ниязбек Әділбекулы сияқты әншілерден үйренген. Құсмилiaдан Әсеттің “Қаракөз”, “Майда қоңыр”, “Керілік”, “Тасты”, “Қоңыр қаз” әндері жазылып алынып, соның негізінде Бозтай Жақыпбайұлы “Әсеттің жаңа табылған әндері” атты мақала жариялаған<sup>42</sup>. Онымен жазушы Сапарғали Бегалин де кездесіп, Әсет әндері туралы жаңа деректер алады<sup>43</sup>. Әсеттің бірталай шығармалары алғаш рет Ахметхан Мұхамеджанұлынан, Бікен Мәсәлімұлынан, Байділда Қанағатулынан қағазға түскен. Әсет шығармаларының бүгінгі ұрпаққа жетуінде бұлардан басқа да көптеген адамның үлесі бар.

Әсет ақын лирикасы аралуан тақырыптарға жазылған: Жастық, сүйіспеншілік әуендері туралы тебіреністері. Өнер, ғылым, дін жайлы ағартушылық дидактикалық өлеңдері кезінен таралған. Замана жайың, зарын сыншыл реализм дәстүрінде толғаған жырлары, арнау өлеңдері сол тұстағы әдеби үрдісі таныталаы. Халық поэзиясы үлгісіндегі салт-тұрып өлеңдеріде мол кездеседі.

“Үлкен Ардақ”, “Кіші Ардақ”, “Қаракөз”, “Тұялар қыз”, “Желдірме”, “Мақпал” сияқты әндерін ақын жас бозбала шағында шығарған. Бұларда дәстүрлі қара өлең, қайым өлең әсері айқын аңғарылады. Мысалы, “Мақпал” әніндегі:

Мақпалдан қайттым бір күн Кербалақпен,  
Асыпты садағымды қорамсақпен<sup>44</sup>.

Немесе “Кіші Ардақтағы”:

Ат қайда Ақбақайдай шашпай желген...<sup>45</sup>

<sup>41</sup> Ол жөнінде кейбір деректерді мына сілбестерден қараңыз: Ә.Найманбаев, Шығармалары, А., 1968, 163-164-бб.; Ақып-жыраулар, А., 1979, 83-б; Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, 4-т., А., 1985, 91-б.

<sup>42</sup> Лениншіл жас. 1962, 6 қаңтар.

<sup>43</sup> Мәдениет және тұрмыс. 1977, №12.



“Қаракөздей”:

Қаратаудың басынан түсер сағым, т.б. секілді<sup>46</sup>.

“Қаракөздің” келесі бір түрі қазақтың қара өлең айту дәстүрінде орындайтындығы әрі өлең ұйқастарының “алысарға, табысарға, жарысарға, тұған айдай, жазық маңдай, бұлбұл таңдай, ақсай желген, көзі күлген, өзі күлген, сәулем едің, дәурен едің, әуреледің” тәрізді ұйқасқа құрылуы еліктесу, үйрену кезеңінің стилін аңғартады әрі кәсіби әнші ақындар шығармашылығында ұшырасатын ортақ дәстүр сабақтастығынан көптепін рудимент деп түсінген абзал. “Әпитөк”, “Ардақ”, “Мақпал” сияқты көптеген әндердің авторлығына күмен, талас пікір туындауы, стильдік қалыптасудың еліктесу кезеңі тарапынан заңды құбылыс. Әсеттің алғашқы әндерінің қатарында өзіндік өрнегі, мәнерімен ерекшеленетін поэтикалық және музыкалық жағынан бір-бірімен шебер ұштасқан, әуен-саз және ырғақтық құрылысы өте мейлін шығармасы – “Інжу-Маржан”, “Інжу-Маржан” – Әсеттің өз стилін танытудағы талпынысының тырнақалдысы. “Әуелетіп ән салса әнші Әсет” деп басталуының өзі суырыпсалыма ақындарға тән өз авторлығын бекітудесілі.

Шығармашылық толысу шағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи аласапыран кезеңіне тап келген Әсет ақын мұрасы сол дәуір тудырған әдебиеттегі дәстүр үрдісін дамытуға үлес қосып, ел өмірін, әлеумет тұрмысын, тарих тауқыметін өлең толғауларына арқау етті.

Ақынның сыншылдығы ағартушылық идеясымен ұштасып жатыр. Надандықтың сыры жалқаулықта екенін деп басқан ақын идеясы – айқын.

Ал қазақ, малың да көп, сәнін де көп,

Осыншама болдың екен неге еріншек?

Қомсынып көп қорлайды басқа халық,

Өстер ме едік өнерді көп үйренсек?<sup>47</sup>

деп, өнер-білімнен кенде қалған халқының ар-намысын қорғау, әр елге бодан болмай, отарлық езгіден құтылудың жолы бірлікте, ғылым, өнер үйренуде екенін жастарға өсиет, ғибрат ретінде айтады.

Өнер үйрен, кеуденді өрге сүйре,  
Билігі жас, болмаңдар ғым еріншек...

Оқып білім пайдалан, біресе ұқтыр,  
Өлінше дін, мөлнатқа пайда жұқтыр.  
Оқымай бос қаламыз біз несіне?  
Білімді озған кісі бәрі өзіндей  
Амқ, қол, байқап қара келбетіңе<sup>48</sup>.

деп, оқу-білімді, өнерді ел иілігіне жұмсау керектігін, оқу мен өнердің талаптанған, талынған жастың мұратына жеткізер дара жолы екенін көрсетеді. Әсет ғылым жайлы толғанғанда, қазақ поэзиясында ертеден бері насихат, үгіт үлгісінде айтылып келе жатқан белгілі жайларды да термелеп, тәмсілдеп, кейде тың тосын теңеу, тіркес тауып, терсең ой түйіндейді.

Мысалы:

Ғылыммен тең тазарып жаңданады...

...

Ғылым құ, жан тамырын тербетуге...

...

Пердесі адамзаттың – ғылым шатыр...

...

Арасын ғылым бұндап асылдайды...

...

Болғанда ғылым – дария, оқу – өрнек...

...

Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік...

...

Ғылым деген иманның бір кілті бар<sup>49</sup>.

Өнер-ғылым ақын шығармаларының басты тақырыбы болуы

Айырылып ата-қоныс мал-мүлкінен,  
Ақыры бір шыбындай жан деп қашқан<sup>58</sup>,

деп, отарлық езгіге амалсыз бойсұнған халқының бойкүйездігіне налиды. “Күйзелген ел, жығылған туды көрмей, бір-біріне әлі қас жұрттың арасында”, “Бір адам заманадан хабары жоқ”, “Бірілік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ”, өйткені, “Қазақ қамын ойлаған кісін бар ма?”, берінің “Білгені, іздегені өз құлқыны”. “Мен – данышпан дегендер де толып жатыр, Көзі ашық өнерпаздар білім шаппай” деп, ақын халыққа жол көрсетіп, “ақыл салар азаматтар қайда?” деп, қамығады. Ескілікке, кертартпалыққа қарсы тұрған ақын халықты еңбекке, өнер-білімге ұмтылуға шақырады. Тіпті, оның өткір сынға құрылған шығармаларының өзінде халық өмірінің көкейкесті мәселелеріне жауап беруге тырысу айқын сезіледі. Оның шығармаларындағы наразылық ағартушы ақынның арман-мақсаттарымен ұштасып жағалды. Абай үрдісін үлгі тұтқан Әсет ақынның өлеңінде Абайдың пәлсафалық тереңдігі болмағанымен, өз кезеңінің өмір шындығын танытуда өткірлігі мен динамикасы басым. Абайдың қазақ қалпын толғаған өлеңдерінің үлгісінде XX ғасырдың бас кезеңіндегі әдебиет өкілдері А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, М.Көпеев, Ә.Төңібергенов, т.б. ақындардың әлеуметтік лирикасының қатарында Әсеттің де бірнеше өлеңін атауға болады. А.Байтұрсынов “Қазақ салты” деген өлеңінде:

Дегендер мен жақсымын толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артпаймаған,  
Қайырсыз небір сараң баблар да бар,  
Қайықтай толқындағы қалтылдаған,

десе, Әсет:

“Мен – данышпан” дегендер толып жатыр,  
Көзі ашық өнерпаздар білім шаппай,  
Бай, мырза, атқа мінген азаматтар  
Басында жемісі жоқ қу ағаштай<sup>59</sup>,

деп, “ел жақсысын” сынай отырып, қайырсыз бай, атқа мінген азаматтарды образды түрде пенейді. Сол кезең ақындарының лирикасындағы басты арна – қоғам өмірі. Қазақ қоғамының сол кездегі мешеулігін жай ғана сынауын місе тұтпаған ақын, алдымен, сол мешеуліктің себептерін саралауға, ынтымақсыз қазақ бай, мырзаларының бедел-бейнесіне объективті баға

<sup>58</sup> Соңда, 55-б.

занды. Әсет ақын шығармаларындағы өнер, білім, махаббат тақырыбын, саяси-әлеуметтік мәселелерді сөз еткенде — Абай поэзиясынан бастау алған мазмұнның кейінгі ақындарға ортақтығы, Әсеттің де сол тақырып, сол көркемдікті игерудегі өзіндік талпынысы байқалады. Әсет “Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік” деген өлеңінде:

“Ғылым таппай мақтанба” деген қайда?  
Талай ғибрат, гөмсіл сөз бұрын өтті,  
Біз соның бұл ғасырда орнын бастық,  
Тауарих кітабында мағлұм болған,  
Ғибратын баян қылып елге шаштық<sup>60</sup>,

деп, алдындағы үлгі шапқан оқымыстылар мен ақындарды өнеге тұтады.

Ақын “Өнер” атты толғауында өнердің әр түрін тізе термелсіп, оның қадір-қасиетін жекелеп түсіндіре дәріптейді, ақыл оқу-білім, ғылыммен келетінін, еңбек те, кәсіп те өнер екенін толғай келіп, ойларын жинақтап:

Ақыл, қайрат, өнер-білім, жігер қайрат,  
Дүние осылардан сақталың<sup>61</sup>,

деп түйіндейді. Әсет шығармаларына өмірлік өзек болған тақырып – өнер, білім, ғылым тақырыбы. Өз бойынан әншілік, ақындық, сазгерлік, балуандық сияқты өнердің алуан түрі табылған сауатты ақын өнер, білім, ғылымның өмірдегі өлшеусіз нарқын ерекше насихаттайды. Өнер, кәсіп құмай, оқу-білімге талпынбай, ет пен қымызға бөртіп, дау-шар құшп, бір-бірінің малын талап, барымталап “күншілдікпен күні өткен мас елнің” сиқына кейіп, намысын оятпақ ниетте:

Қулық, сұмдық бас қамы баққанымыз,  
Қыз бен қамыз қылдырып тапқанымыз<sup>62</sup>,

деп сынай отырып, ұйқы, еріншек, надандық, маскүнемдік жайлап “Білгенге ермей, білімге көңіл бөлмей”, “Қамданбай, қарап қалған қазақ сорлының” күйін:

Қазақтың осы күнгі көпшілігі,  
Айырылды қиср киім, ішер астап.

<sup>59</sup> Соңда, 59-б.

беруге ұмтылады. Бұл бағытта да ақын өлеңдерінде Абайдың реалистік дәстүрінің ізі айқын көрінеді.

Әсет ақын өлеңдерінің көбі насихат, тәмсіл үлгісінен өмір, дүние белестері, адам тіршілігінің мәні, жақсы мен жаман, асыл мен қасық, адалдық пен залымдық сияқты өмірде адам-пенде бойында кездесетін кереғар қасиеттерді салыстыра термелеу, алигориялық тәсілде суреттеу арқылы мәңгілік мәнін жоймас заңдылықтарды сипаттауға көтеріледі. “Тәмсіл”, “Жас жігіт нағандықпен алданады”, “Жан фәни дүниеден ақырда өлмек”, “Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр”, “Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол”, “Адамзат дүние қуып қартайды”, т.б. өлең-термелері имандылық, адамгершілік жайларды да қамтиды.

Әсет ақынның діни-дидактикалық тұрғыдағы өлеңдері кезінде идеология салдарынан жиналмай, жарияланбай келді. Өзі діни мәдреседі оқыған, құран қасиетін, шариғат қағидаларын жақсы білгендіктен, имандылықты уағыздаған ақын өлеңдері өзінді түрінде жетті. Діни ағартушылық ағымның ірі өкілдері де кертартпа саналып, кітаби ақындар, ескішіл, діншіл ақындар деген жалпылама атаққа ие болып, олардың әдеби, рухани мұрасы көпке дейін елеусіз қалды. Дінді у деп уағыздаған кенестік идеология салқыны діни-ағартушылық ағымның өкілдерінің мұрасын зерттеп, игеру жұмыстарына мүлде кері әсерін тигізді. Әсет өз өмірінде араб-парсышаны үйреніп, ислам дінін парықпаған сияқты. Ел аралап жүргенде де байманғтарды, діни ғұламаларды өз сөзіне иландырып, адалдықты, пәктікті, қайырымдылықты үздіксіз үгіттеп отырған ақын діни схоластиканы уағыздаған жоқ, діннің ақ жолын қорамның даму көзіне айналдыруды мұрат тұтқан. Әсеттің 1968, 1988 жылдардағы жинақтарында дінге қатысты өлеңдері кездеспейді. Әсет өлеңдерінің бір парасы – арнау өлеңдері. Әр түрлі ортада, әр түрлі жағдайға байланысты туған арнаулар бірде-бірі өзінше, әжуә-қалжың ретінде туып жатса, кейде ел ортасының дау-шарын бітістіруден әлеуметтік тақырыптарға дейін көтерілген. 1968 жылғы жинақта төрт-бес арнау өлең ғана болса, 1988 жинақта отызға тарта арнау өлең басылған. Сын-сықақ түріндегі арнау өлеңдерінің дені адам бойындағы жағымсыз мінсездерді әшкерелеуге арналып, өкізуділік, жылпостық, қулық, жалқаулық сияқты келеңсіздіктер ақын назарынан тыс қалмаған. Төртуыл Ақбололтың биі Кәріпке:

Күн қақты сұр шоласың шыр білгенен,

Өрт өшірген немедей тұр білгенен.

Арақтеш, апылқеш — өңкей сайтан,

Кесел фой мал мен басты өрбілгенен<sup>35</sup>.

десс, Мәмбет ішіндегі Тұматайдың болысы Отыншыға өзінің тілегі бойынша.

Жанында Әтекемнің алтын пышақ,

Төрт Мәмбетті алдын фой гайдай тұсап.

Төрт Мәмбетті асаң да гайдай тұсап,

Жан-жағынды қоймадың талғаға ұқсап<sup>36</sup>.

деп, бір ауыз өлеңмен сын айттыпты. Ақын арнауларында жеңіл әжуә-юмор, көпшік қоя отырып, кемшілігін көрсету сияқты ирониялық шумақтар жиі кездеседі.

Әсеттің “Ешен қазыретке айтқаны”, “Тоқпақ руының бір байына”, “Ыбырайға”, т.б. сияқты арнаулар бар. Әсеттің арнау өлеңдерінің бізге мол жеткені Шығыс Түркістан жерінде айтылғандары.

Ақын өмір, дүние туралы ойларын ауыз әдебиеті дәстүрімен бейнелі кестелейді, жанды поэтикалық суреттер түзеді:

Ақын өз дәуірінің перзенті, сондықтан, қандай ақынның болсын, поэзиясында өзi ғұмыр кешкен кезеңнің тарихи сипаты, болмыс-бітімі, халық тұрмысы мен ақыл-ойы көрініс табады. Дәлелдеуді қажет етпейтін бұл қағиданың нақты айғақтарын Әсет ақын лирикасында да мол кездеседі. Ел арасында жүріп, әр ауылдың, әр той, ойын-сауықтың еркесі, серісі болған ақынның танымдық, тәлімдік уағыздарының эстетикалық, әсемдік әсерінің, пәлсафалық ойларының тәлімі де сол ортаға ағартушылық қызмет атқарды.

Әсет Найманбайұлы шығармаларының шоқтығы биік бір шоғыры – айтыс өлеңдері. Әсет – топқа түскенде төлеп айтатын төкпе ақын. Осы тұрғыдан қарағанда, Сүйінбай, Жамбыл, Жанақ, Түбек, Кемшірбай тектес айтыс алыстарының қатарын Әсет толықтырады. Төрт аяғы тең жорға айтыс ақыны Әсеттің халқымыздың қасиетті айтыс өнеріне соны тұр, жаңа мазмұн сонылығымен, поэтикалық қуатымен ерекшеленелін бірде-бір бірегейі – Рысжанмен айтысы.

Айтыстың ҚР УЕА қолжазба қорында бірнеше тізімі, 10-ға тарта нұсқасы бар. Айтыстың болған жері – Қарқаралы – Қызылжар жолының бойындағы Қолнды бекеті. Осы бекетте 1849 жылы мамыр айында орыс саудагерлері мен қазақтардың сиезі ашылған. Уақыт өте келе бұл сауда орны үлкен жәрмеңке дәрежесіне дейін көтеріледі.

Атақты Қолнды жәрмеңкесінде болып, әр түрлі өнерпаздармен кездесуі, онда өзінің ақындық, әншілік қабілетін көрсетуі, әсіресе, Хамитжапар байдың ақыны Рысжан қызбен айтысып, оны

жеңуі Әсеттің есімін елге танылты. “Рысжанды жеңіп, үйкен олжалы болып қайттым. Осыдан кейін өлең айтып, ән салып, ел араладым”, – дейді екен Әсет.

Әсеттің дүниеганымын, алғырлығы мен тапқырлығын, білім, парасат деңгейін көрсететін бұл айтыс – Әсет айтыстарының ішіндегі ең оқшауы. Рысжан айтқан жұмбақты Әсеттің тапқырлықпен шешуі, орайлы жауабы айтыстағы ой-пікірдің шырқау биігі. Айтыс идеялық-тақырыптық сонылығымен, тілінің көркемдігімен, сыншылдығымен, сонымен қатар, ақындар жұмбақтаған мәселенің мазмұндылығымен өзгеше айшықты. Күллі құбылыстар құпиясы мен олардың сабақтастығын айтып береміз деген күш – поэзия тілі – образды қуат пен бейнелі суреттің, сұлу ырғақ пен төгілмелі ұйқастың негізі. Айтысты кейіннен Әсет ақынның қисса етіп жырлаған.

Әсет айтыстарының ішіндегі сол кезең үрдісіне сай, композициялық құрылымы келісті, ақындар айтысының түре айтыс түріне жағатыны – Кәрібаймен айтысы.

Әсет пен Кәрібай айтысы – бас-аяғы жинақы, сын, сауалға іле жауап тауып, сөз қалысын қалт жібермей отырып айтысқан, көркемдігі, композициясы келісті, өз кезегіндегі оқиғалар мен ел ішіне танымал адамдар жайлы дерекі бар-айтыс.

Әсет пен Қали, Әсет пен Қызыр, Әсет пен Қосымбай арасындағы сөз қағыстары Әсет ақынның басқа айтыстарының қасында өзінің көтерген жүгі идеялық-тақырыптық тағылымдық сипаты тұрғысынан аса ерекшеленбейді.

Айтыс өлеңдері – қазақ әдебиетінің ерекше дамыған жанры. Әсіресе, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезіндегі әдеби-мәдени мұраларымыздың ел ішінде көп сақталып, деңгей-дәрежесін төмендетпей жеткені де айтыстар. Әсет ақын айтыстары да әлеуметтік, халықтық, көркемдік қасиеттері жоғары, өз кезегінің өткір мәселелерін шынайы тұрғыда айтып бере алған туындылар.

Әсет мұрасына қатысты шоқтығы биік, мағына-мазмұны терең шығарманың бірі – Әсет пен Кемпірбайдың қонғасуы.

Көк ала үйректің “Қош” деп ұшуы осы шығармаға романтизм, оптимизм дарытқан, поэтикалық нәр берген, символдық мәні терең шығарма.

Әсет ақын мұрасының көлемді бір саласы – қисса-дастандары. Суырыпсалмалық өнердің талантты өкілі халық жалындылығы қызықты аңыз, оқиғаларды, шығыс әдебиетінен келген сюжет желілерін, діни-уағыздық хикалаларды жаңғырта жырлап, қазақ әдебиетіндегі дәстүр үрдісіне сай көптеген эпикалық шығармалар тұндырды. Әсет – дастан жанрының өрістеуіне мол еңбек сіңірді.

күйінде келеді. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті дәстүрін ұштастыра отырып жырлаған ақын қисса-дастандары тақырып жағынан ақынның баспа бетін көрген дастандарын сипаттына, мазмұн-мағынасына қарай былай жіктеуге болады: Шығыстың ерлігілік, аңыздық сипаттағы адамгершілік, адалдық, сертке беріктік, ғашықтық, ерлік, өнер тақырыбын көтерген қиссалары: “Ағаш ат”, “Барат қыз”, “Ер Шеризат”, “Үш желім қыз”, “Үш баланың әңгімесі”;

Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбар мұғжизасын әріптейтін діни-уағыздық сипаттағы “Француз патшасының баласы” қиссасы;

Абай үлгісінде жырлаған “Евгений Онегин” атты неміралық туындысы;

Монғол халқы өмірінен жырлаған, ғашықтық тақырыбындағы “Салиха – Сәмен” дастаны;

Қазақ даласындағы отарлық озбырлыққа қарсы қайрат көрсеткен ер тулғасын дәріптейтін “Кешубай” дастаны;

Бірінші, екінші топтағы шығармаларды тек қиссалары деп атау себебіміз қалыптасқан ұғым бойынша, қисса – әңгіме, ертегі мысал деген ұғымды білдірсе, дастан – тарихи әңгіме, батырлар жыры ұғымында қолданылады.

Әсеттің “Ағаш аты” – шытырман оқиғалы дастан. Кәдімгі қиял-ғажайып ертегіге ұқсас. Ағаш ат жасап ұшу – бұқыл шығармаға өзек болған оқиға.

Әсет ақын дастанының бірнеше көшірме нұсқаларының “Қызыл табан ағаш ат” аталуы Хасен шаһзаданың қыз әкесінің қолына түсуіне себепкер “Қызыл табан” оқиғасына байланысты. Ертегі мен дастанның негізгі сюжеттік желісі – өнерпаз ұста сыйға тартқан ағаш ат пен Хасен шаһзаданың сүйегіне қосылуы болғанмен, дастан идеясы, тартыс желілері, қисыны, шешімі мүлде бөлек, өзіндік дара ерекшелігі бар туынды. Әсет ақын оқыған, естіген ертегі, дастандарға құр еліктеп шығыс ертегісінің дәстүрінен шыға алмай қалған ақын емес. Дастан шығыс әдебиетінің әсерінен жазылса да баяндауы басқаша, онда фантастикалық оқиға, романтикалық образ, реалистік суреттеулер ұштаса өрбиді. Дастан тақырыбына өзек болған ағаш атты ақын ертегідегідей белгісіз күптің әсерінен ұшырмайды, адам ақылының жемісі екендігін паш ете:

Хайламен неше түрлі жел кіргізіп,  
Жасады резеккеден бір ағаш ат<sup>57</sup>.

деп суреттейді.

Шығыстың махаббат тақырыбындағы қиссаларында ғашықтар

бірін-бірі көрмей-билмей, не түсінде, не әр түрлі ғажайыптар арқылы көріп ғашық болса, Хасен хан қызына суретін көріп ғашық болады. Ханның қызының адам бара алмайтын дарияның ортасында салынған сарайда сақталуы дастан сюжетіне сәтті сыялалған ертегілік нышан. Ақын ағаш ат бейнесін жетілдіре түсіп, Хасеннің қолын ғашығына жеткізетін күш табиғаттан тыс мифтік бейнелер немесе ертегілік таусоғар, желаяқ, т.б. емес, адам ақылымен жасалған өнер туындысы екенін дәріптейді. Жағымды бейнеге қарсы күресетіндер: патша, айлакер кемпір. Бірақ бұлардың күші, айла-әрекеті ақыла, өнерге қарсы тұра алмайды, адамның ақыл-қайраты, өнері үстем болып шығады.

Әсет ақынның алғашқы көлемді шығармаларының қатарында Шығыс ертегілерінің сюжет желісімен жазылған "Үш жетім қыз", "Барат қыз" қиссалары бар. Бұл дастандар медреседегі оқуының әсерімен жазылып, кейін өңделгенге ұқсайды. Өйткені, мұнда араб, парсы тілдерінің қолданысы басқа шығармаларына қарағанда басым. Сюжеті, негізінен, шығыс ертегілерінен алынғанмен, ақын өзіндік ой түйіп, өз үнін танытады. Әділ істің салтанат құратынын, зұлымдықтың, айлакерліктің, текашарлықтың өрісі тар екенін ширақ өрілген жыр желісімен аңыздайды. Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игі әсері қазақ ақындарының шығыстың көркем шығармаларының оқиға желісін, мазмұн-мағынасын қабылдай отырып, оны өзгерте, өрбіте жазу тәсілінің тиімділігі болды, лирикалық-ғашықтық хикаяттардың қазақ топырағында өзінше туып, бай ауыз әдебиетіміз бен тарихи әдебиетіміздің арнасында тамырласып, тоғысуы көркем ой қазынамызда адам образын жасаудағы реалистік бедерлерді байытуға өз үлесін қосты.

Әсет ақынның қаламынан туған, шытырман оқиғалы Шығыс ертегілерінің сюжеті желісіндегі көлемді қиссасы – "Ер Шеризат". "Ер Шеризат" сюжетін заманы бір танымал ақын М.Ж.Көпеев те "Тұлшат – Шеризат" деген атпен жырлаған. Туынды нұсқаларының аты көрсетіп тұрғанындай, Әсет қиссасының негізгі идеясы – Шеризатты ел қорғаны, батыр етіп дәріптеу. Сондықтан ақын оның ерлік істерін алдыңғы қатарға шығарады.

Әсет ақын қиссаның тартымдылық, тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл аударған.

Ерікпей тылдайтуғын ерлер болса,

Сөйлейік бұрынғының бір қиссасын<sup>88</sup>,

дел, қиссаның ұзақ, қою оқиғалы екенін ескертеді. Қисса

сюжетінің ерекшелігі – түпнұсқадағы көптеген оқиға, эпизодтардың түсіп қалуы, уәдесінде тұрмаған қараншет үздірге жаза тартқызып, анасының кегін алуы, ақынның басқа ақындар жырлаған қисса сюжетімен таныстығын байқатады.

Ақын осы қисса арқылы да адамгершілік, имандылық қағидаларын уағыздайды. "Дүние кезек", "Біреуге ор қазба – өзін түссен", "Бұл дүниедегі күнәң о дүниеге келмейді, оның жазасын осы дүниеде-ақ тартасың", – деп, қарапайым халықтық пәлсафаны оқырманына, тыңдаушысына үлгі етеді. Халық ауыз әдебиетінің, шығыс әдебиетінің жақсы игерген ақын сол әдебиет үлгілерінен өзінің гуманистік, ағартушылық мұраттарына, адамдық позициясына етене сюжеттерді екіпел, талғап алып, халыққа ұғымды, тәлімді тың шығармалар тудырған.

Әсеттің "Үш баланың әңгімесі" қиссасы әйгілі "Қырық үзгір хикаясынан" алынған шарғы үзінді. "Қырық үзгірде" ханға қырық үзгірінің хикая айтатыны және ханның тоқал әйелінің қырық әңгіме айтатыны белгілі. "Қырық үзгір" хикаясын әуелде, 1868 жылы татар жазушысы, белгілі ғалым Қажым Насыри бастырып шығарғаны мәлім. "Қырық үзгір" хикаясы қазақ ақындарын да қатты қызықтырған. "Дала уәлаяты газетінің" 1892 жылғы №7 санына А.Б.Алекторов "Қазақ ертегісі" деп бастырған "Үш жігіт" ертегісінің сюжеті Әсеттің "Үш баланың әңгімесі" сюжетімен дәлме-дәл сәйкес келеді.

"Салиха-Сәмен" дастанындағы ақын идеясы адамгершілік, қайырымдылық жақсылық, аяулы махаббат саздары. Поэманың романтикалық сарынына сай оқиғаның ширап, өрбүй асқақтаған суреттермен, табиғаттың айбынды тұлғасының құшағында береді. Табиғат көріністерін құбылта, жан бітіре суреттей отырып, адам тартырын табиғатпен байланыстыра алу тәрізді көркемдік тәсіл Әсет поэмасында шебер қолданылған.

Жылтыр тау, шатқал өзен, заңғар биік,

Тұрғандай бұлған өгіп, көкпе тийіп.

Темірдей қара жартаc сұрғылт түсті

Қабағың, қабар көзін қарыс түйіп.

Мұнда тау аспанменен бой тенескен,

Тұрғандай бейне мүлгіп, басын иіп.

Ақырған аждаһадай тасқынды өзен,

Сарқырап төмен аққан шатқа күйіп<sup>89</sup>.

Әсеттің таза қазақ тұрмысынан жазған дастаны – «Кешубай». Керейде Әтеке атты бір байддың төрт әйелінен жалғыз Кешубай деген баласы ерте оқыл, білім алып, он есізінде болыс, одан аға

сұлтан болады.

Әр елде жақсы шығар көпке бола,  
Ерлікпен қыыр жайлап, шетке қонар.  
Басқаға қазақ жерін бермеймін деп,  
Ұлықпен даулы болды көпке бола<sup>60</sup>.

Қазақ жерін басқаға бермеймін деп, Кешубай ұлықтарымен ұстасады. Кешубайдың үстінен ақ патшаға арыз барады. Патша билік айтуға үзірді жіберетінін айтады. Келген уәзіріне Кешубай пара беріп, оязнойды өзіне жыққызып, жерін қоса алады. Оған кек сақтаған оязной бір үлкен мерекеде Кешубайдың намысына тиіп, Кешубай оны атып салады. Істі болған Кешубайды абақтыға қаматады, одан әрі Сахалинге айдауға пәрмен береді. Абақтыға жолығуға бейбішесі Гүлжәмилә келеді. Кетерінде Ақсуатта жолықпақшы болып уәде етіп кетеді. Гүлжәмилә еліне келіп қырық кісі жинап, Ақсуат жолында кетіп бара жатқан солдаттарға шабуыл жасап, Кешубайды құтқарып қалады. Жиделібайсыңға көшіп кетеді. Аман қалған солдаттар ақ патшаға хабар беріп, болған істі баяндайды.

Ұрыпшын өз саныма өзім балға,  
Айдауым Сахаланға екен қата.

Он тұрғай, жүз солдаттың қанын кештім,  
Кешубай сөзге панса, келсін қайта!<sup>61</sup>

деп, патша күнәсін кешіріп:

Неше күтпей ақ патша қонақ қылып,  
Сыйлыққа алтын сағат бедер берді.  
Шын берді жандарал да Кешубайға,  
Үстінен арыз алмасқа қол да берді.  
Орыс ноғай, қазақты түгел сыйлап,  
Кешубай осылайша дәурен сүрді<sup>62</sup>.

Кешубай айдаудан, жазадан құтылып, тыныш тіршілікте өмір сүрген екен. Сонымен, ақын бұл дастанында жері үшін ұлықтармен күреске түскен Кешубайдың әйелі Гүлжәмиленің тәуекелшіл, ерлік ісін де дөрігітейді.

Әсеттің қисса-дастандары сырт қарағанда, түрлі тақырылқа жазылғандай көрінсе де, негізінен дерлік бір ортақ идеяға, ақиқат көзін іздеу, ізгілікке ұмтылу, бір Жаратушыға сиыну идеясына бағындырылған. Әсет ақынның қисса-дастандары

<sup>60</sup> Сонда, 168-б.

<sup>61</sup> Сонда, 175-178-бб.

жайлы айтқанда, жалпы қазақ әдебиетіндегі дастан жанрының туу қалыптасу тарихын, ондағы өзекті сала діни қиссаларсыз, классикалық шығыс әдбиеті үрдісіндегі романтикалық поэмаларсыз кең қамту мүмкін емес.

Әсет Найманбаев – қазақ мәдениетіне өзіндік үлес қосқан, елеулі із тастаған ақындарымыздың бірі. Тамаша әндері мен өлең-жырлары, айтыс-қағыстары мен хисса-дастандары халқымыздың рухани көдесіне жарап, ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде ауысуымен келеді.

қатысты талдаулар өзіндік бетімен, дәстүрімен көрінді. Жеке ақындық өнер қырлары туралы да, жанрлық түрлену, жаңашылдық пен дәстүр ерекшеліктері туралы да зерттеу, зерделеулер жүйелі түрде көрініс тапқан. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің табиғаты, тарихи-әлеуметтік сипаттары, әдебиет пен қоғамдық-саяси мәселелердің қатыстылығы, көркемдік-эстетикалық деңгейі мен өзекті поэтикалық ерекшеліктері Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Т.Көкішев, Х.Сүйіншілиев, М.Мырзахметов, тағы басқа белгілі әдебиетшілердің зерттеулерінде сарапталып, тұжырымды көзқарастар қалыптасты.

XIX ғасыр әдебиетінің тарихы мен теориялық мәселелері тұтастай алғанда, негізінен XX ғасырда жүргізілген зерттеу еңбектерде желленді. Қазақтың бұл дәуірдегі әдебиетінің сын-сымбаты академиялық зерттеулер мен оқулықтарда жүйелі сараланған. Ондаған талантты ақын, жыраулардың суреткерлік келбеті сомдалып, шығармашылық табиғаты түсіндірілген. Поэтикалық заңдылықтар мен көркемдік-эстетикалық көпқырлы іденістер ғылыми тұрғыдан зерделенген. Әрине, өткен ғасырлар әдебиетінің ұлттық, әлеуметтік тынысын зерттеуде социалистік идеологияның өзіне тән таптық танымының сорабы, социалистік реализм қағидасының тегеуріні білінбей қалған жоқ. Солай деген күннің өзінде әдебиеттің жанрлық, поэтикалық, көркемдік даму заңдылықтарына қатысты мәселелерге келген кезде жарқын да терең зерттеу еңбектер көп жазылды әрі олар қазақ әдебиетінің тарихында ұзақ жылдар қызмет атқаратын мұралар қатарына жатады. Солай десек те, ғылым назарынан тыс қалған, түрлі себептермен зерттеу аясына кірмеген шығармалар мен қолжазбалар да баршылық. Әдетте, ондай еңбектер әлдеқайда көп екендігі мәлім. Оған себеп қолжазба қорларында жинақталған материалдардың барлығының көркемдік-эстетикалық сапасы жоғары бола бермейтіні бар, тақырыбы мағыналы, айтары салмақты қолжазбалардың шеберлігі, көркемдігі келіспей жатуы мүмкін, әлде керісінше тіл кестесі байқалғанымен, мазмұны жұтаңдау туындылар да кездеседі. Бүгді бір ақындық, жыраулық шығармалар, әдеби мұралар кезіндегі саясат ағымына байланысты елеусіз қалып келді. Оның үстіне, әдебиеттің тарихын зерттеген еңбектерге толық зерделеніп, ғылыми жағынан түйінді бағасын алып үлгірмеген материалдарды қоса беруге де болмайды. Сондықтан да әдебиет тарихына көп жағдайда сараланбаған, сұрыптап, әдеби ғылыми ортаға тиісті бағасын алған ақындар мұралары қосымшаны дәстүр ретінде

## ҚОСЫМША

**XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.** Қазақ әдебиеті тарихының бұл бесінші томында XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығы қарастырылғандықтан, негізінен хронологиялық реті бойынша монографиялық тарауларда арнайы талдау ұсынылған белгілі ақын, жыраулардың өміріне, шығармаларына қатысты ғылыми деректер сұрыпталып, қосымша ұсынылды. Көптеген ақындардың ғасырдың алғашқы кезеңінде, не орта тұсында дүниеге келсе де, шығармашылық өмірі ғасырдың екінші жартысында, не соңғы ширегінде кеңінен танымал бола бастағаны да белгілі заңдылық. Сондықтан, XIX ғасырдың орта шенінде дүниеге келген бірнеше белгілі ақын-жыраулар өмірі мен шығармашылық қызметі де осы томға сәйкес келді.

Жалпы алғанда, XIX ғасыр тарихи тұрғыдан күрделі кезең болумен бірге, осы дәуірде қазақ әдебиетінде сан қырлы, әрқилы таланттар өте көп шықты. Жаңа дәуір әдебиетінің негізгі сипат, белгілері осы тұста сұрыпталып, түзілді. Бөріні былай қойғанда, қолжазбалар қорлары мен мұрағаттарда да жинақталған әдеби материалдар, қолжазбалар, әсіресе, осы кезеңде мол болғандығы байқалады. Ол қазыналы әдеби қорда жинақталған шығармалар мен өмірбаяндық деректердің де сипаттары әртүрлі болумен бірге, тақырып жағынан да еркінше тынысты, ауқымды. Ғасырдың соңына қарай кітап бастыру ісінің дәстүрге еніп, баспасөзге ықпалының күшеюі де әдебиеттің заман тынысына жедел ілесе дамуына әсер етсе керек. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің материалдары мазмұн жағынан да, сан жағынан да құнарлы бай болып келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арналған еңбектердің ішінде XIX ғасыр еншісіне, оның ішінде екінші жартысына

қатысты еңбектерді барынша толығырақ қамту ниетінде біршама жан-жақты ақпарат көздерін жүйелеп ұсыну көзделді. Бұл төртінші томды ұсыну кезінде де ұстанылған рет бойынша, осы кезеңнің әдебиеті туралы зерттеу еңбектердің библиографиялық көрсеткіші жүйеленді. Әрине, бірқатар XIX ғасыр әдебиеті туралы монографиялық зерттеу еңбектер мен кітаптарда ғасырдың алғашқы кезеңіндегі де, соңындағы да, орта тұсындағы да шығармалар сөз болады, ақындар аталып, туындылары талданады, солай болғандықтан ондай зерттеу шығармалары осы томда да тізімде көрсетілді. Мүмкіндігінше XIX ғасырдың алғашқы, екінші жартысындағы көтерілген мәселелерге қатысты ғылыми, талдау еңбектердің толымдырақ тізбесін ұсыну көзделді. Бұған дейінгі осы кезең әдебиеті туралы әдебиеттану саласында жарық көрген еңбектердің дені осы библиографиялық көрсеткіште көрініс тапты. Сол арқылы ондай талдаулармен кез-келген уақытта танысу мүмкіндігі бар. Өйткені, XIX ғасыр әдебиеті туралы бұрын-соңды жазылған талдау кітаптарының барлығына сипаттама беріп, монографиялық талдауларда таразылап сипаттау үшін өз алдына жеке зерттеулер қажет екендігі белгілі. Ал ондай ғылыми еңбектердің қазақ әдебиетінің тарихын жасаудағы өлшеусіз зор үлесі ескерусіз қалмауы да тиіс. Соңдай-ақ, жекелеген ақындар шығармашылығы хақында олардың жарық көрген кітаптарының, олар туралы зерттеулердің, қолжазба қорларындағы мұраларының негізгілерінің тұжырымды қысқа көрсеткіші қоса ұсынылды. Осының барлығы белгілі дәрежеде қарастырылып отырған кезеңдегі әдебиет тарихының тынысынан жан-жақты мағлұмат бере алады деп ойлаймыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиетке елеулі үлес қосқан ақын, жыраулар мұрасын теуелсіздік рухында зерттеудің түйінді де күрделі мәселелері жетерлік. Оның ішінде жарық көрген шығармалармен қатар, қолжазбалар қорында сақталып жатқан бай әдеби мұраларды жинақтау, жүйелеу, жарыққа шығару және текстологиялық зерттеу жүргізу секілді теориялық та, практикалық та мәні зор жұмыстардың мән-маңызы айрықша екендігі түсінікті болса керек. Ондай әдеби істерді ғылыми жолға қойып, байсалды зерттеу жұмыстарын жүргізу бүгінгі таңда әдеби мұраларды игерудің ең өзекті проблемасына айналып отыр. Әрине, бүгін бір ғасыр туралы библиографияны тұтас қамту, бір томдық кітаптың ішінде күллі қолжазбалардың тізбесін ұсыну, зерттеулердің тізімін түгендеу шарт емес. Ол мақсаттағы арнайы басылымдар бар және олар жақсы таныс. Қазақ әдебиеті тарихының бесінші томына қосылып отырған қосымша көрсеткіш материалдар XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби материалдарының бірі.

деректер мен дәйектерді әзірлегенде де төртінші томда ұстанған рет сақталды.

**XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ.** Осы ғасырдағы ақын-жазушылар мұралары сан жағынан әлдеқайда көп десек, соның басым бөлігі 1850-1900 жылдар үлесіне тиеді. Содан бергі бір жарым ғасырға жуық уақытты қамтыған әдеби мұраларды жинастыру, көшіріп сақтау, кейін оларды мемлекеттік мұрағаттар мен қолжазбалар қорында сұрыптап жүйелеу ісі нәтижесінде ұлан-ғайыр рухани қазына түзілді. Қазақ әдебиетінің бұл дәуіріне қатысты материалдардың жарияланғанынан — жарық көрмей сақтаулы жатқандары әлдеқайда көптеп саналады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы өмір сүрген ақындардың, жыраулардың, өнер саңлақтарының шығармашылығын жинау, оларды жүйелеу, мүмкіндігінше жариялау жұмыстары біртіндеп жүйелілік сипат алды. Бұл ұлттық маңызы зор іспен белгілі қаламгер, ғалымдардан бастап, әуесқой талант иелеріне дейін айналысты. Олардың ішінде аты кеңінен мәлім ақын-жазушылар да, мәдениет қайраткерлері де, қарапайым ел адамдары да кездеседі. Бұл XX ғасырда халық ақындары поэзиясының үлгілерін жинақтауға ұласты. Қазақ әдебиетінің белгілі көрінекті мамандары М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Диваев, Ө.Тұрманжанов, тағы басқа бірқатар қайраткерлердің халықтың маңызы зор шығармашылық жұмыстарының қатарында әдебиет нұсқаларын жинаудағы білікті қызметтері де ерекше шоқтықты көрінеді. Олар жинаған ақындар мұралары туралы қолжазбаларда автордың өмір деректері де, өскен ортасы, әдебиет тағдыры, шығарма мәліні туралы небір құнды деректер мен толғамдар кездеседі.

Сонымен қатар, халық арасынан ақындардың өмірі мен шығармашылығы жөнінде құнды деректер жинап, ғылыми қорларға тапсыруға Қазақстанның барлық аймағынан да жинаушылар айтарлықтай атсалысты. Олардың қатарына Қ.Баймағамбетов, М.Жүсіпов, Р.Мәзқожаев, Ә.Қайнарбаев, Ү.Толыбеков (Қызылорда), К.Есжанов (Қостанай), С.Керімбеков, Е.Құлсариев, Ү.Кәрібаев, Е.Құлсариев (Алматы), Ж.Шаңғытбаев, Ш.Қалмағамбетов, М.Әлмұратов (Ақтөбе), Қ.Амантаев, Н.Айтжанов, Қ.Байболов Оңтүстік Қазақстан), Ж.Жантөбетов (Жамбыл), Е.Құнанбаев (Шығыс Қазақстан), Қ.Айнабеков (Қарағанды), С.Бүкіров (Жезқазған), З.Бекарыстанов (Маңғыстау), Қ.Биғожин (Солтүстік Қазақстан), Қ.Сағатаров (Ташкент) сынды жинаушылардың есімдері әдебиет мамандарына жақсы таныс. Бұл тізімді әлденеше бетке соза беруге болар елі. Осынай жанашыр



Бұл кезеңдегі жинақталған қолжазба қорларындағы жазбалардың ішінде, әрине, Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің қолжазбаларының жиынтығы ерекше назар аударлады. Академиялық ғылым талабы тұрғысынан сарапталған бағалы қолжазбалардың қатарында да Абай мұралары лайықты орын алады. Мүрсейіт Бикеұлы көшірген өлеңдер мен қарасөздерінің қолжазбалары М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында, Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Олардың қысқа сипаттамасы мен көрсеткіштері Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында нұсқалып келді. Бесінші томда осы қолжазбалары жыл-жылымен тізіп көрсетілді. Сонымен қатар, бұған дейінгі басылымдарда Абай шығармаларын бастырушылардың, құрастырушылардың көзқарастары мен пікірлері жете ескерілмей келген еді. Мысалы, 1922 жылғы басылымның қалай әзірленгені, кімдердің қатысқаны, неге үшінші басылым деп аталғандығы, кітапты бастыру кезінде кездескен қиыншылықтар осы кітапты шығарушылардың беташар сөзінде дәлелді шынайы сипатталған. 1922 жылғы басылымды әзірлеушілер осының алдында ғана Қазанда жарық көрген Абай кітабы туралы көзқарастарын білдіріп, орынды сын-ескертпелерін ортаға салады. «Абаймыздың өлеңдерін» толық дұрыс бастыру мәселесін көтереді. 1933 жылғы басылымға Абай туралы көлемді құнды беташар мақала ұсынған Ілияс Жансүгіров есімі 1937 жылдан кейін көпке дейін аталмай кеткені белгілі. Сондықтан да, ақынның 1933 жылғы басылымды ашқан мақаласы тиісті бағасын ала алмай келді. Мұның барлығы әдебиеттің құнды дерегі болумен бірге, Абай шығармаларын бастыру ісінің даму жолын, Абайды тану процесін толық білдіретін шындықтар. Абай шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткішті қысқаша тұжырымдап түзгенде, ол туралы түрлі басылымдар мен қолжазбаларда сақталып қалған сондай әлденеше деректі мақалалар мен баспадан шығарушылар алқасына ұсынылған көзқарастарға назар аударылды. Шоқан, Ыбырай, Шөкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Майлықожа, т.б. жекелген ірі қайраткерлер шығармашылығы жөніндегі библиографиялық деректерге қатысты да осындай сараптама жасалды.

Қосымша деген тақырыпмен ұсынылып отырған библиографиялық анықтама көрсеткіштерді әзірлегенде он томдық әдебиет тарихының бұған дейінгі жарық көрген томдарында ұстаған тәріпін жөнімен түрлі мәдени, ғылыми-шығармашылық мекемелер мен ұжымдар ұйымдастырған экспедициялар туралы мағлұматтарды білдіре кету де ескерілді. Қолжазбаны пысықтай отырып, ақындардың негізгі шығармаларының анықтамалары мен сипаттамаларының

туындылардың мәні түсіндірілді. Қайда, қандай мекемеде, қандай қорда сақтаулы тұрғаны туралы мәліметтер аталды. Жинаушылар жөнінде деректер ұсынылды. Қосымша бөлімде арнайы толық мағлұматтар ұсынылып отырған ірі ақындардың аты-жөндері әліпби ретімен түзілді. Әдебиет тарихында ақынды есімімен айтып, жазу қалыптасса, – есімі бойынша, егер тегі (фамилиясы) бойынша көбірек мәншүр болса, – сол ретімен жазылды.

Әр ақынның есімі, аты-жөнінен кейін туған, дүниеден қайтқан жылдары көрсетілді де, әуелі жарияланған негізгі шығармалары, шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми еңбектер және қолжазбалары сұрыпталып тізілді. Алайда, қолжазбаларда сақталған шығармалардың толық тізімін енгізу мақсат етілмеді.

Сипаттаманы бастаға әзрлеуде басқа да библиографиялық анықтама деректермен қатар, М.О.Әуезов атындағы Әдсбист және өнер институты ұзақ жылдар бойы әзірлеп жарыққа шығарып келе жатқан қолжазбалар сипаттамасының материалдары ғылыми айналымға тартылды.

Сипаттаманың сол жақ бұрышындағы «Ш. 552 (ОҒК)» немесе «(ӘБИ)» деген белгілер қолжазбаның шифрын – Ш, қай қорда сақтаулы тұрғандығын («ОҒК» – Орталық ғылыми кітапхана, «ӘБИ» – Әдебиет және өнер институты) көрсетеді.

Осы библиографиялық көрсеткіштерден кейін XIX ғасыр әдебиетінің тарихына қатысты ғылыми әдебиеттердің қысқаша тізбесі ұсынылып отыр.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ  
(1845-1904)

### Жарыланған шығармалары

1. *Абай*. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. // Бастырған: Көктай Ысқақұлы Құнанбаев. – СПб.: И.Борачанский баспасы, 1909.

2. *Абай термесі*. (Баст.: Самат Әбішұлы Нұржанов). – Орынбор: Дін ве мағишат баспасы, 1916.

3. *Абай Құнанбайұлы*. Таңдамалы өлеңдері. – Ташкент, 1922.

4. *Абай Құнанбайұлы*. Толық жинақ ЖИНАУШЫ: Әуезов Мұхтар; Алғы сөзін жазған І. Жансүгірұлы. – Қызыл-Орда: Қазақ баспасы, 1933.

5. *Абай Құнанбайұлы*: Таңдамалы өлеңдері // Жинаушы М.Әуезов пен Жаманқұтұлы. – Алматы: Қазкөркемәдсбас, 1934.

6. *Абай Құнанбайұлы*. Таңдамалы өлеңдер: Қазақ әдебиетінің классигі. – Алматы: Қазмембас, 1936.

7. *Абай*. өлеңдер жинағы. – Алматы: Қазкөркемәдсбас, 1939.

8. *Абай*. Шығармалары: өлеңдер, прозалар // Дел. баспа...

- М.Әуезов. – Алматы: Қазмембас, 1939.
9. *Абай*. Таңдамалы өлеңдері. – Алматы: Қазмембас, 1943.
10. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Том 1,2. – Алматы: Жазушы, 1995.
11. Абай. Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
12. Абай. Шығармалар. – Алматы: Мөр, 1994.
13. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Өлең-сөздің патшасы. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Евразия, 1995.
14. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы / Ред. Байбога С.К. – Алматы: Жазушы, 2002.
15. Абай және архив / Құраст. С.Байжанов. – Алматы: Ғылым, 1995.
16. Абай және қазіргі заман (өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары) // Редкол. З.Ахметов (жауапты ред.) ж.б. – Алматы: Ғылым, 1994.
17. Абай және Шығыс // Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған М.Мырзахметов. – Алматы: Қазақстан, 1994.
18. *Абай*. Қалың елім қазағым: өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: Жалын, 1995.
19. *Абай*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том: өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2003.
20. *Абай*. Қарасөз. – Алматы: Ел, 1995.
21. Абайдың ақын шәкірттері / Құраст. Қ.Мұхамедханұлы. – Алматы: Дәуір, 1994.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Абай*. Опат 23 июнь 1904 ж. “Қазақ” газеті, № 67, 1904.
2. Абай және қазіргі заман. Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары. (Құрастырған және жауапты шығарушы Д.Мыңбаев, ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). – Алматы: Ғылым, 1994.
3. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995.
4. *Абай*. Энциклопедия. Алматы, 1995.
5. *Аймауытов Жүсіпбек, Әуезов Мұстаф Омарханұлы*. Абайдың өнері һәм қызметі. // Абай журналы, 1918, №2.
6. *Аймауытов Жүсіпбек, Әуезов Мұстаф Омарханұлы*. Абайдан кейінгі ақындар. // Абай журналы, 1918, №3.
7. *Ахметов З.* Абайдың ақындық өлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
8. *Әуезов Мұстаф Омарханұлы, Кенжебаев Ғ.* Абай

9. *Әуезов Мұстаф Омарханұлы*. Абайтану дерістері. – Алматы: Рауан, 1995.
10. *Байтұрсынұов А.* Қазақтың бас ақыны. // Қазақ газеті, 1913, №39-41.
11. *Дулатов М.* Абай. // Қазақ газеті, 1914, №67.
12. *Дулатов М.* Ибраһим ибн Құнанбаев. // Уақыт, 1908, №383.
13. *Жұмалиев Қ.* Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1948.
14. *Қасқабасов С.* Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995.
15. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. Ұжымдық монография (ҚР ҒБМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ғылым, 2002.)
16. *Қирабаев С.* Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.
17. *Қоңыратбайұлы Ә.* Абайдың романтизмі. – Алматы, 1994.
18. *Құнанбаев Тұрағұл.* Әкем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
19. *Машанов А.* Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994.
20. *Мұхамедханов Қ.* Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.
21. *Мұхамедханов Қ.* Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап. – Алматы: Дәуір, 1997.
22. *Мырзахметұлы М.* Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997.
23. *Мырзахмет М.М.* Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994.
24. *Салғарғаұлы Қ.* Таным баспалдақтары. – Алматы: Қазақстан, 1993.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫҢДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

Ш. 726 (ӘӨИ)

Аталуы: Ақұнанбайұлының қазақ елінің үшпұ заманындағы ахуаларын мінгеп (толғау) шығырларынан  
 Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы және көшірушісі: *Шорманов Садуақас*. Ол XIX ғасырда өмір сүрген. Баянауылда аға сұлтан болған, полковник атағы бар кісі. Қызмет бабымен Петербургке барып тұрған. Қазақ ақындарының өлеңдерін бастырып шығару мақсатымен осы жинақты құрастырғанға ұқсайды. Садуақас жинаққа жазған кіріспесінде: “Мақал”, “Әбият”, “Марсия” және “Машһүр адамдардың” шығармалары кіргенін, алғашқы жинақ болғандықтан, жинақтардың алды бола ма деген үмітпен оған “Басшы” деп ат бергенін жазды. Және жинаққа өлеңдері кірген

шығармаларының соңынан "А.Қ.", Жүсіп (Юсип) Көпесев шығармаларының соңынан "Ю.К.", Садуақас шығармаларының соңынан "С.Ш." деп қойылты. Ал Арыстан Тобылбайұлының "Абылай" туралы 1830 жылы айтқан шығармасында оның аты-жөні толық берілген. Осы жинаушының коллекциясындағы Абай шығармаларының 13-і қамтылған.

Жазылған жылы, жері Қолжазбаның соңында қойылған даталарға қарағанда, 1891-1897 жылдар аралығы.

### Ш. 402 (ӘӨИ)

Аталуы: А.Құнанбайұлының қазақ елінің үшпу заманындағы ахуалдарын мінеп (толғау) шығырларынан.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы және көшірушісі: *Құдайшев К.Н.* Бұл туралы мәлімет жоқ. Құдашев К.Н. коллекциясындағы Абай шығармаларының 12-і қамтылған.

Жазылған жылы, жері: Петербург, 1897.

### Ш. 1395 (ОҒК)

Аталуы: Ибраһим марқом Құнанбай ұлының қазақтың мінездері туралы айтқан сөзі ядқар, үшін тиісті дүр. Микәил Ибраһим ұғылына жазылды, 1324 миң -хйжрат хатым алынды 1905 жылында.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы және көшірушісі: *Бікеұғылы Молла Мүрсейд.*

Мүрсейд Бікеұғылы Семей облысы, Абай ауданынан, Абайдың замандасы, Абай ауылында балаларды оқытқан молда. Абай өлеңдерін жинап, сақтап қағазға көшірген. Қазақ ССР Ғылым академиясының әдеби қорларында сақталған Мүрсейд көшірген қолжазбалардың көнесі осы 1905 жылғы көшірме.

1905 жылы қолжазбадағы Абай өлеңдерінің тізімі 151. Одан кейін Абайдың қара сөздері тізілген.

Жазылған жылы, жері: 1905 жыл, Абай ауданы.

### Ш. 1 (ӘӨИ)

Аталуы: Мұқабаның сыртында Абайдың қолжазбасы делінген.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Көшірушісі: *Бікеұғылы Мүрсейд.*

Жазылған жылы, жері: 1907 жыл, Абай ауданы.

### Ш. 1915 (ОҒК)

Аталуы: "Қтап тасдиқ қайырлы сағатта бітіп... Дайырбай Қожанұғылына бағышлап яздым, хыжраның 1327 иында милади 1910 йылында, апрельдің 20-күнінде язғушы Мүрсейд Біке

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Көшірушісі: *Бікеұғылы Мүрсейд.* Бұл қолжазбаны Мүрсейд Бікеұғылы Дайырбай Қожанұлы дегенге көшіріп бергенге ұқсайды. Бұл қолжазбада жазылған шығармалардың саны 130.

Жазылған жылы, жері 1910 жылы қазіргі Абай ауданында хатқа түсірілген. Мүрсейд бұл қолжазбаны "Дайырбай Қожанұғылы" дегенге арнап көшірген. Қолжазба қорына қашан түскені белгісіз.

### Ш. 1260 (ӘӨИ)

Аталуы: Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғылының өлеңі.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Бастырушылар: *Кәжітай, Тұрағұл Құнанбайұлыдары* деп жазылған. Жинақтың сыртында бастырған Кәжітай, Тұрағұл Құнанбайұлылар деп жазған.

Кәжітай Ысқақұлы Құнанбасв (1868-1915) Семей облысы, Абай ауданынан. Абайдың немере інісі. Абайдың өлеңдерін алғаш рет жинап, Мүрсейдке көшіртіп және Абай шығармаларын өз қаражатымен С-Петербургта бастырған. Абайдың өмірі, шығармашылығы туралы алғаш рет мақала жазған кісі, өзінің де өлең шығаратын өнері болған. Мүрсейд қолжазбасының (1915 бұма) 147-бетінде "Әбішке жазған хаты" деген өлеңі тіркелген.

Тұрағұл. Абайдың Әйгерімнен туған баласы, орыс әдебиетін қазақ тіліне аударған, өзі де өлең жазған, Мүрсейд қолжазбасының 149-бетінде бір өлеңі бар.

Жазылған жылы, жері: 1909 жыл, С-Петербург.

### Ш. 848 (ОҒК)

Аталуы: Атақты өлеңші Абай сөзі.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушылары: *Түгелбай Отынұғылы және Төлеу Түгелбаев.* Бұлар бұрынғы Қостанай уезі, Арыққарағай болысынан, руы - Қыпшақ.

Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1913-1914 жылдары хатқа түсірген. Қолжазбаны 1935 жылы Хакімжанова тапқан. Қорға 1949 жылы түскен.

### Ш. 1623 (ОҒК)

Аталуы: Ыбрай Құнанбай ұғылының ақындықпен сөйлеген назым қисса.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы: *Нүгербек Құдубайұлы.* Ол өткен ақындардың өлеңдерін жинап, "Әдеби жинақ" жасаған. Ол жинақтың ішінде бірнеше ақындардың шығармалары бар. Сол жинақтың 39-бетінен 139-бетіне дейін Абайдың өлеңдері жазылған. Нүгербек

де шығармалары бар. “Әдеби жинақтың” ішіндегі жазуларға қарағанда, қолжазба Нүгербектің баласы Мұхтардың, оның баласы Көкітайдың қолында болған. Қолжазбаның 317-бетінде Көкітайдың 1918 жылы туғаны жазылған. Қолжазба Көкітайдан 1933 жылы Ысқақов Нұрқайдарға, одан Сәкен Ахметшеулына ауысқаны туралы мәлімет бар.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, жазуына қарағанда, XX ғасырдаң басы деп мөлшерлеуге болады. Қолжазба қорына 1940 жылы түскен.

Ш. 629 (ОҒК)

Аталуы: Абай ағам өлеңі.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы: *Есентай Бердин* (1896-1967). Семей облысы, Абай ауданынан, мұғалім, әдебиетші әрі ақын. “Қыз Жекен”, “Екі ойшыл” деген дастандардың авторы. Өзі жинаған ескі ауыз әдебиетінің нұсқаларын институтқа тапсырған. Осы жинаушының коллекциясындағы Абай өлеңдерінің тізімі 42.

Жазылған жылы, жері: Абай ауданы, қорға 1946 жылы түскен.

Ш. 547 (ОҒК)

Аталуы: *Толыбаев Мұхамбеталин* ел аузынан жазып алған әдебиет нұсқалары және өзінің шығармалары.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы: Толыбаев Мұхамбетәлі, жазушы Николай Ановтың “Ветеран казахской сцены” деген мақаласында Мұхамбетәлі туралы СССР халық артисі Қалибек Қуанышбаевтың айтуына қарағанда, М.Толыбаев Қарағанды облысындағы Сарытау ауылында туып өскен.

Жазылған жылы, жері: Қарағанды облысы, Сарытау ауылы, XX ғасырдың бас кезі.

Ш. 629 (ОҒК)

Аталуы: Хикаят.

Авторы: Құнанбайұлы Абай.

Жинаушысы: *Балқаш Әбиев*. Қарағандыдан, журналист. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, қорға 1947 жылы түскен.

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841-1889)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алматы: Жазушы, 1995.

2. *Алтынсарин*. Мақтұбат. Қазан, 1899.

3. *И.Алтынсарин*. “Киргизская хрестоматия”. Издание второе, исправленное и дополненное. Оренбург, 1906.

4. И.Алтынсарин. Собрание сочинений в трех томах. Алма-Ата. 1975-1978 гг.

5. “Киргизская хрестоматия”. Составил *И.Алтынсарин*. Книга первая. Оренбург. 1879.

6. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. – Оренбург, 1874.

7. *Сейфуллин Сәкен*. Алтынсары ұлы Ыбырайдың өлеңдері. Алматы, 1936.

8. *Ыбырай Алтынсарин*. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, 1975.

9. *Ыбырай Алтынсарин*. Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988.

10. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.

11. *Ыбырай Алтынсарин*. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955.

12. *Ыбырай Алтынсарин*. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 1994.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Алтынсарин И.* Собрание сочинений в трех томах. Издательство “Наука” Казахской ССР. 1975, 1976, 1978 гг.

2. *Алтынсарин Ыбырай*. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.

3. *Алтынсарин Ыбырай*. Мұсылманшылдықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991.

4. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер (Құрастырған *М.Жармұхамедов*). – Алматы: Жазушы, 1991.

5. *Әуезов Мұхтар*. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 19. – Алматы: Жазушы, 1985.

6. *Дербісалин Ә.Ж.* Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы. Алматы, 1957.

7. *Дербісалин Ә.Ж.* Ыбырай Алтынсарин. Монография. – Алматы: Қазақстан, 1965.

8. *Дербісалин Ә.Ж.* Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1976.

10. *Қирабаев С.* Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1994.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҮРАЛАРЫ

Ш. 1169 (ОҒК)

Аталуы: Ыбырай Балқожаұлының сөзі.

Авторы: Ыбырай Алтынсарин.

Жинаушысы: *Тұрмағамбет Ізтілеуов* (1882-1939) Қызылорда облысы, Қармақшы ауданынан. Белгілі ақын, аудармашы және ауыз әдебиетін жинаушы.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, 1927.

Ш. 397 (ОҒК)

Аталуы: Ыбырай Алтынсаринның баспаға шықпаған өлеңдері.

Авторы: Ыбырай Алтынсарин.

Экспедициясы: 1947 жылы Тіл-әдебиет институты ұйымдастырған Қостанай экспедициясы.

Жинаушысы: *Хамжажанова Мәриям*. Ол 1906 жылы бұрынғы Қостанай облысы, Обаған ауданындағы, Мәзігіл дейтін жерде (Балғожа бидің немересі Ыбырай Алтынсаринмен туыс) Хакімжан деген кедей шаруаның отбасында туған. Қазақтың белгілі ақыны, 1934 жылдан Жазушылар одағының мүшесі. Белгілі жинаушылардың бірі. Бұл бумада кара өлең, үлгісінде жазылған тағы 8 қысқа өлеңі мен Алтынсарин туралы мәліметтер берілген. Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1947.

Ш. 397 (ОҒК)

Аталуы: Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен.

Авторы: Ыбырай Алтынсарин.

Жинаушысы: *Байұртыұлы Күсембек*, Целиноград облысынан.

Белгілі халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылардың бірі (Туған, өлген жылдары турасында мәлімет жоқ).

Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1949.

Ш. 397 (ОҒК)

Аталуы: Орысқа болып қамқоршы.

Авторы: Ыбырай Алтынсарин.

Жинаушысы: *Әдиваев*.

Әбубекір Ахметжанұлы Диваев (1856-1933). Этнограф, фольклорист. 1876 жылдан Түркістанда жұмыс істеген. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Ол – қазақ әлісіз тарихнамаларының бірі.

таныстырған ғалым.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

Ш. 397 (ОҒК)

Аталуы: Ыбырай Алтынсаринның айтқан өлеңі.

Авторы: Ыбырай Алтынсарин.

Жинаушысы: *Нұрыман Мырзахметұлы Әминов*.

Нұғыман Мырзахметұлы Әминов. (1909-1970) Алматы облысы, Қоғалы ауданынан. 1929 жылдан мұғалім болып істеген, ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі.

Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1947.

### ШОҚАН УӘЛИХАНОВ (1835-1865)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. *Уәлиханов Ш.* Мақалалары мен хаттары. Ауд. Қосанов Д. – Алматы: ҚМКӘБ, 1949.
2. *Уәлиханов Ш.Ш.* Бес томдық шығармалар жинағы 1-5 томдар. – Алматы: Ғылым, 1984-1985.
3. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1985.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРГТҮЕЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Ақсаев А.* Қырғыз мемлекетіні және «Манас» халық эпосы. – Астана: Күлтегін, 2003.
2. *Ақынжанов М.* Қазақ ағартушылары. Алматы, 1955.
3. *Алтысбаева Қ.Б.* Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы. Алматы, 2001.
4. *Әуезов М.О.* Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959.
5. *Баяндіян Н.* Азияны тұңғыш зерттеушілер. Алматы, 1959.
6. *Баяндіян Н.* Дала жұлдызы. – Алматы: Жалын, 1990.
7. *Бегалин С.* Шоқан асулары. – Алматы: Жазушы, 1971.
8. *Бердібаев Р.* Шоқан Уәлиханов // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988.
9. *Дулатов М.* Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991.
10. *Дулатова Д.* Шоқан тарихшы. Алматы, 1976.
11. *Қасқабасов С.А.* Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.
12. *Мұсанов С.* Жарқын жұлдыздар. Шоқан Уәлиханов.

14. *Нұрқатов А. Фасыр перзенті*. Алматы, 1965.
15. *Өтеняз С. Шоқан ескен орта*. – Алматы: Ғылым, 1995.
16. *Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог*. – Алматы: Ғылым, 1987.

#### АҚМОЛЛА (МИФТАХЕДДИН) МҰХАМЕДИЯРҰЛЫ (1839-1895)

##### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. *Ақмолла*. Дамулла Шипаб-ұл-дин хазіретінің мерсиясы – Қазан: Университет баспасы, 1892.
2. *Ақмолла ефендінің* инаш етдіні манзуматили. – Қазан, 1904.
3. *Ақмолла ефенді*. Қазан, 1907.
4. *Ақберен*. //Құраст.: Қ.Сыдықов. – Алматы: Жазушы, 1972.
5. Ақмолла. Өлең жинағы. Жинаған *Сәкен Сейфуллин*. – Алматы: ҚМКӘБ, 1935.
6. Ақмолла. Күндер мен түндер: өлеңдер, толғаулар, термелер, айтыстар. //Құраст.: *Бүркіт Ысмағұлов*. – Алматы: Жазушы, 1986.

##### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Сыдықұлы Қ. Сарқылмас қазына: зерттеулер мен толғағыстар*. – Алматы: Жазушы, 1996.
2. XVIII – XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Т. 2. Кітап 1. //Жалпы редакциясын басқарған *Қ.Жұмалиев*. – Алматы: ҚазКСР ҰА баспасы, 1961.

##### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

- Ш. 399 (ОҒК)  
Аталуы: Ақмолланың түрмеде жатып жазғаны.  
Авторы: Ақмолла Мұхамедиярұлы.  
Жинаушысы: *Жылысайдаров Иманжан* (1882-1971)  
Иманжанның туып өскен жері Жезқазған облысы, Ұлытау ауданынан. Импровизатор ақын және ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі. Бұдан басқа бумада тағы 13 өлеңі бар.  
Жазылған жылы, жері: Қазан қаласы, 1930.

#### Ш. 1621 (ОҒК)

Аталуы: Ақмолла.

Авторы: Ақмолла Мұхамедиярұлы.

Жазылған жылы, жері: *Елшібай* (1878-1070). Сол сияқты: *Мұхамедиярұлы*.

1950 жылдардан өмірінің соңғы жылдарына дейін Алматыда тұрған. Ертедегі ақындар шығармаларын көп жинағандардың бірі.

Жазылған жылы, жері: Баянауыл, 1939, 1947, 1949.

#### Ш. 399 (ОҒК)

Аталуы: Ақмолла шығармалары.

Авторы: Ақмолла Мұхамедиярұлы.

Жинаушылары: *Байсов Хасім және Алманов Байғамал*. Бұл екеуі де Павлодар облысы, Баянауыл ауданынан. Журналист, ауыз әдебиетін жинаушылар. Осы жинаушылар жинаған қолжазбадағы автор шығармаларының тізімі 13-ке жеткен.

Жазылған жылы, жері: Баянауыл, 1939, 1947, 1949.

#### Ш. 729 (ӘӨИ)

Аталуы: Ақмолланың көңіл қосы.

Авторы: Ақмолла Мұхамедиярұлы.

Жинаушысы: *Асылбек Тәшбаев*. 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туған. Медресе бітірген. 1917-1957 жылдар ауыл мұғалімі болған. Руы - қыпшақ, оның ішінде жөке.

Жазылған жылы, жері: 13 қаңтар, 1971 жылы институт қорына түскен, жері белгісіз.

#### МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ (1842-1906)

##### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Алқаласа әлеумет (Қашаған Күржіманұлы, Шығияз Шанайұлы, *Мұрат Мөңкерұлы*, Насихат Сүгірұлы). Алматы: Жазушы, 1991.
2. *Мөңкерұлы М. Қарасай-Қазы*. – Алматы: ҚМББ, 1943.
3. Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұлына айтқаны. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.
4. Мұрат ақынның сөздері (Шығарушы *Досмағамедұлы Х.*). Ташкент, 1924.
5. *Мұрат*. Алматы: Арыс, 2002.

##### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Әуезов М. Әдәбиет тарихы*, Алматы: Ана тілі, 1991.

2. *Досмағамедұлы Х. Атаман*. Алматы: Ана тілі, 1991.

5. *Медібай Қ.* Зар заман ағымы. Алматы: Қазақ университеті, 1995.
6. *Мұқанов С.* Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. 1-бөлім. Алматы: ҚМББ, 1942.
7. *Омарұлы Б.* Мұрат Мөңкесұлы. Алматы: Крамдс-Пресс, 1993.
8. *Омарұлы Б.* Бұғауға бағынбаған жырлар. Алматы: Ана тілі, 1998.
9. *Омарұлы Б.* Зар заман поэзиясы. Алматы: Білім, 2000.
10. *Сүйіншілиев Х.* XIX ғасыр әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1992.
11. *Тоқмағамбетов Ә.* Мұрат ақын туралы. ОҒК. 97Д бума.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

#### Ш. 593 (ОҒК)

Аталуы: Үшқиян.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

#### Ш. 593 (ОҒК)

Аталуы: Қазтуған.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

#### Ш. 593 (ОҒК)

Аталуы: Қарасай-Қази.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

#### Ш. 593 (ОҒК)

Аталуы: Қалмақтың қарғысы.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: Кім екені белгісіз.

Жазылған жылы, жері: *Белгісіз.*

#### Ш. 593 (ОҒК)

Аталуы: Сарыарқа.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Кім екені белгісіз.* Бұл бумада Мұрат ақынның көрсетілген дастанынан өзге өлеңі, арнаулары мен толғаулары сақталған.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

#### Ш. 504 (ӨӨИ)

Аталуы: Мұраттың айтқаны.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Жұмағазиев Иманбай Бегімбетұлы (1891 – 1969)* қазіргі Батыс Қазақстан облысы Казталовка аулында туған. Ұзақ жылдар халық ағарту мекемелерінде қызмет атқарған. Бұл бумада Мұрат ақынның тойда айтқан термесі де сақталған.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, Батыс Қазақстан облысының Фурманов ауданы.

#### Ш. 97 Д (ОҒК)

Аталуы: Мұраттың аулына жазған хаты.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Кім екені белгісіз.* Бұл бумада Мұрат ақынның тағы 2 хат өлеңі сақталған.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз

#### Ш. 1302 (ОҒК)

Аталуы: Мұраттың той бастары.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Кім екені белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз

#### Ш. РФ 297 (ОҒК)

Аталуы: Байұлы Байбақты Ғұмарқазыұлына Мұрат ақынның айтқаны.

Авторы: Мұрат Мөңкесұлы.

Жинаушысы: *Кім екені белгісіз.*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз.

### БАЗАР ОҢДАСҰЛЫ (1842-1911)

### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Айттыс. Том 2. – Алматы: Жазушы, 1965.
2. Базар жырау шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986.

4. Жыр-дария (Маңғыстау ақын-жырауларының шығармалар жинағы). Ақтау, 1995.
5. Үш ғасыр жырлайды. // Құраст.: *Ы.Дүйсенбаев*. – Алматы: Жазушы, 1965.
6. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы: 1962.
7. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982.
8. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988.
9. XX ғасыр басындағы әдебиет: Хрестоматиялық оқу құралы. // Құрас.: Қ.Ергөбеков. Алматы: Білім, 1994. 352-б.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1961.
2. *Әуезов М.* Елу томдық шығармалар жинағы. Том 4. – Алматы: Ғылым, 2001. 3. Байділдаев М. Ақындар творчествосы. – Алматы: ҚазМемБас, 1959.
4. *Жармұхамедұлы М.* Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұрағатас, 2001.
5. *Жұмалиев Қ.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967.
6. *Құрабаев С.* Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.
7. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқу құралы // Құраст.: Т.Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994.
8. *Өмірәлиев Қ.* Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – Алматы: Ғылым, 1983.
9. *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967.
10. *Сыдықов Қ.* Сарқылмас қазына. – Алматы: Ғылым, 1996.
11. *Сыдықов Қ.* Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974.
12. *Төбегенов Т.* Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001.
13. *Төлепов Ж.* Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001.
14. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985.
15. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994.

#### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

Ш. 1305 (ОҒК)

- Авторы: Базар Өтесұлы.  
Жинаушысы: *Бағатов Іскендір*. Ол туралы мәліметтер кездеспейді.  
Айтушысы: Оразымбетова Ұрқия. Оған қатысты деректер ұшыраспады.  
Жазылған жылы, жері: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, 1965.
- Ш. 615 (ӘӨИ)  
Аталуы: Базар жыраудың өлеңдері.  
Авторы: Базар Өтесұлы.  
Жинаушысы: Белгілі ғалым *Марғұлан Әлкей*. Ол жинаған қолжазбадағы өлеңдер: “Сарыарқаның белінде”, “Азу тісі ақсаған”, “Қынапқа салсаң жылап еткен”, “Дабылымды естіп...”, “Әлеумет құлағың сал, мынау бір шолақ дүниеден”, “Баянсыз мынау жығаннан”, “Дүние, әгтең әуре еттің мені” деген өлеңдері топтасқан.  
Нұсқалары: ОҒК-ның 543, 63 д. Бұмаларында (Жин.: *Молябаев Н., Науқанов Б., Қайнарбаев Ә., Әлмұратов М., Өтебаев Т., Қалымбетов Н.*) өлең аудармалары кездеседі.  
Жазылған жылы, жері: Алматы, 1939.
- Ш. 615 (ӘӨИ)  
Аталуы: Балқы Базар сөзі.  
Авторы: Базар Өтесұлы.  
Жинаушысы: *Нурженов Абыт* (1893 – 1973) - Қызылорда облысы, Шиелі ауданында туып өскен белгілі халық әдебиеті үлгілерін жинаушы.  
Жазылған жылы, жері: Қызылорда облысы, 1965.
- Ш. 195 (ӘӨИ)  
Аталуы: Балқы Базар жыраудың термесі.  
Авторы: Базар жырау Өтесұлы.  
Жинаушысы: *Молябаев Нұғыман* (1906 – 1975) – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала аулында туып өскен. Көп жыл автоклуб меңгерушісі болып қызмет істеген. Айтысқа қатысқан ақын әрі әдебиет үлгілерін жинаушы.  
Жазылған жылы, жері: Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, белгісіз.



### АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАУЛЫ (1843-1913)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. *Ақан сері*. Маңмаңгер: Әндер. – Алматы: Өнер, 1988.
2. Бес ғасыр жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1984.
3. *Қорамсаулы Ақан сері*. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1935.
4. *Қорамсаулы Ақан сері*. Әндері. Алматы, 1959.
5. *Қорамсаулы Ақан сері*. Шығармалар. // Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған *Ә.Тәжібаев*. – Алматы: КМКӨБ, 1963.
6. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Әбдіғазиев Балтабай*. Асыл арна. Абай дәстүрі және Шәкәрім. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. *Бектұров Жайық*. “Ақиқаты осы еді...”. Алматы, 1995.
3. Бес арыс. Естеліктер, эсселер, зерттеу мақалалар. Алматы, 1992.
4. Жолсыз жаза. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы, 1988.
5. *Жұбанов А.* Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975.
6. *Қирабаев Серік*. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.
7. *Негімов Серік*. Өнерпаздық өрнектері. Әдеби мақалалар. – Алматы: Ана тілі, 1996.
8. *Мұхамедханов К.* Абай мұрагерлері. Алматы, 1966.
9. *Мырзахметұлы М.* Түркістанда туған ойлар. Алматы, 1998.
10. *Салағарұлы Қ.* Таным баспалдақтары. – Алматы: Қазақстан, 1993.
11. *Сәтбаева Ш. Ш.* Құдайбердиев. Алматы, 1990.

#### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

- Ш. 301 (ӘӨИ)  
Аталуы: Ақан серінің көңіл айтқаны (Сәлімжауарға).  
Авторы: Ақан сері.  
Айтушысы: Ескен. Әкесінің аты белгісіз. Ақмола маңында 1891 жылы туған.  
Жинаушысы: *Мәдиев Жұматтай* (1923-1965). Бұрынғы Көкшетау облысы. Қызылжұлдың ауданы, “Жаңаауыл” совхозынан.

алынып, әдеби қорға 1962 жылы түскен.

#### Ш. 339 (ОҒК)

Аталуы: Ақан сері туралы (Ғазиз ақынға).

Авторы: Ақан сері.

Айтушысы: Қулиарұлы Кәрімжан. Ақмола облысы, Ақкөл станциясы маңындағы “Қарабулак” деген жерде туған. 1946 жылы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында тұрған. Туған жылы белгісіз.

Жинаушысы: *Жақытбайұлы Бозтай* (1887-1969). Павлодар облысы, Баянауыл ауданынан. Ол 1936-1951 жылдар Тіл және әдебиет институтында істеген. Б.Жақытбаев қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауды 1914 жылы бастаған.

Жазылған жылы, жері: Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, 1946.

#### Ш. 622 (ӘӨИ)

Аталуы: Ақанның Науан қазіретке шығарғаны.

Авторы: Ақан сері.

Жинаушысы: *Қасиманов Жаналы*. Тюмень облысы, Голышмако станциясында 1913 жылы туған.

Жазылған жылы, жері: Тюмень облысы, 1965.

#### Ш. 710 (ӘӨИ)

Аталуы: Ақан серінің ақырғы тағдыр ауруымен ауырып жатқанда Алладан тілеген мінажаты.

Авторы: Ақан сері.

Жинаушысы: *Ақышев Молдағали*. РСФСР-дың Тюмень қаласынан, басқа дерек жоқ.

Экспедициясы: 1965 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түмен, Омбы экспедициясы. Экспедиция мүшелері Ысмайылов Есмағамбет және Адамбаев Балтабай. Бұл бумада бұдан басқа қара өлең ұйқасына құрылған 3 өлеңі бар.

Жазылған жылы, жері: Тюмень қаласы, 1945. Қорға 1969 жылы түскен.

#### Ш. 717 (ӘӨИ)

Аталуы: Шешендік сөздер.

Авторы: Ақан сері.

Жинаушысы: *Мұқатов Ғалымжан* (1900-1976). Ақмола облысы, Ерейментау ауданынан. 1941-1945 жылдары Отан соғысына қатысқан. Облыстық, аудандық газет редакцияларында отыз жылдай әдеби қызметкер болған. Мұқатов көп жылдар бойы

1928-1970 жылдары аралығында жинаған ауыз әдебиет үлгілерін институтқа тапсырды. Ғ. Мұқағатов жинаған бұл бумада Ақан серінің қара өлең үлгісіне құрылған 6 өлеңі берілген.

Жазылған жылы, жері: 1968-69 жылдар, Целиноград қаласы. Институт қорына 1969 жылы түскен.

Ш. 848 (ОҒК)

Аталуы: Ақан сері өлеңдері.

Авторы: Ақан сері.

Жинаушысы: Қазыбеков Қыздарбек. Қазіргі Көкшетау облысы, Рузаевка селосынан. Ауыз әдебиетінің белді жинаушыларының бірі.

Жазылған жылы, жері: Железноводск қаласы, 1937, фондтыға 1938 жылы түскен.

Ш. 1611 (ОҒК)

Аталуы: Өлеңдер.

Авторы: Ақан сері Қорамсаұлы.

Жинаушысы: Ыбыраев Әбдірахман. Ол туралы мәлімет жоқ.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, 1959.

### БӨКЕВ ШӘНҒЕРЕЙ

(1847-1920).

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. «Көкселдір» яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары во ғайри мағналы жырлар. Жинаушысы во нәмірі: *Ғабдолла Мұштақ* /Бөкейлік/. – Орынбор: Каримов – Хұсайнов, 1910.

2. Бөкеев Шәһгерей. Шияр яки қазақ ақындарының басты жырлары. Сұлтан Шаһгерей Бөкеев. Жинаушысы: *Ғабдолла Мұштақ* «Бөкейліктен». – Орынбор: Каримов – Хұсайнов, 1910.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҚЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Ахметов* З. Шәһгерей ақын Қаз ССРҒА хабарлары филология мен өнертану сериясы. Алматы, 1959.

2. *Әуезов* М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959.

3. *Тәжіуратов* М. Шәһгерей. Алматы, 1998.

4. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы. – Алматы: Ғылым, 1962.

5. XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1992.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҮРАЛАРЫ

Ш. 411 (ӘӨИ)

Аталуы: Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы.

Авторы: Бөкеев Шәһгерей.

Экспедициясы: 1957 жылғы Тіл және әдебиеті институты ұйымдастырған Гурьев экспедициясы.

Жинаушысы: *Ғатауов Фарид*. Ол туралы мәліметтер төменде берілді. Мұнан өзге осы бумада “Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы”, “Ғаламда он сегіз мың патша болған”, “Жігіттің жақсы болса алған жары-ай”, “Дүние бір қисық жол бұраңдаған” деген өлеңдер сақталған.

Жазылған жылы, жері: Орал облысы, 1950.

Ш. 411 (ӘӨИ)

Аталуы: Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы.

Экспедициясы: 1957 жылғы Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Гурьев экспедициясы.

Жинаушысы: *Ғатауов Фарид*. Ол 1908 жылы туған. Орал облысы, Жаңақала ауданынан. Мұғалімдер институтын бітірген. 1926 жылдан бастап Гурьевте биология пәнінен сабақ берген. 1939 жылдан ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған.

Осы жинаушы тапсырған өлеңдердің тізімі:

“Жылдарда жыл болады бағзы-бағзы”, “Ғаламда он сегіз мың патша болған”, “Жігіттің болса жақсы алған жары-ай”, “Дүние бір қисық жол бұраңдаған”...

Жазылған жылы, жері: Орал облысы, 1950.

### МҮСАБЕК БАЙЗАҚҰЛЫ

(1849-1932)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Айтыс. 1-том. Алматы: Жазушы, 1965.

2. *Әуезов* М. Молда Мұса. Әдебиет хрестоматиясы. Алматы, 1937.

3. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989.

4. *Турмажанов* Ө. Молда Мұса ақын туралы. //Әдебиет майданы. 1935. N 8.

5. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН БҰЛЫМИ МАҚАЛАЛАРЫ

1. *Бердібаев Р.* Мұсабек Байзақов // Қазақ әдебиетінің тарихы. Том 2. Екінші кітап, 1965.
2. *Останұлы Ә.* Қаратғу атырабының ақындары. Алматы: Жазушы, 1983.
3. *Останұлы Ә.* Молда Мұса // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология мен өнер зерттеу сериясы. Бірінші басылым, 1962.
4. *Тұрманжанов Ә.* Молда Мұса ақын туралы. Әдебиет майданы. 1935. №8.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

#### Ш.286 (ӘӨИ)

Аталуы: Байзақұлы Мұса өлеңдері.

Авторы: Байзақұлы Мұсабек.

Жинаушысы: *Тоқхожәев Мұса.*

Талпырушысы: Оспанұлы Әсілхан. Ол жинаған материалдар:

“Қошатадағы ағайындарға”, “Жанәділге әкесі Иса өлгенде айтқаны”, “Теміршіге”, “Сейітбек Үсенұлына арнауы”;

“Опсыз жар”, “Ұры мен жолбарыс”, “Замандас ақындарға”, “Кедей мен бай”.

Жазылған жылы, жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы. 1962 жылы институттың қолжазба қорына түскен.

#### Ш.258 (ӘӨИ)

Аталуы: Хат жаздым ғашық болып Сырымжанға.

Авторы: Молда Мұса.

Жинаушысы: *Мұратов Әбдірайым.* Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Монғайтас аулында тұрған. 1960 жылдан бастап ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысады.

Жазылған жылы, жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Монғайтас аулында, 1960.

#### Ш.338 (ӘӨИ)

Аталуы: Молда Мұса өлеңдері.

Авторы: Молда Мұса

Жинаушысы: *Жақырұлы Желеу* (1904 – 1970). Оңтүстік Қазақстан облысы, Ащысай кентінің маңайында туп өскен. Өнші, жыршы, ақын. Ел аузындағы жыр-дастандарды көп жинап, әдеби

Жазып алған: Әдебиет танушы ғалым Ысқақов Б. Көп жылдар Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызмет істеген. Жазылған жылы, жері: Алматы қаласы, 1961.

#### Ш.287 (ОҒК)

Аталуы: Молда Мұса мен қыз Манаттың айтысы

Авторлары: Мұса Байзақұлы мен Манат Қожабайқызы

Жинаушысы: *Белгісіз*

Жазылған жылы, жері: Белгісіз

Нұсқалары: Қ. 287 (ОҒК), 2-дөп. Жин. Ғабитова Фатима. Қ. 243 (ӘӨИ). 6-дөп. Батыс Қазақстан экспедициясы, 1957.

### АҚТАН КЕРЕЙҰЛЫ (1850-1912)

### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Ақберен. // Құраст.: *Қ.Сыдықов.* – Алматы: Жазушы, 1972.
2. Ақын жыраулар. // Құраст.: *Қ.Сыдықов.* – Алматы: Ғылым, 1974.
3. Ертедегі әдебиет нұсқалары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1967.
4. Жыр-дария, Абыл, Нұрым, Ақтаным. – Алматы, 1997.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН БҰЛЫМИ МАҚАЛАЛАРЫ

1. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: зерттеулер, мақалалар. // Жалпы редакциясын басқарған *Ы.Дүйсенбаев.* – Алматы: Ғылым, 1976.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. 1-2 – Алматы: ҚМКӘБ, 1960, 1964.
3. XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия. // Құраст.: *Х.Сүйіншілиев.* – Алматы: Ана тілі, 1992.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

#### Ш. 268 (ӘӨИ)

Аталуы: Той бастар.

Авторы: Ақтан Керейұлы.

Жинаушысы: *Жаңабайұлы Сәттігер* (1876-1966). Қазіргі Маңғышлақ облысы, Маңғыстау ауданы, Тұшпықұдық ауыл советінде туып-өскен. Әрі ақын, әрі халық мұрасын жағқа білетін жыршы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Сәттігерға 1961 жылы “Халық ақыны” деген атама беріп беріп. Автор ақынның біраз ақынның

мен терме, толғаулары осы Сәттігүл ақынның айтуынан жазылып алынды.

Жазылған жылы, жері: Маңғыстау ауданы, 1940.

### Ш. 390 (ОҒК)

Аталуы: Ерлік жырлары.

Авторы: Ақтан Керейұлы.

Жинаушысы: Қонысов Нұрғали. Халық мұраларын көп жинаған жинаушы. Ақтөбе облысынан.

Экспедициясы: 1947 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы, оның мүшесі Ұйықбаев Иманбек, ол кезінде Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген. Жазылған жылы, жері: 1940-1941 жылдар, Ақтөбе облысы.

### Ш. 390 (ОҒК)

Аталуы: Біріншіден не жаман?

Авторы: Ақпан Керейұлы.

Экспедициясы: 1947 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы, оны ұйымдастырған Тіл және әдебиет институты. Экспедиция мүшесі Ұйықбаев Иманбек.

Жинаушысы: Қонысов Нұрғали. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жазылған жылы, жері: Ақтөбе облысы, 1940.

## БІРЖАН ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ (1852-1895)

### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Бес ғасыр жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1984.
2. Біржан сал Қожағұлұлы өндері. – Алматы, 1959.
3. Біржан мен Сараның айтысқаны. Қызыл-Орда, 1927.
4. Біржан сал Қожағұлұлы. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1967.
5. Қисса – и Біржан менен ақын Сара айтысқаны. Қазан, 1899.
6. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРЫ

1. Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976.
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975.
3. Жұбанов А.Қ. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. Алматы, 1942.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 2-кітап. Алматы, 1961.

## ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

### Ш. 461 (ОҒК)

Аталуы: Қожағұлұлы Біржан салдың өлеңдері.

Авторы: Біржан Қожағұлұлы.

Экспедициясы: 1946 жыл Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Көкшетау-Ақмола экспедициясы.

Жинаушысы: Жақыпбаев Бозтай. Ол туралы жоғарыда айтылды.

Біржанның Жақыпбаев Бозтай жинаған шығармаларының тізімі: “Салғаным ағаш үйге ізботты пеш”, “Біржанның ауырып жатқанда айтқаны” (Айтушы: Тәңкебайұлы Рақымжан), “Керей Дәумен биге айтқаны”, “Бұрынғының биіндегі би болмайды”, “Бұрынғының жақсысы төмем болды”, “Би, патша өлең айта келдім саған” (Айтушысы: Тәсілбекұлы Жасағұл).

Жазылған жылы, жері: Қазіргі Ақмола облысы, Степняк қаласы, 1946.

### Ш. 461 (ОҒК)

Аталуы: Біржан салдың қарғайған кезінде айтқаны.

Авторы: Біржан Қожағұлұлы.

Жинаушысы: Тілеубайұлы Хамит. Көкшетау облысы, Айыртау ауданынан.

Жазылған жылы, жері: Алматы, 1960.

### Ш. 276 (ОҒК)

Аталуы: Біржан мен Сара айтысы.

Авторлары: Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тастанбекқызы.

Айтушысы: Әріп Сүлейменқызы. Ол туралы деректер кездеспейді.

Жинаушысы: Әбжан. Ол туралы да мәлімет табылмады.

Жазылған жылы, жері: Белгісіз, 1936.

Нұсқалары: Қ.341 (ӘӨИ) //Жин.: Әминов Н., 1956; Қ.276 (ОҒК). 1-деп. 1941.

### Ш. 252 (ОҒК)

Аталуы: Біржан мен Тезекбай.

Авторлары: Біржан Қожағұлұлы мен Тезекбай Шоқтыбайұлы (1827-1912). Тезекбай Ақмола облысы, Чкалов ауданында туып өскен. Руы – Сүйіндік, оның ішінде Көдір – Атығай.

Жинаушысы: Белгілі әдебиеттанушы ғалым Ысмайылов Есмағамбет (1909–1966). Ол қазіргі Ақмола облысы, Шортанды ауданының Мәдениет аубылында туған.

Жазылған жылы жері: Белгісіз.

## ШӘДІ ЖӘНГІРҮЛІ (1855-1933)

### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. *Жеңгіров Ш.* Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұқыранлық қылған патшалардың тарихтары, хәм ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы. Орынбор, 1912.
2. *Жеңгіров Ш.* Төрт дәруіш. Алматы, 1913.
3. *Жеңгіров Ш.* Назым чаһар дәруіш. Алматы, 1913.
4. *Жеңгіров Ш.* Хикаят Қамар-заман. Алматы, 1914
5. *Жеңгіров Ш.* Келіннің бетін ашатын терме. Қазан, 1915.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРГТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Әуезов М.* Шығармалар (он екі томдық). Том 11. – Алматы: Жазушы, 1969.
2. *Әлімқұлов Т.* Жұмбақ жан (Зерттеулер мен мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1978.
3. *Бес ғасыр* жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1984.
4. *Келімбаев Н.* Шәді ақын. – Алматы: Жазушы, 1974.
5. *Кенжебаев Б.* XX ғасыр басындағы қазақ әдбиеті. – Алматы: Ғылым, 1976.
6. *Қаратаев М.* Шеберлік шыңына. Алматы, 1963.
7. *Тәжібаев Ә.* Жылдар, ойлар (Естеліктер мен толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1976.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҮРАЛАРЫ

Ш. 1295(ОҒК)

Аталуы: Ықыл сары.

Авторы: Шәді Жеңгіров. Осы бумадағы ақынның шығармалары:

“Назым Чәһар дәруіш”, “Қисса Балғам-бағур”, “Назым Сияршариф”, “Хикаят Қамар заман”, “Хикаят Халиф һарон әр Рашид”, “Қарунның йер йүтқан уақиғасы”, “Хикаят Уәрекә-Күлше”. Осы бумада “Орақ-Күлше” дастанының екі нұсқасы, Ш. Жеңгірүліның өмірі мен шығармашылығы туралы деректер, “Генерал Черняевтың Ташкентті алуы”, “Қазақтарға сәлем хат”, “Беташар”, “Бықыл сары” дастаны, Қалманбай Байдәулетұлының хатына Шәдінің жауабы топтастырылған.

Жинаушысы және көшірушісі: *Жеңісов Маясар* (1889-1965).

Қарағанды облысы, Шет ауданында туып өскен халық ақыны. Ақындар айтысына қатысып, халық әдбиеті үлгілерін көп жинаған. Сонымен қатар, осы шығармаларды жинаушылар: Мұстафаұлы Сүлеймен, Бөлеш Тәшенов туралы мәліметтер кездеспейді.

Жазылған жылы, жері: Қарағанды облысы, Шет ауданында, белгісіз.

### Ш. 847(ОҒК)

Аталуы: Шәді Жәңгірүлі мен Найман Байдәулетұлы Қалманбайдың хаттары (“Шаннаманы” түркі тіліне аудару туралы). Осы бумада мұнан өзге Шәді мен Назар ақынның қағысуы, Шәдінің жазған хаты сақталған.

Авторлары: Шәді Жәңгірүлі мен Байдәулетұлы Қалманбай (Ол туралы мәлімет кездеспейді).

Жинаушысы: *Амантайұлы Қысырарбек* көп жылдар Шымкент қаласында мұғалім болып қызмет істей жүріп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданған.

Жазылған жылы, жері: Шымкент облысы, 1947.

Шәді Жәңгірүліның мына шығармалары сақталған: Қ. 1166 (ОҒК). “Төрт дәруіш”, “Зарқұм”, “Хатима”, “Мұхаммед расулдың мағрамға кіргені” т.б. ұсақ өлеңдері.

### Ш. 338 (ОҒК)

Аталуы: Шәді төренің Отыншы байға жазған өлеңі.

Авторы: Шәді Жәңгірүлі

Жинаушысы: *Жақырұлы Желеу*. Шымкент облысы, Кентау қаласында туып өскен ақын, жинаушы.

Жазылған жылы, жері: Кентау қаласы, 1958.

### МАЙЛЫҚОЖА ШОТАНУЛЫ (1835-1808)

### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. “Айттыс”. Том 1, 2. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Асыл сөз. – Алматы: Жалын, 1987.
3. *Бес ғасыр* жырлайды. Том 2. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Киргизское хрестоматичес. Сборник образцов народной литературы киргиз-туркменского края. // Сост.: А.Лютиш, Ташкент, 1883.
5. *Майлықожа. Нақыл*. – Алматы: Жазушы, 1973.
6. *Үш ғасыр* жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Әбділда Тәжібаев*. Өмір және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1960.
2. Әдебиеттегі негізгі бағыттар. //Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957.
3. *М.Әуезов*. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959.
4. *Остипұлы Ә.* Қаратау шайырлары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
5. *Х.Сүйіншілиев*. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992.
6. *Е.Ысмайылов*. XIX ғасырдың 30–50-ші жылдарындағы қазақ әдебиеті.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

#### Ш.337 (ОҒК)

Аталуы: Майлықожа ақынның өлеңдері.  
Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Көшірушісі: Марғұлан Әлкей. Бұл өлеңдердің бірқатарын ғалым 1931 жылы Әубәкір Диваевтаң, "біразын 1934 жылдар Ұлт мәдениетін зерттеу институтының жинағандарынан алып көшірген.

Жазылған жылы, жері: Алматы қаласы, 1939.

#### Ш. 706 (ОҒК)

Аталуы: Зарқұм (69-бет).

Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Жинаушысы: *Амантаев Қысырғабек*. Ол туралы ілгеріде көрсетілді.

Қ. Амантаев жинаған осы қолжазбадағы автор шығармаларының тізімі:

1. Фазал – 19-б.
2. Ажал бір келмес болсайшы – 20-23-бб.
3. Ишанға айтқаны – 24-25-бб.
4. Майлықожа мен Айман қыз (айтысы) – 26-б.
5. Майлықожа мен Құлынипақтың айтысқаны – 27-30-бб.
6. Көңіл айтқаны – 33-34-бб.
7. Атын қорқытып алғанда – 35-б.
8. Залымдардың әрекеттері – 36-45-бб.
9. Майлының татуластырған өлеңі – 46-47-бб.
10. Тұрмағамбеттің жұмбағын Майлықожаның шешуі – 48-49-бб.

11. Датқалар туралы айтқаны – 50-51-бет.
  12. Майлықожа мен Жаныстың қағысы – 52-53-бб.
  13. Көңіл айту – 54-б.
  14. Иса болысқа айтқаны – 55-б.
  15. Шерім мен Майлықожа – 56-б.
  16. Жас келінге шығарған өлең – 57-б.
  17. Алты ақын мен Ұлбике – 58-60-бб.
  18. Терме өлеңдері – 61-64-бб.
  19. Қабір басында – 65-б.
  20. Халыққа айтқаны – 66-б.
  21. Майлықожаның термесі – 67-68-бб.
- Жазылған жылы, жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Қайнарбұлақ ауылы, 1948.

#### Ш. 706 (ОҒК)

Аталуы: Абдолла бала.

Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Жинаушысы: *Амантаев Қысырғабек*. Ол туралы ілгеріде көрсетілді.

Жазылған жылы, жері: Шымкент қаласы, 1949.

#### Ш. 706 (ОҒК)

Аталуы: Заһит ұры.

Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Жинаушысы: *Амантаев Қысырғабек*

Жазылған жылы, жері: Шымкент қаласы, 1949.

#### Ш. 337 (ОҒК)

Аталуы: Майлықожаның шығармалары.

Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Жинаушысы: *Оспанов Шажат*. 1928 жылы Шымкент облысының Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ совхозында туған. 1948 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Ол Майлықожаның шығармаларын 1947 жылы 53 жастағы колхозшы Сейілханов Мәліштің айтуынан жазып алған.

Ш. Оспанов жинаған автор шығармаларының тізімі:

1. Майлықожаның Қасымбек пен Исаны татуластыру – 1-б.
2. Майлықожаның ауырып жатқандағы айтқаны – 3-4-бб.
3. Майлықожаның арнауы – 5-бб.
4. Сайлауда – 5-9-бб.
5. Бәйбішеге – 9-10-бб.
6. Майлының бір өлеңі – 10-12-бб.
7. Майлықожаның Ахмет төреге айтқаны – 12-13-бб.
8. Майлықожаның Тұрлыбек датқаға айтқаны – 14-б.
9. Майлықожа Мәселікожа Молла Муса – 15-б.

10. Майлықожадың өлер алдында елімен қоштасуы – 16-18-бб.
11. Майлықожа ақын туралы сөз – 19-25-бб.
12. Сайлау туралы – 25-37-бб.
13. Майлықожадың ұлы Жолбарыстың бір сөзі – 38-43-бб.

### Ш. 337 (ОҒК)

Аталуы: Тоты құс.

Авторы: Майлықожа Шотанұлы.

Жинаушысы: *Шәменов Кәрібай*. Ол туралы ілгеріде айтылды. Шәменов Кәрібай жинаған осы қолжазбадағы автор шығармаларының тізімі:

1. Майлы мен Құлыншақтың айтысы – 4-10-бет.
2. Майлының Айман қызбен айтысы – 17-19-бет.
3. Әр махлұқаттың заты туралы дастан – 20-22-бет.
4. Майлының Жаныс ақынмен айтысы – 23-бет.
5. Майлының нақыл сөздері – 24-27-бет.
6. Мәделінің Майлыны мұқатпақ болған сөзі – 28-бет.
7. Айдауда жүрген өзбек шалы атынан Майлының айтқаны – 29-30-бет.

8. Майлының өлер алдында Құлымбетке айтқаны – 31-бет.

9. Майлының Ақишан қожаны мойындиатуы – 32-33-бет.

10. Майлының Тәйтелі болыстың үйіне көңіл айтқаны – 34-35-бет.

11. Датқалар мен болыстар туралы терме – 36-41-бет.

12. Майлының Қасымбекке айтқаны – 42-43-бет.

13. Майлы туралы легендалар, Майлы өлеңдері – 44-46-бет.

Жазылған жылы, жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, 1947.

### ӘРІП ТӘНІРБЕРГЕНОВ (1856–1924)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Абай әзілдері. – Алматы: Ғылым, 1995.
2. Аяқөз ақындары. К.2. – Аяқөз, 2004.
3. Айтыс Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1988.
4. Дала уалаятының газеті, 22 маусым, 1890.
5. Қисса-и Қожа Ғафан уә нем Сағидуақас деген кітап қазақ тілінде басылып шыққан екен // Түркістан уалаятының газеті. N29, 1876.
6. Қисса-и Зияда-Шаһмұрат. – Қазақ Университет-табиғханасы, 1890.
7. Тәңірберген Ә. Ұмытпаңыздар мені. – Алматы: Жазушы, 1969.
8. Х Хрестоматия. – Алматы: Қаз ССР ҒА бас, 1963.

### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. Әуезов М. Абайтану дерістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997.
2. Есназаров Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кейбір мәселелері. (Әбсалық Күнғожин, Баймұхамет Айтқожас, Тайыр Жомартбаев, Әріп Тәңірберген ақындардың шығармалары негізінде). // Канд. Диссерт. – Алматы, 1962.
3. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ-жазушылары. – Алматы: Қазақстан, 1958.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. Т. 10. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясы бас, 1989.
5. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақындық мектебі. // Канд. диссерт. – Алматы, 1950.
6. Мұхамеджанов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. К.2. – Алматы: Дәуір, 1995.
7. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX – ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: ҚМКӘБ, 1942.
8. Сыдыққұлы Қ. Халқымен қайта табысқандар. – Алматы: Ана тілі, 1997.

### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

#### Ш. 102д (ОҒК)

Аталуы: Әріп Тәңірбергеннің шығармалары.

Авторы: Әріп Тәңірберген

Жинаушысы: *Қайым Мұхамеджанов*. 1916 жылы Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Көкем болысында туған. Семей педагогикалық институтының доценті, ақын, жазушы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Абайдың, Әріп Тәңірбергеннің және басқа да ақындардың шығармаларын жинап, бастаға даярлауға көп еңбек сіңірген жинаушы.

Жазылған жылы, жері: XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында шығарылған, 1940 жылдар Семей облысында жазылып алынған.

#### Ш. 408 (ӘӨИ)

Аталуы: Тәңірберген Әріп өлеңдері.

Авторы: Әріп Тәңірберген

Экспедициясы: Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған 1959 жылғы Семей – Мақаншы экспедициясы. Экспедицияны басқарған Балтабай Адамбаев – институттың алғашқы ғылыми қызматкері

Жазылған жылы, жері. Семей облысы, 1950.

### НАУШАБАЙҒҰЛЫ НҮРЖАН (1859–1920)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Алаш. – Қазан, 1910.
2. Алаш. – Қостанай. ЖПС “Баспа үйі”, 1997.
3. Жұмбақ, Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы. – Қазан, 1908.
4. Манзумат қазақия. – Қазан 1903.
5. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы, 1965.
6. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы: Ғылым, 1988.
7. XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1963.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. *Ақылбек Шаяхмет*. Үкілі сөз құраған Нұржан ақын. // Алаш. Қостанай, 1997.
2. Жаңа шыққан кітаптар. // Айқап. № 13, 1912.
3. *Кенжебаев Б.* XIX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы: Білім, 1993.
4. *Кенжебаев Б.* Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап. 1961.
6. *Мұқанов Сәбит*. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс, 2002.

#### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҮРАЛАРЫ

Ш. 130 (ОҒК)  
Аталуы: Нұржанның термелері.  
Авторы: Нұржан Наушабаев.  
Экспедициясы: Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл-әдебиет институты ұйымдастырған 1947 жылғы Қостанай экспедициясы.  
Жинаушысы: *Хакімжанова Мәриям*. Ол 1906 жылы бұрынғы Қостанай облысы, Обаған ауданындағы Мезгіл дейтін жерде (Балғожа бидің немересі Ыбырай Алтынсаринмен туыс) Хакімжан деген келдей шаруаның отбасында туған. Қазақтың белгілі ақыны, 1934 жылдан Жазушылар одағының мүшесі. Белгілі жинаушылардың бірі. Бұл бумала Нұржан ақынның көрсетілген

термесінен өзге өлеңі, арнаулары мен толғаулары сақталған. Жазылған жылы, жері. Қостанай облысы, 1947.

### Ш. 1301 (ОҒК)

Аталуы: Нұржан Наушабаевтың өлеңдері мен термелері.  
Авторы: Нұржан Наушабаев.

Жинаушысы: *Хакімжанова Мәриям*. Бұл бумала Нұржан ақынның көрсетілген термесінен өзге 13 өлеңі сақталған. Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1940.

### Ш. 1301 (ОҒК)Я

Аталуы: Екінші назым – тоғызыншы назым.

Авторы: Нұржан Наушабаев.

Жинаушысы және көшірушісі: *Хакімжанова Мәриям*.

Жазылған жылы, жері: 1904 жыл, Арыққарағай болысы, Қазақ ССР Ғылым академиясы қорына 1940 жылы түскен.

### Ш. 1301 (ОҒК)

Аталуы: Бозаман.

Авторы: Нұржан Наушабаев.

Жинаушысы: *Хакімжанова Мәриям*, ол 1947 ж. Жансақалұлы Ахметтен жазып алған.

Экспедициясы: 1947 жылғы Қостанай экспедициясы.

Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1947.

### Ш. 1614 (ОҒК)

Аталуы: Нұржан Наушабаевтың өлеңдері мен терме өлеңдері.

Авторы: Нұржан Наушабаев.

Жинаушысы: *Тілеубаев Хамит*.

Жазылған жылы, жері: Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Қаратал ауылдық кеңесі, 1960.

### Ш. 1301 (ОҒК)

Аталуы: Нұржан Наушабаев термелері.

Авторы: Нұржан Наушабаев.

Экспедициясы: 1947 жылы Тіл-әдебиет институты ұйымдастырған Қостанай экспедициясы.

Жинаушысы: *Отарбаев Әмірхан*, 1947 жыл. Абай атындағы пединституттың студенті, басқа мәлімет жоқ. Бұл бумала ақынның термелерінен басқа 4 өлеңі бар.

Жазылған жылы, жері: Қостанай облысы, 1947.



### ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ (1867-1923)

#### ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Айтыс. // Құраст.: С. Мұқанов, Е. Ысмайылов. Том 1. Алматы, 1942.
2. Айтыс. // Құраст.: Ш. Ахметов, Б. Ысқақов. Том 1. Алматы, 1964.
3. Найманбаев Ә. Шығармалар: әндер, өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар // Құраст.: Б. Нұржесев, Б. Абылхасымов. Алматы, 1988.
4. Найманбаев Ә. Шығармалар: өлеңдер, айтыстар, дастандар. // Құраст.: Б. Адамбаев, С. Ордалиев. Алматы, 1968.
5. Найманбаев Ә. Дастандар. // Құраст.: алғысөзін жазған Х. Сүйіншіәлиев. Алматы, 1960.
6. 3. Пушкин А. Таңдамалы шығармалар жинағы. Том 2. Алматы, 1937.
7. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1931.
8. Халидов Қ. Тауарих хамса. Қазан. 1910.
9. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары, Алматы, 1962.

#### ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

1. Рабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1959.
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. Алматы, 1963.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. Том 1. Алматы, 1948.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Том 2. 2-кітап, 1961.
5. Мұқанов С. Алыптың алымдары. Алматы, 1959.
6. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I-бөлім. Алматы, 1942.
7. Сейфуллин С. Қазақ әдебиет нұсқалары. Алматы, 1931.
8. Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956.

#### ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНДАҒЫ МҰРАЛАРЫ

Ш. 783 (ОҒК)

Аталуы: Әсет туралы жинақтар (Өмірі мен өлеңдері).  
 Авторы: Әсет Найманбайұлы.  
 Жинаушысы: Жұмқымбеков Садуақас. Ол Семей облысы, Аякөз ауданында туып өскен. Біраз мезгіл Әсетпен дидарлас болып,

көп өлең сөздерін өз құлағымен естіп, жадында сақтаған. Кейін сол естігендерін хатқа түсіріп, қолжазба қорына 1948 жылдар тапсырған.

Жазылған жылы, жері: Мақаншы ауданы. Киров колхозы, 1948.

Ш. 783 (ОҒК)

Аталуы: Әсеттің кейбір өлеңдері мен сөздері.  
 Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жинаушысы: Байбатырұлы Мұқан. Ол 1899 жылы Талдықорған облысы, Ақсу ауданында туған. 1936-1961 жылдары Абай атындағы Опера және балет театрының әншісі бола жүріп, бірнеше республикалық айтыстарға қатысқан. Мұқаш – 1950 жылдардан бастап, қазақтың ауыз әдебиетін жинауға зор үлес қосқан жинаушы.

Жазылған жылы, жері: Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, 1946.

Ш. 1638 (ОҒК)

Аталуы: Әсет ақынның махаббат туралы өлеңдері.

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жинаушысы: Бозтай Жақымбаев. Ол туралы жоғарыда айтылды. Бұл бумада Әсеттің дастан, сын-сықақ, гибрат, терме өлеңдері бар.

Жазылған жылы, жері: Мақаншы ауданы, 1949, 1959 жж.

Ш. 411 (ӘӨИ)

Аталуы: Ақын Әсет.

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жинаушысы: Мұсылманбекұлы Дәуітбай. Талдықорған облысы, Қапал ауданында туып өскен. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Дәуітбай Әсет ақынның бұл өлеңдерін Бесекеұлы Нұрахметтің айтуынан жазып алып, 1960 жылы ҚазССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөліміне тапсырған. Бесекеұлы Нұрахмет жөнінде тиісті мәлімет алынбаған.

Жазылған жылы, жері: Талдықорған облысы, Қапал ауданы, 1959.

Ш. 214 (ӘӨИ)

Аталуы: Әсеттің гибрат өлеңі.

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жыршысы: Жұмқашан Көлдеев. Ол туралы мәліметтер кездеспейді.

Экспедициясы: 1958 жылы Тіл-әдебиет институты ұйымдастырған Мақаншы экспедициясы. Ол Талдықорған облысы,

ССР Ғылым академиясы Тіл-әдебиет институтының ғылыми қызметкері Балтабай Адамбаев.  
Жазылған жылы, жері: Мақаншы ауданы, 1958.

### Ш. 222 (ӘӨИ)

Аталуы: Әсеттің Қанапиясы...

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жыршысы: *Әзімжан Құрманұлы*. Ол Семей облысы, Мақаншы ауданы, Қарағаш (Жарбұлақ) ауылында 1879 жылы туған, 1930 жылдарда Шәуешек, Шағантоғай (Шыңжаң) аудандарына ауысқан. 1957 жылы өзінің туған еліне қайта оралған. Әзімжан өз өмірін күй тартып, ән салып өткізген, халық оны күйші деп те, ақын деп те атаған.

Экспедициясы: Ол 1958 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Семей, Мақаншы экспедициясын басқарған Балтабай Адамбаев.

Жазылған жылы, жері: Семей облысы, Жарбұлақ совхозы, Мақаншы ауданы, 1958.

### Ш. 392 (ӘӨИ)

Аталуы: Әсет ақынның әр түрлі мазмұндағы өлеңдерінен үзінді.

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Экспедициясы: 1958 жылы Семей – Мақаншы экспедициясы. Экспедицияны ұйымдастырған Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты. Басқарған Балтабай Адамбаев.

Жазылған жылы, жері: Мақаншы ауданы, 1958.

### Ш. 392 (ӘӨИ)

Аталуы: Пушкин хикаясы (А.С. Пушкинге арнап шығарған поэма).

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Экспедициясы: 1958 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған. Семей – Мақаншы экспедициясы. Басқарған Балтабай Адамбаев.

Жазылған жылы, жері: Мақаншы ауданы, 1958.

### Ш. 360 (ӘӨИ)

Аталуы: Әсет ақыннан...

Авторы: Әсет Найманбайұлы.

Жинаушысы: *Бейсембек Бейсенбайұлы*. Талдықорған облысы, Қапал ауданынан. Ауыз әдебиетін жинаушы.

Бейсембек жинаған Әсет ақыннан деген дерек-өңгімде: 1900 жылдары ел аралап, ән салып, Шәуешек жаққағы қазақ арасына баруы, ондағы халықтың Әсет ақынды сырттай естіп

қағысуы, шырқата өлең айтқан жәйтгері сөз болады. Бұл деректер қарасөзбен жазылған, ол ақынның өлеңдері жағталған қалпында берілген. Бұрын бастада жарияланбаған. Аңыз-деректер қарасөзбен жазылған. Ал өлеңдері он бір буынды қара өлең үлгісінде құрылған.

Жазылған жылы, жері: Қапал ауданы, 1959.

Байтоқ жыраудың Жаһангер хан дүниеден қайтқан соң айтқан сөзі. Кітапта: Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары. Орынбор, 1910.

*Бартольд В.* История изучения Востока в Европе и России / Лекции, читанные в университете и в Ленинградском институте живых восточных языков. Изд. 2-е. - Л., 1925.

*Безин И. Шейбаниада (История манголо-тюрков).* Казань, 1849.

*Безин И.* Исследование о мусульманских наречиях. Казань, 1849.

*Безерхов И.* Қазақтың өлеңшісі хем ақыны. // Дала уәлаятының газеті, 1893, 16 көкек, № 16.

Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 томдық. - Алматы: Жазушы, 1984.

*Валиханов Ч.* Собрание соч. В 5 т. - Алматы: 1984.

*Валиханов Ч.* Сочинения. СПб, 1904.

*Валиханов Ч.* Избранные произведения. Под ред. А.Х. Маргулана. Алма-Ата, 1958.

*Васильев А.В.* Киргизская песня о трех молодцах (Уш жигит). // Образцы киргизской народной словесности. Известия Оренбургского отдела ИРГО. 1897. Вып. 11 с. 93-128; Отд. оттиск Оренбург, 1897.

*Васильев А.В.* Предисловие к 3-му изданию "Киргизской хрестоматии" И.Алтынсарина. Казань, 1913.

Дамелла Шихабеддин Хазіретнің мәрсиясы (Жазған *Асмалла*). - Қазан: Университет баспасы, 1893.

*Диваев А.А.* Қарқаралы уезінде Исмаилхан сұлтанның қатынынның жоқтауы. Киргизские причитания по покойнику // Памятники киргизского народного творчества. ИОАИЭКУ. 1898, т. XIV, вып. 5, с. 1-14.

*Диваев А.А.* Оля (киргизская любовная песнь). // Этнографическое обозрение, 1907, № 3, с. 96-97.

*Досмухамбетұлы Қ.* Аламан. - Ташкент, 1925.

Жұмбақ: Сапарғали мен Нұржанның айтысқан жұмбақтары. - Қазан: Каримовтар баспасы, 1903.

Жұмбақ: Қыз бен жігіттің айтысқаны (Жазған *Смұхамедсалықұлы*. I - басылым). - Қазан: Каримовтар баспасы, 1903.

*Иванов М.* Татарская хрестоматия. СПб, 1842.

История Казахстана. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. - Алматы: Атамұра, Т.1., 1996, Т.2., 1997, Т.3., 2000.

История Казахстана. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). - Алматы: Атамұра, Т.1., 1996, Т.2., 1997

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ МАТЕРИАЛДАР.

Абай. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. - СПб.: И.Борачанский баспасы, 1909.

Абай термесі. (Баст.: Самат Әбішұлы, Нұржанов). - Орынбор: Дін ве мағишат баспасы, 1916.

Айттыс. Т.1-3. - Алматы: Жазушы, 1965-1966.

Айқын қыз менен Жарылқасын хожаның айтысы. - Қазан: Университет баспасы, 1901.

*Алекторов А.Е.* Указатель книг, журнальных и газетных статей и замсток о киргизах. - Казань, 1900.

*Алекторов А.Е.* Песня алашница Байтоки на смерть хана Джангера / Киргизский текст и рус. перевод // Предисл. Н.Ф. Катанова. - Казань, 1898. 19 с. (Памятники киргизского народного творчества).

*Алекторов А.Е.* Киргизская хрестоматия / Изд. 3-е, дополненное русско-киргизским словарем. - Казань, 1907.

*Алтынсарин И.* Киргизское предание о горе «Тулагай». - Тургайская газета, 1907, 8 апреля, № 14.

*Алтынсарин И.А.* - Особое приращение к Акмолинским областным ведомостям, 1889, № 31.

*Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1979-1985.

*Бабатайұлы Дулат.* Әсиетнаме // Баспаға дайындаған М.Юмачиков. Бастыр. Ш.Хусанов. - Қазан: Коковиннің баспасы, 1880, 1897.

*Байтұрсынов А.* Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989.

Т.3., 2000.

История Казахстана. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. – Алматы: Дәуір, 1993.

Киргизская хрестоматия / Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. // Сост. Я.Я. Лютиш. Ташкент, 1883.

Қазақтың айтысқан өлеңдері. //Баст.: Ш.Хусаинов балалары. – Қазан: Б.Л.Домбровский баспасы, 1910.

Казахско-русские отношения в 18-19 вв. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1964.

Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.1-6. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас ред., 1998-2005.

Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 томдық. – Алматы: Қазақ ССР ҒА ҚСЭ бас ред. 1972-1988.

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Т.1-2. – Алматы: Атамұра, 1996-1998.

Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1980-1981.

Қазақ Совет әдебиеті тарихының очеркі //Жалпы ред. басқарған Қ.Ж.Жұмалиев. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1949.

Қазақ Совет әдебиеті тарихының очеркі //Ред. коллегия М.О.Әуезов, т.б. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958.

Қазақ Совет әдебиетінің мәселелері. Т.1'-2. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1957-1960.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1960-1967.

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 7 томдық. – Алматы: Ғылым, 1975-2003.

Қазақ кітабының шежіресі 1807-1917. – Алматы: Рауан, 1996.

Қаруның жер жұтқан уақиғасы. Ғамілінің інісі өлтіргені, Рәйснің өзгасы сөйлегені (Жазаған Жайнагерұлы. Баст.: С.Сүлейменұлы). – Ташкент: Ғаламия баспасы, 1896.

Қисса – и Маймыл. Қасқару Ноғайбай һәм ахирет ғамын қылып язғушының айтқаны (Айтқан Базарбай ақын, жазып алған Мұстафа, Баст. Ш.Хұсайнов). – Қазан: Университет баспасы, 1898.

Қисса – и Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны (Жазып алған Ж.Шайхисламұлы. Ахмет Кәрімнің тапсырмасымен баст.: Ш.Хұсайнов балалары). – Қазан: Университет баспасы, 1894.

Құрлыбайұлы О. Насихат – ұл қазақия (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1900.

Левшин А. Описание Киргиз-казахских или Киргиз-кайсацких Орд и степей. С-Петербург, 1832.

Лютиш Я.Я. Киргизская хрестоматия. Ташкент, 1883.

Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының академиялық жинағы. Т.1-4. – Алматы: Ғылым, 2003.

Мөлшүр шағир Ақмүлланың Шиһабуддин Маржани мәрсиясы уә басқа шағирлары. II-басылуы. (Баст.: Хизмет кітапханасы). – Қазан: Шараф баспасы, баспасы, 1907.

Мұрат ақынның Ғомарғазыұлына айтқаны. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1908.

Назым сияр Шариф (Жазған Ш.Жайнагерұлы. Баст.: Мейгі-хожа Сейд-Ахмед-хожаулы мен С.Сүлеймен-хожа ұлы). – Ташкент: Ғ.Ғарифисанов баспасы, 1913.

Назым Шаһар Дәруш (Жазған Ш.Жайнагерұлы. Баст.: С.Сүлейменұлы). – Ташкент: Ғ.Ғарифисанов баспасы, 1913.

Наушабаев Н. Манзұмат Қазақия (Өлеңдер жинағы). – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1903.

Наушабаев Н. Алаш. – Қазан: Кәрімовтер баспасы, 1916.

Межов В.И. Туркестанский сборник сочинений и статей, относящихся до Средней Азии вообще и Туркестанского края в особенности. составляемый по поручению К.П.Кауфмана В.И.Межовым. / Систематический и азбучный указатели сочинений и статей на русском и иностранных языках к "Туркестанскому сборнику". Т.1-3. СПб., 1878-1888.

Образцы киргизской поэзии, собранные и переведенные Т.А.Сейдалиным и С.А.Джангиряным /Срифмованным переводом П.Н.Располова. Записки Оренбургского отдела РГО. 1875, вып. 3, с. 249-419; То же, отд. Изд. 171 с.

Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи П.Р. Оренбург, 1885. 85 с.

Описание турецко-татарских рукописи, хранящихся в Петербургских библиотеках. – СПб., 1849.

Remusat, Ab. Recherches sur les langues tartares. Paris, 1820.

Нестеров А.Д. Хвалобная песнь Дос-Ходжи в честь султана Кенисары Касимова. ИОАИЭКУ. 1900, т.6, вып (1), с. 38-57.

Пантусов Н. Н. Наурызбай батырдың бір қыз бірлян айтысқаны /Былина о батыре Наурузбас, внук султана Аблайхана //Текст, транскрипция и перевод с родословием султана Аблайхана. – Казань, 1901. 38 с., 1 л. родословий.

Пантусов Н. Н. Образцы киргизской народной литературы /Тексты и переводы. Казань, 1909.

Пантусов Н. Н. Образцы киргизской народной словесности. ИОАИЭК. Т. 25. Казань, 1909.

Самойлович А.Н. Хивинская сатира на казах-киргизов /Посвящается памяти Н.Н.Пантусова. Ученые записки ВОРАО. Т. 10. СПб., 1910.

Самойлович А.Н. Казахстан в изданиях АН. 1734-1935. М.-Л., 1936.

Саттаров Ф. Казак шығармалары Казан 1000

- Халидов Қ. Тауарих хамса. Қазан, 1910.  
 Хәйбар. Жазған Ш. *Жиянгерұлы*. – Ташкент, 1913.  
 Хикаят Уәрақа Гүлшаһ ғашық уә махлұқ (Орақ-Күлше. Жазған Ш. *Жиянгерұлы*). Баст.: С. Сүлейменұлы). – Ташкент: Ғ. Ғарифисанов баспасы, 1893. 82.  
 Хикаят халифа һарун-ар-рашид // Аударған Ш. *Жиянгерұлы*. Баст.: С. Сүлейменұлы. – Ташкент: Ғ. Ғарифисанов баспасы, 1893.  
 Хрестоматия для киргизских учеников. // Сост.: А. Г. Бессонов. Кн. I. – Оренбург, 1879.  
 Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары. // *Жинап, бастырған Ғ. Мұштақұлы*. – Орынбор: Каримов-Хусаинов баспасы, 1910.  
 Шаһмарданұлы К. Кел, балалар (Оқулық кітабы). – Қазан: М. А. Чириков баспасы, 1898.

### ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША КӨРСЕТКІШ

- Абай және ұлттық идея. // Құраст.: *Тәлбек А. Сейтова*. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005.  
*Алтынсарын Ы.* Шығармалар жинағы. 2-томдық. – Алматы: Қазығұрт, 2003.  
*Алтынсарын Ы.* Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.  
*Алтынсарын Ы.* Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003.  
 Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1979.  
 Ақын жырлары. // Құраст.: *М. Дүйсенов, Е. Ысмайлов*. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958.  
*Ақшаниев З.* Жаяу Мұса. Роман. – Алматы: Жазушы, 1990.  
*Ақшаниев З.* Иман Жүсіп. – Алматы: Жібек жолы, 2003.  
 Әуезов М. О. Әр жықтар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959.  
 Әуезов М. О. Әдебиет туралы. – Алматы: Санат, 1997.  
 Әлібек Т. Құланаян Құлмамбет. Монография. – Алматы: Асем-Систем, 2004.  
 Әлібек Т., *Алтыбаева Қ., Әуесбаева П.* Қазақ фольклоры текстологиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2004.  
*Бабатайұлы Дулат*. – Алматы: Раритет, 2003.  
 Базар жырау Шығармалары. // Құраст.: *Шәрібек Алдашев*. – Алматы, Жазушы, 1986.  
*Баймұратов Н.* Қазына. // Құраст.: *Амарбай Бұлдыбаев, Бүркіт Ысқақов*. – Алматы, Жазушы, 1982.  
*Байтұрсынов А.* Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.  
 Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді (Ақан сері туралы). – Алматы, 1995.

- Бердібаев Р.* Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989.  
 Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. // Құраст.: *Тарынов*. – Алматы, Жазушы, 1980.  
 Бозінген. Монғолия қазақтарының өлең-жырлары. – Алматы, Жазушы, 1971.  
*Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж.* Қазақ кітабының тарихы. – Алматы: Санат, 1999.  
*Жанатайұлы К.* Абайдан сабақ алуым бала жастан // Құраст.: С. Қаралиқов. – Алматы: 2005.  
*Жангелдіқызы Ұлбике.* Айтыстар // Құраст.: Б. Мүргазбаева. Алматы, 1995.  
 Жанұзақ жыраудың Жаһангер ханның алдында жырлаған жырлары. Кітапта: Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары. – Орынбор, 1910.  
*Жармұхамедов М.* Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976.  
*Жармұхамедұлы М.* Айтыс өнерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұрағатас, 2001.  
 Жәңгір ханның сарай ақындары. Кітапта: С. Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер. I бөлім. – Алматы, 1942.  
*Жолдасбеков М.* Асыл сөздің атасы. – Алматы: Білім, 1996.  
*Жолдыбаев М., Әуезов М., Қоңырағбаев Ә.* XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет оқу кітабы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1933.  
*Жұбанов А.* Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975.  
*Жұмалиев Қ.* Махамбет. – Алматы: Ғылым, 1948.  
*Жұмалиев Қ.* Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979.  
*Жұмалиев Қ.* XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1967.  
*Жүсітова Г.* Мәшһүр-Жүсіп дастандары. – Павлодар, 2000.  
*Жүсітова Г.* Мәшһүр Жүсіп қиссаларындағы Мұхаммед бейнесі. – Павлодар, 2000.  
*Жүсітова Г.* Мәшһүрғану белестері. Павлодар, 2005.  
 Иманжүсіп. // Құраст.: *Көшенова Р.* – Алматы: Қайнар, 2001.  
*Кенжебаев Б., Есназаров Ә.* XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1966.  
*Кенжебаев Б.* Әдебиет белестері: Зерттеулер. Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986.  
 Кете-Жүсіп. Өлең-толғаулар, дастандар мен айтыстар. – Алматы: Арыс, 2003.  
*Келіпейлы Мәшһүр Жүсіп.* Рухнама. 7-кітап. Павлодар, 2003.  
*Келіпейлы Мәшһүр Жүсіп.* Рухнама. 8-кітап. Павлодар, 2003.  
*Келеев Мәшһүр Жүсіп.* Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Екі

- Көпейұлы Мейітур Жүсіп*. Шығармалар жинағы. Көп томдық. // Құраст.: *Жүсіпов Е.* – Алматы: Алаш, 2003.
- Көпейұлы Мейітур Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар, 2003.
- Қазақ кітабының шежіресі. 1807-1917. – Алматы: Рауан, 1996.
- Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғары дәрежелі оқу орындарының студенттеріне арналған хрестоматия // Құраст.: БА академикі, проф. М.Ғабдуллин. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959.
- Қалылаханов Т. Ақын Сара*. – Алматы: Жалын, 1993.
- Қасқабасов С. Жаназық*. – Алматы: Аударма, 2002.
- Қисса-и Шорганбай һәм Шорганбайдың бала зары. // Баст.: Ш.Хұсайнов. – Қазан: Университет баспасы, 1880, 1890, 1894, 1897, 1901, 1906, 1911, 1916.
- Қирабаев С.* Әдебиетіміздің ақтандық беттері. – Алматы: Білім, 1995.
- Қоңыратбаев Ә.* Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1994.
- Қостақов З.* Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. – Алматы, 1996.
- Құдайбердіұлы Ш.* Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан-Мерей-Ақияқ, 1993.
- Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан – Сана, 1991.
- Құдайбердіұлы Ш.* Үш анық. – Алматы: Қазақстан-Ғаулия, 1991.
- Майлыққожа*. Нақыл. – Алматы: Жазушы, 1972.
- Марғұлан Ә., Сәтбаев. Обаған. // Құраст. А. Егеубаев. – Алматы: Рауан, 1996.
- Мұқанов С.* Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: ҚМКӘБ, 1942.
- Мөңкешұлы М.* Зар заман Жыр-толғаулар. – Алматы, 1993.
- Наймағынбаев Ә.* Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988.
- Омарұлы Б.* Мұрат Мөңкешұлы. – Алматы: Қрамдс-Пресс, 1993.
- Оразбек Мақпал*. Ақындық тұлға табиғаты. (Шөкерім, Мағжан, Сұлтамәхмет). Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2002.
- Оспанов Ә.* Қарағай атырабының ақындары. – Алматы: Мектеп, 1986.
- Өмірәшев Қ.* XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.
- Пернедені термелер. – Алматы: Жазушы, 1965.
- Сахариев Б.* Дербісәлин Ә., т.б. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті [Педагогикалық институттың сырттай оқушылары үшін көмекші құрал]. Алматы, 1959.
- Сәбитов Н.* Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (1862-1917). – Алматы: ҚМКӘБ, 1948.
- Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932.
- Сүйінбай ақын [Жинап. баспаға лайындаған Фатима, Ілияс]. –

- Алматы: ҚМКӘБ, 1935.
- Сүйінбай*. Таңдамалы шығармалары. // Құраст.: С.Садырбаев. – Алматы: Жазушы, 1996.
- Сүйінғалиев Х.* XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1986.
- Сыдымқұлы Қ.* Біртұма жыр сандақтары (XVIII-XX ғғ.). Көмекші құрал. – Алматы: Ғылым, 2001.
- Сыдымқұлы Қ.* Халқымен қайта табысқандар. – Алматы: Ана тілі, 1997.
- Тәжімұратов М.* Шеңгерей. Жасампаздық өмірі. – Алматы: Өлке, 1998.
- Теніфбергенов Ә.* Ұмытпаңыздар мені. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1969.
- Толыбаев Қ.* Әсет. – Алматы: Өнер, 1995.
- Үмбетбаев М.* Менің пірім Сүйінбай. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
- Фетисов М.И.* Литературные связи России и Казахстана (30-50 годы XIX века). – Москва, 1956.
- XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Кітапта: Қазақ ССР тарихы. Т.1. – Алматы, 1957.
- XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1962.
- XIX ғасырдың 30-50-ші жылдарындағы қазақ әдебиеті. Кітапта: Қазақ ССР тарихы. Т.1. – Алматы, 1957.
- XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988.
- XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1985.
- XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия // Құраст.: *Х.Сүйінғалиев*. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жинағы. – Алматы: Мұраттас, 1993.
- XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1933.
- Шалабаев Б.* Очерки истории казахской дореволюционной литературы: Проза, поэма, роман. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958.
- Шөкерім*. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000.
- Шеңгерей* Өлеңдер жинағы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1933.
- Шораяқов О.* Шайыр. Өлеңдер, дастандар, айтыстар. // Құраст.: *М.Байділдаев*. – Алматы, Жазушы, 1984.
- Шөрекөв Ы.* Исатай-Махамбет. // Құраст.: *Б.Аманжол*. – Алматы: Жазушы, 1977.
- Ысмайылов Е.* Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956.
- Ізтілеуова С.* Шөкерімнің сырлы сөзі. – Алматы: Арыс, 2004.
- Януилевич А.* Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жазушы, 1979.

начинается процесс возрождения национального самосознания в массах — качественно новый рубеж в многовековой истории казахского народа. Литература второй половины XIX века, являясь продолжателем лучших традиций классической казахской литературы, пополнилась и заиграла новыми свежими смелыми красками и оттенками. Прежде всего, литературные произведения всесторонне реально стали отражать причины и следствия реформ в общественно-политической жизни казахской степи, трансформации в сознании нации после установления режима колониальной политики Российской монархии. Благодатная казахская земля была объявлена государственной собственностью Российского правительства, установлен совершенно новый режим управления, подверглась полной реформе и уничтожению система власти и государственный строй казахского ханства. Произшедшие изменения в жизни народа, дальнейшее вторжение и преступная жестокость царского колониализма подверглась резкой, непримиримой критике в произведениях акынов, мыслителей того времени. Если основной идеей и проблематикой литературных произведений первой половины XIX века была глубокая неприязнь и резкое противостояние колониализму, возросшие в призыв к национально-освободительным движениям (Дулат, Махамбет, Шортанбай и др.), то во второй половине XIX века преобладала идея просветительства, стремление к политической борьбе, национальной независимости через государственно-правовые, народно-демократические реформы, всеобщее образование (Абай, Шоқан, Ыбырай, Шеді, Майлықожа и др.).

Продолжали свое дальнейшее развитие направления и жанры традиционной литературы (историческая эпика, толғау, философская лирика, айтыс, назира, обрядно-бытовые песни, традиции сал-сері, песенников и т.д.). Крепли творческие связи с Востоком, передовыми представителями русской демократической литературы. Появилась целая плеяда акынов, сказителей, книжников, которые, в свою очередь, переводили лучшие образцы восточной литературы, создавали на казахском языке качественно новые произведения на восточные сюжеты. Именно они способствовали бурному развитию книгопечатного дела, периодической печати на казахском языке в стране, а также в городах ближнего зарубежья.

Исследовательские материалы пятого тома «Истории казахской литературы» всесторонне анализируют пути развития и становления второго завершающего периода новейшей казахской реалистической литературы (1850-1900 гг.) и являются продолжением четвертого тома.

Настоящее исследование.....

## РЕЗЮМЕ

Во второй половине — концу XIX века новейшая казахская литература получила широкое распространение и признание, литература этого периода характеризуется рельефно четкими реалистическими чертами художественной действительности.

Новейший период казахской литературы — одно из самых богатых, насыщенных, плодотворных и одновременно сложных столетий истории словесного искусства. Этот период традиционно был и будет славообразующим венцом многогранного сочетания мастерства высокохудожественного слова и национально-гражданской зрелости писателей и поэтов того времени.

Новые горизонты истории казахской словесности, широко открытые в первой половине XIX века, благодаря колоритному талантливому творчеству самобытных мастеров — титанов Дулата, Махамбета, Шортанбая, а вслед за ними — Абая, Чокана, Ыбырай Алтынсарина в предверии XX столетия принесли новейшей казахской художественной литературе всенародное признание и значение, поставив во главе сложного процесса — развитие национального самосознания.

XIX век для казахского народа, как и для многих других народов мира, был временем пробуждения национального сознания. Именно этот многоплановый социально-политический процесс нашел свое отражение в литературе того времени. Именно поэту, произведению акын и жырау данного периода являются неисчерпаемым источником благородных побуждений, высокой гражданской нравственности и свободолюбия.

С глубоким осознанием национальной самобытности, гражданской ответственности, свободомыслия в казахской литературе

закономерностей развития казахской литературы с середины до самого конца XIX века. Выбран проблемно-тематический, жанрово-художественный метод исследования. Такой принцип позволяет выделить самое значительное, характерное в развитии литературы. Наиболее крупным мастерам художественного слова (Ыбырай Алтынсарин, Ақмолла Мұхамедиярулы, Мұрат Мөңкеұлы, Базар-жырау Оңдасұлы, Ақан Қорамсаулы, Біржан Қожағұлұлы, Майлықожа Шотанұлы, Арип Танирбергелулы и др.) посвящены монографические главы.

Особое место уделено творчеству великого мыслителя, поэта Абая Кунанбайұлы и лабораторий его поэтической школы.

В научном издании обобщен опыт художественно-эстетической, общественно-гражданственной школы, направленной казахской литературы. В особенности казахская литература второй половины XIX века ставила перед собой и пыталась решать актуальные социальные, нравственные и эстетические проблемы, философские вопросы казахского общества. Особое внимание уделено тем произведениям, которые отражали мечты и чаяния народа о свободе, независимости, стремлении к самостоятельному самобытному развитию. Ряд произведений этого периода впервые подверглись научному анализу и исследованию. Книга открывается обстоятельным анализом новейшей казахской литературы, где определены тенденции литературного процесса второй половины XIX века. Наиболее значительные проблемы литературы рассматриваются в тесной связи с закономерностями развития общественно-политического процесса того времени, многие из которых впервые раскрываются в свете новых подходов к событиям национальной истории. Во всесторонней части тома дается развернутый обзор творчества акынов. Творческие портреты Абая Кунанбайұлы, Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Ақмолла Мұхамедиярулы, Мұрат Мөңкеұлы, Базар жырау Оңдасұлы, Ақан Қорамсаулы, Шангерей Бокеева, Мұсабека Байзақұлы, Ақтана Керейұлы, Біржана сала Қожағұлұлы, Шади Жангирова, Майлықожа Шотанұлы, Арипа Танирбергелулы, Нуржана Наушабайұлы, Асета Найманбайұлы представляются собой отдельную монографическую ценность. Творчество десятков других ярких представителей данного периода анализируются на страницах обстоятельного раздела – обзора. Библиографические указатели, описание рукописей, справки об исследователях и собирателях представлены в отдельном дополнительном разделе.

Вторая половина XIX века, которому посвящен 5 том, знаменуется дальнейшим совершенствованием мастерства творцов устно-поэтического жанра и возникновением нового

явления в истории народа – движения просветительства, выдающимися представителями которого являются первый казахский ученый Чокан Валиханов, гениальный мыслитель, основоположник национальной письменной литературы Абай, и поэт-педагог Ибрай Алтынсарин, чье творчество дало полное основание называть девятнадцатое столетие золотым веком казахской литературы.



reflection of the reasons and consequences of the reforms in social-political life of Kazakh steppe, transformation in the consciousness of the people after setting of the regime of colonial policy of Russian monarchy. Favorable Kazakh land was declared state property of Russian government, completely new management regime has been established, state system of Khanate have been destroyed and underwent complete reforming. Changes that took place in peoples life, further invasion and criminal cruelty of Tsar colonial policy have been sharply criticized in the works of the akyns, philosophers of that that period. If the main idea and topic of literary works of the first half of XIX century was a deep hostility and sharp opposition to colonial policy that have later became an appeal to national-liberation movement (Dulat, Makhambet, Shortanbai and others), during second half of XIX century the idea of education was prevailing, willingness of political struggle, national independence through governmental-legal, democratic reforms, total education (Abay, Shokan, Ibrai, Shadi, Mailykozha and others).

Trends and genres of traditional literature (historical epic, tolgau, philosophic lyrics, aitis, nazira, ritual songs, traditions of sal-seri, song writers etc) have continued their further development. Creative links with Oriental countries, advanced Russian democratic literature have been strengthened. Whole Pleiades of akyns, narrators, bibliophiles have appeared who have translated the best samples of Oriental literature into Kazakh language, created qualitatively new works on Oriental plots in Kazakh. They have contributed to the rapid development of book publishing, periodicals in Kazakh language in Kazakhstan and neighboring countries.

Research materials of the fifth volume "History of Kazakh literature" included overall analysis of the development of the second final period of the new Kazakh realistic literature (1850-1900) and are the continuation of the fourth volume.

This research is representing the generalization of the regularities of the development of Kazakh literature from the middle to the end of XIX century. Topic, genre-artistic method of investigation have been selected. Such principle enables to outline the most significant and typical features of literary development. Monographs are devoted to the most important ..... of artistic word (Ibrai Altiysarin, Akmolla Mukhamediaruly, Murat Monkeuly, Bazar-zhyrau Ondasuly, Akan Koramsauly, Birzhan Kozhagululy, Mailykozha Shotamuly, Artp Tanitbergenuly and others).

Special place is devoted to creative work of the great philosopher Abay Kunanbayuly and laboratory of his poetic school.

The scientific edition includes generalized experience of artistic-esthetic, social-civil school, trends of Kazakh literature. Especially

## SUMMARY

By the second half of the XIX century new Kazakh literature has been widely spread and was recognized, the literature this period is characterized by clear realistic features of artistic reality.

New period of Kazakh literature is one of the most rich, intensive, fruitful and at the same time difficult centuries in the history of literary art. Traditionally this period was and will be a glorious crown of many sided combination of skill of high artistic word and national-civil maturity of the writers and poets of that period.

New horizons of Kazakh literature widely open during the first half of the XIX century, thanks to the colorful talented creative work of the original writers - giants Dulat, Makhambet, Shortanbai, later Abay, Shokan, Ibrai Altiysarin on the edge of XX century have brought wide recognition and meaning to the new Kazakh fiction, putting development of national self consciousness in the head of the complicated process.

XIX century was a time of awakening of national consciousness for Kazakh people as well as other peoples. This multi-plan social-political process has been reflected in the literature of that period. Therefore the works of the akyns and zhyraus of that period serve as a big source of the noble ideas, high civil morality and love for freedom.

The process of revival of national self consciousness in people in Kazakh literature begins with deep understanding of national originality, civic spirit, freedom of thought - qualitatively new stage within many centuries old history of Kazakh people. Literature of the second half of XIX century, being a successor of the best traditions of classical Kazakh literature has been extended due to the new fresh brave colors. First of all, literary works began more realistic

Kazakh literature of the second half of XIX century has set a goal to solve important social, moral and esthetic issues, philosophic issues of Kazakh society. Especially Kazakh literature of the second half of XIX century has paid much attention to those works that have reflected dreams of people about freedom, independent development. A number of works of this period have for the first time have been subjected to scientific analysis and research. The book includes substantial analysis of the new Kazakh literature and tendencies of the development of literary process of the second half of XIX century. The most significant issues of literature are considered in close linkage with regularities of the development of social-political process of that period most of which are for the first time revealed in regard of new approaches to the events of national history. Introduction part of the volume includes review of akyns creative work. Creative portraits of Abay Kunanbayuly, Shokan Ualikhanov, Ibrai Alтынсарин, Akmolla Mukhamediyaruly, Murat Monkeuly, Bazar zhyrau Ondasuly, Akan Koramsauly, Shangerei Bokeeva, Musabek Baizakuly, Aktan Kerciuily, Birzhan sal Kozhagululy, Shadi Zhangurov, Mailykozha Shatnuly, Atip Tanirbergenuly, Nurzhan Naushabayuly, Aset Naimanbayuly, represent separate monographic value. Creative work of many other bright representatives of this period have been analyzed on the pages of a substantial section – review. Bibliographic directories, description of manuscripts, information on researchers and collectors are included in a separate addition section.

5<sup>th</sup> volume is devoted to the second half of XIX century that is known by further improvement of skills of the creators of the oral-poetic genre and appearance of the new phenomenon in the history of people-movement of enlightenment, prominent representatives such as the first Kazakh scientist Shokan Ualikhanov, geneous philosopher, founder of national written literature Abay and poet-teacher Ibrai Alтынсарин whose creative work provided basis to name nineteenth century a gold century of Kazakh literature.

## МАЗМҮНІ

Кіріспе.....	6
XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті.....	10
Абай Құнанбаев.....	177
Шоқан Уәлиханов.....	243
Ыбырай Алтынсарин.....	259
Ақмолла Мұхамедиярұлы.....	281
Мұрат Мөңкеұлы.....	297
Базар Оңдасұлы Өтемісов.....	319
Ақан Қорамсаұлы.....	333
Шәңгерей Бөкеев.....	355
Мұсабек Байзақұлы.....	364
Ақтан Керейұлы.....	380
Біржан Қожағұлы.....	387
Шәді Жәңгірұлы.....	405
Майлықожа Сұлтанқожаұлы.....	423
Әріп Тәңірбергенұлы.....	440
Нұржан Наушабайұлы.....	464
Әсет Найманбаев.....	480
Қосымшалар.....	498
XIX ғасырдың II-ші жартысындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштері.....	538
Резюме.....	546
Summary.....	550

**Қазақ әдебиетінің тарихы  
(Он томдық)  
5-том**

«ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясының  
президенті Қонысбек БОТБАЙ

Бас редактор Темірақын ЖАҚЫП  
Редактор Айжан БИЛАЛИЕВА  
Корректор Жанар МӘЗБАЕВА  
Көркемдеуші редактор Гаухар ЖАРМУХАНОВА  
Техникалық редактор Нүркен ҚҰРАЛБАЕВ

ISBN 9965-654-19-0



9 789965 654190

ИБ №272

Теруге 20.07.06. берілді. Басуға 05.11.06. қол қойылды. Қалыбы  
60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Әріп түрі «ММ Garmonika»: Офсеттік  
басылыс. Есеттік баспа табағы 30. Таралымы 3000. Тапсырыс № 75

---

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Жангелдин-Түрген көшесі, 30/26.  
«ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы.